[1] При образовании Алма-Атинской области в 1932 г. в ее состав вошли следующие районы: Аксуйский, Алакульский, Аягузский, Балхашский, Джаркентский, Илийский, Калининский, Каратальский, Кастекский, Кегенский, Коунрадский, Курдайский, Лепсинский, Октябрьский, Талды-Курганский, Урджарский, Четский, Чиликский, Чубартауский, Чуйский, Энбекши-Казахский.

экономическую ситуацию. Отток населения из приграничных районов области, произошедший вследствие голода, был частично компенсирован замещающим потоком, расселением откочевников из других регионов, созданием сети красноармейский колхозов и вселением ссыльных. Следующая волна возвратной миграции из Западного Синьцзяна пришлась уже на вторую половину 1940-х гг., но она дала приток, главным образом, в Талды-Курганскую область.

Массовое возвращение в регион из Синьцзяна стало возможным только в конце 1950-х – начале 1960-х гг. В течение нескольких лет СССР и КНР реализовывали масштабную репатриационную программу. В репатриации 1954–1963 гг. соединились два потока: регулируемый и стихийный. Алма-Атинская область стала и транзитным, и принимающим регионом. Хотя Алма-Атинская область не обозначалась как приоритетная для вселения репатриантов, она оказалась таковой на практике. За первые два года репатриации (1954–1955 г.) в область распределили чуть более 2 тыс. чел., треть этих переселенцев были русскоязычными, вывезенными в рамках целинной программы с северо-востока Китая. После возобновления репатриации в 1958 г. весь поток переселенцев, шедший в республику, был обеспечен за счет выезда из областей Западного Китая. Алма-Атинская область за последний квартал 1958 г. приняла 3,6 тыс. репатриантов; в 1959 г. количество реэмигрантов составило уже 25,6 тыс. чел. (по другим данным – 27,8 тыс. чел.) [11]. Согласно структуре расселения на конец 1950-х гг., реэмигрантов распределили по всем районам области, но их концентрация произошла в Нарынкольском (6 728 чел.), Панфиловском (9 065), Кегенском (6 436), Уйгурском (7 144) и Чиликском (5 037 чел.) районах. По данным Алма-Атинского областного переселенческого отдела, с 1954 г. по 1960 г. в область прибыло 10 143 семьи (44 290 чел.) из числа репатриантов из КНР [12].

В 1962–1963 гг. Алма-Атинская область приняла еще 38,6 тыс. чел. [13], почти 25 тыс. из которых прибыли в апреле-мае 1962 г. Область, в первую очередь в силу ее географического расположения, оказалась регионом, крайне привлекательным для мигрантов. Власти пытались по возможности равномерно распределять прибывающих по территории области, основное вселение шло в Панфиловский (4 629 чел.), Саркандский (3 471), Алакульский (3 006) и Аксуйский (2 748 чел.) районы [14]. Согласно обобщенным данным, на территории Алма-Атинской области в 1954–1964 гг. было расселено 17 492 семьи, или 95 879 чел. [15] По данным областного Управления охраны общественного порядка на 1966 г., в Алма-Атинской области проживало уже 129 082 репатрианта [16]. Треть из них была сосредоточена в приграничье; только в Панфиловском районе их число к концу 1960-х гг. превышало 22 тыс. чел. [17].

По ходу проведения репатриация все больше приобретала ярко выраженный этнический характер, и доля казахов-мигрантов неуклонно росла. Распределение репатриантов из КНР по территории Казахстана происходило в основном с учетом этнического состава прибывающих. Если в середине 1950-х гг. доля казахов, въезжающих в область, составила примерно треть [18], то к концу десятилетия они составляли уже две трети потока, а к началу 1960-х гг. почти 100 %. Репатриация способствовала увеличению в области также и уйгурского населения, значительная часть которого осела в национальном Уйгурском районе.

Новая волна репатриации казахов в регион стала возможной только в постсоветский период. Область приняла около 110 тыс. мигрантов, треть из которых являются переселенцами из Китая.

Источники

1. АП РК. Ф. 141. Оп. 17. Д. 465.
2. АП РК. Ф. 141. Оп. 17. Д. 465а. Л. 28.
3. ГА АО РК. Ф. 685. Оп. 6. Д. 12. Л. 22.
4. ЦГА РК. Ф. 1179. Оп. 1. Д. 17. Л. 9–11.

5. АП РК. Ф. 719. Оп. 4. Д. 82. Л. 172; ЦГА РК. Ф. 1179. Оп. 1. Д. 17. Л. 32–34.
6. АП РК. Ф. 719. Оп. 4. Д. 82. Л. 181.
7. АП РК. Ф. 719. Оп. 4. Д. 84. Л. 6.
8. ЦГА РК. Ф. 1179. Оп. 1. Д. 106. Л. 39–42.
9. ГА АО РК. Ф. 685. Оп. 6. Д. 12.
10. ГА АО РК. Ф. 685. Оп. 6. Д. 13. Л. 9.
11. ГА АО РК. Ф. 1747. Оп. 1. Д. 27. Л. 1–2; ЦГА РК. Ф. 1987. Оп. 1. Д. 121. Л. 192–193.
12. ГА АО РК. Ф. 1747. Оп. 1. Д. 27. Л. 3.
13. АП РК. Ф. 708. Оп. 36. Д. 1508. Л. 24.
14. ГА АО. Ф. 1747. Оп. 1. Д. 84. Л. 8.
15. ЦГА РК. Ф. 1955. Оп. 2. Д. 299. Л. 20.
16. ЦГА РК. Ф. 1955. Оп. 2. Д. 266. Л. 17.
17. ЦГА РК. Ф. 1955. Оп. 2. Д. 332. Л. 11, 14.
18. Рассчитано по: РГАЭ. Ф. 7803. Оп. 7. Д. 372. Л. 247.

ЖАҺАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІ

Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және діntану институты, Алматы

Қазіргі тарихи кезеңде, жаһандану заманында қазақ диаспорасының маңызды құндылықтарына ғылыми сараптама жасаудың өзіндік өзектілігінің маңызы артып отыр. Оның бірнеше себептері бар: алдымен, еліміздің саяси, мәдени тәуелсіздігімен қатар оның тарихи санасында ерекше қасиеттер мен басымдылықтар орныға бастады. Еліміз өзінің тарихи болашағына үлкен стратегиялық жоспарлар жасап, әрбір қандастарымыздың тағдырына барынша көңіл бөліп, оның жеке өмірінің халықтың ділімен, Атамекенімен астарласып жататындығына назар аудара бастады.

Көрші мемлекеттердегі үлкенді-кішілі әлеуметтік, саяси өзгерістер, кикілжіндері мен проблемалары, олардың алға өркениеттік мағынадағы жылжу үрдістері еліміздегі зерттеушілерді алаңдатпай қоймайды. Өйткені қазіргі кезеңдегі ақпараттық өзара байланыстар, хабардың жету шапшаңдығы, тіптен, алыстағы елдерді де өзара бір-біріне жақындата түскендей. Міне, осындай жағдайда қазақ диаспорасының келелі философиялық-социологиялық мәселелері тек зерттеушілердің ғана назарын аудартпай, халқымыздың алдыңғы қатарлы ұлдары мен қыздарын түгелдей алаңдататынына сенеміз. Алыс және жақын шетелдердегі иісі қазақ бауырларымыздың етенелесу, бірегейлену проблемалары жан-жақты талқылаудан өткізу ұлттық тарихымызды жүйелеу үшін орынды. Соның ішінде Еуразиялық интеграцияға біршама енетін Ресей мен Беларусь мелекеттері, Орталық Азия аймағы, көршілес Моңғолия және Қытайдағы қазақтардың өмір сүруіндегі әртүрлі ерекшеліктері мен діліне айырықша көңіл бөлінгені ғалымдар үшін маңызды.

Жалпы шетелдердегі қазақ диаспорасының құндылықтық әлемі мәселесінің қазіргі таңдағы ең зәруліктегі әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық қырлары бар. Әрбір халықтың дүниежүзілік кеңістікте өмір сүру салтындағы өзгешеліктер жалпы дүниежүзілік тарихтың даму үрдісін, ішкі тұтастығын, жалпы жүйесін бұзбайды. Қайта тереңдеп қараған сайын, ол ерекшеліктер жалпы тарихи санамызды гүлдендіре түсері анық.

Бүгінгі адамзаттық қауымдастықты құрайтын әр алуан әлеуметтік топтардың ішінен этникалық қауым алдыңғы орынға көтеріліп отыр. Қазіргі әлемде ол архаикалық этникалық қауымдастықтардан бастап, суперэтностарға дейін әлеуметтік-саяси, экономикалық құрылыстары әртүрлі және басым көпшілігінде полиэтникалық болып келетін екі жүзден

астам елдің құрамына кіреді. Әлемді шарпыған әр қилы сипаттағы «этникалық ренессанс» өзінің күрделі, құбылмалы, қайшылықты, қақтығысты сипатымен ерекшеленуде, кейде саяси кеңістікте шиеленістер әкелгені де белгілі.

Этникалық мәселелердің рөлінің қазіргі заманда барынша күшеюі өз халқының мәдениетіне деген қызығушылықты оятатын этникалық сана-сезімнің өсуімен байланысты. Сонымен қатар этникалық белгілердің тұлғааралық, ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастарда үстем болуы маңызды және ол кейде этникалық белгілердің саясаттандырылуына және руханилық тұрғыдан алғанда жұтаңдануына әкеледі.

Этникалық белгілердің тым саясаттандырылуы ең алдымен өтпелі қоғамдарда, қоғамның экономикалық өмірінің дағдарысының, жұмыссыздық пен әлеуметтік бәсекелестіктің, қоғамдық шиеленістің өскен тұсында жүзеге асады. Бұл этносаралық қатынастардың бұрынғы саяси, құқықтық, идеологиялық және экономикалық реттеушілерінің бұзылуы және жаңасының бірден қалыптаспауы салдарынан болады. Этникалық белгілердің барынша саясаттануы халықаралық жағдайды шиеленістіруі де мүмкін. Мәселен, 2014 жылғы Украинадағы жағдай әртүрлі саяси топтардың өзара қақтығысынан басталып қазіргі кезеңде этносаралық, мемлекетаралық кикілжіңді тудыратын сипатта өрбіді.

Міне, осындай үрдістерді ескере отырып заманауи кезеңдегі қазақ диаспорасы мәселесіне деген қызығушылық туындатты және осы қырларды айқындай түсуге зерттеушілерді барынша бағыттайды. Яғни біздің Үкіметіміздің отандастарға қатысты диаспоралық саясатында халықтар арасына жік түсіру, немесе бір ұлттың мәселесін басқа саяси және мәдени мәселелерден жоғары биіктету ниеті жоқ екені айқын. Сондықтан дұрыс ұлт саясатының барлық ұлт және ұлыс өкілдеріне барынша теориялық және практикалық мағынадағы маңыздылығы бар екенін де ескерте аламыз.

Қазақ халқының рухани мәдениетін этикалық-аксиологиялық талдау этникалық қауымдастықтың тек қана тарихи Отаны Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар үлкен Еуразиялық кеңістіктің көптеген елдерінде көрініс берген ерекшеліктерін түсінуге көмек беретіні анық. Әсіресе, 2014 жылы құрылған, Беларусь, Қазақстан және Ресей мемлекеттері тарапынан қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақтың диаспоралық мәселеде маңызы зор. Себебі, енді көрші жатқан елдердегі отандастарымызға экономикалық тұрғыдағы байланыстарымыз барынша интеграцияланады және кәсіппен айналысатын отандастарымыздың мүмкіндігі ұлғаяды.

Қазақ халқының жалпы алғандағы рухани мәдениетін этикалық-аксиологиялық тұрғыдан талдау этникалық қауымдастықтың тұтастанған мағынадағы мәселелерін анықтау үшін маңызды. Қазақстан қазақ ұлты өкілдерінің өмір сүруі мен дамуының тарихи Отаны екені анық, дегенмен, сонымен қатар Еуразиялық кеңістіктің көптеген елдерінде өзін ирредента, немесе автохтондық қауымдастықтың өкілі ретінде сезінетін қандастарымыз көптеп кездеседі. Мәселен, Ресей, Өзбекстан, Қытай жеріндегі қазақтардың ата-бабалары ежелден сол территорияларды қоныстанғаны дәйек ретінде алға тартылады. Сондықтан, диаспоралық өзіндік санадағы кейбір қатпарлы күрделі құрылымдарды тереңдей пайымдауға тырысу мәселенің ғылыми объективтілікпен анықталуына жол ашады және этникалық сананың жарқын көрініс берген ерекшеліктерін нақты түсінуге көмек береді.

Қазіргі тарихи кезеңде барлық елдерде жаһандану құбылыстарының ауқымы мен әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жаңару үрдістері пәрменді түрде кеңейіп келеді. Жаңару процестері ұлт мәселесіне де қатысты көрініс беруде. Жалпы этникалық болмыста қордаланған күрделі мәселелерді шешумен әлемдегі және еуразиялық кеңістіктегі мәдениетаралық өзара қатынастардың тағдыры астасып жатады. Кейбір елдерде көрініс беріп жатқан экстремистік және террористік актілердің астарында этникалық қауымдастықтар мәселесі мен дүниетанымдық қайшылықтар жатқаны белгілі.

Жалпы кез келген халықтың өзінің адамзат тарихында толыққанды тарихи субъект ретінде әлеуметтік-мәдени мағынадағы іштейгі ықпалдасу және ынтымақтасу проблемаларын зерделеуі этникалық дүниетанымдық көкжиекті кеңейту тұрғысынан алғанда

маңызды қадам болып табылады. Бұл мәселе қазіргі тарихи кезеңде тек теориялық жағынан ғана емес, ол сонымен қатар практикалық жағынан да үлкен маңызға ие болып отыр, яғни қазақ этносы өкілдерінің қандай мемлекеттік территорияда өмір сүргеніне қарамастан этникалық өзіндік санасының сапасын төмендетпеуге тырысуы, тарихи бірлігін, күрделі жағдайларда әртүрліліктің біртұтастығын сақтауға талаптануының маңыздылығы артуда.

Шағын, яғни аз санды этникалық қауымдастық әдетте өзінің мәдениетін, өркениеттік құндылықтарын сол өзі өмір сүретін ортада басымдық танытатын, яғни этномәдени доминанталық рөл атқаратын тарихи субъектілердің ресми кеңістіктік заңдарына сәйкес қалыптастырады. Осы қатынастардан туындайтын ерекше заңдылықтар барлық диаспоралық қауымдастықтар үшін өмір сүру салтының ерекше сипатын анықтайды, ал қазақ диаспорасы осы өзара байланыстардан да шеттеп қалмайды. Осы тарихи кезеңге дейінгі шетелдерде және біздің елімізде этностардың құндылықтар жүйесін зерттеудің әртүрлі ғылыми парадигмалары пайда болды. Бұрын онша көңіл бөлінбей келген аксиологиялық мәселелер енді пәрменді түрде қарастырылуда. Бұл уақыт пен заманауи ғылыми инновациялық дамудың талабы болып табылады.

Көптеген ғалымдар жалпы қоғамдағы ұлт мәселесіне ерекше назар аударып келген мамандармен біріге отырып этникалық қауымдастықтардың әлеуметтік практикасын теориялық тұрғыда қарастырғанмен нақты аксиологиялық сипаттамалар беруге кейде жете назар аудармайды. Осыған орай шығармашылық топтың шетел қазақтарының өмірін, ондаған жылдар бойы қалыптасқан мәдени келбетін, құндылықтар әлемінің ерекшеліктерін қазіргі заманда ғылыми қолданбалы зерттеу тұрғысынан қарастырудың өзектілігі мол екені де белгілі және оның қазіргі замандағы ғылыми-зерттеу басымдылығына күмән келтіруге болмайды.

Шетелдегі отандастарымыздың құндылықтық әлемінің ерекшеліктерін ұлттық бірігу тұрғысынан зерделеп, диаспоралық этникалық өзіндік сананың аксиологиялық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық-методологиялық қырлары анықталды. Шет елдердегі қазақ диаспорасының құндылықтық әлемінің қалыптасуы мен дамуына, олардың өзіндік өзгерістеріне авторлар тарапынан аксиологиялық сипаттама берілді.

Қазіргі диаспоралық әлеуметтің әлемді рухани игеруінің сабақтастығын және құндылықтық өзгерулерін ашып берудің маңызы зор. Әрине, жақын елдердегі этникалық қазақтардың мәселелерінің практикалық қырларын анықтау бойынша біршама эмпириялық материалдар жинақталғаны белгілі (әсіресе, Ресей және Моңғолия қазақтары туралы мәліметтер еркін түрде және толыққанды жинақталады), бірақ дегенмен алыстағы елдердегі қазақ қандастарымыздың құндылықтық әлемі туралы мағлұматтар кейде толық болмай жатады және олардың жеке тұлғаларының этникалық бірегейленуін анықтау бойынша ғылыми талдаулардың қажеттілігі мол.

Қазіргі заман шынайы құндылықтарының дамуы ауқымындағы Орталық Азиядағы мен Ресейдегі қазақ диаспорасының этикалық әлеміне талдау жасалып, диаспоралогия ілімінің заманауи мәні мен мазмұнын ғылыми мағынада ұғыну, шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңғыруы ауқымындағы мәселелерді қарастырумен қатар ғылыми-зерттеу арқылы оның философиялық аспектілерін анықтау маңызды болып отыр. Себебі, кез келген мәселеге инновациялық тұрғыда тұжырымдар жасауға болатындығы анық. Дегенмен, кез келген мәселенің түпкі мәнін жан-жақты ашып қана, соның болашағына байланысты қисынды тұжырымдар жасауға болады.

Замана көшіне жаһанданудың қауіп-қатерлеріне төтеп беріп, іргелі ел болып ілесу үшін шет жердегі де, Қазақстандағы да қазақтарды тұтастай жұмылдыратын осындай ұлттық идеяның жандануы, күш алып дамуы керек. Ұлттық бірегейлік – ел басына күн туған шақтарда өзектілігі арта түсетін тұтас ұлттың және жеке тұлғаның төлсаналылығының шарықтауымен сипатталатын, ұлттың өміршеңдігінің кепілі болып табылады.

Туған жер, тарихи Отан, Атамекен ұғымдары – кез келген этностың тәуелсіз, егеменді тұрмыс-тіршілігінің кепілі ғана емес, оның тамырын тереңнен тартқан таным-түсінігіндегі ең қадірлі, қастерлі ұғымдардың ұйытқысы болып табылады. Ұлттық бірегейлену түсінігінің

эволюциясын халықтың атақонысқа көзқарасынан да бағамдауға болады. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы Атамекенді ардақтау, аялау сезімі көне түркілік кезеңде көшпенділердің мифтік-поэтикалық ойлау жүйесінен бастау алып, қазақтың жыраулық поэзиясында – құтты қоныс Жерұйық, Жиделібайсын, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман нышандары арқылы бейнеленді. Бұл тарихи санамыздың ерекше көріністері анық.

Көптеген этностық қазақтар өздерінің шетелдерде, көп миллион диаспора арасында тұрып жатқан жағдайын, ұлттық және тарихи әділетсіздік есебінде күйзеліспен қабылдайтыны пайымдалды, сондықтан бұл мәселенің этнопсихологиялық қыры екендігі көрсетілді. Қазақ диаспорасындағы тұрмыстарын қазіргі кезеңде тек ұлттық қасірет ретінде бағаламай, өзге жерлерге өз ділі мен ұлттық мәдениетін әкеліп, оны бекіте отырып, қазақ халқының басқа аймақтарға еніп және тамырын кеңінен тарату мүмкіндігі деп бағалауға болатындығы жаңаша сипатта тұжырымдалды.

Қазіргі тарихи кезеңде барлық елдерде жаһандану құбылыстарының ауқымы мен әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жаңару үрдістері пәрменді түрде кеңейіп келетіндігі дәйектелді. Сонымен қатар жаңару үдерістері ұлт мәселесіне де қатысты көрініс беретіндігі көрсетілді. Жалпы этникалық болмыста қордаланған күрделі мәселелерді шешумен әлемдегі және еуразиялық кеңістіктегі мәдениетаралық өзара қатынастардың тағдыры астасып жататындығы және ол шетелдегі қандастарымыздың өмір салтына және құндылықтар дүниесіне ықпал ететіндігін байқаймыз.

Қазақстан Республикасы өзінің мәдени және көші-қон саясатында бұл мәселеге тек теориялық мағынада ғана емес, сонымен қатар соңғы уақытта проблеманың әлеуметтік-мәдени, рухани-практикалық қырларына, іс-шараларына үлкен мән бере бастағандығын көреміз. Кез келген халықтың өзінің адамзат тарихында толыққанды тарихи субъект ретінде әлеуметтік-мәдени мағынадағы іштейгі ықпалдасу және ынтымақтасу проблемаларын зерделеуі этникалық дүниетанымдық көкжиекті кеңейту тұрғысынан алғанда маңызды қадам болып табылатындығы анық.

Қазақ халқы түркі тектес халықтарға жатады. Осы түркілік тұтастықты оларға ортақ ғұлама тұлғалардың, ойшылдардың рухани мұраларын (Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Ясауи, Абай, Әлішер Науаи және т.б.) зерттеу, ортақ ақпараттық-мәдени кеңістікті құру, олардың диаспораларын зерттеу, халықаралық жалпытүркілік ғылыми-зерттеу қорын құру арқылы іске асыру қажет. Қазақ диаспорасы – қазақ ұлтының құрамдас бөлігі. Егеменді еліміздің жаңа ұлт саясаты шеттегі қандас бауырларымыздың мұқтажын қоса камтып, оларға мемлекетгік қамқорлық жасағаны жөн. Қазірге келгенде қазақ диаспорасы туралы Мемлекеттік бағдарлама белгілі бір деңгейде іске асуда.

Алдымызда қазақ диаспорасының өкілдерінің білім алуын құқықтық жағынан қамтамасыз ету міндеті тұр. Осыған орай Ресей мен Өзбекстанда тұратын жастарды тиісті оқулықтармен қамтамасыз ету, ана тілін сақтау сияқты келелі мәселелер тезірек шешуді қажет етеді. Шеттегі қазақтар, қытай, ағылшын, парсы, француз, неміс, араб тілдерін игерген. Қазақ халқының басынан нендей қиын-қыстау замандар өткені белгілі.

Ингвар Сванбергтің пікірінше, түркі халықтарының ішінде басқа түркі тектес халықтармен салыстырғанда қазақтар – ассимиляцияға көп ұшырамайтын, қарсы тұра алатын, рухани иммунитеті бар этникалық диаспора. Мұндай этникалық және тілдік ортада өмір сүретін басқа қазақ диаспорасының қазақтығын, ұлттық тұтастығын сақтауы – барлық 40-тай мемлекеттерде тұратын қазақ диаспорасына тән құбылыс. Бұл – шеттегі қазақтардың ұлтына, атажұртына, тіліне, дініне, салт-дәстүріне, жалпы алғанда, ұлттық мәдениетіне, дәстүрлі халықтық дүниетанымына, даналыққа деген керемет құштарлықтың, өшпес үміттің нәтижесі және осындай керемет қасиеттердің шығу тегі данышпан халқымыздың тарихында, дәстүрлі мәдениетінде, болмысы мен ойлау стилінде жатыр.

Әлем қазіргі кезеңде түбірінен өзгеруде. XXI ғ. түркі тектес егеменді елдер үшін керемет тарихи заман болмақ, білім мен ғылымды дамыту халқымыз үшін тамаша өркениет пен демократия жолы, қазақстандық экономиканың өсуі мен дамуына сенеміз. Іштегі және сырттағы қазақтар рухани және этникалық жағынан біртұтас ұлт болып ұйып, келешекте

өркениетті Қазақстан елі жаңа белестерге көтерілетініне ешқандай күмән жоқ. Ол үшін бізге тыныштық, бейбітшілік, төзімділік, қарқынды еңбек, жүйелі құқықтық тәртіп пен реформа қажет. «Қазақстан–2050» Стратегиясы осы мәселені барынша өзектендіреді және ұлт интеллигенциясы алдына үлкен гуманитарлық міндеттер жүктейді.

Әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтары мен негіздерін ешқашан ұмытқан емес. Дүние жүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде. Мұндай әрекет барлық халықтар үшін маңызды болып тұр. Әрине, қазақ диаспорасы үшін өздері өмір сүретін жерлердегі басым үрдістердің екпініне шыдай қою да оңай шаруа емес.

Кез келген мемлекеттің ұлттық егемендікке жеткеннен кейін түгендей бастайтын құрылымдары мен құндылықтары болады. Солардың ішіндегі ең маңыздысы адам тағдырына байланысты сала болып табылады. Тағдырдың тәлкегімен, тарихтың әр түрлі күйзелісті кезеңдерімен астасып жататын бұл мәселенің қазақ диаспорасы үшін әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру тұрғысынан маңыздылығы зор. Әрине, қазақ диаспорасы мәселесі туралы сөз қозғағанда оған бірыңғай сыңаржақты пікір айтып, қазақ халқының тоталитарлық жүйенің құрбаны болғаны жөніндегі тұжырымдармен барлық құбылыстардың мәндік-мағыналық негізін дәйектеп тастауға болмайды. Өйткені, тарихи процесте өзіндік логикасы бар, әр түрлі жағдайлар ауқымына әлеуметтік субъектілердің түсуі де кездейсоқ жәйт емес, сондықтан бұл мәселенің көп астарлы себеп-салдарлық құрылымы бар.

Қазақтардың XX ғ. этникалық тарихы әртүрлі драмалық, кейде трагедиялық оқиғаларға толы болды. Соның ішінде ана тілі мәселесі бойынша туындаған жағдай қазақ диаспорасы мен Қазақстандағы ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынасқа әсер етпей қоймайды. Өйткені, қазақ әліпбиі үш рет түбірлі өзгеріске ұшырады. Алдымен араб әліпбиі болса, одан соң қазақ тілі XX ғ. 30-жылдары латын әліпбиіне негізделсе, соңынан халқымыз кириллицаны негізгі әліпби етті. Мұның бәрі сырттағы қазақ диаспорасы өкілдерімен ақпараттық, білімдік, мәдени-рухани қарым-қатынас жасауға елеулі кедергілер жасағаны белгілі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халқымыздың XX ғ. күрделі тарихы туралы: «…қазақтар бет-бетіне таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемде-кем болғанымен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болатындай тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар» [1], – деген пікірін білдіреді.

Қазіргі жаһандану заманындағы аксиологиялық тұрғыда барынша нақты және ғылыми қарастыруларды қажет ететін жалпы алғандағы қазақ руханиятының өзекті заманауи мәселелері де бар. Әлемге кеңінен таралып кеткен қазақ халқының өкілдерінің менталитеті мен руханиятын зерттеуші мамандар оның ерекше құндылықтық әлемі, өзіндік бірегей санасы бар екеніне шүбә келтірмейді. Дегенмен, мәдениетаралық өзара қатынастар өрісінде өмір сүргендіктен үлкен Еуразия кеңістігіне ғасырлар бойы орныққан, дамып, өрбіген руханият әлемінің сипаттамасын да ескеру қажет.

Шетелдегі қазақтардың этникалық ділінің ерекше белгілерін бағамдау негізінен нақты тарихилық және салыстырмалы талдау ұстанымдары арқылы анықталады. Қазақ диаспорасының өзіндік санасының дамуы аясындағы рухани сабақтасу мәселесін қарастыру да маңызын арттырып отыр. Көптеген этникалық қазақтар, тіпті, көрші елдердің өзінде жақан болашақта ассимиляцияға ұшырап, өздерінің ұлттық «Менін» жоғалтып алуы да мүмкін.

Өкінішке орай, көрші елдерде мемлекеттік билік қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту бойынша көптеген әрекеттерді қолдамайды, тіпті, олар кейде диаспоралық деңгейдегі қазақтың этномәдени ұлтшылдығының көрінісі ретінде бағаланады. Тілдік ыңғайлылық көрші елдерде негізінен басымдық танытушы этносқа, басымдық танытушы мәдениетке жасалғаны байқалады. Қазіргі таңда тілдік және мәдени ассимиляцияға ұшыраудан тіпті ірі этникалық қауымдастықтар да сақтандырылған емес.

Осыған байланысты қазіргі жаһандану жағдайында орнықты өзара сұхбаттың, әлемнің әртүрлі түкпірлеріндегі отандастармен этносаяси, халықаралық қатынастар деңгейіндегі қатынастарды нығайтып, этномәдени ынтымақтастықты орнатудың рөлі арта түсуде.

Әлем қазіргі кезеңде білім мен ғылымды дамытуға бет бұрған, халқымыз үшін де тамаша өркениет пен демократия жолы, қазақстандық экономиканың өсуі мен дамуы жолы болатынына сенеміз. Іштегі және сырттағы қазақтар рухани және этникалық жағынан біртұтас ұлт болып ұйып отырғанымыз орынды. Ол үшін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асыру қажет және ол өз кезегінде «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асыру міндетімен астасып жатады [2].

Қазіргі жаһандану заманында этнодиаспоралық кеңістік қазақтар үшін әр елде, тіптен ТМД-ның ішкі жағдайында да әртүрлі ерекшеліктерге толы. Мәселен, Ресейдегі этнодиаспоралық кеңістік қазақтың этникалық тобы үшін «орыс тілінде сөйлейтін тұрғындар» категориясы шеңберінде қалу қаупі бар. Бұл өткен тоталитарлық кезеңнің қазіргі заманға жеткізген «өзіндік сыйы» деуге болады. Өкінішке орай осыған ұқсас жағдай басқа алыс-жақын елдерде (Өзбекстанда, Моңғолияда, Қытайда, Түркияда, Еуропа елдерінде) орын алып отыр. Әрине, қазақ диаспорасы өкілдерінде бұл үрдістердің неге апарып соғатынын түсіну жоғары деңгейде дей аламыз. Сондықтан да болар үнемі қазіргі кезеңде ұлттық тілдің мән-мағынасын арттырудың жолдарын іздестіру әрекеттері жасалуда. Бұл – ұлттық өзіндік сананың бірте-бірте өзін-өзі барынша тұтастанған күйде анықтауға ұмтылуы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы, 1999.
2. «Қазақстан–2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, 2012.

ТӘЖІКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ-ТӘЖІК ЭТНИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ

Нуралиев А.

Ресей-Тәжік (Славян) университеті, Душанбе

Өз заманында қалыптасқан тарихи, саяси, экономикалық жағдайға байланысты Орталық Азия аумағында өмір сүріп, тіршілік еткен халықтар өзара бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап отырғандықтан, шекара, шеп деген де болмағаны мәлім. Бұл аймақтағы халықтар қоян-қолтық араласып тіршілік кешті, сондықтан да бір-бірлерінің тілін, мәдениеті мен дәстүрін, әдет-ғұрпын жақсы білді. Бұл халықтардың тарихы да, тағдыры да көп жағдайда ұқсас еді. Олар бір-бірін жатсынбады. Мұны осында мекендеген елдің халық болып қалыптасу тарихының мысалы да айғақтай түседі. Олар тілдеріндегі айырмашылықтары болмаса, бір тамырдан таралған, бір қайнардан нәр алған тектес халықтар болатын, бауырлас ел еді. Орталық Азия халықтары ішінде түркі халқымен мейлінше етене араласқан, «ішек-қарны араласып» кеткен халық тәжіктер десе де болады. Оны қазақ халқының ұлы перзенті, әлем халықтарының ақыл-ой қазынасының дамуына мол үлес қосқан, екі елдің төл перзенті деп атауға болатын ғұлама ғалым М.Х. Дулатидің тарихи қызметінен де көруге болады.

Қазақ-тәжік тарихи, мәдени байланыстарының тарихы тереңде жатқанын айту парыз әрі азаматтық міндетіміз деп білемін. Мұхаммед Хайдар Дулатидің мұрасын зерттеуші ғалым, жазушы Мұхтар Қазыбек жазғандай:

«Мұхаммед Хайдар Дулати – үнді-қазақ қана емес, қазақ-тәжік тарихи, дипломатиялық, мәдени байланыстар бастауында тұрған ұлы ғалым, жазушы, мемлекет қайраткері». Біз өз еңбегімізде қазақтардың бүгінгі Тәжікстан аумағында тұрып, еңбек етіп, өмір сүріп жатуын Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде айтылатын жағдайларға арқа сүйеп, деректерге сүйене отырып баяндайтын болсақ, ол – тарихи әділеттілік болады. Халықтардың ұлы көші, миграциясы бір күндік, бір жылдық мәселе емес, ол ұзақ жылдарға созылып отырған процесс. Халықтар аралас-құралас тіршілік ету барысында бірін-бірі әдеби, мәдени, рухани қазыналарымен байыта түскенін де атап өту ләзім. Мәдени байланыс дамыған тұста халықтардың рухани өсуін, гүлденуін, мәдени орталар көбейіп, талантты адамдар өркен жайып отырғанын байқаймыз. Шығыс елдерінде өркениет өсіп, қайта өрлеу дәуірінің ерте басталғанына да халықтар арасындағы мәдени, ғылыми, рухани ортаның мықты болғаны дәлел.

Қазақтардың Тәжікстан жерінде тұрақтап тұрып, еңбек етіп, осы елдің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосқанына тарихи деректер куәлік береді. Біз өз еңбегімізге кіріспес бұрын көкейде жүрген ойларымызды да бөлісе кеткенді жөн көріп, аз-кем тарихи шолу жасап кеттік. Енді тікелей өзіміз көтергелі отырған күрделі тақырыпқа көшпекпіз.

Біз конференцияға ұсынып отырған осы шағын мақаламызда Тәжікстанда қоныстанған қазақтардың тарихын ғылыми тұрғыда жүйелеп, зерделеуді қолға алып, қолдағы бар материалдарға сүйеніп, олардың қашан, қай заманда, қалай келіп қоныстанғандығының және ұзақ жылдар аралығында мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіндегі орын алған өзгерістерді, олардың екінші отанындай болған тәжік елінің өркендеп-дамуына қосқан үлесін қолдан келгенше анықтап ашып көрсетіп, баяндауды мақсат еттік. Біздің Тәжікстанда қоныс тепкен қазақтар тарихымен қызығып айналысуымызға көптеген факторлар себеп болды. Елдеріміздің егемендік алған жылдарынан бұрынырақ басталуға тиіс болған зерттеу жұмысы, ең алдымен Қазақстан тарапынан қолдау жасалмағандығынан қолға алынбай келді, бұл осы зерттеуді қаржыландыру көздері табылмауы салдарынан аяқсыз қалған болатын. Кейінгі жылдары көпшілік жамағаттың бұл мәселеге қызығушылығы қайта артып, қазақ қауымдастығының Тәжікстан қазақтарының көші-қон тарихы және этнографиясын зерттеуді қолға алуға мүдделі болып отырғандығына байланысты, Тәжікстандағы Қазақстан елшілігінің көмегі әрі қолдауы арқасында бұл зерттеу еңбегімізді қайтадан қолға алып, екі ел халықтары тарихын, әсіресе, қазақтар жөнінде әлі ешкім көтермеген мәселені зерделеуге кірістік.

Қолда бар материалдарға сүйеніп, біз бірнеше ғасыр бұрын осы араға келіп қоныс тепкен көптеген түркі тайпаларының, соның ішінде Лақай, Қоңырат, Құрама, Дүрмен, Қарлұқ, Марқа, т.б. тайпаларының қазақтармен туыстығы, рулық шежірелерінің жақындығын білдік, ал мұнда қоныстанған қазақтардың шағын тобы олармен араласып сіңісіп кеткенін деректер негізінде қысқаша сөз етуді орынды деп таптық. Бірақ та мұндағы кейбір түркі жамағатының өздерінің арғы ата-тегі жайындағы мәліметтерді біле бермейтіндігі, тіпті ұмытып қалғандығы таң қалдырды. Өйткені бұдан 300-400 жылдай бұрын осы жерге қоныс аударған түркі тайпалары, соның ішінде қазақтар Лақай, Құрамалармен араласып сіңісіп кеткен, оның үстіне өзбек тілді тайпалардың ортасында тіршілік еткендіктен олардың ықпалы, әсері тіл, әдет-ғұрыптарынан байқалып тұрады. Біз күні бүгінге дейін осындай қаймағы оншалықты бұзылмай қалған тайпалардың фольклорынан үзінділер келтіріп, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерімен салыстырып, оқырманға ұсынып отырмыз. Тілдік ұқсастықтар ғажап-ақ.

Осы тұста арнайы айта кететін тағы бір жәйт бар, ол Тәжікстанның оңтүстігін жайлаған халықтардың тайпалық құрамын зерттеуді мақсат еткен орыс ғалымдарының еңбектерінде қазақтар жайлы өте аз мәлімет келтірілген. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігі басқа халықтар сияқты тиянақты түрде талдап зерттелінбеген, тарихы да көмескі қалған. Сонымен қатар, орыс ғалымдары түркілердің бұл аймақтың байырғы тұрғындары – тәжіктермен қаншалықты аралас-құралас болғандығы туралы да мәселе қарастырылып, анықталмаған. Бұл сондықтан әрине, нақтылы зерттеуді талап ететін келешектің ісі.

Біз сонымен қатар, XIX–XX ғг. орыс ғалымдарының зерттеу еңбектеріндегі генеалогиялық, ата-тек шежірелеріне қатысты мәліметтерді қазақтарға туыс рулардың шежірелерімен салыстыра отырып, кейбір қорытынды пікірлерімізді оқырмандар назарына ұсындық. Мұның өзі заңды нәрсе.

Біздің ойымызша, Тәжікстанды мекендеген қазақтардың миграциялық немесе ауа көшуі себептерін, этникалық тарихын мейлінше дұрыс сипаттаудың ғылым үшін де, жұртшылық үшін де қажеттілігі бар деп есептейміз. Өйткені қилы-қилы замандарды, жаугершілік кездерді, аштықты, қуғын-сүргінді бастан кешіп, бүкіл әлемге тарыдай шашылып кеткен қазақтардың жалпы тарихын зерттеп билеудің өзі санамызды тың мәліметтермен байытып, қазақ халқының да тарихын толықтыра түседі деп білеміз.

Бүгінгі Тәжікстанда өмір сүріп, өсіп-өніп, тіршілік еткен қазақ диаспорасының (руларының) тарихын материалдардың тапшылығынан анықтап, оны жазу оңай еместігін жоғарыда айттық. Ең қиын нәрсе сол, қазақтар жайын баяндайтын жазба тарихи деректер сақталынбай қалған. Хатқа түспеген. Зерттеушілер болмаған. Республикада өмір сүрген шежіре білетін қарттардың көбісі дүние салып, ендігі бір тобы Қазақстанға атамекеніне қоныс аударған. Кейбір тарихи дереккөздерді тек архивтерден ғана іздеуге болатындығы белгілі. Бірақ, оған біріншіден көп уақыт керек, екіншіден кешегі тәжіктердің өзара қақтығысы кезінде (1992–1997) облыстық және аудандық кейбір мұрағаттар өртеніп кетті. Архив құжаттарынан айырылып қалдық. Сондықтан біз қолда бар материалдарды пайдалана отырып, Тәжікстандағы қазақтардың кешегі тарихы мен бүгінгі жайын баяндауды ұйғардық.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. орта шеніне дейінгі кезеңдегі Шығыс Бұқара – бүгінгі Тәжікстан халықтарының этникалық құрамын зерттеген В.В. Бартольд, А.Ю. Якубовский, А.Н. Бернштам, Б.Ғ. Ғафуров, Б.Х. Кармышева сияқты ғалымдардың, тағы да басқа зерттеушілердің этнографиялық, археологиялық, фольклорлық зерттеу еңбектерінде көптеген мәселелер қарастырылған. Алайда қалай екені белгісіз қазақ диаспорасының мәселелері олардың зерттеулерінде айтылмайды, назардан тыс қалған.

Тәжікстандағы қазақтар жайын сөз еткенімізде, олардың осы ел азаматтарымен бірге ортақ отанын гүлдендіруге өз үлестерін қосқанын, мемлекет шаруашылығының түрлі салаларында табысты еңбек еткендігін де ұмытпағанымыз жөн. Ал қазақ диаспорасының қоғамдық жұмыстан бастап, түрлі кәсіпті жақсы меңгеріп, өздерінің адал еңбегімен абырой-атаққа ие болған өкілдері туралы ресми түрде айтылып жүргенімен, тарихи еңбектерде айтыла бермейді. Өйткені насихат жұмыстары нашар жүргізілген. XIX ғ. 20–40 жылдарында Тәжікстан топырағында Қазақ АКСР Мәдениет халық комиссары болған Темірбек Жүргенов, Әскери комиссар Абдолла Ярмұхаммедов, Елеусіз Бұйрын, Көбей Жанғазин сынды тарихта аты қалған адамдардың осында біршама қызмет жасағаны мәлім. Бабай Ишан, Сағидолла молда, Әлшекей күйші сияқты саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар бұл жерді паналап келгендігі де бүгінде белгілі болып отыр. Айта берсек, мұндай ел арасында аты мәлім адамдардың саны көп.

1951 ж. Қаныш Сәтпаев Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті академигі болып сайланды, әйгілі мүсінші Жанғазин өмірінің соңына дейін Тәжікстанда қалып еңбек етті, Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің екі рет депутаты болып сайланған Көбеевтің еңбектері арнайы әңгіменің арқауы болар үлкен оқиға.

Сондықтан да біз осы мақаланың басында айтқан мәселелермен бірге, қазақ қайраткерлерінің Тәжікстанның автономиялы республика болып (1924), ал 1929 ж. Одақтас республика атануына қолдау білдіргенін де атап өткеніміз жөн. Еңбекте қазақ диаспорасының тіршілігі, қалыптасуы, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, қоғамдық қызметіне қатысты кейбір мәселелерді қозғай айта кетуді де жөн деп таптық. Біз бұл еңбегімізде қазақ диаспорасына және басқа да қазақтарға тұрмыс-тіршілігі, тілі, ділі мейлінше жақын халықтардың көші-қон тарихын, миграциясын толық сипаттай алмасақ та, келешекте бұл мәселені тереңірек зерттеушілерге алғашқы материалдарды жүйелеп беріп кетпекпіз. Сондықтан да біздің басты міндетіміз – XX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы екі ел арасындағы достық қарым-қатынас арнасына баса назар аудару, тарихи тағылымдарды таразылау.

Біз бұл мақаланы жазу үстінде Гулшанидің «Тарихи Хумаюн» атты қолжазбасын (1909) және 1875 ж. Н.А. Маев басқарған Хисар экспедициясының кейбір тарихи-этнографиялық жазбалары материалдарын пайдаландық [1].

Тағы бір айта кететін жәйт, күні бүгінге дейін зерттеушілер қазақтардың Бұқара әмірлігіне, соның ішінде Шығыс Бұқара жеріне қай жылдары келіп қоныстанғандығы туралы нақты мәлімет бере алған жоқ. 1924–1925 жылдары орыс ғалымдары М.С. Андреев, Е.М. Пещерева Тәжікстанның таулы аймақтарына және Хисар мен Кулябқа ұзақ ғылыми сапар жасағаны мәлім. Бірақ олар, негізінен, бұл өлкенің тәжік тұрғындарының жай-жапсарын көбірек зерттеді. Мәскеу, әсіресе, 1930 ж. Орта Азия республикаларының табиғи байлықтарын зерттеуге, экспедициялар жасақтап, жұмысшы күштерін орналастыруға үлкен мән берген болатын. Осыған байланысты 1932 ж. Тәжікстан Памир экспедициясы құрамында Тәжікстанды мекендейтін халықтардың жағдайын зерттейтін арнайы отряд құрылған болатын. «Бұл екі бөлімнен тұратын отрядтың бір бөлігі Қаратегін және Даруазда, екінші бөлігі С.М. Абрамзон және А.Н. Кандаурова құрамында Оңтүстік Тәжікстанда ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар Лақай–Тәжік, Қорғантөбе, Жылыкөл (бұрынғы Сарайкемер) және Куляб аудандарын түгелдей сүзіп, барлап, аралап шыққан. Бірақ бұл экспедиция жұмысының нәтижелері, арнайы жинақ болып басылмастан, елеусіз қалған. Тек қана С.М. Абрамзонның қысқаша ғана есебі басылған екен» [2, с. 12].

Тәжікстан халықтарының этникалық құрамын зерттеген ғалым Б.Х. Кармышева жазбаларында мынадай мәлімет келтіреді:

«С.М. Абрамзонның рұқсатымен мен оның әлі баспа бетін көрмеген қолжазбаларымен танысып шықтым, – дейді ол. Кейінірек осы қолжазба материалдарын негізге алып, Д.С. Комиссаровпен бірге «К вопросу племенных, родовых пережитках на территории Таджикистана» деген шағын мақала жазып, баспасөз бетінде жарияладық. Бұл мақалада түрікменнің Ерсары руының Жылыкөлге келуі және өзбек-қатағандар, қазақтар, қырғыздар туралы мәлімет бар еді» [2, с. 12].

Сонымен қатар, біз бұл еңбегімізде Б.Х. Кармышеваның Тәжікстанды мекендейтін халықтардың этникалық құрамы жайында талдап жазған материалдарын да пайдаландық. Онда Тәжікстандағы қазақтардың 1950–1960 жылдардағы тұрмыс-тіршілігі, отырған елді-мекендері мен өмір сүріп жатқан ортасы туралы қысқаша болса да мәлімет берілген болатын.

Әдебиеттер

1. Маев Н.А. Очерки Гиссарского края // Материалы для статистики Туркестанского края, вып. V. 1879.

2. Кармышева Б.Х. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана. М., 1976.

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТҮРКИЯ МЕН ЕУРОПА ЕЛДЕРІНЕ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА КӘСІПКЕРЛІКТІ ИГЕРУІ

Мұқаметханұлы Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы

Қазақ өркениеті – сахаралық өркениетті негіз еткен, аграрлық, коммерциялық, өнеркәсіптік өркениеттер факторларын қамтыған бай мазмұнды өзіндік ерекшелігі бар ұлттық өркениет болып табылады. Өркениеттің немесе мәдениеттің қалыптасу, таралу заңдылығы болатыны сияқты, белгілі бір жаңа мәдениет пен өркениетті қабылдаудың да алғышарттары болады. Соның бірі миграция арқылы дағдылы мәдениеттік ортаны

алмастырып жаңа мәдени-өркениеттік ортаға ену болып табылады. Осы бір заңдылықты Қытай қазақтарының Батыс елдеріне таралу практикасы толық дәлелдеді.

Қазіргі таңда Еуропаның (Түркияны да қамтыған) көптеген елдерінде қазақтар өмір сүріп жатыр. Олардың тұрмыс, тіршілік (өндіріс) формасы мен ой-санасы сол индустриялды қоғамдық ортаға толық үйлескені анық байқалады. Олардың осындай мәдени-антропологиялық ерекшеліктерін зерттеудің ғылыми-теориялық маңызы зор.

Қытайдағы қазақтардардың атамекенінен алыс шетелдерге қоныс аударуы XX ғ. 40 жж. басталды. Нақтылап айтқанда Алтайдағы Абақ Керей руларынан басталған. XX ғасырдың басында «Абақ керейлер Алтай аймағының жеті ауданында, Тарбағатай аймағының Толы, Усу (Шиху), Сауан және Саудан ауданынан шығысқа қарай Құмыл (Хами) аймағының Баркөл ауданына дейінгі өңірге өмір сүрген» [1, 18-б.]. Абақ керейлердің алыс шетелге ауып кетуі негізінен Шынжаңның шығысындағы Ганьсу, Цинхай провинцияларынан жол тартқан болатын.

Қазақтардың Шынжаңның шығысындағы Ганьсу провинциясына мал жайып баруы XX ғасырдың басында басталған. 1911 ж. Баркөлдегі қазақтардың басшысы Тұңғышбай мен Назбай 20-дан аса отбасының 150 адамын бастап Ганьсудың Анси (қазіргі Гуачжоу) өңіріне барып мал бағады, бірақ екі жылдан кейін олар жер таласы орын алғандықтан кері көшіп Баркөлге қайтып келеді. Одан кейінгі жылдарда баркөлдіктер Ганьсудың Дуньхуан аймағына малдарын айдап барып жылдап тұрып келіп жүреді [1, 20-б.].

Алайда Абақ керей елінің атамекенін тастап сырт жерлерге үдіре көшуі XX ғ. 30 жж. басталды. Оның бірнеше себептері болды. Бірінші себебі сол кездегі Шынжаң үкіметінің жүргізген қате саясаты. 1933 ж. әскери күшпен Шынжаңның генерал-губернаторы билігін қолына алған Шэн Шицай (Cheng Shicai), «Кеңес Одағы күштеріне сүйене отырып, әртүрі айла-тәсілдерді қолданып, өз қарсыластарын жойып, билігін нығайтты. Ол бір жағынан «басқаруды реттеу», «білім беруді дамыту», «құрылысты реттеу» сияқты абыройлы қозғалыстарды жүргізді, және бір жағынан «Дүрбелең шығаруды жоспарлау ісін» қолдан жасап, көптеген бейкүнә адамдарды тұтқындап түрмеге жауып, Шынжаң халқының басына қауіп-қатер төндіріп, Миньго (Республика) дәуіріндегі Шынжаңды ең қараңғы түнекке айналдырды [2, 95-б.]. Сөйте отырып ол «қазақтардың атпалы азаматтарын әскер алуды жоспарлап, қазақтарды қолдарындағы аң мылтықтарын тапсырып беруге зорлап, шаруалардың үкіметке қарсыластырды.

Екінші себебі, Кеңес Одағының Қазақстанда қолдан жасаған аштық оқиғасы. Алтайдағы қазақтар 1931–1932 жж. Қазақстанда Голощекиннің қолдан жасаған аштықтан жансауғалап арғы бетке асқан қазақтардан, Компартия мен социализмнің Қазақстанда зұлмат саясат жүргізіп жатқанын естиді, сондай-ақ КСРО-мен жақындасу бағытын ұстанып отырған, қазақтарға қатыгез саясат қолдана бастаған Шэн Шицайді, ерте ме кеш пе кеңестік саясатын бізге де жүргізіп түбімізге жетеді, Шынжаңды «қызылдандырады», «дінді жояды» деп санады да, Шэн Шицай билігіне қарсы тұрды. Олар өз қарсылықтарын Шынжаңнан атізін аулақ салу арқылы, яғни қоныс аудару алысқа кету арқылы өздерін сақтауды көздеді.

Үшінші себебі, қауесеттің жетегінде кету. Шынжаңның шығысындағы Ганьсу провинциясының жағдайы жақсы екен (іс жүзінде бұл провинцияның географиялық ортасы өмір сүруге өте қолайсыз, Қытайдың ең нашар дамыған аймағы еді, қазірге дейін солай. – *Н.М.*), онда көптеген мұсылмандар (дүнгендер) тұрады екен, сол жаққа барсақ, олардың қолдауына ие боламыз, пәле-қазадан аман қаламыз, – деген қате танымның жетегінде кетті.

Төртінші себебі, көшпенді мал шаруашылығының қоныс аударуға икемділігі және феодалдық рулық басқарудың өктемдігі. Ол кезде рубасшылары шешім қабылдап, көшеміз деп орынан қозғалса болды, оның қоластындағылары оған ілесе көше беретін.

Осы сияқты себептерден Абақ Керей рулары атамекенінен алыстағы Ганьсуға қарай үдере көшті. Ең алғашқы көшті 1935 ж. 60 жастағы үкіртай (болыс) Адубай Тоқашбай бастады. Ол руын бастап Баркөл жайлауынан Ганьсуға көшіп бармақ болады. Одан хабар тапқан провинциялық үкімет оларды өз жерінен кетірмеу шараларын қолданады. Бірақ олар

113 отбасы, 565 адамды бастап 1936 жылдың қаңтарында Моңғолия жерін басып Ганьсу провинциясының батысына көшіп барды.

1936 ж. Шэн Шицайдың Сақшы (Ішкі істер) мекемесі жасырын түрде «сатқындық жасағандарды» тұтынқындай бастайды, тіпті «сатқындық жасады» деп 83 қазақты қырып салады [2, 99-б.]. Сонымен Асбай 170 отбасын 890 адамды бастап Адубайдың жүрген жолымен көшіп Ганьсу жеріне жетеді. 1937 ж. тамызда Шэн Шицай «Дүрбелең шығаруды жоспарлады» деген жаламен Құмылда (Хами) адам тұтқындай бастайды, осы аймақтың Баркөл ауданындағы қазақтар одан үрейленіп, 505 отбасы, 2570 адам шығысқа қарай көшеді, оларды Зайып қатарлы бес рубасы бастап Ганьсу жеріне жеткізеді.

1939 ж. Шэн Шицай Алтайда «тазарту науқанын» жүргізіп, Ақыт Үлімжіұлы және Мәкей қатарлы 30-дан аса қазақтың беделді адамдарын тұтқындап, Үрімжіге апарып түрмеге жабады. Оларға «Жапон басқыншыларымен астасқан, Жапонияның шпиондары, бандиттері, жапондықтардың Қытайға агрессия жасауын қолдаушылар» деген қылмыс тағады. Сонымен қашуға мүмкіндігі бар адамдардың барлығы Алтайдан ауа көшеді. Бұл рет үдіре көшкендердің қатары қалың болды. Оларды Құсайын, Сұлтан Шәріп қатарылы тоғыз адам бастайды.

Қазақтардың Шынжаңнан Ганьсу өлкесіне үдіре көшуін баспасөз дүрілдетіп жазып, Шэн Шицай үкіметін «аз санды әлсіз халықтарға қысым көрсетті», – деп айыптайды. «Шэн Шицай көшті дереу тоқтату үшін үкімет әскерін аттандырумен қатар, Құмылда (Хами) тұрған Кеңес Одағының Қызыл 8-ші полктің әскери ұшақтары мен әскери машиналарын да пайдаланып, көштің алдын кес-кестеп тосып атқылап, қазақтарды және олардың мал-мүліктерін ауыр шығына ұшартты. Соған қарамастан 1513 отбасы, 7655 адам Ганьсу провинциясына жетеді» [2, 100-б.].

Шынжаңнан Ганьсу, Цинхай провинциясына қашып барып, кең далада тыныш өмір сүруді армандап барған қазақтардың тәтті қиялы бірден көкке ұшады. Ондағы жайылым жерлердің де иесі бар екен, қазақтар бара салысымен жергілікті моңғол малшыларының қарсылығына тап болып, жерге таласып қақтығысады. Бұл жағдай Гоминьдан Нанькин үкіметі мен Ганьсу провинциясы үкіметін алаңдатады. Атажұртын тастап, аттарына мініп, түйелерін жетелеп, жылқы сиыр қойларын айдап ұзақ жолда соғыса жүріп басып өтіп, азып-тозып Ганьсуға әрең жеткен қазақтар, алғаш осы провинцияның батыс өңіріндегі Аньси, Дуньхуан, Чжание қатарлы аудандарына дамылдайды. Олар үкіметке моңғолдардың жайылым жерінен жер бөліп беруді талап етті. Бірақ оған жергілікті тұрғындар қарсылық көрсетіп, қазақтарды шетке қақты, сонымен арада қақтығыстар орын алып, жанжалдар көбейді.

Ганьсу провинциясы жергілікті қоғамдық тәртіпті сақтау үшін Қазақтарды басқару мекемесін құрып, оны Го Шунань дегенге басқартады. Ол осы мекеме арқылы қазақтарға шамалы қайырымдылық көмек көрсеткен болады. Көш бастаған Елісханмен келісімге келіп, оны көшіп барған қазақтардың Бас тәйжысы, Адубайды тәйжы деп белгілеп, оларға Ганьсу мен Цинхайдың тоғысқан жерінен екі шақырымдай жайылым жерді белгілеп беріп, қайшылықты сәл де болса бәсеңдеткен болады. Бірақ көп өтпей қазақтар Ганьсу мен Цинхайды жалғап жатқан тауға барып мал бағады. Цинхай провинциясының әскерлері оларға ойына келгенін істеп, таңдаған аттарын тартып алып кетіп отырады. Бұндай келемеждеуге түзбеген қазақтар қарсылық көрсетеді. 1940 ж. Ұлттық армияның 100-дивизиясы 287-ротасы командирының орынбасары ХаньЧжинбао (ұлты дүнген, мұсылман) бұйрық бойынша қазақтарды қоршап жою операциясын жүргізеді. Ол кезде Цинхайдың Дулан өңірінде көшіп жүрген Елісхан 3000-нан аса адамды бастап оңтүстікке қарай көшіп, Тибет жері арқылы шетелге өтіп кетпек болады. Бұл хабарды естіген Хань Чжинбао олардың алдын бөгеп, басшыларын тұтқындамақ болады, қазақтар қолда бар жалғыз тапаншамен, сойылдарымен шайқасқа шығып, үкімет әскерлерін тас-талқан етеді, командир Хань Чжинбаоны ұрып өлтіріп, көптеген қару-жарақ олжалайды. Бірақ олардың соңынан түскен 400-ден аса үкімет әскерлері тауда Елісханның елін қуып жетіп атқылайды. Қазақтар қорғанып соғыса жүріп Тибетке қарай көшіп отырады. Ал Зайып Тәйжы бастаған 2000-нан

аса адам да Тибет жеріне қарай беталып, қуғыншы әскерлермен соғысып жүріп Елісханмен қосылады. Тибет үкімет әскерлері де олардың соңынан түсіп қудалайды, қатар соғыса жүріп қашады. Бірақ олардың көптеген адамдары оққа ұшады, малдары бытырап жоғалады, жас балалары адасып жоғалып кетеді.

1940 ж. күзінде Елісхан Әліпұлы мен Зайып Тәйжы Тибеттің солтүстігіне өтіп барады. Жергілікті әскерлер олардың жолын бөгеп, қару-жарақтарының көбін тартып алады. Соған қарамастан олар сол жылдың қысында әскерлердің бөгеуін бұзып өтіп көшеді, неше дүркін қанды шайқастар болып, көптеген адамдар құрбан болады, тұтқындалады, топтан адасып із-түзсіз кетеді, тіпті, қарлы боранға көміліп шығалмай қалғандары да болды. Аштық пен қатты қара суық және биік таудағы кислородтың жетіспеуінен көптеген адамдар өліп кетеді, Зайып та ауырудан қайтыс болады. Сонынан соң көшті біртұтас Елісхан басқарып, оңтүстікке қарай беттеп, жол бойы тибеттердің малдарын олжалап, олармен қақтығысып көшіп отырып, 1941 ж. жазында өліп-талып Тибеттің Али ауданынан Үндістанның бақылауындағы Кәшмир шекарасына жетеді. Үндістаның шекара әскерлері олардың қару-жарақтарын тапсырып алып, шекара өткелінен санап өткізгенде олардың жалпы саны 2039 адам ғана болған екен [2, 103-б.]. Бұл Цинхайдан қозғалғанда 5000-нан астам адамнан аман қалғандары. Олардың 2000-нан астамы жол бойы соғыста шейіт болды, тұтқындалды, бытырап кетіп адасып қалды немесе аштықтан, ауырудан өлді.

Англияның Үнді отарлық үкіметі бұл қазақтарды алғаш Ле қаласына жақын жердегі таулы өңірге орналастырып, төңірегін әскермен күзетеді. Қазақтар ұзақ уақыт ұн тамақ көрмегендіктен айдап барған малдарына жоғары бағада азық-түлікке алмастырып алады, тіпті, бір қойға бір қарма нан алып жеуге дейін барады. Көп өтпей жаңбыр мезгілі басталып, олардың шұрық тесік киіз үйлерінен су өтіп шіріп түседі. Олардың арасында оба ауруы тарап, бір мыңнан астам адамның жанын жалмап кетеді. Жергілікті үкімет оларға қайырымдылық көмек көрсетіп, астық, киім-кешек және уақытша жатын үйлермен қамдайды.

1947 ж. Англия үкіметі «Маунтбеттен жоспарын» жариялап, Үндістан мен Пәкістанды екі мемлекетке бөлді, сол жылы 14 тамызда Пәкістан дербестігін жариялады. Аталмыш Заң бойынша мұсылмандар Пәкістанға қарауға тиісті болды. Сонымен қазақтар Үндістаннан Пәкістанға барған босқындар саналып, Пәкістан үкіметінің көмегіне ие болды. Пәкістан үкіметі оларға үндістерден босап қалған үйлерді бөліп берді. Бірақ олардың тұрмысы адам айтқысыз ауыр жағдайда болды. Қазақтар шарасыздан уақытша еңбекке жалданып, майда сауда жасап күн көреді, тіпті, қайыршылықпен жан сақтағандары да болды.

1947 ж. Қытайда Компартия мен Гоминьдан партиясы қарулы күштері арасында сұрапыл соғыс жүріп жатты. Ал Шыңжанда түрлі саяси күштер арасында кескілескен саяси күрестер ушыға түсті. АҚШ Гоминьдан партиясының Компартияға, Кеңес Одағына қарсы күресін қолдады. Сонымен АҚШ-тың Үрімжідегі Бас консулының орынбасары Дуглас Маккарнен (Douglas Mackarnen) Оспанмен байланыс орнатып, оларды «Дінді қорғау, Компартияға, Кеңес Одағына қарсы» ұйым құрып көтеріліс жасауға үгіттеді. Бұл күреске Сауан ауданның әкімі Қалибек Хаким де тартылады. Өйткені ол да КСРО билігіне және оның Шынжаңға ықпал етуіне қарсы тұрған белсенді тұлға. Алайда Маккарнен қазақтардың бұл күресінің сәтсіз болатынын межелеп қойған. Сондықтан ол Оспанға: «Тибеттен Пәкістанға өткенде Тәжінұр деген жер бар, сен барлық қазақтарды бастап сол жерге бар, сол жерден сен АҚШ-тың көмегіне ие боласың» [2, 105-б.], – дейді. Бұл сөзді айтқан Макарненнің өзі Тибеттен Үндістанға өтер жолында тибеттердің қолынан өлді.

1949 ж. 1-қазанда Қытай Компартиясы жеңіске жетіп, Қытай Халық Республикасын (ҚХР) құрды. Шынжаңдағы Гоминьдан билігі компартияға тізе бүгіп бейбіт түрде берілді, саяси-әскери тұлғалары банктен алтын-күмістерді атқа артып, Үндістан арқылы Тайваньға тайып кетті. Қытай Компартиясының Халық Азаттық армиясы Шынжаңға келгенде оларға қарсылық көрсеткен негізгі күш Оспан мен Дәлелхан және Қалибек қатарлы аз ғана қазақтар болды. Сонымен Компартияның Халық Азаттық Армиясы оларды жаныштауға кірісіп, Оспан Ісламұлын Ганьсуда тұтқындады.

Ал Қалибек, Қамыза және Тәкімандар Сауан мен Наньшаньдағы бір бөлім қазақтарды бастап, шетелге бет алады. Осы оқиғаны бастан кешкен Қалибекұлы Хасан Оралтай: «1949 жылдың мамыр айының аяғында біз «Қалибек елі» Қаратаудан (Нансаннан) Қарашәрі аймағына қарасты Өри деген өзенге қарай көштік, бұл батыстағы сонау Еділ Жайықтан бері тұтасып жатқан іргелес Қазақ Елінен шығып, мүлдем жат жұрттарға қарай беттеуіміздің басталуы еді» [3, 94-б.], – деп жазды. Содан олар Көклік тауынан Такламакан шөлін басып, Лоп-Нор көліне барып дамылдап, одан Лоп-Нор өзенін құлдай көшіп, 1950 ж. ақпан айында Гаскөл деген жерге барып, онда отырған Құсайын Тәйжы бастаған топпен тоғысады. Одан олар 1951 ж. шілде айында малдарын айдап, қуғыншылармен соғыса жүріп Тибет жерімен Гималай тауынан асып Кәшмир жеріне өтеді. Құсайын Тәйжы бастаған жалпы 86 отбасы, 300-ден астам адам болса, Қалибек Хаким бастаған 174 кісі [3, 168-б.], – Үндістан шекарасынан аман өткен екен.

Қытайдағы қазақтардың, нақтылап айтқанда, Алтайдағы Абак Керей руларының (ішінде аздаған найман, уақ отбасылары да бар) атамекенінен үдере көшуі XX ғ, 30-жж. басында басталып, 50-жж. басында аяқтаған болды. Жиырма жылға созылған ала-сапыран ат үстіндегі арпалыста олардың үштен екі адамы мен малы шығынға ұшырады. Олардың бір бөлімі жансауғалап шетелге босып кетті.

Ал Ганьсу, Цинхай өлкесінде қалғандары Қытайда заманның өзгеруі мен биліктің ауысуына байланысты сол жерлерге орнықты. ҚХР үкіметі оларды өздері ауып барған Ганьсу, Цинхай жерлеріне тұрақтандырды. Солардың ұрпақтары қазіргі Ганьсу Ақсай қазақ автономиялы ауданындағы қазақтар.

Шетелге босып Кәшмирге өтіп дамылдаған қазақтардың тұрмысы өте аянышты халде болды. Аштық пен ауру, жоқшылық оларды қатты күйзелтті. Әрине, жергілікті үкімет пен тұрғындар, тіпті АҚШ пен Тайвань үкіметі де экономикалық жақтан оларға қайырымдылық жасады. Сол көштің бастаушыларының бірі Дәлелхан Жаңалтай өзінің мемуарлы еңбегінде: Үндістанға барған қазақтарға «Азат қытай жәрдемдесу қоғамы» бізден хал-ахуал сұрап тұрды. Алтай ішінде үш рет ақшалай жәрдем жіберді. Кісі басына бес америка доллары. Үндістан да бұрыннан жәрдем жіберді. Кісі басына бес америка доллары» [4, 12-б.], – деп жазды. Бірақ ондай жәрдемдермен олардың ес жиып етек жауып кетуі мүмкін емес-ті. Оның үстіне Кәшмирден өздерінің ұзақ болашағын елестетудің өзі қиын еді. Сонымен олар арғы тегі бір, тілі жақын, ділі ортақ Түркияға барып өмір сүруге шешім қабылдап, Түркия үкіметіне өтініш берді. 1953 ж. Түрік үкіметі олардың өтінішін қабылдайды. Сонымен Кәшмирдегі қазақтар жылдың соңына дейін Түркияға бірнеше топқа бөлініп көшіп барады. Ең соңғысы Дәлелхан Жаңалтай бастаған 95 адам 1969 ж. Түркияға жетті. Сол барған қазақтардың жалпы саны 3000-ға таяу болған екен.

Ол кездегі Түркияның әлеуметтік-экономикалық деңгейі Батыс елдеріне жетпесе де, Қытайдан әлде қайда көш ілгері болатын. Сондай-ақ олардың өнеркәсібі мен аграрлық саласы біршама дамыған жартылай индустриялды елге айналған кезі болатын. Түркия үкіметі көшіп барған қазақтарды алғаш Анкараның оңтүстігіндегі Анадолы үстірті өңіріне орналастырып, азаматыққа қабылдап, жер, тұрғын үй және тұрмыстық бұйымдар берді. Сондай-ақ оларға ерекше жеңілдік саясат қолданып, үш жылға оларды салықтан босатты және сүйемелдеу шараларын қолданды. Алғашқы 1953 ж. оларға егістік көлік, ұрық және ауылшаруашылық құралдарын жалға берді, екінші жылы тек жерге себетін ұрық беріп, қалғанын өздері шешуге бұйырды, үшінші жылы барлығын өздеріне міндеттеді. Сонымен қатар қазақтарды түркия қоғамына тезірік бейімдеу үшін, оларға түрік тілін үйренетін мектеп, кәсіптік техникалық курстар ашып, кілем тоқу, мақта мата тоқу, ағаш өңдеу сияқты қолөнер кәсіптерін үйретті. Сонымен олар егін шаруашылығымен қатар, мал шаруашылығы және қолөнер кәсіптерімен де шұғылданды. Сөйтіп олардың экономикалық тұрмыстары жыл өткен сайын жақсара түскен.

Осы тарихтың куәгері Арыстан қажы Шәдетұлы өзінің естелігінде: «Түркия елі ұзамай босқын елді өздерінің талаптарына қарай ауыл мен қалаға бөліп орналастырды. Мал мен

егістік жұмысымен шұғылданам дегендерді ауыл орындарына, сауда-саттықпен шұғылданам дегендерді қалаға орналастырды.

Сұлтаншәріп ауылы алғаш Зейтінбұрны деген жерге жайғасты. Ауылды мекен еткендерге Түркия үкіметі 15 гектар суармалы, 30 гектар шөлейіт жер бөліп берді. Жарым жылға жетпей олардың шаруашылығын ілгерлетуге өсімсіз жәрдем қаражат таратты. Мұндағы жиырма екі отбасы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып өндіріспен, мал шаруашылығын дамытуға трактор, комбайн сияқты өндіріс машина жабдықтарын сатып алып, өз жұмыстарына құлшына кірісті, маңдай терін төге, тебіне жұмыс істеген ауылдағы әрбір үй бірер жылда-ақ қорасына қой салып, қамбасын дәнге толтырды» [5, 58-б.], деген сөзі, тарихи шындық. Өйткен олар жаңа техникамен жұмыс істеуді бірден меңгерген-ді. Бұл жөнінде нақтылы деректер де келтіруге болады. XX ғ. 60-жж. Түркиядағы қазақ жастары егіншіліктен өнеркәсіп және саудамен айналысуға ойысады. 80-жж. олардың тек 25% ғана егін шаруашылығын негіз етіп, мал шаруашылығымен шұғылданады, 75% жеңіл өнеркәсіп және саудамен айналысады [2, 108-б.]. Бұл кезде қазақтардың әлеуметтік өмірінде үлкен прогрессивтік өзгерістер орын алды. Соның көрінісі ретінде қазақтардың үкіметтің қолдауымен өздері шоғырлы отырған өңірден «Алтай ауылын» және «Қазақ кентін» құрғанын және «Баркөл» фермасы – бірлесіп ашқан кәсіпорын, «Шен Түркістан» пластикалық фирмасы – ортақ үлес қосып ашқан пластика өндіретін кәсіпорын, «Түркістан» каучук және пластик фирмасын, «Ақжол» пластик кәсіпорнын, «Топлы» тері өңдеу кәсіпорны және Шеризат Доғру «Алаш» туристік қызмет көрсету компаниясын [4, 149–150-бб.] атап айтуға болады. Мұндай қәсіпорындармен өнеркәсіп өнімдерін өндірумен шұғылдануы Түркия қазақтарының индустриялды шаруашылықпен айналысқанын көрсетеді. Сондай-ақ бұл олардың жаңа мәдени ортада өнеркәсіп өркениетін қабылдағанын аңғартатын фактілер болып табылады.

Ал сауда-саттықпен айналысқан қазақтар негізінен өздері өндірген өнімдерді сату, көтерме сауда жасау және делдалдық қызмет көрсетумен шұғылданады. Олар сауданы Түркия көлемінде ғана емес, Франция, Германия, Италия, Тайвань, тіпті Америка елдеріне экспорт етеді, кейін-келе Ресеймен де сауда жасайтын болды.

Түркия қазақтарының әлеуметтік экономикалық жағдайының қысқа уақыт ішінде тез көтерілуін, Түркия үкіметінің оларға қолданған ерекше қамқорлық саясаты мен қазақтардың еңбекқорлығының нәтижесі. Сондай-ақ Түркия үкіметі қазақтарды экономикалық жақтан сүймелдеумен қатар, білім беру мен технологияға бейімдеу шараларын қолданғанының жемісі деуге болады.

Өйткені Түркияға көшіп барған қазақтардың басым көпшілігі сауатсыз болған. Бірақ үкімет олардың балаларына арнайы мектептер ашып түрік тілін үйретті, жүйелі білім берді, орта мектепте оларға ағылшын, француз және неміс тілдерін үйретті және техникалық мектептерде оқытты. Сонымен Түркия қазақтарының екінші, үшінші буын ұрпақтарының барлығы дегендей орта білім алып шықты, одан жоғары өрлеп оқығандары әртүрлі мамандық иелеріне айналды.

Түркияның халықаралық интеграциясының дамуына байланысты, ондағы қазақтар Еуропа елдеріне өріс жаюға мүмкіндік алды. XX ғ. 70–80 жж. Батыс Еуропа елдері Түркиямен еңбек күш келісім-шартына қол қойып, көптеген жұмысшылар қабылдады. Сонымен түркиялық біраз қазақтар да еңбек шарты бойынша Еуропа елдеріне қоныс аударды.

Еуропаға еңбек күш ретінде көшіп барған қазақтардың көбі Батыс Германияға қоныстады. Алғаш 600-дей адам барған, қазір олардың жан саны бір мыңнан асты, көбі Мюнхенде тұрады. Францияға шамаман 300 адам барған. Сонымен қатар Италияға, Швейцарияға біраз қазақтар барды. Осы барған қазақтардың ұрпақтары Еуропаның көптеген елдеріне барып тұрақтап тұрып, түрлі кәсіптермен шұғылдануда [6, 28-б.].

Жалпы алып айтқанда Еуропадағы қазақтардың барлығы дегендей ірі мегаполис қалаларда тұрады, әртүрлі индустриялық өндірістермен, қала экономикасымен шұғылданады. Индустрия өркениетін қабылдау және қалыптастыру белгілі бір ұлттық

өскендігін көрсетеді. Бірақ оның да кемшін тұстары жоқ емес. Индустрия өркениетін игерген жас елдегі азшылық топ өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтарынан айырылып қалады. Өйткені оларда тілдік және қазақы мәдени орта болмағандықтан соңғы ұрпақтарында ата-анасынан қабылдаған өздерін «қазақпыз» деген танымы ғана бар демесе, басқа жақтардан ассимилияциялану үдерісінде кетіп бара жатқаны жасырын емес. Мұндай процесс Түркиядағы қазақтарда да жүріп жатқаны белгілі. Әрине, бұл олардың қалауы емес, еркінен тыс болып отырған жағдай. Қазақстаннан тыс жерлерде қазақы болмысты, құндылықтарды сақтау ұзаққа бармайтын анық. Бұл ащы да болса ақиқат. Сондықтан талғам жасау әр қазақтың өз қолында. Сондайда тамшы суды көлге қосқанда қана сақталатын заңдылықты ескерген жөн болар.

Әдебиеттер

1. Ше Гоши, Ван Шипин. Ганьсу қазақтары тарихы очеркі (谢国西，王锡萍主编。甘肃哈萨克族史话). Ланчжоу: Ганьсу мәдениет баспасы, 2009.
2. Ли Дэхуа. Шетелге қоныстанған шынжаңдықтар (李德华。移居国外的新疆人). Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 2013.
3. Оралтай, Хасан. Елімай-лап өткен өмір. Ыстанбұл, 1999.
4. Жаналтай, Дәлелхан. Қилы заман – қиын күндер. Алматы, 2000.
5. Жұмабайұлы, Байахмет. Жетпістің желкесінде (ХХ ғасырдағы тарихи зобалаңның куәгері, Алаш азаматы Арыстан қажы Шәдетұлы Зуқа батыр немересінің ғұмырбаяны). Алматы, 2006.
6. Вань Чилун, Ван Чжинго. Қазақ трансұлттар әлеуметтік мәдениетін салыстырмалы зерттеу (王希隆，汪金国。哈萨克跨国民族社会文化比较研究). Бейжің: Ұлттар баспасы, 2004.

«МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫ» АТТЫ ЕКІНШІ СИМПОЗИУМЫ

ВТОРОЙ СИМПОЗИУМ «КАЗАХИ МОНГОЛИИ»

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШӨП ДАЙЫНДАУ ТӘСІЛДЕРІ*

Әшімов Б.А.

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы

1950 ж. Моңғолия елінде өндірістік науқанды жұмыстар атқарыла бастады. Осыған байланысты Моңғолияның батыс аймақтарынан, әсіресе, Баян-Өлгий өңірінен жаңадан құрылып жатқан шахта, руда өндірісінің жұмыстарына Орталық Моңғолия аймағына қоныстанды. Баян-Өлгийден Налайх көмір шахтасына төрт рет (1942, 1947, 1951, 1957), Шарынголға екі рет (1962, 1968), Бэрх рудасына екі рет (1957, 1961), Хажуланға бір рет, Чоноголға көмір қазуға бір рет (1952), Эрдэнэтте мыс қазуға екі рет (1978, 1982) жұмыс күштері тартылды және көптеген қазақ ауылдары егістік жағалап, басқадай өлкедегі шаруашылықтарға Орталық Моңғолия аймағына қоныс аударды [1, 204–205-бб.]. Алғашқы уақытта жолдама бойынша қоныстанып келгендердің жағдайлары төмен отбасылар және жастар болды [2]. Аталмыш өндіріс салаларында қазақтардың көпшілігі қара жұмыстар атқарды, бірақ адал, әрі шыдамдылық танытқандары үшін моңғол арасында қазақтар «Хасгууд хөдөлмөрч» (қазақтар еңбекқұмар халық) – деген жылы ниет қалыптасқан болатын. Мәселен, 1992 ж. дейін 14 қазақ еңбек ері, 12 қазақ әр салада еңбек сіңірген қайраткер, 808 қазақ орден, медальдар алды. Оның ішінде 16 қазақ үкіметтің ең жоғарғы сыйлығы – Сухэбатор ордендеріне ие болды [1, 204–205-бб.]. 1990 ж. кейін өндіріс жұмыстарының жекешелендірілуі, апатты жағдайлардың орын алуы салдарынан өндіріс жұмыстары тоқтап қалды. Мәселен, 1990 ж. 7-желтоқсанда Налайх көмір шахтасында апатты жағдай орын алып, 21 адам өлген, оның бесеуі қазақ еді. Мұндай жағдайлар басқа да өндіріс орындарында белең алды. Осындай жағдайларға байланысты өндіріс жұмысшыларының көпшілігі тау-қыраттарға мал шаруашылығымен айналысуға көшкен. Бүгінде олар көшпенділер мәдениетіне тән дәстүрлі мал шаруашылығын қолға алып, ата кәсіптерін дамытып отыр.

Қазақ халқы ежелден көшпелі мал шаруашылығы болғандықтан, географиялық аймақтық ерекшеліктеріне орай шөп дайындау ісімен ертеден-ақ айналысып келеді. Алайда, Моңғолия қазақтары малдарын семіздік пен қоңдылық күйін сақтау үшін, табиғи жайылым арқылы қыстан аман шығаратын болған. Тек жұтаған малына қураған шөптерді орып берген. Қураған шөптерді «сары шөп» «сұлама» деп атайды. Малдың жем-шөбін жастайынан шаппаған, яғни, «көктей орылады» деп көктей шөпке тиіспеген-ді [4, 101–102-бб.]. Аздаған шөпті тек қыстаулар маңынан дайындаған [3, с. 395]. Алайда, XIX ғ. соңына қарай Ресеймен сауда байланыстарының нәтижесінде шаруашылыққа қажетті шөп шабатын шалғыларды сатып ала бастаған, шөпті шабудың әдіс-тәсілдерін де орыстардан үйренгенді. Сонымен қатар, малға арнайы қора салу, малдың түрлі ауруларына қарсы егудің де жаңашылдығы кіріге бастағанды [5, с. 76; 10, с. 110].

---

* Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Этнология және антропология бөлімінің меңгерушісі С.Е. Әжіғалидің басшылығымен бөлімнің қызметкерлері 2001–2008 жж. аралығында, 2010 ж. Моңғолияда кешенді этнографиялық-этноархеологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазақтардың қазіргі кезеңдегі мәселелері, тарихы мен мәдениеті, ескерткіштері жан-жақты зерттеліп, қазақтың мәдениетіне тән этнографиялық мағлұматтармен толығуда. Осыған орай, 2013 ж. 24-шілдесінен 5-қыркүйек аралығында Моңғолияда кешенді этнографиялық-этноархеологиялық экспедициясы қайта жалғасып, Орталық Моңғолия аймағында жүргізілген экспедиция барысында, автордың ел арасынан жинаған материалдары мақалаға арқау болып отыр.

Моңғолия елінде 1930–1990 жж. аралығында болған саяси-экономикалық өзгерістер, ауыл шаруашылығындағы реформалар, дәстүрлі мал шаруашылығының негізі өзгерістерге ұшырады. Бұл жағдайлар Моңғолия қазақтарына да әсер етті. Мысалы, мал шаруашылығында қысқа мал азығы, яғни, шөп дайындау жаппай науқанды жұмыстардың біріне айнала бастады.

Мәселен, шөп жинау жұмыстары Моңғолияда ұжымдастыру кезінде аздап қалыптасты. 1930 ж. ауыл шаруашылығында бесжылдық жоспарлар бекітіліп, мал шаруашылығында бірлестіктер, ұжымдастырулар басталды, ауыл шаруашылығында аздап болса да өзгерістер болды, қазақтар арасында жем-шөп дайындау, қора салу сияқты көріністер қарқын ала бастады [6, 75-б.]. Бұл кездері көпшілік жағдайда мал азығына арнап науқанды шөп шабу деген ұғым жоққа тән еді. Әсіресе, көп ауылдарда шабындық жерлер болмайтынды. Тек, Бұлғын, Қобда өзендерінің бойынан ел күзде шөп шауып алады, шабылған шөпті көк қалпында жинап, қыста қолда тұрған жылқыларға көк шөп беретінді. Мал төлдеген кезде қар астындағы сары шөпті қолмен жұлып, ортасынан буып, қозы-лақтың тұсына салбыратып байлап қоятын болған [9, 19-б.]. 1955 ж. бастап малға жем дайындау, шөп жинау жұмыстары науқанды жұмыс ретінде іске асты [7, 141-б.]. Осы жылдардан бастап үкімет тарапынан арнайы шөп дайындау жұмыстарына науқанды күш салынды. Олар шалғымен шабуды, оны шыңдауды, қайрауды, шалғыны саптауды, кіндік салуды үйренді. Мұны жергілікті халық арасында: «Мына үкімет малдың түгін алып құртып еді, енді жердің құдай жаратқан қыртысын қырып, шөбін қиды, келешекте шөптің киесі атпай қоймас» – деген ырым сөздермен наразы да болды, бірақ аталмыш үкімет мал азығын дайындау мақсатында малшылар күзде науқанды шөп шабу жұмыстарына кірісетін. Шөпті арнайы алаңдарда қоршап, малдан қорып, күзетші қойып, күзде малшылар шөп шабатын болды. Шөпшілерге арнайы шатырлар тігіліп, азыққа қой-қошқарлар (ешкілер – *Б.Ә.*) сойылып, шөп шабатын топтар, күпәналайтын топтар, маялайтын топтар деп, жеке-жеке еңбектік ұжымдар ұйымдастырылып атқарылатын еді. Күндік меже белгіленіп, озғандарға ынталандыру сыйлықтары да берілетін. Шөп шабылып, күпәналанып, маяланып шөп қашаға түскеннен кейін шөпшілер арасында шағын мереке ұйымдастырылатын болған [4, 101–102-бб.].

Қазіргі кезде де Орталық Моңғолия қазақтарының малшыларының өз қыстауы мен жайлауы бар, өздеріне тиесілі шабындық жерлерінен шөп шауып алады. Сондықтан да, мал шаруашылығымен айналысқан Орталық Моңғолия қазақтары жартылай отырықшы, жартылай көшпенді өмір сүреді. Мұнда қазақ малшылары жылдың төрт мезгілінде де көшіп жүреді. Жылдың төрт мезгіліне сай жайлау, күзеу, қыстау, көктеу (төлдету) тұрақтары белгіленген. Осы себепті малдары жылдың барлық уақытында жайылымда жүреді және қысқа көп шөп дайындамайды. Тек қыста жұтаған малға, сауынды сиырларға және бір-екі міністі аттарына шөп шауып алады. Шөпті қыстаулар маңынан дайындайды. Себебі, қыстаулардың шөбін көктету мақсатында мамыр айларында қой қоздадатын көктеуге көшіп, қараша айында қыстауларына қайта тұрақтайды. Сонда, бұл жердің шөбі биік, шабуға жайлы, шүйгінді болып тұрады. Бұл жағдайда тамыз айының ортасынан бастап жайлаудағы әрбір малшының үйінен екі-үш адам қыстаудағы шабындық жерлеріне шөп шабуға жіберіледі. Бұлар шөпті балауса кезінде қуратпай шауып алады [2].

Жердің табиғи жағдайындағы ерекшеліктеріне байланысты кейбір сұмындардың малшылары шөпті шалғымен шабады. Шалғымен шабу әдісін Моңғолия қазақтары «тартпамен тарту» деп атайды. Шалғының тиімділігі шабылған шөп өзінен-өзі жал-жал болып жығылып отырады. 2–3 күн жатып кепкеннен кейін жинап, шөмеле жасайды. Он шөмелені бір жерге жиып шошақ жасайды. Ал, Моңғолия қазақтары жиылған шошақ шөпті «күпәна» деп атайды. Жиналған шошақты шөп таситын машиналармен апарып, шөп арандарға (шөп жинайтын қора – *Б.Ә.*) маялайды. Маяланған шөптен су өтпейді, сондықтан шөп арандардың үсті шатырсыз болады, тек жан-жағы қоршалады [2]. 2008 ж. дейін шөпті түйеге артып тасу жиі кездескен. Себебі, жанармайдың қымбатшылығына байланысты жақын қашықтықтарға түйеге шөп артып тасу кең қолданылған. Онда түйеге арнайы белдік салып, тарту арқанымен бекітеді. Белдік үстіне, шөпті ыңғайына қарай оң жағынан молдау

етіп салады да, сол жағына да мөлшермен салып, екі теңді жерден көтерілгенше тартып байлап, түйенің алдыңғы және артқы жағына тағы да шөп салып, оны тарту арқанның қалған ұшымен алды-артынан байлайды, сонда түйенің басы ғана қылтиып төрт аяғы ғана көрініп тұрады [8, с. 22–23]. Бірақ, біздің экспедиция жұмыстарымыз барысында түйемен шөп артып тасу кездеспеді, тек Қытайдың соңғы жылдары шыққан техникаларын пайдалануда.

Бұл шалғымен шабу әдісі соңғы жылдары қолданыстан шығып барады. Оның орнына техника күшін (шөп шабатын арнайы машина) пайдалануда. 2006 ж. бері Қытайдың шөп шабатын машинасы көп қолданысқа ие. Мұны Моңғолия қазақтары «пат-пат» деп атайды. Алайда, таулы аймақтарда, тоғайлы өлкелерде және кейбір шабындық жерлерде техника жүре алмайтын жағдайда, шалғымен шабу әдісі пайдаланылады. Мәселен, Төв аймағы Ерден сұмыны Қарстай жайлауының малшысы Көпжасар Сақсайбайқызы шөпті өздерінің шабындықтарынан шалғымен шауып алады. Себебі, шабындықтары тоғайлы жерлерде орналасқандықтан техника жүре алмайды. Дегенмен, бұл шалғымен шабу әдісі біршама сұмындардың қазақ малшыларында әлі де қолданысқа ие. Мәселен, Ерден сұмынының малшысы Кассира Баянбайқызы өз шабындық жерлерінен шөпті шалғымен шауып алады. Сонымен қатар, Угтаалцайдам сұмыны, Раңотты ауылының малшылары Тілеуберді Ислямханұлы, Жамалхан Құрманханұлы, Мұқыргоол ауыл малшылары Бекбайұлы Зұлқарнай, Боқай Зияқұмарұлы, Әбдіхалық Нығметұлы, Шандығын малшысы Санатқан Самырханқызы, Налайх маңайындағы ауыл малшысы Шоқырбай Әжірханұлы, Ерден сұмынының малшысы Бекбатыр Жакулаұлы және т.б. малшы қазақтар өз шабындықтарынан қысқы аздаған шөпті шалғымен дайындайды [2].

Моңғолия қазақтарында шабындық жерді «шаппа алаңы» немесе «шаппа жер», – деп атайды. Шабындық жерлер қатты қорғалады. Шөп шабатын шабындық жерлерді әр жеке малшыға жергілікті сұмын әкімшілігі жауапты етіп берген. Әрбір жеке малшы кез-келген сұмындарда мал жаймайды және бөтен малшының шабындығынан шөп шаппайды. Егер де, басқа сұмыннан шөп шауып алатын болса, оған арнайы сол сұмын әкімінің рұқсаты керек. Онда 1 т. шөп үшін 2500 төгр. (қаз. ақшасымен 250 теңге – *Б.Ә.*), ал 1 машина шөп үшін 10000 төгр. (қаз. ақшасымен 1000 теңге – *Б.Ә.*) төлейді. Сондай-ақ, кейбір аймақтарда егінді жерлердің көп болуы, малшылардың кейбірінде шабындықтарының болмауына байланысты, жергілікті сұмын әкімшілігінен таулы жерлерден шөп шабуға рұқсат алады. Алайда, әр сұмын әкімшілігі малшыларға шөп шабуға жылына бір рет рұқсат қағазы беріліп отырады [2].

Шөпті қыстаулардағы шабындықтарынан шауып алуымен қатар, басқа да шөп түрлерін шалғайдан алып келеді. Соның бірі «сор шөп» деп аталады. Бұл шөп түрін қыста мал тоңбас үшін беріледі. Оған арнайы дайындықпен бір күн жол жүреді. Сор шөпке суық түскен уақытта барады. Себебі, суықта жақсы өседі. Ол шөпті күрекпен қырып алып, күрекпен артады. Сондай-ақ, қыста сауынды малдарға «шақпа» (шөптің түрі), ермен шөптерінде пайдаланады. Ол шөптерді майдалап турап, жемге араластырып береді. Қысқа дайындалған шөптер артылған жағдайда, оны төлдетуге (көктеуге) апарады [2].

Кейде шөптердің де мал ауруына алып келетін түрлері бар. Мысалы, ақжусан шөбі – оны мал жеген жағдайда желіні үлкейеді, оның төлі сүтін тауыса алмай тояттап, төл тышқақтай бастайды. Оған арнайы өсіп тұрған дәрі шөптерді күзгі уақытта теріп, оны үгіткен соң қайнатып береді. Осыдан кейін тышқақ ауруынан жазылады [2].

Сонымен, Орталық Моңғолия қазақтарында шөп жинау жұмыстарында шалғымен шабу әдісі әлі де қолданысқа ие. Мұнымен қатар шөп жинауға арнайы машиналар Моңғолияның барлық аймағында қолданылады. Алайда, мал шаруашылығындағы мәдени-шаруашылық жағдайына қажетті құрал-саймандар және олармен атқарылатын жұмыстар қазірде біраз өзгеріске ұшыраганымен, әлі де қазақ этномәдениетінің шаруашылық түрлерінің дәстүрлі сабақтастығын айқындауға толықтай негіздер бар.

Моңғолия қазақтарының көшпенділерге тән дәстүрлі мал шаруашылығы және оның атқарылатын жұмыстары әлі де қаймағы бұзылмаған. Дегенмен, егін шаруашылығының ұлғаюы, мал жайылымдары мен көш жолдары біраз өзгеріске ұшыраған. Олардың жыл

мезгіліне орай тұрақтары да мемлекет тарапынан белгіленеді. Сол себепті, әр малшының көш жолдарының әр тоқсанға қарай тұрақтары және көш жолдарының арақашықтығы әр түрлі. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар мал бағу, шөп шабу және басқа да жұмыстар атқару мақсатында қала орталықтарынан адамдарға ақы төлеп жалдайтыны да кездеседі. Себебі, кейбір қала орталықтарында жұмыссыздық басым. Бұл жағдайды ескерген мемлекет малшыларға (моңғолға да, қазаққа да) арнайы көмек және жеңілдіктер жасаған. Мәселен, осы жылдан бастап әрбір малшыға «малшы» деген маман куәлігі берілген. Бұл жағдайда, мал саудасы барысында сатқан малшының өз мөрі болады. Сонымен қатар, мал шаруашылығында суаттар мәселесі тұр. Бұл мәселеде, Қытайдан және басқа да шетелдік компаниялар, кен орындарын пайдалану барысында экологиялық мәселелерді қадағаламауы нәтижесінде өзен, көлдер ластануда. Сондай-ақ, демалыс жерлердің көбеюі салдарынан құдық қазу ұлғайды. Тек, Толы өзенінің жағалауында 38 құдық қазылған. Бұл су деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғатыны белгілі. Бұл жағдайлар мал шаруашылығымен қатар экологияға да кері әсерін тигізеді. Сондықтан, мемлекет тарапынан малшыларға құдық қазу жолдары бекітілген. Мәселен, құдық қазу үшін әр сұмын әкімдігінің рұқсаты керек. Құдықтың тереңдігі 5–6 м болуы шарт. Қазылған құдықты бірнеше ауыл бірігіп пайдаланады. Алайда, Моңғолия қазақтарының мал шаруашылығы және оның атқарылатын жұмыстары бүгінде біраз өзгеріске ұшырағанымен, бұрынғы атам замандағыдай дәстүрлі әдістермен дайындалуда.

(Мақалада 16–19-суреттер қосымшада берілген)

Әдебиеттер және деректер

1. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. Алматы, 2001.
2. АӨЖМ – Моңғолия кешенді этнографиялық-этноархеологиялық экспедициясы, 2013 ж.
3. Сапожников В.В. Монгольский Алтай в истоках Иртыша и Кобдо // Путешествия 1905–1909 гг. Томск, 1911.
4. Кәмалашұлы Б. Моңғолиядағы қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы (XIX ғ. соңғы жартысы – XX ғ.) / тарих ғыл. докторлық дисс. Алматы, 1997.
5. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. СПб., 1881. Вып.1.
6. Қозғанбаева Г.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы: тарихы, бүгіні мен ертеңі. / тарих ғыл. канд. дисс. Түркістан, 1999.
7. Мухамадиұлы Х. Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы. // тарих ғыл. докторлық дисс. Алматы, 2000.
8. Тоқтабай А.У. Орудия труда, средства транспорта. // Казахи: традиционный этническая культура. Отчет о научно-исследовательской работе за 2006–2008 гг. (сост. Мажитов С.М., Ажигали С.Е.). Алматы, 2009.
9. Орынбайұлы Қ. Моңғолиядағы тайлақ руының тарихы, шежіресі. Улаанбаатар, 2002.
10. Жуковская Н.Л. Этнографические исследования в МНР (некоторые итоги и перспективы советско-монгольской историко-культурной экспедиции) // СЭ. 1972. № 5.

МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ТҮРІК ТЕКТЕС ЭТНОСТАР ЖАЙЫНДА*

Базылхан Н.

ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы

Зерттелу тарихына қысқаша шолу. Қазіргі Моңғолияда өмір сүріп жатқан түрік тектес этностардың зерттелу тарихы, сонау XIX ғ. орта тұсынан басталады. Онда ресейлік зерттеушілер Г.Н. Потанин [1, с. 653–710], Б.Я. Владимирцов [2, с. 265–277], А.Н. Самойлович [3, с. 278–290], Г.Е. Грумм-Гржимайло [4, с. 409–418], А.В. Бурдуковты [5, с. 310–330] ерекше атауға болады.

Сонымен қатар, Моңғолия мемлекетінің премьер-министрі Л. Элдэв-Очирдың 1930 жылғы Моңғолиядағы ұлт, ұлыстар туралы қысқаша саяси баяндамасы мен ғалым Жамсрангийн Цэвээннің 1934 ж. жариялаған қазақ, тыва, хотондар туралы мақаласын [6, 62–70 х.] атауға болады. Шығыстанушы В.В. Бартольд хотондар туралы кезінде қысқаша анықтама жазды [7, с. 553–554].

Моңғолиядағы қазақтарға қатысты зерттеулер 1960 жылдан ұлттық кадрлар тарапынан, қазақтардың тарихына, тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне және басқа салаларға байланысты зерттеулері жариялана басталды. Бұрын-соңды зерттелмеген тың тақырыптарды қамтыған бірсыпыра ғылыми әрі ғылыми-танымдық еңбектер жарыққа шыға бастады. Олардың ішінде 1960 ж. Өлгий баспаханасынан жарыққа шыққан Ә. Міниіс, А. Сарайдың «Моңғолия Халық Республикасы. Баян-Өлгий аймағы қазақ халқының тарихынан» [8, 1–60-бб.], А. Сарайдың «Баян-Өлгий қазақтары тарихының кейбір мәселелері» [9, 1–97-бб.], И. Қабышұлының «Керейлер керуені» [10, 10–150-бб.] және «Моңғолия қазақтарының тарихы» [11, 55–90-бб.] атты еңбектерін атауға болады. Бұл зерттеулерде тұңғыш рет Моңғолиядағы қазақтардың тарихы мүмкіндігінше сипатталынып талданған. Сонымен қатар, Моңғолияда мекен ететін түрік тектес этностардан қазақ, тыва, хотон жайлы этнографиялық зерттеулерден Х. Нямбуудың «Моңғол этнографиясына кіріспе» [12, 95–110 х.], «Моңғол этносы» [13, 49–55 х.] атты этнологиялық алғашқы зерттеулер де жарияланды.

Моңғолия қазақтарының тіліне, фольклорына, әдебиетіне қатысты Б. Базылханның «Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы (қысқаша курс)» [14, 1–15-бб.], «Моңғолиядағы қазақтардың тілі» [15], Қ. Қалиасқарұлының «Моңғолия қазақтарының әдебиеті (қысқаша тарихи очерк)» [16] атты іргелі ғылыми зерттеулерінде жаңа тың деректер қамтылды.

Дәстүрлі қазақ этнографиясына қатысты Н. Халелдің «Ұлттық мирас, ата мұра» [17], Б. Кәмалашұлының «Моңғолиядағы қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы (XIX ғ. соңғы жылдары – XX ғ.)» [18], «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» [19], Р. Шынайдың «Моңғолия қазақтарының ата тек шежіресі» [20], М. Құрметханұлының «Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы» [21] атты сүбелі еңбектерінде этнографиялық ерекшеліктерінің сан-қилы болмыс-бітімдері, этникалық тарихтың кейбір күңгірт жайыттары мейлінше талданып, сипатталынды.

Моңғолиядағы тыва, «цаатан-тыва», хотондар жайлы С. Бадамхатан Хөвсгөл көлінде мекендеген тывалар жайында арнайы зерттеу жүргізіп «Хөвсгөлийн цаатан ардын аж байдлын тойм» [22] атты еңбегін, Увс аймағындағы хотондар туралы «Увс аймгийн хотон ястан» деген зерттеулерін [23] жариялады.

---

* Бұл ғылыми мақала, Халықаралық Түркі академиясының «Түркі кеңістігі жаһандану жағдайында: саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени үдерістер» бағдарлама (БФ.0614) аясында 2014 жылы жүзеге асқан «Моңғолиядағы түркі тектес этностар: тарихи-деректанулық зерттеулер» ғылыми зерттеу жұмыстарының қысқаша түйіні ретінде беріліп отыр. Аталмыш жобаның іске асуына жан-жақты көмегін көрсеткен Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі мырзаға ерекше алғысымызды білдіреміз.

Хотондардың этникалық тарихына қатысты мәселелер төңірегінде А. Очир «Моңғолиядағы ойраттардың қысқаша тарихы» [24, 78–79 х.], Мағауия Сұлтанұлының «Хотын туралы бірер сөз» [25, 5–6-бб.] атты еңбектері жарияланды.

Сондай-ақ, Моңғолиядағы тывалардың материалдық, рухани мәдениетіне байланысты «Моңғолия этнографиясы» сериясының «Моңғол, түрік, манжұр этнографиясы» атты 3-томында Л. Жамсран, Г. Золбаяр, С. Бадамхатан, Г. Цэрэнханд, Т. Дисан, Д. Тангад Г. Гантогтох сынды зерттеушілер кеңінен талдады [26, 115–135 х.].

Моңғолиядағы түрік тектес этностар туралы антропологиялық зерттеулер тек ғана қазақтарға жүргізілген болатын. Ал, тывалар, хотондар, ноғайлар, сарттарға мүлдем жүргізілмеген. Осы ретте ерекше екшеп айтарымыз О. Смағұлұлы, К. Бекетайқызы, А. Оразаққызының «Алтай қазақтары: тарихи-антропологиялық зерттеу» атты іргелі ғылыми зерттеулері. Бұл бұрын-соңды жүргізілмеген тың тақырып әрі қазір де өзекті мәселелердің бірі. Мұнда, Алтай тауының айналасында мекен еткен қазақтардың антропологиясы толықтай ескеріліп, Моңғолиядағы қазақтардың антропологиялық кескін-келбеті кешенді түрде сипатталынып талданған [27].

Моңғолиядағы қазақтардың диаспорасы мәселелері, көшу-қону үрдістері тұрғысынан Г.М. Мендикулова [28], С. Баттулга [29], Г.Б. Қозғамбаева, А.Б. Қалыш [30], З. Қинаятұлы [31] сынды зерттеушілер бірсыпыра зерттеулер жүргізді.

Сонымен қатар, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағының табиғи экожүйесі, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, тарихи ескерткіштері мен мәдениеті жайында Баян-Өлгий аймағындағы Қоғамдық экономикалық зерттеу орталығы тарапынан жарияланған ұйымдық зерттеулерден «Моңғол Алтай тауының экожүйесі, ежелгі тарихи мәдени ескерткіштері» [32], Х. Отгон «Хотон угсаатан (Хотон этносы)» [34] , «Моңғолия қазақтануы» [35], «Тува: түүх, хэл, соел (Тывалар: тарих, тіл, мәдениеті)» [36], «Баян-Өлгий аймағындағы ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті» [33], «Баян-Өлгий аймағының энциклопедиясы» [37] атты бірсыпыра сүбелі зерттеулер жарияланды.

Сөйтіп, Моңғолиядағы түрік тектес этностардан қазақ, тыва, хотон жайлы зерттеулер баршылық. Ал, ноғайлар жайында мәліметтер мен зерттеулер олардың санының аздығына байланысты тіптен жүргізілмеген. Олар қазақтардың санатында қарастырылып келген.

Түрік тектес этностардың санағы, таралым аумақтары. Қазіргі Моңғолия жерінде түрік тектес халықтардан қазақ, хотон, тыва, «цаатан-тыва», ноғай («татар») деген этнос топтары өмір сүріп келеді.

Түрік тектес этностары, олардың ішінде, қазақтар негізінен Баян-Өлгий аймағында тұтастай (90,1%) шоғырланған, сонымен қатар Моңғолияның Увс, Ховд, Завхан, Говь-Алтай, Хөвсгөл, Арханғай, Өвөрханғай, Баян-хонгор, Булган, Орхон, Дархан-уул, Сэлэнгэ, Төв, Хэнтий, Дорнод, Дундговь, Өмнөговь, Дорноговь, Батсүмбэр, Дундговь, Сүхбаатар аймақтарының орталықтары мен кейбір сұмындарында және Уланбатор, Эрдэнэт, Дархан қалаларында кездеседі.

Ал, тывалар Баян-Өлгий аймағының Цэнгэл сұмыны, Ховд аймағының Буят сұмыны, Ховд қаласы, Хөвсгөл аймағының Цагаан-нуур сұмындарында өмір сүреді. Хотондар қазіргі Моңғолияның Увс аймағының Тариалан сұмынында шоғырланған, сонымен қоса Улаангом, Наранбулаг сұмындарында,Уланбатор қаласында өмір сүреді.

Моңғолияның 2010 ж. халық санағы бойынша 2 631 117 азаматтың, халқа – 2 168 141 (82,4%), қазақ – 101 526 (3,9%) (ноғайлар қазақтар санатында есептелінген), хотон – 11 304 (0,4%), тыва – 5 169 (0,2%) болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, Моңғолиядағы түрік тектес этностар жалпы халық санының 4,6% құрап тұр. Осы ретте «цаатан» деп аталатын (бұғышы тывалықтар) этностың саны – 2820.

Түрік тектес этностарының құрамында қазақтың Абақ Керей, Арғын, Найман, Төре, Қожа ру-тайпаларымен қатар ноғай, сарттар (қазіргі ұйғырлар) қазақ тілінде сөйлеседі. Ал, тывалар тыва тілінде, қазіргі хотондардың дені өз ана тілін ұмытқан және моңғол тілінің дөрвөт диалектісінде сөйлеседі.

Түрік тектес этностардың ру-тайпалық құрамы. Моңғолиядағы қазақтардың 99,5% Орта жүздің Абақ керейлері, сонымен қатар Арғын, Найманның (Қаракерей, Бура) саны аз ауылдары бар. Және де, ноғайлар да аз ғана ауыл саналады.

Жалпы, қазақ дәстүрлі шежіресі бойынша Абақ керейлер жәдік, жәнтекей, шеруші, қарақас, молқы, ителі, жастабан, сарыбас, шұбарайғыр, көнсадақ, меркіт, шимойын деген 12 рудан құрылады.

Тывалар Ак соян (Цагаан соен), Кара соян (Хар соён), Кызыл соян (Улаан соён) немесе Хөх мончоог деген үш руға бөлінеді. *Ақ соян (*цагаан соён) ішінде агбан, сарыглар, оюн, делег, бургууд, тос кириш, газак деген рулар болды. *Кара соян* құрамында кара сал, кара төш, шанагаш, хойт, делег онгы деген рулар болған. *Хөх мончоог құрамында* Улуг иргит сұмын, Шунгуур иргит сұмын, Хөег сұмын, Чаг тыва сұмындар (сұмын – моңғолша әкімшілік бөліс атауы) болды.

Хотондар өздерінің ата-тектерін былайша тарқатады. Онда: Шаавай элкэн, Хольдок элкэн, Бурд элкэн, Шалбаг элкэн, Оготор элкэн, Хасан элкэн, Хочгэлд элкэн. Г.Н. Потаниннің 1877 ж. белгілеулері бойынша Моңғолиядағы хотондар Аджу-Құрман, Бурут, Жуппар, Өзбек, Ильба, Жас Хасыл аталатын 7 элкэннен (атадан, ілкі рудан) тұрады. 1911 ж. Б.Я. Владимирцов дерегінде басқа үш элкэнннің орнын Шанбек, Худайберди, Шаавай алмастырса, кейбір этнонимдер моңғолданып Өзбек-Отогор, Жас-Зачиг, Ильбя-Хольдог аталған.

Хотондардың этникалық құрамы хотон, ұйғыр, қазақ, қырғыз және алтайлықтардан қалыптасқан болса керек. Моңғолиядағы хотондардың шығу төркіні хотондықтармен, ұйғырлармен және қазақтармен етене байланысты. Хотон тілі туралы деректерге сүйенсек, олардың тілінде туыстық атаулары, киім-кешек, гені, шаруашылық және басқа тұрмыстық атаулары, сан есімдер мен күнделікті кең қолданыстағы етістіктер түркі тілдеріне (қазақ және ұйғыр тілдеріне) ұқсастықтары байқалады. Наным-сенімге қатысты лексикаларында көне түріктік (йер-суб жер және араб-парсы кірме сөздері (Құдай, Худая, Құран сүрелері) де баршылық. Алайда, екі ғасыр бойындағы оқшаулану үрдісі оларды моңғолдануына қатты әсер етті және қазір олар ойраттың (батыс моңғолиялық) дөрбөт диалектикасында сөйлейді.

«Моңғолиядағы түрік тектес этностар: тарихи-деректанулық зерттеулер» Жоба аясында (2014 жылы) қазіргі Моңғолияда мекен еткен түрік тектес этностар туралы негізгі ғылыми әдебиеттер мен тарихи деректер, архивтік құжаттар, аймақтық өлкетану музейінің материалдары, алуан түрлі музейлік экспонаттар мен далалық тұрмыстық артекфактілері мүмкіндігінше жинастырылды.

Моңғолиядағы түрік этностардың дәстүрлі этнографиялық болмысындағы басты-басты ерекшеліктері сипатталынды. Тілдік ерекшеліктеріне қатысты кейбір материалдар талданды. Түрік этностарға байланысты ауызша және жазбаша тарихи дереккөздері жинастырылып, ру-тайпалық құрамы, кейбір шежірелері зерделенді.

Жобаның тағы бір ғылыми олжалы жетістігі Халықаралық Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясының бірлескен экспедициясы тарапынан (2014 ж. 8-қыркүйек – 2-қазан аралығы) біршама мол тарихи-деректанулық материалдар жинастырылды. Онда қазақтарға, тываларға, хотондарға байланысты тың тарихи деректер мен сызба суреттер, фотосуреттер сынды материалдар бар, олар ғылыми жүйеленді, бірізді етіліп талданды.

Моңғолиядағы түрік тектес этностардың таралым аумақтарын айқындалды, оның этнокартасы дайындалды. Түрік тектес ру-тайпалардың жалпы құрамы анықталды, олар салыстырыла зерттелді.

Қорытындылай келе, біріншіден, қазіргі Моңғолияда түрік тектес қазақ, тыва, хотон, ноғай сынды бес этнос мекендеп өмір сүріп келеді. Бұларға қаз: «сарт», моң: чантуу деп аталатын «ұйғыр» тілдес этникалық шағын топты қосуға болады. Түрік тектес этностардың ішінде саны көбі қазақтар. Жалпы, түрік тектестердің адам саны барлығы – 120 379 (Моңғолияның 2010 жылғы халық санағы бойынша), бұл көрсеткіш бойынша Моңғолиядағы 2 631 117 азаматтың 4,6 % құрап тұр.

Екіншіден, түрік тектес этностарының құрамындағы қазақтың Абақ керей, Арғын, Найман ру-тайпалары қазақ тілінде сөйлеседі. Сонымен қатар, ноғайлар және де «чантуу-сарттар (ұйғырлар)» қазақ тілінде сөйлеседі. Ал, тывалар тыва тілінде сөйлеседі. Хотондар өздерінің хотон тілін ұмытқан, батыс моңғолдың дөрвөт диалектісінде сөйлеседі. Басқаша айтқанда, Моңғолияда көне түрік тілінің қыпшақ тобы мен ескі ұйғыр тобының тілдік өкілдері бар деген сөз. Моңғолиядағы қазақтардан басқа тыва, хотон, «сарт (ұйғыр)», ноғайларға арнайы антропологиялық зерттеулер жетіспей жатқанын айту керек. Бұл аталмыш этностардың тарихи антропологиясын ғылыми зерттеуге өте қажетті деп есептейміз.

Үшіншіден, Моңғолиядағы түрік тектес этностардың қалалық жерлерден тыс аумақтарындағы дәстүрлі этнографиялық болмысы мейлінше таза сақталынғанын ерекше атаған жөн. Мысалы, қазақ киіз үйін қазақтар қолданса, тывалар мен хотондар моңғол үлгідегі киіз үйлерді қолданады. Сонымен қоса, тывалар мен хотондардың дәстүрлі шаруашылығында моңғолдардың тұрмыстық әсер-ықпалдары мол екендігі ерекше байқалады. Ал, Ховд аймағында мекен ететін, қауын-қарбыз егіншілігімен айналысатын «сарт» (моң: чантуу) деп аталатын азғана ауыл «ұйғырлар» қазақтар секілді өзіндік этникалық болмысын сақтап келеді.

Төртіншіден, қазақ, тыва, хотондарда ата-баба шежіресін сақтау үрдістері бекем сақталынған. Алайда, хотондарға қарсы 1750–1990 жж. жүргізілген саяси қыспақтар мен қуғын-сүргін салдарынан олардың кейінгі ұрпақтары өз ана тілдерін ұмытқан, екі-үш атадан арғы аталарын жадына сақтамағандары да кездеседі, олардың келешекте толықтай «моңғолдану» үрдісі айқын аңғарылады. Тіпті, мешітте намаз оқу қиыншылықтары да бар көрінеді.

Бесіншіден, Жоба барысында жинақталынған, ғылыми жүйеленген материалдар негізінде «Моңғолиядағы түркі тектес этностар: тарихи-деректанулық» ғылыми энциклопедиялық басылымды жарыққа шығаруға толықтай дайындық жасалынды. Аталмыш басылым түрік әлемінің өзге этнос өкілдерін, этникалық топтарын диахрондық-синхрондық салыстыра зерделеуде тарихи-деректанулық негіздері бола алады деп сенеміз.

Әдебиеттер

1. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия, исполненного в 1879 году по поручению Императорского Русского Географического Общество. Вып. IV. Материалы этнографические, с 26-ю таблицами рисунков. СПб., 1883.
2. Владимирцов Б., Самойлович А. Турецкий народец Хотоны. I / Отд. оттиск из «Записок Восточного отделения Императорского Русского Археологического Общества». Т. XXIII. Пг., 1916.
3. Владимирцов Б., Самойлович А. Хотонские записи Потанина. II // Отд. оттиск из «Записок Восточного отделения Императорского Русского Археологического Общества». Т. XXIII. Пг., 1916.
4. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Том второй. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. Л., 1926.
5. Бурдуков А.А. В старой и новой Монголий (Воспоминания, письма). М., 1969.
6. Цэвээн Ж. Дархад, Хөвсгөл нуурын Урианхай, Дөрвөд, Хотон, Баяд, Өөлд, Мянгад, Захчин, Торгууд, Хошуут Цахар, Дарьганга, Алтайн Урианхай, Хасаг, Хамниган нарын гарал, үндэс байдлын өгүүлэл. Улаанбаатар, 1934.
7. Бартольд В.В. Хотан // Соч. Том III. Работы по исторической географии. М., 1965.
8. Минис А., Сарай А. БНМАУ-ын Баян-Өлгий аймгийн казах ард түмний түүхээс. Өлгий, 1960.
9. Сарай А. Баян-Өлгий казахуудын түүхийн зарим асуудлууд. Өлгий, 1968.
10. Қабышұлы И. Керейлер керуені. Өлгий, 1978.
11. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Өлгий, 1980.

12.Нямбуу Х. Монгол угсаатаны зүйн удиртгал (угсаатны бүрэлдэхүүн, гарвал зүй). Улаанбаатар, 1990.
13.Нямбуу Х. Монгол угсаатан (Монгольский этнос) // Монголын судлалын бичиг. Улаанбаатар, 1991.
14.Базылхан Б. Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы (қысқаша курс). Өлгий, 1973.
15.Базылхан Б. Моңғолиядағы қазақтардың тілі. Улаанбаатар–Өлгий, 1991.
16.Қалиасқарұлы Қ. Моңғолия қазақтарының әдебиеті (қысқаша тарихи очерк). Өлгий, 1993.
17.Халел Н. Ұлттық мирас, ата мұра. Өлгий, 1991.
18.Кәмалашұлы Б. Моңғолиядағы қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы (XIX ғ. соңы – XX ғ.). тарих ғыл. докторлық дисс. автореф. Алматы, 1998.
19.Кәмалашұлы Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Улаанбаатар, 2013.
20.Шынай Р. Моңғолия қазақтарының ата-тек шежіресі. Өлгий, 1997.
21.Мухамадиұлы Х. Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы. Алматы, 2000.
22.Бадамхатан С. Хөвсгөлийн цаатан ардын аж байдлын тойм // Studia Ethnographica. Tomus II. Fasciculus I. Улаанбаатар, 1962.
23.Бадамхатан С. Увс аймгийн хотон ястан. Эрдэнэт, 1995.
24.Очир А. Монголын ойрадуудын түүхийн товч. Улаанбаатар, 1993.
25.Мағауия С. Хотын туралы бірер сөз // Ғалым. Өлгий, 1996. №1.
26.Жамсран Л., Золбаяр Г., Бадамхатан С., Цэрэнханд Г., Дисан Т., Тангад Д., Гантогтох Г. Монгол Улсын угсаатны зүй, III боть: Монгол, Түрэг, Хамниган овогтны угсаатны зүй, XIX–XX зууны зааг үе (Монгол Улсын угсаатны зүй). ШУА-ийн Түүхийн хүрээлэн, Монсудар хэвлэлийн газар. Улаанбаатар, 2012.
27.Смағұлұлы О., Бекетайқызы К., Оразаққызы А. Алтай қазақтары: тарихи-антропологиялық зерттеу. Астана, 2003.
28.Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы,1997.
29.Баттулга С. Казах нүүдэийн үнэ цэнэ ба монгл oralman // Altaica. Улаанбаатар, 2012. № 9.
30.Қозғамбаева Г.Б., Қалыш А.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы. Оқу құралы. Алматы, 2014.
31.Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. Алматы, 2001.
32.Монгол Алтайн нурууны экосистэм, эртний түүх, соелын асуудал. Өлгий, 2009. № 1.
33.Баян-Өлгий аймгийн үндэстэн, ястны эдийн соел. Улаанбаатар, 2011.
34.Отгон Х. Хотон угсаатан. Улаанбаатар, 2005.
35.Монголын казах судлал. № 1. Эрхилсэн д-р. Б. Алтангүл. Улаанбаатар, 2013.
36.Тува: түүх, хэл, соел. Bibliothtca Oiratica. XXIX. Улаанбаатар, 2013.
37.Баян-Өлгий аймгийн нэвтэрхий толь. Улаанбаатар, 2010.

МОҢҒОЛИЯДА ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Баймолда Д.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы

Моңғолияны мекен еткен қазақтардың осы өлкеге келіп қоныстанғанына 150 жылдай уақыт болғаны туралы тарихшылар, зерттеуші-ғалымдар тарихи деректерге негізделген өз еңбектерінде жазды. Яғни алғаш Абақ керей руының қазақтары қазіргі Қытай Халық Республикасының Шынжаң өлкесіндегі байырғы жерлерінен Моңғолияның батысына

1860 ж. бастап қоныстана бастағаны туралы Батыс Моңғолияны аралап зерттеген орыс ғалымдары Г.Е. Грумм-Гржимайло, Г.Н. Потанин, А.М. Позднеев және Моңғолия қазақтары арасынан шыққан Ә. Міниc, А. Сарай, Қ. Ислам, Қ. Зардыхан секілді тарихшы-ғалымдар ғылыми еңбектерінде келтіреді. Аталған ғалымдар XIX ғ. екінші жартысында қазіргі Қытай Халық Республикасының Шынжаң өлкесін мекендеген керейлердің бір бөлігінің Алтайдың Қобда бетіне ауа көшуінің басты себептерін Шынжаң өлкесінде орын алған саяси-әлеуметтік оқиғалар салдарымен және малға жайылым жердің жетіспеушілігімен байланыстырады.

Атап айқанда 1864 ж. Ресей мен Қытай үкіметтері арасындағы «Жунго-Ресей батыс солтүстік шекарасын тексеріп отыру шарты» аталатын келісімге сәйкес, керейлер мекен етіп отырған жер екі мемлекет билігіне, екі тарапқа бөлінген соң ру-тайпалар арасында іштей жылжу басталады. Керейдің кейбір рулары Тәңір тауының (Тянь-Шань) шығыс бөктері, Еренқабырға, Бурылтоғай, Көктоғай, Баркөл, Шіңгілге дейін қанат жайды. XIX ғ. екінші жартысында Абақ керейдің мал-жаны өсіп, бақ-дәулеті таси түсті. Деректерге қарағанда бұл тұста Абақ керейдің түтін саны 50 мыңға, егер бір отбасында төрт-бестен жан бар деп көрсек адам саны 200–225 мыңға жеткен. Алайда 1850–1864 жж. Қытайда етек алған шаруалар көтерілісі және Батыс Қытай өлкесін қамтыған дүнгендер көтерілісі салдарынан көптеген қазақ ауылдары шабуылдарға ұшырап, ер азаматтарынан, жайылым жерлерінен айырылуға душар болды. Сол кездегі Шынжаң өлкесін билеуші Маньчжур-Цин үкіметінің алым-салығына қоса жергілікті би, төрелердің қосалқы алым-салықтары жергілікті қазақтарға ауыр соқты. Осындай қыспақтардан, қыйыншылықтардан қашқақтаудың бір жолы Алтайдың теріскей бетіне асып, Моңғолияның батысы – Қобда бетін паналау болды. Алтайдың Қобда бетіне асқан, қазақ көшін қашан, кімдер бастады дегенге келер болсақ, бұл мәселеде Г.Н. Потанин, А. Позднеев, Г.Е. Грумм-Гржимайло секілді орыстың тарихшы, саяхатшыларының жазып қалдырған жазба деректері және көшті бастарынан кешірген ақсақал, қариялардың айтқандары құнды материал болмақ.

XX ғ. басында Батыс Моңғолия, Урянхай өлкесін зерттеген орыстың әйгілі тарихшысы Г.Е. Грумм-Гржимайло: «Қазақтар өткен ғасырдың 60-жылдарының соңына ала Алтай тауын асып келіп мекендей бастапты» [1, 413-б.] десе, 1876–1877 жж. Моңғолияның батыс өлкесіне саяхат жасаған орыс саяхатшысы Г.Н. Потанин «Дайын көліне Қазақтың Көбеш, Самырхан, Қожамжар секілді ру басы, билері өздерінің рулас ағайындарымен бірге көшіп келіп өмір сүріп жатыр екен. Олар осыдан 6–7 жыл бұрын Алтай тауының күнгей бетінде еді» деп, жазып қалдырған [2, 38–39-бб.].

Ал тарихшы А. Сарай «Революциядан бұрынғы Моңғолия қазақтары» атты кітабында «Қазақтар алғашында мал отарлатып Алтайдың теріскей бетін асып барып жүрді. Кейін сол жақта қалып қойды», – деп жазды [3].

1924 ж. Моңғол астанасы Хүрээдегі мемлекеттік алғашқы құрылтайға қазақтардың өкілі ретінде қатысқан Дәуітбай Тауданбекұлы: «Қазақтардың Моңғол жерін мекендегеніне 60 жыл болды» [4, 216-б.] деп айтқаны керейлердің 1860 ж. бастап Моңғол жеріне қоныс аудара бастағанын білдіреді және бұл Моңғолия қазақтарының алғашқы тарихын жазған тарихшылар Ә. Міниc, А. Сарайдың «Абақ керейдің ауылдары 1868–1869 жж. бастап Моңғол жеріне біржолата қоныс теуіп қалды» [5, 48-б.] деген қортындымен сабақтасады.

Қобда бетіне алғашқы кезде Абақ керейдің Жантекей, Шеруші, Жәдік, Молқы, Шұбарайғыр, Қарақас руларын бастаған Жылқышы, Көбеш, Сүкірбай, Самырхан, Бітімші, Жуанған секілді ру билері және Қожамжар төре ауылдары мекендей бастапты. Бұлар өз заманында ел бастап Қобда бетіне асқан алғашқы көшті басқарған көш басшылары болмақ. Тарихшы А. Сарай өзінің еңбегінде, 1882–1883 жж. Маньчжур-қытай әкімшілігі Қобда бетіне өткен қазақтарды қайта Алтайға көшіруге қыспақтағанын, ақыры бұған көнбеген қазақтардан көп мал алып тынғанын жазады. Абақ керейдің Шеруші руы бес күннің ішінде 10 мың ұсақ, мың ірі қара жинап беріпті. Жантекей руы бұл талапты уақытында орындай алмағаны үшін қытайлар рудың үкірдайы Көбештің баласы Асылбектің басын алған. Бұл Қобда бетіндегі қазақтардың наразылығын туғызып, осы қайғылы жағдайға байланысты кезінде көптеген өлең-жырлар халық арасына тараған.

Қазақтар келгенге дейін Қобда беті жергілікті уранхайларға қарасты болғандықтан алғашында олар қазақтардың бұл мекенге түбегейлі орналасуына көңілсіздік танытып, Маньчжур-Цин үкіметіне дейін арыз-тілек жазғаны бар. Бірақ қазақтар жергілікті урянхай нояндарына сый-сияпат, тарту-таралғы жасау арқылы ішкерлей берді. Жер ақысы үшін урянхай нояндары қазақтардан әр жүз мал басынан бір түйе, бір жылқы, бір сиыр, он қой алып отырған. Алғашқы кезде урянхайлар қазақтарға жер иелендірмеу үшін тіптен өлген адамдарын сол өлкеге жерлеуді рұқсаттамаған. Бірақта қазақтар алғашқы жерлерін одан әрі кеңейтіп, жергілікті урянхайларды шығысқа қарай ығыстыра бастады. Ресей ғалымы Г. Потанин: «Урянхайлар Алтайдың солтүстік жағындағы Сақсай өзенінің бойы, Дайын мен Дала көлдің маңындағы біраз жерді қазақтарға беріпті», – деп жазған [2, 38–39-бб.].

Аз жылдың ішінде Қазақтар Алтайдың Қобда бетіндегі Дайын, Сырғалы көлдері мен Сақсай, Буянт, Дәлүүн өзендерінің бойын қыстап, жайлай бастады. Осыдан болып қазақтар мен уранхайлардың арасында жер үшінгі жанжалдар үнемі орын алып, екі жақтың бір-бірінің үстінен жазған арыз-өтініштері Қобдадағы Маньчжур-Цин үкіметінің арнайы өкілі арқылы Бэйжинге дейін жетіп жатты. Соған қарамастан қазақтар отыз-ақ жылдың ішінде Бес Боғданың шығыс беті Ойғырдың басына дейін көшіп келіп, сондағы шөбі шүйгін, жайлымы мол жерлерді мекен ете бастады.

Орыс тарихшысы Г.Е. Грумм-Гржимайло «Қытай зерттеуіндегі жаңалықтар» атты кітабында «1905 жыл жағдайымен Қобда өлкесіндегі қазақтардың мал саны 473 мыңдай болған. Оның ішінде қой, ешкі 408,2 мың, жылқы 38,3, сиыр 13,7 мың, түйе 12,8 мың болды деп көрсетеді. Орта есеппен бір үйге 298 ұсақ мал, 28,5 жылқы, 9,5 түйе, 10 сиырдан келгенімен малдың көбі байлардың қолында болған еді. Қобда бетін мекендей бастаған қазақ рулары Маньчжур-Цин үкіметіне жыл сайын мың жылқыдан алым-салық төлеп тұрды», – деп жазады [1]. Қазақтар бұл алым-салықты «Сары ноқта салығы» деп атап келген. Қазақтар бұдан басқа мал басына қарай «шөп бажы», меден қызметіне қатысты «меден бажы» секілді алым-салықтар төлеп тұрған. Бұл Алтай асып, Қобда өлкесіне жаңадан мекендей бастаған өз жанымен өзі әреңдеп жан сақтап отырған қарапайым қазақтарға ауыр соққаны белгілі.

1911 ж. Моңғолия өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Боғдыхан үкіметі Қобда бетіне көшіп келген қазақтардың Моңғол жерінде қалу туралы өтініштерін қанағаттандыратындығын білдірумен бірге, қазақтардың батыс өлкеде біржола қалып мекендеуін қолдайтын саясатын ұстанды. Мұрағат деректеріне қарағанда 1922 ж. Боғдыхан үкіметіне жазған қазақтардың арыз-тілектерінде шеруші руының 720 отбасы, жәнтекей руының 389 отбасы, молқы руының 61 отбасы Моңғолияда біржола қалуды сұрапты. Моңғолиялық ғалым-зерттеуші, қоғам қайраткері Цэвээн Жамцаранов Батыс Моңғолия жөніндегі өзінің зерттеу еңбегінде 1923 ж. 1870-тей қазақ отбасының болғандығын келтіреді [6]. Егер әр отбасында 4–5 адам бар деп есептесек 7500–9500 аралығында қазақтар сол жылдары Моңғолияны мекендей бастаған. Тарихшы-ғалым Қ. Зардыхан «Моңғолиялық ғалым-зерттеуші, бұл жерде Моңғолияда қалуды сұрап Боғдыхан үкіметіне арыз-тілек жазған қазақтардың санын келтіріп отырғанын, әйтпегенде Алтай асып, Қобда бетінің сай-саласын мекендей бастаған сол жылдарғы қазақтардың саны бұдан сәл көбірек болуы керек» деген пікір айтады [7].

Алайда, Алтайдың Қобда бетіне асқан қазақтар алдында да бұдан кейінгі жылдары талай қиындықтар болғаны тарихтан белгілі. Мұрағат деректеріне қарағанда 1936 ж. дейін Қытай мен Моңғолия арасында шекара сызығы нақты белгіленбегендіктен қазақтар Алтайдың арғы-бергі жағына малының жай-күйіне орай көшіп-қонып отырған жайлар көп болды. Тіптен кейбір ауылдар Моңғолия жерінде түбейгейлі қалып қоятын болды. Бұған Моңғолия үкіметі қарсы болмағаны мен Алтайдың арғы бетінде қалған кейбір рубасылары бұны рұқсаттамады. Осы қайшылықтың кесірінен Моңғолия қазақтары арасында «Кенжебек айдаған жыл» оқиғасы орын алды. Сондай-ақ қазақ билері мен үкірдайлары арасындағы биліке таласқан талас-тартыс әсері «Жалама» дүрбелеңіне апарып соқты.

Шеруші биі Сүкірбай Жылқышыұлы бұрынғыдай қытай билігіне адал болуды ұстанса оның аталас туысы гүң Қылаң Моңғолияда қалуды, Боғдыханға мойынсұнуды жөн көрді. Ру

Современная многопартийная система в Монголии, формировавшаяся в 1990–1992 гг., отразилась и на казахах, которые стали дистанцироваться друг от друга по партийному выбору. По мнению руководителя Казахского культурного центра Монголии Хабсаттара Омарұлы: «Моңғолиядағы қоғамдық құрылым, негізімен, экономикаға емес, саясатқа көп арқа сүйейді. Экономикаға көңіл бөлгеннің орнына «қай депутатқа дауыс береміз, қандай партияны қолдаймыз...» деген сауалдардың жауабы көбірек ізделеді. Тіпті, қазақтардың өзі партия-партияға бөлініп, жігі ажырап қалатын жағдайлар да болып тұрады» [24, 28 б.].

Среди казахской диаспоры на общественных началах работают монгольское отделение Всемирной ассоциации казахов в Баян-Ольгийском аймаке, его филиал в Уланбаторе, общества «Арулар» и «Жерлестер». Так, столичный филиал возглавляет Рәміш Асай – доктор медицинских наук, профессор, Моңғолияның Еңбек сінірген дәрігері. Председателем казахского общества «Жерлестер» является Бәкей Ағыпарұлы, депутат Парламента Монголии, доктор экономических наук, профессор, заместитель председателя Сельскохозяйственной академии. Во главе общества «Арулар» – главный редактор казахского журнала «Ару жұлдыздар», докторант Монгольского государственного университета по праву Айнагүл Сарайқызы.

По ходатайству казахов городов Дархан, Эрдэнет, Налайх, Шарынгол впервые курултай казахов Монголии был проведен в 2013 г. в Уланбаторе. Первый курултай был проведен в Баян-Ольгийском аймаке в 1997 г. В работе III курултая в столице приняли участие депутаты Парламента Монголии казахской национальности Тілейхан Әлмәлікұлы и Бәкей Ағыпарұлы, вице-министр дорог и транспорта Ержан Хавшайұлы, аким Баян-Ольгийского аймака и члены его команды, Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Монголии, доктор исторических наук К.И. Кобландин. Делегацию Казахстана в составе 14 человек возглавил Первый заместитель председателя Всемирной ассоциации казахов Т.А. Мамашев.

Среди проблем казахской диаспоры, требующих совместного решения с казахстанской стороной, делегаты III курултая казахов Монголии назвали возобновление авиасообщения Казахстана с Баян-Ольгийским аймаком, совместное строительство кратчайшей автомобильной дороги (около 60 км) с выходом на Катон-Карагайский район Восточно-Казахстанской области, ибо казахам приходится преодолевать 1600 км через Барнаул и только по визе, чтобы добраться до Казахстана. Практически невозможно получить разрешение России на транзит продукции животноводства в Казахстан. Актуально обучение в РК зарубежной казахской молодежи в вузах и колледжах за счет государственных грантов и грантов акиматов, организация тестирования абитуриентов в Монголии по линии МОН РК, вещание телепередач из РК для Уланбатора и других городов Монголии, ибо казахам внутренних аймаков доступны на казахском языке лишь телеканалы Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР, но не казахстанские передачи.

Рыночная экономика, отсутствие кадров тяжело сказывается на национальной культуре, потребители которой в основном проживают в сельской местности. В Баян-Ольгийском

аймаке при помощи Казахстана был построен казахский драматический театр, но сегодня его положение критическое: нет молодых кадров, требуется обновление материальной базы и если раньше театр возглавляли профессиональные дирижеры и режиссеры, то сегодня – менеджеры. Сокращена численность национального оркестра с 40 до 20-ти музыкантов, поэтому актуально подготовка кадров по творческим специальностям в Казахстане. Переживает тяжелые времена оркестр древних музыкальных инструментов «Бозінген», в первоначальном составе которого были 15 человек. Сворачиваются традиции айтыса. В 14 сомонах работают 30 библиотек, но не хватает современной литературы на казахском языке и во время III курултая делегации Казахстана был передан список в 1150 востребованных книг на казахском языке. Проявляется тенденция сужения употребления литературного казахского языка, который вытесняется в семейные рамки. В последнее время даже в казахских школах только казахский язык и литература преподаются на казахском языке, а остальные предметы – на монгольском.

В июле 2010 г. в Ольгий с участием представителей из Казахстана проведено празднование 70-летия Баян-Ольгийского аймака. Все выступления местных казахов и гостей из Уланбатора были на монгольском языке. «Қазақтар басында қазақша амандасып алып, соңында қазақша қоштасқан, рахмет айтқан болады. Тәртіп солай. Қандай мемлекет те, тіпті Моңғолия сияқты экономикасы әлжуаздау мемлекет те мемлекеттігін жасамай қоймайды... Дәл қазір Моңғолия қазақтарының тілі таза тұр десек те, бара-бара мұның өзі де тілге әсер етпей қоймайтыны күмәнсіз. Сондықтан да тәуелсіздік жылдарында атамекенге бет бұрған ұлы көш алдымен осы Баян-Өлгийде басталған», – подчеркивает гость курултая, президент АО «Егемен Қазақстан» Сауытбек Абдрахманов [25, с. 45].

На наш взгляд, дальнейшее научное изучение казахов Монголии в междисциплинарном срезе, проведение научных экпедиций историков, этнологов, археологов, фольклористов, социологов не только в ареалы компактного проживания казахской диаспоры остается актуальной задачей отечественной науки. В проекте Института истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова по созданию многотомной «Отечественной истории» должен быть предусмотрен отдельный том по казахской диаспоре, в страноведческом аспекте (Китай, Узбекистан, Россия, Монголия, Туркменистан, Кыргызстан, Турция и европейские страны, казахи в других странах ближнего и дальнего зарубежья). Особо следует обратить внимание на расширение источниковедческой базы за счет материалов переписей населения зарубежных стран, проведенных в 2010 г. по методике ООН, а также на привлечение зарубежных ученых, специализирующихся по казахской диаспоре. В историографическом разделе многотомника следует также отдельно выделить научные труды зарубежных ученых казахской национальности по казахской диаспоре, что в целом демонстрирует созидательный потенциал диаспоры. На наш взгляд, история казахского народа будет объективной, содержательной и полной, если в ней найдет достойное место история и судьба зарубежных казахов, разделенных современными государственными границами. В условиях глобализации они стремятся не потерять связывающую нить истории со своей исторической Родиной.

Литература и источники

1. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі: тарихи көркем публицистика. Алматы, 1995.
2. Ажигали С. Казахстану стратегически важно сохранить присутствие казахской диаспоры в Монголии // Туған тіл. 2012. № 2.
3. Тойчиев А.Х. Социально-экономическое развитие Баян-Ольгийского национального казахского аймака Монгольской Народной Республики: автореф. … к. э. н.: М., 1974.
4. Хабсаттар Омарұлы. Әр құрылтайдың өзіндік орны бар // Туған тіл. 2011. № 1 (15).
5. Ажигали С.Е., Байгабатова Н.К. Особенности материальной культуры казахсов Монголии // Казахстан и зарубежные казахи: матер. Междунар. науч.-практ. конф.

«Репатриация этнических казахов в Казахстан как составная часть государственной миграционной политики: достижения, проблемы и пути решения», посв. 20-летию Всемирной ассоциации казахов / бас ред. Т.А. Мамашев; құраст.: К.Н. Балтабаева, К.М. Қонырбаева. Алматы, 2012.

6. Сейдимбек А. Мир казахов: Этнокультурологическое переосмысление. Астана, 2012.

7. Құрманбайұлы Y., Рахметұлы Ш. Моңғолиядағы қазақ халқы. Улаанбаатар, 2007.

8. Қинаятұлы З. Моңғолия қазақтары өміріндегі этномәдени өзгерістер // Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы / бас ред. Нысанбаев Ә.Н., жаупты ред. Нұрмұратов С.Е. Алматы, 2007ЦГА РК. Ф. 195

9. 5. Оп.2 пр. Д. 560. Л. 121.

10. Арынов Е.М., Шеденова Н.У., Бодаухан К. Казахская диаспора в Монголии: социально-экономическое положение и миграционные установки. Алматы, 1993.

11. АП РК. Ф. 5-Н. Оп.1. Д. 845.

12. АП РК. Ф.75-Н. Оп.1. Д. 3064.

13. АП РК. Ф. 5-Н. Д. 1270. Л.160–164. [опубликовно также в издании: Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы: Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының қорынан құжаттар жинағы (Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 20 жылдығына арналған) = Репатриация казахов – консолидация народа: сборник докум. Архива Президента Республики Казахстан к 20-летию Всемирной Ассоциации казахов / құраст. К.Н. Балтабаева. Алматы, 2012].

14. Рәмішұлы А., Ағыпарұлы Б. Моңғолиядан Қазақстанға қоныс аударушылар төнірегіндегі кейбір мәселелер // Казахстан и зарубежные казахи: матер. Междунар. науч.-практ. конф. «Репатриация этнических казахов в Казахстан как составная часть государственной миграционной политики: достижения, проблемы и пути решения», посв. 20-летию Всемирной ассоциации казахов / бас ред. Т.А. Мамашев; құраст.: К.Н. Балтабаева, К.М. Қонырбаева. Алматы, 2012.

15. Текущий архив Министерства труда и социальной защиты населения РК.

16. Заут Б. Көші-қон мәселелерін шешу жолдары (Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Павлодар облыстық филиалының тәжірибесінен) // Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Алматы, 2012.

17. Заут Б. Атамекенге ат басын бұрған қандастарымыздың көшін ұйымдасқан түрде жүзеге асыру қажет // Қазақстан қоғамының дамуына қандастарымыздың қосқан үлесі. Алматы, 2012.

18. Обретенная Родина // Страна и мир. http://sim.kz/novosti/obretennaya-rodina.html.

19. Хүн ам, орон сууцны 2010 оны улсын тооллогын нэгдсэн дүн: Баян-Өлгий аймаг. Улаанбаатар, 2012.

20. Zhongguo 2010 nian renkeou pucha fen minzu renkou ziliao. Beijing, 2013. Volume A.

21. Қазақтардың жергілікті халыққа сініп кетуі екіталай: сұхб. Күләнда Шанайқызы // Туған тіл. 2011. № 1 (15).

22. Әбділұлы Х. Моңғолиядағы қазақ дисапорасынына білім берудің қазіргі жағдайы және оны жетілдірудің негізгі бағыттары // Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде қазақ диаспорасы өкілдерінің оқу және азаматтық (әлеуметтік) бейімделуі: айм. «дөңгелек үстел» мәжілісің материалдары / жауапты ред. Т.А. Мамашев; құраст.: К.Н. Балтабаева, Б. Уатқан. Алматы, 2013.

23. Ажигали С.Е. Общие итоги этнокультурных исследований казахской диаспоры Центральной Азии (Монголия, Китай, Россия) // Созидательный потенциал казахской диаспоры: история и современность: матер. респ. науч.-практ. конф. / жауапты ред. Т.А. Мамашев; құраст.: К.Н. Балтабаева, К.М. Қонырбаева, А.И. Құдайбергенова, Ж.Б. Ошақбаева. Алматы, 2013.

24. Хабсаттар Омарұлы. Атажұртқа арқа сүйеміз... // Алтын бесік. 2011. № 4.

25. Абдрахманов С. «Мәңгілік сен қаласың, сағынышым» // Туған тіл. 2010. № 2.

ВЕСЕННЯЯ ХОЗЯЙСТВЕННАЯ И ПРОМЫСЛОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХОВ МОНГОЛИИ: ПО МАТЕРИАЛАМ МОНГКЭ-2008

Бекназаров Р.А.

Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова

Одной из главных задач Монгольской экспедиции Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК (научный рук. профессор С.Е. Ажигали) весной 2008 г. являлась детальная полевая фиксация кампании весеннего окота скота казахами Западной Монголии[1], перехода с зимних стоянок «*қыстау*» на осенне-весенние пастбища «*көктеу*» к «*күзеу*», анализ особенностей весеннего ведения хозяйства, подготовка переходу на летние пастбища «*жайлау*», весеннее подледное рыболовство, подготовка к земледелию, организация хранения овощей (картофеля, моркови) и многое др.

Зима 2008 г. в Монголии выдалась особо суровой, было много снега и морозно. Учитывая, что до этого лето и осень 2007 г. выдались сухими, то на весну скот вышел сильно истощавшим, что, в свою очередь, привело к большому падежу скота, т.е. к джуту, что неоднократно нами фиксировалось среди местных скотоводов повсеместно. В некоторых хозяйствах мы отмечали почти 100% потерю молодняка, особенно среди коз. Если учитывать, что козий пух приносит основную прибыль скотоводческим хозяйствам Монголии и вывозится на экспорт в Китай, то последствия джута, естественно, сказались на бюджете последних. В качестве справки отметим, что коза в среднем стоила тогда на местном рынке около 30 тыс. тугриков, в то время когда 1 кг козьего пуха скотоводы сдавали на приемные пункты по 40 тыс. тугриков, т.е. цена 1 кг пуха превышала стоимость живого веса самой козы! Дороговизна пуха привела за последние несколько лет к диспропорции в составе местного скота, монголы и казахи стали в ущерб овцеводству, выведению крупного рогатого скота увеличивать поголовье коз, что приводило в некоторой степени к нарушению экологии – козы стали съедать траву на корню, вытаптывать низкорослую траву на склонах гор. Например, в Ховд аймаке, на некоторых отдельных хозяйствах мелкий рогатый скот доходил до 500 голов, при этом 450 голов из них составляли козы! Суровая природа Монголии не успевала выдерживать высокий темп экстенсивного развития скотоводства, что приводило к таким плачевным результатам зимовок, весеннего окота и т.д.

Весной большинство казахов Монголии традиционно перекочевывают на специальные весенние стоянки *көктеу*, состоящей из крытых кошар, загонов для молодняка и овцематок, сеновала *шөп қаша* (рис. 20). Главной же причиной перехода на весенние пастбища являлось истощение зимнего травостоя возле *қыстау*, если подножного корма на зимних стоянках было достаточно, то окот проводился там же на кыстау[2].

При этом наличие источника воды – родника, реки, колодца – при перекочевке на весенние пастбища не являлось основополагающим. Сами хозяева стада получали воду для своих нужд, растапливая снег и лед; таким же способом поили молодняк, рабочих лошадей, ослабевших маток (*көтерем мал*) (рис. 21). Основное стадо довольствовалось снегом, так как переход последнего в сторону весенних пастбищ осуществлялся обычно на границе таяния снежного покрова и мест с проталинами со свежей травой.

---

[1] В ходе полевых этнографических исследований весной 2008 г. с 03.04. по 19.04. на территории Западной Монголии были охвачены сомон Алтай Баян-Ольгийского аймака, сомон Ховд аймака Ховд, а также города Ольгий и Ховд. Состав экспедиции: ВНС, к.и.н., доц. А. Токтабай; СНС, к.и.н. Р. Бекназаров; МНС А. Шалманова. В г. Ольгий была арендована машина УАЗ-469 Омирбека Бикумарулы, занимающегося изучением петроглифов Баян-Ольгийского аймака Монголии (сын покойного этнографа, д.и.н. Бикумара Камалашулы).

[2] Увеличение поголовья скота в Монголии, дефицит плодородных пастбищ заставляет в последнее время многих скотовладельцев заниматься выпасом домашних животных постоянно и стационарно возле своих зимних стоянок, что в свою очередь усугубляет в целом процесс эрозии почвы, обеднение состава травостоя, засорения сорняками и мн.др.

Основной ***сезон окота*** (*төлдеу*) мелкого рогатого скота – овец и коз – в Монголии начинается в первых числах марта. Первого родившегося ягненка и козленка называют «*төл басы*», к которым относятся по-особому. Их стараются «закреплять» персонально за каждым ребенком в семье, содержат до 3–4-летнего возраста и режут только по особым случаям – *сүндет той*, *әліппе той* и т.д.

В некоторых хозяйствах на ушах молодняка шелковыми нитями различных цветов делают особые отметки. В дни окота члены семьи организовывают дежурства и пик приплода приорочивается к весенним каникулам детей, то есть к 22 марта (рис. 22). Дети при этом стараются запоминать каждого ягненка, его мать, организовывают их кормление, убирают выпавший послед и т.д. Если же овца не могла разродиться, то ее опрокидывают на спину и, держа за ноги, переворачивали несколько раз с одного бока на другой, приговаривая «*оң ба, сол ма?*». Считалось, что после таких процедур плод в утробе матери принимал нормальное положение.

В случае, если умирал ягненок, то старались к овце пристроить другого осиротевшего ягненка или же приручали одного из молодняка-двойни другой овцематки. При этом использовали несколько приемов приручения матки к сироте: на осиротевшего ягненка или козленка мазали слюну овцы, козы или же жидкость свежего последа; в случае с кобылой – их оставляют вместе на сутки в темном закрытом помещении. Сиротам дополнительно давали молоко коровы с добавлением сахара с помощью заводских сосок. Традиционно казахи вместо резиновых сосок использовали конусовидно сложенный, хорошо обработанный желудок домашних животных *қарын* (коровы, овцы), с одного конца которого втыкали полый рог коровы и использовали в качестве емкости для молока (воронки).

Молодняк днем содержат в закрытых от ветра, но открытых сверху кошарах, на ночь же их загоняют в крытые сараи (рис. 23). Утром и вечером проводится их кормление, при этом дети безошибочно распределяют ягнят по их матерям. Ягнята и козлята уже через неделю начинают есть заготовленное сено и комбикорма. Здесь же в лотки для корма укладывали крупные комки поваренной соли. Причина использования соли в качестве минеральной подкормки заключается в том, что ягнята и козлята при отсутствии последней начинали поедать землю, что приводило к расстройству их желудков, поносу и, естественно, к падежу.

Более слабый приплод, а также ранний (зимний), называемый *арамза төл*, содержится дома под особым присмотром возле печки. Самцов из такого приплода в последующем не использовали в качестве производителей, так как их кости считались не обеспеченными полноценными минералами и старались их зарезать первыми в летний период «*марқа сою*».

В целом, весенний окот скота сопровождается многими традиционными запретами:

1) нельзя в этот период членам семьи стричься, бриться, подстригать ногти, давать другой семье огонь из очага, молоко, поскольку это может привести к преждевременным родам скота или потере молока матками;

2) в очаг нельзя класть ветки, согнув на половину, так как это может привести к складыванию ног приплода при родах;

3) детям запрещается играть в альчики: это может увеличить появление новых костей (асыков) животного, то есть привести к падежу маток;

4) гостям и членам семьи запрещают стоять внутри дома, так как скот будет рожать стоя;

5) нельзя в этот период точить ножи, а также играть ножом (*пышақты жаландатпайды*);

6) приплод не считают;

7) скот стараются не резать;

8) с мертвого приплода шкуру (*елтірі*) не снимают;

9) послед маток в сомоне Алтай закапывают в землю, в сомоне Ховд его закидывают на крышу кошар или же бросают повыше на ветви деревьев. В целом, хозяева стараются, чтобы послед не был съеден разродившейся скотиной, поскольку считалось, что у нее после этого может пропасть молоко.

Весенний окот скота у казахов Баян-Ольгия сопровождается целой системой традиционных обычаев и обрядов. Например, «*көтен асу*» – это варка тазовой кости с курдюком в день появления первого приплода. Если рождался теленок и жеребенок, то старались варить тазовую кость крупного рогатого скота или лошади. При этом одновременно в другом казане варили молозиво – *уыз*. Гости и родственники приносили свои подарки – *шашу*, в основном сладости и чай. Трапеза включала в себя поедание одного ломтика вареного курдючного сала и одного ломтика молозива, так как «уыз» при варке принимал вид студеной массы (холодца).

Особо радовались, конечно, если появлялся приплод у верблюдицы. В этом случае на «*көтен асу*» родственники дополнительно несли отрезы материи и вешали на верблюжонка «султанчики» – перья совы от сглаза – *үкі тағу*. Для предохранения молодняка от весеннего холода и ветра в сомоне Алтай накрывают телят и верблюжат специальными покрытиями-попонами *жабу*, при этом на спину телят и на голову верблюжат вывешивали несколько перьев совы *үкі* от сглаза (рис. 24). Вообще, верблюжат стараются не показывать посторонним, так как считается, что именно они сильно подвержены «дурному» сглазу (рис. 25).

После завершения окотного сезона в семье устраивается своеобразное итоговое чаепитие – *шашу шай*, где подводились предварительные итоги и одаривали гостей подарками за благопожелания.

Только после этого хозяева приступали к снятию шкурок с павших ягнят (*елтірі)*, мертвый приплод собирали до этого в темном и прохладном месте. Эти шкурки высушивали и приступали к обработке только летом, когда появлялся излишек кислого молока. Из такой легкой кожи смушками вовнутрь шили в основном детские безрукавки и шапаны. Мясо ягнят закапывают в землю или же дают в качестве подкормки своим ручным беркутам.

В середине мая для приплода мелкого рогатого скота, а для прошлогодних телят-бычков – в начале июня, проводится кастрация. Для этого организуется специальное мероприятие «*шашыраңқы*» с особым чаепитием «*пішпе шәй*». Приглашается «легкий на руку» ветеринар или родственники. Собранные от обрезания семенники самцов собираются в специальную посуду, заполненную молоком, и после завершения всех процедур эту массу закапывают в землю или же в муравейник, чтобы приплод был продуктивным как муравьи. В отаре мелкого рогатого скота в качестве производителей оставляется необходимое количество самцов из расчета 1 баран на 100–150 овцематок. Ротация производителей проводится каждые два года. При этом осуществляется своеобразная народная селекция – выбирают крупных по конституции самцов (высокая холка, крупный крестец, хороший курдюк), спокойный нрав, однотонность цвета шерсти, предпочтение отдается красно-рыжей, коричневой масти (*керейдің қызыл қойы*). Каждые три-четыре года в стадо закупается баран из другой отары, опять же с целью «обновления крови».

Одним из интересных фактов развития местного промысла – является ***весеннее подледное рыболовство***. Изначально отметим, что этим, не свойственным для кочевников делом, занимаются в основном любители. Рыболовные снасти заводские – пластмассовые телескопические удилища, капроновые, нейлоновые, полиэтиленовые лески, металлические крючки. Правда, в качестве приманки и подкормки используются мормышка или личинки стрекоз, которую рыбаки заготавливают еще осенью. Ловля рыбы производится на местную речную форель через специально прорубленные лунки или в проломах льда, которые оставляет течение реки в весенний период (рис. 26). Некоторые казахи-рыбаки пойманую рыбу потрошат на месте и съедают, немного подсолив, свежую икру, сырую печень и сердце. Рыбу же традиционно жарят, варят на пару. Монголы рыбной ловлей не занимаются вообще.

В более южном аймаке Ховд местные казахи повсеместно занимаются ***земледелием и огородничеством*** – выращивают кукурузу (*вандуй*), просо (*тары, шар буудай*), картошку *(картоп)*, капусту *(байцаа)*, свеклу *(мәнжін)*, морковь (*сәбіз*), бахчевые культуры, как арбузы (*қауын*, *тарвас*), дыни (*дарбыз, тингуа*), огурцы (*өргөст хэмх*) и помидоры (*улаан лууль*). При этом сами местные казахи отмечали, что традицию возделывать землю, заниматься

поливным земледелием они переняли у местных китайцев, дунган и уйгур, на что указывают названия возделываемых культур. Земледелие поливное, используется вода горных речушек за счет отводных каналов (*арық*), а также надпойменные террасы рек и заливные луга долин. Сами местные казахи отмечают, что данный опыт они переняли также у дунган и уйгур. Но китайской и дунганской диаспор в районе г. Ховд сейчас не сохранилось. Местные уйгуры (в паспортах указывается – *қашқарлық ұйғыр*) до сих пор занимаются земледелием, однако, как они сами отмечают, сильно ассимилировались, приняли язык и культуру местных казахов. Используются лишь уйгурские определения отца – «дада», дедушки – «чон дада»; в еде преобладает мучная пища в виде лапши – лагмана, мант, в качестве питья используется «*еткен шай*». Отличительной особенностью зимнего жилья местных уйгур – является использование традиционных опорных колонн внутри дома. Примечательно, что уйгуры сохранили у себя старые каменные жернова водяной мельницы, молотильные камни – малатасы. Поливная территория полностью огорожена от проникновения скота забором из деревянных столбов-шестов, на которые натянута колючая проволока. На концы шестов вдеты черепа домашних животных, в основном – лошадей. В целом, у уйгуров сохранился основной вид деятельности – земледелие, а скотоводство является лишь дополнением к нему.

Особенностью жилищ ховдских казахов-земледельцев является то, что во дворах повсеместно имеются зимние подземные овощехранилища *(зөөр)* (рис. 28). Внутри подвала по периметру стен на стеллажах располагаются мешки с картошкой и морковью. В центре хранилища устанавливается железная печка-буржуйка, с помощью которой зимой поддерживается постоянная плюсовая температура в пределах 1–3°С. Весной вся эта продукция распродаётся по высокой цене оптовым покупателям.

Другим немаловажным фактором в среде казахов в осенне-зимне-весенний период является занятие части казахов такими ремеслами, как изготовление остовов юрт, седел, конской сбруи, ювелирных изделий, кузнечное ремесло (в основном по ковке подков) (рис. 26). Все эти виды ремесел существуют лишь как подсобная, обслуживающая отрасль животноводства, которая, к большому сожалению, и в Монголии с каждым годом становится все менее привлекательной для казахской сельской молодежи.

Таким образом, посезонное этнографическое исследование казахов Монголии, непосредственное наблюдение за их бытом в этот период дало возможность выявить в «действии» сам процесс перехода на весеннее ведение хозяйства – окот скота, переезд на весенние стоянки, подготовку к посеву и многое другое, что в совокупности с материалами с территории Казахстана обогащает в целом данные по культуре казахского этноса.

(К статье прилагаются рис. 20–28, см. вклейку)

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ БОЛМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бижанова М. А.

ҚР БҒМ ҒК Философия саясаттану және діntану институты, Алматы

Қазіргі тарихи кезеңде барлық елдерде жаһандану құбылыстарының ауқымы мен әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жаңару үрдістері пәрменді түрде кеңейіп келеді. Жаңару үдерісі ұлт мәселесіне де қатысты көрініс беруде. Жалпы этникалық болмыста қордаланған күрделі мәселелерді шешумен әлемдегі және еуразиялық кеңістіктегі мәдениетаралық өзара қатынастардың тағдыры астасып жатады.

Шетел қазақтары әлем кеңістігіне бейімделу барысында өзін-өзі танып біліп, басқа мәдениет үрдісінен өз ұлттық рухани құндылықтарын айқын ажыратып, дәстүрлі мәдениеттің дамуына қызмет етті. Бұл үрдістің қалыптасуына ұлттық рух, ұлтжандылық

терең әсер етті. Жаһандық құбылыстар дәстүрлі құндылықтарды мойындамай, жаңа заманауи құндылықтарды орнықтырып жатқан жағдайда шетел қазақтары өзіндік дәстүрлерінің сақталуына кедергі болары анық. Осыған байланысты шетел қазақтары өзіндік келбетінің сақталуы үшін этникалық мәдениеттің тарихи негіздері мен сипаттарын жан-жақты өркендетіп, тарихи Отанмен байланысын пәрменді түзіп, ұлттық тіл мен дәстүрлі мәдениетті нығайтуға қызмет етуі керек.

Шетелдердегі қазақтар басқа елдердің әлеуметтік ортасында мәжбүрлі түрде қалғандықтан олар қаласа да, қаламаса да жергілікті мәдениет құндылықтарын қабылдауы қажет болды, олардың басқа әлеуметтік мәдени ортаға бейімделуі мәжбүрлі бейімделу еді. Жаңа ортада барлық нәрсені қайтадан үйреніп, оған төзу, психологиялық жағынан көну т.б. әлеуметтік бейімделу үрдістері өз алдына үлкен әлеуметтік философиялық проблема болып табылады. Басқа тілді үйрену диаспора адамының әлеуметтік ортада өзін сенімді іс-әрекеттер жасап, қоғамда ұлтаралық өзара қатынастарды реттеп өмір сүруге жол ашты.

Қоғамда қалыптасқан жаңа қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қабылдау адамның әлеуметтік белсенділігін туғызып, диаспора адамының қоғамға, әлеуметке бірегейленуін іске асырады. Тіл мен дін бірлігі адамдардың тұтастығын, бірлестігін қалыптастырды. Халық дәстүрлері ұлттың тарихи санасының қайнары, бұл халықтың мінез-құлқы, санасы мен ұлттық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтары мен негіздерін ешқашан ұмытқан емес. Дүние жүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде.

Кезінде елімізден түрлі себептермен көшіп кеткен қандастарымыз барған жерінде өзге халық арасына ұлттық болмысын, ана тілін, салт-сапасын, мәдениетін, өнерін барынша сақтап қалуға тырысты. Берісі Қытай, Моңғол, арысы Ауған, Үнді, одан әрі Түркия мен Батыс Европаға өтіп кетсе де, қазақи болмысын сақтап, шетелдегі қазақ диаспорасы ретінде қазақ ұлтының бір бөлшегі болып өмір сүруін жалғастырды. Сондай диаспорының бір тобы Моңғолиядағы қазақтар.

Осы қазақ диаспорасының келешегіне көз жүгіртіп, ұлт болып сақталуына мүмкіндік жасаудың маңызы зор. Алтай тауының теріскей бетінде қазақ ұлтының шағын тобы өз бетінше дербес өмір сүріп, білім-ғылым көшінен қалмай, ана тілін қастерлеп, өз ұлтының рухымен, мәдениетімен, өнерімен сусындап, рухани байлығының сарқылмастай қорын жинап келді. Сондықтан Моңғол қазақтарының мәдениетін зерттеу, соған орай пәрменді бастамалар көтеріп, бағыт-бағдар беру, олардың білім алуда, мәдени-рухани дамуда өткізген тағдыр талабына есеп жасап, диаспора мәселесіне қатысты стратегиялық ұстамын белгілеп, саясат жүргізу ұлт мүддесінен туындайтын өзекті мәселе. Моңғол қазақтарының мәдениетін, өнерін зерттеп, саралап, қорытынды жасау бүгінгі күні ғылыми маңызы бар іс болып табылады.

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы жаңару кезеңіндегі этникалық қазақтардың құндылықтық әлеміндегі өзгерістерді ғылыми сараптау қазіргі жаһандану жағдайындағы қазақ диаспорасының әлеуметтік-психологиялық сипаттамасын жасаумен астастырылуда. Егер қазақ диаспорасы кең тараған елдердің ішінде өзектене түскен проблемалардың өзіндік құндылықтық жіктемесін жасайтын болсақ, онда алдымен тіл мәселесі алға шығады. Қазіргі кезеңде шетелдерде қазақ диаспорасы өкілдерінің өз этникалық тілінде жас ұрпағын мектептерде оқытуға мүмкіндіктер азая бастауда.

Моңғолиялық қазақтар тілі мен салт-дәстүрін біршама таза сақтаған, рухы биік екенін мақтанышпен айта аламыз. Ешбір құжатқа жазылмаса да моңғолиялық қазақтардың ана тілі қазақ, мемлекеттік тілі моңғол, әлем өркениетінен нәр алу тілі орыс, ағылшын тілі деп ойлаймын. Қазақ диаспорасын зерттеуші ғалым Зардыхан Қинаятұлы: «Қазақ қайда жүрсе де ежелгі қазақ салты, қазақ тамырымен жалғасқан рухани өмірінен еш қол үзген емес. Ұлттықтың негізгі белгісі оның нағыз ауыз омыртқасы ұлттың рухани өмірі. Айналаға қарап

отырсаңыз бүгіндер бөгде елдерде, бөгде ұлт арасында өмір сүріп отырған этно топтар үшін аш жалаңаштықтан тозғындап жүргені көрінбейді. Тозғындаған тобы тек қана рухани өмірінде азып-тозып отыр. Ұлттың рухани өмірінің негізгі тірегі оның тілі мен діні, өнер, мәдениеті мен салт-дәстүрі», – деп зерделей келе, рухани әлемнің жұтаңдануына алаңдаушылық білдірген болатын [1].

Алайда, ішкері жақтағы қазақтар ана тілінен кембағал болып отырған жайты да бар. Бұл аса қынжылармалық жағдай. Тым болмаса Баян Өлгийден кейінгі қазақи үлкен орталық Уланбатор, Дархан Уул, Налайхта қазақ мектептер ашылса жақсы. Қазақтар топтасқан кейбір ірі қалаларда Қазақстанның мәдени орталығы құрылса, бұл істі Уланбатордан бастаған жөн болар деген ойларымен А. Сарайқызы бөліскен еді [2].

Заманауи мағынадағы шетелдегі қазақтардың этникалық ділінің ерекше белгілерін бағамдау негізінен нақты тарихилық және салыстырмалы талдау ұстанымдары арқылы анықталды. Себебі әрқилы елдегі жағдайлардың өзіндік ерекше сипаттары бар екенін ескерген жөн. Мәселен, Қытай елі басқа елдерге қазақ ұлтының өкілдерін (басқа ұлт өкілдеріне қатысты да) елімізде азаматтық алған жағдайда ғана өзіндегі азаматтықтан шығара алатыны белгілі. Осындай құқықтық тұрғыда сәйкес келмейтін халықаралық қатынастық қайшылықтар дұрыс шешімін тапқанда ғана көші-қон мәселесінде сапалы өзгерістер болары хақ.

Қазақ диаспорасының өзіндік санасының дамуы аясындағы рухани сабақтасу мәселесін қарастыру да маңызын арттырып отыр. Себебі, шетелдегі қазақтар арасында ұлттық мәдениетіміздің төлтумалық мәйегі сақталған. Қазіргі қазақтардың мәдениетінің тарихи бастаулары негізінен елімізде қордаланып отырғаны белгілі және осы тұрғыдан алғанда «тарихи Отан» деп аталатын ресми мекенмен шартараптағы қандастарымыздың рухани және мәдени қатынастарын тереңдете түсу мәселесі жаңа қырларын танытуда.

Тұтас қазақ мәдениетімен тамырластығын, сабақтастығын сақтай отырып, уақыт пен кеңістік аясында Моңғолия қазақтарына өздері өмір сүріп отырған доминатты ұлттың ішінде қазақы келбеті мен этникалық тұтастығын сақтай отырып рухани-мәдени құндылықтарды бірегейлендірді. Моңғолия қазақтары біртұтас халқымыздың рухани-мәдени дамуына орасан үлес қосып отыр.

Қазақ диаспорасының өзіндік санасының дамуы аясындағы рухани сабақтасу мәселесін қарастыру да маңызын арттырып отыр. Себебі, шетелдегі қазақтар арасында ұлттық мәдениетіміздің төлтумалық мәйегі сақталған. Қазіргі қазақтардың мәдениетінің тарихи бастаулары негізінен елімізде қордаланып отырғаны белгілі және осы тұрғыдан алғанда «тарихи Отан» деп аталатын ресми мекенмен шартараптағы қандастарымыздың рухани және мәдени қатынастарын тереңдете түсу мәселесі жаңа қырларын танытуда. Мәселен, көптеген этнологиялық күрделі мәселелердің терең астары мен шешімі осы өзара байланыстарды дамытуда жатыр.

Моңғолиядағы қазақтар тұтастай алғанда өз этносымен бірегейліктің жоғары деңгейін сақтауда. Әсіресе, ұлттық-мәдени дәстүрде, отбасылық қатынастар және діни ғұрыптарда салт-дәстүр төлтумалылығын сақтау айқын көрініс тапқан. Отбасылық-некелік қатынастарда қазақ этносының басқа ұлт өкілдерімен араласуы төменгі деңгейде. Моңғолстандағы қазақ диаспорасы өкілдерінің басым көпшілігі моноэтникалық некеде тұрады. Моңғол қазақтарының отбасылық-некелік қатынастары белгілі бір дәрежеде, бөтен ұлттық ортада өздерін өзге этнос өкілдерінен ерекшелеп, қазақ этносына жататындықтарын айқындауға, анықтауға мүмкіндік беретін этнодифференциялаушы рөлге ие.

Қазіргі жағдайда діни фактор өзін-өзі анықтаудың формасы ретінде айырықша мәнге ие. Қазақтар шоғырлана қоныстанған аймақтардың белсенді исламдануы соңғы жылдары ислам әлемімен орнатылған байланыстарға тікелей байланысты, бұл діни ғана емес, этностық сананың да өзектілігінің артуына ықпал етеді.Тұрмыстық мәдениет деңгейінде этностар аралығындағы айтарлықтай айырмашылықтың жоқтығы көршілес этностардың тарихи экономикалық тіршілігімен тікелей байланысты, өйткені оның ешқандай ұлттық ерекшеліктері айқын көрініс бермейді.

Барлық қазақ қауымдастықтары үшін дәстүрлі діни, мәдени құндылықтарына және дәстүрлі институттарды сақтауға ұмтылыс тән. Этникалық ортадан алшақтықтағы жағдай қазақтардың өздерінің этникалық мәдениеттерінің символикалық элементтерін айшықтауға итермелейді және олар оны қауымдаса өмір сүру арқылы сақтайды, бұл мінез-құлықтың, дүниетанымдық бағамдардың тұрмыстық деңгейде болсын, саяси және экономикалық қызметте де айырықша үлгілерінің өзектенуіне әкеледі.

Елшілік берген соңғы мәліметтерге сүйенсек Моңғолиядағы қазақтардың жалпы саны қазір 100 мың адам екен. Соның ішінде қазақтар бас қала Уланбатор және қала маңындағы сұмындарда (елді мекендерде) орналасқан. Мұндағы халықтың басым бөлігі өндіріс, кен орындарында, дәстүрлі мал шаруашылығымен, оның ет-сүт, тері өнімдерін өндіру, өңдеу ісімен шұғылданады. Жаз жайлауын малға жайлы, шөбі шүйгін ішкі Моңғолияның тамаша табиғаты аясында өткізген қандастар алдында өрген отарлары мен ірі қараларының санына, малшылардың көңілі жайлы. Ата кәсіп болған мал шаруашылығының қаймағын бұзбай XXI ғасырға дейін алып келген Моңғолия қазақтары деуге болады [3].

Қазіргі заманда алыс және жақын шетелдердегі отандастарымыздың өмір тіршілігін, руханият әлемін ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырудың мүмкіндіктері кеңеюде. Тәуелсіздік жылдары алыс-жақын шетелдерден елге 1 миллиондай қандастарымыз оралғаны белгілі. Олар елімізге адам ресурстарын көбейтіп, сонымен қатар елімізге қазақтың дәстүрлі мәдениетімен қоса, өздері өмір сүрген елдердің кейбір озық мәдениеттерін де ала келді.

Қазақ диаспорасы өкілдерінің этникалық төлтумалылығының тұрақтануының факторы – олардың экономикалық және әлеуметтік табыстылығы екендігі белгілі. Қазақстандық ғалым С. Әжіғалидің айтуынша Моңғолиядағы қазіргі кезеңде қазақ диаспорасының жеткілікті түрде сақталуының біз үшін стратегиялық маңызы бар [4].

Қазақтар ұзақ уақыт бойы менталитеті және мәдениеті жақын моңғол халқымен үйлесімді бірге қатар тұрып келеді және өзінің этномәдени ерекшелігін сақтай отырып, бұл елдің экономикалық және мәдени дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Моңғолиядағы қазақ диаспорасының келешегіне көз жүгіртіп, ұлт болып сақталуына мүмкіндік жасаудың маңызы зор. Алтай тауының теріскей бетінде қазақ ұлтының шағын тобы өз бетінше дербес өмір сүріп, білім-ғылым көшінен қалмай, ана тілін қастерлеп, өз ұлтының рухымен, мәдениетімен, өнерімен сусындап, рухани байлығының сарқылмастай қорын жинап келді. Сондықтан Моңғол қазақтарының мәдениетін зерттеу, соған орай пәрменді бастамалар көтеріп, бағыт-бағдар беру, олардың білім алуда, мәдени-рухани дамуда өткізген тағдыр талабына есеп жасап, диаспора мәселесіне қатысты стратегиялық ұстамын белгілеп, саясат жүргізу ұлт мүддесінен туындайтын өзекті мәселе болмақ. Моңғолиялық қазақтар тілі мен салт-дәстүрін біршама таза сақтаған, рухы биік екені белгіленді.

Шетел қазақтары әлем кеңістігіне бейімделу барысында өзін-өзі танып біліп, басқа мәдениет үрдісінен өз ұлттық рухани құндылықтарын айқын ажыратып, дәстүрлі мәдениеттің дамуына қызмет етті. Бұл үрдістің қалыптасуына ұлттық рух, ұлтжандылық терең әсер етті. Жаһандық құбылыстар дәстүрлі құндылықтарды мойындамай, жаңа заманауи құндылықтарды орнықтырып жатқан жағдайда шетел қазақтары өзіндік дәстүрлерінің сақталуына кедергі болары анық. Осыған байланысты шетел қазақтары өзіндік келбетінің сақталуы үшін этникалық мәдениеттің тарихи негіздері мен сипаттарын жан-жақты өркендетіп, тарихи Отанмен байланысын пәрменді түзіп, ұлттық тіл мен дәстүрлі мәдениетті нығайтуға қызмет етуі керек.

Бүгінгі таңда қолымызда бар ең үлкен көмекті осы өнер мен мәдениет саласына көрсетуіміз қажет. Әсіресе, отандастарымыздың біраз бөлігі өмір сүріп жатқан Қытай, Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Қырғызстан секілді көршілес отырған елдермен рухани-мәдени қарым-қатынаста болуымыздың маңызы зор. Осы ойды Жәди Шәкенұлы қолдап: «Көші-қон комитетінің жанынын «қазақ диаспорасының мәдени орталығы» сынды арнайы бөлім жұмыс атқаруы керек. Осы құрылған ұйым өз еліміздің үкіметтік және қаржылық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, құзырлы министрліктермен тығыз байланыс орнатып, шеттегі қазақтармен рухани бірлік қалыптастыру қажет. Бұл барыста Қазақстан тарапы байланыс

жасаушы елмен екі жақты қарым-қатынастардың күшеюін және стратегиялық әріптестік қатынастарды пайдалана отырып, ондағы қазақтардың төл мүддесіне сай келетін және ұлттық рухын нығайтатын жүйелі, нысаналы және байыпты саясат жүргізуі қажет болады» өзінің мақаласында атап көрсетті [5].

Сөйтіп, Моңғолия қазақтарының тарихи дүниетанымдық құндылықтық бастауларының терең қырлары бар және олардың ұлттық өзіндік санасының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері көрініс берген. Моңғолия қазақтарының қазіргі замандағы құндылықтық әлеміндегі сапалы өзгерістер сараптаудан өткізу арқылы олардың Қазақстанмен, яғни тарихи Отанмен этномәдени байланыстар жасауы және рухани сабақтасу мәселесі болашақ ұрпақ үшін аса маңызды екені анықталды.

Әдебиеттер

1. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. I том. Алматы, 2001.
2. Сарайқызы А. Моңғолия қазақтары // Қазақ. 2010. 13-тамыз.
3. Мұқан А. Моңғолия және Ресей қазақтарының бүгінгі хал күйі // «Керуен». Ғылыми және көркем-әдеби журнал. 2012. № 3.
4. Ажигали С.Е. Казахстану стратегически важно сохранить присутствие казахской диаспоры в Монголии // Туған тіл. 2012. № 2 (17).
5. Шәкенұлы Ж. Шеттегі қазақ біздің рухани көмегімізге зәру // http://www.kazaitys.kz/kz/article/view?id=74.

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

Жайлыбаев Д. Ж.

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы

Моңғолиядағы ислам дінінің қалыптасуын XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Шығыс Түркістаннан қазақтардың көптеп қоныстануымен байланыстыруға болады [1, с. 112]. Алайда, 1870 жж. Ховд аймақ Цэнгэл сұмынында «Шолақ Көйтен» атты алғашқы мешіттердің құрылысы басталғаны жайлы деректерді кездестіреміз [2, 15-б.]. Алайда осы деректерді алға тарта отырып Моңғолиядағы ислам дінінің нақты даму үрдісін 1870 жылмен байланыстыру негізсіз деп ойлаймыз. Себебі жаңадан орнығып жатқан ел ішінде діни құрылыстар мен діннің ерекше қарқынды дамып кетуі тарихи және мәдени заңдылықтарға сәйкес келмейді. Бұл жердегі діннің даму үрдісін яғни мешіттердің құрылысының басталуы XX ғ. басына сәйкес келеді деп тұжырымдауға болады. Моңғолиядағы 1930 жж. соңындағы саяси дүрбелең уақыттарда дінге деген көзқарастың қиындауы нәтижесінде барлық діни үрдістер тоқтап қалды десек болады.

1990 жж. мемлекеттік өзгерістерден кейінгі жағдайлар Моңғолиядағы діни үрдістердің жаңа формаларына жол ашты. Яғни, 1992 ж. Моңғолияның жаңа конституциясы қабылданып, онда әрбір азаматтың наным-сеніміне бостандық берілген, яғни мемлекет пен діннің арасында өзара ымыраластық орнаған.

1993 ж. қараша айында конституцияға сүйене отырып «Мемлекет пен діннің арақатынасы» туралы заң қабылданды. Қазіргі кезде Моңғолияда дінге сенушілердің ішінде исламға мойынсұнушылар буддизмді ұстанушылардан кейін екінші орынға ие болып отыр. Ислам дінін ұстанатындар Баян-Өлгий, Дархан, Эрдэнэт, Уланбатордағы және т.б жерлердегі қазақтар болып табылады.

1990 ж. қазан айында Уланбатордың Моңғолия мұсылмандары одағы (ММО) құрылды [3, с. 69]. Ол Моңғолияда исламның дамуына жаңаша серпін берді десек болады. Себебі,

1992 ж. Моңғолия Ислам Діні Орталығы (МИДО) болып өзгертілген бұл орталықтың мақсаты Моңғолиядағы мұсылмандардың құқығын қорғау, исламның діни дәстүрлерін сақтау, мұсылмандардың Меккеге қажылыққа баруын ұйымдастыру, дін қызметкерлерін дайындау, халыққа исламды насихаттау және т.б. Бұл орталықтың қызметі негізінде көптеген курстар ұйымдастырылып, Құранды қазақшаға аударды. Осы уақыт аралығында 3000-ға жуық бала исламның негізгі курстарын аяқтаған. 2006 ж. әлеуметтанулық зерттеулерде дінге сенушілердің 80% – буддизмді, 10% – христиан, 10% – ислам дінің ұстанушылар болып табылады. Бұл зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып келесі онжылдықта Моңғолия қазақтарының діни ұстаным үрдістерін жаңа қырынан зерттеуге мүмкіндік туғызады. Себебі ел ішінде христиан дінін және басқа да діни ағымдарды ұстанушылардың саны күрт көбеюде.

Моңғолия қазақтарының қазіргі кездегі діни жағдайы территориялық ерекшелігіне және қазақтардың шоғырлануына сәйкес әр түрлі. Бұл мәселелерді Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Этнология және антропология бөлімінің қызметкерлерінің көп жылдардан бері жалғасып келе жатқан Моңғолия кешенді этнографиялық-этноархеологиялық экспедициясының (МонгКЭ) жұмыстарының нәтижесі көрсетіп отыр [4]. Мысалы, Тов аймақ Баянцог және Угтаалцайдам сұмындары маңындағы қазақ жайлауларындағы діни жағдай әлсіз деп айтуға болады, өйткені ол ауылдардың көпшілігі моңғолдармен етене жақын араласып отыр, сонымен қатар, ауылдардың діни орталығы – мешіттері жоқ соның негізінде ислам дінінің көрінісі бұл сомондарда жекелеген тұлғалардан ғана көрінеді [4].

Керісінше Сэлэнгэ аймақ Шарынгол қаласындағы қазақтардың діни ахуалы қазіргі кезде өте қарқынды дамып келе жатыр десек болады, өйткені Шарынгол көмір шахтасы пайдаға беріліп жергілікті әкімшілік құрылғалы қырықтан астам жыл болған. Осында алғаш мешіттің ашылуына осы елдің азаматтары көп үлес қосқан, соның ішінде Қабшит ақсақал, Дәлел, Сүбәділ, Әбдиман сияқты азаматтар Шарынголдағы діннің дамуына көп қызмет жасады. Шарынголдың ең алғашқы имамы 1990 жылы Мөшей Ахметұлы болды, одан кейін 1991 жылдан бастап Ж. Әсеби ақсақал имамдық қызмет атқарды. 1992 жылы Түркияға барып оқып келген Д. Қанағат қазіргі уақытқа дейін Шарынгол қаласының бас имамы қызметін атқарып келеді [2, 133-б.].

1996 ж. Дархан-Уул аймағына қарасты Дархан, Шарынгол, Хонгор, Сэлэнгэ аймағының Бугант, Ерөө, Баянхараат, Зүүнхараа сұмындарында тұратын мұсылмандар бірігіп Шарынголдағы ескі ғимаратты сатып алып, Қ. Ермұрат бастаған азаматтар күрделі жөндеуден өткізіп орталық мешіт қылып жасап алған. Бұл мешіттің алғашқы имамы болып Ж. Әсәби, А. Мөшей, көмекші имам болып Ж. Әсәби, Төлеген сияқты имамдар қызмет істейді. Бірақта мешіттің тұрақты имамы болмады және мешіттің қаражаты жеткіліксіз болғандықтан Шарынголдағы діни ахуал тұралап тұрды. Тек, 2000 ж. басында Моңғолия мұсылмандар одағының (ММО) бұйрығымен Ховд аймағынан Б. Болат имамды жіберуі үлкен істердің басы болды. Себебі, осы тұста мешіттің есік-терезесі шағылып бос тұрған еді. Міне осындай жағдайдағы мешіттің есік-терезесін жөндеп, бес уақыт намаз өтіліп, жас балалаларға діни сауат ашу курстарын өткізе бастады. Алайда қыс мезгілінде мешіттің намаз оқитын үлкен бөлмесі жылымай біраз қиыншылықтар болды. Бірақта бұл қиыншылықтарды Болат имам Германия, Түркиядағы мұсылмандардың және Моңғолия мұсылмандар одағының қаржысымен мешітті күрделі жөндеуден өткізіп, «Хазіреті Біләл Хауаши» атындағы мешіт болып қайта аяғынан тұрғызған [4].

Шарынголдан 2004 жылға дейін 6 адам қажылыққа барған. 2005 жылы қажылыққа 4 адам қажылық парызын өтеп келген. 2000–2007 жж. Б. Болат имам қызмет атқарған тұста мешіттің экономикасы көтеріліп, жастар Түркия, Қазақстан, Қырғызстанға діни оқуларға жіберіліп тұрды [4].

2009 жылы Д. Қанағат бас имамға сайланып қазіргі кезге дейін жұмыс істеп келеді. Қажылар Б. Болат, Н. Әбдіхалықтар мешіт ісіне үнемі жәрдемдесіп тұрады. Мешіттен мектеп оқушылары мен ересек адамдар сабақ оқып діни сауаттарын ашумен қатар жұма намаз

үздіксіз өтеліп, ораза ұстау, құрбан шалу, басқа да діни рәсімдер, насихаттық шаруалар жүйелі түрде атқарылып келеді.

Бұл мешіт 50–60 адамға арналған, арнайы кітапханасы бар Діни кітаптар Уланбатордан, Бішкектен, Түркиядан басылып шыққан. Мешіт кітапханасындағы кітаптардың негізі мыналар: 1. Сейфаддин Языжы Негізгі діни мағлұматтар «Алтайн Сарнай», 2008., Уланбатор қаласы 2008., 2. Шейхул-Хадис Мәуләна Мухаммад Зәкәрия Кәндәхләри. Фазаил амәл (амалдардың құндылықтары)., 3. Хикаяту Сахаба / Которген: Молда Ахмад Али, Жанұзақ Сарт уулу. Бишкек, 2012. 4. Топбаш О.Н. Теңдессіз үлгілі тұлға – Хазіреті Мұхамед Мустафа с.ғ.с. – Алматы: «Хикмет» баспа үйі, 2009., 5. Пайғамбарлар тарихы (Қысас-ул-Анбия) Ибн Касирдин сөзинин негизинде түзген Садық Гавай, Бишкек, 2011.

Бұл кітаптардың тізімінде екінші тұрған Шейхул-Хадис Мәуләна Мухаммад Зәкәрия Кәндәхләри Фазаил амәл (амалдардың құндылықтары) кітаптың басылып шыққан баспасы және қай елден басылғаны жазылмаған. Яғни бұл кітап біздің елдегі *таблиғи* жамағаттың арасында ерекше танымал кітап болып табылады, осы тұстан байқайтынымыз Моңғолияда да таблиғи жамағаттың діни әрекеттері жүріп жатыр. Мешіт жамағатымен және ауыл тұрғындарымен сөйлескенімізде онда үш күнге, қырық күнге Алла жолында дағуатқа шығып тұрушылардың қатары баршылық екен. Сонымен қатар, Қырғызстаннан дағуат жолында таблиғи жамағаттың өкілдері Шарынгол қаласына және көрші ауылдық жерлерге көп келеді. Оның негізгі дәлелі біз зерттеген отбасылардың көпшілігі үш күнге дағуатқа шығып келеміз немесе дағуатқа шығамын деген ниеттерін білдіріп жатты. Жалпы таблиғи жамағаттың ерекшелігі «таблиғ» арапшадан аударғанда «жеткізу», «тарату» деген мағынаны білдіреді. Яғни, олардың дінді насихаттау жолыда дәл солай әр жерлерге барып адамдарды иман келтіріп, дінге шақыру. Бұл олардың мобильді қызметін көрсетеді. Дегенмен, Моңғолияның мұсылмандырының территориялық және шаруашылық жағдайына сәйкес таблиғи жамағаттың дінді жеткізу жолы ең тиімді жолдардың бірі десек болады. Өйткені олардың көпшілігінің шаруашылығы малмен байланысты болғандықтан үнемі жыл бойы көшіп жүргендіктен мешітке барып діни сауат ашуға мүмкіншіліктері бола бермейді. Ал таблиғтар болса өздері келіп шалғай ауылдар болсын барлығына дінді жеткізуге тырысуда. Міне осының негізінде Моңғолияның мұсылмандары ислам дінін жаңаша жолдармен игеруде десек қателеспейміз. Сонымен қатар, Шарынғол қаласының маңында Мұқыргол елді мекенінде Зұлқарнай Бекбайұлы деген қажы тұрады. Оның айтуы бойынша ел ішінде дағуатшылардың жұмыстары өте белсенді өйтені осы жылдары Индияға 4 кісі дағуатқа барып қайтқан. Ал бұл жерге Қырғызстан, Үндістан, Пәкістан, Шри-Ланкадан дағуатшылар келіп тұрады. Сонымен қатар, Түркиядан оқып келіп жатқан азаматтарда баршылық екен. Алайда, қаншама діни ықпалдар мен жаңаша діни мәліметтер келіп жатқанымен ел ішінде өлген кісінің артынан жетісі, қырқы, жылы сияқты діни рәсімдерін өткізу әлі жалғасып келеді.

Ал Дархан-Уул аймағының Хонгор сомоны «Ыбырай ұлы Солтан» атындағы мешіт Моңғолия мұсылман ұйымдары одағының (ММҰО) демеуімен Ы.Солтанның ұрпақтарының және Хонгор халқының қолдауымен 2007 жылы ашылған. Бұл мешіттің алғашқы имамы болып С. Айтуған қажы тағайындалған. Қазіргі кезде бір қызығы сол мешіттің бас имамы Мұхамед деген азамат, оның ұлты қалқа моңғолы, исламды қабылдаганнан кейін есімін өзгерткен моңғолша есімі Ганзюруг Эрдынгуруулын. 37 жаста,қазақша таза сөйлейді әйелі қазақ. Отбасында қазақша сөйлейді бала-шағасына қазақша тәрбие беріп, қазақша сөйлеуге тырысады. Ислам дінін 2003 жылы Қарағандыға қазақ азаматына тұрмысқа шыққан әпкесіне барған кезде қабылдаған. Қарағандыда болған алты айдын ішінде исламды қабылдап және қазақшаны да үйреніп үлгерген. Исламды қабылдаған кезде алғашқы кездері бауырлары мен туыстары қарсылық білдірген екен. Алайда қазіргі кезде дін мәселесінде туыстары арасында мәселе жок, бауырлары да исламды қабылдаған. Дағуатпен (дін насихаттаумен) 11 мемлекетте болып қайтқан [4].

Жалпы осы зерттеулер барысында байқағанымыз Шарынгол және Хонгор маңындағы ауылдарда біраз қажылар бар, олардың негізгі бөлігі қажылыққа араб елдерінің патшалары мен шейхтарының қаржысына барады екен.

Сонымен қатар, Уланбатордың оңтүстік-шығысындағы Налайх қаласындағы діни жағдай өте қарқынды дамып келе жатыр десек болады. Өйткені ол жерде екі мешіт және медресе орналасқан.

Налайх қаласында 1993 жылы сәуір айында мешіттің құрылысы аяқталып пайдалануға берілді. Сол алғашқы жылы Моңғолия мұсылмандар қоғамының (ММҚ) демеуімен Пәкістаннан 4 жылдық діни білім алуға Р. Жанарбек, М. Мөнке, С. Бақыт, Қ. Мұхамед, С. Сарқыт, Р. Аманқабыл, Р. Берікбай, Т. Мұса, С. Айтуған сияқты 9 баланы жіберген.

1998 ж. 16-мамырда ММҚ төрағасы М. Азатқан қажы бастаған қоғамның басқарма мүшелері Налайх мешітінің жұмысымен танысып, діндарлар және дін демеушілерінің жиналысын ашты. Осы жиналыста ММҚ-ның жаңа тәртіп жобасын таныстыра келіп мешіттің жұмысын Имам басқарып жүргізетін жүйе орнағанын мәлімдеді. ММҚ-ның ұйғарымы бойынша сол жолы Р. Жанарбек Налайх қазақтарының имамы болып тағайындалды. Сол Р. Жанарбек имамның айтуы бойынша қазіргі кезде Налайх қазақтарының арасында ислам діні қатты дамып келе жатыр. Сонымен қатар, ол басқарып отырған «Мекке» мешіті Моңғолиядағы азан шақыратын жалғыз мешіт болып саналады екен. Өзі Пәкістан, Түркия, Қазақстанда діни білім алған. 2004 жылы қажылыққа барып қайтқан. Мешітте жұма намазы үздксіз оқылып, ораза кезінде бір ай бойы тарауих намазы оқылып жатыр. Жалпы мешіт жамағаты оразаны белсенді ұстауда. Қазіргі уақытқа дейін Налайхтан 7 қажы, 3 хафиз (құранды жатқа білетін адам) шыққан. Зерттеу барысында байқауымызша Налайхта таблиғи жамағат көп белсенділікке ие емес. Себебі Р. Жанарбектің айтуына қарағанда таблиғи жамағаттың жұмыс тәртібі оларға сәйкес емес, яғни қырық күн сыртқа кетіп дағуат айтқанша, қырық күн өзіміздің елде уағыз айтқанымыз дұрыс деп тұжырымдайды. Оның үстіне таблиғи жамағаттың дін тарату дәстүрі ауылдық жерлерде яғни, мал шаруашылығымен айналысып отырған қазақтарға өте тиімді, жоғарыда келтіргеніміздей олардың мешіт, медреселерге баруға мүмкіншіліктері жоқ. Керісінше Налайх қалалық жер болғандықтан тұрғындарға мешітте, медреседе өте жақын яғни Налайх қаласында қазақтар негізінен 4-хорода (шағын ауданда) тұрады. Соған сәйкес мешіт-медреседе сол шағын ауданда орналасқан.

Налайхта тағы бір сондай діни ерекше жағдай қалыптасқан, яғни 2013 жылы сәуір айында жаңадан екі қабатты мешіт-медресе салынған. Бұл мешіт Түркияның «Тика» ұйымының қаржысына салынған. Мешіттің ресми атауы «Налайх–Конья мәдени орталығы». Бұл орталықтың басшысы Тиянақұлы Жанбота деген азамат, діни білімді Мысырдың Әл-Азхар университетінде және Түркияда алған. Қазірде медреседе 16 қыз бала діни сабақ оқып жатыр. Ораза кезінде ұл балалар арасында да діни сабақтар өтіліп тұрған. Апта сайын екі рет ересектер арасында діни сабақтар өтіліп тұрады. Келешекте қазақ, араб тілдерінің курстарын және домбыра секциясын ашу жоспарланып отыр. Бұл орталыққа діни әдебиеттер негізінен Түркиядан келеді екен, Қазақстаннан діни әдебиет алуға Ресей шекарасы кедергі болып тұр екен. Бір қызығы бұл мәдени орталықтың ашылу салтанатына Түркия премьер-министрі болған қазіргі президенті Режеп Ердоган келген. Жалпы Т. Жанботаның айтуы бойынша, Налайхта христиан және будда дініне кіріп кеткен қазақтар бар екен, алайда исламның бұл жерге қанат жаюы өте қарқынды. Біздің зерттеу жұмысымыз ораза айт кезіне сәйкес келіп, қалада айт мерекесі ерекше тойланды. Имамдардың жалпы дін мамандарының айт кезінде мерекелеу мен әр үйге қонақ болудан уақыттары болмай жатты. Жастар арасында дінге деген қызығушылық және намаз оқу үрдістері жиі байқалады. Налайх қазақтарының исламға деген көзқарасы мен сенімі өте қарқынды десек болады. Қазіргі кезде Моңғолиядағы ең үлкен мешіт осы Налайхта орналасқан.

Ховд аймағының Уенч және Бұлғын сұмындарында қазақтар көп тұрады. Уенч сомонының имамы Суықбай Бұлықбайұлы деген азамат. Уенчтегі мешітті 2012 жылы «Рухани нұр» қоры салып берген. Мешітке жұма намаздары кезінде 40–50 кісі келеді,

олардың көпшілігі отыз, қырық жастағылар. Ораза айында 20 үйден 10 кісі ауыз бекітеді. Сонымен қатар, рамазан айында 7–8 ұл балаға діни сауат ашу курстары ұйымдастырылды. Олардың барлығы намазға жығылмаған, әйтседе алғашқы діни мәліметтер алып шықты. Алайда қыз балаларға оқытатын ұстаз болмағандықтан қыздар аптасына бір рет Бұлғын сомонына медресеге барып әйел ұстаздармен сұхбаттасып тұрады. Жалпы, Уенч жастарының дінге деген көзқарасы дұрыс, қарсылықтары жоқ. Діни әдебиеттерді Уланбатордан, Түркиядан, Қазақстаннан алып тұрады. Жылына бір рет Қырғызстаннан таблиғи жамағат өкілдері дағуат жасап кетеді. Оған халық тарапынан еш қарсылық байқалмаған. Уенчте ислам дінінің ең қарқынды дамыған кезі 1998–2004 жж. болса керек. Суықбай имамның айтуы бойынша, осы жылдары үлкен кісілер арасында дінді ұстанушылар көп болған. Тіпті үш шақырым жерлерден атпен жұмаға келетін кісілер болған. Қазір олардың көпшілігі дүниеден озып, қалғаны Қазақстанға көшіп, ауылдарда дін әлсіреді. Жалпы бұл өңірдегі дінді күшейтудің бірден бір жолы жастарды медреселерге топтастыру, – дейді Суықбай имам [4].

Моңғолдар арасында исламды қабылдап жатқандар жоқ, сондай-ақ қазақтар арасында да будданы қабылдап жатқандар байқалмайды. Бұл аймақтың ерекше мәселесі олардың қыстауы Ақши деген жерде ал онда мешіт бар, бірақ оны тек қыстауға барғанда ғана ашады. Ал қыс мезгілінде Уенчтегі үлкен мешіт жабылады. Соның негізінде дін тұрақты дамуға мүмкіншілік ала алмай жатыр. Сондай-ақ, Бұлғын сұмынында қазақтардың исламды ұстануы ерекше десе болады. Өйткені мұнда мешіт және медрессе де бар.

Бұлғын сомонының мешітінің ұстазы Тоқтар Әнуарұлының берген мәліметіне қарасақ Бұлғында дін жақсы дамып келеді, бірақта парыз намаздарға ел мал шаруашылығымен айналысқандықтан көпшілігі қатыса алмайды. Алайда рамазан айында жастар мешітке көп келіп жатады және Түркияға жастар арасынан қарилық оқуда оқып жүргендер де бар екен [4].

Жалпы Моңғолияның мұсылмандары Әбу Ханифа мазхабын ұстанушылар. Қазірде ислам діні бұл елде кең қанат жайып келеді. Елдің қазақтары көп жерлерден мешіттер, медреселер салынып жатыр. Сонымен қатар, жекелеген азаматтардың көмегімен және ММҚ-ның қолдауымен көптеген азаматтар қажылық парызын өтеп келіп жатыр. Исламның Моңғолияда дамуын зор үлес қосушылардың бір тобы бұл – Түркияда білім алған жастар десек болады. Солардың байланыстары негізінде түркиялық ірі мәдени қорлар Моңғолияныңорталық қалалары мен сомондарында мешіт, медресе салып, қаржылай көмек жасап келеді. Алайда келешек онжылдықта Моңғолиядағы діни үрдістер өзгеше сипат алатыны анықталып отыр, яғни ел ішіндегі қазіргі діни үрдістер әсіресе шағын ағымдардың көбеюі Моңғолиядағы моңғолдар мен қазақтарға әсер етпей қоймайды.

Әдебиеттер және деректер

1. Ажигали С.Е., Турганбаева Л.Р. Казахские мечети Монголии // Интеграция археологических и этнографических исследований: Сборник научных трудов. Алматы–Омск, 2004.

2. Зұрғанбайұлы Р. Имандылық қайнары. Өлгей–Ұланбатыр, 2010.

3. Ванчиков П.В., Самдангийн Н. Религиозная ситуация в Монголии: 1990–2009 гг. // Гуманитарный вектор. 2004. № 3.

4. АӨЖМ. МонғКЭ–2013.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА КАЗАХОВ МОНГОЛИИ

Каргабекова Р.И.

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова КН МОН РК, Алматы

Находясь на пересечении важных торговых путей, издревле связывающих между собой такие страны как Казахстан (на востоке страны), Россию, Китай, современная дружественная Монголия дает возможность знакомиться, изучать многообразный мир казахов, проживающих в этой стране. В данной статье приведены частично материалы двух комплексных экспедиций в Монголию, первая – 2010 год, под руководством заведующего Отделом этнологии и антропологии Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК, доктора исторических наук, профессора С.Е. Ажигали. Научная экспедиция 2012 года совместно с учеными Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова КН МОН РК (руководитель проекта, кандидат искусствоведения Г.Т. Жумасеитова) подкрепила знания по материальной культуре казахов, в частности, западного региона Монголии и дала возможность сделать сравнительный анализ с материальной культурой казахов центральной части улуса.

Ввиду ограниченного количества времени отведенного на экспедицию, выезд по аймакам в летнее время, в наиболее щадящий для исследователей сезон, остались открытыми еще многие вопросы по материальной культуре, в частности убранство зимовок, зимняя одежда и т.п. Выгодное расположение границ Монголии с Российской Федерацией, наличие федеральных трасс, позволило участникам экспедиции (июль 2012 года) частично провести ознакомление приграничными с Казахстаном регионами Горного Алтая (Кош-Агачский район, Жана-Аул, Тобелер), зафиксировать экспонаты Музея казахов Алтая и небольшое количество произведений в домах жителей.

Большую часть экспедиционного материала составляют предметы быта казахов проживающих в центральной: Дархан Уул аймак – сомоны Хонгор (Күйтін жайляу), Шарынгол, Баянгол, Налайх и западной части Монголии: Баян-Ольгийский аймак – Ногоннур, Цаганнур (аулы – Аккөл, Қара маңдай, Зуслан), Уланхус.

Казахи Монголии, несмотря на свою малочисленность в сравнении с коренным этносом (по материалам переписи 2010 года – более 100 тыс. человек) [1, с. 409] и тесный контакт с местным населением (нами отмечены смешанные браки в центральной части страны, заимствование отдельных слов, использование некоторых мотивов монгольского орнамента в изделиях прикладного искусства и др.), сохранили многие исконные народные. Отдельные традиционные предметы быта в неизменном виде используются и в наши дни. Из большого и разнообразного материала выделены как широко распространенные, так и местами уникальные, редко встречаемые изделия в быту, а также экспонаты, выделяющиеся из основного состава по своим формам и художественному содержанию.

Визитная карточка материальной культуры казахов Монголии – юрта. В каждом отдельном дворе местных жителей (в частности в Баян-Ольгийском аймаке, построены на собственные средства) стоят *киіз үй (в* простонародье *салқын там)* – летняя деревянная юрта и глиняный, кирпичный *жылы үй* – теплый дом (из 2–4-х комнат). Гостеприимство казахов зарубежья, их открытость к беседе и неподдельный интерес к нашей экспедиции дали возможность побывать как в отдельных квартирах многоэтажных домов в столице, так и в своеобразных музеях под открытым небом – юртах отдаленных жайляу. Во многих из юрт отмечается общность в использовании многих предметов быта местных жителей, занимающихся скотоводством, идентичность используемых материалов и такие частности, как масштаб и декор. Приятным фактом является сохранность исконных названий составных частей юрты – *кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық,* чаще *есік* (в основном одностворчатая), *бақан* и сырье для ее изготовления (древесина). Отличие местных юрт от существующих

аналогов в Казахстане более приземистая, широкая, подходящая для климата этой страны форма. По пролегающему маршруту экспедиции встречались 80–100 *басты үй*, местными жителями привычно брать за масштаб юрты не количество секций *кереге*, а отсчитывают по развилкам-головкам (бас), от скрещений *уыҗов*.

Учитывая сделанные за много лет вперед изыскания и исследования предшествовавших ученых-этнографов, историков о казахской юрте [2] и связанные с ней процессы изготовления, детальное описание, в том числе у казахов Монголии [3], мы остановимся на современных тенденциях и состоянии отдельных видов прикладного искусства, а также проблемах упадка и даже исчезновения некоторых из них. Хотим отметить острую проблему с деревянными изделиями, в частности запрет на вывоз из страны дерева и деревянных изделий, который усугубил положение казахов, переезжающих на историческую родину (по приезду в Казахстан такая юрта разрешила бы первоначально проблемы с жильем). Огорчает, вынужденая продажа и низкая стоимость юрты (ок. 25–30 тысяч тенге, сравнение приведено по оценке местных жителей западного региона страны). Данная проблема является острой и решается только самими хозяевами юрт. То есть они вынуждены оставлять свои юрты, еще не решившим сняться с места жительства сородичам. Те в свою очередь, возможно, тоже столкнутся с этой проблемой. Помимо этого масса, вес груза разрешенного на вывоз имущества из страны не превышает 50 кг на человека, что также влияет на тщательный отбор самого необходимого из скромного быта казахов, неважно на каком расстоянии от больших городов и районов они проживают.

В связи с образовавшейся проблемой покидающим страну казахам приходится распродавать за бесценок уникальные вышитые настенные ковры (например, тұскиіз 1970 года за 70–90 тысяч тугриков, в тенге – около 8–10-ти тысяч тенге), сборные деревянные седла и остальные детали конского снаряжения, инструменты (многие изделия сделаны вручную еще в далеких 1950–60-х гг.). Мы считаем, этим самым, отрываются от сердца память об отцах и дедах, в особо редких случаях некоторые изделия преподносятся в дар местному музею или этнографам.

На сегодняшний день повсеместно, ввиду массового переезда на историческую родину, вынужденного сокращения поголовья овец и др. факторов, заметен упадок производства изготовления войлочных изделий для покрытия юрты и внутреннего убранства. Рассматриваемые изделия – в основном оставшиеся раритеты прошлого века. Масштабными в разделе мягких материалов являются служащие покрытиями юрты: одноцветный *киіз – туырдыҗ*[1] [4, с. 37], *үзік* (покрытие купола) и *түндік* (покрытие шанырака), часто из белой, одноцветной шерсти. В современном быту обязательным является покрытие поверх киизов, для более лучшей сохранности кошем от дождя и палящего солнца, и придания жилищу своеобразного «белоснежного купола», плотной по структуре белой тканью (привозная из России или Китая). Такой прием заметен и в быту монголов, возможно соседство с ними наложило свой отпечаток на данное явление.

В декоре жилища бросаются в глаза яркие настенные вышитые *тұскиізы,* далее взгляд спускается на напольные средние по размеру войлочные ковры *сырмаҗ,* оригинальными выглядят небольшие круглые и в виде полумесяца коврики – *мауза* и очень редко встречаются *текеметы (текемент* –- такое название приведено в исследованиях д.и.н., этнографа Б. Камалашулы) [5, с. 48]. В среде местного населения бытует другое название – *алакиіз*. Б. Камалашулы отмечал широкое использование текемета в быту. Однако в обследованных нами районах похожие изделия практически не встречались. Один большой текемет 1959 года зафиксирован в приграничном с Монголией Кош-Агачском р-не в с. Жана-Аул (Горно-Алтайск, музей казахов Алтая) и тот является единственным в таком роде экспонатом музея.

К исчезающим видам прикладного искусства относятся использование и собственно изготовление функционально важного элемента юрты – *шым ши* – чиевая циновка для

[1] В отечественной науке принято название *туырлыҗ.*

защиты боковых сторон юрты от пыли, песка. Обусловлено это доступностью недорогой продукцией заводских производителей. А также спадом интереса молодежи к народному творчеству, зачастую, отъездом молодежи на учебу за границу (большая часть обучается в университетах Турции – из сообщения Қабылахата Рахатұлы, уста центра «Мейірім-қайырымдылық орталық» в Уланбаторе). Важность данного изделия чия для анализа состоит не только в его функциональном предназначении, но и в художественном плане. Нанизанные на тонкие тростники цветные шерстяные нитки в итоге составляли произведение, увлекающее зрителя своеобразными линиями орнамента, оригинальным исполнением и богатым колором. От многокрасочности было взято и само название – *шым ши* [6, с. 87]. Единицы народных мастериц еще собирают чиевый тростник осенью, «тоғызыншы айда» и пытаются придать аутентичность изделию, но в сравнении с аналогами тридцатилетней давности, экспонируемые в музеях и частных коллекциях, констатируем определенную утерю по качеству используемой шерсти и ее цветовой гаммы. Отмечается рыхлость в уплотнении нанизанных на чий ниток, упрощение в орнаментации, один или два узора, и выборе мотивов: отход от многосоставного орнамента к однообразному узору.

В ходе обследования сомона Хонгор Дархануулского аймака (Күйтін жайляу), участникам экспедиции удалось побывать на свадьбе старшего сына и окончания учебы младшего из сыновей Мүмкіна Ділмұратұлы, что позволило встретиться с большим количеством информаторов. В первую очередь внимание привлекает одежда, головные уборы гостей и устланные на земле сырмаки.

Интерес представляют женские головные уборы – *кимешеки* в виде капюшона из цельнокроеной хлопчатобумажной ткани белого цвета с вырезом для лица. Выкроен с одним спинным швом, закрывая плечи, грудь, сзади углом спускается по спине. Часто встречаемый вариант кимешеков оформлен вышивкой по краю лицевого выреза и спускающегося на грудь широкой лентой. Они прострочены цветными нитками на ручной швейной машинке (часто применяемые нитки – красные, желтые, серые). Поверх кимешека надевается – *шылауыш (шұлауыш: местное название)* – головной убор, складываемый из квадрата белой хлопчатобумажной ткани, и покрывающий волосы, спину, плечи. Часто шылауыш оторочены бахромой по периметру, прострочены по краю оранжевыми нитками. Углы выделены треугольниками с орнаментом. В более ранних видах в вышивке использованы красные и желтые нитки еще старого советского производства, они так и называются среди местных мастериц – *совет жіп*.

Уходит из быта использование завершающей детали кимешека *төбелдірік,* круглое навершие, закрепляемое поверх шылауыша металлической булавкой, инкрустированной камнями, бусами. Вышит он красными, желтыми и серыми нитками на белой ткани с подкладом. Многие из респонденток не знают об использовании данной детали кимешека, равно как и его предназначени; это заметно почти во всех обследованных нами районах. Говоря об этой детали следует сказать о фотографии 40–50-ти летней давности, опубликованной в местном журнале и хранящемся в экспозиции музея Баян-Ольгийского аймака экспонате, дополняющей сведения о традиционной казахской одежде. Так, на фото среди музыкантов ансамбля «Мурагер» сидит домбристка в красочном кимешеке с шылауыш, а на самой макушке красуется отделанный бахромой и украшенный перьями филина *төбелдірік*. Уникальность ее в том, что более нигде из зафиксированных ранее материалов, *төбелдірік* украшенный *үкі* не встречается. Так же привлекает внимание белое платье женщины, по подолу декорировано орнаментом, состоящим из отдельно расположенного в замкнутый контур мотива мирового древа, вышит гладью, золотыми и красного цвета нитками. Алый бархатный с длинными рукавами *шапан* украшает аналогичный узор как на платье. Заметим, что в музее казахов Алтая (РФ) идентичный узор украшает белое *сүлгі* (полотенце), только здесь применена тамбурная вышивка [7, с. 64]. Экспонат музея Баян-Ольгийского аймака расшит мотивами растительного орнамента. Композиционным центром является восьмилепестковая розетка, обрамлена узнаваемым мотивом стилизованного вьющегося стебелька, по краю обшита бахромой из ниток

золотисто-оранжевого цвета. Комбинация узора из четырех и восьми лепестков не раз появляется в вышитых одеждах из названного музея: например на спинке, рукавах и по подолу *жарғақ тон* (женского овчинного тулупа), на спине по центру и рукавах *оюлы кестелішапан* (парадного женского халата), на всех трех мужских *шалбар* (шароварах из разной ткани – овчины, бархата и черной саржи).

Нами приведены лишь два примера полного комплекта трехчастного женского головного убора. Еще один хранится в историческом музее Уланбатора. В обзорной статье Б. Камалашулы и О.Ошанова [8, с. 228], в частности даются краткие сведения о төбелдірік «который носили женщины в пожилом возрасте и только те, кто мог себе позволить» (т.е. богатые женщины – *РК.*).

Со слов Нұржамили Зенеқабылқызы (74 года, из рода базарқұл, уроженка Ховд аймака, Булгын сомона) сшитый ею кимешек она одела в возрасте 19 лет, сразу после замужества. Данный факт является дополнением к ранее приведенным сведениям отечественных ученых о том, что кимешек носили после рождения 1–2 детей и в пожилом возрасте. По сделанным наблюдениям в соседних сомонах кимешеки стали частью памятных вещей, переданных в наследство детям (дочерям или невесткам). Н. Зенеқабылқызы свой кимешек передаст в дар невестке, та, в свою очередь, как многие современные молодые невестки будет хранить его как реликвию, память о свекрови.

Кимешеки сейчас в основном надевают женщины более пожилого возраста. В схожем кимешеке сидела гостья из Хонгор сомона, (Дарханнуул аймака) Тоқайқызы Күләтай (73 года). С ее слов старшему сыну Аскер Зубанулы (сейчас ему 40 лет) она выделила юрту с убранством, а также часть скота, а дочери полностью подготовила приданое (екі төсек орнын), куда вошли и два больших сырмака. Так же респондент сообщает, что ранее их бабушки (еще в конце XIX в.) такие кимешеки украшали более нарядно, изысканно. Использовали золотое шитье, *түйреуіш* – булавки с полудрагоценными камнями. В наши дни традиция наряжаться красочно упрощена, как и декор изделия из узоров. Как отмечает народная мастерица С.Тулкибайкызы в своем пособии «Шебердін шежіресі» [9, с. 14] скромный наряд обычно носили женщины в глубоком почтенном возрасте, вдовы и бездетные.

Помимо кимешека зафиксированы головные уборы нескольких видов и форм, от простых тюбетеек – (некоторые наскоро изготовлены из более хорошо сохранившихся кусочков *тұскиіза),* простроченных на швейной машинке *кепеш* (широко использующиеся и в нашей стране, думаем, сшиты казахами из соседнего Китая), вручную вышитые разноцветные, пестрые *тақия* до *пұшпақ тымақа* из шкурок лисиц, снятых с лапок.

Остановимся подробнее на некоторых названных уборах. *Пұшпақ тымақ* – мужская демисезонная шапка, сшита из шкурок лисиц, снятых с лапок, с высокой тульей из четырех широких клиньев, с отворотом в налобной части, двумя ушками на завязках и задней лопастью. Такая шапка была на голове мальчика-танцора, одетого в праздничную одежду из ткани серебряного цвета, вероятно специально приглашенного на праздник для исполнения *«Қара жорға».* Отснятые в домах местного населения и музее Баян-Ольгийского аймака аналогичные тымаки в основном с простроченным подкладом, простеганы ручным способом, как по поверхности, так и по краю лопастей. Верх тымака покрыт китайской шелковой тканью темно-бордовых, красных цветов с различным жаккардовым рисунком, мотивами из орнаментального искусства Китая. Использование такой ткани обусловлено широким наличием и излюбленным среди казахов предпочтением к красному цвету, а также проверенной временем носкостью. На пошив *пұшпақ тымақа* в среднем уходит шкурк лапок 20–24 лисиц (респондент Майрагүл Мәүкейқызы, 1962 г.р., Баян-Ольгий). Тымаки носят мужчины всех возрастов, имеющиеся различия заметны частично в форме. Во многих уборах присутствует пучок из перьев филина *үкі.* В доме у Әлен Сәмекұлы (р/н Уланхус) зафиксирован на фото шаблон тымака, много лет назад выполненный его супругой. Возможно такие шаблоны были в наличии у каждой хозяйки, так как данного вида тымаки распространены повсеместно.

Другие разновидности демисезонных и летних (в зависимость от региона), головных уборов – малақай (құлақшын) упоминаются как респондентами, так и отмечены в ряде исследований по материальной культуре казахов Монголии. В ряду данных видов распространены *түлкі тымақ* – зимний лисий треух, очень близок по форме к «пұшпақ тымақ» и изготовлен из шкурок лис, но уже из цельных кусков, иногда с добавлением в качестве украшения спускающегося на затылок пушистым хвостом животного. Сходство его с «пұшпақ тымақ» заметно и в отделке – обтянут красным шелком.

Так как экспедиция проводилась в летнее время, в одежде наших информаторов зафиксированы костюмы из легких тканей. Почти все элементы костюмов однотипны, нет особой разницы в покрое, выборе материала, назначении отдельных предметов одежды. Если не брать во внимание сшитые в качестве демонстрации для туристов и различных культурных мероприятий свадебного-женского, мужского парадного и несколько нарядно расшитых костюмов в придорожном доме – музее Налайха (Центральный аймак). В целом тенденция упрощения как кроя, вышивки, ношения привозных одежд с сильно отходящими от традиционных, некогда лучших по своим художественным качествам видов национальной одежды, отмечена и в скудно вышитых шапанах, камзолах и мешбетах местных (широко бытующее название) казахов [10, с. 8].

Некоторые различия, имеющиеся в отдельных специфических фасонах парадно-праздничной одежды, очевидно, связаны с запросами современных модниц. Обогащение одежды люрексом, вышивкой, различными по форме пайетками и бисером возникло не так давно, со времени появления данных материалов. Мы определяем эту связь не с положением человека в обществе, как это было ранее, в эпоху разделения на определенные социальные группы, а попыткой придать парадный вид. Люрекс и пайетки пришли на замену серебряным и золотым нитям в которые в наши дни представлены, в основном, в музейных экспонатах. Распашной характер верхней одежды, запахивание ее на левую сторону, приталенность, обогащение женского платья оборками придававшие казахскому костюму своеобразие, так же представлены только в музе и частных коллекциях.

Интерес к шитью и вышивке детской одежды так же невысок, это показали наблюдения за детьми во время одного из представлений, некоторые из них активно участвовали в танце под ремикс песни «Қара жорға». Информатор Мансура (1975 г.р.) (местность Мухыр, аул Томен, переехали из Булгын сомона) красное платье для дочери Айтолкын (6 лет) сшила специально на этот праздник. Как считает респондент, красный цвет оберегает от сглаза, «так как казахи являются мусульманами, то этот цвет часто используем», – говорит она. Платье из розового шелка по форме копирует классический *қосетек көйлек,* три спускающихся одна на другую волана из легкой, с блеском, органзы, нашиты на платье. Камзол из темно-бордового бархата застегивается на три пуговички. По вороту, переднему и заднему лифу бежит вышивка из зооморфного узора, напоминающего *қос мүйіз*. Орнамент из розового цвета ниток дополняет кайма из желтого люрекса. Завершает наряд бархатная четырехклинчатая, куполообразная шапочка, украшенная пушистыми перышками филина. Головной убор со всех сторон декорирован тамбурным швом, за основу взят мотив мирового древа. На вопрос – «сколько времени уходит на создание данного изделия?» респондент отвечает: «если не отвлекаться на другие дела, то за пару часов можно раскроить и соединить все детали платья, а на вышивку потратить еще полтора-два часа».

Положительным видится развитие сувенирной промышленности с включением аутентичных мотивов, например продукция уже известной и в нашей стране кооператива «Kazakh Kraft». Остаются приоритетными, ввиду удобной, транспортабельности, легкости и быстроти изготовления издели из готового сырья, прошедшего все необходимые виды обработки в миницехах в соседнем Китае (информация со слов владельца компании Нарбека Касымулы), кожи (крупного рогатого скота), а именно, различные аксессуары, сумки, ранцы с вышитыми мотивами традиционного орнаментального ряда.

При общем обзоре наиболее развитых видов народного творчество, его широкого бытования и расположения совремонного состояния в целом можно сделать вывод о

достаточно благополучено положение приклад-исскуства распространения, современного состояния прикладного искусства казахов Монголии. Однако рассматривая конкретно технику и технологию, формы и используемое сырье, понимаешь катастрофическое положение многих его видов. В связи с этим проводимые комплексные экспедиции по изучению материальной культуры казахов зарубежья, его сбору, фиксации, помогают в работе сохранения знаний и навыков в исконном народном творчестве.

Литература

1. Шалманова А.Б. Этносоциальные процессы у казахов Монголии // Материалы республиканской научно-практической конференции «Созидательный потенциал казахской диаспоры: история и современность». Алматы, 2013.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1987.
3. Казахская юрта / Науч. редактор С. Ажигали. Атырау–Лондон, 2005.
4. Муканов М. Казахская юрта. Алма-Ата, 1981.
5. Қамалашұлы Б. Қазақ халқының қолөнері. Өлгей, 2007.
6. Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата, 1986.
7. Баян-Өлгий. Фотоальбом / Зөвлөсөн Р. Сураган, К. Бикумар, М. Озила, А. Халкен, Г. Мандат. «АДМОН» компанид хэлхэв. Улаанбаатар, 2000.
8. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Алматы, 2005.
9. Түлкібайқызы С. Шебердін шежіресі. Улаанбаатар, 2011.
10. Золбаяр Г., Едилхан Х., Омирбек Б. Баян-олгий аймгийн ундэстэн, ястны эдийн соёл. Улаанбаатар, 2011.

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ (ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Қобландин Қ.И.

Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы елшілігі, Уланбатор

Моңғолияда халық санағы XIII ғ. бастап жүргізілсе де, қандай жер көлемі болғандығы, қай жылдары санақ жүргізіліп, қанша адам тіркелгені туралы сол кездердегі деректер жоқ. Алайда, кейбір тарихи деректерге қарағанда, 1789 ж. Түшээт хан аймағының Ахай гүний жерінде, 1854 ж. сол аймақтың Арван сай жерінде (қазіргі Сэлэнгэ аймағының Баруунбүрэн ауданы), халық пен мал саны тізімделген. Моңғолиядағы халық санағының бір ерекшелігі – халық санағымен бірге мал түлігінің де саны есепке алынуы, бұл үрдіс 1940 ж. дейін созылған.

Қазіргі кезге дейін Моңғолияда 10 рет халық санағы жүргізілген. Алғашқы халық санағы Моңғолияда 1918 ж. өтіп, сол кезде 648,1 мыңдай халық есепке алынған [1]. Алайда, бұл санаққа зерттеушілердің пікірінше, көптеген жергілікті тұрғындар енбеген. Қазақтар Моңғолияның батыс аймағына XIX ғ. 50–60 жж. бастап көшіп келе бастаған. Олар мал шаруашылығымен айналысып, үнемі көшіп-қонып жүргендіктен, қазақтардың жалпы саны, түтін саны туралы деректер толық емес.

Моңғолияда халық санақтары 1935, 1944, 1956, 1963, 1969, 1979, 1989, 2000, 2010 жылдары өткізіліп, сондай-ақ 1947, 1950 жж. бір мәртелік халық санағы жүрген.

Айта кетерлігі, Моңғолияда алғашқы жылдары жүргізілген санақтардың ғылыми әдіснамасы, санақ жүргізушілердің кәсіби біліктілігінің жетіспеуі, ауылдардың бір-бірінен шалғайлығы, жергілікті халықтардың санаққа күдіктеніп, сенімсіз қарауы салдарынан жарияланған түрлі зерттеулер мен санақтардың халық саны туралы мәліметтерінің бір-біріне сәйкес келмейтіндігін ескеру керек.

1934 ж. Ховда аймағындағы қазақтардың саны 18 699 (7 690 – ерлер, 9 733 – әйелдер) болса, 1940 жылғы санақ бойынша Баян-Өлгий аймағының 78% (23 544) қазақтар, Ховда аймағында – 1 986, Завхан аймағында – 60, Увста – 17, Хувскөлде – 3, Уланбаторда – 7, жалпы қазақтардың саны – 25 617 болған.

1944 ж. қазақтардың саны – 35 995, 1947 жылы – 37 326 жеткен [2, 66–67-бб.; 3, 173 p.]. Қинаятұлы З. деректері бойынша 1940 ж. Баян-Өлгийде – 32 301 адам, 7 063 жанұя болған дейді [4, 177-б.]. Осы орайда, 1940 ж. Моңғолияның құрамында жеке Баян-Өлгий аймағының құрылуына байланысты көптеген қазақтардың кейіннен Ховда және басқа аймақтардан Өлгийге қоныс аударғанын атап өткен жөн.

1950–1960 жж. бастап Моңғолияда жоспарлау, статистикалық жұмыстардың жолға қойылуына байланысты халық санағының әдіснамасы, бағдарламасы біршама жақсарды. Экономикалық өзара көмек Кеңесінің (СЭВ) халық санағының жаңа әдіснамасы бойынша Моңғолияда 1969, 1979, 1989 жж. халық, тұрғынжай санағы жүргізілді.

1956 жылғы жалпы халықтық санақ бойынша, Моңғолиядағы қазақтардың саны – 38 765 (4,3%), 1963 жылы – 47 838 (4,7%), 1969 – 58 131 (5,3%), 1979 – 84 300 (5,3%), 1989 жылы – 120 506 жетіп, осы жылы жалпы Моңғолия халқының (2 043 959) – 5,9% құраған [5, с. 24; 3, p. 126].

Ал, Моңғолияның басқа аймақтарында қоныстанған қазақтар туралы мәліметке келсек, олар 1963, 1969, 1979, 1989 жж. халық санақтары бойынша (мың адам) төмендегідей болды:

Кесте 1

№	Аймақтар, қала	1963	1969	1979	1989
1	Архангай	58	-	-	90
2	Баян-Өлгей	37436	48900	62100	82750
3	Баянхонгор	26	-	-	9
4	Булган	48	-	-	8
5	Говь-Алтай	14	0,1	0,1	98
6	Дархан	-	0,2	1,1	3116
7	Дорнод	265	0,1	0,1	220
8	Дорноговь	95	0,3	0,4	872
9	Дундговь	151	-	-	3
10	Завхан	33	-	0,3	68
11	Өвөрхангай	10	-	-	65
12	Өмнөговь	19	-	-	18
13	Сүхбаатар	53	-	-	3
14	Сэлэнгэ	321	0,7	1,5	3229
15	Төв	834	0,6	1,0	2167
16	Увс	401	0,3	0,7	950
17	Хөвсгөл	81	-	-	24
18	Хэнтий	184	-	-	24
19	Ховд	5060	6,4	9,4	12814
20	Эрдэнэт	-	-	0,4	-
21	Улаанбаатар	2646	3,2	5,6	9005
	Барлығы	**47 735**	**62,8**	**84,3**	**120 506**

Бұл кестеде көрсетілгендей қазақтардың негізгі тобы Баян-Өлгийде, қалғаны Ховд, Хэнтий, Төв, Сэлэнгэ аймағы, Уланбатор қаласында мекендеді. Сонымен қатар халықтың тұрмыс-тіршілігінің, денсаулық сақтау саласының біршама жақсаруынан жас нәрестелердің шетінеуі азайып, бала туу және халықтың табиғи өсімі жоғары болғандығы байқалады.

Ал, Уланбатордағы қазақтар санының өсуіне келсек, 1956 жылғы халық санағы бойынша қалада – 118387 тұрғын болса, қазақтар – 1 971 (1,7%), 1963 ж. – 223 695 (2 646 –

1,2%), 1969 ж. – 261 096 (3 238 – 1,2%), 1979 ж. – 401 035 (5 634 – 1,4%), 1989 ж. – 548 364 (9 005 – 1,65%), 2000 ж. – 760 125 (6 439 – 0,8%), 2010 ж. – 1 154 290 (9 817 – 0,85%) жеткен [6].

XX ғ. 90-жж. басында Қазақстанның тәуелсіздік алуына орай, Моңғолиядан Ата мекенге қарай көшу үрдісі басталды. Осыған орай, Моңғолияның жыл сайынғы статистикалық мәліметтерінде көрсетілгеніндей, Баян-Өлгий аймағындағы жалпы халық санының да азайғаны байқалады. Атап айтқанда, 1990 ж. аймақта 99 022 халық өмір сүрсе, 1993 ж. – 73 116, 1995 ж. – 79 793, 1997 ж. – 85 502, 2000 ж. – 91 068 адам ғана болған [7]. Осы кезеңдегі халық санының азайғанына, негізі қазақ болып саналатын Баян-Өлгей аймақ тұрғындарының Қазақстанға қоныс аударуы себеп болғаны сөзсіз. Жалпы, осы жылдары Моңғолиядан Қазақстанға қоныс аударған қазақтардың саны 70–80 мыңға жуық деуге болады. Алайда, олардың бірқатары кейіннен әртүрлі тұрмыс-тіршілік жағдайлары, денсаулықтарына байланысты Моңғолияға қайта көшіп кеткендері де болды Белгілі ғалым З. Қинаятұлы, 2000 жылдарға дейін Моңғолияға қазақтардың 42 % қайта көшіп барған дейді [4, 249-б.].

2000 және 2010 жылғы Моңғолиядағы өткен халық санақтарына БҰҰ бекіткен Халық және тұрғынжайлық санақ ережелері негіз болып, санақ қорытындыларының толық әрі дәлме-дәл болуына өз ықпалын тигізді. Осыған орай, Моңғолия парламенті 2008 жылы 3 қаңтарда «Моңғолиядағы Халық және тұрғынжайлық мемлекеттік санақ туралы» заңды бекітті.

XXI ғ. алғашқы санағы Моңғолияда 2000 ж. 5–11 қаңтар аралығында өтті. Бұл санаққа 19 сұрақ, атап айтқанда, тіркелетін азаматтың аты-жөні, үй-мекен жайы, отбасы жағдайы, руы, білімі, қызметі туралы мәліметтер енді.

2000 ж. санақ бойынша Моңғолияда 2 млн 373 мың 493 халық өмір сүрген, оның ішінде моңғол тілдес халықтардан – халха – 1 934 674 (81,5%), дөрбөд – 66 706 (2,8%), баяд – 50 824 (2,1 %), бурят – 40 620 (1,7%), дариганга – 319 090 (1,3%), захчин – 29 776 (1,3%), урянхай – 25 183 (1,1%) және т.б. болған.

Ал, барлық қазақтардың саны – 102 983 болып, бүкілхалықтың 4,3 % құрады. Моңғолиядағы жалпы қазақтардың – 80 776 (78,4%) Баян-Өлгей аймағында тұрып, осы аймақтағы қазақтардың үлес салмағы – 88,7% жеткен. Қазақтардың көп шоғырланған аймақтарының бірі Ховдыда – 10 005 (11,5%), Дарханда – 2 103 (2,5%), Сэлэнгэде – 1 100 (1,1%), Төв аймағында – 1 065 (1,1%) қазақ тұрған. Сондай-ақ, Уланбаторда – 6 439 қазақ (бүкіл қазақтардың 6,25%) халық санағының тізіміне енген [8].

2010 ж. 11–17 қарашасында өткен халық санағына 25 сұрақ енгізіліп, оған тұрғындардың әлеуметтік жағдайлары (мүгедектік, зейнеткерлік), діни сенімділігі, техника құралдарымен пайдалануы (интернет, ұялы телефон) туралы сұрақтар енген. Осы жылғы санақ бойынша Моңғолиядағы өмір сүрген халық саны 2 647 545 болған. Оның ішінде моңғол тілдес халықтардан – халха – 2 168 141 (82,4%), дөрбөд – 72 403 (2,8%), баяд – 56 573 (2,2%), бурят – 45 087 (1,7%), дарганга – 27 412 (1,0%), захчин – 32 845 (1,2%), урянхай – 26 654 (1,0%) және т.б. болған.

Моңғолия қазақтарының орналасқан аймақтары
(2000–2010 жж. Халық санағы бойынша)

Кесте 2

№	Аймақтар, қала	2000 жыл		2010 жыл	
		Халық саны/ қазақтар		Халық саны/ қазақтар	
1	Архангай	97091	7	84078	3
2	**Баян-Өлгей**	91068	80776	85232	76714
3	Баянхонгор	84779	7	75690	9
4	Булган	61776	11	53065	1
5	Говь-Алтай	63673	47	53223	233
6	Говь-Сүмбэр	12230	42	13038	133
7	**Дархан**	83271	2103	90642	2428

8	Дорнод	75373	88	68873	72
9	Дорноговь	50575	85	57930	90
10	Дундговь	51517	2	38543	2
11	Завхан	89999	6	64924	60
12	Өвөрхангай	111420	8	100444	13
13	Өмнөговь	46858	3	60855	29
14	Орхон	71525	431	87118	565
15	Сүхбаатар	56166	8	51091	6
16	**Сэлэнгэ**	99950	1100	95804	879
17	**Төв**	99268	1065	83338	895
18	Увс	90037	115	72906	132
19	Хөвсгөл	119063	6	114331	17
20	Хэнтий	70946	629	65335	463
21	**Ховд**	86831	10005	76252	9046
22	**Улаанбаатар**	760077	6439	1154290	9817
	Барлығы	**2 373 493**	**102 983**	**2 647 545**	**101 526**

Бұл санақ бойынша қазақтардың жалпы саны – 101 526 болып, үлес салмағы 3,9% төмендеген. Баян-Өлгийдегі қазақтардың саны – 76 714 болғанмен, олардың аймақтағы үлес саны 91,2% көтерілген. Сондай-ақ Ховда аймағында қазақтардың санының кемуі байқалғанмен (9 046), олардың да аймақтағы үлес салмағы 11,9% көбейгенін байқауға болады.

Дархан аймағында қазақтардың саны – 2 428 (2,7%), Сэлэнгэде – 879 (0,9%), Төв аймағында қазақтар – 895 (1,1%) болған. Ал, Ұлан-Батырда тұрған қазақтардың саны – 9 817, яғни, барлық қазақтардың – 9,7% ел астанасында тұрған [9, 54–56-бб.]. Айта кетерлігі, бұл санақтарға аймақтардан келіп, қалада уақытша оқып жатқан студенттер мен оқушылар да енген.

Моңғолиядағы жалпы халық санағы көрсеткендей, тұрғындардың негізгі бөлігі ауылдық жерлерде өмір сүреді. XX ғ. 60–70 жж. бастап Моңғолияда кен орындарының ашылып, зауыт-фабрикалардың, шағын қалалық елді мекендердің салынуы нәтижесінде қалалық тұрғындардың саны көбейе түсті. Бұл үрдіс батыс аймақтағы қазақтардың елдің орталық, шығыс аймақтарындағы ашылып жатқан Налайх, Шарынгол, Эрдэне, Дархан кен орындары мен өндіріс ошақтарына қарай қоныс аударуына ықпал етті.

1956 жылғы санақ бойынша Моңғолия қазақтарының қала тұрғындары ретіндегі саны 4,4 мың болса (бүкіл қазақтар санының – 11,3%), 1963 жылы – 9,8 (20,8%), 1969 ж. – 14,0 (24,1%), 1979 ж. – 20,5 (29,5%), 1989 ж. – 30,9 мыңға (33,9%) жеткен. Өз кезегінде ауыл тұрғындарының үлес салмағы 1956–1989 жылдар аралығында 88,7 % дан – 66,2 % кеміген. 2010 жылғы санақ бойынша қазақтардың 42,3% қалалық жерлерде, 57,7% ауылдық жерлерде тұрған. 1989 жылғы халық санағы бойынша 120 506 қазақтардың жас шамасы айырмасында (0 – ден 55 жоғары) 0–9 жастағы балалар мен жастар саны 70 132 болған, 20–25 аралығындар – 45 142, ал 60 жастан жоғарылар саны – 5 232 адам болған [2, с. 58].

Ал, 2000–2010 жылғы санақтар бойынша Моңғолия қазақтарының жергілікті халықтармен салыстырғандағы жас айырмашылықтар санына келсек, ол көрсеткіштер төмендегідей:

Кесте 3

Жас / **Жылдар**	0–14	15–24	25–34	35–44	45–54	55+
2000	42,5%	20,6	15,5	10,1	4,6	6,7
2010	35,5%	20,8	16,2	12,2	8,3	7,0

Бұл көрсеткіштер Моңғолияны мекендеген басқа тұрғындармен салыстырғанда өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Атап айтқанда, 2000 жылғы көрсеткіш бойынша 0–14 жастағы балалар өсімінде баяд тайпасының үлесі – 37,1 %, дөрвөт – 36,8 %, халха – 35,5 %

болса, 2010 жылғы санақта тек хотондар – 38,0 % болып, басқалары элжигэн – 33,2 %, тува – 31,2%, захчин – 30,5%, халха – 27,7% өсімі болған [8, 51–52-бб.; 9, с. 55].

Жалпы, Моңғол елінде жылына әрбір 10 мың адамның 27,7 туылып, 8,5 адамы қайтыс болса, қазақ халқы туылуы жағынан орташа есеппен 1,5 жоғары болған. Моңғолияның жалпы халқының өсімі 2,9% болса, қазақтар жылына 3,4 % өскен [10, 155–156-бб.].

Ал, қазақтардың арасында білім беру саласындағы көрсеткіштерге тоқталсақ, Баян-Өлгий аймағы халқының жалпы білім алу, арнаулы маман және мамандылық игеру деңгейі төмендегідей болған: [2, 78 б.].

Кесте 4.

Жыл	**1956**	**1963**	**1969**	**1979**	**1989**
Жалпы білім	3376	9787	17224	32524	51318
Бастауыш	2582	7554	12446	21365	24017
Орталау	301	1232	2757	7481	16419
Орта	114	215	511	1122	5352
Арнаулы орта	322	577	1037	1716	3621
Жоғары	57	209	473	840	1909

Бұл кестеде аймақ бойынша барлық деңгейдегі білім алушылар саны көбейіп, білім деңгейі жоғарылаған арнаулы орта маманды және жоғары білімді адамдар саны қосылғаны байқалады.

2000 жылғы санақ бойынша 7 жастан жоғары қазақтардың саны – 82 452 (41 496 – ер кісі, 40 956 – әйелдер) болып, олардың жалпы сауаттысы – 63 250 адам болған. Оның ішінде бастауыш білімі барлардың саны – 24 564, 4–8 сыныпта – 18 039, 9–10 сыныпта – 9 800, техникалық білім иесі – 3 573, кәсіптік орта білім иесі – 4 416, жоғары білімі бары – 2 858, сауатсызы (мектеп жасына дейінгілер) – 19 202 болған.

2010 жылғы санақ бойынша қазақтардың білім саласындағы көрсеткіштері төмендегідей болды: 10 жастан жоғары жастағылардың үлесі – 77,2%, жоғары білімі бары – 9,7 %, арнайы орта мамандық иесі – 4,5%, техникалық мамандар – 3,3%, орта білімі бары – 18,7 %, бастауыш білімі бары – 23,4%, сауатсызы (мектеп жасына дейінгілер) – 3,9% болған [8, 70-б.; 9, 52-б.].

Жалпы, Моңғолиядағы халық санақтарының деректері бойынша,қазақ халқы басқа жергілікті халықтармен салыстырғанда, қазіргі кезге дейін табиғи өсім нәтижесінде ұдайы өсіп отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар, өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап 2000 жылдарға дейін қазақтардың Ата мекенге жаппай оралуына байланысты, Моңғолиядағы, әсіресе, ішкі аймақтардағы қазақтар санының азайғанын байқауға болады. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда, қазақтар білім-ғылымға құштар, еңбекқор, жаңалыққа, қалалық өмірге бейім халық екенін көрсетуде. Әрине, Моңғолиядағы жалпы білім беру сапасы мен денсаулық сақтау ісінің кенже дамуы, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты екендігін, ал оның нәтижесі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен рухани өмірінің дамуына белгілі бір әсер етіп отырғандығын айтуға болады.

Алдағы уақытта Моңғолиядағы қазақтардың бір бөлегі осы елде тұрақты қалатындығын ескере отырып, қандастарымызға Қазақстан тарапынан рухани-мәдени, білім, кәсіптік мамандық, денсаулық сақтау салаларын, шағын және орта кәсіпорындарды дамытуда тұрақты түрде көмек көрсету Қазақ елінің негізгі парыздарының бірі болады деп сенеміз.

Әдебиеттер

1. http://demoscope.ru/weekly/2002/055/analit02.php.
2. Мұхамадиұлы Х. Моңғолиядағы қазақ субэтносының қалыптасуы мен дамуы. (Тарихи-этнологиялық зерттеу). Алматы–Уланбатор, 1997.
3. Diener A.C. One Homeland or Two? The Nationalization and Transnationalization if Mongolias Kazaks. Stanford, California.
4. Қинаятұлы З. Моңғолия қазақтары. 1 кітап. Алматы, 2001.

5. Нямбуу Х. Монголын угсаатны зүйн удиртгал. Уланбатор, 1992.
6. Нийслэлийн Статистикийн газар. Уланбатор -2011. http//:ubstat.mn/StatTable=41.
7. Үндэсний статистикийн хороо. Хүн амын тоо, аймаг, нийслэл, байршлаар. Жил: 1935–2013. Уланбатор, 2013.
8. Монгол Улсын Үндэсний статистикийн газар. Хүн ам, орон сууцны 2000 оны тооллогын улсын дүн. Уланбатор, 2001.
9. Монгол Улсын Үндэсний статистикийн хороо. Хүн ам, орон сууцны 2010 оны улсын тооллогын улсын дүн. Уланбатор, 2011.
10. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. Алматы, 2007.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ БАТЫС МОҢҒОЛИЯҒА ҚОНЫСТАНА БАСТАУЫ (1770–1870 жж.)

Рахметұлы С.

Моңғолия жазушылар одағының Баян-Өлгий бөлімшесі, Өлгий

1770 жж. соңында Абақ Керей ақылмандары алқалы кеңес құрып, Абақ Керейге хан нәсілінен бір мұрагер әкеліп төре етіп белгілеуге кіріседі. Бұның себебі, ұланғайыр байырғы мекенге иелік ету үшін елді елдестіру мақсаты тұрды. Шығыс Түркістан өңірін қайта мекендей бастаған іргелі жұртқа айбыны мен ақылы астасқан басшылы билік жүйесі қажет еді. Алқалы ақылмандар ақыры бір бітім, арқалы мәмілеге келді. Сол ұсынысты әйгілі Есімханның немересі Жәнібектен туатын Әбілпейіз сұлтанның назарына жеткізіп, оның екінші әйелі Тұмар ханымнан туған Көгедай, Сәмен, Жабағы есімді үш ұл тақ мұрагерлікке лайық деп әкелінеді. Бұл деректерді әйгілі ғұлама ғалым Асқар Татанай «Тарихи дерек, келелі кеңес» кітабында: «...Көгедай 1773 ж. дүниеге келген он екі жасында 1785 ж. Абақ Керейге төре болды. 1797 ж. Бейжіңге барып Мәнжу Чин патшалығынан «гүн» шенін алды, 39 жыл ел билеп 1842 ж. 51 жасында дүниеден өтті...», – деп келтіреді [1].

Көгедай өмірден өткеннен кейін 1824 ж. Ажы төре тақ мұрагерлігіне лайықталды. Қазіргі ШҰАР – дың Буыршын өлкесі Үштас жайлауында 1836 ж. болған мәміледе Қарақас руының аса беделді тұлғасы Жанбайұлы Кененің (1765–1862) бітімсөзімен «Төрт би төре» жүйесі ұсыныс етілді. Сол кездегі «төрт орын» билерге: Мамытұлы Көкен (1797–1879), Жантеліұлы Құлыбек (1796–1852), Дөненбайұлы Бейсенбі (1799–1872), Сатайұлы Топан (1802–1881) қатарлы би, төрелер келіп он екі Абақ – Керей тағдырына жөн сілтеді. Қарақас пен Молқы өкпелемеді. Елді мекендердегі талас-тартыстарды реттеуден бастап, бүкіл қазақты береке-бірлікке шақыру мақсаты олардың алдында тұрды. Дәл осы тұста Қазақ тарихында тұңғыш рет Найманнан Дүзбенбет Құмырысқаұлы, Төре, Матайдан Оспан Жәнібекұлы Мәнжу Чин патшасынан «әмбі» атағына ие болды.

Қарақас – Назар – Түгелбай – Жәдік – Жанбайұлы Кене би болса бір әкеден бес ұл. Інілері Құржық, Асыр, Дүйсе, Бисе. Кененің бәйбішесі Найман – Сарыжомарт Қозыбайұлы Тілеубердінің қызы Айжарық. Кенені – «Қара би» атаған Кененің балалары Қаракөбен,Тілеулі және Бит, Бүрге. Кейбір деректерде Сапарбайды Кененің кенжесі дейді, Бірақ, Сапарбай Кене бидің немересі яғни Бүргенің тұңғышы. Сапарбайдан Мысық, Күшік, Мойнақ.

Өр Алтай өңіріне қазақтардың қоныстануы жергілікті моңғол ұлыстары үшін дау-дамайсыз бола қоймады. Өріс, шұрайлы жайылымдарға таласу, малдың сиыспауы, қыстау, жайлауға ылайықты өңірлер үшін түрлі қақтығыстар орын алды. Жақсылық Сәмитұлы, Нәбижан Мұқаметханұлы қатарлы тарихшы, ғалымдардың дәлелдеуі бойынша 1827 ж. Көктоғай, Қу Ертіс, Ақдала, Сарбастау қатарлы алқапты жерлерді баса қоныстанған қазақтарды қудалау тоқтамады. Бұл туралы Нәбижан Мұқаметханұлы «Қазақ тарихынан зерттеулер» яғни Чин патшалығы тұсындағы Шуан Зүн патшасының деректеріне сүйене

отырып былайша жазады: «...Күші басым қазақтар моңғолдарды ығыстыра бастайды. Өріс-қоныс таластары үздіксіз жалғасты. Қазақтардың қоныстарына қатысты мәселені Бейжінде шешті. Соның бірі Алтай урианхайларының қазақтарға деген наразылығын,өтініш тілегін Ховда әмбісі Бейжіңге мәлімдейді. Мәлімдемеде: «...Қазақтар Чин Лүн (Цзя-Чин) Сайшаалт Ерөөлт (1796–1821) заманынан қазірге дейін урианхай жеріне сан рет келді, екі мыңнан астам түтін көшірілді. Тек қана Ізғұты Жанбалаұлы (Ізғұты Шақабайұлы Есентай немересі) бастаған 600 түтін көшпей отыр. Бұларды Тарбағатай әмбісі әскер жіберіп қуғындау керек...» делінген [2]. Осыдан соң Мәнжу патшасынан «...Урианхай бұқарасының көңілін табу үшін көшпелі қазақтар мен жергілікті тұрғындарды қырқыстыру мақсатында дөрвөдтің оң, сол қанатынан бір мың, халхадан бір мың қол жинап Чулуундорж дегенге басқартып аталмыш өңірлерден қазақтарды қуып шығару керек...», – деген пәрмен түсіреді. Әскер жасақталып, жайбарақат жатқан елге шабуылдар жасалды.

Қарасеңгірдегі қанатты ел-жұрт, іргелі ауылымен күзеп, жайлап отырған Беген Бәйімбетұлының (Есағасы – Қазыбек) еліне тиіскендер бейғам елді аяусыз қырып жояды. Іргелі ауыл үрке көшіп, көбісі жолшыбай тозғынға ұшырайды. Бұл туралы шынжаңдық тарихшы Асқар Татанайұлы «Тарихи дерек, келелі кеңес» кітабында: «...Беген байдың қалың жылқысын, бірқанша отауы мен жүзден аса жас жігіт, қыз келіншектерін олжалап Ховдаға асырып айдап әкетеді...», – дейді. Бұл әйгілі «Сайн ноян шапқан» деген тәмсілмен ел есінде қалды [1, 89–91-бб.]. Моңғолия қазақтары бұл оқиғаны «Халха шапқыны» деп атайды. Себебі, Сайн ноён хан Халханың сенімді төрт ірі аймағының бірінің сұлтаны, Мәнжу патшасының сенімді адамы еді. Шекаралық аймақтан қуғын көрсе де қазақтар түп қопарылып алыстап кетпеді. Жылдың төрт мезгіліне тәуелді ел-жұрт, таудың қойнау-қолаттарында мал-жанын бағып жата берді.

1830 жж. Ізғұт Жанбалаұлы (1772–1836), Қазыбектің ұрпағы Иман Қожекеұлы (1790–1824), Қуанбай қатарлы ірі ауылдар мекен еткен жерлеріне қайта көшіп келді. Тағы да дүркін-дүркін болған қақтығыстар жалғасты. Сондай бір кезеңде Ізғұт, Иман, Қуанбайлар моңғол әскерлерінің қолына түсті. Ал, Жарқынбай Халықбайұлы, Өтеміс, Құлыбек бастаған мыңнан астам түтін Бұлғын өзенінің Улаанхус деген жеріне қоныстанды [2, 169–170-бб.]. Осы жағдайларға қарағанда Ховда бетіне қазақтардың көшіп қоныстануы 1820 жж. қарқынды жалғаса түскен. Ізғұты ауылдары сонда да Моңғолдың шекара шебінен алыстамады. Бұның бір айғағы Жарқынбайды арулап қойған жер – Дәлүүннің Бессала – Үйіртісінде, Ізғұт Жанбалаұлының бейіті – Дәлүүннің Жалғызағаш деген жерінен анықталуы болып отыр.

А. Керейхан қатарлы кейбір зерттеушілер пікірі бойынша Міниc Әбілтайұлының «Қазіргі Баян-Өлгей қазақтары XIX ғасырдың екінші жартысында немесе 1868–1869 жж. бастап Қобда бетіне қоныстана бастады...» деуі нақты деректік негізге келмейді [3, 201–206-бб.].

Нығмет Мыңжан еңбектерінде, 1860 ж. «Қытай–Ресей (Бейжін) шарты» жасалып, осы кезеңдердегі аталмыш елдер қарым-қатынасына оңды нәтижелер бергендігі айтылады. Бұл шарттың маңызы – көшпелі қазақтардың елді-мекендерді еркін таңдауына жол ашты. Чин династиясы 1860 жж. өз саяси әлеуетінен айырыла бастады. Аз ұлттар көтерілістері бірінен кейін бірі ашық майданға шықты. Әйгілі «Тайпиндер көтерілісі», «Ниендіктер мен исламдықтар наразылығы» аса күшті қақтығыстарға ұласты. Қашқарияда Британдықтар жебеуімен «Қоқан хандығы» түрен салды. Осындай факторлардың барлығы Чин патшалығының шаңырағын шайқалта түскендігі айтылады.

Г.Н. Потанин «Солтүстік батыс Моңғолия очерктері», «Түркі тайпалары. Қырғыздар (қазақтар)» атты еңбегінде: «...Қазақтар Қара Ертістің салалы қойнауын, Тарбағатай мен Сауырдың солтүстік беткейін, Өр Алтайдың оңтүстік бөктерін, кейбір бөлігі Қобда өзенінің жағалауында көшіп-қонып жүреді. Қырғыздардың айтуынша біздің Қобдаға келуімізден 6–7 жыл бұрын олар Моңғолға қарай ауа бастаған. Мұнда қазақтың белгілі адамдары Көбеш би (Айтбайұлы Көбеш би – *Р.С.*) мен руы Төре Өжекеұлы Самархан (Қожамжарұлы Самархан сұлтан – *Р.С.*) және Қожамжар сұлтандар (Қожамжар Сәменұлы – *Р.С.*) өздерінің қол

Marriages with Huns are on the first place among international marriages of Kazakhs, there were 6017 men and 595 women who had done it. The quantity of Kazakh marriages with Huns greater than Uyghurs, Russian, Kyrgyzs of China all together. The main features of such marriages are the following: a rupture of relations with the family, there is no marriage proposal, and the fact of it is concealed from relatives, acquaintances and neighbours as long as possible. On the second place there are marriages of Kazakhs with Uyghurs: 1988 men and 118 women entered into such marriages. On the third place we have the marriages with Dunguns: 658 men and 126 women, on the fourth are marriages with Tanguts: 410 men and 44 women of the Kazakh nationality have sibling connection with them.

Only Kazakhs have possibility to leave China, though after disintegration of the USSR the sovereign states of Kyrgyz, Tadjiks, Uzbeks were created. According to the data given by the Migration Committee of the Ministry of Labour and Social Protection of RK population to the World association of Kazakhs, 250803 families or 933386 ethnic Kazakhs of abroad have returned to Kazakhstan and received the status of oralman since 1991 till October, 1st, 2013. From total number of oralman only 14% came from China. In the condition of state quota absence during just 9 months of 2013 year 10666 Kazakh families which is 20703 persons arrived in Kazakhstan, and the second place among repatriates or 22% from their aggregate number took immigrants from China.

Professor A.B. Kalysh in the article «Adaptation of Kazakhs-oralman from the far abroad countries in Kazakhstan» noted some features and ambiguous character of the results of ethnic repatriation of some countries: China, Mongolia, Iran, and Afghanistan. In particular, «expatriates from … XUIA prefer to move, mainly, into the areas of initial outcome of their ancestors - East Kazakhstan … and Zhetysu. They were adapted without any serious consequences in Kazakhstan because they have been claimed in social production sphere, mostly in agriculture - in animal industry and field husbandry … Certain barrier occasioned by the moving on a new place, competition with local residents, were successfully overcame both for the account of Kazakh mentality, and the community of clan structures, about presence and effectiveness of which we should not forget», – stresses the scientist [8, p. 165].

Concerning adaptation of repatriates from China E.Ju.Sadovsky notes: «… even by means of a small economy oralmans from China thanks to their diligence become more successful than other Kazakh immigrants from abroad and even local residents. At the same time they quite often rely on family relations in Kazakhstan … Ethicness (Kazakhness) as the fastest « social » lift nowadays can help young generation of immigrants to get professional education and make professional career in Kazakhstan much faster than in China» [9, p. 159].

According to the statistics of the Kazakh World Association, the realized understanding of leaving necessity because of harassment and absence of prospects is very popular among Kazakh creative intelligentsia, experts, young generation. Unlike 90s of XX century when in the Kazakh community prevailed emotions about getting the independence of Kazakhstan, its recognition by the international community, an openness of frontiers the mail bulk of potential immigrants understood all complexities which could be expected before and after leaving for Kazakhstan. Many of them are informed about new legislative initiatives of Kazakhstan 2013 concerning citizenship, about advantages in realization of social protection of the population in China.

As G.G. Solovyeva underlines: «Life in diaspora is characterized by insoluble contradictions between ethnic and civil self-identification. Being in the country of residing and joining corresponding citizenship, the diaspora does not give any hopes to return and reunite with native ethnos. Exactly this contradiction makes the essence of life in diaspora » [10, p. 128]. This point has a direct relation to Kazakhs in China whose distinctive characteristic is high level of ethnic self-identification.

Bibliography

1. Zhongguo 2010 nian renkeou pucha fen minzu renkou ziliao. Beijing, 2013. Volume A.
2. China's ethnic statistical yearbook. Beijing, 2011.
3. Syroyezhkin K.L. Kazakhs in China: articles of social, economic and cultural development. Almaty, 1994.
4. General position of Yli-Kazakh autonomous area / managing editor M.Seitkhamzauly. Beijing, 2009.
5. Ablazhey N.N. Sovetization of Kazakh population from border territories of Xinjiang at the second part of 40s and beginning of 60s // Materials of the International Scientific and Practical conference «Repatriation of ethnic Kazakhs to Kazakhstan as a component of the state migratory policy: achievements, problems and solutions» / managing editor T.A. Mamashev; authors K.N. Baltabayeva, K.M. Konyrbayeva. – ALmaty, 2013. (Russian)
6. Orman A.A. People's Republic of China. Almaty, 2006. (Russian)
7. *Sultanov K. Junction of interests*. Astana, 2003. (Kazakh and Russian)
8. *Kalysh A.B. Adaptation of Kazakhs-oralman from far abroad countries in Kazakhstan* // Materials of the International Scientific and Practical conference «Repatriation of ethnic Kazakhs to Kazakhstan as a component of the state migration policy: achievements, problems and solutions» / managing editor T.A. Mamashev; authors K.N. Baltabayeva, K.M. Konyrbayeva. Almaty, 2012. (Russian)
9. *Sadovskaya E.Yu*. Ethnic structure of modern migrations from China to Kazakhstan and problems of residence society // Eurasia Bulletin. M., 2008. № 2 (40). (Russian)
10. *Solovyeva G.G. Kazakh diaspora: an e*xperience of intercultural communications at the Euroasian area // Euroasian integration and Kazakh diaspora / managing editor A.N. Nysanbayev. ALmaty, 2007. (Russian)

ТАРИХ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ИРРЕДЕНТАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (XVI–XIX ғғ.)

Бұланов Е.О.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған

XVI–XIX ғғ. қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуы үдерісінде негізігі рөл ойнаған және оның қайнар көзі ол – дәл осы кезеңдерде Орталық Азияда орын алған саяси оқиғалар болып табылады. Атап көрсететін болсақ, Қазақстан мен Қытай, Қазақстан мен Жоңғария, Жоңғария және Цин әулеті билігіндегі Қытай арасындағы жан-жақты тығыз қарым-қатынастар нәтижесі. Бұл мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары тарихында ең маңызды мәселе территориялық сұрақтар болды және өзінің дамуының әртүрлі кезеңдерінде бірнеше мәрте келіссөздер арқылы шешуге қадам жасалды.

XVII ғ. мен XVIII ғ. алғашқы онжылдығында орын алған қазақ-ойрат қатынастарының шиеленісуіне және екі жақ арасындағы соғыстар Қытайдағы қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуына тарихи негіз болды. Бұдан да ертерек кезеңде Моғолстан мемлекетінің өмір сүрген уақытында Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аудандары ойраттардың тонаушылық жорығына ұшырағандығын атап өтуге міндеттіміз. XVI ғ. жататын «Тарих-и Әбілхайыр-хани» шығармасында ойрат тайпалары XV ғ. қандай да бір территорияны жаулап алуды емес, тек «тонаушылық пен халықтарды талап-тонау» [1] мақсатын көздегенін байқаймыз. Мәселен, 1416–1428 жж. Моғолстанда билік құрған Уәйіс ханның ойраттармен арадағы соғыстарды М.Х. Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде: «Айтуынша, хан (Уәйіс – *Е.О.*) алпыс бір мәрте шайқасқа түсіп, оның тек біреуінде жеңіске

жетті. Ал, қалған шайқастың бәріне жеңіліске ұшырады» [2, с. 93.], – деп жазды. Келтірілген мәліметтер Жетісу жерінің ойраттарға тиесілі болмағандығын көрсетеді.

1457 ж. көктемде ойраттар Сыр бойы қалаларына жетіп, онда «Түркістан уәлаятын, Шахрухияны және Ташкент аймағының тұрғындарын, ондағы тайпаларды талап-тонады» [1, с. 168]. 1457 ж. Сығанақ қаласы түбіндегі Көк-Кесене деген жерде Әбілхайыр ханның әскерін Үз-Темір тайшы бастаған ойраттар талқандайды. «Бейбіт келісімнен кейін Үз-Темір тайшы өз әскерін мол олжамен Сайрам арқылы Шу өзені бойында қалған азық-түлік, бала-шағаларынан тұратын обоздарына қарай бет түзеді. Сол жерден барлық әскери қосындары мен өздерінің ата қонысы мен мұрагерлік үлесі болып табылатын Қалмақ еліне қарай шеру тартты» [1, с. 170]. Түп деректерден көріп отырғанымыздай XV ғ. ойраттардың Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанды территориялық жаулап алу мақсаты да, пиғылы да болмаған.

Алайда, XVII ғ. 30-жылдардан бастап жағдай күрт өзгерді. Торғауыт, дүрбіт, хошауыт және шорыс деп аталатын төрт ірі тайпалық бірлестіктен құралған ойраттар Ертіс өзенінің жоғарғы ағысында немесе Орталық Азияның солтүстік-батыс бөлігінде Жоңғар хандығын құрды [3, с. 16].

Қазақ-жоңғар арасындағы жүз елу жылға созылған қанды қақтығыстың басты себебі жаңа өріс пен қоныс, яғни жер мен жайылымдық мәселесі болатын. Сондай-ақ, құрылғанына көп уақыт өтпеген жас мемлекеттің бойында «пассионарлық» күш-қуат та бар еді. Қазақтар мен ойраттардың арасындағы саяси және әскери іс-қимылдар екі әлем, екі дүниетанымның қақтығысының айқын көрсететіндігін атап өтуге болады: түркілер және моңғолдардың, яғни дін мен мәдениет мәселесінде де айқын көрінді. Сыртқы күштердің де ықпалын жоққа шығаруға болмайды. Екі көрші мемлекет Ресей мен Қытайдың қазақ пен жоңғардың ешқайсысын да күшейткісі келмегендіктен үнемі екеуін бір-біріне айдап салып отырды.

Есім ханның тұсында болған шайқастар мен қақтығыстар барысында көбіне қазақтардың жеңісімен аяқталып отырды. Ал, Жоңғар хандығының құрылуымен 1630 ж. ортасынан бастап екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерді. Қазақ қоныстарына тонаушылық бағытындағы жорықтар екінші орынға ысырылып, бірінші орынға жаңа жерлерді басып алу идеясы шықты. XVII ғ. Қазақ хандығы мен Жоңғория арасында жайылымдық жерлер үшін қақтығыстар алма кезек нәтижеге жеткенімен көп ұзамай ойраттардан бұрын қазақтар иелігінде болған Жетісудың шығыс бөлігін біршама жерлерін жаулауға және оны қолдарында ұстап қалуға қол жеткізді [4, с. 43–46]. Бұл қазақ жерлерінің алғаш рет Жоңғарияның пайдасына өтуі болатын және қазақтардың дулат тайпасының негізгі құрамының Іле өзенінің сол жағалауына, Шу, Талас, Келес өзендерінің бойындағы аудандарға көшуіне, миграциясына алып келеді [5, с. 38].

1652–1680 жж. әскери жаулап алуы нәтижесінде жоңғарлар Жетісу Алатауының беткейлерінде, Іле өзенінің сол жағалауындағы өңірлерде көшіп-қонып, жаз-жайлау, қыс-қыстауда ен жайлап жатты. 1690 ж. Ғалдан Бошықтының Циньдардан ойсырай жеңілуімен қазақтар тарапына жасалған соғыстар саябырсып, біршама тыныш кезең орнады. Оның тағы бір себебі әз-Тәуке ханның ел билеудегі көрегендігі болды.

Жоңғар тағына Сыбан Рабданның келуімен (1697–1727 жж.) қазақ халқының басына үлкен нәубет, зор апат «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы төніп келе жатты. 1715–1722 жж. екінші жоңғар-цинь соғысының аяқталуы және қытай боғдыханы Кан-сидің өлуімен байланысты. Жоңғарлар 70 мың әскерімен жеті бағыттан Ұлы және Орта жүз территориясына тұтқиылдан басып кіріп, ал оған төтеп беруге қазақ жасақтары дайын болмай шықты. Оның бірнеше себептері болды: бірінші – қазақтар қыстаудан жайлауға шығудың, мал төлдетудің қамымен отырды; екінші – қазақ феодалдары жоңғар тарапынан шабуыл болатынын ескермей, Еділ бойы қалмақтарына қарсы әскери кампанияның жоспарын дайындады; үшінші – Тәуке өлгеннен кейін жаңа күшпен тұтанып келе жатқан соғыс өртін басуға қазақ билеушілері тарапынан ешкімде мүдделі болмады және оған шамалары да жетпеді.

Жоңғар феодалдарының қазақ жеріне басып кіруі Орталық Азияны мекендеген тайпалар мен халықтардың бір-бірімен араласуына және қалыптасқан тарихи этникалық шекараларының бұзылуына алып келді. Мәселен, Ұлы жүз қазақтарының басым бөлігі Орта Азияның Қаратегін, Самарқанд, Ходжент, Ферғана тіпті Памирге босып, еріксіз көшуге мәжбүр болса, Орта жүз қазақтары Ойыл, Тобыл өзендері бойына ығысса, ал Кіші жүздің бір бөлігі Жайық, Ор, Елек өзендерінің аңғарларына кетіп, ол жерлерден қалмақтар мен башқұрттарды солтүстікке қарай ығыстырса, екінші бір бөлігі Бұқара мен Хиуа жерлеріне көшіп кетті.

XVIII ғ. басымен салыстырғанда 1730 жылдың басында жоңғарлардың Орта және Кіші жүз қазақтарына жорықтары біршама әлсіреді. Оның басты себебі 1729 ж. Циндік Қытаймен арада басталған кезекті соғыспен түсіндірілді.

Қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуы тарихын танып-білуде атап көрсетілген нақ осы оқиғалардың тарихи алғышарты аса маңызға ие. Өйткені, Жоңғария мен Қытай арасында алғаш рет шекаралық-территориялық сұрақтар талқыланды. Нәтижесінде XVII–XVIII ғғ. әскери қимылдар барысында жоңғарлар тарапынан Қазақстаннан тартып алған жерлерді Жоңғар хандығын талқандаған Қытай мемлекеті өзіне мұра ретінде қалдырды һәм өз иелігіне алды. 1725 ж. Пекинге келген жоңғар елшілігіне қытайлар шекараны белгілеу туралы нақты жобасын ұсынады: «Моңғол Алтайының батыс сілемдерінен Ұлынғы өзені, одан оңтүстікке қарай Бұлаған, Хабутақ, Байтақ, Ұлан-Ұлу арқылы тура Лобнор көліне және ары қарай оңтүстіктегі Қазкөл көліне» [6, с. 61].

Мұндай бөлісу Жоңғария үшін өзінің ең жақсы және шұрайлы жерлерінен айырылуға әкеліп соғатын еді. Ол жерлердің басым бөлігі қазақтардан, қырғыздардан және Оңтүстік Сібірдің түркі халықтарынан тартып алынған болатын, ал Қытай болса Жоңғария мен Түркістанның маңызды экономикалық және стратегиялық аудандарына қол жеткізуге мүмкіндік алатын. Жоба қабылданбай, алғашқы болып Циндерге қарсы Тұрфандағы жоңғарлардың, одан кейін іле-шала Халхадағы халха-моңғолдардың әскери іс-қимылдарының басталуына алып келді. Жоңғар қонтайшысы Сыбан Рабдан Циндердің бірқатар жеңіліске ұшырауына мәжбүр етіп, Тұрфан, Баркөл, Құмұл облыстарын және Халханың қайтарылуын талап етті. Циндар Жоңғарияға қарсы әскери қимылдарды жүргізуге дайындықтарын бастап, Ганьсу провинциясы мен Халхаға әскерлерін шоғырландыра бастады. 1729 ж. басталған соғыс 1730 ж. соңында аяқталды және мұнда жоңғарлардың Циндік Қытайға қарсы тұратын күш-қуаты жоқ екенін көрсетті. Осыған байланысты Жоңғар хандығы экспанциясының әскери-саяси бағытын айқындап, оны батысқа, яғни Қазақстан мен Орта Азия ауданына түпкілікті бұрды.

Қытайдағы маньчжурлық Цин әулетінің билігі тұсындағы маңызды екі облыстың болғандығын және ол аймақта ежелден мекендеп келе жатқан тұрғылықты халықтың үнемі азаттыққа ұмтылып, сол жолда көтеріліске шығып отырғандығын атап өтуге болады. Оның біріншісі – 1720 ж. Циндер жаулап алған Тибет, екіншісі – Қытайдың солтүстік-батыс бөлігіндегі Орталық Азия халықтарының жерлерін құрамына қосып алған, талқандалған Жоңғар хандығының жаулап алған территориясы. Бұл аумақтың тарихи атауы Шығыс Түркістан. Қытай билігі 1762 ж. бұл жерлерге «Синьцзян» деп атап (мағынасы «Жаңа жер», «Жаңа шекара»), өзінің бір провинциясына айналдырды. Бұл екі облыс стратегиялық, экономикалық, саяси тұрғыда перспективалық маңызға ие болғанымен, қытай билеушілері үшін әрқашан проблема тудырып отырды. Сондықтан, аталған аймақта тез арада бекінуді жүзеге асырып, әлеуметтік, саяси жарылыс қаупі бар жағдайды реттеуді мақсат етті. Қытай билігі саясатының алдын-ала және ұзақ мерзімге жасаған мұндай қауіпсіздік іс-шараларының зая кетпегенін тарихтың өзі көрсетіп берді.

Қытайлардың әскери күштің көмегін қолдана отырып, бейбітшілікті орнатудың «тамаша» саясаты нәтижесінде 600 мың жоңғардың 80% жуығы соғыстан және аурудан қырылды. Тарихшы-ғалым Зардыхан Қинаятұлының «Жылаған жылдар шежіресі» атты монографиясында қытайлар тарапынан талқандаған жоңғарлардың тағдыры туралы мынадай мәлімет келтіреді: «...200 мың отбасынан тұратын 600 мың жоңғар халқының 4/10 аурудан

өлсе 3/10 қанды шайқаста қаза тапты, 2/10 туған жерлерінен босып кетсе, тек қана Жоңғария жерінде 1/10 тірі қалды» [7, 33-б.].

1757 ж. Жоңғарияны талқандағаннан соң және Цин әулеті билігіндегі Қытаймен бейбіт келісім жасағаннан кейін қазақ феодалдары елшілік келіссөздер жолымен өздеріне тиесілі жерлерде қайтаруға әрекеттенді. Бірақ, бұл саясат белгілі дәрежеде өзінің нәтижесін бермеді. Цинь билеушілер қазақ даласынан келген елшілерді Аспанасты империясына қазақтардың «кіріптарлығын» нығайтудың құралы деп санады және ешқандай да территорияны қайтару туралы сөздің болмайтынын аңғартты. Тіпті бірқатар қазақ феодалдарының Цин империясына «сыртқы вассал» («вай фань») болатындығына ресми түрде келісіміне қарамастан оң нәтиже әкелмеді. Мәселен, 1757 ж. император Цяньлун Абылайға жазған хатында аталған кезеңде Орта Азиялық саясатта қазақтардың алар орны мен рөліне өзінің көзқарасы мен ұстанған позициясын нақты айқындағанын көрсетті: «Сен бізге бағынышты бодан болдың, сен мынаны білуің керек, яғни барлық жоңғар тайпалары толығымен еліміздің аумағында тұр, сондықтан біздің шекараны бұзуды ойлама» [8, с. 133.]. Бұл жерде қытайлардың өктемдігін, қазақ билеушілерін менсінбегенін анық көреміз.

Цин империясы Орта Азияға жүргізген сыртқы саясаттағы бағытында «бөліп ал да билей бер» принципін ұстанып, қазақтардың мүддесіне қарама-қарсы іс-әрекеттерге көшті. Цинь әулеті билеушілері қазақтармен арадағы саяси ойынды тоқтатып, 1762 ж. қазіргі Іле округі аймағында әскерлерін тиімді басқару мақсатында Бас штабтың бөлімін орналастырды. Нақ осы уақыттан бастап Үрімжіде Қытай губернаторының ставкасының негізі қаланды және Тарбағатай, Іле және Қашқар жерлері мен тұрғындары олардың билігінің қол астына түсті [9, 40-б.]. Осы уақыттан бастап қытай жеріндегі қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуы орын алды.

1763 ж. 5 қырқүйекте Қытай императоры Цяньлун Шынжаң билеушілеріне арналған арнаулы жарлығында қазақтар мен қырғыздардың Шу, Талас өзендері аймағында және Іле өзенінен батысқа қарай, сондай-ақ Аягөз өзенінің оңтүстікке қарай жерлерге көшіп-қонуына тыйым салды. Жарлықта: «Егер де қазақтар мен буруттар (қырғыздар – *Е.О.*) малдарын жаятын болса, оларды дереу қуып шығуымыз керек» – деген арнайы бұйрық та болды [6, с. 60]. Мұндай қатаң тыйымдарға қарамастан қазақтардың Тарбағатай мен Жетісу өңірлеріндегі көшіп-қонуы жалғаса берді және сол үшін Қытайдың гарнизондары тарапынан үнемі қуғын-сүргінге ұшырап отырды.

Маньчжоу-го Іле өзенінің бойынан, Қорғастан, Лепсі, Алакөл, Тарбағатайдан және Ертістің жоғарғы ағысындағы жерлерден қазақтарды ығыстырып шығару саясатын жүргізуді бастады. 1762–1765 жж. бұл саясат өте қаталдығымен орын алды. Яғни, Циньдік Қытайдың Қазақстан тұрғындарына қарсы жаңа әрі жарияланбаған соғысы ретінде көрініс берді. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді (физикалық және рухани тұрғыда) қолданған қытайлықтар қазақтарды жазалап, олардың малдарын айдап, мүліктерін тонап әкетіп отырды.

Қазақтар тарапынан табанды тойтарысқа ұшыраған Цин үкіметі келіссөз жүргізуге мәжбүр болды және тамыз айынан наурыз айына дейінгі аралығындағы кезеңде бүкіл көшкен мал отарының 1% алым-салық ретінде төлеп тұру шартына көнген жағдайда Тарбағатай және шығыс, оңтүстік-шығыс Қазақстанның басқа да өңірлеріне қыстап шығуға 1767 ж. «рұқсат етті» [8, с. 174]. Сөйтіп, қазақтар 1767 ж. Моңғол Алтайынан, Іле өлкесі аудандарынан өз ата-қоныстарының кейбір жерлерін қайтарып алуға қол жеткізді. Ұлы жүз қазақтарының азғантай бөлігі Іле өзенінің аңғарына көшіп, қытай императорының бодандығын нақтылы мойындаса, кейбір бөлігі 1850 ж. дейін тәуелсіздігін сақтап қала алды. Алайда, ақыр соңында Ресей империясына өтті.

Атап көрсетілген өңірлерде қазақтар XIX ғ. І-жартысына дейінгі кезеңде еркін көшіп-қонып жүрді. Ресейдің Қазақстан мен Орта Азиядағы жүргізген отаршылдық басып алу саясаты табысты нәтижеге жетуі, ресейлік жаңа иеліктердің Циндік қытайдың иеліктерімен жақындасуына алып келді. Мұның өзі екі елдің бірқатар мемлекетаралық сұрақтарды тез арада шешу мәселесін күн тәртібіне қойды: бірінші, орыс-қытай сауда-саттық қатынастарын

дамыту; екінші, Орталық Азиядағы орыс-қытай мемлекеттік-территориялық шекараны межелеу һәм анықтау.

Орталық Азия бойынша шекараны белгілеу мәселесінде Қытай мен Ресей арасындағы алғашқы ресми құжат 1860 ж. 2-қарашадағы Пекин келісімі болды. Ол 1864 ж. Шәуешек Хаттамасында кеңінен әрі нақтылы түрде толықтырылды. Пекин келісімінің екінші бөлімінде шекаралық сызық Енисей өзенінің бастауынан Шабын-даба арқылы Томск және Енисей генерал-губернаторлығы жерлері арқылы Зайсан көліне, одан Жоңғар Алатауына қарай Іле өзенін кесіп өтті, одан әрі Тянь-Шань арқылы Қоқан иеліктеріне дейін жетті [10, с. 35].

Жоғарыда атап өткеніміздей екі мемлекет арасындағы нақтылы территориялық межелеу 1864 ж. 25 қыркүйектегі Шәуешек Хаттамасының негізінде жасалды. «Русско-китайские отношения, 1689–1916» (Мәскеу, 1958) атты жинақтағы ресми құжатқа мұқият қарайтын болсақ, Орталық Азиядағы Ресей мен Қытай арасындағы территориялық-мемлекеттік шекараны белгілеу аталған аймақта тұратын халықтардың ешқандай да экономикалық, этнопсихологиялық және саяси мүдделері ескерілмей, тек географиялық принципке сүйеніп жасалғанын анық байқаймыз. Мәселен, Хаттаманың 5-бөлімінде айтылғандар жасаған тұжырымдарды нақты айқындайды. Онда былай деп атап көрсетілген: «Настоящее определенине границы делается в том намерении, чтобы навсегда скрепить доброе согласие между двумя государствами, поэтому для избежания споров из-за обитающих вдоль теперь определенной между двумя государствами границы народов поставляется принять в основание день размена этим протоколом: т.е. где помянутые народы жили до сегодня, там попрежнему должны оставаться и спокойно жить на прежних местах, пользуясь предоставленными средствами жизни, и к какому государству, вместе с землею, отходят и самые люди, и тем государством управляются. И если после сего кто-либо из них с прежнего места жительства перейдет в другую сторону, то таковых возвращать назад и тем прекратить замешательство и неопределенность на границе» [10, с. 48]. Міне, нақ осы уақыттан бастап Қытайда қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуы орын алды.

Орталық Азиядағы Ресей мен Қытай арасындағы мемлекеттік-территориялық шекараның белгіленуі бірнеше мәрте түзетілді. Шәуешек Хаттамасына қол қойылған соң бірнеше жылдан кейін 1864 ж. Шынжаңда басталған антициньдік ұлт-азаттық қозғалысты пайдаланған Ресей империясы бұрынғы қабылданған келіссөздердің шешіміндеріне қайта тексеру жүргізуді және Қытай империясының иелігіндегі жерлерді өзіне қосып алу мақсатында демаркациялық сызықтарды өзгертуді талап етті. Соның нәтижесінде 1869 ж. Хобда Хаттамасы, ал келесі 1870 ж. Тарбағатай Демаркациялық хаттамасына қол қойылды.

Қытай мен Ресей арасындағы Орталық Азиядағы мемлекеттік-территориялық тұрғыда жерлерді түпкілікті бөлуде Якуб-бек құрған мемлекет пен «Іле мәселесі» маңызды рөл атқарды. Соның салдарынан қазақтардың дәстүрлі көшу бағыттары бұзылып, пайдаланылатын жайылымдық жерлері және су көздері тартып алынды. Шынжаңдағы хан емес халықтар: дүнген, ұйғыр, қазақ, қырғыз және т.б. жалпы антициньдік ұлт-азаттық қозғалысы әлемдік қауымдастықта өте үлкен резонансқа ие болды және тарихи оқиғалардың дамуына үлкен әсерін тигізді. 1864 ж. 7-маусымда Кучер қаласында дүнгендердің қарулы бас көтеруі бүкіл Шынжаңға тарап, оған іс-жүзінде хан емес халықтардың барлығы қатысты. Көтеріліс барысында Шынжаңдағы әскери-бюрократиялық машина Маньчжоу-го құлатылды. Аталған оқиға патша үкіметіне қауіптену мен алаңдаушылық тудырғанымен, олардың нақ сол уақытта қытай билігіне қолдау білдіретіндей әскери күші жеткіліксіз болатын. Сондай-ақ, Цин жағында әскери іс-қимылдарға барған жағдайда Қазақстан мен Орта Азия халықтары тарапынан өте қатты наразылыққа ұшырайтынын жақсы түсінді. Сондықтан, Цинь билігінің антиманьчжурлық көтерілісті жоюға әскери көмек беру туралы табанды өтінішке орыс үкіметі құлақ аспай, қытайдың ішкі ісіне араласпау саясатын ұстанды. Сонымен көтеріліс барысында 1865 ж. Шынжаңда Маньчжоу-го билігі жойылды.

Шынжаңда ұйғырлар мен дүнгендердің бірнеше тәуелсіз мемлекеттік бірлестіктері құрылды: орталығы Қашқар болған Жетішар, астанасы Құлжа болған Тараншы хандығы,

орталығы Үрімжі болған Дүнген сұлтанаты [6, с. 72]. Осылардың ішінде Шығыс Түркістанның басым бөлігін қамтыған Жетішар әскери тұрғыда өте ірі және күшті мемлекет болып саналды. Ондағы билікті Қоқан азаматы, антициньдік көтеріліске көмектесу мақсатында Қашқарияға арнайы жіберілген шағын ғана Әндіжандық жалдамалы отрядтың (68 адам) басшысы Мұхаммед Якуб-бек (1820–1877 жж.) басып алды.

1865 ж. ақпан айында Шынжаңның саяси сахнасына келген Якуб-бектің Қашқариядағы билікті қолына қаратудың бірнеше себебі болды: біріншіден, көтеріліске шыққан Шығыс Түркістан мұсылман тұрғындарының талабы – ислам дінінің позициясын нығайту қажеттілігі; екіншіден, Апиын соғысына (1839–1842 жж.) байланысты Маньчжоу-го шенеуніктік аппаратының аталған территорияны басқаруға қабілетсіз болуы, ағылшын-француз әскерінің 1858 ж. Кантонды басып алуы, 1860 ж. ағылшын-француз әскерінің Пекинді түпкілікті оккупациялауы, Тайпин көтерілісі (1850–1864 жж.); үшіншіден, Орталық Азия аймағында, Қытайдың солтүстік-батысындағы өңірлерде Ресей империясының ықпалының өсуі. Осының нәтижесінде Қазақстанның, Орта Азия елдері мен Шынжаңның түйіскен жерінде 12 жыл бойы өзімен Қытайды ғана емес, Ұлыбритания мен Ресейді санасуға мәжбүр еткен өте күшті мұсылман мемлекеті құрылды.

Іле өлкесін 1866 ж. қаңтарында дүнгендер мен тараншылар басып алғаннан кейін сұлтан Әбіл-оғлының басшылығымен берік емес жүйедегі билік орнады. Ал, 1870 ж. екі этникалық топтың арасындағы алауыздықтың басталуы нәтижесінде аталған аймақта саудасаттық толығымен тоқтап қалды. Осындай тұрақсыздықты пайдаланып, орыстар Якуб-бек Іле өлкесін басып алуға жиналып жатыр деген қауесетті әдейі таратады. Сондықтан оның алдын орап кету мақсатында 1870 ж. шілде айында Ресей генералы Г.А. Колпаковский өз әскерін Іле ауданына кіргізді. Яғни, ол маньчжур үкіметінің антициньдік көтерілісі тыныштандыруға қабілетсіз екендігін пайдаланды. Бұл оқиғаға Пекинде Ресей елшісі, – онда тәртіп пен заңды орнату үшін Циньдік Қытайға орыс үкіметінің көрсеткен көмегі, – деп бағалау қажеттілігін мәлім етті. Бұл жерде британдықтардың Якуб-бекке қолдау көрсетуі Ресей тарапын қатты алаңдатқан болуы керек. Сол себепті, Ресей, Қытай ол аймақты басқаруға жағдайы келген уақытта Іле ауданынан бірден кететіндігін цинь үкіметіне уәде етті. Мұндай асығыстықпен жасалған мәлімдеме он жыл өткеннен кейін Ресейдің Іле өлкесінен еріксіз түрде кетуіне мәжбүр етті.

Ұлыбритания тарапынан көрсетілген әскери қолдаудан айырылған Якуб-бектің тікелей қол астындағы 17 мың әскері мен оған көмекке келіп қосылған 10 мыңдық дүнген жасақтарына қарсы генерал Дзо Цзунтанның 89 мыңнан тұратын қытай армиясы қарсы тұрды [6, с. 76]. 1876 ж. 18 тамызда қытай әскері Үрімжі қаласын басып алғаннан кейін Якуб-бектің тағдыры шешілген болатын. 1877 ж. сәуірде екі жақ арасында бірінші шайқас Турфан маңында, келесі шайқас Тоқсұн маңында болып, Якуб-бек жеңіліске ұшырады, әскері қоршауда қалды және бір бөлігі шайқас алаңынан қашып шығуға мәжбүр болды. Ал, Қашқар билеушісі Қорла қаласына оралғаннан кейін 1877 ж. мамырында белгісіз жағдайда өлді. Сөйтіп, 1877 ж. Қашғария толығымен қытай әскерінің қолына өтті. Бұның өзі Ресей мен Қытай арасындағы қарым-қатынас пен аталған аймақтың приоритеті мәселесін міндетті түрде айқындауды туындатты.

Орыс-қытай келіссөздері барысында 1879 ж. 20-қыркүйегінде Ливади шартына қол қоюмен аяқталды. Бұл келісім-шарттың бірінші бөлімінде Ресейдің Іле территориясын Қытайға қайтаратындағы айтылды. Үшінші бөлімде Ресей империясынының құрамына өткен Іле территориясын тұрғындары бірден Ресей бодандары болып саналды. Алтыншы бөлімде Қытай Іле өлкесін басқару және ондағы оккупациялық әскерді қамтамасыз ету үшін жұмсалатын шығындар үшін Ресейге 5 млн. сом көлемінде компенсация төледі. Жетінші бөлімде цинь үкіметі батысында Қорғас, оңтүстікте Текес өзені жазығымен өтіп, Тянь-Шаньның Мұзарт асуын қамтитын Іле жазығының батысындағы аз ғана жер бөлігін Ресейге берді. Бұл аз ғана жердің Ресейге берілуі екі жақ арасындағы қарым-қатынастың қайта ушығуына алып келді.

Бірақ Цин империясының ішкі, сыртқы жағдайының ауыр болуы және Ресей империясының саяси, дипломатиялық және әскери үркітуі мен қорқытуы әрекетінен кейін Қытай ымыраластыққа баруға мәжбүр болды. Сөйтіп, 1881 ж. 12-ақпанда Петербург келісімі жасалды. Петербург келісімі бойынша Қытай билігінің Шынжаңдағы антиманьчжур көтерілісіне қатысушыларға қарсы жазалау шарасын жүргізбейтіндігі туралы уәдесіне қарамай хан емес халықтардың өкілдерінен 100 мыңдай адам Қазақстан мен Орта Азия аумағына қоныс аударуға талпынды [6, с. 77].

Біздің ойымызша, 1881 ж. Петербург келісімі Ресейдің Орталық Азиядағы позициясын әлсіреуінің нышанын білдіргендей. Ал, Қытайдың пайдасына өтіп кеткен нақ сол жерлер оның тарихи иелігі болған жоқ, патшалы Ресей болса аталған геосаяси, экономикалық, стратегиялық қатынастарда аса маңызды аймақты өз қолында ұстап қала алмады. Бұл Ресей мен КСРО-ны басқарушылар ортасында өкінішті салдарының болғандығын бірнеше мәрте тарихтан көрсетіп берді.

Ресей тарапынан Іле өлкесің Қытайларға қайтарылуы қазақтардың суан, албан, қызай руларының Іле өзені бойындағы маусымдық жайылымдықтарынан айырды. Мұның өзі қазақ жерлерін өзара бөлісіп, екінші бір мемлекеттің еншісіне күшпен өтіп кетуіне және қазақтардың дәстүрлі көшпелі маршрутының бұзылуына алып келді. Бұл мәселені шешу үшін, орыс және қытай шенеуніктері оны бірнеше мәрте талқылап, қытай бодандығындағы қазақ, қырғыз, қалмақтарға Нарынқол маңында тұз өндіруге, орыс бодандығындағы қазақтар мен қырғыздарға қыс айларында Текес аңғарында малдарын қыстатуға рұқсат етті.

Ресей мен Цин империялары арасындағы қол жеткізген келісімдерге байланысты қазақтар Қытай территориясындағы бұрынғы жайылымдықтары болған Іле және Тарбағатай округтарындағы Барлық пен Тарбағатай тауларында, Текес өзені аңғарындағы Жұлдыз, Сүмбе, Бороталды 1892 ж. дейін іс-жүзінде пайдаланды. Бірақ Ресей бодандары болған қазақтардың қытай жеріне рұқсатсыз үнемі еніп кетуі мен тәртіпсіздіктердің жиі орын алуына орай Қытай билігі қазақтардың көшіп-қонуына шек қоя бастады, ал бұл өз кезегінде олардың, яғни қазақтардың өмір сүруіне кері әсерін анық көрсетті.

Сонымен, Қытай аумағында қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуы туралы жоғарыда айтылған тұжырымдардан мынадай қорытынды жасауға болады. Қытайдағы қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуының үдерісі екі этаптан тұрады: бірінші – XVII–XVIII ғғ. қазақ-ойрат соғыстары уақытын қамтиды және оның барысында қазақтар өздерінің ата-қоныстары болған Жетісудың кейбір жерлерінен, Тарбағатайдан, Барлықтан айырылды. Қазақ-ойрат соғыстары мыңдаған адамның қырылуына, Орталық Азия халықтарының қуатты миграциялық үдерісіне тікелей әсер етіп, аталған аймақтың демографиялық ахуалына түбегейлі өзгеріс алып келді. Нақ сол кезеңде сонау Түркеш қағанаты кезінде Атлах шайқасында тас-талқан болып жеңілген қытай әскерінің мың жыл өткеннен кейін, түркілердің ата-қонысына қытайлардың екінші мәрте пайда болуына алып келді. Жоңғар хандығының талқандалуын пайдаланған қазақ билеушілері өз ата-қоныстарын қайтарып алуға әрекет жасағанымен, Қытай мемлекеті ойраттарды талқандауда басты жеңімпаз ретінде ол жерлерде мұрагер ретінде өздерінде қалдыратындығын мәлімдеді. Сол себепті, XVII–XVIII ғғ. жоңғарлардың жүргізген әскери іс-қимылдары барысында қазақтардан тартып алған жерлері Қытайдың құрамында қалды. Сонымен қатар, XVIII ғ. екінші жартысында Қазақстан мен Қытай арасында алғаш рет тікелей шекара орнатылды.

Екінші этап – Орталық Азиядағы Қытай мен Ресей арасындағы территориялық-мемлекеттік шекараны белгілеу үдерісімен сипатталады. Нәтижесінде бірқатар маңызды үкіметтік құжаттарға қол қойылды, олар 1860 ж. 2-қаршадағы Пекин келісімі, 1864 ж. Шәуешек Хаттамасы, 1869 ж. Хобда Хаттамасы, 1870 ж. Тарбағатай Демаркациялық хаттамасы, 1879 ж. Ливадия келісімі, 1881 ж. Петербург келісімі. Атап көрсетілген келісімдер мен хаттамаларға қол қойылып және ратификациялануының салдарынан қазақ жерлері мен тұрғылықты халқы зорлықпен екі мемлекет арасында бөлінді және олардың тілегіне қарамастан бодандықтың қамытын киюге мәжбүр болды. XIX ғ. соңында 100 мың

қазақ Ресей империясының аумағынан тыс жерлерде өмір сүрді. Әлбетте, оның басым бөлігі Қытай жерінде қалған қазақ ирредентасы екендігі ешбір дау тудырмайды.

XX ғ. орын алған оқиғалар екі мемлекет – Ресей империясын, кейіннен оның орнына келген КСРО-ның және Қытайдың құрамында болған қазақ халқының жағдайы күрделене берді. Қазақстандағы және Шынжаңдағы қазақтардың адам шығыны орасан зор болды. Бұл қасіретті жылдардың нәтижесінде қазақ диаспорасының пайда болуына және оның Орталық Азия елдерінде дамуына, одан кейінгі бүкіл әлемге таралуына алып келді.

Әдебиеттер

1. Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата, 1969.
2. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Ташкент, 1996.
3. Сулейменов Р.Б. Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII в. Алма-Ата, 1988.
4. Моисеев В.А. Джунгарские ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). Алма-Ата, 1991.
5. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата, 1968.
6. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы, 1997.
7. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. Алматы, 1995.
8. Гуревич Б.Г Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX в. М., 1983.
9. Мұхаметқанұлы Н. XVIII–XX ғг. қазақ-қытай байланыстары. Алматы, 1996.
10. Русско-китайские отношения, 1689–1916 гг. Официальные документы. М., 1958.

ДОКУМЕНТЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА НОВЕЙШЕЙ ИСТОРИИ ИРКУТСКОЙ ОБЛАСТИ О МИГРАЦИИ КАЗАХОВ В ВОСТОЧНУЮ СИБИРЬ В 1930–х гг.

Дацышен В.Г.

Сибирский федеральный университет, Красноярск

Формирование диаспориальных групп казахского населения происходило за счет вынужденных миграций казахов. Вынужденные миграции были обусловлены политическими притеснениями и трудностями социально-экономического характера на родине. Одним из самых сложных и противоречивых периодов в истории Казахстана были 1930 гг., когда в Советском Союзе проводилась политика индустриализации, коллективизации и культурной революции, разрушавшая основы традиционной жизни всего населения бывшей Российской империи. Радикальные реформы и социальные эксперименты вели к ухудшению социально-экономического положения населения, а все попытки сопротивления реформам вызывали репрессии, в том числе и политического характера.

По причине резкого ухудшения социально-экономического положения и усиления репрессивной политики государства казахи, как и представители других народов Советского Союза в 1930-х гг. вынуждены были мигрировать в различные регионы мира, но в первую очередь в соседние районы Монголии и Китая (Монгольский Алтай и Синьцзян). Однако в это время, как это бывало в истории не редко, казахи, как и другие народы Азии и Восточной Европы, вынуждены были бежать в Сибирь, где давление государства было несколько слабее, а местное население, в том числе и элиты, были более толерантными. В Сибири

достаточно освоенными и доступными благодаря относительно благоприятному климату и современным транспортным коммуникациям были южные районы Восточной Сибири. Но при этом Прибайкалье и Забайкалье были относительно слабозаселенными. Кроме того, этот регион Сибири напрямую примыкал и был тесно связан с Монголией, занимавшей «центральное положение» в Центральной Азии.

Долгое время документы о вынужденных миграциях казахов, как и других народов Советского Союза, были засекречены. В последние годы стали появляться публикации о вынужденных миграциях казахов в Западную Сибирь. В «Исторической энциклопедии Сибири» говорится: «Попытка спастись от голод. смерти вылилась в массовые откочевки К. в Зап. Китай, Монголию, Афганистан (ок. 40 тыс. хоз-в) и миграцию в сопредельные регионы страны (Ср. Азию, Зап. Сибирь, Урал, Ср. Поволжье) – ок. 100 тыс. хоз-в. 70–80 % откочевников составляли бедняки, середняки и колхозники» [1, с. 6]. Тем не менее, специальных исследований по проблемам вынужденных миграций из Казахстана в Восточную Сибирь в 1930-х гг. пока, вероятно, не появилось, об этой странице казахский миграций пока вспоминают мало.

Сегодня ведется работа по введению в научный оборот ранее недоступных историкам документов, и в этой связи большой интерес представляют фонды Государственного архива новейшей истории Иркутской области. Особо хочется отметить профессионализм и уважение к работе исследователей именно в этом архиве. В ГАНИИО сегодня доступны секретные в прошлом документы, отражающие проблемы вынужденных миграций казахов в Сибирь и на Дальний Восток.

В фонде «Восточно-Сибирский краевой комитет ВКП(б)» имеется справка «По делу об организаторах массовых откочевок казакского населения и байского элемента из КАССР в пределы Восточной Сибири и Дальнего Востока в к-р целях». Подготовил документ Особый отдел НКВД по Восточно-Сибирскому краю в 1935 г. и представил его на имя первого секретаря Восточно-Сибирского крайкома ВКП(б) М.О. Разумова.

В документе говорится: «По данным УНКВД КАССР, ЗСК, ВСК и ДВК, также из следственных материалов ОО УНКВД по ВСК установлено организованное... массовое движение окочевщиков из Казахстана в пределы Восточной Сибири и ДВК. Это движение откочевщиков на Восток организуется в к-р целях и было рассчитано на использование против советского Союза в случае войны с Японией. В 1931 г. в районах Каракалинского округа Казакстана была вскрыта и ликвидирована к-р организация «Крестьянско-середняцкая партия» (КСП), которая проводила организованное противодействие мероприятиям соввласти в КАССР... Скрываясь от органов власти отдельные руководители и активные участники «КСП» снова оживили свою деятельность... используя тоже перегибы местных организаций и продовольственные затруднения – повели массовые откочевки казаков и главным образом байско-родового и к-р националистического элемента из Каракалинского округа на Восток и далее в Монголию и Китай. Один из активных руководителей КСП казакский националист... КАРИБАЕВ Габбас объединил вокруг себя к-р актив: ТАТИМОВА Хусаина – б. бая и активного Аллашордынца, своего брата КАРИБАЕВА Мурзакарима, б. крупных баев УНГУРБАЕВЫХ... с которыми возглавил это движение откочевщиков... с которыми возглавил это движение откочевщиков...В 1931 году КАРИБАЕВ Габбас и его сообщники стали стягивать значительное число казакстанцев, бежавших из лагерей... в г. Кемерово ЗСК среди откочевщиков были созданы «производственные артели». В одной из них КАРИБАЕВ Габбас был председателем, в другой председательствовал ШАМСИЯРОВ Салим. Используя острую потребность новостроек в рабочей силе и систему вербовки руководители откочевщиков из Кемерово посредством вербовки стали продвигать казаков дальше на Восток: в Иркутск, Улан-Удэ, Хабаровск, Владивосток и даже до Камчатки. Но так как эти вербовки в условиях Кемерово фактически являлись воровством рабочей силы и были запрещены – откочевщики из Кемерово одиночками и небольшими группами направлялись на ст. Тайга, Топки, Кольчугино, Болотная где группировались и под видом безработных продвигались дальше.

Движение откочевщиков приняло массовые размеры и продолжалось до конца 1934 г. По последним, далеко не полным данным количество откочевщиков определяется: в Новосибирске – 600 семейств, Кемерово – 2000 чел., в Ленинске и Сталинске до 2.000 чел., в Иркутске 120 ч. в Улан-Удэ 3372 ч., а в Хабаровске до 500 ч. Значительное количество во Владивостоке и его окрестностях. Все откочевщики выбыли из КАССР в период с 1931 по 1934 г.» [2, л. 54-55].

Сотрудники Особого отдела НКВД в середине 1930-х гг. утверждали: «При вербовке на Восток вербовщики распространяют слухи о том, что на Востоке хорошая жизнь, дешевые продукты, высокие ставки до 300–400 и 500 руб. так же велась агитация, что скоро должна быть война с Японией и Забайкалье отойдет Японии, которая улучшит положение казаков. Оседание казаков вблизи границы на оборонных и стратегических пунктах является не случайным. По данным УНКВД по ЗСК отдельные казаки посещали японское консульство... Изложенные факты говорят о том, что движению казаков на Восток причастна японская разведка. Байский к-р элемент и в настоящее время проявляет свою активность. В г. Улан-Удэ на строительстве ПВРЗ (паровозовагоноремонтный завод) в бараках зафиксированы факты а/с агитации, религиозной пропаганды и распространение провокационных слухов. Аналогичные проявления отмечаются и по Иркутской ЦЭС. Отдельные данные, пока-еще не подтвержденные следствием указывают на то, что руководитель откочевок имеют связь с видными националистами: БУКЕЙХАНОВЫМ Адыльханом, проживающим в г. Москве и БУКЕЙХАНОВЫМ Касымханом – в г. Семипалатинске» [2, л. 55-56]. В 1935 г. все «руководители откочевок», как минимум 46 человек, были арестованы, больше всего было арестовано казахов по этому делу в Восточно-Сибирском крае – 36 чел.

Далее, в Справке Особого отдела НКВД говорилось: «Политмассовая работа среди казаков местными руководителями была доверена б. баям и к-р элементу, который сознательно срывал все мероприятия... мае месяце с.г. казаками в г. Улан-Удэ, работавшими на строительстве ПВРЗ был организован религиозный праздник «Курбан-Байрам». В связи с этим праздником инструктор постройкома БАШМАНОВ б/крупный бай, заверил администрацию ПВРЗ в том, что они готовятся праздновать 14-ю годовщину КАССР и мошенническим путем получили от ПВРЗ на праздник средств и товаров... Ко всему этому среди казаков, особенно женщин усиленно развита спекуляция. Перепродаются кооперативные товары, производится пошивка одеял для продажи, скупается и продается мануфактура, чай и т.д.» [2, л. 58].

В 1930-х гг. карательные органы Советского государства для борьбы с любым проявлением свободы предлагали политическому руководству ограничительные меры. Как отмечают исследователи: «Во второй половине 1930-х гг. в СССР возобладала точка зрения, что при социализме миграции будут осуществляться исключительно в плановом, организационном порядке» [3, с. 66]. И уже в 1935 г. Особый отдел НКВД по Восточно-Сибирскому краю писал: «просим Крайком ВКП(б) дать соответствующее распоряжение... Запретить соответствующим предприятиям выдачу проездных билетов казакам при увольнении в сторону Востока и вербовку казаков в пределы Забайкалья и ДВК» [2, л. 59]. Тем не менее, в середине XX в. миграции различного характера, в том числе и вынужденные, привели к формированию диаспориальной группы советских казахов в Восточной Сибири.

Литература и источники

1. Историческая энциклопедия Сибири. К–Р. Новосибирск, 2009.

2. ГАНИИО. Ф. 123 (Востоксибкрайком ВКПб). Оп.15. Д. 325.

3. Миграции населения Азиатской России: конец XIX – начало XXI вв. Новосибирск, 2011.

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЛГЕ ОРАЛУЫ: МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ (1990–2000 жж.)

Ерімбетова Қ. М.

ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты, Астана

Тарихи аласапырандарда қазақтардың шетелге бағыт алуы елдің әлеуметтік-саяси жағдайымен тікелей байланысты болғандығы бүгінгі күні құпия емес. Ел тәуелсіздігі сырттағы талай қандастардың жүрегін толқытты, үкілі үміттерін жүзеге асыра, нақты шешімдер қабылдауларына негіз болды. Кейбір қандастар қоғамның өтпелі кезеңінде қоныс аударса, тағы да ел ішіндегі өтпелі кезеңге тұспа-тұс елге оралды. Себебі 1990 ж. басы қазақ елі сын-қатерлердің бел ортасында еді. Экономикалық әлеуетті орнына қою, демографиялық қалып орнату, саяси қатынастарды ретке келтіру бір мезгілде қолға алынуы ең маңызды қажеттілікке айналды. Дәл осы кезеңде қандастарды қабылдауға да мемлекеттік қолдау қажеттілігі күн тәртібіне қойылды.

1990-2000 жж. аралығында тұрғындардың ерекше әлеуметтік және демографиялық өзгерістер үрдістері қоғамның барлық жүйесінде: қоғамды жаңғыртуда, экономика салаларында болсын жайлы да, жайсыз да үрдістермен сипатталды. 1990 ж. басында бұрынғы қалыптасқан әлеуметтік құрылымның ыдырауымен, мемлекеттік құрылымның өзгеруі тұсында, Қазақстан халқы өмір-тіршіліктерінің болашақтағы әрекеттерін жоспарлау мәселесіне келгенде де дағдарысты күй кешті. 1990 ж. ортасында әлеуметтік құрылымды қалыптастырудағы келеңсіздіктер: экономикалық фактор әсерімен (1991–1996 жж. өндірістің төмендеуі) тұрғындардың әлеуметтік жағдайының төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, «ауыл-қала» бағытындағы көші-қон легінің өсуі қарқындап артты. Сонымен қатар жаңғырту кезеңіндегі құндылықтар жүйесінің дағдарысы, әлеуметтік саланың төмендеуінен байқалды.

Республикада 1990–1995 жж. ішкі жалпы өнім көлемінің күрт төмендеуі байқалды. Тек 1996 ж. ІЖӨ көлемінің төмендеуі тоқтатылып, 1997 ж. 1,7% өсім берді. Сыртқы факторлардың әсерінің нәтижесінде 1998 ж. 1997 ж. салыстырғанда ІЖӨ нақты көлемі 2,6%-ға төмендеді. 1998-2000 жж. араналған кедейлер мен үйсіздерге көмек берудің Мемлекеттік Бағдарламасының жобасы қажеттілікке айналды [1].

Көші-қон саясатын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы мемлекеттік үкімет органдары, қоғамдық бірлестіктер алдындағы (сыртқы және ішкі саясат, әлеуметтік-экономикалық, заңнамалық, ақпараттық салалары бойынша) міндеттердің нақтылануының да маңызы зор болды. Көші-қон үрдісінің мемлекеттік қауіпсіздікке, қоғамдық келісімге, елдің экономикалық және демографиялық жағдайына әсері мол. Мысалы, 1990 ж. басында Ақмола облысында тұрғындардың сыртқа қоныс аударуына байланысты, 1994 жылы көші-қонның теріс айырымы – 33,6 мың адамды құрады, одан кейінгі жылдары мемлекеттік көші-қон саясатының жүзеге асырылуымен сыртқа кететіндер саны кеми бастады. Мысалы, 1994 ж. кеткендер саны – 61,1 мың, 1995 ж. – 47,7 мың, 1996 ж. – 34,1 мың адамды құрады. 1996–1999 жж. Ақмола облысы көлемінен 94,6 мың адам кетсе, 8,9 мың адам келген. Бұл этникалық топтардың тарихи Отанына оралуына байланысты негізінен Германия және Ресейге қоныс аударған. 1999–2000 жж. облыстың сыртқы көші-қоны тұрақтана бастады.

1990 ж. көші-қон әсерімен тұрғындардың табиғи өсімі төмендеу үдерісі байқалды. Мысалы, 1996 ж. табиғи өсім – 1869 адамды құраса, 1997 ж. – 1183, 1998 ж. – 1002 адамды, ал 1999 ж. 9 айында 169 адамды ғана құраған [2]. Демографиялық жағдайды тұрақтандыру үшін көші-қон легін реттеуді қамтамасыз ету шаралары белгіленді: облыстың шағын қалаларындағы экономикалық әлеуетті сақтап қалу мен дамыту мақсатында еңбек нарығы мен жұмыспен қамтуды тұрақтандыру; еңбек ресурстарын толықтыру үшін репатрианттарды біріктіріп орналастыру; еңбекпен қамту және репатрианттарды экономикалық бейімдеу бағдарламаларын қажетті ресурстармен (өндірістің несиелік, негізгі қаржыларымен) қамтамасыз ету. Сол сияқты демографиялық саясат саласына республикалық және жергілікті

бюджеттен қаржы бөлу мәселелерін шешу қажет болды. Ауыл тұрғындарының денсаулығына, ана мен баланы қорғау, бұрынғы жеңілдіктерді қалпына келтіру арқылы көпбалалы отбасыларына қамқорлық жасау мен қолдауға қатысты даму басымдылықтарын мемлекеттік деңгейде анықтау мәселесін шешу қажеттілігі артты.

1990 ж. этникалық қазақтарды қабылдау және орналастыру – көші-қонның мемлекеттік саясатының басым бағытына айналды. ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің көші-қон комитетінің мәліметі бойынша 1991–2005 ж. 1 шілдесіне дейін 433,1 мың этникалық қазақтар елге келген немесе Қазақстандағы тұрғындар саны жарты миллионға өсті [3]. Ал, салыстырмалы әлеуметтік зерттеулер бойынша 1993–2005 жж. 1 қазаны аралығында республика аймағына тарихи Отанына оралған оралмандардың 61,1%-ы Өзбекстаннан, 15,4%-ы Моңғолиядан, 9%-ы Түркіменстаннан, 4,8%-ы Қытайдан, 4%-ы Ресейден келген оралмандарды құрады және орналастырылды, атап айтқанда: Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Астана қалалары [4]. Көші-қонның теріс айырымына жол бермеуіне әсер еткен факторлардың негізгісі – қазақтардың тарихи отанына оралуы. Көші-қонның келесі себептерінің бірі ұлтаралық қақтығыстардың өршуі байқалған республикалардан келген мигранттар басымдылығы. 1991 ж. ішінара зерттеулер мәліметі бойынша ұлтаралық қақтығыс белгілері көрініс берген республикалардан кеткендердің үштен екі бөлігін орыстар құрады. Мысалы, 1992 жылы осындай себептермен Тәжікстан Республикасы территориясында тұратын қазақтар Оңтүстік Қазақстан облысына қоныс аударып, орналасты [5].

1992 ж. 3 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Тарихи Отанына оралғысы келетін қазақтарды 1992 ж. қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі Бағдарламасы туралы» қаулысының орындалу барысының анықтамасына сәйкес, Моңғолиядан 390 отбасы әрбір шаруашылыққа 10–15 отбасынан бөлініп, Ақмола облысының келесі аудандарына орналастырылды: Атбасар, Астрахан, Балқаш, Вишневск, Ерментау, Краснознаменск, Қорғалжың, Селетинск, Целиноград, Шортанды [6].

Республикаға ТМД елдерінен, Моңғолияның Баян-Өлгей, Қобда аймақтары мен Улан-Батыр қаласы маңындағы аудандардан қазақтар қоныс аударды. 1992 ж. 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша Моңғолиядан барлығы 6148 отбасы, ТМД елдерінен 4761 отбасы қоныс аударған. Жалпы Қазақстан Республикасына 1992 ж. қоныс аударғандар – 10909 отбасын құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «1998 ж. арналған иммиграция квотасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру туралы» Қаулысын басшылыққа ала және оны жүзеге асыру мақсатында иммигранттар орналасатын облыс әкімшілігінде оралмандарды қабылдау және орналастыру комиссиясы құрылып, оның құрамы бекітілді. Оның негізгі мақсаты тарихи отанына оралған этникалық қазақтарды қоныстандыру және жергілікті жерлерге орналастыру мәселелерін шешумен айналысты. Мысалы, 1992–1997 жж. аралығында Маңғыстау облысына ұйымдастырып қоныстандыру бойынша 4615 репатриант-отбасылары келді. Иммиграция квотасы Ақтау, Жаңаөзен қаласларына және Бейнеу, Қарақиян ауданына, яғни облыс бойынша 520 отбасына берілді. 1997 ж. қоныстандыру шараларын қаржыландыру республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке берілді. 1997 ж. жергілікті бюджет бөлген – 49 млн. теңге 1995 ж. республикалық бюджет берешегін жабуға бағытталды. Республикалық органдарға бірнеше рет жасалған өтініш жасалғанмен берешек орны толтырылмады. Қоныстандыру шаралары бойынша берешек 1998 ж. 1 тамызында – 65,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде 1996 ж. қоныстандыру жәрдемақысы бойынша – 27,6 млн. теңге, 1997 ж. – 17,1 млн. теңге, 1998 ж. – 19,6 млн. теңге және 1996 ж. ұйымдастырылған қоныстандыру шығыны бойынша – 1,1 млн. теңге. 1998 ж. жергілікті бюджеттен 139,9 млн. теңге, республикалық бюджеттен – 17,2 млн. теңге қарастырылды. 1998 ж. алғашқы жеті айында жергілкті бюджеттен 4,5 млн. теңге бөлініп,

Ақтау қаласы бойынша 1996 ж. берешекке жіберілді. 1998 ж. 1 тамызда оралмандарды тұрғын үймен қамту мақсатында 4 млн. теңгемен қаржыландырылды [7].

1996–2000 жж. аралығында шетелдегі отандастарды қолдау мәселесі, 1996 ж. 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылды. Бұл бағдарлама кешенді шаралар және алты бөлімнен құралды: ғылыми қамтамасыз ету, нормативті-құқықтық база, білім беру, мәдениет, туризм және спорт, кітап баспасы және бұқаралық ақпарат құралдары мәселесі, ұйымдастыру шаралары.

1991–1998 жж. дейін Қазақстан 170 мың 416 отандастарымыз қоныстанды, оның ішінде Моңғол елінен, Ираннан, Түркиядан, ҚХР-нан, Ауғанстаннан, Сауд Аравиясынан, ТМД елдерінен қоныс аударғандар [8, 145-б.] республиканың барлық облыстарының төңірегіне, негізінен ауылдық жерлерге орналастырылды.

1991–1999 жж. аралығында ҚР Президенті белгілеген иммиграция квотасына сәйкес, Маңғыстау облысына Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Иран, Түркиядан 5392 отбасы қоныстанды[9, 6п.]: Репатрианттарға бір реттік жәрдемақы, көлік шығынының төлем ақысы төленді. 1992–2000 жж. аралығында Ақтау қаласында мемлекет есебінен репатрианттарға арналған 222 пәтер сатылып алынды, оның ішінде 206 пәтерді Иран және Ауғанстаннан келген оралмандарға, 16 пәтерді таяу шетелден келген репатрианттарға берілді. Маңғыстау облысы әкімінің 1996 ж. 26 маусымындағы «Ақтау қаласы бойынша репатрианттарға берілген пәтерлерді жекешелендіру» шешімі негізінде пәтерлер жекешелендіріліп, оралмандарға жеке меншікке берілді. Тұрғын үймен қамтылмаған репатрианттар есебі жүргізіліп, тіркеуге алынды. Ираннан келген оралмандардың балаларын тегін оқыту жүйелі ұйымдастырылды, мектеп жасындағылар жалпы білім беретін мектептермен қамтылды. Ираннан келген оралмандардың 13 баласы облыс ЖОО-да білім алды, республиканың басқа аймағындағы жоғары оқу орнынына түскісі келетін оралмандар балалары есепке алынды. Азаматтарға, алыс және таяу шетелден келген оралмандарға әртүрлі әлеуметтік көмектер жүргізілді. Аз қамтылған азаматтарды қолдау бойынша қордан 21 отбасына (37,7 мың теңге) қаржылай көмек, 7750 кг ұн, 26 репатриант әрқайсысы 400 АҚШ долларынан шағын несие алды. Оралмандарды жұмысқа орналастыру және коммуналды қызмет үшін уақытында есеп айрысу мәселесінде туындаған қиыншылықтарды әкімшілік облыстық қаржы басқармасымен қоныстандыру өтемақысы бойынша қарыздардың коммуналды қызметтің (4 млн. теңге) төлем есебін жүргізу мәселесін қарастырды. Ираннан келген репатрианттар өндірістің түрлі салалары мен халыққа қызмет көрсететін орындарға жұмысқа орналастырылды: АҚ «Қаражанбасмұнай», ААҚ «Маңғыстаутұрмыс», ЖШС «Ақтау-LTD», АҚ «СМУ Каскор», ММ «ТВС и В», АҚ «ММГ», АҚ «МРЭК», РММ «МАЭК», қалалық оқу бөліміне және жеке кәсіппен қамтылды. 1999 ж. 72 адам жұмыспен қамтылып, басқармадан репатрианттар кеңесі құрылды. 1999 ж. желтоқсанында 1996-1999 жж. аралығындағы таяу шетелден келген репатрианттарға берілетін қоныстандыру жәрдемақысы бойынша мәселе толықтай шешімін тапты. 1999 ж. Түркіменстаннан келген 430 отбасы иммиграциялық квотаның шектеулілігіне байланысты, олар мемлекет тарапынан материалдық көмек ала алмады [9, 7-п].

1991–1999 жж. аралығында алыс және таяу шетелдерден Ақмола облысына 3076 оралман-отбасы квотамен қабылданды. Оның ішінде үкіметаралық келісім негізінде еңбек көші-қоны аясында Моңғолиядан, Ресейден, Өзбекстаннан, Түркия Республикасынан оралды [2, 6-п.]. Олардың көпшілігі бұрынғы айналысқан кәсібіне икемделіп, ауылдық жерлерге орналастырылды. Әсіресе Моңғолиядан келген оралмандар қиыншылыққа тап болды. Еңбек көші-қоны келісімімен Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдау процедурасы айқындалмағандықтан, жер және мүліктік паи алу, әлеуметтік жәрдемақы, жеңілдік және басқа өтемақыларын ресімдеу құқын жүзеге асыру мүмкіндігі болмады. Ауылды реформалау жағдайында қоныстанушылардың еңбек нарқы мен жұмыспен қамту мәселелерінде күрделі жағдайларға тап болды: еңбекке жарамды отбасы мүшелерінің 71%-ы шаруашылық штатында тіркелгенмен жұмысқа зәру болды, жекеменшік үй иелену құқысы

болмағандықтан оның басым бөлігінің тұрғын үйлері де болмады. Бұл жағдай ретсіз ішкі көші-қон қозғалысының өсуі мен орналасуына негіз болды.

Маңғыстау облысына 1991 ж. басынан 2003 ж. 1 қыркүйегі аралығында алыс және таяу шетелдерден 45272 оралман қоныс аударған. Оның ішінде 2000 ж. 4008 адам тіркелсе, 2001 ж. 7731 адамды, 2002 ж. 7236 адам, 2003 ж. 9 айында 4850 адамды құрады. Басты себептер – Өзбекстан және Түркменстан республикаларындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың Қазақстанмен салыстырғанда төмендігі және сол елдердегі қазақ мектептерінің жабылып, қазақ жастарының өзбек, қарақалпақ, түркімен тілдерінде білім алуға мәжбүр болуы, визалық қатынастарға байланысты Қазақстанда тұратын ағайын-туыстарымен қарым-қатынастың қиындауы сияқты жағдайлар. 2003 ж. 10 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің «2003 жылға арналған көшіп-келу квотасы туралы» Жарлығына сәйкес Маңғыстау облысына Өзбекстан Республикасынан, Иран Ислам Республикасынан, Ресейден 352 отбасына көшіп келу квотасы белгіленді. Облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы тарапынан оралмандарға халықтан тұрғын үй сатып алу мақсатында сатып алу байқауы өткізіліп тұрды. Облыстың көші-қон және демография басқармасында квота бойынша қоныс аударып облыстың банктерінен жеке шот ашқан оралмандарға бір реттік көші-қон жәрдемақысы берілді. 2003 ж. Ақтау қаласында жаңадан салынған үйден 4 пәтер әлеуметтік қиын жағдайдағы квотадан тыс қоныс аударған оралмандардың отбасына берілді.Өз бетімен тұрғын үй саламын деген оралмандарға жер үлесімен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жергілікті басқару органдары тарапынан іске асырылды: Ақтау қаласының 29 шағын ауданынан 10 жер телімі, Приозерный кентінен 3 жер телімі, Маңғыстау кентінен 91, Даулет кентінен 12, Қызылтөбе кентінен 51 жел телімі берілген. Маңғыстау ауданы бойынша 4 жер телімі берілсе, Қарақия ауданы бойынша 5, Бейнеу ауданы бойынша 92, Жаңаөзен қаласы бойынша 76 жер телімі оралмандарға жер бөлу туралы шешімдер арқылы оралмандарға тапсырылған.

Маңғыстау облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына жұмыссыздық бойынша тіркелуші оралмандардың 52,0% – Түркіменстаннан, 18,0% – Өзбекстаннан, 15,0% – Қарақалпақстаннан, 15,0% – Иран Ислам Республикасынан көшіп келгендер құрады. Жұмыссыздық бойынша тіркелген оралмандарды кәсіби даярлау мақсатында: тігінші, аспазшы, шаштараз, ЭВМ операторы, дәнекерлеуші, құрылысшы, электромонтер сияқты мамандықтарға оқуға жіберілді. Қоғамдық жұмыстарға орналастырылды. 2003 ж. 1 қыркүйегіне дейін орташа жалақы мөлшері 5484 теңгені құрайтын, 218 оралман ақылы қоғамдық жұмысқа қатысты. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңы бойынша 2003 ж. 8 айында 500 оралман отбасына әлеуметтік көмек көрсетілсе, 40 отбасына тұрмыстық көмек, 4 мүгедек балаларға қаржылай көмек көрсетілді. 1859 оралманға 2 миллион 487 мың теңге көлемінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленді. Жоғарғы оқу орнының дайындық курсында 14 оралман балалары қабылданды. Жалпы Маңғыстау облысы бойынша көші-қон және демография басқармасында 1992 ж. басынан 2003 ж. 1 қарашасы аралығында 46536 оралман тіркелді [10]. Алғашында репатриациялық үрдістердің тиісті заңнамалық негіздері болмағандықтан да оралмандар арасында біршама мәселелер (әсіресе азаматтық алуға мен төлқұжат алуға байланысты, шектеулі квотаға байланысты, жұмыс орнының көзін таба алмауы, дер кезінде әлеуметтік қорғалмауы, жемқорлық әсерінің келеңсіздігінен) туындады.

Бірақ XXI ғ. басында елдің экономикалық жағдайының қалыпқа келе бастауы мәселені түбегейлі өзгерте бастады. Мәселен, 1991–2000 жж. аралығында 42 мың отбасы оралған болса, 2001–2005 жж. 65 мың отбасы, яғни 2000 ж. жыл сайын келетін оралмандар саны үш есеге өсті. Осы тұста көші-қон жөніндегі сараптамашылар, мұндай жағдайды репатриация саясатын либерализациялау жағына қарай реформалауда және квотамен шектеу (адамдардың еркін қозғалысы, құқын бұзатын дискриминациялайтын норма, бұл саясаттың мақсатына қарсы) мәселесін ескеру қажеттігіне мән береді. ...Бір жарым миллиондай қазақ Өзбекстанда, 1 миллион 500 мыңдай Қытайда, Ресейде миллионға жуық, Түркіменстанда 100 мыңдай, Моңғолияда 80 мыңдай, Қырғызстанда 45 мыңдай және Түркия, Иран мен

Ауғанстанда қазақтар тұрды. Тәуелсіздікке қол жетісімен шетелдік қандастарымызды елге қайтарудың мемлекеттік кешенді бағдарламасын жасау мен жүзеге асырылу мақсаттары айқындалғанды [11].

Ең бастысы қалай айтсақ та шетелдердегі этникалық қазақтар Қазақстан халқын басқа елдер мен халықтар арасын қосатын аралық «алтын көпір» қызметін атқарды. Осы кезеңдегі тарихи құжаттардың бірі – Республикадағы көші-қон үрдістерін басқару, үдемелі демографиялық дамумен қамтамасыз ету, елдегі мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту мақсатында және мигранттардың құқын жүзеге асыру үшін, көші-қон үрдістерін реттеудің отандық және шетелдік тәжірибелерін саралай отырып, 2000 ж. 5 қыркүйегінде «ҚР Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы» қабылданған ҚР Үкіметінің Қаулысы сол кезеңнің нақты мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайынан туындағандықтан да, адамдардың құқы мен еркіндігін сақтауға негізделген жалпы мемлекеттік мүддені ескере отырып, көші-қон саясатының негізін анықтады. Елдің үдемелі дамуы және экономиканы тұрақтандырудың ұзақ мерзімді болашағы мен даму кезеңіне есептелінген Қағида еді.

2005 ж. 1 қаңтары жағдайында Ақмола облысы бойынша иммигранттар мен эмигранттар саны, тиісінше 13729 және 16048 адамды құрады [12].

Эммиграция үрдісінің негізінде тарихи Отанына оралушы орыстар, ал иммиграция бойынша этникалық қазақтар басым болды. Ішкі көші-қон бойынша ауыл шаруашылық секторлардың қысқаруына орай ауыл тұрғындарының қалалық жерлерге қозғалысы артты. Оралмандарды жаңа қоныстарына кіріктіру жұмыстары бойынша: оларға қажетті жағдай жасау, мемлекеттің кепілдендіретін құқтары мен еркіндіктерін жүзеге асыруда қол ұшын беру, әлеуметтік қолдау, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік бастамаларына жол ашу, әлеуметтік қорғалу жүйесіне нақты кіруді қамтамасыз ету бойынша шаралар қарастырылды. Оралмандарды жұмысқа орналастыру, бағаның өсімен оларға бөлінетін қаржыға үймен қамту қиындығына орай, несие беру немесе әлеуметтік тұрғын үймен қамту мәселесін мемлекеттік дәрежеде шешу күн тәртібінде тұрды. Сонымен қатар Қытай, Түркіменстаннан оралуға ниет жасаған этникалық қазақтар визасыз ол елдерден шыға алмады, алғашқы ағынмен келгендер қонақ ретінде келіп Қазақстанда қалып қойған еді. Сол сияқты балаларды мектеппен қамтудағы кедергілер, Қытайдан келген оқушылар ана тілдерінде жақсы сөйлегенмен, жазбаша (А. Байтұрсынов әліп биі жазбасымен оқығандар) кириллицаны меңгермеген еді. Осыған байланысты қазақ тілін үйрету бойынша республикалық бюджеттен қаражат қарастырылды. 1991–2005 жж. бірінші жартысы аралығында шетелден (Моңғолия, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Қырғызстан, Түркіменстан және басқа ТМД елдерінен) Ақмола облысының Аққөл, Аршалы, Астрахань, Атбасар, Бұланды, Егіндікөл, Есіл, Ерейментау, Жақсын, Жарқайың, Қорғалжың, Сандықтау, Целиноград, Шортанды, Зеренді, Щучинск, Еңбекшілдер, елді мекені мен Степногорск және Көкшетау қалаларына 5289 оралман отбасылары орналасты [12, 51-п.].

Мақсатты шараларды сапалы және толыққанды орындау мақсатында 2005 ж. қараша айында Президент «2005–2007 жж. арналған шетелде тұратын отандастарды қолдаудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарғысына қол қойды. Сол сияқты басқа да заңнамалық актілер тарихи маңызға ие болды. Олар: «Тұрғындар көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңы, 2001–2010 жж. арналған Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының Салалық бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 ж. 27 желтоқсанда бекіткен «2005–2007 жж. арналған оралмандар иммиграциясының квотасы туралы» Жарлығы, Репатриант (оралман), реэмигрант, қоныстанушы, мәжбүрлі қоныстанушы мәртебесін анықтау тәртібі туралы Нұсқау.

Қорытынды. Шетел диаспораларындағы қазақтардың туған жерге бағытталған көші – қазақ тарихының маңызды бетіне айналды. Кешегі жат-жұрттағы аталар арманы тарихи ақиқатқа ұласты. Елге қандастардың оралуымен, көші-қон үрдісін мемлекеттік реттеудегі мәселелердің шешімін табу бағытында, іс-шараларды қолға алу қажеттігі жөнінде алғашқы қазақстандық тәжірибелер жинақталды. Қоныстанушылардың ел тіршілігіне бейімделуі мен кірігуіне байланысты мәселелерді шешу қажеттігі артты. Біліктілігі мен ғылыми білімдер

меңгерген мамандар республиканың мекемелеріне, ЖОО-на, ғылыми-зерттеу институттарында жұмыспен қамтылды және ел игілігіне біліктіліктерін жұмсай бастады. Ал белгілі мамандығы жоқтары, кәсіби мамандық алу үшін олардың оқумен қамтылып, іс-шараларды нақты жүзеге асыруға мемлекеттік бағдарлама қажеттілігі өсті. Осы мақсатта «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы айқындалды. Қазақстанның көші-қон саясаты аясында да, әлемдік көші-қон үдерістері легіне орай, өзгертулер мен қосымшалар жасау қажеттілігі туындады.

Дегенмен де, басты қажеттілік – қазақтардың туған Отанына оралуы бойынша толыққанды мүмкіндік алуы, Қазақ елі тарихының жарқын беттерінің бірі болып қалмақ.

Әдебиеттер

1. ҚР ҰМ. 63-қор, 1-тізім, 129-іс.
2. ҚР АОММ. 1548-қор, 1-тізім, 29-іс.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Дүниежүзілік қазақтардың III Құрылтайында сөйлеген сөзі. Астана, 2005ж. 29 қыркүйек *//http: //www.akorda.kz).*
4. Ракишева Б.И. Миграционные процессы в Казахстане: фактор государственной политики //htt:// www.cessi.ru/index.php?id-168>?&L-1.
5. ҚР ПМ. 5-Н-қор,1-тізім,845-іс.
6. ҚР АОММ. 919-қор, 1-тізім, 470-іс.
7. ҚР МОММ. 568-қор, 1-тізім,12-іс.
8. Ерімбетова Қ. Қазақстандағы кеңес мемлекетінің көші-қон саясаты (1960-1990 жж.). Монография. Алматы, 2009.
9. ҚР МОММ. 568-қор, 41-іс.
10. ҚР МОММ. 568-қор,1-тізім, 98-іс.
11. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Дүниежүзілік қазақтардың III Құрылтайында сөйлеген сөзі. Астана, 2005ж. 29 қыркүйек // *http: //www.akorda.kz).*
12. ҚР АООМ. 1548-қор, 1-тізім, 77-іс.

КАЗАХИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В НАУКЕ И КУЛЬТУРЕ

Ермекбай Ж.А.

Казахстанский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова, Астана

В Центральной Азии в основном проживает население, относящееся к тюркским народам, в числе их значительную территорию занимают казахи. На протяжении многих столетий ареалы обитания казахов включали территории, которые входят в состав нынешних независимых государств Центральной Азии, к которым относится Узбекистан, Кыргызстан, Таджикистан и Туркменистан. В новой и новейшей истории в силу географических, исторических, политических, идеологических, религиозных, социально-культурных событий, территория и население Центральной Азии входила в состав Кокандского, Хивинского и Бухарского ханств, Российской империи, Бухарской Народной Советской Республики, Хорезмской Народной Советской Республики Туркестанской Автономной Советской Социалистической Республики, Казахской ССР, Узбекской ССР, Киргизской ССР, Таджикской ССР и Туркменской ССР в составе СССР. После распада СССР и образования независимых государств на территории Центральной Азии, многие бывшие граждане Советского Союза оказались в пределах иных государств.

Расселение казахов в Центральной Азии, помимо основной территории Казахстана в прошлом было вызвано географическими, историческими, военными, политическими и социокультурными обстоятельствами. Ареалы и компактность расселения казахов вне

исторической родины определялось во многом близостью языка и культуры народов, с которыми приходилось жить вместе на одной территории. После распада СССР, лица казахской национальности оказались в границах Узбекской, Кыргызской, Таджикской и Туркменской независимых государств и стали их гражданами. Значительная часть казахов выехала из республик Центральной Азии в Казахстан. Этому способствовала особая иммиграционная политика Республики Казахстан. Среди 193-х государств-членов ОНН только четыре государства: Республика Казахстан, Израиль, Федеративная Республика Германия и Российская Федерация на государственном уровне занимаются возвращением иммигрантов на историческую родину.

Реалии сегодняшнего дня свидетельствуют о жизнедеятельности казахов, чьи исторические судьбы связаны с местами их постоянного проживания. Нынешние казахи, являющиеся гражданами республик Центральной Азии, с точки зрения идентификации относят себя к казахской национальности, а с гражданской позиции являются соотечественниками государств, в пределах которых проживают. Так получилось, что несколько поколений казахов, живущих в странах Центральной Азии смогли адаптироваться к коренным титульным населениям, уважают их традиции и обычаи, соблюдают правовые нормы и как полноценные граждане Узбекистана, Кыргызстана, Таджикистана и Туркменистана участвуют во всех сферах жизни, не забывая при этом свою самобытную национальную культуру.

В силу ряда исторических, политических и культурных причин, казахи проживающие в современном Узбекистане и Кыргызстане, наиболее представлены в рассматриваемой нами сфере – науки и культуры. Этому во многом способствовали приграничная близость, языковая и культурная общность братских тюркских народов.

Наиболее компактно в Центральной Азии казахи представлены в современном Узбекистане. Из всех многочисленных тюркских народов наиболее близкими являются казахи и узбеки. Территория обитания, а это известные в древности населенные пункты и города, торговые и водные артели; деятельность различных политических структур; одна религия в виде ислама; тюркский язык общения и близость традиций и обычаев, обозначенная в целом тюркской цивилизацией, были объединяющими сферами жизнедеятельности фактически одного народа, который в силу политических процессов разделился на два этноса и стал идентифицировать себя как казахи и узбеки. До образования Казахского ханства в XV веке, казахов и узбеков в исторических письменных памятниках идентифицировали как один этнос с одним общим предком. На протяжении столетий ареалы обитания двух братских народов менялись в силу ряда политических и военных событий, экологических и хозяйственных изменений и это привело к тому, что определенная часть казахов оказалась на территории Узбекистана, а узбекское население в пределах Казахстана.

В настоящее время узбеки в основном компактно проживают на территории Южно-Казахстанской области, а также в других населенных пунктах Казахстана. А казахи, проживающие в Республике Узбекистан, хорошо знают, что их предки оказались здесь в силу различных исторических, политических, военных и хозяйственных причин прошлых веков, особенно в 20–30-х годах XX столетия, когда казахское население вынуждено было откочевать в пределы соседней республики.

На протяжении существования СССР, в состав которого входила Узбекская Советская Социалистическая Республика, казахи наряду с основным титульным узбекским населением занимали достойное место среди других национальностей. Казахское население работали в основном в сельском хозяйстве, а также в промышленности, строительстве, транспорте, здравоохранении, образовании и в других отраслях.

В Узбекистане, казахи представлены в научной и культурной сферах. Вклад казахов в науку и культуру во многом связана с деятельностью выдающихся деятелей А. Букейханова, Т. Рыскулова, Н. Торекулова, М. Шокая, С. Ходжанова, Х. Досмухамедова и других, которые в первые годы Советской власти жили и работали в Ташкенте. В 1918 г. в Ташкенте стали функционировать первые Краевые казахские педагогические курсы, в числе первых

курсантов которого были Гани Муратбаев, лидер молодежи Казахстана и Центральной Азии, Курманбек Жандарбеков, впоследствии ставший народным артистом Казахстана и другие [1, с. 175].

По ряду научных направлений узбекские ученые были широко известны за пределами своей страны, в их число входили и казахи, которые работали и продолжают деятельность в академических институтах Академии наук, университетах и других научно-образовательных учреждениях. Здесь начинали свою государственную, научную, педагогическую, культурную деятельность известные деятели – советский партийный, государственный деятель, дипломат, журналист, нарком просвещения Туркестанской АССР; полномочный представитель СССР в Королевстве Саудовская Аравия, филолог Назир Торекулович Тюрякулов; ученый и общественный деятель, архитектор и педагог Казахстана, который с 1930 по 1937 гг. учился и работал в Узбекистане.

В 1941 г. казах Малбагар Мендикулов был главным архитектором г. Ташкента, с августа 1945 г. по май 1947 г., продолжал работать в столице Узбекистана до перевода в Казахстан. С Узбекистаном связаны имена историка Б.А. Тулепбаева, этнографа В. Х. Шалекенова, Х. Алпысбаева – одного из первых казахских археологов, получившего образование в Ташкентском университете.

В научных кругах хорошо знают Аширбека Муминова [2, с. 68–72]. Он доктор исторических наук, ученый-арабист, исламовед. Окончил факультет восточных языков Ташкентского государственного университета, обладатель ряда международных научных грантов. В республике на поприще науки также известны Т.Ю. Аманов – доктор технических наук, профессор, в 2005 году награжден правительственной наградой Республики Узбекистан – орденом «Дустлик»; К.С. Санакулов – доктор технических наук; Дина Болешева – политолог; Б. Сериков – доктор экономических наук, профессор и др.

Казахи внесли значительный вклад в культуру Узбекистана. Кстати, до конца 1930-х гг. в Ташкенте действовал казахский театр. Среди известных деятелей культуры можно отметить народного художника Узбекской ССР и народного художника СССР, уроженца Ташкента Урала Тансыкбаева. На базе его художественной студии создан мемориальный Дом-музей У. Тансыкбаева. В Узбекистане известны архитектор М. Джандарбек; монументалист-мозаичник А.А. Бухарбаев; журналист, телеведущий популярной в прошлом в Узбекистане казахоязычной программы «Замандас» С. Бухарбаев; журналист, руководитель Institute for War & Peace Reporting, Г.С. Бухарбаева, дочь Сулеймена Бухарбаева; поэт Т. Балтабаев, искусствовед Ж. Достанов и др. В Каракалпакстане чтут казахов-писателей М. Дарибаева, К. Досанова, Ж. Сапарова.

Казахи Узбекистана бережно хранят и передают из поколения в поколение национальную песенную и музыкальную культуру. Это видно по выступлениям талантливых жырау и кюйши в Караул базаре, Ходжейли, Кунграде. Есть мастера редкой манеры сказительского искусства, исполняющих целиком такие жыры, как «Едиге батыр» и «Алпамыс батыр» [3]. В Каракалпакстане известен скульптор, заслуженный деятель искусств Узбекистана Ж. Куттымуратов, чьи произведения украшают музеи республики. Театральное искусство Каракалпакстана обогатилось талантливым творчеством династии артистов Пиязовых, выступлениями певицы Г. Мунтеевой и многих других [4].

В Кыргызстане известны имена казахов, внесших достойный вклад в развитие науки. Среди них можно отметить доктора исторических А.А. Чукубаева, ученого-зоотехника А. Шайбекова, докторов технических наук М. Аймухамедову и Е. Бексалова, доктора сельскохозяйственных наук Т. Юсупова, доктора географических наук В. Кадырова, доктора физико-математических наук К. Кожахметова, доктора химических наук Ж. Жаманбаева, ученых-геологов К. Карабалаева, Р. Мангельдина, Б. Камашева и Нурганым Байтукенову, доктора юридических наук Э. Дуйсенова, доктора исторических наук Н. Омарова [5]. Значителен вклад казахов в сфере здравоохранения и в медицинской науке. Это доктора медицинских наук С. Жошыбаев, Ш.К. Батырханов, С.И. Игисинов, А.Н. Маралов, Б. Тулебеков, Р.О. Хамзамуллин и др. [2, с.18–20; 34–36; 47–48; 84–85].

Казахи Кыргызстана хорошо известны и в культуре. Так, уроженец села Курдай Аманбек Нуртазин, окончивший оперную студию при Кыргызском государственном театре оперы и балета, был направлен учиться в Московскую государственную консерваторию им. П.И. Чайковского. После окончания московской консерватории и до выхода на пенсию работал в родном театре оперы и балета. На сцене он исполнил более пятидесяти ролей классического характера: Ленского в опере «Евгений Онегин», Касио в «Отелло», Кулчоры в «Айчуроке», создал образы Сыргака, Кыргыл чала и Алманбета в опере «Манас», Сансызбая, Толегена и Шеге в казахской драме «Кыз Жибек». А. Нуртазин является заслуженным артистом Кыргызской Республики, кавалером медали «Данк».

Его сын Акан выбрал балетное искусство и стал настоящим мастером своего дела. В возрасте 29 лет ему присуждено звание заслуженного артиста, а в 38 лет – Народного артиста Кыргызской Республики. В настоящее время Акан Нуртазин работает главным балетмейстером Кыргызского национального театра оперы и балета им. А. Малдыбаева. Отрадно, что кыргызское балетное искусство не ограничивается его именем. Любители балета хорошо знают педагога, доцента кафедры балетмейстеров Национальной консерватории, Народного артиста Кыргызской Республики Берика Алимбаева. Он воспитывал выдающегося балетмейстера, Народного артиста СССР Чолпонбека Базарбаева.

Заслуженный деятель культуры Мадвар Омаров внес значительный вклад в развитие творчества коллективов художественной самодеятельности во всей республике. Во многих культурных мероприятиях республики участвует известный деятель культуры Ержан Мусин. В Бишкеке преподает в Кыргызском государственном институте искусств им. Б. Бейшеналиевой, является отличником культуры Кыргызстана, награжден Почетной грамотой Кыргызской Республики [5].

Таков краткий обзор, свидетельствующий о вкладе казахов Узбекистана и Кыргызстана в науку и культуру.

Литература

1. Қобландин Қ.И., Мендікулова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. Алматы, 2009.
2. Тәуелсіздік жемісі / Құрастырған М. Шокан. Алматы, 2011.
3. mysl.kz/?p=249.
4. today.kz/news/kazakhstan/2010-08-19/29539/.
5. qazaq-alemi.kz/more?page_id=24&id=300.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АЙМАҚТАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Есеркенова А.Қ.

Қ. Жұбанов атындағы орта мектеп, Актөбе облысы

Қазақ тарихы әлем тарихындағы ең күрделі, халықтың тоғысқан тағдырларының сан қилы оқиғаларымен байланысты. Қазақ диаспорасы түрлі себептермен әрқилы тарихи кезеңдерде ғасырлар бойы қалыптасқан бір текті және біріңгай үлгідегі этнос. Қазақ диаспорасын туындатқан және дамытқан XVIII ғ. жоңғар – қазақ соғыстары, XVIII – XIX ғғ. патша самодержавиесіне қарсы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістері мен соғыстары, патша өкіметіне қарсы 1916 ж. Орталық Азияда болған ұлт-азаттық қозғалыс, Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы және Азамат соғысы, ұжымдастыру кезіңінде қазақтарға қатысты геноцид саясатын жүргізу, Шығыс Түркістанда қазақтардың Қытай коммунистеріне (Синьцзянда – Шынжаңда) қарсы күресі, екінші дүние жүзілік соғыс жылдары сияқты оқиғаларды саяси

себептерге жатқызуға болады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік ел» стратегиялық жолдауы негізінде айтылған, қанатты сөздің астарлы мағынасы бар: «Менің арманым – Қазақстанның мәңгілік ел болуы. Заман өтеді, адамдар өтеді. Бірақ тәуелсіздік қалады». Қилы тарих тағдырдың негізінде дүниенің әр түкпіріне тарыдай шашырап кеткен қандас бауырларымыздың бүгінгі күні мен келешек өмірлерінің бейнесі қандай болмақ? Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2002 ж. 23 қазанда Түркістан қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Отанынан тыс жерде өмір сүретін қазақтардың болашағы жайында сөз қозғаған еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ диаспорасы жайында Г. Меңдіқұлованың «Казахская диаспора: история и современность» еңбегі жарық көріп, шетел асқан қандастарымыздың диаспорасының қалыптасуы мен қазіргі қал-жайы, өмір сүру ортасы, Қазақ елімен байланысы жайында кеңінен тоқталып өткен. Г. Меңдіқұлова өз еңбегінде қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи себептерін нақтылай келіп, шетелдегі қазақтарды «диаспора» және «ирридент» деген екі топқа бөлді. Шалғай шетелдегі Ауғанстан, Иран, Түркия, Германия, АҚШ, Франция секілді қазақ елінен шекарасынан оқшаулау, жырақта тұрған елдердегі қазақтарды «диаспора» десе, ал Қазақстанмен шекаралас, біртұтас геотарихи аумақта өмір сүрген қазақтарды «ирридент» деп атайды. Қазіргі заманғы саяси ғылымда «диаспора» ұғымы этникалық саясаттың алты категориясының (санатының) біріне жатады және «қоныс аударған, өздерін қабылдаған елде өмір сүріп жатқан, алайда туған елімен асқан жанашырлық және материалдық байланыстағы этникалық азшылық тобын сипаттайды [5, 666-б.]. Ә. Нысанбаев қазақ диаспорасы туралы өз еңбегінде: «Бүгінде Қазақстаннан тыс жерлерде өмір сүріп отырған миллиондай қазақтардың жартысынан көбі өз мекенінде өмір сүріп отыр. Бұл – қазақ диаспорасын жан-жақты зерттеудің еске аларлық ерекшелігі. Қытай Халық Республикасында ұлттық үш облыс пен екі округті, Моңғолиядағы бір ұлттық аймақты, сондай-ақ, ТМД елдеріндегі, атап айтсақ, Өзбекстан, Ресейдегі қазақтардың негізгі бір бөлігін бұрыннан өз атамекенінде отырған қандас бауырларымыз құрайды» [4, 65-б.]. Философия ғылымдарының докторы А. Айталының «диаспора» ұғымына берген түсінігінде, диаспора дегеніміз – ұлттың тегін білетін, ұлттық сана-сезімі терең, сол ұлттың өкілімін деп, оның тілін, мәдениетін, тарихын білуге ұмтылатын, өзінің тарихи Отанымен тығыз байланыс жасап, түбінде өзім болмасам да ұрпағымды атамекеніне жеткізем деп, атажұртына оң көзімен қарап, екінші көзімен өз мекен етіп отырған елге қарап, яғни екі жақтың да мүддесін үйлестіріп жүретін топ [6, 4-б.]. Орталық Азия жеріндегі қазақ қауымының қалыптасу тарихын жоңғарлардың 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен ұлттық трагедия ретінде ел жадында мәңгілікке сақталып қалған, қазақ халқын өте ауыр күйзеліске ұшыратқан шабулымен байланыстырады зерттеушілер. Осы шабуылдың нәтижесінде «ойраттар Ташкент, Түркістан, Сайрам қалаларын басып алды, ауылдарды және Орта жүз бен Ұлы жүз руларын қырғындады. Ендігі жерде тұқымымен құрып кетпеу үшін қазақтар көше бастады, өздеріне жақынырақ маңдағы басқа Орталық Азиядағы халықтар арасына бытырап кетіп, Орта Азиялық хандықтары жерлеріне барып қоныстанды. Осылайша Орта Азия жерлеріндегі қалыптасуы жоңғар шапқыншылығымен байланысты болды [2, 94-б.]. XX ғ. тарихи оқиғалар дүние жүзі халықтарының, сонымен бірге қазақтардың тағдырына да елеулі әсер етті, Қазақстан мен Орта Азия халықтарының қалыпты тіршілік салтын, ділін, тарылу ареалының мемлекеттік шекарасын өте ауқымды түбірлі түрде өзгертті және туған жерін тастап, жат жерде диаспора қалыптастыруға жеткізді. Ресейдегі қазақтар Қазақстанмен іргелес аумақтар Астрахан, Орынбор, Саратов, Челябниск, Қорған, Омбы облыстарында және Таулы-Алтай Автономиялы облысында тұрды. Олар отаршылдық басқыншылықтың және Сібір хандығын басып алған XVI ғ. бастап, ғасырлар бойы ежелгі қазақ жерлерін Ресей империясына қосудың, сондай-ақ Батыс, Солтүстік және Шығыс Қазақстанның Солтүстік шекараларының бойындағы аумақтарды 1924 ж. РСФСР-дің пайдасына, Орта Азияны Кеңес заманында ұлттық мемлекеттік межелеу аталатын науқан кезінде дәлелсіз тартып алудың салдарынан РСФСР-дің құрамына кірді. Қазақ диаспорасы бұдан басқада Одақтас республикаларда қалыптасты. Оның үстіне, Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде әр түрлі

себептермен тұтқынға түскен қазақтардың бір бөлігі Отанына орала алмады. Олар қайтпағандардың санатына кіріп, қазақ диаспорасы өкілдерінің қатарын толықтырды. 1897–1916 жж. ішінде Қазақстанға ресми түрде ғана 1 474 319 адам немесе Еуропалық Ресейден 29,5 пайыз орыс шаруалары көшірілді. Қоныс аударушылардың көбеюі, жерлердің заңсыз тартып алынулары, шенеуніктердің көрсеткен озбырлықтары қазақтардың мың-мыңдап Қытайға көшуге мәжбүр етті. Қазақтардың көпшілігі Ілеге және Синьцзянның Алтай жазираларына көшті. 1911 ж. Қытайда қазақтардың саны 224 мың 900 адам болды. Қазақтардың ортасында барынша бодандық үстемдігін нығайту үшін Қытай шенеуліктері балаларды қытай тілінде мектептерге оқытуға мәжбүрлеп, ал мектептерге мұсылман дінін әдейі уағыздамайтын мұғалімдерді жіберіп отырды. 1914 ж. Синьцзяндағы Қытай билігі (өкімет) мен Үрімжідегі орыс елшісі мынадай келісімге келді, онда 1911 ж. шілде айына дейін Синьцзянға көшіп келіп, сонда тұрақтап қалған қазақтар Қытай елінің құзырындағы азаматтар болады да, ал осы күннен кейін келгендер Ресей империясына қайтарылады деген шарт қойылды. Ресей мен Қытайдың арасындағы Орталық Азияға қатысты шиеленістерінің ары қарай өрбуі ішкі қиындылықтар арқылы тежеліп, осы аймақтағы иеліктерге үстемдік жүргізуде бірігулер үшін екі мемлекетті де тоқтатып қойды. Егер Қытайда Синьцзянға нақтылы бақылау орнатқан 1911 ж. Синьхай революциясы (төңкеріс) тежеуші факторға айналса, ал Ресейде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысы және оның салдарлары осындай оқиға болып табылды. ХХ ғ. Орталық Азиядағы 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс кезінде, қазақтар Шығыс Түркістан (Синьцзян) аумақтарына лек-легімен көшіп барды. Қазақтардың Жетісу облысынан Қытайға көші-қоны 1916 ж. шілдеде басталып, ал қыркүйек айына қарай ол кеңінен етек жайған ауқымды көші-қонға ұласты. Қашқарға бет алған қазақтардың бір бөлігі ерте түскен суықтың, әрі тау баурайларында жайылым болмауынан, барлық малдар түгелдей қырылып, Қытай иеліктеріне мүлде тақыр кедей болып барды. 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысы кезіне тап келеді және 1917 ж. Ақпан – қазан төңкерістерінің 400 мыңға жуық қазақтар соның ішінде 7-8 пайызы жалпы бұл жылдары 1 млн. 350 мың адам халықтың төрттен бір бөлігі Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран елдеріне асып кетті [9, 392-б.]. Жетісу облысының әскери губернаторы А.И. Алексеевтің деректері бойынша, 1917 ж. қаңтар айына қарай, Қытайға көшкен қазақтардың саны 150 мыңнан асты. Одан басқа, патша өкіметінің Сыртқы істер министрлігінің құжаттарында Ауғанстанға және Парсы еліне көшкен қазақтар туралы мәліметтер сақталған. Қазақстаннан және Қырғызстаннан 300 мыңға жуық қазақтар мен қырғыздар орыс әскерлерінің жазалау шараларынан жан сауғалап, орыс-қытай шекарасы арқылы Құлжа өлкесі мен Қашқарға өтті. Солтүстіктегі Тайчен, батыстағы Іле, оңтүстіктегі Қашқар және Ақсу сияқты Синьцзянның шекарлық облыстары қазақ босқындарының орталығына айналды. Алтай өлкесінде – 100 мыңға жуық, Тарбағатай өңірінде – 60–70 мың және Іле аймағында 100 мыңнан аса қазақ жан бақты [5, 671-б.]. Қазақтар негізінен шығыстағы Қытайға, оңтүстіктегі Өзбекстанға және ары қарай Ауғанстан мен Парсы еліне (қазіргі Иран) жерілеріне қарай босқан. Азамат соғысы жылдарынан кейінгі Орал майданын жоюға байланысты 1920 ж. көктемде ақ гвардияшылардың қалдықтары мен Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Каспий өңірінен Иранға қашты. Қазақтардың Қазақстаннан тыс жерлерге көші-қоны туралы Тұрар Рұсқұлов 1933 ж. наурыз айымен тіркелген Сталинге жазған хатында мынадай мәліметтер жеткізеді: «Қазақтардың 1931 ж. соңында басталған Қазақстан аумағынан тыс аудандардың бірінен екіншісіне көшіп қонулары көктемге қарай үдей түсті де, олардың біразы 1932 ж. жазда қайтарылды (қабылдаған шаралардың арқасында), бірақ көші қон науқаны қайтадан күшейіп барады. Кейбір аудандардағы көші-қон сол аудандардағы тұрғын халықтың барлық санының 40–50% дейін жеткен. Былтыр көктемде көшкен адамдардың арасында аштық пен эпидемияның салдарынан өлім-жетім орын алды. Көктем жақындаған сайын осы құбылыс қайтадан өрши түсуде» [7, 254-б.]. Ашаршылық пен ұжымдастыру науқанының барысында жіберілген асыра сілтеулердің себебінен қазақтардың жаппай үдере көшуі басталды, Ресейге, Өзбекстанға, Иранға және Ауғанстанға ауып кеткендердің саны 1 млн. 30 мың адамға жетті. Солардың 616 мыңы біржола көшіп кетті, соның ішінде 200 мыңға жуық қазақ Қытайға,

Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға кетсе, ал 414 мыңы қазақ кейінен Қазақстанға қайта оралды. Сол жылдарғы нәубеттен шетелдерге бас сауғалағандардың алды, тіпті Моңғолияға дейін жеткен. Бұл жөніндегі З. Қинаятұлының «Жылаған жылдар шежіресі» атты кітабында: «...1937 ж. көктемнен бастап партия белсенділері ішкі істер жансыздарының тікелей араласуымен, қазақ арасынан ұсталатын адамдардың жасырын тізімі жасалғандығын, оған ірі молдалар, байлар мен билер, үкімет белсенділері және наймандар саяси қырғынға ұшырады, ақсүйек байы да, молдасы да емес, тек наймандар үшін қырғын болғанын атап көрсетеді. Тәуекел ауылы (наймандар) 1917 ж. қазан төңкерісінен қашқан деген сылтаумен 16 танымал азаматтарын атқа теріс мінгізіп айдап әкеткен. Айдалған адамның 14-і оралған жоқ», – дей келе, 1937–1938 жж. саяси жазамен 3270 қазақ атылған. 1937 ж. Моңғолияда 23229 қазақ болғанын ескерсек, әрбір жетінші немесе алытыншы қазақтың бірі «саяси құрбандыққа ұшырады» деп көрсетті [3, 280-б.]. Демек, біршама қазақтар отырған жерлерімен бірге Ресей құрамында қалып қойғанын байқаймыз. Кеңес Одағы бойынша жүргізілген Ұлттық-территориялық межелеу науқаны барысында, қазақтың билік басындағы ұлтжанды азаматтардың қатты қарсылығына қарамастан, шекараны ратификациялау деген желеумен, кеңестік билік 1925 ж. Орынбор губерниясы мен Орынбор қаласын және Торғай облысының бір аз жерін РСФСР құрамына өткізіп берді. Онда отырған қазақтар отырған жерімен бірге Ресейдің қарамағында қалып қойды. Сондай-ақ қазақтың шекара маңындағы кең-байтақ шұрайлы, қазба байлығы мол, өмір сүруге ыңғайлы жерлеріне Ресейден қара шекпенділер мен мұжықтарды қоныстандырып, орыс тұрғындарының санының жергілікті қазақтардан артуына байланысты, ол жерлерді әртүрлі сылтаумен Ресей құрамына қосып отырды. Биліктің бұл тәсілі өте ұтымды түрде шекара өңіріндегі қазақ жерлері мен тұрғындарын Ресей құрымына біртіндеп қосып отырды. Орынбор губерниясының Ресей құрымына өтуіне байланысты, ҚазАКСР-ның әкімшілік астанасы 1925 ж. Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшті. Сөйтіп, Қазақ автономиясының алғашқы астанасы – Орынбор осылайша орыстардың аумағын айналды. Бұнымен де қазақ жерінің әкімшілік шебін анықтау толық анықталған жоқ. Содан кейін 1939 ж. дейін Қазақстанның Солтүстік-батыс шекара өңіріндегі жерлердің әкімшілік иелігі біресе Ресейге, біресе Қазақстанға тән болып, ақыры Ресейге өтіп кетіп отырған. Демек, Ресейде қазақ қауымдастығының қалыптасуы ерекше тарихи үдерісті бастап кешті деуге болады. Яғни, патшалық Ресей заманында жалпы қазақ жері орыс билігі тарапынан отарланды. Ал КСРО кезінде ұлттық автономиялы әкімшілік аумақтардың анықталуына байланысты, РСФСР-дің құрамында түрлі себептермен жерімен бірге қалып қойған қазақтар – өздерінің атамекенінде отырып-ақ өзге елдің қоғамдық ортасында қазақ қауымдастығын қалыптастырды. Жалпы алып қарағанда, Ресейдегі қазақтар Қазақстанмен шекаралас обылыстарда шоғырлы қоныстанған. Белгілі ғалым А. Айталының зерттеуінше, Ресейдегі қазақтардың орналасуы мен демографиялық жағдайы төмендегідей: Астрахан облысында –140 мың, Обы облысында – 86 мың, Орынборда 11 мың, Волгогрод та – 41 мың, Саратовта – 74 мың, Түменде – 30 мың, Челябіде – 34 мың, Кемеровада – 4 мың, Алтай өлкесінде – 11 мың, Башқұртстанда – 7 мың, Мәскеуде – 9 мыңға жуық қазақ өмір сүреді [9, 77-б.]. Бұл XX ғ. соңындағы санаққа негізделген мәлімет. Осы деректің өзінен-ақ қазіргі Ресей Федерациясында үлкен бір қазақ қауымдастығының өмір сүріп отырғандығын көруге болады. Қазіргі Орталық Азия республикаларында қазақ қауымдастығының өмір сүріп отыруы – аймақтағы тарихи дамудың және саяси-әлеуметтік өзгерістердің нәтижесі. Орталық Азиядағы жергілікті байырғы халықтар – қазақ, өзбек, түркімен, қарақалпақ және қырғыз халықтарының этногенезі мен өсіп-өнген ортасы ұқсас. Сондықтан олардың тарихи мәдени дәстүрі ұқсас, тұрмыстық әдет-ғұрыптары, тілі мен ділі өте жақын бір типтес ұлттар болып саналады. Олар осынау кең-байтақ Орталық Азия кеңістігінде ертеден аралас-құралас өмір сүрді, өсті, өркен жайды, ұлт болып қалыптасты, ел болып мемлекет құрды, тарих саханасына көтерілді, этнотерриториялық аумақтарын қалыптастырды. Ұжымдастыру науқанының басталуына байланысты туған елін тастап Ауған жеріне, Иран, Түркия, Өзбекстан жеріне өтіп, кетіп қоныстанды. 1991 ж. Қазақ елінің тәуелсіздігінің игі бастамасының бірі, қазақ жұртының туған жеріне оралу процесі басталды. Қазақтардың шет

жерлерден туған еліне оралуын Қазақстан Республикасының үкіметі 2008 ж. 2 желтоқсанында № 1126 қаулысымен «Нұрлы көш» бағдарламасын қабылдады. Жоба бойынша қандастарымызды жұмыспен қамту, тұрғын үй мәселесі және басқа да жеңілдіктер қарастырылған. Өз тарихи Отанына оралушылар үшін 1993 ж. он мың отбасына (50 мың адамға) квота бөлінсе, ол кейінгі жылдары қысқара түсіп, 1994 ж. жеті мың отбасына, 1995 ж. бес мың отбасына, 1996 ж. төрт мың отбасына, 1997 ж. мен 1998 ж. үш мың отбасына, 1999 ж. бес жүз отбасына, 2000 ж. алты жүз отбасына ғана квота бөлінді [1, 2-б.]. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінің тарының қауызына түйіп айтатын болсақ, қазақтың өсіп-өнуінің басты қайнар көзі табиғи өсімі мен шетел асқан қазақ диаспорасы.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Бұл құрылтай – қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі // Егемен Қазақстан. 2002. 24 қазан.
2. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. Алматы, 2006.
3. Қинаятұлы.З Жылаған жылдар шежіресі (тарихи көркем публицистика). Алматы, 1995.
4. Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы. Алматы, 2007.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4 том. Алматы, 2010.
6. Айталы А. Адам Отанын іздейді // Алтын Орда. 2005. 27 қазан.
7. Козыбаев М.К. История и современность. Алма-ата, 1991.
8. Айталы А. Ресей қазақтары // Қазақ диаспорасы: Бүгіні мен ертеңі. Астана, 2005.
9. Абдакимов А. История Казахстана (с древнейших времен до нашей дней). Алматы, 2003.

ОРЫНБОР ҚАЗАҚТАРЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескекбаев Д.Б.

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Астана

Ресейдегі қазақтардың үлкен бір бөлігін Орынбордағы қазақтар құрайды. 2010 ж. санақ бойынша Орынборда 120 262 қазақ саны есепке алынып, оның 21,8% қалалық, 72,2% ауылды жерлерде мекендеп, Ресейдің 18,5% халқын құрайды [1]. Қазақтар Орынбор өлкесін ертеден ата-бабасының жаз жайлауы, қыс қыстауы болған жер деп санайды. Сондықтан да отандастарымыз ол жерден қазақ еліне қарай қоныс аударуға асығар емес. Иә, бұл өлке қазақтың ертеден ата мекен еткен жері екендігі белгілі, сонау XX ғ. 20-ж. қазақ елінің бірінші астанасы болуы да тегін емес шығар. Осыған орай біз осы мақалада Орынбор өлкесіне қатысты кейбір мәселелерді қозғауды жөн көрдік.

Орынбор өлкесін орыстардың жаппай қоныстана бастауы XVIII ғ. 1-жартысында басталып, негізінен әскери сипатта болды, Патша өкіметінің ішкі есебі бойынша отарлық саясатын одан әрі қарай өрістету үшін Орынбордағы казак әскерлері аздық етті. Ал өз еркімен келіп қоныстанушылар саны аз мөлшерде еді. Сондықтан патша өкіметі бұл өлкеге өздерінің толық қожалығын орнату үшін халықты еріксіз түрде, күш көрсету арқылы болса да әкелу керек еді. Генерал Неплюевтің ұсынысы бойынша өздерінің «қожайындары мен шыққан тегін» білмейтін барлық қашқын шаруалар мен басы бос адамдарды жерге «бекітіп» Орынбор әскері құрамына тіркеу жүргізілді. 1745 ж. мұнда Қажы-тархан маңында көшіп жүрген қоңырат татарлары (қарағаштар – *Д.Е.)* күшпен көшіріліп әкелінді. Алайда, олар әскери отаршылар міндетін атқаруға құлықты болмай шықты. 1744 ж. мұнда өз еріктерімен Қазан татарлары көшірілді, бірақ олар да әскери қызметтен гөрі қолөнер мен сауда жағына

бейім болды. Сондықтан оларды 1778 ж. казак етіп тіркегенімен де 1819 ж. қайтадан казак есебінен шығарылды [2, с. 12].

XVIII ғ. бас кезінде бүкіл Орынбор өлкесінде небәрі 1198 шаруалар түтіні болса, 1782 ж. төртінші ревизияда 289 155 адам, оның ішінде 191 961 орыстар болды [3, с. 56]. Украинадан Орынбор өлкесіне қоныс аударуға ниет білдірген, үгіттуге көнген украин шаруалары болғанымен де оларды қожалары жібермеді. Мұнда Черногориялықтар мен албандықтарды да көшіру жоспарланғанымен ол әрекет те еш нәтиже бермеді. Әйтсе де бұл тығырықтан шығудың жолы табылды. Өлкеге әскери міндеткерлігін өтеген (отставкаға шыққан) солдаттар мен зеңбірекшілердің балалары еріксіз түрде көшіріле бастады. Егер де Челябі уезіне XVIII ғ. 2-жартысында Сібірдің еркін шаруалары қоныстана бастаған болса, Орынбор уезіне қожайындарымен қоса Ресейдің басыбайлы шаруалары келіп мекен тепті.

1760 ж. әскери казактардың саны 20 мыңға жеткізілді [4, с. 87]. XVIII ғ. 2-жартысынан бастап дворяндар «тасқыны» басталды. Болмашы ғана ақшаға башқұрлардан жер сатып алған дворяндар өздерімен бірге мыңдаған шаруаларды да ала келді. Мәселен, дворян Тимашев 2000, Масуров 1200, Крашенников 1000 еркек кіндікті шаруаларды Оңтүстік Орал жеріне әкеп тоғытты. Жалпы жаңадан отарланған жерлерге дворяндар әулетінің келе бастауы XVI ғ. басталған. 1574 ж. Уфа бекінісі салынғанда сол кездегі тәртіп бойынша қамалдарда әскери қызметкерлермен бірге дворяндар жасағы да болып, олар сол қызметке еркіндік алатын. Сондықтан да дворяндар қаладан онша алыс емес жеке иеліктерінде жұмыс істеу үшін Ресейдің ішкі жағынан орыс шаруаларын әкеп қоныстандыра бастады. Бұл бір жағанан қамал халқын қажетті азықпен қамтамасыз етіп тұру үшін де қажет болды [4, с. 68].

1835–1841 жж. Орск бағытына тартылған «жаңа шепке» губернияның қиыр солтүстік жағы қосылған соң бұл жерлерге ішкі Уфа, Самара жағынан казак есебіне кіргендер мен Ставрополь – Еділ бойнан 3300 адамдық шоқынған қалмақ әскерлері көшіріліп әкелінді [3, с. 27].

Крепостнойлық правоның жойылуымен (1861 ж.) байланысты еркіндік алған шаруалар легі қоныстанушылардың жаңа дәуірін бастап берді. 1866 ж. мәлімет бойынша Орынбор өлкесіне қоныс тепкен дворяндар бүкіл халықтың 0,8% құраған болса, дін өкілдері 6,7%, қалалық сословия 3,3%, әскери сословия 31,4% болып село халқы башқұрларды қосқанда 63,2% жеткен [3, с. 28].

III Александр таққа отырып екінші шаруалар банкісінің ұйымдастырылуымен қоныс аударушыларға туғызылған жеңілдік отарлаушылардың Орынбор өлкесіне ұмтылысын тездетті. 1831 ж. төңкеріс кезінде тұтқынға түскен поляктарда жер аударылып келе бастады. Сөйтіп, Оңтүстік Орал өлкесіне 1735–1832 жж. тұтас ғасыр бойы бас еркінен айырылған әскери адамдар мен казактар сондай-ақ, әр түрлі ұлттардан құралған тобыры еріксіз түрде күшпен көшіріліп әкелінді [3, с. 28]. Бесінші ревизия бойынша өлкеде 374 669 адам болса, 1812 ж. жүргізілген алтыншы ревизия бойынша 526 161 адам яғни 16 жыл ішінде 151 490 адам қосылған немесе жылына 2,5% өсіп отырған. 1816 ж. жетінші ревизияда 603 мың яғни 4 жылда 76839 адам немесе 3,75% өсіп сырттан келген шаруалардың есебінен тез көбейіп отырған. 1834 ж. сегізінші ревизияда 854 018 адам, яғни 18 жылда 42,018 адамға, ал 1850 ж. 2 130 037 адамға көбейіп оның ішінде орыстар 1 098 737, ал басқа халық өкілдері 1 031 300 адам болды. Орынбор маңына жыл маусымдарына байланысты келіп-кетіп, көшпелі өмір кешкен қазақтардың нақты санын анықтау мүмкін болмағанымен олардың саны шамамен 400 мың адам, 1 860 000 бас малдары болған [4, с. 117].

Отан соғысына (1812 ж.) байланысты қиыншылық кездерде де Оңтүстік Орал өлкесін отарлау бір сәтке де толастаған жоқ. Ал шекаралық желілер бойындағы әскери күштер үнемі толықтырып, дайындықта ұсталды. Мәселен, 1811 ж. Жайық пен Елек, Құралай мен Бердянка аралығындағы 600 мың десятина жер жаңа Елек ауданындағы Елек қорғанысын күшейтіп, нығайту үшін бөлініп алынды [6, с. 95]. Басқыншылық ниетті бойларына сіңіре келген отаршылдар Елек тұзын 1737 ж. басып алып, Елек қорғанысы деп аталатын қамал тұрғызған еді [6, с. 96–97]. Енді губерния құрамына қосып алынған бұл жерлерде 1817 ж. елді-мекендер салынып, елдің ішкі жағынан тағы да келімсектер келіп қоныстана бастайды

[7, с. 78]. Жаңа Елек желісі өзенінің сағасына басталынып жоғарылай келе Құралай мен Бердянка өзендері мен жалғасып, Бердянка – Құралай желісі деп аталынды. Ол Благословенск станциясының түбінен Жайықпен жалғасып, осы жерден Орынбор желісіне қосылды [8, с. 47].

1835 ж. Орск қамалынан басталынып тұп-тура солтүстік-шығысты бетке алып қырға, қазақ даласына қарай созыла тартылып Үй өзеніндегі Березовск редутында аяқталуға тиісті жаңа бекіністер желісін жасау туралы 1822 ж. қабылдаған шешім граф Перовскийдің жоспарымен іске асырыла бастайды [9, 68, 88-пп.]. Жайық пен Тобыл өзендерінің аралығындағы су айрығында жатқан жабық қарағай орманды алқабы қазақтар үшін орыс қазақтардың малдарын айдап екі арадағы желі бойындағы кездескен бірлі-жарым адамдарын қолға түсіріп тұтқындап әкеткенде негізгі бас паналайтын бекініс орны есебінде болды. Сондықтан да жаңадан желілер жүргізбес бұрын алдын ала Императорское, Наследниково, Константиновское, Николаевское және Михайловское бекіністері салынды. 1717 ж. шекаралық желінің құрылысы Орск қамалынан басталынып солтүстік-шығысқа қарай Верхнеуральск және Троицк уездерінің жерімен жүріп отырып Челябі уезі жеріндегі №1352 Березов станы түбінде аяқталады. Ал, бұл екі желінің аралығындағы желілерге әдеттегідей тағы да казак станциялары орнайды [2, с. 65]. Ақырында бұл желілер бойындағы Орынбор казак әскерлеріне қарап, ғасырлар бойы осы өлкеде көшіп-қонып жүрген қазақтар өз ата қоныстарына қолдары жете алмай ішкі жаққа қарай ығыстырылып суы мен шүйгіні мол бұрынғы мекеніне келіп қыстау үшін әрбір ұсақ малға екі тиыннан, сиырға бес тиын, жылқы мен түйеге он тиыннан төлеп тұрды. Сонымен қатар жер жыртып егін салуға падаланғаны үшін 50 тиыннан 3 сомға дейін төлеп тұрған [7, с. 54].

1840 ж. 12-желтоқсандағы заң бойынша Орынбор казак әскерлерін тұрақты қоныстандыру үшін Орынбор шекара желісі бойындағы Сібірден бастап Орал казак әскерлерінің жеріне дейінгі аралықтағы желілерден 15 шақырым қазақ даласына қараған барлық жер түгелдей шекаралық желілерге жақын орналасқан Челябі, Троицк және Орынбор уездерінің қазыналық жерлерінің бір бөлігі Елек ауданындағы жерлер мен Жаңа Ескі Елек қорғанысы арасындағы қазақтардан кесіп алынған жерлер тұтастай Орынбор казак әскерлеріне беріліп нәтижесінде олар Верхнеуральск, Троицк және Челябі тәрізді қалалар мен ондаған деревнялар орналасқан жалпы көлемі 7 749 944 десятин жер ұланғайыр территорияға ие болды [9, 5-п.].

Казак-орыс селендерінің қазақ жеріне бірте-бірте жақындай беруі шекаралық шетке жақын орналасқан қазақтардың наразылығын одан әрі өршітіп 1840–1846 жж. аралығында тіптен шиеленісіп кетті. Соған байланысты 1844 ж. 14-тамызда Екатеринск станицасына Кенесары сұлтан бастаған қазақтар шабуыл жасап 36 үйді өртеп, 4 адамды өлтіріп, 40 мың күміс теңгенің дүниесі мен әр түліктен 2 227 бас малды айдап әкеткендігі жөнінде мәліметтер бар [10, с. 112].

Орынбор әскери шебіне тұтқиылдан жасаған қазақтардың шабуылдарынан әбден запы болған патша өкіметі «рахымы түсіп» казактардың бұл кезде 8 422 846 десятина болған жерінен 1878 ж. 23-наурызда қазақтарға жайылым үшін деп 1 млн. жер бөлініп беріліп, енді казактарға тиісті жер көлемі 7 422 846 млн. десятина жер болды [9, 68-п.].

Орынбор әскери шебіне келімсектердің жағалай орналасуына байланысты халықтың патша өкіметінің пәрмендеріне мойын ұсынуымен енді бұл жерлер бойындағы әскери қызмет өз маңызын жоя бастайды. Соған байланысты 1860 ж. желілер бойындағы әскери бекіністер шағындалып Орскідегі Звериноголовскийге дейінгі жерлерде оларды мүлде алып тастау ұйғарылды. Тек 1865 ж. Орск қамалынан Березовск поселкесіне дейінгі жаңа линия мен 1820–1826 жж. Елек, Құралай және Бердянка өзендері арқылы тартылған жаңа Елек желісіндегі шекаралық қызмет орындары ғана сақталып қалды. Бірақ мұның өзі де көп ұзамай-ақ 1875 ж. таратылады. 1860 ж. Орынбор қамалына Жайық өзенінен асырып мойнын созып, қазақ даласына қарай кезенген 70 зеңбірек алынып, келесі 1861 ж. қамалды айналдыра үйілген топырақтан соғылған жал қабырға да жойылды.

Көш жолдарының қиылып, мал өрістерінің таралуына байланыста Орск пен Троицк аймағын қанаттаса мекендеген екі халық башқұрлар мен қазақтар арасында мал жайылымы үшін жерге таластың өршуін сылтау етіп XIX ғ. 30 жж. патша әкімшілігі жерлерінің солтүстік бөлігін өзіне қамти Жайық, Үй өзендері мен ескі желі аралығын және Тоғызақ, Ият, Карта, Сандық өзендерін қоса жаңа бекініс шебін құрды [11, 1-п.]. Бұрынғы айналма бұрылысы көп ескі желіге қарағанда жаңадан түзулей тартылған желілер шекара ұзындығын біршама ықшамдап, желілер бойындағы әскери күштерді ұстауға бөлінген қаржыны үнемдеуге мүмкіндік алды. Және де шекаралық желілерді жағалай қоныс тепкен орыстардың «Орманы көп, шалғыны мен суы мол, балыққа бай өлке шекаралық шептің арғы жағындағы қазақ даласына бізден алыс қашықта жатыр», – деп, арыздануы да шекара белгісін қазақ жеріне ішкелей кіргізуге себеп болды [11, 1–2-пп.]. Нәтижесінде башқұрлар мен қазақтар арасындағы кеңістік 50-ден 100 шақырымға дейін жетіп алшақтай түсті [11, 4-п.]. Мұның үстіне Орынбор әкімшілігінің шекара шебін қазақтарға жанастыра орналастырудағы ішкі есебі бойынша патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы наразылығын байқата бастаған қазақтардың қимылы патша өкіметінің назарын аударып, үнемі бақылап отыруға себеп болды. Бірақ мұнысын бүркеу мақсатымен бұлар бұған тынышсыз көршілері тарапынан жүргізіліп отырған шекара бойындағы ұрлықтың көптігі мен сауда керуендерін тонау [11, 4-п.] себеп болды деген сылтау жасады. Жаңа линияны таратуға түрткі болған экономикалық себептердің бірі бұл аймақтағы егіншіліктің жеткілікті дәрежеде дамымауымен байланысты болып, оған бір жағынан жердің егін шаруашылығына қолайсыз болуы себеп болса екіншіден бұл өлкеге келіп қоныстанушылардың әлі де болса, қажетті мөлшерге жетпеуі еді [11, 12-п.]. Мұның өзі патша өкіметінің отаршылдық жорығын үдете түсуге тиімді сылтау болып, Орынбор өлкесіне жерге мұқтаж мемлекеттік шаруаларды да қоныстандыру [11, 12-п.] идеясын тудырды. Патша өкіметі басып алған жерлердегі байырғы халықты бас көтертпеу үшін патша өкіметі бұл өңірдегі казактар әскерлерін былайша орналастырады: 160 мың адам Жайық казактарын Ішкі Ордаға, 239 мың адам Орынбор казактарын, башқұрлар мен қазақтар арасына, ал 60 мың адам Сібір казактарын Ащылы (Горький) және Ертіс жерлерінің бойына қойып олар Сібір халқын орта жүз қазақтарына қоспай бөліп тұруға тиісті болды [4, с. 83–85]. 1775 ж. Ресей әкімшілік жағынан бөлу туралы жаңадан заң шығарылып, бұл заң бойынша губерниядағы халық санының 300 мың адамынан асырмау көзделді. Орынбор облыс орталығы болып қалмағанымен де онда бұрынғысынша өлкенің шекаралық әскери істерін басқару тетігі шоғырланды. Орынбор және Уфа облыстарының құрамындағы 13 үйез губернияға түгелдей кірді. Губернияның басында әскери губернатор лауазымы енгізіліп ол орынға тағы да барон Игельстром тағайындалды [12, с. 26].

Орынбор губерниясының территориясы ұзына бойына созылып Самар губерниясынан шығысқа, Орск қаласынан кейін солтүстік шығысқа да бағыт алады. Губернияның көлденеңі 150–250 км аралығында болды. Губернияның бұлайша ерекше болып келуі губерния территориясын белгілегенде негізінде Орынбор казак әскеріне қараған жерлердің ыңғайына қарай бөлінді. Ең алғашқы казак әскерлерінің иемденген территориясы қазақ даласымен шектесіп жатқандықтан Жайық өзенін жағалай жоғарғы ағысына дейін ал одан әрі Үй және Тобыл өзендерінің бойымен жүргізілген Сібір жерлеріне дейінгі аймақ қамтылды. Сондықтан да 1865 ж. Орынбор губерниясы Орынбор және Уфа губернияларына бөлінгенде Орынборға негізінен казак әскерлері тұрған жерлер қараған. Міне сондықтан да Орынбор губерниясы бір біріне жалғасқан уездерден құралған. Пермь және Уфа уездерінің арасына сыналып кіріп жатыр. Ал губернияның солтүстік және оңтүстік шекараларының бірқалыпты болмауы губернияға XIX ғ. 1-жартысында тағы да екі дүркін кесінді жердің қосылуымен байланысты еді. Алдымен Орынбор уезіне шептерді Жайықтың сол жағалауына дейін созып, шекараны оңтүстікке қарай жылжыту арқылы тұз көздері мол сақталған Елік қорғанысын губерния территориясына қосу болды. Екіншіден Орск пен Сібір желілерінің арасын жалғастырып жатқан шекаралық шепті түзету және осымен қатар шекара күзетіндегі әскер санында барынша ықшамдау мақсаты көзделді.

Губерния орталығы Орынбор өзенінің батыстағы шекарасынан небәрі 100 км қашықтықта тұрады. Кезінде бұнда әскери мақсатқа сай есеппен істелген еді. Орал облысы Орынбор губерниясынан бөлінгенге дейін Орынбор генерал-губернаторлығына Каспий теңізінен бастап Сібір желілеріне дейінгі әскері аймақтардың бәрі де бағынатын еді. Сол кездегі территория бойынша Орынбор осы губернияның қақ ортасына орналасқан.

1868–1869 жж. Кіші Ордада жаңадан кіргізілген болыстық құрылым бойынша «Орынбор ведомствосы қазақтарының облысы» деп атала бастады. Ал Орынбор губерниясы құрамынан Орал және Торғай облыстары бөлініп, өз алдына дербес әкімшілік құрылымға ие болды. Орынбор қаласы Торғай қаласының орталығы болып қала берді. Орал облысы басқармасы Орал қаласына орналасты [4, с. 113]. 1868 ж. дейін қолданылып келген «Сібір қырғыздары туралы устав» күшін жойып жаңадан «Дала өлкесін басқарудың уақытша шаралары» туралы заң қабылданып, бұрынғы қазақ жерлері енді мемлекет меншігі деп танылды [13, с. 16.].

XVI ғ. бас кезінде Орынбор губерниясының солтүстікке қарайғы көпшілік жерін негізінен башқұрлар мекен етіп, ал оңтүстік шығысқа қарай ұлан-байтақ жерлерде қазақтар көшіп қонып жүрген [14, 1-п.]. XVI ғ. ортасына қарай өзара қырқысудан әлсіреген башқұрлар солтүстікке ығысып осы сәтті пайдаланған қазақтар шөбі шүйгін шырайлы жер қуалап башқұрлардан босаған жерлерге келіп орныға бастайды [15, с. 6]. Жайылымдық жер қуалай солтүстікке қарай жылжыған қазақтарға тойтарыс беруге шамалары келмеген башқұрлар Орынбор өлкесінің орманды тау алқабына қарай беттеп ірге көтереді [16, 22-п.]. Қазақ халқына алапат әкеп зобалаң тудырған XVIII ғ. қалмақ қонтайшыларының шабулынан кейін бас сауғалаған жекелеген қазақ рулары солтүстік пен батысты бетке алып қотарыла көше бастайды [17, с. 159]. Сөйтіп бұрын санаулы ғана қазақ руларына қоныс болған жерлерде қазақтардың үлкен шоғыры пайда болды.

XVIII–XIX ғғ. орыс зерттеушілерінің еңбектерінде қазақтардың оңтүстік Орал өңіріне рулық қатынас бойынша жеке-жеке ру болып көшіп жүрген қоныстары жөнінде мәліметтер келтірілген. Мұның өзі халықтардың этникалық территориясын анықтауда қосымша мағлұмат көздері болып табылатыны анық. Бұл жөнінде тарихшы Н.Е. Бекмаханов «... қазақтар мен қырғыздар үшін қосымша этникалық анықтауыш ретінде олардың рулық құрылымдары мен географиялық орналасуы есепке алынады», – деп дұрыс қорытынды жасайды [18, с. 56]. Яғни, қазақ руларының көш жолдары, қыс қыстауы мен жаз жайлауын анықтау олардың белгілі бір кезіндегі территориясын нақты көрсету үшін тарихи дерек көздері болып табылады. Бұларға қосымша Орынбор губерниясы басқармасымен Орынбор қазақтарын басқару туралы іс қағаздарына, тарихи құжаттарда іске тіркелген қазақтардың ата тегі, руы қоса көрсетіліп отырған [19, 78–79-пп]. Қазақ руларының көш жолдары мен қоныстарын зерттей отырып, Орынбор өлкесінде негізінен кіші жүзден Жетіру тайпасы мен орта жүздің бірнеше рулары көшіп жүргеніне көз жеткіземіз. Кіші жүз қазақтары Орынбор облысының қазақтары деп атаған [20, 36–45-пп.].

Өткен ғасырлардағы зерттеушілер Н.А. Аристов, Л. Мейер, М.Н. Галкин және кейіннен этнографтар В.В. Восторов пен М.С. Мұқанов [қараңыз: 21; 22], келтірген деректерді салыстыра отырып зерделесек қазақ руларының таралу географиясы мынадай болып шығады. Табын руы Орынбор уезінің оңтүстік бөлігінде көшіп жүрді. Табын руының қыстауы негізінен оңтүстік батыста, ал аздаған бөлігі уездің орталығын жайлады. Қыстаулардың көпшілігі Қобда, Қара Қобда, Кіші Қобда және Сары Қобда өзендерінің жағасын, сондай-ақ Терісаққан, Тамды, Қарағайлы, Елек ал уездің орталығына қарай Жаман Қарағай өзендерінің бойын қуалай орналасты [23, 78 п.].

Ақтөбе уезі солтүстік және солтүстік батысында Орал өзеніне дейін созылып Орынбор қазақтары жерімен шектесіп, солтүстік-шығысында Ырғыз уезімен, оңтүстік және оңтүстік батысында Орал облысымен шектесті [24, с. 3]. Көршілес Қостанай уезіне қарағанда мұнда негізінен кіші жүз рулары қоныстанған. Оның ішінде Жетірудан – Табын, Тама, Жалғабайлы, Кердері; Әлімнен – Шекті, Шомекей, Қаракесек, Кете және Төртқара; Байұлына Жаппас рулары мекен етті. Уездің шығыс және солтүстік шығыс жағындағы Ор өзені мен және оның

саларымен, Жайықтың сол жағалауын, ал оңтүстікте Қарағайлы, Қосестек және Дамбар өзенінің бойларын осы өзендегі ең үлкен ру Жалғабайлы руы мекен етсе [25; 26], Орск мен Верхнеуральск уездерінің территориясына көшіп жүрді [27, 60а п.]. Жайық пен Тобыл өзендері аралығындағы кең алқапқа Жағалбайлы руының қыстаулары орналасты. Олар оңтүстікке таман Ырғыз уезінің жеріне дейін көшіп жүрді. XIX ғ. ортасында мұнда Сырдария облысынан Жаппас руларыда көшіп келе бастайды. Жағалбайлы руы XIX ғ. соңына таман Қостанай уезінің оңтүстік батыс бөлігіне (Жетіғара, Құмақ облыстары) тұтастай мекндейді. Мұндағы негізгі қыстаулар Қарғанды, Қарабұтақ, Жарлыбұтақ, Шортанды, Бүйректал өзендері мен Шалқар, Әйке, Шалқар-Егізқара, Қарасор көлдерінің айналасы болды. Сонымен қатар бұл жерлер Орынбор қазақтарының жаз жайлауы мен күз көктеуі де болған. Қобда өзенінің жоғарғы жағы мен Богослобен станицасына қарама-қарсы Елек өзенінің сол жағалауына көбіне-көп Жетіру тайпасының Кердері руы мекен етті. Жеті рудың Керей және Рамадан рулары Троицк уезін қоныс етіп, Кердері Орал, ал Телеу Торғай облыстарын жайлаған [28]. Шекті руы бүкіл Ақтөбе уезі бойынша таратылып шығыс жағында Ор өзенінің бойын, оңтүстікте Қара Қобда өзенінің жоғарғы жағын, ал батыс және солтүстік батыста Елек пен Жайық өзендерінің бойы мен Бөрте өзенінің орта ағысын жайлады. Осы аталған жерлердің бәрінде де олар басқа рулар арасында Шөмекей, Қаракесек және Төртқара рулары мен қатар қоныстанды. Уез территориясын кіші жүз руларынан басқа жүздеген Уақ тайпасы мекендеп, олар бүкіл уез бойында шашырай орналасты. Олардың неғұрлым көбірек шоғырланған жері уездің батыс бетіндегі Тамды өзенінің жоғарғы жағы болды [24, с. 77]. Орта жүздің бұдан басқа Арғын, Қыпшақ, Керей, Уақ руларының бір бөлігі мен Жетіру тайпасының біраз рулары Орынбор губерниясының Челябі уезінің жерінде көшіп жүрді [28, 89 п.]. Торғай обылысының солтүстік шығысын алып жатқан Қостанай уезі солтүстігінде Үй өзенімен шектесіп әкімшілік жағынан 10 болыстыққа Меңдіқара, Кеңарал, Арақарағай, Обаған, Қарабұлақ, Аманқарағай, Дамбар, Бейтөбе, Жетіғара, Құмақ болыстарына бөлінген. Бұл болыстықтарда 81 441 қазақтар мекендеп орта жүзден Керей, Арғын, Қыпшақ тайпалары, ал кіші жүзден Жағалбайлы, Телеу, Тама, Жаппас рулары қоныстанған [24, с.78]. Тама руының көш жолдары Табын руымен қатар болды. Л. Мейердің мәліметі бойынша Тамалар Орынборға жақын Орынбор уезінің Зверинеооловск станицасының маңында және Троицк уезіндегі Троицк қаласына таяу жерлерде көшіп жүрді [23]. Тама руының қыстаулары негізінен уездің солтүстік батыс жағанан Жайық өзенінің сол жағалауына Бөрте және Қиалы Бөрте өзенінің жоғарғы ағысына таяу орналасып, уездің оңтүстігінде Елек, Орта Аша, Көктөбе, Елімбай өзендерінің жоғарғы сағасына қоныстанды. Тама руының аздаған бөлігі уездің әр жерінде шашырай уездің батыс түккірінде Жағалбайлылардың және солтүстік шығыста Табын руының арасына кіріп орналасады [29].

Жоғарыда келтірілген деректер мен зерттеулерді түйіндей келе оңтүстік Орал өңірі, Орынбор өлкесінің этникалық тарихы жөнінде мынадай қорытынды жасауға болады. Орынбор қазақтарының автохтонды, өлкенің ежелгі аборигендері екендігі күмән тудырмайды. Өлкеде негізінен кіші жүз оның ішінді Жетіру тайпаларының рулары қоныстанған. Тек, Челябі жағына қарай Қостанаймен шектес Қызыл, Агапов аудандарында Орта жүздің біраз рулары көшіп жүрген. Тек, кейіннен казактардың келуімен яғни Ресейдің орталық экспанциясымен байланысты қазақтар Орынбор өлкесінде азшылыққа айналады.

Әдебиеттер және деректер

1. Основные итоги Всероссиской переписи населения 2010 г. по Оренбургской области. Статистический сборник. Оренбург, 2012.
2. Оренбургская губерния, Список населенных мест по сведениям 1866 г. СПб., 1871.
3. Евсеев Н.О. О прошлом и настоящем Оренбургских казаков. Самара, 1929.
4. Рязанов А.П. Оренбургский край. Исторический очерк. Оренбург, 1928.
5. Журнал Министерства иностранных дел. СПб., 1883.

6. Соколов Д.Н. Оренбургская губерния. М.,1918.
7. Лобысевич Ф. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1891.
8. Военно-статистическое обозрение департамента генерального штаба. 1848. Т. XIV. Ч. II.
9. ҚР ОММ. 4-қор. 1-тізбе. 347-іс.
10. РФ ООММ. 3-қор. 1-тізбе. 7-іс.
11. ҚР ОММ. 4-қор. 1-тізбе. 312-іс.
12. Балкашин Н.И. О киргизах и вообще о подвластных России мусульманах. СПб., 1887.
13. Замятин А.П. По Уральской области. СПб., 1914.
14. РФ ООММ. 96-қор. 1-тізбе. 113-іс.
15. Алекторов А.Е. Оренбургская губерния. СПб., 1883.
16. РФ ООММ. 10-қор. 1-тізбе. 33/1-іс.
17. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен // Древние времена и средние века. Оренбург, 1924. Ч.1.
18. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М., 1986.
19. РФ ООММ. 2-қор. 1-тізбе. 15-іс.; ҚР ОММ. 4-қор. 1 тізбе. 347-іс.
20. ҚР ОММ. 2077-қор. 1-тізбе. 911-іс.
21. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – нач. XX в.). Алма-Ата, 1968.
22. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства [Материалы для географии и статистики России… Т. 10]. СПб., 1865.
23. РФ ООММ. 2-қор. 1-тізбе. 15-іс.;
24. Материалы по киргизскому землепользованию. 1903. Т. 7.
25. Галкин М.Н. Сведения о местах расположения киргизских родов Оренбургского края // Этнографические исторические по Средней Азии и Оренбургскому краю. СПб., 1868.
26. ҚР ОММ. 4-қор. 1-тізбе. 1678-іс., 68-іс., 3271-іс.
27. РФ ООММ. 6-қор. 10-тізбе. 7939-іс.
28. ҚР ОММ. 4-қор. 1-тізбе. 347-іс.
29. АӨЖМ – 1995–2000 жж.

ВЛИЯНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ 20-30-х гг. XX в. НА МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ КАЗАХОВ

Жанбосинова А.С.

Восточно-Казахстанский государственный университет им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск

С начала 1991 года вступив на суверенный путь, Казахстан призвал этнических казахов вернуться на родину. Проблемам возвращения и адаптации оралманов-соотечественников посвящено множество интересных публикаций. Среди научных изданий заслуженным вниманием и авторитетом пользуются труды казахстанских ученых Г. Мендикуловой, Б. Атантаевой, К. Сыроежкина и др.

Особо следует отметить Г. Мендикулову, которая первая в Казахстане защитила диссертацию по истории зарубежных казахов, затронула и подробно осветила вопросы исторического процесса возникновения и формирования казахских диаспор и заложила основы казахстанской диаспорологии [1]. Совместная научная монография Г. Мендикуловой и Б. Атантаевой «История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860–1960-е гг.»

опираясь на солидную базу архивных источников и материалов, освещает вопросы казахстанско-китайских межгосударственных миграций в дореволюционный и советский периоды, дан анализ причин и особенностей миграции в исторической ретроспективе и современной государственной политики Казахстана [2].

Среди ученых постсоветского пространства, занимающихся данной проблематикой хотелось бы отметить научные публикации Н. Аблажей, особый интерес представляет ее монография «С востока на восток: Российская эмиграция в Китае», где были использованы документы и материалы ЦДНИ г. Семипалатинска и ГАВКО г. Усть-Каменогорска РК [3].

Проблема миграционных процессов, как в прошлом, так и в настоящем прямо или косвенно затрагивается в трудах историков ближнего и дальнего зарубежья.

В задачу автора не входит историографический анализ заявленной проблемы, содержание статьи затрагивает региональный аспект истории, ее локальный характер. Социокультурная ситуация обуславливает необходимость не только работы с нарративными источниками, но и детерминирует понимание глубинных процессов нашего прошлого, осмысление и принятие исторических событий как части всемирного процесса. Экономическая модернизация советского руководства сыграла двоякую роль, с одной стороны она создала основу советской экономики, а с другой разрушила традиционные жизненные ориентиры. В Казахстане одним из последствий социально-экономической модернизации стала вынужденная миграция казахского населения, «откочевщики» массами спасаясь от голода и насилия, в поисках лучшей доли бежали за пределы родной земли, а на пограничных кордонах их как басмачей расстреливали пограничные отряды.

Конец 1920-х – начало 1930-х гг. прошлого столетия ознаменовалось становлением тоталитарного режима, реализацией грандиозных экономических планов по обустройству сельского хозяйства через насильственную коллективизацию.

Основным противником модернизации сельского хозяйства стало дееспособное в экономическом плане крестьянство. Крестьянская психология не принимала и не понимала репрессивного воздействия в создании колхозов. Головной болью для советского правительства являлась традиционная экономическая структура казахских аулов, где как они полагали, заправляли баи, родоправители, которых надо было устранить как помеху советского строительства в ауле.

С целью их ликвидации на основании Постановления ЦК ВКП (б) от 9 августа 1928 г. Политбюро Казахстана предложило Казкрайкому не позднее 1 сентября 1928 года провести негласный учет крупных скотоводов из коренного населения, своим имущественным и общественным влиянием препятствующих советизации аула, согласно признакам, предусмотренным постановлением ВЦИКа, произвести отбор наиболее злостных из них. На основе этого отбора разослать на места списки хозяйств, подлежащих конфискации и выселению. Для чего были оформлены центральные и окружные комиссии для выселения баев. Конечная дата выселения определялась 1 ноября 1928 г. Ответом на акцию правительства послужила массовая откочевка казахских семейств в Китай. Только за первые 10 дней августа из Тарбагатайского района откочевало 260 юрт – семейств [4, л. 1, 40].

Проводимая в районах Восточного Казахстана хлебозаготовительная кампания не могла не вызвать протест со стороны местного населения. В спецсводках ОГПУ за 8 декабря 1929 г. отмечалось, что в последнее время участились случаи нелегальных перекочевок в Китай в пограничных районах Восточного Казахстана, в частности за август–октябрь месяцы произошло 82 перекочевки по Бахтинскому, Зайсанскому району, в том числе вооруженных переходов – 5, групповых, т.е. целым аулом – 9, одиночных – 68 [5, л. 318].

Б. Атантаева относит данные перекочевки к вынужденным миграциям, указывая в качестве причин, вызывающих их, тяжелое экономическое положение и соответствующие материальные трудности [2].

Советское руководство в качестве причин откочевки казахского населения указывало «бешенную агитацию байства», сопротивлявшееся коллективизации, насилию, последнее признавалось властью и воспринималось как перегибы местной власти в отдельных районах.

В связи с усилившимися откочевками, а сводки ОГПУ сообщали, что откочевки не прекращаются особенно в пограничных районах с территорией Китая в Алма-Атинской и Семипалатинской областях, ПП ОГПУ предложило узаконить следующий перечень мероприятий:

1. Выселение всех баев и кулаков, задержанных в момент сборов для нелегальной перекочевки в Китай или уличенных точными данными в намерениях, организовать таковую – за пределы 100 километров пограничной полосы.

2. Немедленное выселение за пределы 100 километров пограничной полосы баев, семейства и имущества которых уже переправлены.

3. Выселение за пределы 100 километров пограничной полосы байских семейств, если глава уже перекочевал в Китай.

4. Право выселения предоставить местным РИКам [5, л. 329].

2 февраля 1930 года выходит Оперативный приказ ОГПУ за №44/21 «О мероприятиях по ликвидации кулачества как класса» [6], где в обосновании говорится, что в целях наиболее организованного проведения ликвидации кулачества как класса и решительного подавления всяких попыток противодействия со стороны кулаков мероприятиям Советской власти по социалистической реконструкции сельского хозяйства – в первую очередь в районах сплошной коллективизации – в самое ближайшее время кулаку, особенно его богатой и активной контрреволюционной части, должен быть нанесен сокрушительный удар. Сопротивление кулака должно быть и будет решительно сломлено. Приказ рекомендовал развернуть работу по двум направлениям:

– Немедленная ликвидация контрреволюционного кулацкого актива, особенно кадров действующих контрреволюционных и повстанческих организаций, группировок и наиболее злостных, махровых одиночек. (Первая категория.).

– Массовое выселение (в первую очередь из районов сплошной коллективизации и погранполосы) наиболее богатых кулаков (бывших помещиков, полупомещиков, местных кулацких авторитетов и всех кулацких кадров, из которых формируется контрреволюционный актив, кулацкого антисоветского актива, церковников и сектантов) и их семейств в отдаленные северные районы СССР с конфискацией их имущества. (Вторая категория.)

22 февраля 1930 г. всем секретарям пограничных райкомов ВКП (б) и начальникам застав было отправлено секретное послание, где говорилось, что «отмечены факты массовой распродажи скота баями и кулаками. Отмечен приток байско-кулацкого элемента в пограничные районы…

В целях пресечения:

– прибывших в пограничные районы явно злостных кулаков с делом дознания передавать ближайшему органу ОГПУ или погранзаставе;

– всех прибывших кулаков в 50 километровую пограничную полосу, но на которых нет достаточного материала для отдачи под суд – список передавать ближайшим начальникам застав для выселения их из пограничной полосы;

– …всех убегающих кулаков из района арестовывать и передавать ближайшей заставе или органу ОГПУ.

– обязать сельсоветы не давать кулакам удостоверений личностей без разрешения райисполкомов» [7, л. 50]. Местные власти провели учет кулаков и баев и их имущества, создав со стороны аульно-деревенской общественности необходимый контроль над сохранностью учтенного имущества; а также в целях предотвращения их бегства взяли с них обязательства о том, что за самовольный отъезд, разбазаривание имущества он будет привлечен к ответственности.

Сопротивление крестьян насилию, применяемому по отношению к ним, вылилось в различные формы протеста, одна из которых – массовое бегство населения за границу, вторая силовое сопротивление через восстания. В феврале 1930 года сильные крестьянские

волнения начались в Зыряновском, Усть-Каменогорском, Самарском, Шемонаихинском, Катон-Карагайском районах Семипалатинского округа [8, с. 180].

В донесениях Зайсанского погранотряда 50 отмечалось, что последние месяцы, в особенности в феврале и марте 1930 г., знаменовались беспримерными по своему противозаконию и произволу нарушениями границы и «бандитскими налетами» со стороны пограничных районов Китая. Конечно, миграционный поток из Казахстана в Китай власть обозначала как нарушения границы вооруженными отрядами из Китая и насильственный увод населения в Китай, ведь советская идеология не допускала, что население, пытаясь спасти свои жизни, бежала от светлого будущего. «Преступный элемент из наших пограничных районов, рассчитывая спастись от ответственности за свои преступные деяния, находит себе единомышленников в среде казахского населения китайской пограничной полосы и при вооруженном содействии последних нарушает границу, нападает и бесчинствует над нашим пограничным населением, грабя его, и забирает население с собой в китайские пределы». В донесении сообщалось об уходе в пределы Китая 2460-ти казахских семейств [9, л. 107–116].

Еще 3 апреля 1930 г. в целях предотвращения бегства крестьянства за границу СНК Казахской АССР приняло постановление о выселении всех баев, кулаков и их семейств из пограничной полосы. В постановлении говорилось:

«1. Выселить за пределы 100-километровой пограничной полосы:

а) всех баев и кулаков, задержанных в момент сборов для нелегальной перекочевки в Китай или уличенных точными данными в намерениях организовать перекочевку;

б) всех баев и кулаков, семейства которых или их имущество уже переправлены за границу;

в) всех членов семейств баев и кулаков, если глава семейства уже перекочевал за границу» [10, л. 13].

Выселение производилось по постановлению районных и исполнительных комитетов и материалам органов пограничной охраны, с утверждением этих постановлений соответствующими окружными исполнительными комитетами. Результатом деятельности местных РИК-ов явились искалеченные, сломанные судьбы, оторванные друг от друга семьи.

26 февраля 1931 года Зайсанским погранотрядом при откочевке в Китай были задержаны так называемые «байские семейства» Тсюканова Загиля с двумя детьми и матерью, Джамангарова Зияда с двумя детьми, Аязбаева Загиля с двумя детьми и матерью, всего в списке девять семейств. В донесении сообщается, что мужья означенных семейств являются организаторами откочевки 40 семейств и при задержании оказали пограничникам вооруженное сопротивление, но, не устояв перед пограничниками, бросили семьи и бежали в Китай. Решением Зайсанского РИКа все девять семейств, дабы не дать возможности их мужьям, находящимся за границей, нелегальным путем перебросить семьи к себе, выселить их из пограничного района в пределы Карабулака 6-го аулсовета Зайсанского района [11, л. 6.].

Несмотря на предпринимаемые правительством законодательные меры, откочевки населения продолжались. Экономическая модернизация сельского хозяйства уничтожала не только традиционную структуру, но и явилась причиной гибели и откочевки населения Казахстана. Как отмечала Г.М. Мендикулова «загнанные в коллективы, где выпас скота, был часто недостаточен, казахи видели, как погибали от голода их стада, после гибели, которых следовала смерть людей. Начались массовые переселения казахов, исчисляемые в 1 млн. 30 тыс., в Россию, Узбекистан, Туркменистан, Каракалпакию, Китай, Иран, Афганистан» [1, с. 94].

Зайсанский погранотряд 50 в спецдонесениях сообщал: «Преступный элемент из наших пограничных районов, рассчитывая спастись от ответственности за свои преступные деяния, находит себе единомышленников в среде казахского населения китайской пограничной полосы и при вооруженном содействии последних нарушает границу, нападает и бесчинствует над нашим пограничным населением, грабя его, и забирает население с собой в

китайские пределы». Начальник погранотряда 50 сообщал, что ушло в Китай 2720 семей со скотом численностью в 47200 голов. В донесении указан полный список ушедших за кордон, начальник погранотряда лукавит, говоря, что кочевники подчинились силе напавшей китайской стороны и ушли с бандитами. Только за сентябрь 1931 года было задержано 45 человек за организацию откочевки в Китай [9, л. 107–116].

Катон-Карагайский райотдел ОГПУ сообщал, что 5 июня 1931 г. по донесению Чингистауской заставы в местечке Калгуты появилась банда неизвестного командования в количестве 60 человек, вооруженная 5 трехлинейными винтовками, 10-четырехлинейными винтовками, остальные дробовиками. 4 июня под их прикрытием снялось 500 дворов со скотом, взяли направление на Китай [12, л. 26].

В 1931 г. власть признала, что в 1930 г. имело место откочевание в Китай батраков, бедняков и маломощных середняков. С одной стороны власть полагала, что причиной откочевок являлась кулацко-байская агитация, с другой стороны имевшиеся случаи извращения классовой политики партии, голого администрирования отдельных районных организаций при проведении хозяйственно-политических кампаний в отдельных пограничных районах. Надо признать, что ею были предприняты меры по возвращению из Китая откочевавших семей. Ввиду начавшейся реэмиграции из Китая, местным органам власти предлагалось развернуть разъяснительную работу как среди возвратившихся, а также с целью недопущения враждебного настроения и пренебрежения среди бедняцко-середняцких масс местного населения. Рекомендовалось всех возвратившихся батраков, бедняков и маломощных середняков на основе добровольности вовлечь в существующие колхозы, а также организовать из них новые колхозы [13, л. 44–45]. Однако не всех реэмигрантов ждала счастливая судьба в колхозах, многих из них арестовали и сослали в лагеря. Территорией расселения реэмигрантов стали Предгорненский, Шемонаихинский, Кировский и Уланские районы, расположенные вдали от пограничных.

В качестве причин реэмиграции можно назвать социально-экономические проблемы откочевников, с которыми они столкнулись на чужбине, также отсутствие родственных связей или их потеря, смерть близких людей, притеснения со стороны китайских властей, боровшихся с уйгурско-дунганским сепаратизмом, в связи с этим усиление репрессий населения со стороны Синьцзянского правительства, отсутствие чувства вины у откочевников перед советской властью. Толчком к возвращению стали невыносимые экономические условия и голод, постигший округ, где большей частью проживали эмигранты из Восточного Казахстана. В частности, в протоколах допросов реэмигранты указывают по какой причине возвратились назад, например «остался без поддержки», «ко мне стали плохо относиться», «Шара-Суминское правительство (Китай) арестовало мигрантов из Казахстана за связь с дунганами, за какие-то происки против существующей власти в округе» [14, л .2–6].

На заседании Казкрайкома ВКП (б) 27 сентября 1930 г. заслушивался вопрос о деятельности ПП ОГПУ. Вопрос стоял не только о слабой деятельности ОГПУ, но и указывалось, что конфискация у полуфеодалов-баев в 1928 г., наиболее слабо была проведена в пограничных районах, что там налицо тесная связь байской верхушки с закордонным населением, при крайне слабом, а зачастую, засоренным чуждым элементом партийно-советском аппарате; эти районы, по мнению руководства, стали чрезвычайно неблагополучными в политическом отношении – это постоянное возникновение банд, вооруженные перекочевки, решительное сопротивление всем советским мероприятиям. Вероятно, ввиду последних событий Казкрайком решил провести в пограничных районах: Зайсанском, Чингистайском, Тарбагатайском, Маканчинском, Урджарском, Катон-Карагайском, Маркакольском, изъятие активной байско-кулацкой верхушки с высылкой их в другие районы республики, с конфискацией имущества, за исключением предметов домашнего обихода и скота в пределах трудовой нормы…». Казкрайком предложил местным организациям перечисленных районов выселить из пограничных районов, самовольно прибывших из Сибири кулаков, при этом ПП ОГПУ поручалось арестовать по Казахстану

верхушечный слой кулачества и направить их на рыбные промыслы Аральского моря, по отношению к остальным предоставлялась возможность поселения их в других районах с обязательной регистрацией в соответствующих РИКах [15, л. 109].

Борьба с откочевщиками и поиск их организаторов шел постоянно. По сообщению особого отдела ПП ОГПУ, в августе 1931 г. была создана Тарбагатайская «контрреволюционная организация» под названием «Оншил Ултшил Уюм». Целью их деятельности, как было указано в сообщении, являлось противодействие проведению хозяйственно-политических кампаний в жизнь и поголовной «укочевке» (т.е. откочевке) населения всего района в Западный Китай. Под «носом» ПП ОГПУ «контрреволюционная право-националистическая организация» вовлекла в свои ряды аулы района путем создания контрреволюционных ячеек. В результате их «контрреволюционной деятельности» откочевало 696 хозяйств – 3663 человека, при этом ПП ОГПУ не пытается найти объяснения причинам бегства. По данному делу в 1932–1932 гг. было арестовано 92 человека, из них 52,1% относились к баям, 22,9 были членами и кандидатами ВКП (б), 25% это середняки и бедняки [16, л. 79–80]. Если проанализировать выданные ОГПУ данные по социальной прослойке, то можно сказать, что в Тарбагатайском районе политика раскулачивания не отличалась результативностью.

В сводках сообщалось, что наиболее пораженными бандитизмом являются аулсоветы, расположенные близ границ Западного Китая, в частности Пугачевский, Калгутинский, Курчумский, Тарбагатайский и др. С целью борьбы с агитацией и сочувствующими «бандгруппам» в районы отправлялись специальные комиссии, в райаппаратах ОГПУ создавались опергруппы. Чингистайская окружная комендатура погранохраны арестовала 11 главарей откочевочного движения в Джанатурмысском ауле

Этнополитические процессы 1920–1930-х гг. можно проследить по материалам архивов этноконтактных зон, т.е. для Восточного Казахстана это Россия, Китай, Монголия. Экономическая модернизация, раскулачивание, насильственная коллективизация способствовали вынужденной миграции казахов в ближайшее для них зарубежье. Тяжелые социально-экономические и политические проблемы, с которыми мигранты столкнулись на чужбине, обусловили их обратный отток, усилившийся в конце 1940-х – 1950-е годы. Изучение документов, хранящихся в архивах, позволит раскрыть множество белых пятен, показать трагические страницы истории казахского народа, бегство с родины, одиночество на чужбине, нужна своеобразная книга памяти жертв погибших мигрантов и реэмигрантов.

Междисциплинарные связи исторической науки на современном этапе стали толчком к развитию нового ее направления – устной истории, которая позволит собрать значительный объем исторической информации у вернувшихся на историческую родину этнических казахов-соотечественников, которые традиционно более трепетно на чужбине относятся к генеалогической истории и семейным преданиям. Это своеобразная кладезь исторической памяти, обширная палитра мнений и ситуативных событий о новейшей истории, микроисторический подход позволит увидеть миграцию и реэмиграцию в миниатюре.

Литература и источники

1. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы, 1997.

2. Мендикулова Г.М., Атантаева Б.Ж. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860–1960-е гг. Алматы, 2008.

3. Аблажей Н.Н. С востока на восток: Российская эмиграция в Китае. Новосибирск, 2007.

4. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д. 2067.

5.АП РК. Ф.141. Оп.1. Д. 2433.

6. Архив ДКНБ по ВКО. Ф.1.

7. ГАВКО. Ф. 139 п. Оп. 1. Д. 22.

8. Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы, 1997.
9. ГАВКО. Ф. 788. Оп. 1. Д. 35.
10. ГАВКО. Ф. 788. Оп. 1. Д.38а.
11. ГАВКО. Ф. 788. Оп. 1. Д. 41.
12. ГАВКО. Ф. 139 п. Оп. 1. Д. 78.
13. ГАВКО. Ф. 788. Оп. 1. Д. 39.
14. ГАВКО. Ф. 269. Оп. 2. Д.407.
15. ГАВКО. Ф. 135 п. Оп. 1. Д. 59.
16. ГАВКО. Ф.1п. Оп.2. Д. 4981.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

Жолдасбаев С.Ж.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан

Қазақ диаспорасының пайда болуы. Қазақтардың басқа елдерге шашырап кету тарихы XVII ғ. басталған. Әсіресе XVII–XVIII ғғ. қазақ-жоңғар қарым-қатынасы қазақ ирреденталары мен қазақ диаспорасының бастауына жатады.

1757 ж. Цин өкіметі жоңғарларды біржолата талқандап, олардың қол астында болған Тарбағатай өңірі, Іленің жоғарғы, Жетісудың солтүстік аудандарын өз жері деп жариялады. Көрсетілген жерлерде ғұмыр кешіп жатқан қазақ ру-тайпалары Қытайдың Цин өкіметінің қол астында қалды. Ол жаңа қазақ ирреденталарының немесе диаспорасының пайда болуын туғызды. Мұның өзі қазақ диаспорасының XVII–XVIII ғғ. жоңғар шапқыншылығының әсерінен пайда болғандығын көрсетеді.

Қазақ диаспорасының пайда болуының екінші кезеңі Орталық Азияда орыс-қытай мемлекеттік шекарасын анықтау кезіне жатады. Екі ұлы елдің арасындағы шекараны анықтау үшін бірнеше аса маңызды келісімшарттар жасалған. Бұл келісімдердің шекаралық шешімдері екі елдің арасында өмір сүріп жатқан халықтардың ешбір келісімінсіз-ақ қабылданды. Осы шекаралық бөлініс кезінде қазақтар өмір сүріп жатқан Алтай, Тарбағатай және Іле өзенінің жоғарғы ағысы Қытай жағында қалды. Тарихи деректерге қарағанда, осындай жағдайдың әсерінен XIX ғ. соңында 100 мыңға жуық қазақтар шетелде қалып қойды. Бұл ирреденталар кейіннен бүкіл дүниенің төрт бұрышындағы қазақ диаспорасына айналды.

Қазақ диаспорасының зерттелу тарихнамасы жөнінде. Қазақ диаспорасының зерттелуіне қанша қарсылық жасалғанымен де қазақ және кеңес тарихшылары XVII–XVIII ғғ. Орталық Азиядағы халықаралық тарихи жағдайды зерттеудің барысында бұл мәселеге тоқталмай өте алмады. Әсіресе екі жүз жылға жуық созылған қазақ-жоңғар арасындағы соғыс және жалпы Орталық Азиядағы халықаралық қарым-қатынасты зерттеген еңбектерде қазақ-жоңғар, жоңғар-қытай, қазақ-қытай арасындағы ирреденталардың тарихи мәселелері сөз болады. Ағылшын тарихшысы *Годфри Лиастың «Қазақтардың шығуы»* атты монографиясында 1950 ж. Шынжаң, Тибет, Үндістан және Пәкстанда болған қайғылы оқиғалар туралы жазды. Бұл еңбек аталған оқиғадан кейін бірден сол жайлы хабарды дүниежүзіне таратты. Ғалым Түркия жерінен Шынжаң оқиғасына қатынасып, жағдайды өз көзімен көрген, оның басты ұйымдастырушысы болған Әлібек Хакім, Хұсайын Тәйжі, Қарамолла, Хамза және Сұлтаншәріп Тәйжі сияқты адамдарды кездестіріп, оқиғаның ізі ұмытылмай тұрғанда, олардан нақты деректер жазып алып, қазақ диаспорасының тарихына маңызды үлес қосты.

Диаспора мәселесі туралы шындықты Милтон Дж. Кларк өзінің «*Қазақтар еркіндікке қалай ұмтылды»* атты ғылыми мақаласында жазған. Бұл еңбектің де құндылығы, өзінің

атынан көрініп тұрғандай, қазақтардың бостандық жолындағы бейнет-қиындықтары жайлы толық мағлұмат келтіруінде.

Қазақ диаспорасының зерттелуіне үлес қосқан деректер, сол өткен қасіретке толы оқиғаны өз басынан өткерген адамдардың немесе солардың туған-туыстарының жазып қалдырған естеліктері түрік тілінде мемуарлық еңбек болып Стамбұлда жарық көрді.

Бұл еңбектер жерінен, елінен айырылғандықтан жүректеріне жазылмас жара түскен ауыр тағдырлы жандардың жан сыры. Мұндай еңбектердің бірі – 1976 ж. *Хасен Оралтайдың «Түрік қазақтары»* атты түрік тілінде шыққан кітабы. Сол сияқты 1977 ж. Стамбұлда *Хыдырбек Ғаритулланың «Алтайдағы қанды күндер»* атты кітабы жарық көрді. Ал 1981 ж. түрік тілінде шыққан *Халифа Алтайдың «Туған жерден Анадолыға дейін»* атты кітабы төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі – қазақ халқының өткен тарихына арналған. Екінші бөлімі – халқымыздың этнографиясына арналса, үшінші, төртінші бөлімдері 1930–1940 жж. оқиғалардың себеп-салдарына және Шынжаңдағы тарихи оқиғаның орын алуына, қазақтардың Үндістан жеріне ауып барғаны баяндалады. Мұнда он екі жыл бойы тұрғаны, Қазақ қауымдастығының құрылуы, оның жұмысының нәтижесінде Түркия мемлекетіне тұрақты қоныс аударуы туралы жазылған.

Бұдан кейін қазақ диаспорасы және қазақтар туралы монографиялық еңбектер 1980 ж. бастап батыс тарихшыларының зерттеулерінен байқала бастайды. Алайда олар өздерінің еңбектерінде Х. Алтай, Х. Оралтай, Х. Ғаритулла еңбектерін пайдаланған, мысалы, 1990 ж. Америкада профессор *Линда Бенсонның «Іле көтерілісіне...»* байланысты монографиясы жарық көреді. Еңбек мұрағат материалдарына және жергілікті қазақ-ұйғыр, дүнген халықтарынан жинастырылған деректерге сүйене отырып, 1944–1946 жж. оқиғаларда қазақтардың басты рөл атқарғанына баса көңіл бөлген.

Соңғы жылдарда шашырап кеткен халқымыздың тарихына қазақ тарихшы ғалымдары көңіл бөле бастады.

Диаспора, ирредента, оралман ұғымдары. «Диаспора» грекше шашыранды деген мағына беретін сөз. Сонда бұл өз Отанынан басқа елде өмір сүріп жатқандар туралы ұғым береді. Ал ирредента деген сөз өз тарихи Отанында өмір сүріп жатқан, бірақ белгілі бір саяси жағдайға байланысты өзге мемлекет құрамында қалып қойған жердегі адамдар туралы түсінік береді. Мәселен, Ресей, Орталық Азия, Қытай құрамына қосылған бұрынғы қазақ жерінде өмір сүретіндерді ирреденталар деп атайды. Егер Қазақстаннан тыс жерде 4 млн 500 мың адам өмір сүріп жатса, оның 800 мыңы диаспора болып саналады. Ал 3 млн 700 мыңы қазақ ирреденталар болып есептеледі. Яғни, ол көрші елдерге қосылып кеткен қазақ жеріндегі тұрғындар. Ресейдің Астрахан, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы Алтай автономиялық облысы, Қытайдың қарамағында қалған Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, т.б. Моңғол жеріндегі Баян Өлгий аймағы, Өзбекістан құрамында қалған Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл, т.б. жерде өмір сүріп жатқан қазақтар ирреденталар болып табылады. Алайда бұлар да диаспоралардың бір түрі.

Ал оралмандар – шетелдерден өз еліне оралған адамдар. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде осы «оралман» деген сөзді қойсақ деген пікір айтқан болатын. Шынында бұл сөз көңілге қонымсыз сөз. Шет елден келгендерге де онша ұнамайды. Сондықтан Елбасының «шет елдегі ағайындарды» «отандастар» деп айтсақ бұл атау біртіндеп өмірге енсе жақсы болар еді деген болатын.

Диаспора көп ретте тарихи жағдайларға байланысты миграцияның – яғни халықтың белгілі бір топтарының басқа елдерге қоныс аударуының әсерінен пайда болады. Ал қоныс аударудың да әртүрлі себептері болуы мүмкін. Мәселен, табиғи аппаттан басқа жаққа қоныс аудару, басқа да әртүрлі өмір сүруге қиын жағдайдан диаспоралар пайда болған.

Халқымыздың тарихи жағдайына талдау жасап қарасақ, қазақ диаспорасы тек зорлық-зомбылықтың әсерінен пайда болған. Қазақ дисапорасы өз жерінен көрші жатқан елдерге қоныс аударып, онда тұрақтай алмай, одан әрі алыс елдерге дейін шашырап кеткен. Алғаш қазақтар Қытай, Орталық Азия, Ауғанстан, Иран сияқты елдерге қоныс аударған.

Қазақ диаспорасының шетелдерге кең тарағанын мына төмендегі салыстырудан байқауға болады. Өз республикасынан тыс жердегі халық пайызының жоғарылығы жағынан армян мен украиндардан кейінгі үшінші орын қазақтарға тиеді. Ал өз атамекендерінде тұрып жатқан түркі тілдес халықтардың ішінде әзірбайжандардан кейінгі екінші орынды алады.

Қазақ диаспораларының өзіндік ерекшеліктері – олар, біріншіден, тұрған елдерінде көпшілік болып, саяси автономия құра алмайды, сондықтан да басқа халықтарға билік жүргізетін жағдайы болмайды. Қазақ диаспорасының өзіне тән екінші бір ерекшелігі, барған немесе қоныстанған елдерінде тез арада сіңісіп, бейімделіп кетіп отыруы.

Қазақ диаспорасының ұлғаю кезеңдері.

Патша өкіметінің XX ғ. басындағы жүргізген аграрлық реформасының қазақ диаспорасына тигізген әсері. XX ғ. басында Ресейдің ішкі жағдайы нашарлай түсті. Оның басты себебі Ресейдің кара топырақты орталық аудандарында жердің жетіспеушілігі еді. Патша өкіметі бұл қиын жағдайдан шығу үшін өзінің отар елдерінің жеріне шаруаларды қоныстандыру саясатына көшті. Бұл саясаттың басында патшалы Ресейдің Министрлер Кеңесінің төрағасы Столыпин тұрды.

Реформа қазақ жеріне жаппай қоныс аудару мәселесін күн тәртібіне қойды. Қазақтың *«бос жерлерін»* есепке алу мақсатында арнаулы экспедициялар шығарылды. Жалпы, казақтың 18 млн десятинадай жері алынып, қоныс аударушыларға берілуі тиіс болатын. Жерсіз қалған немесе құнарсыз жерге ығыстырылған қазақтар Қытай жеріне қоныс аударуға мәжбүр болды. Мәселен, Қапал уезінің Басқан-Сарқант болысынан қазақтар зорлықпен ығыстырылған. Ал 1909 ж. Жаркент уезінен Қытайға 700 отбасы көшіп кетуге мәжбүр болған. Осындай зорлықпен жері тартып алынған Шымкент уезінің казақтары 1912–1914 жж. Қытай шекарасына қарай ауа көшкен. XX ғ. басында қазақтардың саны 8-9 пайызға азайды. 1911 ж. есеп бойынша Қытайға жер ауып барған қазақтардың саны 224 900 адамға жетті. Қөшіп келуші казақтар үшін Шынжаң өлкесі де бұрынғы ата-бабалары тұрған жер болып есептелетін.

Қытай өкіметі көшіп келгендерге өз ықпалын күшейту үшін, мектепте балаларды қытай тілінде оқытуға мәжбүрлеп, ал ұстаздардың мұсылман дінін ұстанбауына арнайы бақылау жүргізді. Мұндай жағдай басқа да ұйғыр, қырғыз, татар, өзбек, моңғол сияқты халықтар үшін қолданылды. Оның басты себебі ислам дінін мүлдем ұмыттырып, өздеріне адал берілген адамдарға айналдыру еді.

Қытай жеріне ауып барған қазақтар туралы 1914 ж. Қытай өкіметі мен Ресей арасында Үрімші келісімшарты жасалды. Онда 1911 ж. маусым айына дейін Қытайға ауып барғандар Қытай азаматы, ал көрсетілген уақыттан кейін келгендер Ресей азаматтары болып есептелініп, олар Ресейге кайтарылсын деген қаулы қабылданған. Алайда Қытай өкіметі Іле бойындағы қазақтарды орыстар өздерінің саяси мақсатына пайдалануы мүмкін деп есептеп, оралғандардың 6 мыңнан аспауын қадағалады.

1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі қазақ диаспорасы. Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей империясының халықтарына аса үлкен қайғы-қасірет әкелді. Әсіресе бұл соғыс қазақ халқының жанына жазылмас жара (шетелдерге кеткен диаспоралар), айықпас кайғы, таусылмас қасірет әкелген соғыс болды. Соғысты сылтау еткен патша өкіметінің шенеуніктері жергілікті жерде өз білгендерін істеді. Халықтан ауыр алым-салық жинап, шұрайлы жерін тартып алып, құнарсыз жерлерге ығыстырды. Егер Столыпиннің аграрлық саясаты кезінде қазақ халқы 17 млн десятина жерінен айырылса, 1917 ж. қарсаңында 45 млн десятина жерден айырылған.

Жаппай жерсіз калған және ауыр алым-салыққа шыдай алмаған қазақтар патша өкіметінің 1916 ж. 25 маусымдағы 19 бен 43 жастың арасындағы ер-азаматтарды соғыстың кара жұмысына алу туралы Жарлығына қарсы көтеріліске шықты. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтып, ұлт-азаттық көтеріліске айналды. Ал қазақ халқының Қытай, Моңғолия жеріне ауа көшуі қазақ диаспорасының екінші тарихи кезеңін бастайды. Қытайға көшкен Жетісу қазақтарының кейбір бөліктері жол бойындағы қиыншылықтардан немесе ауа

райының бұзылуынан мал-жандарынан айырылып, Қытай жеріне көп қиыншылықпен жеткен. Мәселен, Қашқар қаласына бет алған бір топ қазақтар қыстың ерте түсуіне байланысты бүкіл малдарынан айырылып, өз бастары әрең жеткен. Ал Текеске бет алған қазақтардың ірі-қаралары шығын болып, аз ғана малдарын аман алып қалды. Жол бойында қазақтар қалмақтар мен қытайлардың тонаушылығына ұшырап, мал-жандарынан айырылып, барар жерлеріне жете алмады. Мұндай жағдайдан кейін жат жерде олардың жағдайының жақсаруы оңай емес екендігі өзінен-өзі белгілі.

1916 ж. шілдеде Семей облысының 10 болысының қазақтары Қытай жеріне ауып кетуге өзара келісіп, бір-ақ түнде көшіп кетеді. Жетісу облысында көтеріліс басылғаннан кейін де патша өкіметі жаппай жазалау шараларын жүргізген. Қырғынға ұшыраған халықтың жарым-жартылайы Қытай жеріне қарай ауа көшті. Жетісу облысының әскери губернаторы А.И. Алексеевтің есебіне қарағанда, бұл облыстан Қытай жеріне көшіп кеткен адамдар саны 150 мыңнан асқан. Ал орыстың жазалау отрядтарынан қашқан 300 мыңнан астам қазақтар мен қырғыздар Құлжа мен Қашқар жеріне барып паналаған. Сөйтіп, Шыңжанның Қазақстанмен шекаралық аймағындағы Тайчен, батысында *Іле, Қашқар,* оңтүстігінде *Ақсу аудандары* қазақ қашқындарының орталығы болды. Бұл аймақтарды 270 мыңнан астам қазақтар паналаған.

Қазан төңкерісі мен азамат соғысы кезіндегі қазақ диаспорасы. Бұл кезде қазақтар басты үш бағытқа ауа көшкен. Басты бағыты Қытай болса, екінші, үшінші бағыты— Өзбекстан, Ауғанстан және Иран болып есептеледі.

отражение в европейских и азиатских СМИ, других письменных свидетельствах. Источниковая база темы уникальна. Статистика об эмигрантах-казахах, ушедших от голода в соседние регионы, сохранились в официальных документах. В марте 1933 г. заместитель председателя СНК РСФСР Т. Рыскулов в письме Сталину: «По данным, полученным с мест, прикочевавших в соседние с Казахстаном края сейчас казахов: в Средней Волге – 40 тысяч человек, Киргизии – 100 тысяч, Западной Сибири – 50 тысяч, Каракалпакии – 20 тысяч, Средней Азии – 30 тысяч человек» [10, с. 56]. В 1934 г., по данным отдела национальностей ВЦИК СССР, «общее количество хозяйств, ушедших за пределы Казахстана, достигло примерно 300 тысяч».

Траектория миграции казахов к сер. 30-х годов нашла отражение в европейской прессе. В журналах «Прометей», «Ени Туркестан», «Яш Туркестан», газетах: «Возрождение», «Таймс», «Морнинг Пост», «Геральд Трибюн» и других, Шокай писал, что немало казахов-мигрантов, которых называют «беженцами, перебежчиками», проживают в Турции, Иране, Афганистане [11–13]. Находчивый и смелый политик, он организовал доставку себе свежих номеров советских газет, сведения из которых системно изучал и доказывал просчеты сталинизма. В статьях Мустафы Шокая приводится статистика уменьшения казахского населения, в результате голода. По данным современного исследователя Хазанова А. /США/, численность казахов упала с 4 120 000 чел. в 1930 г. до 2 307 000 в 1939 г. Сократилось количество хозяйств: с 30 305 900 в 1928 г. до 4 800 600 в 1933 г. На февраль 1934 г., поголовье скота уменьшилось от 300 тысяч до 16 тысяч голов (в 20 раз!). То есть, прогнозы казахской эмиграции были достаточно точными.

Как об основном мотиве эмиграции, М. Шокай о последствиях массового голода в Казахстане писал постоянно, в укор голощекинским «методам». Известно, что казахские семьи искали убежища вначале на территории Китая [14, л. 105]. Советский консул в Кульдже Колосов в 1931 г. обратил внимание МИДа на массовую эмиграцию казахов, как следствие «перегибов» в коллективизации [14, л. 37]. Он прямо обвинил в этом первого руководителя Казкрая Ф.И. Голощекина. Последний же пытался переложить вину на китайскую сторону, якобы укрывающую эмигрантов [15, с. 220]. Да, история диаспоры тесно увязана с историей дипломатии, и на этот принципиальный момент важно уделить внимание. Большинство пограничных районов Казахской республики испытали массовые отливы населения [16, л. 160]. Казахская эмиграция распространилась на пограничные территории Алтая, Монголии, Синьцзяна. В 20–30-е гг. XX в. в Северный Афганистан ушли тысячи казахов со скотом [17, p. 116]. Эмиграция изначально была безвозвратной. Пограничникам в СССР был дан жестокий приказ: встречать огнем перебежчиков, в случае возврата. Идентификация в данном случае носила политизированный оттенок; эмигрантов в советских документах однозначно именовали: «контрреволюционные элементы», «басмачи», «бандиты» [18, p. 120].

Один из активных сопротивленцев режиму Голощекина, председатель Госплана Казкрая, яркий публицист, нарком просвещения Смагул Садвокасов в публичных выступлениях предупреждал о возможных негативных последствиях «коллективизации». Однако, его выставили «уклонистом» и обвинили в пособничестве «чокаевым». Шокай был осведомлен о преследованиях, которым подвергся молодой нарком и другие казахские руководители. Он выявил факт, что некоторые фразы из статьи Смагула «Национальности и националы» (1932 г.) стали расхожими в казахстанской прессе. Тем самым, утверждает М. Шокай, правильность рассуждений С. Садвокасова вынуждены признать те, кто ранее его шельмовал: «В чем заключалась главнейшая задача первой пятилетки в Туркестане? На этот вопрос ответ мы нашли в речи председателя совнаркома Казахстана Иса-оглы Ораза (см. «Социалды Казахстан», 21 февраля 1933 г.). Иса-оглы говорит: «Зачем вывозить в виде сырья из Казахстана то, что в виде уже готовых продуктов, обратно завозится в тот же Казахстан?». Иса-оглы совершенно прав. Это та самая точка зрения, которую впервые выдвинул в Туркестане Садвакас-оглы Исмаил. Но не прав Иса-оглы, когда он обвиняет Исмаила и других «националистов» в том, что будто они проповедовали экономическую

замкнутость Туркестана в своих границах. Они именно указывали на «экономическую несуразность и хозяйственную нецелесообразность вывозить в сыром виде из Туркестана то, что ввозится туда уже в обработанном виде». Они, с Исмаилом Садвакас-оглы во главе, стояли за то, чтобы туркестанский хлопок, туркестанская шерсть, кожа и др. продукты возделывались в Туркестане же, хотя бы в количестве, достаточном для удовлетворения нужд самого населения. Против этого восстали красные москвичи и их местные агенты (и сам Иса-оглы в том числе), ибо эта «экономическая несуразность» требовалась московской политикой» [19, с. 115; 20, лл. 86–91].

В данном случае, критический дискурс-анализ зарубежных СМИ оказывается плодотворным, на предмет выявления целого ряда совпадений взглядов М. Шокая и С. Садвокасова на историю освободительного движения в Казахстане. Основанием сопоставлять их публикации является их обоюдный интерес к судьбам «откочевщиков». Далее, они достаточно глубоко изучали историю освободительных движений. Если С. Садвокасов, как отмечается его биографами, выделял историческую роль хана Абылая и султана Кенесары Касымова, то М. Шокай также отводит место в зарубежных публикациях как Кенесары, так и Абылай-хану. Так, в статье «Восстание против русских в Туркестане. Восстания Аблай-хана и Кенесары-хана» (1931 г.) Шокай пишет: «…До некоторой степени Аблай-хану удавалось сохранить свою независимость от русского вмешательства. …Его сын Касым, письмом на имя генерала Капцевича, требовал восстановления в степи порядка, существовавшего при его отце. Борьба против России не прекратилась со смертью Касым-хана. После него Кенесары (сын последнего) взял на себя неблагодарную задачу войны с Россией. Цель Кенесары была ясна. Он стремился к объединению всех отдельных родовых ханов, заключения теснейшего союза с Хивою, Бухарой и Кокандом и совместными усилиями вытеснить русских из туркестанских степей» [21, с. 126; 22, лл. 49–51]. В другом материале, датируемом 1934 г., Шокай упоминает сына Кенесары, султана Сыдыка: «Не менее важной причиной нашего поражения было отсутствие у нас внутреннего единства, сознания национального единства своего. …Сыддык Кенесары-оглы, мулла Алимкул, Абдуррахман-Автобачи, Иса-Датха, Тыкма-Сердар и еще несколько имен высятся, как одинокие холмы над человеческой пустыней нашей страны в ту пору» [21, с. 422]. Знание таких нюансов освободительного движения ставит М. Шокая вровень с маститыми историками и философами XX в.

Беженцам из советского Казахстана приходилось участвовать в национально-освободительном восстании на территории Синьцзяна [23, с. 239; 24, лл. 154–157]. Так, казахи, кочевавшие в 1932–1933 гг. на Алтае, ушли вглубь Китая, на Барколь. Здесь они встретили сопротивление со стороны монголов, из-за пастбищ. В 1933–1938 гг. террор Гоминьдана вынудил казахов (до 18 тысяч чел.) уйти в провинции Ганьсу и Цинхай, во Внутренний Китай [25, с. 501]. С ноября 1940 по сентябрь 1941 гг. казахи рода керей (ок. 3 тысяч чел.) ушли через Тибетское нагорье к границам Индостана. Таким образом, казахи на 12 лет задержались в Южной Азии [26, p. 42]. Часть эмигрантов влилась в население Пакистана. Только в Синьцзяне в 1942 г. казахи насчитывали 511 917 чел., или второе место по численности, после уйгуров [26, p. 42].

Позднее, в начале 70-х гг., казахи из Афганистана переместилась в Турцию и другие страны Европы [26, p. 163]. Вместе с Мустафой Шокаем, трудились А. Заки-Валиди и еще несколько человек, которые первыми открыто противостояли пропаганде Советов и приводили факты истребления народов и традиционной культуры. Далее, к идентификации диаспоры. Нами выявлены, в текстах дипломатических документов, разночтения между самоназванием этноса (казахи) и его упоминаниями в источниках. Тому были объективные и субъективные причины: опросы пограничниками иммигрантов, беженцев, не владеющих языком стран-реципиентов. Неточная транскрипция эндоэтнонимов имеет место. Идентификация казахов, когда после имени и имени отца назывались родовые индикаторы (род, или по-казахски «ру») Например, русскоязычная запись «Омар Бориулы найман» искажена в китайской или английской транскрипции.

Массовый исход казахов в XX в. обозначил новое явление, – формирование казахской диаспоры в Евразии. Именно на это обратил внимание М. Шокай, в отличие от негативной позиции Советов. Диаспора имела право на развитие. История адаптации политических беженцев специфична, в разных странах. С актуализацией темы Евразийского экономического союза, будут иметь место тематические международные проекты.

Персоналии в истории диаспоры изучать необходимо. Активные участники социально-политических преобразований в Казахстане, находясь в разных условиях и по разные стороны границ Союза, действовали схожими методами. Тесное переплетение судеб М. Шокая и С. Садвокасова подтверждается архивными находками и зарубежными публикациями. Архив Шокая стал доступен, благодаря настойчивости отечественных востоковедов. Есть возможность сравнить концептуальные выкладки, иными словами – сопоставить взгляды национальной интеллигенции, как в СССР, так и извне.

Таким образом, на основе оригинальных источников: европейские и азиатские СМИ, записки дипломатов, независимых экспертов, зарубежные архивы, РФ и РК, мемуары и т.д., возможно реконструировать детали и этапы миграции казахов, складывания всемирной диаспоры. Важно восстановить нюансы эндо- и экзо-идентификации казахов-иммигрантов. Дипломатический консульский протокол и оппозиционная публицистика эмиграции целенаправленно, в едином векторе, как источник по истории диаспоры, бесценны. В целом, оказавшиеся вне Казахстана эмигранты, своей судьбою, объективно способствуют «узнаваемости» этноса и региона Центральная Азия, за рубежом. Они сохранили основные индикаторы национальной принадлежности, вплоть до хозяйственно-бытовых предпочтений и традиций. Носители этнонима «казах» ныне составляют ядро современной казахской диаспоры и способствуют продвижению имиджа Республики Казахстан, казахской культуры и ментальности в новом тысячелетии. Это – серьезное основание как для многостороннего исследования эволюции диаспоры и ее нынешнего состояния, так и упрочения институциональной базы эффективного управления миграционными потоками, в контексте национальной безопасности Республики Казахстан. Грамотная подача темы в СМИ, Интернет-сети, в русле национальной идеи Президента «Мәңгілік ел» и во всемирно-историческом контексте, безусловно, значима.

Литература

1. Муканова Г.К. Центральная Азия через призму отношений: Россия–Казахстан–Китай. Петропавловск, 2001.
2. Муканова Г.К. Миграции казахов в Центральной Азии: взгляд в прошлое и попытка прогнозирования // Вестник Евразии 1996. № 2.
3. Муканова Г.К. Казахская трансграничная миграция в пределах Центральной Азии периода трансформации (на примере Китая) // Евразийское сообщество: Экономика. Политика. Культура. 2002. № 1.
4. Муканова Г.К. The Kazakh Expatriate Community of the XX Century through the Prism of Diplomacy // «Bylye Gody». 2014. № 31 (1).
5. Муканова Г.К. Евразийский и Центрально-Азиатский векторы межгосударственных миграций казахов сер. XX в. // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2014. № 1.
6. Шокай М. В Советском Казахстане // Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. III том. Алматы, 2013.
7. Амандосов Т. Жанровое разнообразие казахстанских СМИ // Искусство публицистики Сост. Г.В. Колосов. Алма-Ата, 1968.
8. АП РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 175. Списки и анкеты журналистов-коммунистов в Киркрае, 1921–1922 гг.
9. АП РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 66.
10. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. 1989. № 7.

11. INALCO. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 8. Dossier 2i. P. 15.
12. Shokai M. "Yash Turkistan." 1931. № 2.
13. Shokai M. Complete Works: 12 volume edition. Almaty: Dyke-Press, 2013. Volume 7.
14. ГАРФ. Ф. Р-6985. Оп.1. д. 26 (2).
15. Border troops of the USSR in the Great Patriotic War. T. 2. 1942–1945. Doc. M., 1976.
16. ГАРФ. Ф. Р-6985. Оп.1. Д. 47 (1).
17. The Kazaks of China. Essays on an Ethnic Minority. Ed. By L. Benson and I. Svanberg, 1988.
18. Border troops of the USSR, 1918–1928. V.1. M., 1973.
19. Шоқай М. Туркестан перед второй пятилеткой // Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII том. Алматы, 2013.
20. РГВИА. Ф. 461к. Оп.1. Д. 418.
21. Шоқай М. Восстание против русских в Туркестане (Листки из истории) восстания Аблай-хана и Кенесары-хана // Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. V том. Алматы, 2013.
22. РГВИА Ф. 461к. Оп.1. Д. 416.
23. Шоқай М. 1917 – 1924 – 1934 // Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII том. Алматы, 2013.
24. РГВИА. Ф. 461к. Оп.1. Д. 431.
25. Border troops of the USSR in the Great Patriotic War. T. 2. 1942–1945. Doc. M., 1976.
26. Svanberg I. Kazaks Reffugees in Turkey. Uppsala, 1989.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ниязханқызы Г.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Өскемен

Шетелдегі қазақтар негізінен екі түрлі жолмен пайда болды. Бірі, орыс пен қытай империялары қазақ жерін түгелдей отарлағаннан кейін оны бөліске салған кезде елімен, жерімен басқа елдің боданында қалған қазақ ирриденттері (Қытай, Ресей, Өзбекстандағы қазақтар), екіншісі, Қытай мен Ресейде жүргізілген революциялық төңкерістер, саяси қуғын-сүргін, таптық күрес, геноцид, тәркілеу т.б. толып жатқан зұлматтар кесірінен тарихи Отанынан бас сауғалап басқа елді паналағандар, яғни диаспора. Қазір Қазақстаннан тыс өзге елдерде өмір сүретін қазақтардың ауқымды бір бөлігі Өзбекстанда тұрады. Ондағы қазақтардың саны 1 миллионды* құрайды.

Өзбекстанның солтүстік-шығысын ежелден-ақ қазақ тайпалары мекендегені тарихтан белгілі. Әсіресе, Сырдарияның орта және төменгі ағысында қаңлы тайпалары б.э.д. IV–III ғғ. Үлкен тайпалық одаққа біріккені белгілі. Қаңлылар жөнінде В.В. Востров, М.С. Мұқанов, К. Шаниязовтар жазған болатын. Олар ежелгі қаңлылар мен қазіргі қаңлы руларының байланысты екенін жоққа шығармай, Ташкент уезінде XIX ғ. екінші жартысында қаңлының 1650 үй болғанын көрсетеді [1, с. 33]. Ал, VIII ғ. 70-жылдары арабтар қаңлыларды Сырдың орта ағысынан ығыстырады, сөйтіп олардың бір бөлігі Сырдарияның орта ағысының оң жағалауында мекендеп, қазақ және қарақалпақ халықтарының құрамына кіреді. Қазіргі кезде, қаңлылар Ташкент облысының Орта Шыршық, Жоғары Шыршық және Жаңа жол аудандарында тұрақтаған [2, с. 6].

* Редакция алқасы Өзбекстандағы қазақтардың саны 2000 жылы 990 022 адам болғандығын ескертеді.

XV–XVII ғғ. дулат тайпалары осы территорияда қоныстанып, қазақ халқының қалыптасуында маңызды роль атқарды. Тәуекел хан билігі тұсында (1598–1798 жж.) Ташкентте дулаттардың өзіндік орны болды, кейін олар билікті өзара бөлісе алмай, Ташкенттегі билікті Юнусқожа деген сартқа беріп қойған. Осы рулардан Ташкент өңірінде ежелден мекендегенін ел арасында жинақтаған материалдары бойынша зерттеуші Б. Қалшабаева «Ботпай», «Оймауыт», «Дархан» т.б. рулар атындағы елді мекендер бұлардың халық болып қалыптасу кезеңінен бері өз ата қонысында отырғанын дәлелдейді [3, 311-б.].

М. Тынышпаевта Ташкент аймағында қазақтардың ежелден-ақ мекендегені туралы айғақтайды. XIV ғ. Түркістанда соңғы этнографиялық төңкеріс болып, Жошы ұлысына жататын көшпелі тайпалар бірқатар қақтығыстар нәтижесінде Түркістанның отырықшы жұртымен Жетісудағы Шағатайға тән көшпенділерін жеңеді. Содан, Сырдариядан батысқа қарай өзбектер, шығысқа қарай қазақтар орнығады. Ол Бұл кезеңдерде екі халықтың арасында этнографиялық айырмашылықтар бола қоймаған, өйткені өзбектерде, қазақтарда Жошы ұлысының бірдей тайпаларынан құралған болатын, сонымен қатар, өзбектер мен қазақтар өздерінің оң қанатымен Түркістанды, сол қанатымен Жетісуды иемденіп алған халық ретінде қарайтынын жазған [4, 296-б.].

Қыпшақ тайпалары түркі тайпаларымен бірге XIX ғ. Қоқан хандығында айтарлықтай салмағы болды. Ферғана облысының Әндіжан мен Наманган уездерінде 42 500 адам қыпшақ тұрғындары болған. Олар Әндіжан уезіндегі халықтың 10 пайызын құрады, ал бұл бұрынғы Қоқан хандығының құрамы, ал қалған бөлігі қазақтармен бірге көшіп-қонып жүрді [3, 312-б.]. Осылайша қыпшақ тайпалары қазақтармен қоса өзбектердің де этнокомпонентіне айтарлықтай ықпал жасаған. Ферғана аймағындағы қыпшақтар өзбектердің құрамына кірсе, ал, Ташкент өңіріндегі қазақтар түрлі саяси оқиғалар тұсында келгені белгілі.

А.И. Левшин 1558–1559 жж. Бұхарада болған Дженкинсон Ташкент билеушісінің көп санды, түрі сұсты, мұсылман дінінде, қалалары жоқ қазақтармен соғысқанын, ал 1534 ж. Иван Грозныйдың елшісі Данила Губиннің Ташкентті алу үшін күш-қуаты көп қазақтардың соғысқанын, Ташкент билеушілерінің екі рет жасаған қарсылығына қарамастан олардың жеңгендігі жөнінде мәлімет келтіреді [5, с. 172]. Бұл да XVI ғ. Ташкент аймағында қазақтардың мекендегенін дәлелдейді.

1789 жылға дейін Ташкент билігі Жолбарыс хан мен Төле бидің қолында болған. Жолбарыс ханды өлтіргеннен кейін Төле би билігін жалғастырып, салық жинап отырған.

Жоңғар шапқыншылығы тұсында да қазақтар басқа жерлерге ығысып, тұрақтап қалғаны белгілі. 1723 ж. Қалдан Серен Түркістан, Ташкент және Сайрамды алғанда Ұлы жүз бен Орта жүздің кейбір бөлігін бағындырды, ал Ұлы жүздің қалған бөлігі мен Орта жүздің біразы Ходжентке көшсе, Орта жүздің келесі бір бөлігі Самарқандқа, Кіші жүздің бір тобы Хиуа мен Бұхараға көшті [5, с. 167]. 1723 ж. қазақ даласындағы ашаршылықтан кейін Орта жүздің бір бөлігі Бұхар хандығының қол астына, Кіші жүздің бір тобы Хиуаға қоныс аударады. Жүздегі тайпалардың осылай басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болуы саяси бірлікті де әлсіретті. Хиуа хандығы Кіші жүздің шаруашылық жүйесіндегі ерекшелігіне қарай Сырдарияны үнемі өздеріне бағынышты ретінде ұстамақшы болды.

1827 ж. табынның шөмішті руының көсемі Асау Барақұлы Хиуа хандығының қол астында болғандығын, Хиуа ханы тақты нығайтуда үлкен көмек көрсетуіге болатынын біліп, қазақ байларына жер сыйлаған. Табындарға Шуманай мен Қиятжарғаннан бергендігін ғалым У. Шалекенов нақты деректермен көрсетеді [6, с. 41]. Қазақтардың осылайша ішкерілей енуіне Ресейдің отаршылық саясаты ықпал етіп, Хиуа хандығының жеріне көшуге мәжбүр болды. Мысалы, Есет батыр өз руымен және адайлардың бір бөлігі Хиуа шекарасына, екінші бөлігі өзбек хандықтарына ішкерілей енді. Маңғышлақтағы, Үстірттегі жайылымдардың аз болуына байланысты адайлардың бір бөлігі Хиуа хандығына бағынды. 1870 ж. Қазан революциясына дейін Хиуа иелігінде 710 мың адай отбасы болған [3, 313-б.]. Жер тапшылығынан адайлардың көпшілігі Бұхар хандығына да өткен. Мысалы, 1875 ж. Жәнібек би бес мың отбасымен Бадахшанға, Тесіктас және Құндызға көшеді [3, 313-б.]. Зерттеуші

М.Тұрсынова 1893 ж. адайлар және табындардың 483 отбасы қойларын сатып, түйе алып, Хиуа хандығы иелігінен Әмудариямен жоғары өтіп Бұхараға келгенін жазған [7, с. 134].

Дерек көздеріне сүйенсек, Өзбекстан жері XVI–XVII ғғ. Самарқандты билеген Жалаңтөс батыр мен хандардың орталығы әрі қазақ руларының көшіп-қонып жүрген өлкесі болған. Кейіннен патшалық Ресейдің Орталық Азияны отарлау саясаты кезінде Ташкент шаһарында құрылған «Түркістан генерал-губернаторлығының» құрамына Қазақстанның оңтүстік бөлігі енген болатын. Сол кезде қазақ ауылдары біраз қуғынға ұшырап, жергілікті халықтың арасына сіңіп кетті. Ал, Кеңестік Үкімет орнағаннан кейінгі жылдары қазақ халқының басынан талай зобалаң заман, тағдыр тәлкегі өткені белгілі. Елді жайлаған ашаршылық, күшпен ұжымдастыру, репрессия тұсында талай қандасымыз көршілес өзбек жерінде бой тасалап, пана тапқандығын қазақ зиялыларының жүріп өткен жолдарынан көреміз.

Кеңестік кезеңде Өзбекстандағы Бұқараға кіретін Ұшқұдық, Тамды аудандарында, Заравшан алқабындағы Кеңімек ауданында қазақтар өте көп болатын. Сонымен қатар, Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақ автономиялық республикасында да қазақтардың саны аз болған жоқ. Жизақ облысы мен Ташкентте де қазақтардың ауқымды бөлігі тұрады.

Кеңестік кезеңде орталықтың шешімімен Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандары Өзбекстанға берілгені белгілі. Сол кезде жергілікті халық көрші елдің құрамында қалып қойды. Бүгінде олардың көншілігі қоғамдық-экономикалық жағдайға байланысты Қазақстанға қайтуды қалайды.

Өзбекстандағы қазақтардың жүздік құрамының жағдайына тоқталсақ, Өзбекстанның батыс бөлігі, Самарқанд облысындағы Нұрат ауданынан Қарақалпақстан бекетіне дейін, солтүстік-батысындағы соңғы нүктесінен Науаи, Бұқар, Хиуаға дейінгі мекен еткен қазақтардың көбі – Кіші жүздің ұрпақтары. Бұл қазақтар басқа өзбекстандық аймақтардағы қазақтарға қарағанда өзіндік ерекшеліктерін жоғалтпаған. Олар, Өзбекстанның құмды және аралас құмды, малға өсіруге қолайлы аймақтарында мекендейді.

Қазақтардың қалған бөлігі Өзбекстанның шығысындағы Самарқан, Жызақ, Ташкент облыстарында орналасқан. Олар Орта жүздегі қоңырат, қыпшақ, арғын; Ұлы жүздегі қаңлы, дулаттың ұрпақтары. Алайда, бұл жердегі қазақтар өзбек аудандарында тұрғаннан кейін оларға жергілікті этникалық ортаның ықпалы көп әсер еткен.

Тамды ауданы облыс орталығынан ең шалғайда жатыр. Солтүстік батысында Оңтүстік Қазақстан және Қызылордамен, ал оңтүстік батысында Науаи облысының Кенимех ауданымен шектеседі. 16 мың халықтың 70 пайызы қазақтар. Өзбекстандағы қандастарымыз тұратын жер-су аттарының да тарихы да тереңде жатыр.

1928 жылы іргесі қаланған аудан көне және жаңа тамды деп 2-ге бөлінеді. Көне Тамды 10 шақырым жерде болса, жаңа Тамды соңғы 20 жылда бой көтерген екен. Ал жыл сайын керегесін кеңейтіп келе жатқан орталықтағы айтулы инфроқұрылымдардың бірі – жаңадан салынған 80 орындық аурухана. Мұнда негізінен жастар еңбек етеді. Ауданды қазақ азаматы басқарады. Ал заманға сай құрал-жабдықтармен қамтылған мекемеде қандастарымыздың абыройлы қызмет етіп жатқаны ұлтымыз үшін үлкен мақтаныш.

1992 жылдан Өзбек елі латын қарпіне көшті. Ал, қазақ мектептері Қазақстандағыдай кирилл қарпін пайдаланады. Алайда, оқу стандарттарының әртүрлілігі қазақ мектептерінде Қазақстан оқулықтарын пайдалануға мүмкіндік бермейді. Сол себепті де, өзбекстандық қазақтар қазақ тілінде оқулық жасауды қолға алған. Бұл жайында Өзбекстандағы қазақ мәдени орталығының төрағасы, Өзбекстанның Оқу министрлігінің мақұлдауымен осы жылдар аралығында қазақ тілінде 8 мың оқулық жарық көргенін, бұл оқулықтардың барлығы Өзбекстанның оқу стандартына сай келетінін айтады. Сондай-ақ, Өзбекстанның жоғары оқу орындарында да қазақ тілінде бөлімдер бар. Мысалы, Қарақалпақ астанасындағы Нөкіс мемлекеттік университетінде қазақ филология факультеті бар, Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы жұмыс істейді. Сондай-ақ, қазақ тілінде білім беретін педагогикалық колледж бар.

Қазіргі кезде Өзбекстанда қазақ тілінде республикалық «Нұрлы жол» газеті жарық көреді. Өзбек теледидарында қазақ тілінде «Дидар» бағдарламасы аптасына екі рет, 20-30 минут хабар таратады. Аптасына бір рет радио хабарларын тыңдалады. Қазақстанның барлық телеарналары көрсетіледі. Қазақ тіліндегі газет-журналдардың жазылуына шек қойылмайды. Алайда, олардың жазылу құны жоғары болғандықтан, таралымы да тым аз.

Өзбекстан Республикасында мәдениет саласына арналған қазақша мекемелер, қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. Республикалық қазақ ұлттық мәдени орталығы және оның облыстық, қалалық, аудандық бөлімшелері өз жұмыстарын атқарады. Республикалық қазақ ұлттық мәдени орталығы ғимаратында кітапхана, домбыра үйірмесі тағы басқа мәдениетке, өнерге қатысты үйірмелер бар.

К. Қобландин мен Г. Меңдіқұлованың зерттеуінде Өзбекстан қазақтарының тарихын 4 кезеңге бөліп қарастырады. Біріншісі, қазір Өзбекстан аумағында қалып қойғанымен, Қазақстанмен іргелес жатқан аудандарындағы, бұрыннан қазақ руларының жайлап қоныстанған атамекені екенін дәлелдейді.

XVI–XVII ғғ. Тәуке ханның тұсында, Самарқандты билеген Жалаңтөс батырдың, хандардың орталығы болған Ташкент шаһарының айналасы қазақ руларының көшіп-қонып жүрген өлкесі болған. Әрі қазақтың сол кездегі тарихы XVIII ғ. Жоңғар шапқыншылығымен байланысты. Сол кезде қазақ руларының Бұқара, Ташкент, Хиуа, тіпті Памирге дейін көшкендігі туралы ақпараттар жетіп отыр.

Екінші кезең, патшалық Ресейдің Орталық Азияны отарлау саясаты кезінде құрылған «Түркістан генерал-губернаторлығының» құрамына Қазақстанның оңтүстік бөлігі енген еді. Қазақ ауылдары сол кезде де біраз қуғыншылыққа ұшыраған. Соның салдарынан, әрі қарай көшіп кеткен немесе сол жерде өзге халықтарға сіңіп кеткенімен сипатталады.

Үшінші кезеңі, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңнен Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі аралықты қамтиды. Яғни, Кеңес Одағының алғашқы жылдары, ашаршылық кезеңі, күшпен ұжымдастыру және репрессия, Түркістан мемлекеттерінің іргетасын қалаушы қазақ қайраткерлері жайында сөз болады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Өзбекстанның халық шаруашылығын дамыту мақсатында Оңтүстік Қазақстанның біраз аудандары Өзбекстанның қарамағына өтті. Осы аралықты төртінші кезеңге жатқызады [8].

Жаңа кезең – Өзбекстанның тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі тарихты сөз етеді. Бұл мәселе енді зерделеніп келеді. Бұл кезеңде Өзбекстан қазақтарының Қазақстанға қоныс аударуына көбірек мән берілді.

Соңғы 15 жылда қазақтардың Қазақстанға жиі көшуінің бірнеше себептер бар:

1. Келешек балаларын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуын және жұмысқа орналасуын көргісі келгендер;

2. Ағайын-туысқандарға қосылғысы келгендер;

3. Әлеуметтік-экономикалық факторлар (жұмыс бабымен);

4. Көшіп жатқан азаматтарға еліктеп көшу т.б.

Өзбекстаннан Қазақстанға қазақтардың көшуі жалғасады, бірақ Өзбекстандағы қазақтың бәрі көшпейді, себебі сол жердегі қазақи тамыры терең кеткен, сол жердегі қазақша өмір сүру дағдысы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі биік деңгейде қалыптасқан, ұлттық сана-сезімі шыңдалған, қаймықпаған, ұлттық сана-сезім басқа рухани сезімдерден басым екені анықталған.

Өзбекстан Республикасында қазақ халқының өкілдері төменгі аудан-аймақтарда шоғырланған:

1. Ташкент облысының барлық аудандарында, бірақ басым көпшілігі Бостандық, Жоғары Шыршық, Орта Шыршық, Төменгі Шыршық, Жаңажол (Янгиюл), Қыбырай, Шыназ, Бөке аудандарында және Шыршық қаласында;

2. Қарақалпақстан Республикасында;

3. Науаи облысында. (Тамдыбұлақ, Кенимех аудандарында, Үшқұдық, Зеравшан қалаларында);

4. Жызақ облысында;

5. Сырдария облысында;

6. Бұхара облысында (Қарауыл базар, Газли).

Қазір әлемнің қырықтан астам мемлекетінде 5 миллионға жуық қазақ диаспорасы тұрып жатыр. Олар шетелдердегі аз этникалық топ болғандығына қарамастан әрдайым өздерінің атамекені Қазақстанмен рухани-мәдени және шаруашылық байланыста болуға тырысады. Олардың тарихи Отанмен тығыз байланыста болуын қамтамасыз ету үшін 1992 жылы құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының рөлі ерекше. Бұл беделді халықаралық ұйым осыған дейін дүниежүзі қазақтарының төрт құрылтайын өткізіп, қазақ халқының тағдыры, тілі, әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақтарды біртұтас Қазақстан мемлекетіне оралтудың құқықтық негіздері сияқты көкейтесті мәселелерін талқылады. 2011 жылдың 25 мамырында Астана қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы» атты баяндамасында: «Қазақ баласы дүниенің қай түкпірінде жүрсе де тұтас халқының бір бөлшегі екенін еш уақытта ұмытпауымыз керек», – деп қадап айтып, «... қандастар тұрып жатқан елдерде ұлттық өнердің кеңінен таралуына жағдай жасауымыз керек. Біз қазақтың қаймағы бұзылмаған көрші елдерде ұлтымыздың аса құнды рухани мұралары сақталғанын жақсы білеміз. Білім және ғылым министрлігі мен Мәдениет министрлігіне экспедициялар ұйымдастырып, осындай құнды мұраларды жинақтауды тапсырамын», – деп үлкен міндеттер жүктеді.

Қорыта айтқанда, қазақ диаспорасының тағдыр-талайына өркениетке иек артқан Қазақстан Республикасы бей-жай қарай алмайтындығының басты себебі – Қазақстан шетелдегі қазақ ұлты өкілдерінің бірден-бір тарихи Отаны. Сондықтан да, Қазақстан олардың қазақ ұлтының бір бөлшегі ретінде қай елде жүрмесін, қай қоғамда өмір сүрмесін ұлттық құндылықтары ана тілін, мәдени-рухани байлығын сақтап, дамуына әрқашан да қамқорлық жасайды. Президент Жарлығымен бекітілген «Шетелдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы», осының айқын дәлелі болады. Этникалық ортасынан тыс жерлерде өмір сүріп отырған қазақ ұлтының өкілдері қай мемлекетте болмасын ұлттың аз санды құрамына жатады. Қазақ диаспорасын ғылыми түрде зерттеу соңғы кезеңдерде көтеріліп жүрген мәселелерге жатады.

Әдебиеттер

1. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.)Алма-Ата, 1968.

2. Шаниязов К. К вопросу расселения и родовых делениях канлы // Этнографическое изучение быта и культуры узбеков. Ташкент, 1972.

3. Қалшабаева Б.К. Орта Азиядағы қазақ диаспорасының қалыптасу тарихынан // Бекмаханов тағылымы – 2004. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 2004.

4. Тынышпаев М. Таңдамалы. Алматы, 2001.

5. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы, 1996.

6. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. Ташкент, 1967.

7. Турсынова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. Алматы, 1977.

8. Кобландин К.И., Мендикулова Г.М. История казахов Узбекистана и их сегодняшнее развитие. Алматы, 2009.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОЦИАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ РЕПАТРИАНТОВ (ПО МАТЕРИАЛАМ ЦГА г. АЛМАТЫ)

Нурумбетова К.К.

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК, Алматы

С 1991 г. на историческую родину начали приезжать на постоянное место жительство казахи, оказавшиеся за рубежом по различным причинам. Всего за период с 1989 г. по 1999 г. в республике поселилось 43 057 оралманов. Большая часть оралманов – 76,8 % поселились в сельской местности Акмолинской, Карагандинской, Алматинской, Павлодарской и Восточно-Казахстанской областей [1].

В начале 2000 годов увеличивалось количество оралманов, приезжающих и в г. Алматы, причем приезжающих вне квоты было намного больше, чем по квоте. Это видно из таблицы, приведенной ниже [2, л. 19].

Табл. 1. Казахи прибывшие по квоте и вне квоты в г. Алматы

Годы	**Всего (чел.) внешняя Миграции**	**из них:**			
				вне квоты:	
		человек	**уд.вес (%)**	**Человек**	**уд.вес (%)**
2002	890	149	16.7	741	83.2
2003	1175	406	34.5	769	65.4
2004	1082	370	34.2	712	65.8

В соответствии с Концепциями демографической и миграционной политики Республики Казахстан, утвержденными Постановлением Правительства Республики Казахстан № 1272 от 17.08.2000 г., Управлением миграции и демографии г. Алматы при участии Министерства образования и науки РК, Института экономики и заинтересованных служб города была разработаны городская Программа государственной миграционной политики на 2001–2005 гг., Программа государственной демографической политики на 2001–2005 гг. и Планы мероприятий по их реализации. Данные программы были утверждены решением IX сессии Алматинского городского маслихата 04.04.2001 года.

В плане действий акима города Алматы были предусмотрены мероприятия по реализации соответствующих пунктов Программы государственного демографического развития РК на 2001–2005 гг. Данная программа была нацелена на регулирование основных процессов в естественном и механическом движениях населения страны, рождаемости, смертности и миграции путем принятия мер по улучшению состояния репродуктивного здоровья и стимулирования рождаемости, снижению смертности населения, регулированию миграции. В программе были предложены конкретные мероприятия, направленные на увеличение численности населения.

Одним из путей увеличения численности населения является переезд этнических казахов-оралманов на историческую Родину. На 01.10.2004 года численность оралманов, зарегистрированных в Управлении миграции и демографии по г. Алматы, составляла 3176 человек, в том числе: мужчин – 1580 чел., женщин – 1597. В разбивке по странам, из которых они прибыли, ситуация выглядила следующим образом:

- КНР – 1197 чел. (345 семей) – 40%;
- Монголия – 714 чел. (181 семья) – 21 %;
- Узбекистан – 698 чел. (150 семей) – 18%;
- Туркменистан – 95 чел. (22 семьи) – 2,6%;
- Таджикистан – 62 чел. (19 семей) – 2%;

- Кыргызстан – 72 чел. (22 семьи) – 2,6%;
- другие страны: Турция, Иран, Афганистан, Литва, Украина – 1,1%.

Из общей численности по квоте иммиграции прибыло 408 семей (48%), а самостоятельно вне квоты переселения (зарегистрированные в управлении) – 444 семьи (52%). Лица трудоспособного возраста – 1942 чел. (61%), пенсионеры – 257 чел. (8%) и дети – 978 чел. (31%) [2, л. 20].

Среди прибывших оралманов лица с высшим и незаконченным высшим образованием составляли 76%, средне-специальным – 17,5% и общим средним – 6%.

За период с 1993–2004 гг. оралманам были выплачены единовременные денежные пособия и компенсированы дорожно-транспортные расходы на общую сумму более 14,0 млн. тенге.

С 1993 по 2004 гг. для семей оралманов было приобретено 424 квартиры на общую сумму 541,4 млн. тенге. На конец 2004 г. более половины из них было приватизировано.

В 2003 г. в соответствии с постановлением Правительства РК № 359 от 15.04.2003 г. «О распределении целевых трансфертов» 90 семьям оралманов, прибывшим по квоте, было выделено 183,971 млн. тенге. Приобретением жилья занимались три учреждения: Управление миграции и демографии по г. Алматы, Департамент труда, занятости и социальной защиты населения и Департамент государственных закупок. Из-за резкого роста цен на рынке жилья, выделенных средств хватило только на приобретение 80 квартир, 10 квартир в виде кредиторской задолженности были перенесены на 2004 г. На погашение данной задолженности из республиканского бюджета в 2004 г. было выделено 29,0 млн. тенге.

Согласно Постановлению Правительства РК № 225 от 25 февраля 2004 г. был изменен порядок предоставления жилья оралманам. Выделение средств для приобретения жилья семьям оралманов, прибывающим по квоте 2004 г., производился из расчета стократного месячного расчетного показателя на одного члена семьи. В связи с высокими ценами на жилье в г. Алматы у оралманов возникали трудности с приобретением жилья [2, л. 21].

На 01.10.2004 г. в списке претендентов на включение в квоту г. Алматы состояли 1618 семей, в основном из Узбекистана и Китая. Согласно законодательству Республики Казахстан ходатайства лиц о включении в квоту, с указанием области или города, подавались в дипломатические представительства, консульские учреждения Республики Казахстан за рубежом. Далее документы регистрировались в Агентстве РК по миграции и демографии и передавались по списку территориальным органам, т.е. в Управления миграции и демографии, которые принимали решения о включении в квоту переселения.

Многие семьи из Узбекистана, не дожидаясь решения вопроса включения или не включения в квоту, переселялись в город Алматы и жили в арендованных квартирах или у родственников, перебиваясь случайными заработками, т.е. не имея постоянной регистрации и не оформляя гражданство РК. Ежегодно список претендентов на квоту по понятным причинам увеличивался. Квота 2004 г. по городу Алматы была утверждена Президентом РК в количестве 55 семей. Таким образом, решение вопроса включения в квоту затягивались на многие годы, а в городе росло количество этнических казахов, не имеющих определенного статуса.

Финансирование переселенческих мероприятий производилось из республиканского бюджета. В связи с вышеизложенным, возникла необходимость увеличение квоты, выделяемой на г. Алматы, что позволило бы сократить число людей, живущих в городе Алматы без определенного статуса.

Большой проблемой для города являлись оралманы, прибывшие самостоятельно и зарегистрировавшиеся в управлении, как нуждающиеся в жилье. Таких семей на октябрь месяць 2004 г. было более 200 и многие из них оформили гражданство Республики Казахстан, в связи с чем статус «оралмана», согласно Закону РК «О миграции населения», прекращался. Не все они имели возможность приобрести жилье самостоятельно. До 2000 г. средства для приобретения жилья данной категории выделялись из республиканского

бюджета. Было бы правильным отнести их к категории социально-защищаемых слоев населения и решить жилищную проблему путем включения в список очередников на получения жилья через Департамент жилья города или выделения земельных участков.

В 2001 г. было выделено 186 земельных участков для семей оралманов под индивидуальное жилищное строительство, где велось строительство поселка для оралманов под названием Байбесик. На октябрь месяц 2004 г. в поселке было построено 95 домов, 41 времянок, 14 фундаментов и на 8 участках велась подготовительная работа под фундамент. На выделенные из местного бюджета средства в сумме 21 млн. тенге была проведена линия электропередач. Для проведения водопровода акиматом было выделено 19,3 млн. тенге, производились работы по строительству водопровода.

При поддержке Международной организации миграции (МОМ) и посольства Голландии для временного обеспечения питьевой водой жителей микрорайона «Байбесик», была пробурена скважина, построено здание мастерской, оказана помощь семьям оралманов в строительстве жилья на сумму 20,0 тысяч евро. В связи с тем, что в большинстве семей оралманов имелись дети школьного возраста, необходимо было обеспечения п. Байбесик общественным транспортом. Сложным вопросом оставалась занятость оралманов. По вопросам трудоустройства оралманы обращались в Центры занятости, где им оказывалось содействие. Временная занятость оралманов была обеспечена участием на общественных работах. С целью приобретения востребованных на рынке труда профессий оралманы направлялись на курсы профобучения и переподготовки.

Кроме того, оралманам, у которых среднедушевой доход составлял ниже черты бедности назначалась государственная адресная социальная помощь. В 2004 году в течение полгода данную помощь получила 31 семья оралманов (150 чел.) на сумму 1,1 млн. тенге [2, л. 23].

Существовала проблема при начислении пенсий оралманам. Согласно законодательству Республики Казахстан, оралманам, независимо от стажа и должности, занимаемым в стране выбытия, им назначается минимальный размер пенсии, что вызывает справедливое недовольство с их стороны. Этот вопрос поднимался как самими оралманами, так и Агентством РК по миграции и демографии.

В 2003 г. в соответствии с выделенной Правительством РК квотой на обучение детей оралманов в вузах ресрублики Управлением миграции и демографии была проведена работа по регистрации и приему документов для участия в тестировании 812 детей оралманов. 600 из них по результатам тестирования были зачислены на подготовительные курсы шести вузов г. Алматы и проходили в них обучение. Помимо обучения детей оралманов на подготовительных курсах, необходимо предусмотреть для них квотирование мест вузах г. Алматы. Для координации работы с оралманами и беженцами, разрешения проблемных вопросов и оказания им правовой защиты, велось тесное сотрудничество с международными и неправительственными организациями такими как: Международная организация миграции (МОМ), Управление верховного комиссариата ООН по делам беженцев (УВКБ ООН), Казахстанское Международное Бюро по правам человека и соблюдению законности, кризисным центром «Забота», общественными объединениями «Асар», «Отан Ана», «Казахстанская правовая помощь беженцам», Ассоциацией деловых женщин, обществом Красного Полумесяца, Детским Фондом Казахстана, Афганским землячеством и Фондом поддержки афганской диаспоры. Проводились семинары по обучению оралманов и беженцев конституционным, правовым и социально-экономическим основам, а также началам предпринимательства, организовывались встречи со службами города.

Оралманами города Алматы было открыто свыше 30 малых предприятий и фирм по выпуску товаров и оказанию услуг населению [2, л. 24].

На начало октября месяца 2004 г. в г. Алматы проживало свыше 3,0 тыс. оралманов из различных государств мира. Многие их них, особенно прибывшие из стран дальнего зарубежья, из-за незнания русского языка испытывали определенные трудности при поступлении на работу и в ежедневном общении, не владели письменностью на основе

кириллицы, имели слабые знания о своих правах. В связи с этим возникла необходимость в создании Центра адаптации, где стало бы возможным открытие различных курсов по обучению языкам и письменности, юридической консультации, медицинских пунктов, кружков по интересам. В Центре адаптации оралманы, прибывшие из различных государств, могли бы общаться друг с другом, делиться знаниями, оказывать посильную помощь нуждающимся. Существовавщий Центр адаптации (частный дом площадью 100 кв.м.) не отвечал требованиям.

Поскольку город Алматы является культурным, научным и финансовым центром, при формировании квоты учитывался образовательный уровень и профессиональные навыки претендентов на квоту. Среди оралманов Алматы есть деятели науки, имеющие международное признание и ученые степени, известные артисты [2, л. 26].

Таким образом, можно отметить следующие проблемные вопросы оралманов г. Алматы и предложения для дальнейшего улучшения их социального положения:

- обеспечение жильем или земельными участками (республиканский и местный бюджеты);
- льготное ипотечное кредитование жилья (уровень республики);
- льготное налогообложение в течении 3–5 лет начинающих оралманов-бизнесменов (уровень республики);
- квотирование мест для обучения детей оралманов в ВУЗах, помимо подготовительных курсов (уровень республики);
- постановка на учет для получения жилья оралманов, прибывших вне квоты и оформивших гражданство РК, приравнивая их к социально-защищаемым слоям (уровень республики и города);
- при начислении пенсий бывшим оралманам согласно законодательству РК не учитывается стаж работы, должности, занимаемые оралманами в государствах выбытия, а также регалии, награды, особые заслуги. В результате вместо заслуженных пенсий оралманы получают минимальные социальные пенсии (уровень республики).

Литература

1. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета. Алматы, 2009.

2. ЦГА г. Алматы. Ф. 437. Д. 88.

ЖАЛПЫ ДҮНИЕДЕГІ ҚАЗАҚТЫ БАЙЛАНЫСТЫРЫП ТҰРҒАН ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ТҰҒЫРНАМАСЫ

Омарова Г.С.

О. Сүлейменов атындағы әлеуметтік-гуманитарлық институты, Алматы

Әлемдік қауымдастық алдында ұлтаралық және диаспора мәселелеріне асқан түсініктікпен, шыдамдылықпен қарау қажеттігі туындап отыр. Осы мақсатты көздей отырып, көптеген дамыған мемлекеттер өз диаспораларын алуан түрлі саяси-экономикалық жаңа құндылықтарды орнатуға тәрбиелеу үшін көптеген шығындарға барып, жүйелі бағыттарды дамытуға талпынуда. Қазіргі кездегі этномәдени үрдістердің кейде терең шиеленісті қыр бере бастауы әсерінен бүгінгі күні әр мемлекет өз диаспораларын жаңа, жүйелі стратегиялық бағыттарға бейімдеуде. Сондықтан қазақ диаспорасын осы тұрғыдан зерделеу қажеттігі туындап отыр.

Қандай да бір қоғамның басты байлығы адам дейтін болсақ, онда қазақтың байлығының бір көзі шетелдердегі қандастар, қуатты қазақ елінің құрамдас бөлігі. Сондықтан олар жалпы

қазақтың өркениетті дамуына ат салысып, әлемнің дамыған елдеріне қазақты танытатын бағыттарды меңгеруі, жаңа өркениетті дамуға бет бұруы керек.

Дүниедегі қазақтарды байланыстырып тұрған ең алдымен қазақтың тілі екені даусыз. Қазіргі жаһандық құбылыстар тереңдей түскен сайын жалпы қазақ бір-бірін түсіне алмайтын кезеңге келу қаупі туындап отыр. Өйткені, тарихи отандағы қазақтар мен шетел қазақтары алуан түрлі жазу үлгілерін қолданады. Шетелдердегі қазақтарға басқа ұлттың тілі мен мәдениеті терең ықпал етіп отыр. Қазақтар көп шоғырланған ата қонысын мекендеп отырған қазақтар тұратын аймақтарда осы уақытқа дейін аса бай күйінде сақталған мол рухани мұраларды сақтап одан әрі дамыту үшін бүгінгі күні шетелдердегі қазақтың жас ұрпағының санасында ұлттық идеяны қалыптастырып, ұлттық салт-дәстүрді, мәдениетті, тілді, ділді үздіксіз байытып отыру қажет. Сонда ғана ұлтымыздың этнодиаспоралық кеңістіктеріндегі бөлігінің ұлттық болмысы сақталып қалу мүмкіндігі бар.

Әлемдегі қазақтарды байланыстырып тұрған ұлттық идея қандай? немесе біз біртұтас дүние жүзі қазақтарын байланыстырып тұрған ұлттық идеяны қалай түсінуіміз керек?

Шетелдердегі қазақтар мен тарихи Отандағы қазақтарды байланыстыратын ұлттық идеяны нақты анықтап, танып білетін уақыт келді деп ойлаймыз. Әлемдік мәдениет алдында жалпы қазақ, тұтас ел болу негізін бекемдей түсетін орнықты бағыт, ұлттық идея қажет. Сонымен қатар шетелдердегі отандастарымыз ұлттың өзін ұлт болып ұюға жетелейтін бағыт-бағдарға, қауымдастықты топтастыратын ұлттық идеяға зәру екендігі белгілі.

Сондықтан біртұтас қазақ халқының ұлттық тілі мен дәстүрлі мәдениетін басқа мәдениеттердің ықпалына ұшыраудан таза сақтауға, шетелдегі қазақтар өздері жасаған рухани құндылықтарды шет елдерде отырып қалай сақтап, дамыта алады – деген мәселеге назар аударылып, шетелдегі қазақтану бағыттарын дамытудың жобасын жасау бірқатар күрделі мәселелерді шешуге септігін тигізері анық.

Жалпы қазақтың өркениетті дамуға бет бұруында шетел қазақтары өзінің рухани жаңару үрдісінің жобасын, өз еркімен жасауы қиындық әкелетіндіктен олардың саналы, орнықты дамуына бет бұруы үшін бұл жобаны жасауға жалпы қазақтың зиятты қауымы ат салысуы қазіргі заман талаптарынан туындап отыр. Бұл мәселеге жалпы қазақ зиялылардың көшбасшы рөл атқаруы, шетел қазақтары мәдениетін сақтауға ғана емес, бұл әлемдік мәдениет алдында жалпы қазақтың даралылық орнын, қазақтану мәселелерін жоғары деңгейге көтеруге қызмет етуі керек.

Жалпы қазақ мәселесімен шетелдердегі отандастардың ұлттық идеясын біртұтастықта зерделеу және мәдени феномен ретінде танып білу отандық қазақ философиялық ойлау жүйесінің толыққанды зерделенуіне жол ашпақ.

Әлемдегі жалпы қазақты байланыстыратын ұлттық идеяны қалыптастырудың қажеттігін мына мәселеден де айқын байқауға болар еді. Мәселен, алуан түрлі саяси тарихи құбылыстар әсерінен еркіндікке ұмтылған қазақ адамына туған жерден айрылу үлкен қайғы қасірет әкелген еді. Қазақ өзінің шексіз шетсіз даласында жылқы, темір т.б. баптаудың қыр сырын аса шебер меңгеріп қана қоймай, басқа жат жұрттықтарға үйреткен көшпелілердің ұрпағы қазақтар үшін кір жуып кіндік қаны тамған, аса қасиетті құт мекен ата-қоныстан айрылу бұл дүниеден баз кешумен пара пар нәрсе еді. Осылайша «Мың өліп, мың тіріліп» асқан қиындықты бастан кешіру арқылы олар жат елдерде тірі қалып, ұлттық келбетін сақтап, өз тарихи отанына мақтанышпен оралған еді. Енді олардың тарихи Отаннан кері қоныс аударып кетуіне не себеп?

Тарихи отанына немесе өз этникалық атажұртына келген қандастардың кері қоныс аударуы қайшылықты проблемалардың бет бейнесін ашып көрсетіп берді. Басқа ұлттармен өзара сұхбат үрдісін қалыптастырып, жаңа өркениетті дамуға бет бұрып, отыз ең мықты елдердің қатарына енуге талпынып жатқан қазіргі кезде елімізде бұл қайшылықты басымдық танытып отырған мәселені бағалау, зерттеу проблемасы туындап отыр. У. Сафран Израильге басқа елдерден оралған еврей диаспоралары мен бұрынғы СССР-дан оралған еврейлерді диаспоралықты тастап, «үйіне» қайтып оралғандар деп есептейді. Бірақ, олар Израильге оралған соң бірнеше жыл тұрғаннан кейін, әсіресе АҚШ-тан оралғандар, өздерін қоршаған

шындықтарды оның ыңғайсыздықтары мен қауіп-қатерін айқын сезініп, бұрын өздері тұрған тұрмысқа «сүт пен бал елдердегі» бейнеге сәйкес келмейтіні біліне бастайды. Сөйтіп, артта қалған өзі туылған, қолайлы да жағымды игілікті жерді, оның кең де, ашық кеңістігіне деген қимастық туындайды», [1, 111-б.] сондықтан олар келген жақтарына кері кетеді деп пайымдайды.

Туған еліне оралған отандастарымыздың аталары жат елдерде тірі қалу жолында қаншама «тар жол, тайғақ кешумен» қиын күндерін өткізіп, туған тарихи Отанға оралуды армандаған еді. Сондықтан оралған қазақ адамы, келер ұрпағының, өз ұлтының, өз отбасының болашағы үшін оралған өз тарихи Отанында қалып, елінің игілігіне қызмет етуі керек деп ойлаймыз. Басқа этномәдени ортада мәдениетаралық өзара ықпалдасу қатынастары орныққан кеңістікте болған диаспорадағы болмыс ұлттық санасындағы өзіндік ерекшеліктерге орай және уақыт пен кеңістіктерде жалпы қазақтың тарихи санасында орныққан кейбір ерекшеліктерге сәйкес ұлтты тұтастандырушы – әлем қазақтарын байланыстыратын ұлттық идеяны қалыптастыру қазіргі уақыт талабынан туындап отыр деп ойлаймыз.

Шетел қазақтары жаңа дамуға бет бұрып, қазақты әлемге танытатын деңгейге жетуі үшін оларға өркениеттік ұстанымдарға сәйкес өзін-өзі ұйымдастырудың жолын көрсететін үлгінің әдістемелік негізін қалау заманауи талаптарды шешуге өз ықпалын тигізері сөзсіз. Сонымен қатар шетел қазақтары басқа елдерде өмір сүре отырып жаһандық өзгерістерге сәйкес өзіне тән өркениетті даму жолын тауып, ұлттық рухани құндылықтарды жаңғыртуының тиімді жолдарын танытатын, ұлттық сана сезімнің оянуына ықпал ететін көшбасшылық тұғыр жалпы қазақты тұтастандырушы ұлттық идея қалыптастыру жалпы қазақтың ортақ қажеттіліктерінен туындап отыр. Осы рухани өркениеттік, жаңару үрдісін қалыптастыруға қоғамда ұлттық патриоттық рухани насихат орнықтыруда жалпы қазақ зиялылыры, зиятты қауым көшбасшылық рөл атқаруы қажет. Қоғамда ұлттық идея мен патриоттық рухани насихат орнату қажеттігі қазіргі кезде Қазақстанда және Қазақстаннан шетелге оқу, еңбек т.б. мақсаттармен кеткен қазақ қыз-жігіттердің, шетел қазақтарының арасындағы қандастарымыздың (ағылшын, қытай, неміс, американ, француз, испан, ливан, египет, конго, африка, корей, түрік, жапон, өзбек, ресей, закавказье, араб әмірлігі т.б.) шетел азаматтарымен тұрмыс құруы, қазақ халқы тарихында бұрын соңды болмаған маргинал топ құрып, ұлттың мәңгүрттенуіне терең ықпал еткелі отырғандығынан да туындай түсіп отыр.

«Отан» әрбір адам үшін өте қасиетті, әрбір адам әлеуметтік мәдени жағынан өзін Отаннан тыс есептеп, сезіне алмайды. Кез келген адамның туған Отаны болады. Қ. Қабдрахманов материалдық құндылықтарды рухани құндылықтардан жоғары қойған диаспора құбылысындағы адам болмысының ащы болса да шындығын айшықтайды. Қ. Қабдрахманов Отан адам үшін бәрін істейтінін айтып, «еркін адамға дүниенің бәрі Отан деген космополиттік ұран пайда болуда. Космополиттер үшін Отан барлық жерде бар және жоқ та... өзіміздің туған жерімізде космополитизмнің өлі нәрсе екеніне көз жеткізе түсудеміз» дейді [2, 264–265-бб.]. Белгілі алаш азаматы Қ. Қоңыратбайұғылы «Жиделі Байсын жерін» іздеп елінен қоныс аударғандар» деп, қазақ жерінен қоныс аударған руларды атағаны секілді, бейбіт заманда құтты қоныс, жақсы өмір, «Жиделі Байсын жерін» іздеп өз Отанынан қоныс аударып жатқан отандастырымыз бар. Бұлар, әсіресе шетелге жұмыс, оқуға кеткендер жаңадан қазақ диаспорасының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізіп отыр. Олар бұрыннан шетелде тұратын қазақтармен терең байланыс орнатпаған. Қазіргі кезде тарихи Отан Қазақстанға Моңғолия, Қытай, Түркия, Иран, Өзбекстан т.б. елдерден оралған қазақтар «оралман» деп аталады. Олар өздерін «оралман» деп аталудан әлеуметтік мәдени ортадағы қазақ қоғамында бегілі бір бөлінуге ұшырағандай сезінуде. Осы көзқарастардан олар тарихи Отандағы отандастарын «жерліктер» деп атайды. Осы оралмандар қатары қазіргі кезде сирей түсуі орын алып отыр.

Шетелдердегі қандастарымен тыңғылықты жұмыс атқаратын Германия, Израиль т. б. секілді елдерден кейбір мәселелер бойынша қанағаттанарлық үлгілер қолға алынғандығы белгілі. Бірақ, бұл тұрғыда Германия, Израильден үлгі алғанмен Қазақстан жағдайына және

жалпы қазаққа тиімді бағыттарға бейімдеу жолдарын қарастыратын уақыт келді. Халықаралық адам құқығы жөніндегі заңға сәйкес елімізде қазақ балаларды сату орын алып отыр. Бұл заңды құбылыс болғанымен, гуманистік, жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы. Кеңес Одағы ыдырауымен бұл құбылыс Достастық елдерінде терең қарқын алып отырғандықтан бұл құбылыстар Достастық елдері аясында адам құқығы жөніндегі халықаралық демократиялық қоғам талаптарына ғана емес, адамгершілік заңдары мен этикалық құндылықтарға сәйкес қайта зерделенуі керек. Заңды тұрғыдан қазақтың өз қолымен шетелге сатылған, қазақ халқының жас ұрпақ өкілдерін, болашақ қазақ елін көркейтуге ат салысатын қоғамымыздың басты байлығы жас қазақтар және қазақ қоғамында туылған орыс, украин, неміс, белорус, кәріс т.б. балалары да елімізде қалып, қазақтың игілігіне қызмет етуі керек. Кезінде моңғолдар қыпшақтарды араб т.б. елдеріне сатуынан шетелдерде мәмлүктер қалыптасты. Батыс Европа отар елдерінде тірі тауар сатумен айналысатын «Африкалық компания» құрып қыруар дәулет кіргізді. Қазір Достастық елдері жас бүлдіршіндерді сатумен айналысатын демократиялық қоғамда «Африкалық компания» деп аталмаса да, халықаралық заңға сәйкес адам саудасы берік сақталып отыр. Қазіргі кезде жаңа құтты қоныс «Жиделі, байсын жерін іздеп» жұмыс, оқу білім, өнер, жақсы өмір іздеген қандай адамдар шет елдерге бара алады. Әрине, бұл тұрғыдан қоғамымыздың әлеуметтік топтарын сараламағанмен шет елде мәңгілікке өмір сүруге қалып жатқандар ауылдан шыққандар емес, көбіне ең алдымен жоғары білімді және қалталы азаматтар екені байқалып отыр.

Әдебиетттер

1. Сафран У. Сравнительный анализ диаспор. Размышления о книге Робина Коэна «Мировые диаспоры» (окончание) // Диаспоры. № 4. 2004.
2. Қабдрахманов Қ. Қазақтың қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмасы // Мәдени мұра: әлеуметтік мәдени ой санасы. Алматы, 2006.

ПРЕЛОМЛЕНИЕ НОВЕЙШЕЙ ИСТОРИИ КИТАЯ В СУДЬБЕ КАЗАХСКОЙ СЕМЬИ

Орынбаева Г.У.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК, Алматы

Двадцатый век, вместе с величайшими достижениями, как в гуманитарной, так и научно-технической сфере, дал серию тоталитарных режимов во главе со своими вождями. Граждане бывшего СССР хорошо осведомлены о политике сталинизма, т.е. советского тоталитарного строя, достаточно широко известна история германского нацизма, итальянского фашизма. Проявления же тоталитаризма в Китае – маоизма – известны далеко не всем, к примеру, современным гражданам Казахстана. Возможно, это связано с тем, что в самом современном Китае до сих пор эту тему нельзя назвать открытой, а также с традиционным для нас европоцентристским ориентированием, неоправданно недостаточным интересом к истории этой соседней страны.

Масштабы попирания прав граждан в СССР и ряде европейских государств поражают воображение современного человека, события же в истории тоталитарного Китая новейшего периода кажутся просто немыслимыми, представляя собой разнузданный разгул беззакония, творимый государством. По образному выражению одного из исследователей, история Китая новейшего времени – это та же история России, только увеличенная до неправдоподобных, невероятных размеров [1]. Похоже, что тоталитаризм был исторически закономерным

явлением, наряду с общими проявлениями принимая региональные черты и этнический окрас.

Целью данной статьи является: показать на основе рассказа о жизни одной семьи казахов из Китая детали и подробности малоизученной и актуальной темы – истории казахов в эпоху новейшего Китая. Статья имеет также практическую цель – как ответственным работникам, так и обычным жителям нашей страны нужно знать, через что прошли наши соплеменники в КНР, что сформировало их менталитет; это необходимо для работы и налаживания контактов с оралманами из этой страны, нахождения с ними точек соприкосновения.

В Казахстане имеется определенная литература, отражающая, хотя пока в небольшом и неполном объеме, историю казахов КНР [2]. Одним из ценных источников пополнения наших знаний относительно этой темы остаются беседы непосредственно с очевидцами событий. Здесь есть определенные сложности, знакомые многим исследователям – потенциальные информаторы, как граждане Китая, так и оралманы из этой страны, зачастую боятся вести разговор на эту, интересующую нас, тему: явно избегают ее, либо открытым текстом отказываются от беседы, либо излагают заученный официоз – сглаженную интерпретацию событий. По словам К.Л. Сыроежкина, большинство представителей казахской диаспоры в КНР на собственном опыте знакомы с экспериментами периода «культурной революции». Поэтому им присущи все психологические особенности, которые характерны для «поколения культурной революции» в целом [3, с. 20]. Однако, конечно же, имеются и исключения. Ряд известных деятелей – выходцев из КНР, литераторов и ученых, поведали казахстанским читателям истории из жизни казахов в этой соседней стране [см.: 2]. Такие же редкие исключения встречаются и среди простых людей – мигрантов из Китая. Так, например, во время этнографической экспедиции научных сотрудников отдела этнологии Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в Восточно-Казахстанскую область в конце августа – начале сентября 2014 г., удалось познакомиться с жителем г. Зайсан Акмадияром Токтарханом, рассказавшем трагическую историю своей семьи.

Во время полевых исследований проводилась обычная для этнологов работа: интервьюирование и опрос оралманов из Китая и Монголии на тему сохранности у них традиционной казахской материальной и духовной культуры, хозяйственные занятия мигрантов уже здесь, в Казахстане, изучалась степень их адаптации к местным условиям и т.д. Одновременно изучались материалы, имеющиеся в историко-краеведческих музеях. В музее г. Зайсан, усилиями его сотрудников, создан довольно богатый фонд материалов, связанных с историей и культурой края, а также историческим, культурным и экономическим связям этого восточного приграничного района нашей страны с Китаем. Имеются экспонаты, связанные с жизнью казахов Синьцзяна. Так, нас заинтересовала небольшая секция-выставка, посвященная народному мастеру-умельцу Токтархану Курамысулы (рис. 32, 33).

Как оказалось, сын Токтархана Курамысулы – АкмадиярТоктарханулы (1950 г.р., керей – жадик – итемген – отемис) проживает в Зайсане. Все виденные нами экспонаты были предоставлены именно им. Об этом нам рассказал Ф.Т. Жунусов, на протяжении вот уже 30-ти лет работающий в должности научного сотрудника историко-краеведческого музея в Зайсане, безгранично преданный своему делу человек. Затем состоялась наша встреча с Акмадияром Токтарханом в его доме.

По рассказу Акмадияра Токтархана, семья его отца Токтархана Курамысулы и матери Гульбарах проживала в местности Шемиршек близ Сарысумбе (ныне г. Алтай). То есть там находилось их кыстау – зимовье. Летнее кочевье находилось в Курты, местности около городка Коктогай. Токтархан Курамыс был 1911 года рождения. Тохтархан с супругой имели 10 детей: Алтыбай, Акмадияр, Капиян, Мукамадияр, Аллажар, Алия, Кабылбек, Адилбек, Айкынбек, Калия [4].

Дед Акмадияра Курамыс и отец Токтархан были мастерами-универсалами. Славились среди своих аулчан тем, что изготавливали различные изделия из кожи и дерева: каркасы

юрт, саба, торсыки для кумыса и др. Акмадияру точно не известно, но скорее всего, его дед и отец в начале 1930-х бежали от проводимых в Казахстане советских экспериментов в Китай.

«Отец, – рассказывает Акмадияр Токтархан, – был работящим, умелым человеком, «мастером на все руки». За работу у бая, изготовление или ремонт жилищ, печей и др. ему платили кобылой или другой скотиной, так у него и собралось стадо. На самом деле никаким богачем он не был, самый лучший дом в те времена был таким», – показывает Акмадияр на свою небольшую низкую времянку рядом с домом. Акмадияр в юношеском возрасте, как и все дети в те годы, помогал по хозяйству, занимался скотоводством вместе со всей семьей.

Жизнь в те годы в крае мало чем отличалась от жизни в Казахстане. По словам историка А. Даулетхана, в центре населенного пункта Турген, что в Илийском округе, где прошло детство аксакала, с утра до ночи вещало радио «Шалкар». Во время экспедиции сотрудников Института в Алтайский округ Или-Казахской автономной области СУАР КНР жители Коктогая также рассказывали, что в период его детства и юности ханьцев здесь было мало, они постепенно стали прибывать лишь с 1950-х гг. [5].

Согласно исследованиям Н.Н. Аблажей, начиная с 1945 г. были возобновлены культурные связи Казахской ССР с казахским населением Китая. Наибольший размах агитационно-пропагандистская работа приобрела в 1947–1949 гг. В центры округов и районы компактного проживания казахов выезжали концертные агитационные бригады, завозились книги, газеты и кинофильмы на казахском языке. С 1944 г. специально для казахского населения в типографии при Совете народных комиссаров, затем Совете министров Казахстана печатался многотысячным тиражом, на уйгурском и казахском языках, спецжурнал «Қазақ елі», с 1950 г. «Жаңа өмір». С 1948 г., с периодичностью дважды в неделю, из Алма-Аты на приграничье Синьцзяна и Монголии велось радиовещание на казахском языке. В 1950 г. по заказу руководства приграничных округов, были изданы и доставлены тиражом почти в 100 тыс. экземпляров учебники для начальной школы на казахском языке. Однако, уже в 1953 г., экспорт в Синьцзян готовой печатной продукции на казахском языке был резко сокращен по предложению китайской стороны [6, с. 18].

Курты, где находилась летовка семьи Токтархана, – овеянная легендами и лирическими посвящениями необычайно красивая местность, каких на Алтае множество. Это место рождения легендарного батыра Оспана Исламулы. Токтархан Курамысулы, по словам его сына Акмадияра, изготавливал и ремонтировал конское снаряжение для отряда Оспан-батыра, бывало плечо к плечу воевал рядом с ним. За что также понес впоследствии наказание как участник банды («құйыршық»).

У Акмадияра был старший брат Алтыбай, известный в то время в Коктогае учитель. По словам Акмадияра, в центральном техникуме Коктогая он преподавал китайский язык. Алтыбай выучился в Пекине. Слыл очень умным молодым человеком. Среди друзей Алтыбай получил прозвище «қос ми», то есть «умный вдвойне».

Алтыбай организовал на Алтае партию «Алаш». В 1962 г., по словам Акмадияра, его забрали китайские органы безопасности. Обвинили в том, что он организовал обучение советского образца в Коктогае, и за то, что создал партию. После этого родные его уже не видели ни живым, ни мертвым. Был он 1942 года рождения, забрали его в возрасте 20-ти лет. Алтыбай не успел жениться, не имел детей.

В Таримском концлагере Алтыбаю переломили спину, после чего он там, в тюрьме, и скончался. Об этом семья узнала значительно позже по рассказам бывших узников Тарима, один из которых по имени Каныкен также сейчас проживает в Зайсане. Каныкен 1938 года рождения, сейчас ему 77 лет. В Тариме был с 1962 по 1979 г. Про Таримский лагерь рассказывать отказался. Сказал лишь, что Алтыбай был высоким, смуглым молодым человеком. Фотографии же его у семьи не осталось. В Тарим, конечно же, съездить не было возможности, так как вся семья Токтархана Курамысулы с 1965 года оказалась в тяжелом положении репрессированных.

1965 г. – начало «культурной революции» в коммунистическом Китае, которую некоторые исследователи называют «самым загадочным событием во всей новейшей

истории Китая» [7, с. 260]. Во время «культурной революции» шла массовая всекитайская борьба с «пережитками феодального прошлого» [см.: 8]. Как уже было указано выше, события эти оставили глубокий след в сознании всех народов, населяющих Китай. «Культурную революцию» Акмадияр-ага называет по-китайски «гымын» – переворот, перелом, революция. Среди китайских казахов, кстати, достаточно широко распространено такое имя.

Акмадияр видел своими глазами, как сжигали на кострах предметы домашнего обихода в национальном стиле: ковры, сырмаки, одеяла, попоны для лошадей и верблюдов и др. В доме не оставили ни одного одеяла, малолетние дети Токтархана вынуждены были укрываться одной старой отцовской шубой. Кое-что из своих инструментов Токтархан сумел спрятать, но большинство изделий и инструментов было уничтожено: разломано, разорвано и сожжено в огне хунвейбинами – активистами-«бойцами» «культурной революции».

Во время этой кампании Токтархан Курамысулы, как мастер народных ремесел, которые были причислены к этим пережиткам, был осужден вместе с семьей на исправительные работы. Так как Токтархан, естественно, брал плату за свою работу и изделия, его причислили к эксплуататорскому классу. Припомнили также ему участие в «банде» Оспана, а также и брата, перешедшего в советский Казахстан еще в 1955 г. Это был период глубокого кризиса в отношениях между СССР и Китаем [см.: 9, с. 81], поэтому все синьцзянские казахи, имевшие родственников в Казахстане, считались потенциальными шпионами [10, 97-б.].

Мать Акмадияра Гульбарах в 1965 г. была жестоко избита теми же хунвейбинами, когда поздно вечером возвращалась с работы с вязанкой дров домой. Ее ударили сзади по голове, после этого у нее начались обмороки и, не сумев оправиться, в сентябре 1975 г. она скончалась. Заботы о домашнем хозяйстве легли на плечи сестры Акмадияра.

Дети «эксплуататоров», 30–50 человек, были собраны в лагере-поселении в горах, где выполняли различную тяжелую работу. Кормили так, чтобы только не умерли с голоду. Работать заставляли почти круглые сутки, спать разрешалось лишь один час. Пасли скот, пахали землю, валили четырехметровые сосны, строили различные сельскохозяйственные сооружения. Их обеспечивали худо-бедно едой, одеждой. Есть давали только в таком объеме, чтобы не умерли с голоду: кусок черного хлеба, молотую кукурузу (*талқан*), редьку. В одну зиму случился голод, во время которого много людей погибло. В одном их родном ауле умерло 60 человек. Зимой умерших людей оставляли в снегу, закапывали только весной после схода снега. Акмадияр своими глазами видел, как закапывали семь трупов, причем прямо в одежде. Летом также организовывали работы. Один или два человека с оружием, тоже казахи, смотрели за работающими заключенными. Ежедневно после работы все узники лагеря должны были перед портретами Мао, Ленина и Сталина вести беседу-отчет о выполненной за день работе и каяться в совершенных ошибках. Например: «Товарищи Мао, Ленин, Сталин! Я сегодня плохо работал, из-за меня не успели выкопать котлован, достроить гумно, хлев и т.п.». «Вот такое варварство царило тогда!», – возмущается Акмадияр-ага. Детям «врагов народа» надевали на голову издевательские бумажные колпаки с надписями, указывавшими на их «вину». Среди казахов царило доносительство, клевета – пропагандистская машина в тоталитарных государствах работала исправно. По мнению местных казахов, в Синьцзяне политика репрессий велась более ожесточенно по сравнению с внутренними районами Китая. Прискорбный факт: хунвейбины, обвинители, доносители – все были одурманенные «классовым сознанием» этнические казахи, так как и в эти годы ханьцев в крае все еще было мало.

Акмадияр женился только в 1982 г. Как сыну богача, ему запрещалось обзаводиться семьей, считалось, что детям «феодальных элементов» нет места в новом обществе, и они должны быть, в конце концов, физически уничтожены. Да и девушки не стремились выходить замуж за детей «врагов народа», считали это позором.

По мнению историка А. Даулетхана необходимо серьезное исследование для определения характера событий в Китае 1966–1969 гг. Сам историк характеризует политику

Мао Цзедуна периода 1958–1978 гг. как фашистскую диктатуру китайских коммунистов-оппортунистов [11, 15-б.].

В 1979 г. начался новый период – «освобождение» страны поистине великим реформатором Дэн Сяопином, как говорит наш информатор, «азат болды». В начале 1980-х гг. начались спасительные для всех народов КНР преобразования – строительство рыночной экономики. По рассказу нашего собеседника, каждой семье выделили 200–300 овец, верблюдов, коров. Скотоводы постепенно рассчитывались с государством, при этом сумма денежных выплат была вполне приемлемая. После «освобождения» отец, вспоминает Акмадияр, в течение одного месяца как-то даже изготовил 50 юрт. Так высок был спрос на традиционные войлочные жилища. Отец Акмадияра и сам он могли теперь читать намаз, держать пост, то есть соблюдать все требования ислама.

Современные казахи Синьцзяна – «последние кочевники Китая» – в большинстве мест расселения сохранили традиционные основы своей культуры. Как пишут этнологи – специалисты по диаспоре С.Е. Ажигали и Р.А. Бекназаров, в аймаке Алтай ИКАО традиционно доминирует скотоводство, по сравнению, например, с Или и Тарбагатаем. По их же утверждению, значительная часть населения аймака Алтай ведёт в целом традиционное скотоводческое хозяйство в его полукочевых и полуоседлых формах, с разведением основных видов скота (овец, лошадей, верблюдов, коров и яков). Продолжают соблюдаться выработанные веками принципы выпаса и содержания домашних животных, методы народной ветеринарии; сохраняет актуальность система традиционного поселения и жилища в форме стационарных зимников – кыстау и юрт. Исследователи отмечают успехи животноводов-казахов в области народной селекции разных видов скота [12, с. 29].

Акмадияр и его братья возродили прежнюю хозяйственную традицию семьи – стали кочевать по прежнему маршруту с соблюдением всех норм и правил полукочевого скотоводства. Алтайские полукочевые и полуоседлые скотоводы практикуют вертикальный способ кочеваний, летом поднимаясь в горы, а зимой спускаясь в низину. Основное, зимнее место жительство семьи оставалось в Шемиршеке. На Иртыше у них имелось весеннее кочевье – место для окота скота. Один месяц находились здесь. На Курты направлялись после того, как окрепнет молодняк. В Курты, на участке Карагаты, имелось среднее летнее пастбище (*орта жайлау*). После вытравления пастбища алтайские полукочевники отправляются на высокогорное пастбище (*төр жайлау*). Всего летование длится три месяца. Во время кочевок 1 переход (*көш*) составлял, как указал наш информатор, 50 км, скорее всего имея в виду перегон лошадей. До жайляу добирались 5 дней. Точное расстояние кочеваний между летовкой и зимовкой наш информатор не знает, по его мнению, немного дальше, чем между Зайсаном и Усть-Каменогорском. Как утверждают зарубежные исследователи Д. Бедуна и Р. Харрис, казахи, живущие в Курты, кочуют на расстояние 400 км между зимними и летними пастбищами. Пастбища в Курты составляют 492, 900 га, находятся на высоте от 700 до 3500 м над уровнем моря. Это экологически весьма разнообразный район, включающий пустыню, полупустыню, степи, горные луга, кустарники, леса и альпийские экосистемы [13, p. 107–108].

Во время экспедиции на Алтай летом 2012 г. мы побывали на высокогорном «төр жайлау» Үшілік, где протекает одноименная река, на одном из его участков под названием Бидің қуусы. Здесь находятся летовки, в основном, полуоседлых скотоводов, совершающих вертикальные кочевки. Расстояние между кыстау и жайлау у полуоседлых скотоводов вдвое меньше, составляет от 100 до 200 км. Обитатели высокогорного жайлау нам сообщили, что земля предоставлена им в пользование на 30 лет. У самого богатого обитателя жайлау по имени Мадетхан Жакия имеется 80 коров, 500 овец, 10 кобыл, свыше 60 коз. У самых «бедных» по 20–30 овец, 5–6 коров. Ежемесячно семьям скотоводов государством отчисляются выплаты для детей школьного возраста, женщин и пожилых люди – 300 юаней на человека. Государство оплачивает также ветеринарные услуги для скотоводов [5].

В последние годы китайское государство проводит политику постепенной, «организованной» седентаризации, которая приведет к значительным изменениям в

социально-экономической жизни сельского казахского населения Западного Китая [12, с. 30; 13, с. 107]. С этой целью сейчас в Алтайском округе полным ходом идет строительство поселков для оседающих скотоводов. Во время экспедиции 2012 г. научные сотрудники отдела этнологии Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова побывали в таком ауле осевших скотоводов – кыстаке Байгетобе, расположенного близ села Дуре. Каждой семье скотоводов выделяется по 50 му земли – 15 га. Строятся дома с разной жилой площадью. За дом в 80 квадратов 30 тыс. юаней платят заселяющиеся, остальную сумму оплачивает государство. Те, кто менее обеспечен, берут дома в 50 кв. м, оплачивая около 17 тыс. юаней, 55 тысяч юаней вносится из государственной казны. Не имеющие и этой суммы берут кредит. Электрификацию, обеспечение водой, строительство дорог и освещение поселков также берет на себя государство [5].

Однако, несмотря на значительную поддержку оседающих со стороны государства, некоторые местные жители выражают озабоченность в связи с политикой седентаризации, опасаясь, что это приведет к падению уровня жизни бывших скотоводов.

В 2006 г. Акмадияр с семьей переехал в Казахстан, продал скот, а землю оставил братьям. Акмадияр говорит, что рад жить на земле своих предков, в Казахстане. Хотя, живя в Китае, он считал себя богачом, никаких притеснений не ощущал, и мог бы вполне благополучно там существовать. Переехал же он в Казахстан ради детей, ради их будущего. У Акмадияра их четверо, а также трое внуков. Единственный сын является служителем местной центральной мечети Зайсана. Жизнью дочерей отец также доволен, младшая дочь – студентка университета в Усть-Каменогорске.

Акмадияр Тохтархан свято чтит память отца и деда. Инструменты отца Акмадияр перевозит в Казахстан и передает в музей Зайсана. Дед Курамыс и отец Токтархан оба похоронены в Курты, на жайлау, в районе алтайского городка Коктогай. Над их могилами Акмадияр с братьями воздвигли мавзолеи, фотоизображения которых он также сдал в зайсанский музей.

Такова вкратце история семьи казахов из Китая, в полной мере переживших в своей судьбе как трагические, так и радостные события новейшего периода этой страны.

(К статье прилагаются рис. 32–33, см. вклейку)

Литература

1. Бутрин Д. Новейшая история Китая – история России, увеличенная до неправдоподобных размеров // http:// www.russkiymir.
2. Орынбаева Г.У. Источники по истории казахов Китая в годы маоизма (1949–1976) // Отан тарихы. 2013. № 4.
3. Сыроежкин К.Л. Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития. Алматы, 1994.
4. ПМА – Восточно-Казахстанская область, 2014 г.
5. ПМА – Алтайский округ ИКАО СУАР КНР, 2012 г.
6. Аблажей Н.Н. Советизация казахского населения приграничных районов Синьцзяна во второй половине 1940-х – начале 1960-х гг. // Казахстан и зарубежные казахи: Материалы Международной науч.-практ. конф. «Репатриация этнических казахов в Казахстан как составная часть государственной миграционной политики: достижения, проблемы и пути решения», посвященной 20-летию Всемирной Ассоциации казахов (г. Алматы, 12 октября 2012 г.). Алматы: Атажурт, 2012.
7. Трошин Ю.А. История стран Азии и Африки в новейшее время (1918 – 2000). М., 2004.
8. Базылбаев А. Аласапыранмен өткен төрт жыл. Алматы, 1980.
9. Хафизова К.Ш. Казахстанско-китайская граница в прошлом и сегодня // Многомерные границы Центральной Азии. М., 2000.

10. Шәкенұлы Ж. Ұлт рухының жоқшылары // Шетелдегі қазақ диаспорасы және ана тілді сақтау мәселелері. 2000 жылғы маусымның 15–16 күндері Алматыда өткен ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2000.

11. Дәулетхан Ә. Шығыс Түркістан халықтарының ұлт-азаттық дәуірі әдебиеті (1679–1949). Алматы, 2013.

12. Ажигали С.Е., Бекназаров Р.А. Предварительные результаты исследований этнографической экспедиции в Синьцзяне (2010–2011 гг.) // Казахстан и зарубежные казахи: Материалы Международной науч.-практ. конф. «Репатриация этнических казахов в Казахстан как составная часть государственной миграционной политики: достижения, проблемы и пути решения», посвященной 20-летию Всемирной Ассоциации казахов (г. Алматы, 12 октября 2012 г.). Алматы, 2012.

13. Bedunah D., Harris R. Observations on Changes in Kazak Pastoral Use in Two Townships in Western China: A Loss of Traditions // Nomadic Peoples, Vol. 9, 2005.

ШЫНЖАҢ ҰЙҒЫР АВТОНОМИЯЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Орынбекова Р.Ж.

КГКП «Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы», Қарағанды

Әр түрлі ақпараттар бойынша Қытай қазақтарының саны 1 млн. 200 мыңнан 2 млн. адамға дейін жетеді деген мәліметтер көзі, тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. Шамамен 800 мыңға жуық адам санының ресми ақпараттарда көрсетілмеуін зерттеу арқылы анықтау заман тарихшыларының құзіретінде.

Қытай қазақтарының санын анықтау жұмысы қатарынан бірнеше этнодемографиялық, этнографиялық, тарихи антропологиялық мәні бар мәселелердің басын көтереді. Сондай–ақ интернет, мерзімдік басылым беттерінде жарияланған және қолда бар бірен-саран зерттеулер мен ҚХР-нан келіп, бізде білім алып жатқан азаматтармен сұхбаттасу арқылы жиналған мәліметтер Қытай қазақтары күнделіктілігінде орын алған этнодемографиялық мәселелерді айқын көрсетеді.

Қытай Халық Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақтардың жан саны мынадай өзгерістерді бастан өткізді:

1. 1949–1953 жылдар аралығы, экономиканың дамуына байланысты, халықтың тұрмыс деңгейіде өсті, осы аралықта қазақтардың жан санында тез қарқынмен өсуі байқалды. 4 жыл ішінде қазақ жан саны 65720 мың адамға өскен, жылдық өсу қарқыны 3,5%.

2. 1953–1964 жылдар аралығы, осы жылдар кезінде қазақтардың санының өсуі ерекше баяаулаған кез болды. Қазақтардың саны 509375 мың адамнан 491637 мың адамға кеміп кетті. 17738 мың адамға азайды, жылдық өсу қарқыны 0,35% кеміді, бұндай жағдайға екі түрлі себеп болды, бірі 60 жылдардың басында болған 3 жыл табиғи апат салдарынан адам шығыны көп болған. Туу мен табиғи өсу төмендеген. Тағы бір себеп 60 жылдың басындағы қазақтардың біраз бөлігінің Совет үкіметіне қарай көшуі. 50 жылдардың соңы мен 60 жылдардың басында Іле, Тарбағатай, Бұратала жеріндегі қазақтар үздіксіз Совет үкіметіне қоныс аударды. Сол кезде қоныс аударғандар саны 19,84 мың адам болған, бұның ішінде қазақтар 49,5%, 9,9 мың адам болған.

3. 1964–1982 жылдар бұл аралықта қазақтар санының өсу қарқыны тездеген кез болды. 491637 мың адамнан 907546 мың адамға өсті, 415909 мың адам өскен. Жылдық өсу қарқыны 3,46% болды [1, 20-б.].

4. 1982–1990 жылдар бұл аралықта қазақтар жан саны өсуінің тұрақты деңгейде болған кезі, 8 жыл ішінде 907546 мың адамнан 1110758 мың адамға өскен, 203212 мың адам көбейген, жылдық өсу қарқыны 2,56%.

5. 1990–2000 жылдар қазақтар жан саны өсу қарқыны төмендеді, 1110758 мың адамнан 1250458 мың адамға ғана өскен,10 жыл ішінде 139700 мың адам, жылдық өсу 1,19% ғана болды.

Бұған себеп мыналар болды:

1. ШҰАР-дағы аз ұлттарға арналған «Жоспарлы туу» саясаты 1988 жылы белгіленді (қытайлардан 5 жыл кейін, ХХ ғасырдың 60–80 жылдары қазақтарыдың жан саны өсуі тез болды.

2. 80 жылдардың орта кезінен бастап «Жоспарлы туу» саясатының жүргізілуіне байланысты, 80 жылдардың соңында өсу қарқыны төмендеп бір қалыпты деңгейге түсті.

3. 1990–2000 жылдар 10 жыл ішінде, қазақтар 12,58% өсіп, жан саны өсу қарқыны төменгі деңгейде жүрді.

Әзірше Қытай қазақтарының ҚХР аймағында шоғырланған жері мен орналасуын, яғни облыстар, аймақтар, қалалардағы сандық көрсеткіштерін, қолда бар ақпараттарды пайдаланып көрсететін болсақ, төмендегідей бейнелеу құрастырылады.

1 карта. **2005 жылғы санақ бойынша: Шынжаң Ұйғыр автономиялық районындағы қазақтардың орналасуы**

1 картада ҚХР Шынжаң Ұйғыр автономиялық районында шоғырланған қазақтардың негізгі елді мекендері көрсетілген. 2005 жылғы санақ нәтижесі бойынша, осы елді мекендердегі ең көп және ең аз шоғырланған тұрғылықты қазақтардың саны төмендегідей: Іледен – 517,900 (Іле қазақ автономиялы облысы, орталығы Құлжа қаласы, 8 ауданы бар); Алтай аймағында – 309,0 (орталығы Алтай қаласы, 7 ауданы бар); Тарбағатай аймағында – 237,430 (орталығы Шәуешек қаласы, 5 аудан, 2 қаласы бар); Санжы облысында – 129,600 (орталығы Санжы қаласы, 8 ауданы бар); Үрімжіде – 52,400 (ШҰАР-дың ең ірі сауда-экономикалық қаласы); Құмыл аймағында – 47,140 (орталығы Құмыл қаласы, 2 ауданы бар); Бұратала облысында – 42,100 (Бұратала Моңғол автономиялы облысы, орталығы Бұратала қаласы); Қарамай қаласында – 11, 000 (ШҰАР-дағы ірі мұнай шығарушы қала); Шыхызы

қаласында – 3700; Корлада – 2070 (Байынғолин Моңғол автономиялы облысы, орталығы Корла қаласы); Қашқар аймағында – 950 (3 аудан, 1 қаласы бар, орталығы Қашқар қаласы); Ақсу аймағында – 950; Тұрпан аймағында – 250 (1 қала, 2 ауданы бар, орталығы Тұрпан қаласы); Қызылсуда – 140; Хотанан – 65 (7 аудан, 1 қаласы бар, орталығы Хотан) адам саналып алынған болса керек. Барлығы: 1 мил. 354,065 адам құрайды [2, 23-б.].

2 карта. **Шынжаңдағы қазақтардың жан саны салыстырмасының картасы (қытай тілінде берілген карта атауының аудармасы)**



2 карта ҚХР-сы азаматының жалған есіммен сызып «Күлтегін» сайтына жариялаған жұмысы. Көрсетіліп тұрған картадағы тұрғылықты елді мекендер 1 картада көрсетілген елді мекендермен сай келеді, бірақ қосымша берілген адам санының көрсеткіштері 2005 жылғы санақ мәліметтерімен сәйкес келмеді.

ҚР 2010 жылы жүргізілген соңғы санақ мәліметіне жүгінетін болсақ ҚХР қазақтарының саны 1,462 мың деп көрсетілген.

Мысалға алынып отырған мәліметтердегі сандық көрсеткіштердің әр түрлілігі Қытай қазақтарының жалпы саны туралы нақты көрсеткіштің жоқ екенін білдіреді.

Аталмыш тақырып аясында туындайтын кезекті сұрақтардың бірі Қытай қазақтарын демографиялық тұрғыдан диаспора, әлде ирредент деп көрсету, көрсетпеу мәселесі. Себебі Қытай қазақтары өздерінің тұрғылықты мекендерін тарихи отаны деп санайды. Осы тұрғыдан ШҰАР қазақтарының этникалық тарихы осы жұмыс ішінде бірден – бір зерттелу керек маңызды да, қызықты тақырып болып саналады.

Қытай қазақтары ҚХР шеңберінде мекен ететін жалпы 56 ұлттың ішіндегі 10 ірі этностың құрамына кіреді. Ал ҚР тарихында Қытай қазақтары шетелдегі қандастарымыздың ең көп бөлігі ретінде бірінші орында есептеледі. Қытай қазақтарының табиғи өсімінің туу есебінен өсу қарқыны: 1949 жылы – 493 мыңды, 1979 жылы – 898 мың шамасын, 1982 жылы – 927 мыңды, 1985 жылы – 994 мыңды, 1990 жылы – 1 мил. 500 мыңды, 2005 жылы – 1 млн. 596 мыңнан 2 млн. 500 мыңды құраған деген мәлімет бар [3, 12-б.]

ҚХР жүргізген ұлттық аумақтық автономия саясатының нәтижесінде 1954 жылы Іле Қазақ автономиялы облысы құрылғаны белгілі. Қазақтар негізінен Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтары қарайтын автономиялық облыста, сондай-ақ ҚХР ШҰАР Мори-Қазақ, Баркөл-Қазақ аудандарында, Ганьсу өлкесінің Ақсай Қазақ автономиялық ауданында және аз мөлшерде Бейжіңде (Пекинде) тұрады. ҚХР құрылған кезде (1949 ж.) оның аумағында 420

мың қазақ өмір сүрген, оның 418 мыңы – Шынжанда тұрған, бұл 9% құраған; 3 мыңнан астам қазақ онымен шекаралас Ганьсу және Цинхай провинцияларының аудандарында тұрған. Шынжанда қазақтар негізінен Алтай (орталығы Алтай қаласы), Іле (орталығы Құлжа қаласы, қытайша Иниң деп аталады) және Тарбағатай (орталығы Шәушек, орыс тілінде Чугучак, ұйғыр тілінде Чочек, қытай тілінде Тачың қаласы д.а.) аймақтарының (округтерінің) аудандарында көшіп жүрген, бұл барша қазақ көштерінің 3/5 бөлігін құраған. Шағындау топтар қазіргі Мори-Қазақ автономиялық ауданы мен Цинхай уезін (Санджи-Хуэйзу автономиялық облысы) және Баркөл-Қазақ автономиялық ауданының (Хамий округі) аумағында көшіп жүрген. Әдетте, көш рулық негізде құрылатыны белгілі. Сондықтан да ҚХР қазақтарының рулық құрамын анықтау кезінде жоғарыда аталған жылдар тарихы зерттеуде пайдалы болады.

ШҰАР аумағында қазақтар саны жағынан ханьдар (қытайлар, 1159400 мың адам) мен ұйғырлардан (8399393 адам) кейінгі үшінші орынды иеленіп, жалпы халықтың 7,4% құрайды. ҚХР жарияланғаннан бергі 54 жылда (2003 ж.) Аспан асты еліндегі қазақтардың саны үш еседен артық өскен [4, 37-б.]

ҚР зерттеушілерінің мәліметтері бойынша қазіргі Қытай қазақтарының демографиялы тұрғыдан бірқатар ерекшеліктері болса керек. Біріншіден, ҚХР аумағында тұратын қазақтардың 80% ҚХР құрылғаннан кейін туылғандар, оның 70% 1962 жылдан кейін және 50% «мәдени революциядан» (1966–1976) кейін туылғандар. Бұл бір жағынан, «тууды реттеу» саясатын жүзеге асыруда хань емес халықтарға жасалған белгілі бір «жұмсақтық» туралы қорытындыны білдірсе, екінші жағынан – қазақ халқының басым бөлігі ҚХР өз отаны деп қарайтынының көрсеткіші деп түсіндіріледі. Қазақ диаспорасы өкілдерінің көпшілігі үшін «мәдени революция» кезеңінің эксперименттері өз тәжірибелерінен таныс және оларда жалпы «мәдени революция буындарына» тән психологиялық ерекшеліктердің бәрі бар. Екіншіден, ҚХР-дағы қазақ этникалық тобының мәдени және жалпы білім беру деңгейін көтеру ісіндегі қол жеткізген елеулі прогреске қарамастан ол төмен күйінде қалған. 1982 жылғы халық санағы мәліметтері бойынша 6 жастан жоғары қазақ ұлты (725130 адамды) арасында әр түрлі жоғары оқу орандарының түлектері тек қана – 2547 адамды; студенттер – 1483; екінші сатыдағы орта мектеп түлектері – 41599; бірінші сатыдағы орта мектеп – 124781; бастауыш мектеп – 351272; сауатсыздар мен шала сауаттылар – 203448 адамды немесе автономиялық райондағы қазақтардың жалпы санының 28,66%, оның ішінде 6 жастан 11 жасқа дейінгілердің арасында – 81325 адамды құраған. Қазақ ұлтының 50% астамын құрайтын әйелдер арасында сауатсыздық деңгейі ерлерге қарағанда 1,5 есе артық болып шыққан. Бұл жағдай ҚХР қазақ халқының тиісті жұмыспен қамтылуы саласына әсерін тигізгені сөзсіз. Елдің халық шаруашылығында жұмыс істейтін бөлігі 294923 қазақтың 243557-сін немесе экономикалық белсенді қазақ халқының 82,58% – жер өңдеуде, мал, балық және орман шаруашылықтарында шоғырланған; кеніштерде, ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында – 3659; зауыттар мен фабрикаларда – 3781; құрылыста – 2016; көлік және байланыста – 2224; сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында – 9152; денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыруда – 16045; мемлекеттік және партиялық органдарда – 9460 қазақ қызмет еткен. 80-шы жылдардың басында ҚХР қазақтары кәсібі жағынан: әр түрлі кәсіпорындардың техникалық қызметтік құрамын – 32889, мемлекеттік ұйымдарда, кәсіпорындардың, партиялық және қоғамдық ұйымдардың жауапты қызметкерлері – 5821, іс қағаз жүргізушілер мен осы санаттағы қызметкерлер – 5809, сауда қызметкерлері – 3816, қызмет көрсету саласы қызметкерлері – 4812, жер өңдеушілер, мал өсірушілер, орманшылар – 219752, өндіріс жұмысшылары, көлік жұмысшылары және осыған сәйкес санаттағы жұмысшылар – 21295 немесе ҚХР халық шаруашылығындағы жұмыс істейтін қазақтар 7,43% құраған. 1982 жылдың ортасында ҚХР аумағында тұратын қазақтардың құрамы және олардың ҚХР 56 ұлты ішіндегі жағдайы осындай болса керек [5, 10-б.].

Бір қызығы, 2000 жыл ҚХР жүргізілген халық санағы бойынша қазақ ұлтының жалпы саны 1 мил. 250 458 адамды құраған. Санақ мәліметтері бойынша Қытай қазақтары ҚХР 31 елді мекенінде саналып алынған. Ең көп бөлігі жоғарыда айтылып кеткендей ШҰАР шоғырланған, мұнан 1 мил. 245 мың адам, яғни 99,57 % құраған, қалғандары 1000-ға жуық басқа жерлерде тіркелген.

1 кесте. **Ерлер мен әйелдердің 10 жылдық өсім қарқыны**

	саны	**пайыз**	**10 жылдық өсімі**	**10 жылдық өсім пайыз**	**Жылдық өсім пайыз**
Ерлер	633900	50,69	13970	12,58	1,15
әйелдер	616600	49,31			

2 кесте. **Жас мөлшері бойынша салыстырмалы көрсеткіш**

	пайыз	**1990 жылмен салыстырғанда**	
		артуы	**Төмендеуі**
Жас өспірімдер (0–14 жас)	30,79		12,13
Еңбекке қабілеттілер (15–64 жас)	66,29	11,84	
Қарттар (65 жастан жоғары)	2,92	0,28	

15-жастан жоғары адамдар саны 865,4 мың адам. Солардың ішінде 23,2 мың (2,68%) адам сауатсыздар. Ерлер арасындағы сауатсыздық 1,88%, әйелдер арасындағы сауатсыздық 3,48%. 1990 жылмен салыстырғанда сауатсыздық 55,1 мың (9,67%) адамға азайған.

2000 жылғы мамандану көрсеткіші бойынша, мемлекеттік қызметте, партияда, мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс істейтін адамдар 1,87%, техникалық жұмыс атқаратын адамдар 9,67%, сауда, қызмет көрсетумен айналысатын адамдар 3,36%, өндіріс тасмалдаумен айналысатындар 4,79%, ауыл шарушылығымен 77,12% адам айналысады.

15 жастан жоғары адамдар арасында үйлену көрсеткіші 64,66%, бір рет үйленгендер 57,28%, қайта үйленгендер 1,96%, ажырасқандар 0,78%.

01.11.1990 – 31.10.2000 жж. аралығында бүкіл ел бойынша қазақтардың өлімі 6450 адамға жеткен, соның ішінде ерлер саны 3864（6,13%） адам, әйелдер 2586 (4,22%）адам, сәбилер өлімі 26,20%, өмір сүру орташа жасы 67 жас [6, 14-б.].



1990 ж



2000 ж

Этнодемографиялық мәселе мамандандырылған кәсіби зерттеушілер мен Қытай қазақтарының және сол елдің объективті тарихшыларының көмегі арқылы іске асуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Қытай Халық Республикасының 1990 ж. Шілденің 1-күніне дейінгі жан саны тіркелген төртінші реткі жалпы демографиялық санақтың қорытындысы. Қараңыз: Шынжаң Ұйғыр Автономиялы районы төртінші реткі жалпы демографиялық санақтың қорытындысы. Үрімжі, 1991.
2. Ұлы Чиң патшалығының нақтылы жазбалары-естеліктері ("Да Чиң ли шау шы лу"). Фотоға түсірген баспа нұсқасы. Тайбей, 1964.
3. Қытай-Ресей шекара келісімдері жинағы. Пекин, 1973.
4. Яң Зыңшын. Өткен жазбалардың толықтамасы // Бу го жай үн ду. Пекин, 1926 (қолжазба бойынша 44 том).
5. Фу Хың. Батыс өңір деректемелері (Патша өзі тексеріп бекіткен Батыс өңір деректемелері. Қолжазба 1782 ж. жазылған. Фотоға түсірген баспа нұсқасы.
6. Сүң Үйн. Шынжаң деректемелері. Қолжазба 1821 ж. жазылған. Фотоға түсірген баспа нұсқасы. Тайбей, 1966.

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫН ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДА ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ ЖӨНІНДЕ

Сарқытқан Қ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы

Қазақстан Республикасы халықаралық аренадағы орнын анықтаған мемлекет. Алайда, мемлекеттің географиялық орны, аумағының кеңдігі және халқының аздығы геосаяси орнымызды бекемдеп, ұлттық мүддеміздің түрлі құндылықтарын қорғауда кері әсер етіп отырғаны жасырын емес. Қазіргідей күрделі саяси жағдайда еліміз үшін ең басты міндет – Қазақстанның саяси және аумақтық тәуелсіздігін мәңгілік ету. Бұл қастерлі міндетті орындауға жергілікті халықпен бірге, алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыздың ат салысуы заман талабы. Шетел қазақтары Қазақстанға, Қазақстан оларға керек. Алайда, мемлекет ата-ана болса, халық балалары. Сондықтан мемлекет өзінің ұрпақ және тарих алдындағы парызын орындауға бірінші болып қадам басуы тиіс. Қазақстан қадамын басып та қойған. Десе де, жиырма жылдықтың нәтижесі көңіл көншітер емес. Себебі, саяси-әкімшілік тұрғыда көмектесу бар да, оларды қазақтың ұлттық мәселесінің бірі ретінде ғылыми тұрғыда зерттеу жоқ.

Қазіргідей өркениетті өмірде жасап отырған ел үшін айтқанда, түрлі мәселелерді ғылыми және дипломатиялық тұрғыда қарастыру және шешу міндетті құбылыс болмақ. Ғылыми зерттеусіз қабылданған саяси шешімдер мен іс-шаралардың баянды болмасы анық. Осы тұрғыдан айтқанда, шетел қазақтарын жүйелі түрде, арнаулы ғылыми зерттеу мекеме аясында қарастырудың кезі келді. Алайда, ондай ғылыми мекеме де, мамандар да жоқ дерлік.

Шетел қазақтарына қатысты жекелеген ғалымдардың ізденістері еліміз егемендік алғаннан кейін ғана бастау алғаны белгілі. Оған шетелдегі қазақтарды зерттеу еңбектерінің тәуелсіздіктен соң жазылып, жарық көргені дәлел болмақ. Мен өзім университетте оқытушы әрі егемендіктің алғашқы жылдары отанға оралған қазақ азаматы болғандықтан, сондай-ақ, бұл тақырыптың өз мамандығыма сай болуы себепті, шетел қазақтарына байланысты ізденістерімді ерте бастадым, әрі бұл салаға жас мамандарды тарту мақсатында студенттер мен магистранттарға ғылыми тақырып ретінде беріп отырдым.

Осы саладағы ізденістер барысында менің байқағаным, шетел қазақтарына байланысты әдебиеттер саны өте аз. Кейбіреуі тым ерте 1993 жылы жарық көрген. Мәліметтер ескі оның үстіне дерек көздері мен әдебиеттер тізімі жоқ [1]. Шетелдік авторлардың да еңбегі бар. Бұл кітап ағылшын тілінен орыс тіліне аударылған нұсқасы. Бірінші бөлімі «Казахи Китая» деп

аталса, екінші бөлімі «Казахские беженцы в Турции» – деп аталады. Жалпы кітапта Қытайдағы халықтар, қазақ хандығы, Қытай билігінің қазақтарға әсері және олардың ауа көшу тарихы мен жүрген жолдары атап өтіліп, Туркияға келгеннен соңғы жағдайлары жазылған [2]. Біршама тарихи дүниелер жазылған кітап тарихшы Зардыхан Қинаятұлының «Моңғолоиядағы қазақтар» – атты кітабы. Кітапта моңғол жеріндегі ескідегі мемлекеттер, қазақтардың моңғол жеріне келуі, ондағы моңғолдық әсердің қазақтарға берілуі, олардың өзіндік өнері мен әдебиеті, қазақтардың шұғылданған кәсібі, атамекенге қоныс аударудың бастапқы кезіндегі ой-пікірлер және Моңғолия қазақтарының ішіндегі танымал тұлғалары мен еңбектері жазылған [3]. Келесі, Ескекбаев Дәуреннің «Қазақ диаспорасы: бүгіні және болашағы» – атты жинағы. Жинақтың тақырыбы үлкен болғанымен, арнайы бір зерттеу бағыты жоқ, тек, Дүние жүзі қазақтарының 2-құрылтайына келген қазақ диаспора өкілдерінің деректі әңгімелері және қазақ диаспорасының проблемаларымен айналысып жүрген мамандардың мақалалары берілген [4]. Бұдан басқа да Семинар материалдарының жинағы бар. Мысалы, Қазақ диаспора мәдениетінің зерттелуі. Бұл материалдар жинағында ҚР-нің 1996 жылғы жарлығымен бекітілген «Шетелде тұратын отандастарымызды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» аясындағы жұмыстардың негізінде шетелдердегі қазақ диаспорасын сыртқы саясат, егемендік және этнодемографиялық бағыттарда зерттеу материалдары жинақталған [5]. Осындай мағаналас кітаптың бірі «Қазақ диаспорасы: бүгіні мен ертеңі = Казахская диаспора: настоящее и будущее», – деп аталады. Бұл өзгешелеу ұжымдық монографияда диаспоратанудың мәселелері сөз болған. Онда теориялық-методологиялық тұрғыдан қазақ диаспорасының қалыптасуы, таралуы, әр елдегі әлеуметтік жағдайы, рухани-мәдени ерекшеліктері қарастырылған [6].

Қазақтар туралы қоғам қайраткерлерінің де еңбектері бар. Соның бірі Сайлау Батыршаұлының «Дипломатия тек сыртқы саясат емес….». Онда қазақ диаспорасының қалыптасуындағы саяси және тарихи фактілерді, егемендіктен соңғы шетел қазақтарына бағытталған мемлекеттік саясат пен заңдар, шетел қазақтарының қоныстанған елдері, қазақтардың саны, тұрған әкімшілік аймағы т.б. мәселелер қарастырлған [7]. Осы еңбектердің ішінде Мендикулова Гульнараның «Казахская диаспора: история и современность» – атты монографиялық еңбегі бар. Бұл алғаш қазақ диаспорасының теориялық негіздері мен дерек көздеріне талдау жасалған еңбек ретінде танылады. Онда, Қазақтардың дүниежүзіне таралуының басын Қытай қазақтарынан бастайды. Олардың ауа көшуінің тарихи және саяси тұстарын қарастырып, қазіргі шетел қазақтарының даму мәселелерімен тиянақтайды [8]. Сондай-ақ, Байланыс және ақпарат минстрлігі тарапынан жарық көрген 10 томдықтың 9-томы шетел қазақтарына арналған. Кітап «Қазақтың тәлімгерлік ойлар антологиясы» – деп аталады. Шетел қазақтарының тәлімгерлік ойларына – тағылымына бағытталған. Жинақта алыс-жақын шетелдерде тіршілік еткен қазақ диаспорасының ұрпақ тәрбиелеу жөніндегі ұлттық дәстүрлері, тілі мен мәдениет үлгілері және Қазақстанмен арадағы мәдени байланыстары сөз болған [9]. Шетел қазақтарына арналған осындай түрліше еңбектердің ішінде Омарова Гүлнардың «Қазақ диаспорасы. Философиялық талдаулар» – атты еңбегі қазақ диаспорасының әлеуметтік-мәдени ерекшелігіне философиялық тұрғыда талдау жасалған. Әрі жаһандық өзгерістерге сай рухани жаңғыру үрдістерін қарастырған [10]. Бұлардан өзге «Қазақ диаспорасының заманауи эстетикалық және этикалық құндылықтары / Современные эстетические и этические ценности казахской диаспоры»: дөңгелек үстел материалдарының жинағы [11] мен студенттердің білімін тексеруге арналған оқу-әдістемелік құрал да кездеседі [12]. Сонымен қатар, биыл жарық көрген ұжымдық авторлар Б.К. Қалшабаева, М.Қ. Егізбаева, А.К. Бейсегулованың «Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: оқу құралы» атты еңбектерін атап өту керек. Бұл еңбекте қазақ диаспорасының қалыптасу тарихы мен зерттелу тарихнамасы қарастырылып, одан соң негізгі зерттеуі Моңғолия қазақтарына бағыттаған. Онда да, қазақтардың Моңғолияға келуі, шаруашылық жағдайы, қазақ арасындағы әкімшілк шаралары мен мәдени істері, Қазақстанға коныс аудару кезіндегі Моңғолия жерінде қалыптасқан саяси және басқа да үрдістердің қазақтардың қоныс аударуына әсері, сондай-ақ,

әр уақытта ата мекенге қоныс аударған Моңғолия қазақтарының саны мен қоныс тепкен мекендерін қарастырған [13].

Сонымен жоғарыда көрсетілген әдебиеттерден байқайтынымыз: шетел қазақтары туралы зерттеудің жүйесіздігі және әр түрлілігі. Одан соң көпшілік әдебиеттер материалдар жинағы немесе оқу құралдары іспеттес. Әрі географиялық тұрғыда зерттеу мүлде жоқ. Сондықтан экономикалық-әлеуметтік география ғылым саласы бойынша зертеу бүгінгі күннің басты қажеттілігі болып отыр. Осы ізденістер барысында, шетел қазақтарына байланысты зерттеулердің жеткіліксіз тұстарын пайымдадым. Оларды ашып айтар болсақ, төмендегідей:

– Шетел қазақтарын зерттеудің бір ізге түспеуі, жүйелілік пен ұйымшылдықтың жоқтығы;

– Арнайы зерттеу институттарының болмауы және отандық ғалымдардың ішінде бұл тақырыпқа баратындардың санаулы болуы;

– Жазылған дүниелердің көпшілігі Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы ұйымдастырған конференциялардың материалдары болып, кітап немесе монография түріндегі жұмыстардың өте аз болуы;

– Жазылған мақалалар мен материалдар түгелдей шетелдегі қазақтарды тек, тарихи, этнографиялық, саяси және мәдениеттану, эстетика, өнер, көші-қон мәселелері бойынша қарастырған. Оның үстіне бұлардың өзі де толық емес, әркім әр жерден бір іліп алып отырған;

– Жарық көрген еңбектердің көпшілігі Моңғолия, Қытай, Ресей, Өзбекстан елдеріндегі қандастарға арналған, ал Иран, Қырғызстан, Түркия қазақтары туралы өте аз, Еуропа қазақтары туралы жазылған дүниелер жоқ деуге болады;

– Әр елден келген ғылымдар тек өзі білетін ел жөнінде, тек өзі білетін тілде ғана жазған. Мысалы, Қытай мен Моңғолиядан келген мамандар өзі келген ел туралы қазақ тілінде жазса, Ресейден келгендер орыс тілінде жазады. Олар арасында бір-бірінің еңбектерін түсінісу мүмкіндігі аз;

– Шетел қазақтарының қоныстанған аймақтарының, мемлекетінің географиясы, шаруашылығының аумақтық орналасуы, халықтың экономикалық-әлеуметтік жағдайы және геосаяси маңызы мен рөлі туралы зерттеу мүлде жасалмаған.

Осы аталмыш олқылықтарды мүмкіндігінше тездетіп қолға алып, шетел қазақтары туралы кешенді бағдарлама әзірлеп, жан-жақтылы зерттеу жұмыстарын қолға алу керек. Мұндайға келгенде даңғаза жиындар мен пайдасы шамалы конференцияларға көптеп қаржы бөлетін билік орындары, ұлттық мүддеге байланысты тақырыптарға келгенде *«ойланып қалатын»* әдеті бар. Тіпті, бұл туралы Парламент Сенатының жалпы отырысында палата төрағасы ҚасымЖомарт Тоқаев елімізде халықаралық форумдар өткізудің жиілеп кеткенін айтып, Үкіметке құлаққағыс жасамады ма. Біздің, мейлі билік, мейлі ғалымдар мен саясаткерлер болсын, азаматтар болсын түсінер кез келді. Қазақстан Республикасы жер көлемі 2.724.900 шаршы шақырым болып, дүниежүзі бойынша тоғызыншы орында, әлемдегі ең үлкен ішкі құрылықтық ел. Халық саны 2013 жылғы бірінші қыркүйектегі мәлімет бойынша 17 млн 75 мың адамды құрап, жалпы есепте дүниежүзі бойынша 61-орында тұр. Халық тығыздығы 6,3 адам. Демек, 9:61 қатынасын, теріс пропорционалды 1:6,8 қатынасына жатқызуға болады. Бұл алаңдатарлық қатынас формасы. Оның үстіне Қазақстан геосаяси орны аса маңызды ел. Қазіргідей аумалы-төкпелі саяси-экономикалық жағдайда, ұлттық егемендікті сақтау мен нығайту бәрінен де маңызы, ұлы іс болып күн тәртібінде тұр.

Қазақта әлі күнге мәнін жоймай келе жатқан көп мақалдың бірі көп қорқытады, терең батырады – деген аталы сөз. Бұл сөз қашан айтылса да, бүгінгі күнде де өзінің дұрыстығын айналадағы көршілерден көрсетіп отыр. Сондықтан Қазақстан халқының, әсіресе қазақ халқының сандық үлесінің артуы ауадай қажетті сұраныс. Менің өзімнің есебімше қазақ жерінде саяси тұрақтылық, ел іргесінің бүтіндігі, экономиканың кеңістік тұрғыда тиімді орналасуы, инфрақұрылымның, көлік жолдарының, білім беру мен денсаулық сақтаудың ең кемелді кезін қалыптастыру үшін біздің ел халқы 50 млн. болуы тиіс. Үкімет жоспарында да

2050 жылы халық санын 25 млн-ға жеткізу межеленіп отыр. Осы игі бастамаға шетелдегі қандастардың елге оралуының тигізер септігі де мол екені даусыз. Әлемнің 40-тан аса еліне тарыдай шашыраған қазақ санына еліміздегі 11 млн 1 мың 739 қазақты қосқанда, жалпы дүниежүзі бойынша 15,5-16 млн қазақ бар деп есептеуге болады. Қазіргі Қазақстан халқының жылдық өсімі 200 мың адам деп санағанда 1 млн адамға өсу үшін 5 жыл шамасында уақыт керек болады. Егер 20 жылдан бері елге оралған қандастардың жалпы саны осы 1 млн адам екенін ескергенде, оралман аталып жүрген қандастардың келуімен Қазақстан халқының 5 жылдық табиғи өсімі оралмандар есебінен өсті деуге толық дәлел бар.

Статья Натсуки Оки, доктора PhD (Politics and International Studies), исследователя IDE «Заметки о миграционной политике Казахстана по этническому возвращению: изменение приоритетов и возрастающая дилемма» направлена на развитие дискусиий и критических комментариев [2]. Автор – член Японской ассоциации центральноазиатских исследований, Японской ассоциации политических сравнительных исследований, занимающейся проблемами казахстанской политики и национализма. Институт экономик развивающихся стран Японии (IDE) вносит свой вклад как ведущий центр научных исследований в области социальных наук развивающихся стран, выявляя проблемы, с которыми они сталкиваются. IDE распространяет результаты исследований в целях наилучшего понимания выявленных проблем, что обеспечивает интеллектуальную основу содействия сотрудничеству Японии и международного сообщества. В IDE создана Группа средневосточных исследований (Middle Eastern Studies Group) в составе Area Studies Center, которая провела исследование по казахстанской политике возвращения этнических казахов, отмечая положительные и отрицательные ее стороны, причины, побудившие Казахстан к реализации данной политики, нашедшие отражение в вышеназванной статье.

В статье «Заметки о миграционной политике Казахстана по этническому возвращению: изменение приоритетов и возрастающая дилемма» представлен анализ правовых аспектов политики возвращения этнических казахов в Казахстан. С момента обретения независимости

страна проводит активную деятельность в поисках связей с казахской диаспорой, распределение квот на количество казахских иммигрантов, имеющих право на получение от государства финансовой помощи. Исследователь показывает динамику изменения политики этнической миграции за годы независимости, сосредоточив основное внимание на изменения в миграционном законодательстве в конце 2000-х годов и в начале 2010-х годов. Она считает, что изменения в миграционной политике связаны с жанаозеньскими событиями. В дискуссионном материале Н.Оки выделены две ключевые цели миграционной политики Казахстана: укрепление казахской этничности, основанного на идее нациестроительства, поощряющей возвращение этнических казахов, проживающих за рубежом, и формирование трудовых ресурсов для экономического развития государства [2, p. 1].

Ожидалось, что этнические казахи-иммигранты должны стать политически и культурно идеальными гражданами своей исторической родины. На практике оказалось, что интеграция казахских эмигрантов в местное сообщество не было легким, и их репатриация создала новые проблемы в неокрепшем экономически казахстанском обществе.

Японский исследователь называет и анализирует причины проблем социально-экономической и культурной адаптации оралманов. Во-первых, местное население часто расценивает оралманов как «других», «не аутентичных» казахов, которые длительное время прожили под влиянием различных культур и других социально-экономических условий. Поэтому принять доминирующий язык, культуру и новые социально-экономические условия для оралманов становится сложным процессом. Во-вторых, местные жители, проявляют недовольство, обусловленное тем, что в трудных экономических условиях страны, при явном наличии безработицы, коррупции и т.д., оралманы имеют большие преимущества для их социально-культурной адаптации.

В-третьих, с точки зрения других национальных меньшинств, государство должно гарантировать равные права для всех, независимо от национальности, поэтому политика возращения этнических казахов не должна давать привилегий для казахских репатриантов в ущерб другим национальным меньшинствам.

По ее мнению, сложность вопроса культурной ассимиляции в Казахстане заключается в том, что казахская диаспора за рубежом, а также казахи у себя на родине в течение 70 лет советской власти испытали языковую и культурную трансформации. Тогда сформировались русскоговорящие и казахоговорящие казахи [3]. Для некоторых казахов, в основном в городах, русский стал основным языком, многие получили образование почти исключительно на русском языке.

Она выделяет две группы казахов-репатриантов: казахи, проживавшие на территории Советского Союза, и казахи, проживающие в дальнем зарубежье. Эти две группы имеют определенные различия в ментальности. Казахов, проживающих в дальнем зарубежье, местному населению сложнее принимать за «своих», даже основываясь на общих этнических корнях.

Всесторонне изучая политику возвращения этнических казахов в Казахстан, она изучает не только законодательные и другие нормативные правовые документы, но и проводит опрос оралманов, уже проживших несколько лет в Казахстане. По мнению оралманов, даже сельские казахоговорящие, достаточно русифицированы, и живут воспоминаниями советского прошлого в смысле «дружбы народов».

Американский эксперт Ал. Динер оперирует термином «Kazakhness», который на русский язык можно перевести как «быть казахом» или «казахскость», чем часто, по словам американского автора, похваляются оралманы. Ал. Динер также считает, что данное обстоятельство становится причиной определенной натянутости отношений между местными казахами и оралманами [4].

Зарубежная аналитика полагает, что существующий и возрастающий разрыв между богатыми и бедными, и складывающиеся натянутые отношения между местным населением и оралманами в будущем будут только возрастать.

Отсутствие политической силы, выступающей против репатриации, создает благоприятные условия для ее продолжения и продвижения. Тем не менее, политика возвращения этнических казахов из-за рубежа теряет свой приоритет в политической повестке. Это связано с тем, что титульная нация в Казахстане стала представлять большинство по численности. Японская исследовательница считает, что в последние годы помощь возвращенным и возвращаемым этническим казахам стала социальным и экономическим бременем для правительства. Но казахстанское государство полностью не откажется от этой политики, провозглашенной в начале своей независимости.

Вместе с тем, если правительство решиться на прекращение данной политики, это вызовет незамедлительную критику со стороны казахских националистов. С другой стороны, нестабильность в обществе будет расти, если будут прибывать новые иммигранты с дальнего или ближнего зарубежья, это будет создавать новые проблемы с еще нерешенными проблемами уже прибывших репатриантов.

Статья турецкого эксперта И. Боннефанта «Создание Родины: казахстанский дискурс и политика по возращению этнических казахов» представляет теоретический и практический анализ по миграции этносов на историческую родину, которая в значительной степени определяется и контролируется самим принимающим государством посредством реализации иммиграционной политики и политики предоставления гражданства [5]. После распада Советского Союза и образования новых независимых государств в постсоветской Центральной Азии появилось новое направление в политике «homeland stances». Положительная сторона его статьи заключаются в том, что он оценивает данную политику как ответственность государства и за граждан, проживающих в настоящее время в Казахстане, но и за казахскую диаспору, проживающей за рубежом. А также за оралманов, уже прибывших и проживающих на территории Казахстана. Государство проводит мониторинг защиты прав и интересов оралманов.

Он полагает, что дискурс политической и культурной элиты направлен на выделение этнических и историко-культурных корней с казахской диаспорой, проживающей за рубежом. При этом государство активно использует СМИ, особенно казахоязычные. Апеллируя при этом, например, к истории Казахстана, его колониальному прошлому в составе Российской империи и Советского Союза.

Турецкий эксперт И. Бонненфант оценивает вклад Президента РК Назарбаева в создание и развитие политики возвращения этнических казахов, и считает, что Глава страны предостерегает от ошибок обвинения других народов, проживающих в республике за то, что произошло с казахами в прошлом. Таким образом, он дистанцирует от появления националистических настроений русских и других национальных меньшинств Казахстана, проявляя осторожность, постоянно ища этнический баланс и равновесие в многонациональном государстве, что удается.

Образ Родины, созданный руководством Казахстана, особенно в первые годы, был довольно оптимистичный, представляемой как идеальное место для тех, кто планирует вернуться в страну. Турецкий исследователь, как и японская исследовательница, считает, что оралманы сталкиваются со многими проблемами интеграции, что часто приводит к развитию негативного представления о родине. Причины этих проблем разнообразны, а некоторые не имеют ничего общего с государственной программой оралманов как таковой. Становится ясно, что некоторые проблемы возникают из самой программы. К ним относятся недостатки в правовой и институциональной базе, несмотря на деятельность Всемирной ассоциации казахов и Всемирного курултая казахов, отсутствие достаточной координации между центральными и местными органами власти, и с коррупцией на всех уровнях.

С другой стороны, он выделяет факторы, связанные с самими мигрантами, например, их образование и отношение к местному населению, существующими социальными и экономическими проблемами. А оралманам кажется, что это является недостатками политики правительства и ее реализации.

В его статье нашли отражение вопросы социально-экономической и культурной адаптации оралманов. Он полагает, что такие проблемы, как жилье, безработица и язык являются препятствием интеграции вновь прибывшей казахской диаспоры в социально-экономическую жизнь Родины.

Жилищные проблемы являются одним из наиболее актуальных проблем возвращающихся мигрантов. Проводя анализ жилищной политики для оралманов, он пишет, что не вошедшие в квоту не имеют права на получение какой-либо государственной помощи для временного или постоянного жилья. Для тех, кто включен в квоту, государство предоставляет финансовую помощь, но эта сумма не является достаточной для приобретения жилья даже в сельской местности.

Другой важной проблемой является безработица. Оралманы сталкиваются с проблемами трудоустройства из-за несоответствия или недостаточности их квалификации, незнания русского языка. В целом, анализ миграции этнических казахов турецкого исследователя совпадает с анализом японского исследователя Н. Оки.

По мнению И. Бонненфанта, оралманы становятся свидетелями фактической языковой ситуации на Родине, когда положение их родного языка способствует общему разочарованию вернувшихся мигрантов, где они иногда должны изучать другой язык, то есть русский язык.

Складывающаяся сложная ситуация с политикой возращения казахской диаспоры усиливается негативными настроениями большинства местных жителей, независимо от того, являются ли они частью титульного этноса или нетитульных этносов, которые проявляют недовольство по отношению к оралманам, имеющим преимущества перед ними в контексте получения государственной поддержки.

Зарубежная аналитика проводит анализ возращения этнических немцев и евреев на протяжении почти полувека соответственно в Германию и Израиль. В этих государствах были разработаны специальная политика и программы, хорошо продуманные и утвержденные законодательно и закрепленные институционально, как и в Казахстане. Эти политики также имели положительные и отрицательные стороны, особенно в части интеграции репатриантов, несмотря на предоставление специальных льгот для обеспечения социально-экономической интеграции иммигрантов. Следует учитывать то обстоятельство, что экономики Германии и Израиля были сильными на момент реализации программы репатриации. И здесь зарубежная аналитика вполне объективно называет причину удач и неудач казахстанской политики в отношении оралманов, с чем можно вполне согласиться. Казахстан начал политику возвращения этнических казахов сразу после обретения независимости, в трудный экономический период, когда экономика страны была еще слаба, т.е. в ее переломный период. Казахстан – многонациональное государство, титульная нация которого на момент обретения страной независимости была малочисленной. Данное обстоятельство, по мнению зарубежных экспертов, побудило правительство начать политику возвращения этнических казахов как один из инструментов увеличения этнического состава страны и легитимации территории. По мнению зарубежной аналитики, Казахстан планировал, что репатрианты станут подлинными гражданами независимого Казахстана, показывая, что определение национальной принадлежности и гражданства основано не на территориальной принадлежности, а на кровных связях, на казахской этничности в стране. Данное обстоятельство может вызвать дискуссию по вопросу, что есть этничность и гражданство для государства.

Таким образом, Казахстан, как новое независимое государство, имеющее определенные проблемы в политическом, социально-экономическом развитии и нациестроительстве, проводя одновременно политику возвращения этнических казахов, по мнению зарубежных экспертов, столкнулся с дополнительными проблемами, поэтому сделал вопрос главной темой публичных дебатов. С другой стороны, он не может отказаться от этой политики, чтобы не вызвать недовольство казахских националистов. Он будет ее продолжать, но с четким и строгим соответствием установленной квоты.

Литература

1. Brubaker, Rogers. Nationalism reframed: nationhood and national question in the New Europe. Cambridge: Cambridge University Press, 1996.
2. Oka, Natsuko. A Note of Ethnic Return Migration Policy in Kazakhstan: Changing Priorities and A Growing Dilemma // IDE Discussion Paper. 2013. March.
3. Dave, Bhavna. Kazakhstan – Ethnicity, Language and Power. London: Routledge, 2007.
4. Diener, Alexander C. One Homeland or Two?: The Nationalization and Transnationalization of Mongolia's Kazakhs. Stanford: Stanford University Press, 2009.
5. Bonnenfant, Isik Kuscu. Constructing the Homeland: Kazakhstan's Discourse and Policies Surrounding Its Ethnic Return-Migration Policy // Central Asian Survey. 2012. N 3.

АДАПТАЦИЯ ОРАЛМАНОВ В ОСНОВОПОЛАГАЮЩЕЙ СФЕРЕ ЖИЗНЕОБЕСПЕЧЕНИЯ

Шалманова А.Б.

Управление культуры, архивов и документации Актюбинской области, Актобе

Данная публикация носит предварительный характер и основана на материалах авторского обследования этнокультуры мигрантов-оралманов, ныне проживающих в ряде районов Республики Казахстан, а также с учетом данных, полученных в ходе работ в составе Монгольской комплексной этнографо-этноархеологической экспедиции Отдела этнологии ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК. Исследование современной культуры «оралманов» нами, в основном, осуществлялось на территории Актюбинской и, отчасти, Алматинской областей РК.

Этнические казахи, возвращающиеся из Монголии в Казахстан, сталкиваясь с казахстанскими реалиями, по-разному адаптируются в новых условиях. Изменения в традиционно-бытовой культуре у вернувшихся на историческую родину наиболее ярко прослеживаются в материальной сфере.

В условиях рыночной экономики и урбанизации трансформации подвергается хозяйство казахов-репатриантов, основу которого составляло прежде, на территории Монголии, полукочевое скотоводство. При стойловом скотоводстве оралманы как и местные казахи заготовливают корма на зиму, что было достаточно слабо развито в стране исхода.

Традиционные формы жилища и предметы кочевнического и полукочевнического быта, характерные до сих пор для казахов Монголии, теряют в Казахстане свою актуальность. Оралманы, не видя уже потребности жить в юрте (*киіз үй*), которые были ими привезены из Монголии, используют, например, раздвижные секции основания кочевого жилища – *кереге* – в качестве ограждения для различных загонов, огородов и т.п. В некоторых случаях, юрты продаются коммерческим организациям для использования их на празднике Наурыз, становятся музейными экспонатами или сдаются в аренду для семейных мероприятий. Юрты снаружи и внутри уже не украшаются различными орнаментированными изделиями из войлока, аппликациями, плетеной узорчатой бахромой. По словам респондентов, не используемое войлочное покрытие постепенно приходит в негодность. Войлок съедает моль *(ақ көбелек)*. Ранее использованные в Монголии тканые и вышитые изделия *(тұскиіз, бау, басқұр, төсекаяқ)* не находят применения в стационарных многокамерных домах оралманов. Их хранят, используют в подсобных помещениях или тоже сдают в музей.

Следуя современным (уже казахстанским) тенденциям моды, оралманы из Монголии не используют былую традиционную и прежде привычную мебель – например, *асадал, ағаш кереует (төсек ағаш), әбдіре, кебеже, жүкаяқ* – в современном быту, кроме сундука *(сандық)*, который входит в состав приданого невесты. Вместе с тем, среди сельчан-

оралманов достаточно широко бытуют низкие «национальные» столики прямоугольной или круглой формы, что уже является казахстанской традицией.

Также и элементы традиционной одежды, такие как *елтірі ішік, пұшпақ тымақ, түлкі тымақ и др.,* которые и поныне не потеряли своего функционального назначения среди казахов Монголии, не сохраняются у оралманов. По словам информаторов, в 1990-е гг. казахи-репатрианты еще носили тулупы, шапки-ушанки, сшитые сапоги, но теперь они уже вышли из употребления. Прибывающие же в последние годы из Монголии этнические казахи (где-то с 2000-х) уже не носят традиционную одежду. Здесь следует отметить, что и в самой Монголии, в Баян-Ольгийском и др. аймаках (среди казахов), потребности на них в городской, поселковой местности, в основном, нет. Но, как известно, в Казахстане имеется интерес к другим формам национальной одежды. В частности, это зримо проявляется в свадебном костюме. Поэтому в среде оралманов во время свадьбы у невесты *(қыз ұзату)* многие из них надевают головной убор *сәукеле, кәжекей* и др. Женщины-«оралманки» в сельской местности носят платок *(орамал)*, завязываемый под затылок, в основном во время работы в домашнем хозяйстве.

Необходимо отметить, что наименьшие изменения в повседневной культуре казахов-оралманов наблюдаются в такой сфере жизнеобеспечения как пища. Исконные блюда национальной казахской кухни по-прежнему признаются наиболее полезной и вкусной пищей. Хотя привычный ассортимент продуктов домашнего стола у казахов из Монголии заметно расширился в пользу овощей, фруктов и мучных изделий.

В Казахстане оралманы в зависимости от своего материального положения заготавливают мясо впрок *соғым* по-разному. Некоторые покупают мясо (1/4 часть или половину туши крупного рогатого скота) или режут специально для этого содержавшийся на откорме крупный рогатый скот. Сезон «соғыма» – заготовки мяса в отдельных регионах Казахстана начинается по-разному, в зависимости от наступления сильных холодов. В южных районах (Алматинская обл.) соғым начинается достаточно поздно: в конце декабря – начале января; в западных и северных районах: в конце ноября – начале декабря. Как известно, холодное время года – это благоприятный сезон для хранения большого количества мяса [1; 2].

Если говорить о повседневных блюдах наших оралманов, то к ним относятся плов, жареная картошка с мясом или без, борщ, лапша, суп на мясном или курином бульоне, котлеты с гарниром, манты, голубцы. При приготовлении блюд широко используются макаронные изделия, гречка, рис, картофель. В отличие от Монголии, хлеб употребляется довольно часто, ежедневно. Его пекут в домашних условиях либо покупают в магазине.

При приеме гостей подается традиционное казахское блюдо *ет* (мясо по-казахски), бауырсаки, разные салаты, фрукты, по случаю праздников и спиртные напитки, соки. Любителям традиционных видов напитков специально покупается кумыс, шубат.

Традиционные способы приготовления молочных продуктов среди мигрантов-оралманов изменились. При приготовлении твердого сыра (*құрт*) вместо цельного молока используется «обрат», т.е. обезжиренное молоко. Для этого обрат наливают в эмалированную посуду и ставят на солнце на сутки; если же стоит прохладная погода обрат выдерживается 2–3 дня. После самопроизвольного свертывания молока в теплом месте получившийся творог *(ірімшік)* кладут в полотняный мешок, чтобы вытекла сыворотка кислого молока *(сарсу)*. На следующий день творог кипятят в казане на медленном огне. Затем готовую массу перекладывают в тот же мешок и сверху кладут груз для тяжести. Через день курт разрезают с помощью нитки на маленькие куски квадратной формы и сушат, накрыв марлей, на навесе – *өре*.

Сливки *(қаймақ)* получают из свежего коровьего молока, которые отделяют сепаратором. Традиционный способ изготовления масла *(сары май)*, используемый в Монголии, в Казахстане также не применяется. Масло получают из сливок, сбивая его круговыми движениями в просторной посуде с высокими бортами. Традиционный способ хранения масла в специально обработанном и высушенном желудке овец или коз *(қарын)*

также не используется. Масло хранится в морозильнике в полиэтиленовых мешочках или полимерной таре (баклажках) из-под прохладительных напитков. Масло подсаливают в целях лучшей его сохранности. Свежее молоко также сквашивают, приготовляя *айран*. Айран готовят в домашних условиях. *Көже* как прохладительный напиток готовится летом. Пьют его охлажденным в жаркие летние дни.

Казахи-оралманы под влиянием местного населения используют приусадебный участок под огород, который удовлетворяет нужды семьи в овощах. Картофель стал важной составляющей рациона казахов-репатриантов из Монголии. На зиму заготавливают салаты из овощей, варенье из абрикосов, клубники, малины, вишни, яблок, сливы и др. фруктов и ягод.

Казахи-репатрианты уже не используют кожаную, деревянную утварь и посуду; а привезенные ими первоначально кожаные бурдюки *(саба),* деревянные ведерка *(көнек),* блюда *(ағаш табақ)* и др. стали музейными экспонатами.

Мастера-ремесленники из среды оралманов стремятся участвовать в конкурсах по декоративно-прикладному искусству различных уровней. Свои навыки оралманы применяют и в предпринимательской деятельности. Наш информатор учитель Кобдинской школы-гимназии, руководитель кружка «Қолөнер» Тіршілік Аятхан проживает в с. Кобда Кобдинского района Актюбинской области. Он изготавливает различные традиционные казахские кожаные изделия. Свои умения в обработке шкур Тіршілік передает своим ученикам на уроке «технологии». Местные исполнительные органы всячески поддерживают народное творчество, прикладные виды искусства, которыми владеют многие оралманы, организовывают мастер-классы, конкурсы-фестивали.

Источники

1. ПМА–2007 (Актюбинская область, Айтекебийский район, с. Акколь).
2. ПМА–2008 (Алматинская область, Жамбылский район, с. Узынагаш).
3. ПМА–2014 (Актюбинская область, Кобдинский район, с. Кобда).

РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Шерімбетова З. С.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Қарағанды

«Қазақ диаспорасы» құбылысы соңғы уақытта елімізде әлеуметтік, гуманитарлық зерттеулер объектісіне айналуда. Бұл үрдіс көптеген тарихи дүниетанымдық мәселелерді нақты ғылыми тұжырымдауға мүмкіндік береді, этникалық ауқымды бағдарларға теориялық сипат жасауға негіз болады.

Шашырап жүрген отандастарымыздың үлкен бір бөлігі – Ресей жерінде мекендейді. Қазіргі кезде өз этникалық тарихы патшалық Ресей империясының отарлық экспансиясымен байланысты. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұланғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз тәрік, тіліміз ғаріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз мұсылман халге ұшырадық» деуінде үлкен мән жатыр [1, 44-б.].

Ресей территориясынының кейбір өлкелерінде біздің жыл санауымызға дейін-ақ скиф, сармат тайпаларының тұрағы, кейіннен ғұн, түркі тайпаларының ата мекені болды. Бұған археологиялық қазба деректермен сол дәуір ескерткіштері – тас мүсіндер, жер-су атаулары дәлел бола алады. Мысалға, жоғарыда атап өткендей, XI ғ. Орынбор өлкесінде қыпшақтар

үстемдік құрды. Осы мәліметтерді негізге алсақ Орынбор қазақтарының автохтонды, өлкенің ежелгі тұрғындары екендігі күмән тудырмайды.

Қазақтардың Еділ – Орал өзендері арасы территориясында көшу мәселесі қазақстандық, және де ресейлік тарихнамадағы зерттеліп бітпеген мәселелердің бірі. Негізгі себеп – әсіресе, ресейлік XV ғ. – XVIII ғ. басындағы мұрағаттық деректердің жетіспеушілігі. Және де бұл кездейсоқ емес, Қазақстан туралы Ресей империясындағы мұрағаттық құжаттардың көбісі бақыланды, негізінен, XVIII ғ. 30 жж. қазақ жерінде патша үкіметі орнағаннан кейін. Мұрағаттық материалдар мәліметтері мазмұны әскери бекіністер салу кезеңінде патша үкіметі жаулап алған қазақтардың өз жерлеріне шабуыл жасаудан қорғауға байланысты алаңдаумен байланысты.

XIV–XV ғғ. өмір сүрген атақты Асан қайғы, көбінесе қазақ хандығы негізін салушылардың бірі Әз Жәнібек XV ғ. екінші жартысында Еділ өзені аймағына көшіп келгені туралы айтады:

Еділ деген қиянға,
Енкейіп келдің тар жерге.
Мұнда кеңес қылмасаң,
Кеңестің түбі нараду... [2, 46-б.]

Сонымен қатар ақын мал шаруашылығына ыңғайлы бай өлке туралы суреттейді:

Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласан,
Бірін қысқа қыстасан
Ал, қолыңды маларсың,
Алтын менен күміске... [2, 46-б.]

Айтқандай, қазақ халқы тарихын зерттеуші М. Тынышпаев, Әз Жәнібек белгілі ойшылды тыңдамай Қырым жаққа қарай көшіп кетіп, өзінің ұстанымдарын бекіткені туралы айтады. Бірақ, ол Ресей территориясында қазақ болады. XV ғ. өмір сүрген енді бір қазақ жырауы Қазтуған Сүйінішұлы, Еділ мен Жайық өзендері аралығы тумасы, өзінің туындыларында туған жерін мадақтайды:

...Жайылып мың қой болған жер...
...Балығы көлге жылқы жаптырмас...
Сөйткен менің Еділім... [2, 55-б.]

Немесе ол өз жерінің сұлулығын осылай суреттейді:

Қайран менің Еділім...
...Менен қалған мынау Еділ жұрт... [2, 29-б.].

Жыраулардың есімдерін айта келе, Еділ аймағындағы оқиғалар куәгері – Шалкиіз Тіленішұлы туралы айтпай кетуге болмайды, ол да өзінің туған жерінің сұлу табиғатымен таныстырады:

Еділден аққан сызашық
Мен көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді... [2, 67-б.]

Келесі жырау Доспанбет, ата-бабалары Дон өзені төменгі ағысында көшіп жүрген Кіші жүзден шыққан, былай жазды:

Айналайын, Ақ Жайық
Ат салмай өтер күн қайда? [2, 68-б.]

Қазақ фольклорының осы үлгілері қазақтар XV–XVI ғғ. Еділ мен Жайық өзендері бассейндерінде өмір сүргеніне дәлел болады.

Біз қолданған фольклорлық шығармалар қазіргі заман зерттеушілерінің ұстанымы мен көзқарасына қайшы келмейді. Заманауи қазақстандық зерттеушілердің бірі Б. Ермұханов көбінесе мынаны белгіліп көрсетеді: ибн-Рузбихан өзінің 1509 жылы жазылған «Бұхаралық қонақ жазбалары» еңбегінде қазақтардың жазғы жайылымдарға көшіп, Еділ өзеніне дейін барғаны туралы айтқан [3, 27-б.].

Қазақстанның солтүстік–батыс бөлігінде осы мекенді ежелгі дүниеде Сыр даласы мен Жетісу өңірін мекендеген скиф және сармат (немесе свромат, сайрима) тайпалары жайлап,

мың жыл бойына ат тұяғының дүбірі астына алады. II ғасырдан белгілі Жайық гидронимінің этимологиясын талдай келіп, бұл маңда түркі тайпалары сол кездерде-ақ мекен еткендігі ғылыми-зерттеу еңбектерде дәйекті дәлелденген [3, 44-б.].

II–IV ғ. Орынбор өлкесіне Азиядан қоныс аударып келген ғұндар, түркі тайпалары келіп қосылды. Ғұндардың сонын ала VII–X ғғ. Азиядан басқа түркі тайпалар – печенегтер мен половецтер келіп қосылып, олар әдетте, соңғы келгендері бұрын келгендерін батысқа қарай ығыстырумен болды [4, с. 58]. Міне, осы деректерді негізінен ала отырып қазақтардың ата-бабасының Орынбор өлкесіне қоныс ете бастауын осы XI ғ. жатқызуға болады.

Батыс Қазақстан жерін мекендеген негізінен кіші жүз қазақтарының тарихына қатысты зерттеу еңбектерде де қазақ тайпаларының белгілі бір геогафиялық аймаққа табан тіреп орныға бастауын осы IX ғ. ортасына жатқызады [5, с. 27].

XVI ғ. бас кезінде Орынбор губерниясының солтүстікке қарайтын көпшілік жерін негізінен башқұрттар мекен етіп, ал оңтүстік-шығысқа қарай ұлан-байтақ жерлерде қазақтар көшіп-қонып жүрген. XVI ғ. ортасына қарай өзара қырқысудан әлсіреген башқұрттар солтүстікке ығысып, осы сәтті пайдаланған қазақтар шөбі шүйгін шұрайлы жер қуалап башқұрттар солтүстікке ығысып, осы сәтті пайдаланған қазақтар шөбі шүйгін шұрайлы жер қуалап башқұрттардан босаған жерлерде келіп орныға бастайды. Жайылымдық жер қуалай солтүстікке қарай жылжыған қазақтарға тойтарыс беруге шамалары келмеген башқұрттар Орынбор өлкесінің орманды, тау алқабына қарай беттеп ірге көтерді [6, 38-б.].

XVI ғ. өзінде қазақтардың осы аймақта болғанының тағы бір айғағы – башқұрттардың Ресей азаматтығын алудың басты себептерінің бірі болған түркі тілдес және туыстас халық – қазақтардың шабуылынан қорғану болып табылады. Сонымен қатар, башқұрттар жері территориясында бекіністер салудың ресми себептерінің бірі, башқұрттарды тоқтатудан басқа, оларды «қырғыздар шабуылынан» қорғау. Осы мақсатпен мына ресейлік бекіністер салынған: 1554 ж. – Бирск, 1574 ж. – Уфа, 1584 ж. – Мензелинск, 1658 ж. – Челябі [7, с. 72]. Бекіністер салынған территориялар бойынша сол кезеңдегі қазақтар мен башқұрттардың мекен ету шекараларын анықтауға болады.

XVI ғ. 70 жылдарының басында Левшиннің айтуынша, Строгановтар мен қазақтар арасында Оңтүстік Орал аймағында сауда байланыстары орнатылды. «Қазақ ордасымен» алымсыз сауда үшін патшаның 1574 ж. 30 мамырдағы грамота бергені туралы дерек бар [8, с. 156]. Патша тарапынан күшті әскери топтың болмауы Строгановтарға қазақ жеріне терең бойлауға мүмкіндік бермейді.

Қазіргі замандағы зерттеушілердің бірі Д. Ескекбаевтың сөзіне қарағанда, XVI ғ. басында қазақтар Орынбор губерниясының оңтүстік бөлігінде көшіп жүрді және осы ғасырдың орта кезеңінде ғана башқұрттарды солүстікке қарай ығыстыра алды, бұл оларға губернияның орталық аудандарына да өктемдік жасауға мүмкіндік берді [7, с. 51].

Сонымен, Орынбор губерниясы территориясында қазақтар XVII ғ. көшіп жүрді, бұл туралы осы өлке зерттеушісі Алекторов жазды: «... Орынбор губерниясының шегі (1883) XVII ғ. басында орыс тұрғындармен қоршалды; губерниясының ортасында да орыстар болды; негізі бұл жерде башқұрлар, қырғыздар мен татарлар өктемдік етті» [9, с. 11] .

Орынбор өлкесінің тағы бір зерттеушісі Севастьянов, XVII ғ. мұрағаттық материалдарды негізге ала отырып, Жайық казактарының Утва өзенінің екі жағалауында да қазақтармен «қырғындар» болып тұрды. Орынбор бағыты құрылғанға дейін қазақтар орыс халықтарды тұтқынға алып, Хиуаға сату үшін апарғаны туралы казак Михаил Бородин мәліметтерінен көре аламыз. Бұл жағдайда қазақтардың түркітілдес көшпелілердің көшіп жүру бағыттарын жаулап алғанына көңілдері толмады [7, с. 73].

Ресей Министрлер Комитетінің «Жалпы қоныс аудару сұрақтары бойынша Сібірді отарлау» жұмыстары туралы Канцелярия баспаларының бірінде былай деп жазылған: «... жалпы 17 жылдық ішінде орыстарға оңтүстік бағыттағы, Еділден Алтайға дейінгі жерлердегі көшпелілердің шабуылдарын үнемі көрсетуге тура келеді...». Бұл жерде патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы шабуыл жасауға итермелейтін қазақ халқы туралы айтылады [7, с. 73].

Қазақтардың үздіксіз шабуылдарының басты себебі, олардың көшіп-қону ареалын тарылтқан әскери бекіністер салуға қарсылығы еді. Кейбір жаңа ресейлік зерттеушілер жазғандай «олардың ұрлыққа деген табиғи бейімділігі» емес. Мысалы, Орынбор қаласы зерттеушілерінің бірі П. Н. Столпнянский айтқандай қазақтардың Ресейдің қазақ жеріне жақын аудандарына үздіксіз шабуылдарының себебі: «... Орынбор губерниясының барлық жері бұрын қырғыздардан тартып алынғанын ұмытпауымыз керек, оның жерлері шаруалар мен казактарға бөліп берілді, бұл осы жерлердің нағыз иелері қырғыздар мен башқұрттар мүдделеріне қарама-қайшы келді». Тағы бір еңбегінде ол былай дейді: «Орынбор қаласы осы өлкенің бұрынғы иелері молалары үстінде салынған, башқұрттар мен қырғыздардың патшалығы орыстардың билігімен алмастырылды» [6, 84-б.].

Ол туралы Қазақстан казактары тарихын зерттеушілердің бірі М. Ж. Абдиров оралдық казактарға қазақтар шабуылының негізгі себептерінің бірі деп жазды. Оның ойынша XVII ғ. аяғында – XVIII ғ. басында 150 жылға созылған қанды қазақ-казак соғысы басталды. Ата-бабалары ғасырлар бойы Жайық өзені маңында өмір сүрген қазақтар казактардың өзенге деген «заңды құқықтарын» мойындамады [10, с. 53].

Көріп тұрғанымыздай, осы кезеңде қазақтардың шабуылдарының басты мақсаты казактар қалаларын жою және Жайық өзені бассейнінен казактарды ығыстыру. Осы жерге XVII ғ. 20 ж. қалмақтардың келуі қиын жағдайды одан сайын шиеленістірді.

Қарапайым көшіп-қону мен шабуылдардан басқа қазақтар башқұрттардың ұлт-азаттық көтерілістеріне белсене қатысты. Мысалы, 1662 жылғы Сеит бастаған атақты башқұрт көтерілісі. Қазақтардың белсенді қатысуымен бұл көтерілістер Орынбор өлкесінің орыс емес халықтарын біріктіріп топ құрып аймақтағы патшалық үкіметтің әскери-саяси құрылысының кеңейтілуіне қарсы көпұлтты қозғалыстарға ұласты. Алекторовтың сөзінше: «...башқұрттар біресе қырғыздармен, біресе қазандық және сібірлік татарлармен, қалмақтармен бірігіп Уфаны жағалады. Қазақ уездерін тонады, мекендер мен егістерді өртеді, тұрғындарды өлтіріп, тұтқынға алды. Верхотурья, Тюмень және Кунгурға дейін жетті. Бұл қақтығыс 5 жылға созылды...» [9, с. 12].

1676 жылы орыс емес халықтардың біріккен күші Закамский бағытына тағы шабуыл жасады. Олар бірнеше қалалар, бекіністер мен мекендерді талқандады. Қазан уезін басып кіріп, олар тұтқындарды Қырғыз даласы арқылы Жоңғар еліне сатуға жіберді» [9, с. 47].

Ішкі Істер Министрлігі Кеңесінің статистика бөлімі өкілдері мәліметі бойынша, қазақтардың Саратов губерниясы территориясында пайда болуы туралы «...Саратовтың Еділ жағалауының шығыс және оңтүстік бөлігінде қырғыз-қайсақ ордалары XVII ғасырға дейін көшіп жүрді» [7, с. 74].

Олардың пайда болуы бейбіт түрде болмады. Мұны «Саратов губерниясының Еділ жағалауы өлкесінің тарихи-статистикалық сипаттамасын» құрастырушылар былай суреттейді (1839 ж.): «...ордалықтардың жауыз шабуылдары туралы аңыздар халық есінде және ол туралы үнемі айтып жүреді, егінжайға барғанда ол жақын болса да қару, балта алып баратын уақыттар да болды, себебі олар қоңырауханада және қорғандарда кезекпен аңдып отырады. Көрсе бірден шабуыл жасайды, халық үйге қарай емес, себебі онда пана таба алмайды, орманға қарай қашады, себебі жиған азықтардың бәрін жазда сонда апарып тастайтын болған. Жаулар орманға кіре алмайды, себебі найза және қылышпен ғана қаруланған олар торуылдан қорықты». Көріп тұрғанымыздай, Саратовтық өлке туралы мәліметтерден де Ресейдің әскери-отарлық саясаты салдарынан соларға өтіп кеткен өздерінің бұрынғы жерлерінен айырлығысы келмейтінін көреміз. Шынымен де, Қазан және Астрахан хандықтарын жойғаннан кейін, патшалық башқұрттардың, қазақтардың басқа да жерлерін жаулап алуға кірісті [11, 142-б.].

1691 жылы қазақтар Куртамыш слободасына шабуыл жасады.

XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басында Кіші жүзде хандық билік әлсіреген соң, қазақтардың өзінің көршілері, Ресей қол астындағылар – башқұрттармен, қалмақтармен, казактармен өзара шабуылдар жиіледі. Шекара маңы бекіністері мен мекендеріне шабуылдар жасаумен Әбілқайыр қол астындағылар, тіпті Тәуке хан қол астындағылар ерекшеленді: 1708 жылы

Тәуке ханның кезекті башқұрттық көтерілістерінің бірінде, қазақтар мен қарақалпақтардан құрылған 20 мың әскерімен Уфа маңына дейін келді. Оның Ресейге деген қатынасы бейбіт түрде болмағанын көруге болады [11, 150-б.].

1709 жылы ішкі жақта қазақтар Ресейдің Сызрань қаласына бағыт алып бара жатқан үлкен казак жүк керуенін басып алды [12, с. 86] .

1711 жылы 16 мыңдық қазақ жасағы Яицкий қалашығына бет алған нан жүк керуенін тонады, тұтқынға түскен 300 казак Хиуға құлдыққа сатылып жіберілді [12, с. 87].

1713 жылы қарақалпақтар мен қазақтардан біріккен 800 адамнан тұратын жасақ Сызраньнан нанмен қайтып келе жатқан казактарға шабуыл жасайды, кейбірі өлтіріліп, кейбірін тұтқындап далаға алып кетті [12, 88-б.].

Ресейдің түбіндегі жорықтардың бастаушыларының бірі Кіші жүздің атақты ханы Әбілқайырда болды. Мысалы, 1717 жылы оның қол астындағылар Ресейдің Қазан территориясына еніп, Новошемшинск қаласына дейін жеткен. Олар бұл қаланы басып алып, талқандады [12, с. 88].

Қазақ – орыс дипломатиялық қарым-қатынастары нашарлағанда, 1717–1718 жж. атақты оқиғаларды айтқанда Ресейден шыққан татар Сеит пен оның немере інісі Әбдірахман Таукен бастаған қазақ – қарақалпақ біріккен жасағының Қазан уезіне шабуылы туралы айтпай кетуге болмайды [12, с. 89].

1718 ж. 20 мың әскері бар қазақ пен қарақалпақ жасағы Яицк қаласын бір ай бойы қоршауда ұстады [4, с. 59].

XVIII ғ. 20 ж. Әбілқайыр әскері Яицк қаласын бірнеше рет қамауға алды.

1723 ж. 300-ден астам қазақ пен қарақалпақ Яицк қалашығының түбіне келіп, бес казакты тұтқындап, малдарын айдап әкетті [4, с. 97].

1723–1724 жж. аралығында Әбілқайыр әскері Еділ мен Жайық арасындағы барлық территорияны жаулап алды. Бұған жоңғарлардың қазақтарды башқұрт мен қалмақ жерлеріне ығыстыруы болды [4, с. 98].

Көріп тұрғандай, қазақтардың Жайық пен Еділ өзендері аралығына «алымсақтық» оның билеушілерінің бір минуттық арман емес, оның тамыры тереңде жатыр. Далалықтар бұрын өзіне тиесілі жерлерден айырылғысы келмеді. Қазақтардың негізгі шабуылы Жайық жағалауларына шабуыл жасауға бағытталды.

1726 жылы қарақалпақ даласында Әбілқайыр мен ресейлік елші молда Мақсұт Юнусовтың Ресей патшалығы билігін мойындау сұрағы бойынша кездесу өтті. Осыдан кейін Әбілқайыр Қойбағар Қойбековтың жетекшілігімен Петербургқа елшілік жіберді, оларға башқұрлар жері мен Жайық өзені арасында қазақтардың көшіп-қонуына рұқсат алу туралы тапсырма берілді [4, с. 99].

Бұл туралы айтылған Әбілқайырдың белгілі сөзі бар: «...Жайық өзені құрғап қалса да одан қырғыздар бас тартпайды». Бұл сөз өзеннің көшпелілерге қаншалықты қымбат болғанын көрсетеді [12, с. 91].

Осы уақытта Кіші жүз қазақтары жоңғарлармен қанды соғысқа да қатысқанын ұмытпауымыз керек. Бұл соғыс қазақтарға бұрынғы өзінің заңды жерін қайтарып алу үшін Ресей империясымен соғысуға кедергі болмады.

Осы кезеңдерде Ресейдің шекаралық аймақтарында қазақтардың қақтығыстары үнемі болып жатты, бірақ, айта кететін бір жайт, Орта жүз қазақтары, әсіресе, XVIII ғ. екінші жартысында Ресей шекаралық аймақтарына сирек шабуыл жасады. Бұл жағдай ішкі Сібір жағында, негізінен, Ертіс өзенінің оң жағалауында, әсіресе, XVIII ғ. аяғында қазақтар санының өсуіне әкелді. Сонымен қатар, Жайықтың ішкі жағында, Бөкей Ордасын есептемегенде, XVIII ғасырда да, XIX ғасырда да қазақтардың орналасуы байқалмады. Әрине, Кіші жүздің кейбір бөлігі Ресей бодандығын мойындаса да, қазақтар Орынбор өлкесінің ішкі мекендеріне, шекаралық аймақтарына шабуылдарды тоқтатпады. Жергілікті отаршыл әкімшілік қазақтардың жер мәселесін шешкісі келмеді [6, 68-б.].

Мұрағаттық, жазба және фольклорлық деректерге негізделген қорытындыларымыз қазақстандық тарих ғылымының осы мәселесінің түсіндірілуіне қарама-қайшы келмейді.

Осы арқылы, XV–XVIII ғғ. бойы Еділ өзені төменгі ағысы мен Жайық өзені бассейнін алып жатқан кең аймақ Кіші жүз қазақтарының көшіп-қонып жүретін жері болды. Олардың бейбіт өмірлері қазақтардың және оның одақтастары башқұрттардың, қарақалпақ пен қалмақтардың ресейдің шекаралық аймақтарындағы әскери шабуылдарымен алмасып тұрды.

Әрине, Жайық пен Еділ өзендері арасындағы қазақ-орыс қарым-қатынасының шиеленісуі алдағы уақыттағы демографиялық жағдайға әсер етпей қоймады. Бөкей Ордасынан басқа, ішкі жақта тұрақты өмір сүріп жатқан қазақтар болмады. XVIII ғ. екінші жартысындағы қазақтардың Сібірдің ішкі жағына шабуылдарының толық тоқтауы қазақтардың Ертіс өзенінің оң жағалауында көшіп-қонуға рұқсат әкелді және ол жерде «шын берілген қазақтар» саны көбейді [11, 96-б.].

Қазақ халқына алапат әкеп, зобалаң тудырған XVIII ғ. қалмақ қонтайшыларының шабуылынан кейін бас сауғалаған жекелеген қазақ рулары солтүстік пен батысты бетке алып қотарыла көше бастайды. Сөйтіп бұрын санаулы ғана қазақ руларына қоныс болған жерлерде қазақтардың үлкен шоғыры пайда болды [13, 7-б.].

XVIII–XIX ғғ. орыс зерттеушілерінің еңбектерінде қазақтардың Оңтүстік Орал өңіріне рулық қатынас бойынша жеке-жеке ру болып көшіп жүрген қоныстары жөнінде мәліметтер келтірілген. Мұның өзі халықтардың этникалық территориясын анықтауға қосымша мағлұмат көздері болып табылатыны анық. Бұл жөнінде тарихшы Н.Е. Бекмаханова: «... қазақтар мен қырғыздар үшін қосымша этникалық анықтауыш ретінде – олардың рулық құрылымдары мен географиялық орналасуы есепке алынады» [14, с. 28], – деп дұрыс қорытынды жасайды. Яғни, қазақ руларының көш жолдары, қыс қыстауы мен жаз жайлауын анықтау олардың белгілі бір кезеңдегі территориясын нақты көрсету үшін тарихи дерек көздері болып табылады. Бұларға қосымша Орынбор губерниясы басқармасы мен Орынбор қазақтарын басқару туралы іс қағаздарына, тарихи құжаттарда іске тіркелген қазақтардың ата тегі, руы қоса көрсетіліп отырған.

Қазақ руларының көш жолдары мен қоныстарын зерттей отырып, Орынбор өлкесінде негізінен кіші жүзден Жетіру тайпасы мен орта жүздің бірнеше рулары көшіп жүргеніне көз жеткіземіз. Кіші жүз қазақтарын Орынбор облысының қазақтары деп атаған [6, 12-б].

Батыс Сібір территориясын ертеден бастап түркі тілдес тайпалар мекен еткеніне ешқандай күмән жоқ: қыпшақтар, арғындар, керейлер. Мұны Орта жүз қазақтарының рулық-тайпалық құрамын зерттеуші М.С. Мұқанов та растайды. Автордың ойынша, керейлердің Солтүстік Қазақстанның орманды далалы алқабы мен Батыс Сібір аймағына қоныстана бастауы XIII ғ. басына жатады. Қазақстанның солтүстік-шығыс ауданын Моңғолияның түркі тайпалары арғындар, наймандар мен керейлердің жаппай қоныстануы туралы жаңа замандағы зерттеушілердің бірі Н.А. Аристов та жазады: «...жеңілген соң, моңғолдардың күш көрсетуімен жерін тастап қаша бастады. Моңғолияның түркі тайпалары Моңғолияда тұрғандарындай географиялық жағдай бойынша батысқа қарай жылжулары керек еді: алдында наймандар, меркіттер, артында керейлер. Солай болды да, бұл қазіргі уақыттағы осы тайпалардың қырғыз-қазақ даласында кең таралуымен көрінеді...» [15, с. 132].

Түркі тілдес керейлер мен уақтардың Батыс Сібір территориясын ертеректе қоныстануы туралы дерек қазақтың ауыз әдебиеті материалдарымен дәлелденеді. Мысалы, қазіргі Омбы облысының оңтүстігінде (Русскополянский ауданы, Бозан ауылы) 600 жылдық тарихы бар «Сағал зираты» атты қыпшақтардың зираты бар [7, с. 75].

Түрлі деректерді салыстыру үшін орыс жылнамаларына да сүйендік, мысалы, «Строганов сібір жылнамасы». Бәрімізге белгілі, ол XVII ғасырдың бірінші жартысында құрастырылған, бірақ бұған қарамастан, онда бұдан бұрыңғы уақыттағы құнды мәліметтер бар.

Мысалы, мұнда XVI ғ. 70 жылдары ортасына Яков пен Григорий Строгановтар сібірді «жаулап алу» мақсатпен қазақтармен сауда жасауға құқық алғаны туралы материалдар бар: «...сібір сұлтандары Яков пен Григориге, өз адамдары мен құмар адамдарын, остяктарды, вогуличтерді, югграларды, сомедтерді жалдамалы қазақтармен бірге сібірді жаулап алу үшін

соғысуға жіберіндер; бұхарлықтар мен Қазақ ордаларының саудагерлері еш алым-салықсыз Яков пен Григоримен сауда жүргізсін...» [7, с. 76].

Сонымен қатар бұл жылнамада Шыңғысханнан қашып, қазіргі ресейлік Тюмень қаласында орын тепкен керей ханы Ванның (Тогруыл) ұрпақтарының келуі туралы мәліметтер бар. Шын мәнісінде, олар қоныстануға рұқсатты Шыңғысханнан алды: «...Сол жерге барғысы келетін шығар оны (Ванхан ұлы Тайбұғу) жібер Шыңғыс. Ол Туру өзеніне келіп, қала салып, оны Шыңғыс деп атайды, қазір онда Тюмень атты христиандық қала бар...» [7, с. 78].

Осы оқиға 1636 жылы Сібір митрополитінің хатшысы Савва Есип құрастырған «Есипов сібір жылнамасында» да суреттеледі. Алдыңғы жылнамаға қарағанда мұнда Кучум «Қазақ Ордасынан» шыққан: «...қазақ Ордасынан көп әскерімен Кучум келді...». Сонымен бірге, бұл жылнамада кучумдықтар арасында басқа да қазақ сұлтанының болғаны туралы жазылады: «...ескі сібірден қуылған қолбасшы Данил Чулков кезінде Тобыл қаласына Сейдек князі мен Қазақ Ордасынан қуылған сұлтанда болды...». Осы жылнамадағы үзінділер қазақтардың сол аймақ тұрғындарымен ертеректе байланыста болғаны туралы ғана емес, олардың шынымен Батыс Сібірдің оңтүстігінде болғанына дәлел болады [10, с. 83].

XVII ғ. Орта жүздің солтүстік-шығыс және солтүстік жерлері жоңғар тобырының жаулап алушы объектісіне айналды. М.С. Мұқановтың ойынша, Сібірдің Ресейге қосылуы, қалмақтардың қазақ жеріне шабуылы бұрын Тобыл, Тур және Ом өзендері бойымен көшіп жүрген қазақ тайпасы керейлердің қоныс аударуына тура келді. Керей-қазақтар Сібірдің оңтүстігіне қарай, Солтүстік Қазақстан жеріне қоныстануына тура келді [4, с. 224]. Бұл жағдайды орыс зерттеушілері сирек ескереді.

Сонымен Патшалық Ресейдің кейбір өлкелері біздің жыл санауымызға дейін-ақ скиф, сармат тайпаларының тұрағы, кейіннен ғұн, түркі тайпаларының ата мекені болды. Бұған археологиялық қазба деректермен сол дәуір ескерткіштері – тас мүсіндер, жер-су атаулары дәлел бола алады. Мысалға, жоғарыда атап өткендей, XI ғ. Орынбор өлкесінде қыпшақтар үстемдік құрды. Осы мәліметтерді негізге алсақ Орынбор қазақтарының автохтонды, өлкенің ежелгі аборигендері екендігі күмән тудырмайды. Өлкеде негізінен кіші жүз, оның ішінде Жетіру тайпаларының рулары қоныстанған. Тек, Челябі жағына қарай Қостанаймен шектес Қызыл, Агапов аудандарында Орта жүздің біраз рулары көшіп жүрген. Қазақтардың келуімен Ресейдің отарлық экспансиясымен байланысты қазақтар өлкеде пайыздық жағынан азшылыққа айналды [4, с. 225].

Еділ бойындағы қазақтар – Еділ-Орал территориясында көшіп-қонуы нәтижесінде пайда болған. Ал төменгі Еділге қазақтар XVIII ғ. көшіп барған. 1897 ж. санақ бойынша төменгі Еділдегі қазақтар 6% құраған [7, с. 76].

Оңтүстік Алтайдағы қазақтар XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында қазақ этносының бір бөлігінің көшіп келуінен пайда болған. Миграция мал жайылымдарының жетіспеуі салдарынан болды [4, с. 25].

Сонымен, қорытындылай келе, жоғарыда аталған фольклорлық материалдар, жылнамалар мен зерттеулер Ресей территориясында қазақтардың ертеден көшіп-қонып жүргеніне тікелей және жанама дәлел болады. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің жолдауында: «…ұлттық қауіпсіздіктің маңызды приоритеттерінің бірі демографиялық және миграциялық саясат» – деп көрсетіп берді [1, 43-б.]. Бұл дегеніміз қазіргі таңда жақын және алыс жатқан елдердегі қазақ диаспорасына да тікелей қатысы бар екендігін біз білеміз. Сондықтан тарихи демографияның, оның ішіндегі жақын және алыс жатқан елдердегі қазақ диаспорасын зерттеу қоғамдық маңызы бар өзекті мәселелердің бірі.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында: Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы:

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, 2006.
2. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989.
3. Нағымов Ш. Үш қиянның ойлы жырауы //Алтын Орда. 2009. № 42.
4. Кабульдинов З. Казахи России (вторая половина XVIII – начало XX в.в.). Алматы, 2009.
5. Ирмуханов Б. Западный Казахстан: далекое – близкое // Казахстанская правда. 1999. 16 ақпан.
6. Ескекбаев Д.Б., Төлеубаев Ә.Т. Орынбор қазақтары: тарихи этнографиялық зерттеу. Алматы, 2004.
7. Игибаев С.К., Игибаев А.К. Казахи в составе России в конце XIX века: их численность, размещение, состав, занятия и образовательный уровень // Вестник КазНУ: Серия историческая. 2009. № 4.
8. Левшин А.И. Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы, 1996.
9. Алекторов А.Е. История Оренбургской губернии. Издание 2-е. Оренбург, 1883.
10. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы, 1997.
11. Қазақ диаспорасы: бүгіні мен ертеңі. Астана, 2005.
12. Асфендияров С. История Казахстана. Алма-Ата, 1993.
13. Айталы А. Ресей қазақтары: бүгіні мен болашағы // Егемен Қазақстан. 2002. 25 қыркүйек.
14. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. Москва, 1986.
15. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897.

ҚЫТАЙДАҒЫ ГАНЬСУ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЫ

Ынтыханұлы Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Қытайдың ішкі провинцияларындағы шалғай аймақтарда шашырап жүрген Қазақ диаспорасын зерттеу қазірге дейін көп қолға алынбай келе жатқан маңызды тақырыптардың бірі. Солардың арасынан ең алдымен Ганьсу қазақтарын атауға болады.

І. Гансу қазақтарының тарихы және қазіргі жағдайы

Қытай Халық Республикасының жүргізген ұлттық аумақтық автономия саясатының нәтижесінде 1954 жылы ШҰАР-ға қарасты Іле Қазақ автономиялы облысы құрылды. Қазақтар негізінен осы обылыстың Алтай, Іле, Тарбағатай аймқтарында, сондай-ақ ШҰАР Мори-Қазақ, ШҰАР Баркөл-Қазақ автономиялы аудандарында үлкен шоғыр болып қалыптасқан. Осы аталған өңірлердегі қазақтарды диаспора деуден гөрі ШҰАР-дағы тұрғылықты, ежелден келе жатқан этникалық қазақтар деп атасақ та теріс болмайтын ұқсайды. Ал, Қытайдың ішкі жағында да, атап айтқанда Ганьсу мен Цинхай провинцияларындағы елді мекендерді жарты ғасырдан астам уақыт қоныс етіп келе жатқан қазақтардың да бар екендігі жалпыға аян. ШҰАР-дағы қазақтар шоғырлы қоныстанған мекендерден алысқа шашырап кеткен осы бір қазақтар туралы зерттеулер мен ақпараттар қазақстандағы баспасөз беттерінде сирек кездесетіні рас. Себебі ол жақтағы қазақтар Қазақстан шекарасынан 2000 шақырымнан ұзақ шалғай жерлерге орналасқан. Сол үшін мақаламыздың тақырыбын сонау Қытайдың алыс қиырларындағы Ганьсу қазақтарына қарай бұруға тура келді.

Ганьсу қазақтары да Шынжаңдағы қазақтар сияқты ауылдық жерлерде тұрады. Көп мөлшері Ақсай қазақ автономиялы ауданына орналасқан. Ганьсудың Ланжоу, Жиючуан, Донхуаң қалаларына да аз мөлшерде қазақтар орналасқан. Жалпы саны 4000-ның айналасында.

Ақсай қазақ автономиялы ауданы Ганьсу қазақтарының ең шоғырлы қоныстанған тұрақты мекені болып табылады. Аудан Ганьсу, Шынжаң және Цинхай өлкелерінің тоғысқан жеріндегі Алтын тауының шығыс жағына орналасқан. Жер бедері күрделі, айналасы тау, биік үстірт, құмды шөл дала. Ауасы құрғақ, жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 110 мм. Аудан табиғи ресурстарға бай. Тұрғындары мал шаруашылығымен және кен ашу жұмыстарымен айналысады.

Қытай Халық республикасының Ганьсу провинциясына қарасты Ақсай-қазақ автономиялы ауданы – 1954 жылы 27 сәуірде құрылған әкімшілік аудан. Орталығы - Хоңлиууан қаласы. Жер көлемі 33733 км^2. Ауданда қазақтардан басқа қытай, дүнген, тибет, моңғол, салар сияқты ұлттар да мекендейді. Жалпы халық саны 10000, қазақтар саны 3600 адам, жалпы халық санының 40 пайызын ұстайды.

3. Gladney Dru, (1996). "Relational Alterity: Constructing Dungan (Hui), Uygur, and Kazakh Identities across China, Central Asia, and Turkey "History and Anthropology Vol. 9, No. 2: 445–77. http://www.hawaii.edu/dru/tree.htm.

4.Anderson, Benedict R. O'G. (1991). Imagined communities: reflections on the origin and spread of nationalism (Revised and extended. ed.). London: Verso. p. 224.

5. Barth. F., ed. 1969. Ethnic Groups and Boundaries: The Social Organization of Culture Difference. Boston: Little, Brown.

6. Benson L. 1990. The Ili rebellion: The Moslem Challenge to Chinese Authority in Xinjiang, 1944–1949. Armonk, NY: M.E. Sharpe.

7. Forbes A. 1986. Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: A Political History of Republican Sinkiang. 1911–1949. Cambridge: Cambridge University Press.

8. Yessenova S. Knowing the Road That leads You Home': Family, Genealogy, and Migrations in Post-Socialist Kazakhstan //http://www.silkroadfoundation.org/newsletter.

9. Enze Han Boundaries, Discrimination, and Interethnic Conflict in Xinjiang, China // IJCV: Vol. 4 92), pp. 244–256.

10. Стасевич И. Брак и семья у казахов в конце XIX – начале XXI в. // Центральная Азия. Традиция в условиях перемен. Вып. 2 / Отв. ред. Р.Р. Рахимов, М.Е. Резван. СПб., 2009.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ОБЛЫСТАРЫНА ҚОНЫСТАНҒАН ОРАЛМАНДАРДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮР, ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қайырғалиева Г., Сармурзина Н., Жанбауылова Г.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау

Шет жерлерде мекен етіп отырған қандастарымыздың ұлт ретінде өсіп-өркендеуі және тарихи Отанына оралуы мен оларды тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу, нәтижесін жүйелі түрде жүзеге асыру – ұлт бірлігін нығайтып, ұлтымыздың дамуына, жандануына ғана әкеліп қоймай, басқа елдердің аз санды халыққа деген қатынас тәжірибесін анықтап, зерттеуге де мүмкіншілік береді. Сондықтан да шет елдердегі қазақтардың проблемалары, олардың этно-әлеуметтік мәселелері және этнографиялық болмысы атажұртқа көптеп оралуы өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі, шетте жүрген қандастарымыз қазақ этносының бір бөлігі, қазақ халқының тұтастығын көздейтін болсақ, олардың мәдениеті мен этникалық ерекшелігін, тұрмысы мен мәдениетін, қазіргі жағдайын, басқа елдердегі олардың саяси әлеуметтік статусын зерттеу ҚР ұлттық идеясын қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі. Бұларды тарихи-этнографиялық тұрғыдан саралай отырып зерттеу бүгінгі күннің талабы. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Дүние жүзі қазақтарының II құрылтайында жасаған баяндамасында: «Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық. Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шекара болмауға тиіс. Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол

рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа», – деп көрсетті [1, 8-б.]. Өзімізді танып білу, жоғымызды іздеу тек еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана мүмкін болғандығы белгілі. Әлемдегі диаспораның үлкен бір қауымын қазақтар құрайтындығы белгілі. Өз республикасынан тыс, шет жерлер мен шет елдерге таралу жағынан да қазақтар алдыңғы орындарда тұр. Қандастарымыздың шет жерлерге таралу тарихы да баршамызға аян. Ол XVII–XVIII ғғ. халқымызға жасаған қыспақ жоңғар шапқыншылығының зардабы, XIX–XX ғғ. бас кезеңіндегі патшалық Ресейдің отаршылық саясаты қазақтардың дәстүрлі қоныстану тәртібін әміршіл-әкімшілік жолмен шешуі, шұрайлы жерлерді басып алуы, 1916 жылғы патша жарлығы, 1917–1918 жж. саяси экономикалық дағдарыс, одан кейінгі кезеңдердегі ауыртпашылықтар қоғамдық саяси жағдайларға байланысты жалғасты, күштеп коллективтендіру дәуіріндегі асыра сілтеу, ашаршылық, т.б. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының маңызды саясатының бірі елдегі халық санын жиырма миллионға жеткізе отырып, елімізді әлемдік деңгейдегі мемлекеттер қатарына қосу болып табылады. Ол үшін кемінде 3,5 миллион қазақты елге оралту қажет. Бұл салада мемлекетіміз бір кездері тарихи себептермен шет елдерге ауған отандастарымызды тарихи Отанына қайтарудың әртүрлі амал-әдістерін жүзеге асырып келе жатқандығы белгілі. Осыған байланысты еліміз тәуелсіздігін алғалы бері кейбір деректер бойынша 800 мыңға жуық қазақтар елге оралғаны белгілі [2]. Бүгінде міне, сол Отанға оралған қандастарымыздың төл ортаға бейімделуі, олардың әлеуметтік-мәдени дамуы, ұлттық мәдени мұраларды жаңғыртуда, еліміздің тұтастығы мен өркендеуіндегі олардың үлесі мен орнын саралау маңызды болып саналады. Сондықтан да олардың қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық проблемалармен байланысты елге оралуын, көші-қон саясатындағы оларды орналастыру мәселелерін сараптау, тарихи отанда жергілікті халықпен сіңісу, бейімделуін болжау тарихшы, этнолог мамандардың міндеті болып саналады. Сонымен қатар бөгде ортада ұзақ жылдар бойы мекендегеніне қарамастан дәстүрлі мәдениетін сақтап қалған отандастарымыздың мәдени мұрасын зерттеп, оларды елде қайта жаңғыртуда қазақ халқының біртұтастығын көрсетеді. Бүгінде Қазақстанның Батыс аумақтарына Түркіменстаннан, Қарақалпақстаннан, Ауғанстаннан, Ресейден оралған отандастарымыздың бір шоғыры орналасқан. Сондықтан да олардың ұлттық болмысын, мәдениеті мен салт-дәстүрінің сақталуы мен өзгерісін, мәдени мұраларын зерттеп қана қоймай, сол өздері қоныстанған аймақтарда әлеуметтік-мәдени дамуын, тарихи Отанға бейімделу үдерісіндегі проблемаларды анықтап, шешуге, олардың өзін-өзі дамытуына жағдай жасау немесе ықпал тигізумен қатар қазақ репатрианттарының тарихи және қазіргі этникалық дамуына байланысты тарихи этнографиялық аспектілерін зерттеу мақсатында студенттермен бірге этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылып нәтижелерін жариялау жолға қойылуда.

Әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналған Қазақстан Республикасы өркениетті қоғам сипатына сай шетелдерде тұрып жатқан қазақтарға және ата мекеніне оралып жатқан қандастарға қамқорлық жасауды мемлекеттік саясаттың құрамды бөлігіне айналдырғаны белгілі. Олай болса сол қамқорлықтың нәтижесі, яғни оралмандардың төл ортамызға бейімделу тарихын зерттеудің маңыздылығы мен қажеттілігі жоғары.

Еліміздегі демографиялық ахуалға байланысты Президент Н.Ә. Назарбаевтың өзі «Қазақстан – 2030»: барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына арналған жолдауында «Ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуы тиіс. Егер біздің мемлекеттік органдарымыз бұған бұрынғысынша немқұрайлықпен қарайтын болса, онда біз XXI ғ. қарсаңында Ресейдің артынан адам саны сыртқы көші-қон процестерінен ғана емес табиғи жолмен кеми беретін «демографиялық апат» жағдайына тап боламыз. Бұл тенденция дереу тоқталуы тиіс», – деп атап көрсеткен [3].

Елбасымыздың бастамасы бойынша отандастарымыздың тарихи отанына оралу процесі, яғни репатриация процесі еліміздің тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы жеткізген бастау алды. Тарихтағы қазақ халқының этно-территориясы таяу заманға келгенде

төңіректегі алып елдер тарапынан бөліске түскендіктен, қазақ халқының біраз бөліктері өздері отырған жерлерімен басқа елдің құрамына өткен. Сондай-ақ тарихи-саяси себептердің салдарынан алыс-жақын шетелдерге босып кеткен қазақ өкілдері, қазір көптеген мемлекеттерде өмір сүруде.

Кезінде шет елдерді паналап көшуге мәжбүр болған, енді атамекенге келуге ниет бірдірген бауырластарымыздың құқықтық жағдайын реттейтін алғашқы нормативтік акті 1992 ж. 26-маусымда қабылданған «Иммиграция туралы» заң болды. «Иммиграция туралы» заң этникалық қазақтардың көшіп келуінің ұйымдық мақсатын қамтамасыз ету және реттеудің, оларға жаңа жерде қолайлы жағдай жасаудың құқықтық негіздерін құрады. Тәуелсіз ел болып, есімізді жиып, өз туымыздың желбіреген алғашқы жылдарда-ақ жат жердегі ағайын ел жаққа қарап еленді құлақтарын түрді. Өзінің тарихи Отанын таба бастаған өзге ұлттар секілді шет елдегі қазақтар да тарихи Отанына оралды.

«Репатриация» дегеніміз – шетел территориясында өмір сүріп жатқан отандастарымыздың өзінің тарихи отанына оралуы. 1997 ж. қабылданған «Халықтың көші-қон туралы» заңында алғаш рет шеттен келген отандастарымызға оралман анықтамасы қолданылды. Бұл заңда айтылғандай: «Репатриант (оралман) – жалпы саяси қуғын-сүргін актілері заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру, ізгілікке жат – өзге де іс-әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айрылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтары» [4].

Ал 2003 ж. наурызда «Халықтың көші–қон туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Заңның 1-бабына сәйкес оралман дегеніміз ұлты қазақ, азаматтығы жоқ, Қазақстанда тұрақты мекендеуге келген шетелдіктер болып табылады. Репатриация процесінің Қазақстан Республикасына қажеттілігі: біріншіден, репатриация процесі еліміздегі демографиялық ахуалды қалпына келтіруге және этникалық байланысты өзгертіп, көші-қон шығынын толтырып, өткен жылдардағы этнодемографиялық сәйкессіздікті қалпына келтіреді; екіншіден, тарихи шындықты орнатып, ұлттық бірігейлікті сақтаудағы маңызды қадам болып табылады; үшіншіден дамыған нарықтық қатынастар мен өзге ұлт арасында өмір сүрген отандастарымыздың бейімделу тәжірибесі қазақстандықтардың экономикалық менталитетінің модернизациялануына әсер ету мүмкіндігінің болуы. Төртіншіден, шетел қазақтарының қаймағы бұзылмаған қазақ тілі, әдет-ғұрып пен мәдениетті сақтауы, ұлтымыздың рухани байлығына үлкен үлес қосуы, сондай-ақ репатриация ұлттық идеяның құрамдас бөлігі ретінде ұсынылады.

Сондай-ақ шет жерлердегі қандастарымыздың елге оралуына қолдау көрсету оларды барынша тұрмыстық бейімділігіне қарай орналастыру – ҚР-ның ішкі-сыртқы саясатындағы маңызды мәселелердің бірі және олардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени тұрмыс жағдайын, қоныстану аймақтарындағы өзекті проблемаларын жан-жақты зерттеп, нақты мәліметтер негізінде ғылыми жүйеге түсіру кезек күттірмейтін мәселе. Қазіргі кезеңде елімізге алыс-жақын шет елдерден көшіп келіп Қазақстанның батыс облыстарына қоныстанған қазақтардың проблемасы ҚР ішкі саясаты болып табылады.

Тарихи отанына оралған отандастарымыздың қоныстану, тарихи-географиялық ортаға икемделу, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының сақталу мәселелерін зерттеу жүздеген, ондаған жылдар бойы бөгде ортада өмір сүріп, сол елдің даму статусына икемделген қандастарымызда қаншалықты деңгейде ұрпақтар байланысының генетикалық сабақтастығы, дәстүрлі мәдениеттің сақталу деңгейі, сол елдердегі этникалық үдерістері (миграция, консолидация, ассимиляция, эмиграция) т.б. ықпалын анықтау, зерделеу біздің тарихымыз бен мәдениетіміздің дамуына зор ықпалын тигізеді. Шет елдердегі қазақтардың этникалық тарихы мен тұрмыс-мәдениеті жөнінде біршама зерттеулер бар дегенімізбен де олардың этнографиялық ерекшеліктері, қазіргі кезеңдегі жай-күйі, тарихи Отанға бейімделу үдерісіндегі мәселелерді сараптайтын еңбектер жоқтың қасы деуге болады. Осы мәселелерді шешуге бағытталған репатриация процесін зерттеудің өзектілігі әрқашан да маңызды болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанның батыс аймақтарына алыс жақын шет елдерден

көптеген қандастарымыз келіп қоныстанып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосуда. Шеттен келген қазақ бауырларымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың қаймағын бұзбай ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырулары – біздерге, жергілікті қазақтар үшін алатын үлгі өнеге деп айтуға болады. Әрине қанымыз бір қазақ болғасын салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызда ұқсастықтарымыз көп, дегенмен өзгерістер де баршылық. Ол жағынан қандастарымызды кінәлаудан аулақпыз. Негізінен ата бабаларымыздан қалған ұлттық құндылықтарымыз үлкенді сыйлау, еңбекқорлық, қазаққа тән намыс т.б. сақталғандығы қуантады.

Т.ғ.д., профессор Б.К. Қалшабаеваның зерттеу еңбектерінде Түркия қазақтарында адам қайтыс болса молда шақырып, шымылдық пен орамал ілетіндігін, сонымен қатар оны салатын табытты мешітке апарып қоятындығын, онда кімнің қайтыс болғандығы жөнінде хабарлап тұратындығын айтады. Сондай-ақ марқұмның жаназасын шығармас бұрын оның сүйегін жуады. Оған ертеректе ағайын туысқандар қатысса, соңғы кездерде мешітте шығарылатындықтан арнайы кісілер жуады. Қабірді қазу арнайы кісілерге тапсырылады. Марқұмды жерлеп болған соң оның киімдері кемтарларға, жағдайы нашарларға үлестірілсе, бағалы, құнды заттары туған-туыстарына беріледі. Сүйек жуушыларға да марқұмның киімдерін береді. Марқұмды жерлеген соң қаралы үйде бірнеше күн аза тұтатындығы айтылады [5, 123-б.]. Бұл жағдай қазақтарда бұрыннан болған, дегенмен қазіргі мезгілде өзгеріске ұшыраған. Елімізге қоныс тепкен қандастарымыз қазақтың ұлттық ғұрыптарын сақтап, үлгі көрсетуде. Атап айтқанда жергілікті халық арасында адам қайтыс болған кезде дастархан жайылып, көңіл айтып кіріп шыққан адамдар дәм ауыз тиіп, шай ішіп отыру әдетке айналған. Бұндай жағдай бұрын болмаған, тіпті жеті күнге дейін қаралы үйден тамақ ішілмейтін болған. Марқұмның киімін үлестіру де қазір жойылған. Бұрындары ағайын-туыс, дос-жарандарына обал болады деп үлестірген. Мәселен, Атырауда бет орамалдар мен әйел орамалдары үлестірілсе, Маңғыстау облысында жыртыс және «бақша» үлестіріледі екен. Бақша деген ішіне ине, тарақ, сабын, жіп т.б. салынған дорба. Қолға берілмейді аяқтың астына тастайды, ер адамдарға үлестірмейді. Сүйек қара үйден шығарылған бойда «топырақ жалама» (шелпек нан) үлестіреді. Оны қазақ майға пісіреді. Сондай-ақ жеті мүшесіне жеті сақина таратады, жағдайы болмаса басы мен абыройына екі сақина таратады. Бұндай салт қазақтарда кездеспеген, дегенмен көрші елдерден сіңген болуы керек деген тұжырымға келдік.

Түркіменстан, Түркиядан келген қазақтардың бір ерекшелігі қандай да болсын мерекелер мен іс-шараларда ошақ басында ер адамдар жүреді. Олар ет асады, күріштен палау жасайды. Ал Ресейден, Өзбекстаннан келген қандастарымыздың мәдениеті көп өзгерістерге ұшырағандығын көрсетеді. Әсіресе сол өздерінің тұрған орталарының салт-дәстүріне бейімделгендігі көбірек байқалады.

Жалпы елге оралған отандастарымыздың әсіресе Қазақстанның батыс аймақтарына қоныстанған оралмандардың еліміздегі саяси, әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу проблемаларын тарихи тұрғыда әлі зерттеуді қолға алған жоқпыз, алсақта өз дәрежесінде емес.

Қазақстанның батыс аймақтарына қоныстанған оралмандардың еліміздегі саяси-әлеуметтік ортаға бейімделуі мен мәдени-психологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларын тарихи тұрғыда кешенді зерттеу кезек күттірмейтін мәселе. Қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық проблемалармен байланысты қазақтардың елге оралуын, көші-қон саясатындағы оларды орналастыру мәселелерін сараптау, бөгде ортада ұзақ жылдар бойы мекендегеніне қарамастан дәстүрлі мәдениетін сақтап қалған отандастарымыздың мәдени мұрасын зерттеп, оларды елде қайта жаңғырту мен төл ортамызға бейімделуін зерделеу жалпы қазақ халқының біртұтастығын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Дүние жүзі қазақтарының II-құрылтайында жасаған баяндама // Дүниежүзі қазақтарының шежіресі. II кітап. Алматы, 2005.
2. Сейдин Н. Казахи за рубежом как обьект национальной политики. Алматы: КИСИ, 2005.
3. Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы: Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының қорынан құжаттар жинағы. (Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 20 жылдығына арналған). Алматы, 2012.
4. Қазақстан қоғамының дамуына қандастарымыздың қосқан үлесі // Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Павлодар, 2012.
5. Қалшабаева Б.К. Түркия қазақтары (этникалық тарихы, этнографиялық ерекшеліктері). Алматы, 2013.

ҚОСАҒАШ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР[1]

Қалшабаева Б.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы

Қазақ диаспорасын зерттеу барысында назар аударатын ерекше мәселе алыс және жақын шет елдерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың өзіндік ұлттық санасының әртүрлі деңгейдегі көріністері мен оның тарихи қалыптасуындағы, дамуындағы және болашақ ұрпаққа сабақтастықпен жалғасуындағы көптеген факторлар жүйесін қарастыру. Солардың бірі олардың дәстүрлі мәдениетінің сақталуы мен өзгерісі, ұлттық тұтастығын сақтап қалу мәселелері болып табылады.

2013 жылы Алтай аумағына зерттеуге барғанымызда Алтайдың басқа аймақтарымен салыстырғанда тарихи тамырын ұмытпай, өздерінің тарихи рулық шежіресін, қазақи салт-дәстүрін, дәстүрлі мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келе жатқан Алтай Республикасының Қосағаш ауданындағы қазақтар екендігіне көз жеткіздік. Аймақтағы қазақтардың этникалық идентілігін сақтап қалуына ықпал еткен факторлардың бірі – XXI ғ. дейін олардың жергілікті халықтармен араласуының төмен деңгейде болуы. Қосағаш ауданы халқының негізгі бөлігін қазақтар мен алтайлықтар құрайды. Ондағы қазақтардың 48% – орта жүз, 2% – Ұлы жүз, 1% – Кіші жүзге жатса, қалғандары өздерінің тегін көп біле бермейді, – дейді Ә. Жатқанбаев [1]. Олардың негізгі бөлігі XIX ғ. II жартысында Шығыс Қазақстаннан келген қазақтар.

Алтайдағы қазақтардың отбасылық дәстүрлеріндегі ерекшеліктерге келетін болсақ, XX ғ. 60–70 жылдарына дейін Алтай қазақтарында нуклеарлы отбасы басым болып, бір отбасында екі ұрпақтың бірге тұруы көп кездесетін. Отбасының мұндай түрі Қосағаштағы қазақтарда да, алтайлықтарда да 70% дейін жетеді [2, с. 94]. Қазіргі кезеңде отбасылық рөлдің мазмұны бұрынғы қатаң тәртіптен өзгеріске ұшырап, дәстүрлілік көзқарастан жаңа нормалар мен құндылықтар жағына трансформацияланған. Қазіргі отбасыларда «әйел», «ер» жұмыстарына бөлу көп кездеспейді. Дегенмен де Қосағаш ауданы қазақтарының 85% отбасында еркектің рөлі жоғары.

Этнодемографиялық жағдайына қарағанда олардың қоныстары аралас сипат алса да этникааралық неке кең жайылмаған, қазақтардың 76% өз ұлтымен отбасын құрған, – деп

[1] Мақала № 1147/ГФ3 «Қазақ диаспорасы және репатриация: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» гранттық ғылыми жоба аясында орындалды.

көрсетеді [3, с. 126]. Бірақ біздің 2013 ж. зерттеу барысында соңғы кезеңдерде алтайлықтармен неке құру көрінісінің көбейіп бара жатқандығын көрсетті. Ал, Өскен (Усть-Кан) ауданындағы 9% құрайтын қазақтардың 40% аралас некеде: 23% орыстармен, 17% алтайлықтармен отбасын құрған [4].

Қосағаш қазақтарында «Бесік құда» болу дәстүрі 1960 жылдарға дейін болғанын ақпарат берушілер айтады. Алайда, сол 1960 жылдардан бастап жалпы құда түсу салты ұмытылып, қызды алып қашу, тіпті бертін келе қыздың өз қалауына қарамай күшпен алып қашып, ықтиярсыз отырғызатын орынсыз жағдайлар бір кездері етек алғанмен, кейін келе заңның күшімен тоқырап, біртіндеп жойылды.

Қазіргі кезеңде Қосағаш қазақтарында жастардың үйленуі негізінен қызды алып қашу жолымен, ал, айттырып алу көп кездеспейді. Қыз алып қашудың үрдіске енуі ақпарат беруші Мұсырманқұл Пионердің айтуы бойынша 1960 жылдардан басталды десе [5], А.В. Коновалов, Қосағаш қазақтарында XIX аяғы – XX ғ. басында кейде алып қашып үйленудің де болатындығын, бұл жағдайда көбіне екі жақтың келісімен атқарылатындығын айтады [6, с. 108]. Бірақ, әрине оның бәрі екі жастың келісімімен болады, «алып қашу» көбіне құда түсудің көп жөн-жоралғысын болдырмау, үйленуді созып жібермеудің салдарынан іспетті. Қызды алып қашып әкелген соң, қыз жұртына бір әйел, бір ер адам екі кісі хабаршы жіберіледі. Оны «ашубасар» деп атайды, – дейді Бесайдар Қожағұлова [7]. Екеуі бастарына бөрік киіп келіп, қыздың ата анасының алдына тастайды, ол кешірім сұрағаны. Қыздың ата-анасы бөріктерін бастарына қайта кигізіп, бір шай беріп, тағы да кешірім сұрайтын туыстарының аты көрсетілген тізім береді. Олар солардың үйлеріне де барып алдына жығылып, кешірім сұрайды. Бірақ бұл жолы ашубасарға келген кісілер ештеңе алып келмейді және оларды күтіп те жібермейді. Айта кету керек, оларда қалың мал берілмейді. Тек алғаш рет күйеу қыздың үйіне барғанда бір жылқы алып баратын болған. Қыздың туыстарына «киіт» кигізіледі. Киітке берілетін кілемнің саны жетпіске жуық, кейде жүзге дейін жетеді [7].

Бүгінде көбіне жастардың тойы өткен соң қыз, күйеу туысқан, дос-жарандарымен қоржын алып қыздың төркін жұртына келеді. 1990 жылдарға дейін «күйеу түсу» кәдесі қалт жіберілмейтін. Оған бас құда, құдағи, күйеу, күйеу жолдасы барып кәдесін жасайтын. Күйеу есік ашып, қыз үйіне келгенде жалаңбас келмей, басына тақия, кепка киіп, келген адамдарға бас киімін шешіп, иіліп сәлем беріп тұрады. Қоржынға сол келісімде әкелгендей тәттілер, сыйлықтар, т.б. салынады. Құдалықта не күйеу қалыңдық үйіне түскенде бұрындары 2–3 туысқанға қоржын әкелсе, бүгінде 5 үйге 5 қоржын алып келеді. Бесайдардың айтуынша қоржынға: бас сирағы, ішек қарнымен бір қойдың етін, бір тегене бауырсақ, бір тегене тәтті кәмпит, печенье, бес метр шапанға барқыт, бес метр астарын, бес метр мата, бес шылауыш (орамал), оның бір бұрышына ақша түйеді. Бұрындары үш мың сом түйсе, қазір он бес мың салады. Ал, қыздың өз үйіне, қалған үйлерге елу мың сом салады, сосын үлкен қапқа түйіп, қаптың үстіне осы қапты шешетіндерге арнайы кәделерін салып қояды, ол кейде көйлектік мата, тәттісімен қоса не ақша салады. Қоржын ашқан адамға деп, бетіне кәмпит, құдағи көрпе салады. Қоржын көбіне түйенің шудасынан жасалып, тігіледі. Қоржынды ауылдың сыйлы адамдарына жаптырып, оны екі кісі апарады. Оны ауыл-аймақ жиналған құдалардың екі кісісіне сөктіреді. Сөккен екі адам құдағи көрпені, тәттілер салынған түйіншекті екіге бөлісіп, қалғанын сол жердегі адамдарға таратып береді. Қоржын әкелген екі кісіге тамақ беріп, көйлек шапан беріп шығарып салады. Ашубасарда қоржын алған туысқандар қыздың төсек-орнын бергенде қомақты бір затын (мебель, телевизор, т.б.) яғни қыз жасауына өз үлесін қосу керек [5]. Мұның бәрі әрине шаңырақ көтерген жастар таршылық көрмесін деген мақсаттан туындаған.

Қыз жасауы. Қыз жасауы қыздың 6 жасынан бастап жабдықталады. Той алдында 1 айда жасау-жабдығы жасалынып, тойға бірақ апарылады. Қыздың жасауында қыздардың өздері қол кестемен, біз кестемен кестелеп тіккен төсек жапқыш, дастархан, жастықтың тысын т.б. дүниелері болады. Киізге қызыл барқыт, қыжым бастырылған арнайы «қыз төсегі» деп те әкеледі. Қыз жасауына қазіргі заманға сай дүниелерімен қоса бұрынғы

қазақтардың салты бойынша қолдан жасалған бұйымдарын міндетті түрде қосады. Сонымен қоса қолдан жасалған он шақты көрпе, арнайы ісмерлерге тапсырыс беріп не қыздың ата-анасы өз қолдарымен жасалған сырмақ, түс киіз (олардың саны кеде 50-ге дейін жетеді), текемет, екі кілем, 12 метр қызыл шымылдық алтын, күміс зергерлік бұйымдарын да береді. Сосын тұскиізге, шымылдыққа, төсегінің басына үкі қадайды, берілген кестенің іші ала жіппен тігіледі, оның бәрі көз тиюдің алдын алған сақтық шаралары. Қосағаш қазақ әйелдерінің басқа қазақтармен салғастырғанда төсек орын әзірлеуі өте ерекше, мақтан тұтуға болады. Бұрыннан келе жатқан қазақтың оюы, сызуы әр жабдықта ерекше бейнеленген. Заманның ағымына қарай әйелдер арасында бір-бірінен асып түсушілікке талпынушылық та болып жүр. Қолында барлар бүгінгі заманға сәйкес түрлі мебельдерді қыз жасауына қосып жүр. Бұл мәселе де келе-келе түзелер, тек ұлттық ерекшелігімізді ұмытпасақ екен дейді, – Ә. Жатқанбаев.

Сонымен қатар қыздың жасауында екі сандық болады. Екі сандықтың ішінде толған ыдыс аяқ, киім-кешек және сандықтың түбіне төрт метр ақырет матасын салады, оны төркіні кигізу керек, – деген ұғымнан туған. Ертеде теріден жасалынған ішік, елтірі жилет беретін. Қазіргі кезде құдалыққа көп 6–7 адамға дейін барады. Ал, жасауын апарғанда ертеректе оған жүз әйел еріп барады. Ертеректе мұның өзі жеке той болып өтетін. Тең-тең етіп, түйіп әкелінетін. Теңнің басын түйемұрындық деп атап, жүгін әкеле жатқанда «Түйе мұрындық» кәдесі жасалады. Ол төсек орын алып келе жатқанда сол ауылдың бір әйелі шығып түйе мұрындық деп атайды, сол әйелге ырым ретінде ақшасын не сыйын береді. Жүктерді де ауылдың сыйлы екі әйеліне ашқызып, оған кілем береді. Алып келген жүкті ашқанның бәріне қыз жақ кәделерін береді.

Бүгінде алтайлықтар да қыз жасауына – сырмақ, төсек орын беруді бізден үйренді. Алтайлықтардан қыз алып келгенде өзімізше жасай салады. Екі жақтың кәдімгідей рәсімі жасалмайды. Екі жасқа той жасап бере салады [8].

Бет ашу. Келінді үйге алып келген соң арнайы дайындалған адам келіп келіннің басына орамал яғни желек салады. Келіннің беті той үстінде ашылатындықтан ол тойға дейін шымылдықтың ішінде отырады. Сондықтан қызды алып қашып келген соң, тойды да 2–3 күннен қалдырмай өткізеді.

Келін босаға аттаған сәттен бастап «ат тергеу» салтымен ата-ене, күйеуінен үлкен ағалары, ағайын-туыстары, іні-қарындас, абысын-ажындарына дейін барлығына ат қойып, олармен аттас есім, зат-бұйымдарды да тура атамауға тырысатын. Ал қазір тойдың алдында үлкендер ат қойдырған болғанымен той тарқаған соң-ақ ұмыт болып жатады. Бұл салт түркі халықтарының ішінде қазақ ұлтының ерекше берік ұстанған, сыйластықтың, құрмет көрсетудің, әдептіліктің ең бір асыл қасиеттерінің бірі болатын. Балаға ат қою әр заманның ағымына байланысты болған. Кеңес өкіметіне дейін сәбидің атын от басындағы баланың үлкеніне, кішісіне не бір жағдайға байланысты қойылатын: Тұңғышбай, Кенжебай, Соңғыбай, т.б. Бала тоқтамағанда ырымдап қойған аттар: Тоқтасын, Тоқтаубай, Тұрар т.б. Өмірдің тұрмыс жағдайына байланысты аттар: Жылқыбай, Қойшыбай, Түндікбай. Айдың, күннің белгілеріне байланысты – Дүйсенбі, Бейсенбі, Жұма. Ауа райына байланысты Боранбай, Аязби, қоғамның саяси құрылысына байланысты Октябрь, Пионер, Жұлдыз, Совет, Стахан, Фронт, Указ, Приказ, Союз, Депутат, Устаф т.б. Қосағаш қазақтарында да құран сөздерінен алынып арабша ат қойылған, бұл мұсылман дінінің ықпалынан болған: Қапиза-хафизу, Кәбира-кабиру, Хамит-хамиду, Рахым-рахиму, Мүсілім-мүсилимим, Рахман-рахману т.б. аттар жиі кездесетін. Ал, кейін келе Ресей мемлекетіне қарасты болғандықтан орыс аттары да қойыла бастады: Юра, Витя, Оля, Галя т.б. Әр заманда сәбиге ат қоюдың рәсімін зерттей келе, бұл да тарихтың айғағындай болып табылатынына көз жеткіземіз [1].

Қосағаш қазақтарында да сәби дүниеге келгенде шілдехана тойын жасау, әжелер, аналар жиналып бесікке салу, кіндік шеше ұйғару, азан шақырып ат қою рәсімдері 1965–1970 жылдарға дейін байырғы қалпында сақталды. Сол үрдіс жаңа салттармен байып әлі де жалғасып келеді.

Нағашы жұрттың алғашқы балаға бесік әкелуі бұл жақта да кездеседі. Бесікке салғанда тыштыма салады. Қырқынан шығарып, қырық шелпек береді. Тұсау кесер. Тайға міну. Сүндетке отырғызу бар. Бала туылғанда «кіндік шеше» міндетті түрде тағайындалады. Ол мінезі жақсы, көпті көрген, елге сыйлы адам болу керек. Оның осы қасиеттерінің барлығы балаға беріледі деген ұғым болған. Кіндік шеше – қалжа әкеліп, жас босанған ананы да баланы да қырық күн күтеді. Баланың мойны тез қатсын деген ырыммен анасына мойын омыртқа алып келіп жегізеді. Оны тазалап жеп шығу керек, сонда бала сұлу болады деген ырым болған. Тазаланған сүйекті баланың бесігінің басына іліп қояды. Баланың барлық құрал жабдықтарын әкеледі. Бала бір жасқа толғанда кіндік шешесі оны бастан аяқ тағы да киіндіреді. Ал, оған баланың ата-анасы сый ретінде алтын, телефон т.б бағалы сыйлықтар береді. Баланың бір жасы, тұсау кесер, бес жасқа мектепке барып оқу бітіргені, күйеуге тигені оның барлығына да кіндік шеше араласып отырады. Кіндік шеше міндетті түрде болады.

Ұл баланы 5 жасқа толғанда сүндетке отырғызып, атқа мінгізу тойы да Шүйде кең тараған той-тілеулердің бірі. Бірақ баланы сүндеттеу Кеңес үкіметі тұсында мүлде тоқтап қалды деуге де болады. Бірақ, халық арасында Қыдырбай, Оспан молдалар жасырын түрде сүндет істейтін. Тек 1991 жылы Жаңа-Ауылға Қазақстаннан Садыр қажыны алдырып сүндетті қайтадан жандандырдық. Қазіргі күнде сүндеттің жағдайы түзеліп қалды. Садыр қажыдан сабақ алған Соңғыбай Нұғыманов, қажыға барып келген Досымбек Рилянұлы сүндет дұғасын орындап, бұл дәстүрді қалпына келтіруге күш салып жүр. Ұл бала 5–7 жасқа толғанда оны атқа мінгізу салты бүгінгі өзгерістер мен дамуға байланысты жоғалып барады, – деп әңгімелейді Әуелхан Жазитұлы.

Өлікті жөнелту ғұрыптары. Әдет-ғұрыптардың ішінде «өлік жөнелту» ғұрыптары ертеден келе жатқан дәстүрлілігін жоғалтпай басқа халықтардың ықпалына түспеген. Кісі қайтыс болғанда бірінші парыз – мәйітті дәреттендіріп, оң жаққа салу, ағайын-жұрағатына тегіс хабар айту бізде жақсы қалыптасқан. Өлген адамды оң жаққа салған 7–8 адам сүйекке де түседі. Сүйекке түскендерге бұрындары киімі берілсе, қазір ақшалай береді. Адам өлгенде дауыс шығарып жылайды. Өлген адамның тұсына да шымылдық құрады. Сосын адамның бұрынғы жатқан төсегін бұзып бір жыл бойы сол жерге барлық киімдерін, ертоқымын, қамшысын бәрін іліп қоятын болған. Ол төсекке әйелін жатқызбаған. Сосын өлген ер адамның мінген атына қайтадан ертоқым салып ат әбзелдерін бәрін іліп, тонын іліп дауыс шығарып отырған адамдар барып атқа барып көріс жасаған [8]. Сосын ілініп тұрған киімдерін қамшымен ұрғылап алып ағайын туыстарына, құда жекжаттарына таратып береді.

Өлімге келген халықтың ас-суын, дастарханын реттеу әйелдерге берілсе, үйшік шаптыру, көр (қамыр) қаздыру, соятын малын белгілеу ер адамдарға жүктелген. Қонағасын беріп, жаназасын кімге шығартуды, құран беруді, өлікті жуу мәселесін ағайындары шешеді. Аймақта мәйітті жуу ісі негізінде жанашыр құда, құдағиларға тапсырылады. Төрт кісі мәйітті жууға белгіленеді, ал су құюға жанашыр ағайыны, шымылдық ұстауға екі құдандалы немесе үлкен адамдар ұйғарылады.

Қайтыс болған кісіні жуындыру, яғни «сүйекке түсу» бұл аймақта көбіне «өлімге түсу» деп аталады. Мұнда басын ұстаған кісіге – бас киім, беліне түскенге – белдігін, шапанын, аяғына түскен кісіге аяқ киімін береді. Бұрындары киілген киімін берсе, бүгінде барлығын жаңа, сатып алынған күйінде береді. Жеті күнге толтырып, жетісін, қырқын, жылын береді және осы кезеңге дейін көңіл айтып келіп тұрады. Жалпы, өлім шыққан үйге ауыртпалық салмай, шығын шығартпай барлығын ағайындары көтеруге тырысады. Қазіргі кезде ақшалай не 1 құнажын, 500 немесе 100 рубльге дейін беретін болған. Бұрындары кісі қайтыс болғанда тиын тарату, жыртыс жырту, шырақ жағу салттары бар болатын. Осы әдет молдалардың шешімімен 2008 жылдардан бастап тоқтатылды [5]. Дегенмен ел ішінде әлі де жалғасып жүрген жайлар бар.

Әйел кісі қайтыс болса, жууға құдағиы, көзі тірісінде жақсы араласқан жақындары, бауыры кіреді. Әйел қайтса келгендерге екі мата, көйлек, көншік, ине, жіп, түйреуіш, оймақ осыны бір матаның ұшына орап, қонақ асына келген адамдарға тарқатып береді. Өйткені,

әйел адам ошақ қасында жүріп, көршілерден ұсақ-түйек алмасып отырады. Осы оған қарыз болмасын деген ниеттен берілсе, ер адамдарға жыртыс тарқатқан. Өлік үйден шығарылып, яғни қоштасқанда бес құран оқытылған. Бес кісі бірінің артынан оқып шыққан. Өлген адамға молдалар құран түсіріп отырған. Оларға ақша немесе бағалы киімдер кигізген [9].

Егер әйелі күйеуінен айрылса басындағы ақ желекті алып, қара ала желек жабады. Ол оны күйеуінің жылына дейін қара тұтып жамылып жүреді. Күйеуі қайтыс болғанда шымылдықты қайта құрап, төсекті қымтап оның үстіне сырт киімін, т.б. барлық киімін жайып не іліп тастайды. Сонымен бірге ерінің ер тоқымы, ат әбзелдеріне дейін іліп қояды. Ол төсекке әйелі жатуға болмайды, тек баласы жатады. Бір жыл өткеннен кейін оның міниіп жүрген атына ер тоқымын, ат әбзелдерін бәрін тақымдайды. Ер тоқым үстіне бөрік, шапанын бәрін кигізіп, оның туыстарының алдынан шығады. Ал, ағайындары өзінің туысын жоқтап, дауыс шығарады. Сөйтіп, сол атты өзінің жылына сояды. Ас беріп болған соң бір ер кісі төсектегі шымылдықта тұрған киімді қайырады. Ол төсектің қаралысы ашылды яғни тазарды деген мағынаны білдіреді. Ол киімдерді туыстарына тарқатып береді. Әйелдің басындағы қара желекті бір әйел қамшымен қайырады. Қаралы күннен айықтың яғни тазардың, басың бос дегені. Сөйтіп, басына ақ орамал тағады.

Әйелінің басындағы қара желекті де қамшымен айналдырып алады. Ол басыңнан қара қайғыңды алдық дегенді білдіреді. Сондықтан да олардың зираты да этникалық белгілеріне қарай бөлек орналасқан. Бірақ егер әйел алтайлық болса, онда ол өзін әке-шешесінің зиратына жерлеуін өтінген өсиет қалдыру керек.

Ал, мәйітті үйден шығарарда барлық адамдарды сапқа тұрғызып жаназа шығарылады. Жаназаға тұрушылар саны да жылдан жылға көбейіп келеді. Марқұмды соңғы сапарына аттандырып, өлі денесін көрге түсіріп, бас топырағын салуды дәрет алған үш адамға ұйғарады. Имам құран оқып, топырақ салуға келген барлық адамдар тізе бүгіп, аруақпен соңғы рет қоштасады. Мәйітті жерлегенде қабір басына тек ер адамдар барады. Бұл мәселе де тек 1995 жылдардан бері түзеліп келеді. Социализм кезінде топыраққа әйел, қыз балаларды апарып шулатып жүрдік.

Бұрында қайтыс болған адамды ақымдап қоятын болған, ешқандай ағаштан үйшік шабылмаған. Бұл дәстүр Қаратал бейітінің жер жағдайына байланысты болған. Марқұм Бақырбаев Биғали 1961 жылы қайтыс болғанда, өзінің аманаты бойынша қазған жері құмды болғандықтан баласы Ақатай ағаштан үйшік шаптырып салдырған дейді. Содан бері халқымыз осылай жерлеуді салтқа айландырып алды [8]. Қабір үйлеуде де заманға сәйкес құрылыс материалдарын қолданып түрлідей істеп жүрміз. Мысалы: Жазотыр қазақтарының қабір үйлеуі Шығыс Қазақстан қазақтарына көп үйлеседі. Бұрынғы ата бабаларымыз топыраққа жылқы қылын, соғымнан қалған іш майды ерітіп қосып балшықтан қорғандаған дейді үлкендер. Осындай бейіттер Укок жерінде бар, Қаратал, Бәйзін, Қарасу, Көрләй, Орталық, Шәкірт қажы бейіттерінен көреміз [9].

Ал бертін келе шатыр тұрғызу, ағашпен қоршау, кірпіш, темір, бетон қою салтқа айналды. Ал қолы жеткендер мрамордан, граниттен құлпытас орнатып келеді. Соның ішінде басына Ай тұрғызу мәңгілік сақталған, мұсылмандық белгі болған. Социализм дәуірінде басына Аймен қоса бесбұрыш та тұрғызған. Салт-дәстүр әрқашан заманның ағымына, қоғамның өркендеуіне немесе төмендеуіне байланысты болған. Бірақ әрқашан өліктің басын қыбылаға қаратып қою, басына ай тұрғызу өзгеріссіз сақталған.

Қазақтардың өлікті жөнелту ғұрыптары біршама өзгеріске ұшыраған. Мәселен, Джазатор поселкасында алтайлықтардыкі бір бөлек, қазақтардың бейіті бір бөлек болып екеуі ауылдың екі шетіне орналасқан. Егер де мұсылманға шыққан алтайлық әйел өздерін әкесі жатқан бейітке қой десе, солардың тәртібімен қояды, – деп көрсетеді [2, с. 97]. Бізге ел арасынан мағлұматтар жинағанымызда қазақ пен алтай арасындағы аралас некеде дәстүрлерді сақтау қиынға соғатындығын айтады. Мәселен, алтайлыққа шыққан қазақ әйелі қайтыс болса, не жоқтау айтарыңды білмейсің, не олардың тәртібін орындауыңды білмей қиналасың дейді [7]. Себебі, олардың дәстүрі бойынша орыстар сияқты өлген адамның бетін ашып қойып, жағалай отырады. Ал, оның бас жағына бір ыдыс қояды да өздері стаканға 200

грам ащы суды құйып алып бір бөлегін ішеді де қалғанын сол ыдысқа құйып отырады [1]. Бұл әрине мұсылман діниндегі қазақтарға (христиан діниндегі қазақтар да бар) әдепсіздеу көрінеді. Дегенмен өлік шығып отырған соң шыдамдылық танытып, олардың дәстүрін де сыйлаймыз, – дейді Пионер аға.

Әрине болашақта осы аумақтағы қазақтардың жергілікті халықпен қарым-қатынасы, басқа діндегі қандастарымыздың этномәдениеті жөнінде арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. АӨЖМ – 2013. РФ, Алтай Республикасы, Қосағаш ауданы (Жатқанбаев Әуелхан Жазитұлы, 1952 ж. туған., руы найман–сарғалдақ).
2. Октябрьская И.В. Казахи Алтая. История и современность // Этнографическое обозрение. 1997. № 6.
3. Коновалов А.В. Этно-культурные контакты кош-агачских казахов и теленгитов // Этногенез и этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий. Омск, 1979.
4. Қосағаш ауданы статистикалық бөлімінен алынған материалдар.
5. АӨЖМ – 2013. РФ, Алтай Республикасы, Қосағаш ауданы (Мұхтасыров Пионер, жасы 82-де, руы найман).
6. Коновалов А.В. Казахи Южного Алтая. Алма-Ата, 1986.
7. АӨЖМ – 2013. РФ, Алтай Республикасы, Қосағаш ауданы (Қожабаева Бесайдар, жасы 57-де).
8. АӨЖМ – 2013. РФ, Алтай Республикасы, Қосағаш ауданы (Асанұлы Қабди, Жаңа ауыл ауылы, жасы 92-де, руы керей).
9. АӨЖМ – 2013. РФ, Алтай Республикасы, Қосағаш ауданы (Имантайұлы Қабас, Жаңа ауыл, жасы 87-де, руы керей.

ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қозғамбаева Г.Б., Бейсеғұлова А.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы

Түркиялық қазақтардың өмір салтында, үйлену, отбасын құруға байланысты әдет-ғұрыптарында да жергілікті халықтың ықпалы әбден сіңген деуге болады. Оның себептері күнделікті өмірде қазақ тілі мен түрік тілінің аралас қолданылуы, жастардың жергілікті өспірімдермен тығыз қарым-қатынаста болуы. Түркия қазақтары тұрған елінің жағдайына көбірек бейімделген диаспора болып табылады. Түркия мәдени, діни, тілдік жағдайы анағұрлым жақын ел. Бүгінде жастар барған сайын салт-дәстүрді сақтауға немқұрайлы қарауда. Мысалы, бұдан ертеректе қазақтар балаларына болашақ жар таңдауда ата-ананың еркімен іске асырылса, бүгінде өз еркімен шешуге тырысады. Бірақ тіл мен қанды араластырмау үшін Түркияда жаз айларында екі ай бойы арнайы той-мерекелер өткізіледі екен. Оған Қазақстан мен Еуропадан қазақ отбасылары келіп, өзара танысып, той-думан өткізіп, балаларының толыққанды қазақ отбасын құруына мүдделі болып, өзара жақсы араласады. Үйлену тойында қазіргі түрік және қазақ дәстүрлері аралас жүреді. Оған себеп, түркілік тегінің ортақтығы және *мұсылман діні* қазақтардың түрік қоғамына тез бейімделіп кетуіне мүмкіндік берген. Осы жөнінде Әбдрахман Четин: «Еуропаның 10 елінде қоғам құрылған, сол қоғамдардың негізгі міндеттері жастардың басын қосып бір-бірімен

таныстыру. Басқа ұлтқа тұрмысқа шыққанша өз ұлтымызға шықсын деген ойдан туған. Бар табысымыз сол ғана болып тұр», – деп әңгімелейді (I).

Түркиядағы қазақтардың ассимиляцияға түсуіне өзіндік септігін тигізіп жатқан тағы бір фактор – аралас некелер. Түріктен қыз алып, не түрікке қыз беріп жатқан қазақ отбасылары да жоқ емес. Мәселен Түркиядағы аралас семьялы отбасында түрік халқының салт-дәстүрлері басымдық рөлге ие болып, қазақтың байырғы салт-дәстүр түрлері өзінің мазмұны және түрі жағынан өзгеріске ұшыраған. Ал француз, неміс ұлтына үйленуші қазақ жастары ата-дәстүрін мүлде ұмытуға айналған. Тек бірлі жарым әке-шешелері бар қазақ отбасы өз балаларын шамасы келгенше қазақ қыздарына үйлендіруге тырысқан. Ондай отбасыда қазақтың байырғы салт-дәстүрлерінің жұрнағы сақталып қалған [1, с. 104–105].

Түркиядағы қазақ отбасыларының көбі күрделі (бөлінбеген) және моноэтникалық болып келеді, әйтсе де басқа түркі халықтары өкілдерімен: қырым татарларымен, қырғыздармен, ұйғырлармен некелесу де кездеседі. Қазақтың жігіттері үшін некеге тұру жасының шектелуі жоғары. Қазақтар көбінесе 30-ға толғанда отбасын құруға және толық жауап беруге материалдық негізі қаланған кезде үйленеді. Дәстүр бойынша Түркияда отбасы үшін бар жауапкершілік ерлерге жүктелген. Жоғары білім алмаған қыздар көп жағдайда кәмелетке тола салысымен күйеуге шығып, күйеулеріне отбасылық өндірісте көмектеседі. Қазақ жастарының өкілдері Батыс Еуропа, Солтүстік Америка елдерінен жұмыс пен жақсы өмір іздеп өз үйлерін жиі тастап кетіп жүр және соңғы алты жылдың ішінде Қазақстанға көшіп келуге әрекет ете бастады [2, 2-б.]. Қазақстанға келген қандастарымыз да бүгінде тарихи Отанындағы қазақ қыздарымен отбасын құруда.

Жүргізілген далалық зерттеу экспедициясының нәтижесінде байқағанымыз Түркиядағы қазақтарда да әлі күнге дейін жеті атаға толмаса үйленбейді. Сондықтан әр қазақ өзінің аталық шежіресін жақсы білуге тиіс. Қазақтар аталық шежіресін есте сақтауды мықтап меңгеріп, өзіндік салт-дәстүрін қатаң ұстанған дейді Әбдуақап Қара (II).

Құда түсіп, қыз ұзату жоралғылары. Адам өміріндегі ең бір қызықты да, қуанышты да ұмытылмас белең – оның үйленіп, жеке отау тігуі. Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Қазақтар әлемнің қай түкпірінде жүрмесін ертеректе баласының болашағын көздеп, өздеріне тең, тегін білетін адамдармен құдаласуға тырысатын. Осы жөнінде ғалым Ислам Жеменей де, қазақтардың ұл-қыздары өздерінің болашақ жарын таңдауға ешқандай еркі болмайтын, қалыңдықты олардың ата-аналары таңдайтын деп жазған [3, 126–128-бб.]. Түркия қазағы Айша Полат: «..қызды айттыру үшін жігіттің ата-анасы бір үйдің қызын көріп, мақұл деп таныса, өздерінің балаларымен ақылдасады. Егер жігіт мақұлдаса қызды сұрап барады», – дейді (III). Бірақ ақпарат берушілердің көбі қазіргі таңда жастардың бір-бірімен өздері танысып, үйленіп жатқандарын айтты. Жігіт үйленер алдында әуелі өзіне ұнайтын теңін іздестіреді. Бұл дәстүр – «қыз көру», «жар таңдау» деп аталады. Мәселен, мен тұрмысқа шыққанда дейді Айшегүл, жігітпен өзінің танысып, біліскен соң үйіндегі отбасы мүшелеріне айтқанын, сосын олар жүзік тағып құда түсіп келгендігін айтады. Сонымен қандастарымызда ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша, қазақ дәстүрімен құда түсіп, қалың мал төлеп үйленумен қатар, жастар бір-бірін тауып үйлену де бар екеніне көз жеткіздік. Бірақ қызды «алып қашу» деген мүлдем жоқ. Ол өте ұят саналады. Себебі алып қашу жігіттің әлеуметтік жағдайының нашарлығын көрсетеді. Сондықтан оған ағайын-туысқан жол бермейді (IV).

Жігіт қызбен келіскеннен кейін, оның ата-анасы ағайын-туыстарымен ақылдасып қыздың үйіне жаушы жібереді. Жаушы – қыз айттыруға баратын өкіл. Ол жөн-жосықты білгіш, сөзге шешен, әзілге жүйрік адам болуы шарт. Міндеті – қыз әкесін көндіріп, бойжеткенге құда түсіп, құдалыққа келер күнді белгілеп қайту. Бірақ қыз жағы бірден жауап бермейді. Сондықтан жаушы кеткеннен қыздың ата-анасы ағайындарын шақырып, ақылдасып келісімге келеді. Ал, қыздың жезделерінің бірі жігіттің үйіне сүйінші сұрап келеді. Сол кезде құдалық күнін де айта келеді. Сүйіншіге әр түрлі зат беріледі. Ол киім, ақша болуы да мүмкін. Жігіт ата-анасы туған туыс, жақындарын жинап ақылдасып құдалыққа дайындалады.

Түркиядағы қазақтарда ертеден келе жатқан «сырға салу», «айттыру» дәстүрлері де кездеседі. Кей жағдайларда қыз жігітке ұнаса, жігіттің анасы екі жаққа бірдей таныс адамды жіберіп айттырып та жатады. Негізі сырға салуға 3–4 үлкен кісілер барады. Ол кезде жігіт пен қыз бір-бірін көрмеуі де мүмкін. Айттырып барғанда қызға әдемі орамал, көйлек жабады, алтын сырға салады (V).

Түркия қазақтары қыздарының тұрмыс құру жасы 14–22 жас аралығы, ал ер баланыкі 16–24 жас деп көрсетеді [4, с. 179]. Қазіргі уақытта қыздардың тұрмыс құру жасы 18–25 жас, ал жігіт жасы 25–30 жасқа дейінгі аралықты қамтиды.

Құдалық белгіленген күні жігіт жақтың ағайын туыстары сыйлы, құрметті 3–4 адамнан 10–12 адамға дейін жиналып қыздың үйіне құда түсіп барады. Құдалыққа баратын адамның саны әртүрлі болып келеді. Жігіттің әкесі, ағайынның үлкені бас құда болады. Жігіттің әкесі не үлкен ағайындарының бірі «Алла қосқан құда, пайғамбар қосқан дос болайық», қызыңыздың қолын сұрап келдік дейді. Жігіттің анасы – яғни құдағи алдын ала қызға салатын алтын сырға, жүзік, алқа, білезігін дайындап апарып қызға салады. Онда да алдын ала абысын-ажын, жеңгелерін шақырып ақылдасып алады. Бұл Түркия қазақтарының ерекше дәстүрінің бірі. Себебі, бұл да жігіт жақтың әлеуметтік жағдайын көрсетеді. Әдетте алтынның құны 1000 доллардан жоғары болады. Сонымен қатар, қыздың анасына да алтын білезік, алтын алқа, не жүзік апарады. Қазіргі кезде кішкене дорбаларға кәмпит тәттісі салынған қоржын екінші жағына жеңге көйлектері бар екі қоржын апарады. Ол тәттілер мен жеңге көйлектер қыздың туған-туыстарына таратылады. Түріктердің кейбір дәстүрі қазақ тұрмысына да енген. Мәселен, қызды көрсеткенде қыз болашақ енесінің қолын, кейде үлкендердің қолын да сүйіп, маңдайына апарады, ал енесі қыздың көзінен сүйеді (V).

Айшегүл Жігіт: Стамбул қаласындағы қазақтардың қалың малға беретін ақшасы әртүрлі шамада болатынын, мәселен өзіне бірінші қолымды сұрап келгенде әкеме 500 доллар, құда түсіп келгенде 500 доллар, алып кетерде келгенде 1000 доллар бергендігін айтқан. Ақпарат беруші Түркиядан келген оралман Мұхамедияр Қаратамыр да өзінің үш ұлына келін түсіргенде қалың малға төрт мың доллардан бергенін айтады (VI).

Қалың малмен бірге «Сүт ақы», «Жүктің көрімдігі» деген ырымдар да бар, олардың құны да әртүрлі әдетте 500–1000 долларға дейін жетеді.

Қына жағу, «Kina gecesi» қына түні қыз ұзату тойы алдында қыздың үйінде құрбы құрдастары, жақын туыстары жиналып өткізілетін бұл дәстүр түріктерден енген. Оған тек қыз-келіншектер ғана қатысады. Қыз тұрмысқа шығатынның алдында бір күн бұрын жасалады. Билеп, өлең айтып, көңіл көтеру үшін жасалады. Тұрмысқа шығатын қызды ортаға алып қынаны суға езіп қыздың алақанына жағады. Қынаны күйеу жігіт жағы әкеледі. Қызға жаққан соң, қасындағы қыз келіншектерге кезегімен жағылады.

Осындай мерекелерде, Түркия, Ауған, Иран қазақтарының ауызбірлігі бекем, олар осындай жиылыстардан қалмауға тырысады. Бұндай іс-шараларды барлығы яғни қыз жақтан рулас, аталас ағайындарының бәрі бірігіп жасайды. Сонымен қатар, «жеңгетай», «төс тартар» кәделері жасалынады, бұл кәдеге күйеу жігіт ақша-пұлын дайындап келуі қажет. Ал күйеу жігітке қыздың анасы тәтті салынған табақ тартады. Оның үстіне түріктің ақшасы лира немесе доллар салып шашу шашады. Күйеу жігітке төс тартқанда күйеу мен қатар қыздың жезделері де күйеу табаққа ақша салып күйеу жігітке көмектеседі. Салған ақшаны жеңгелері сонда отырғандар бөліп алып жатады. Күйеу жігіттің бөлмесінде ән айтылып, би биленеді, қазіргі кезде жастар түрік музыкасына билейтін болған. Тағы бір ерекшелігі осындай жиылыс, мерекелерде ер адамдарға бөлек, әйел адамдарға бөлек бөлмелерде дастархан жайылады. Кешке жігіт жақтан келген құдалар ауылдарына кетеді. Күйеу жігіт пен күйеу жолдас қалады. Ертедегі қызды ұзатқанда айтылатын «сыңсу» қазір қалып бара жатқан салттардың қатарында. Дегенменде орта жастағы қыз-келіншектер «сыңсу» айтқан:

Отқа қойған жез шәйнек тез қайнайды
Өгей емес өз шешең жыламайды
Жылаған шешемді жұбатайын
Не дегеннен көңілі қалса да ауыртайын

Қош аман бол ауылым-ай
Суға салса жас шыбық салмақ қайда
Тал шыбықтай ойнаған оң жақ қайда
Кісі әкесі кісіні әке деймін
Қайран әкем өзіңдей әке қайда дейді (VII).

Бұрынғы қызға «ұрын келу» салты қазір жоқ.

Келін түсіру тойы. Бір аптадан соң, не оншақты күннен кейін, той көп кешіктірілмей жігіт жақта болады. Бұл жақта да дәл қыз жақта болғандай ұлдың ағайын-туыстарының көмегімен жасалады. Келінді түсіргеннен кейін салт-дәстүр бойынша «Беташар» жасалады. Жігіттің туған-туыстарының арасында келіннің бетіне қызыл ормал жауып, сөзге шешендеу кісі бетін ашады. Негізі түрік жеріндегі қандастарымыздың арасында домбыра тартып, ән салып, күй шертетін адамның жоқтың қасы. Сондықтан, ол жердегі бауырларымыз домбыра тартылып ән-күй шертілсе, ата-мекендеріне толғаныстарын жасыра алмайды. Келіннің бетін оқтаудың шетіне орамал байлап, беташардың сөзін Қазақстаннан, не сонау Қытай жеріндегі қазақ бауырларымыздан жазып алғандарын айтып келіннің бетін ашып жүр. Келіннің бетін ашқан кісінің мойнына бір жайнамаз іліп, оған аты аталған кісілер ақша тігеді. Ақша қанша жиналса соның бәрін бетін ашқан кісіге беріледі. Ол ақша 400–500 долларға дейін жиналады. Келіннің екі жағынан екі абысыны қолтықтап, әдет бойынша аттары аталған қайын жұртына иіліп сәлем береді. Бұл күндізгі той. Әдетте Түркия қазақтары тойды жаз айларында жасайды, оның себебі кезінде Түркиядан Еуропаға кеткен қазақтар арнайы демалыс уақыттарында осында ағайын туыстарына келіп, бәрінің бастары бір қосылып қалады. Оның үстіне бұндай жиылыстар жастар үшін де керек дейді. Себебі балаларымыз өзге ұлтқа үйленгенше осындай жиылыстарда бір-бірін көріп танысады дейді Мансұр Тәйжі (VIII).

Қазақтар арасында той бастап, бет ашып жүрген ағайынымыздың бірі Бешир Көсе:
Әңгімеге жұрт құмар, ажал келсе кім тұрар
Бәтима, Зейнеп апамыз
Солардан келген жол шығар
Айт келін-ау, айт келін
Сауысқаннан сақ келін
Жұмыртқадан ақ келін
Күйеуіңе бақ келін
Әуелі сыйла атаңды
Атаңнан ал батаңды
Атасынан бата алған
Жақсы келін атанды
Атасына бір салем деп ашып жүрмін деді (IX).

Тойға ағайын туыс, жекжат жұрағаттың барлығы, сонымен қатар, сол Стамбул, Измир тағы басқа қалалар мен ауылдық жерлерден келгендер бар, еуропадан келгендер бар барлығы 600–700-дей адам жиналады.

Тойға құдалар жақтан киітке көбіне кілемдер әкеледі. Кілемнің саны әртүрлі болады 30–40 дейін барады. Осы күндізгі тойларда «той бастар» деп абысын, келіндері ән айтып жатады:
Айт дегенді тойды бастайын
Бастамай отырғой есіл жастар-ай
Алтай менің мекенім
Сонда туған екенмін
Үш алмайды үш тастық бөденесі
Жыртылмайды барқыттың кенересі
Құрмет үшін аталарды
Зуха батырдың немересі (X)

Той иелерінің ағайындары тойға әкелінген сыйларды іліп қояды. Біздің байқауымызша тойға нағашы жұрттың әкелетін сыйы молырақ. Оның көлемі алды 2–3 мың, арты 300–500

долларға дейін жетеді. Европадан келген қазақтарда өз елдерінің ақшаларын әкеп іліп жатады. Ас ішіліп, бата берілген соң, тойға жиналған қаражатты сол үйдің қожайыны өзінің аталас 10-шақты ағайындарымен (тек ер адамдар) жерге дөңгелене отырып санайды. Санап болған соң оның қаншасы лира, қаншасы неміс маркасы, қаншасы француздың франкісі екендігін айтып, жиналған жұртқа қанша қаражат түскендігі жария етіледі.

Тойда дастархан жайылып, палау беріледі. Тойда негізінен жанашырлары болмаса, көпшілігі уақытын кетіріп отырмайды. Тірлігі барларын айтып кете береді. Сонда күндізгі тойлары 2–3 сағаттан аспайды. Кешке түрік той өткізіп, үлкен-кішілері жиналып той жасайды. Тойханаларда су, тәтті қойылған дастарханнан дәм татып, ән айтылып көбіне би биленіп өткізіледі.

Бір өкініштісі мұндай тойларда да жастар көбіне түріктің ән-күйін тыңдап, би-билейді. Жас жұбайлар еуропаша киініп, қалыңдықтың мойнына қызыл лента, жігіттің мойнына ақ лента тағылады. Тойға жиналған ағайын-туысқандар, келген қонақтар сыйлықтарын ақша мен алтындарын сол ленталарға түйреуішпен түйреп жатады. «Қызыл белбеу» қазақ қалыңдықтарының түріктерден енген қалыңдық көйлегінің беліне қызыл белбеу тағады. Оның мағынасы белің бекем болсын дегенді білдіреді (V). Қарақас руынан тараған 65-тегі Хаджипа апамыз соңғы кезде қазақ салт-дәстүрлерінің бәсеңдеп оның орнына түрік салт-дәстүрінің басым болып бара жатқанын айтты (XI).

Қорыта келсек, Түркия қазақтарының осындай тойларда жиналған жиындарда ауыз бірлігінің тығыз екені байқалып тұрады. Дегенменде алыстағы ағайын даналыққа толы беташар дәстүрін, қуаныш, шаттық айғағы ретінде жасалатын шашу ғұрпын орындап келеді. Сонымен қатар, қандастарымыз қыз көру, сырға салу, құда түсу сынды атадан қалған салт-дәстүрлеріміздің қаймағын бұзбай сақтап, жастарға өнеге болып отыр.

Әдебиеттер

1. Соловьева Г.Г. Қазақ диаспорасы: этникалық және азаматтық (біртектілігі) ұқсастығы. Түркия еліндегі қазақ диаспорасы: мәдениетаралық байланыс. (Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: он томдық. Т. 9. Алматы, 2010.
2. Бектемісов Қ. Түркия қазақтары // Қазақ. 2010. 19 қараша.
3. Жеменей И. Иран қазақтары (тыныс тіршілігі, салт-дәстүрі). Алматы, 2007.
4. Сванберг И. Казахская диаспора: проблемы этнического выживания. Алматы, 1997.

Информаторлар

I. Абдірахман Четин. Германия, Мюнхен.

II.Әбдулуахаб Қара. Жасы 52, руы Найман, Қарақас. Стамбул қаласы, Зейтінбұрын ауданы. Түркия Республикасы.

III. Айша Полат. Жасы 57, руы Жалайыр. Алматы облысы, Қарасай ауданы. Қазақстан Республикасы.

IV. Айшегүл Жігіт. Жасы 35, Керей. Сарбас. Қарақас. Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазаккент ықшам ауданы. Түркия Республикасы.

V. Күлия Софығадан (Тәйжі) Жасы 66, руы Керей, Шақабай. Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазаккент. Түркия Республикасы.

VI. Мухаммедияр Қаратамыр. Жасы 60, руы Қаратамыр, Алматы облысы Қарасай ауданы. Қазақстан Республикасы.

VII. Сәнияхан Зейнолла. Керейдің Сарбас руынан тараған, бақсы, 82 – жаста, Түркия мемлекеті, Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазаккент ықшам ауданы.

VIII. Мансұр Тәйжі. Жасы 68-де, руы Найман, қаракерей. Түркия мемлекеті, Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазаккент ықшам ауданы.

IX. Бешир Ахмет Көсе. Жасы 58-де, руы Жантекей. Маниса қаласы, Салихлы ауданы.

X. Айналхан Алтай. Жасы 64, Руы Найман. Төртұл. Түркия республикасы Күчік Чекмер.

XI. Хаджипа апа. Қарақас руынан тараған. Жасы 65-те. Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазаккент ықшам ауданы.

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Қоңырбаева К.М.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және діntану институты, Алматы

Бүкіл әлемді жайлап отырған құндылықтар дағдарысы XXI ғасырға дейін ұлттық дәстүрлерді, тіл мен ділді сақтап келген Қытай қазақтарының да рухани өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Шетелдердегі қандастарымыз әлемдік өркениеттер кеңістігінде өзіндік келбетін сақтап қалуға тырысуда. Әсіресе Қытайдағы қазақтардың рухани мәдениетті өркендетудегі орны жайында Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайында Президентіміз: «Қытайдағы бір жарым миллионнан астам бауырларымыздың бүгінгі таңдағы ұлттық өркендеу үрдісі жақсы. Ана тіліміздің бай, шұрайлы ортасы сонда қалыптасқан. Қазақтың ежелгі мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қаймағы бұзылмай сақталып отыр. Қазақ халқының баға жетпес асыл мұрасы – ауыз әдебиетінің де басты бір бөлігі – Қытайдағы бауырларымызда», – деп ерекше атап көрсеткен болатын [1, 67–71, 76–78-бб.]. Ұлттық этностардың қандай да бір әлеуметтік кеңістікте өмір сүрсе де, санасы мен бейсаналық астарларында этномәдени архетиптері жататыны белгілі.

Жаһандану үрдісі қазіргі замандық ғылым мен техника, технологиялар дамуына байланысты болғандықтан да адамның әлемді игеру мен тұтыну қатынасын алдыңғы орындарға шығарды. Ғылыми-техникалық прогресс, адамның рухани мәнінің жан-жақты, еркін және әмбебапты дамуы бағдарларынан, оның шығармашылық қабілеті мен дарындылығынан айырған әлемге, табиғат, қоғам және адам қатынасының жүйесі рухани-адамгершіліктік өлшемдерден жаттанған пайдагерлік-тұтынушылық қатынасы логикасына тәуелді әлемнің пайда болуына әкелді. Дегенмен рухани қатынастарда жалпыадамзаттық құндылықтар категориясы болып табылатын адамгершілік ұғымдары ізгілік, парасаттылық, имандылық, жақсылық, ар, ұят, тектілік парқы сақталуы керектігін басты бағытта ұстаған абзал. Мәдени өркениеттегі әмбебаптылық пен ерекшеліктің арасын философиялық тұрғыдан талдаудың объектісіне халқымыздың рухани тұғырларын жатқызатын болсақ, ұлттық болмысты өзгерту – ұлттық сана-сезімді өзгертуден басталады. Әрине, миллиардтан астам бөгде халық ортасында ықпалдастықсыз таза күйінде даму мүмкін емес. Олардың мәдени өмірлеріндегі өзгерістер тұтас қазақ мәдениетімен тамырластығын, сабақтастығын сақтай отырып, уақыт пен кеңістік аясында Қытай қазақтарына ғана тән төл туындыларымен ерекшеленеді. Сондай-ақ ұлттымыздың ізгілікті қасиеттерін алға өрлетуші құндылықтар жүйесі Қытайдағы қазақтарда өнегелілік тұрғыда жетіле түскендігін аңғаруға болады. Еңбегінен пайда табу үшін адам өзінің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға ұмтылатындығын ескерсек, ғылым, білімді игеруде қандастарымыздың біршама жетістіктерге ие болғандығына куә болдық. Білім алуды жетістікке жетудің тәсілі деп қарауда. Қытайдағы қазақтар әсіресе үнемшілдікті үйренгені көп жерлерде байқалады. Жаңа мәдени-әлеуметтік кеңістікте шығармашылыққа жаңа жолдар ашылып, өзгерген әлемде қазақтарға тән бұрынғы құрсаулы көзқарастар түбірінен өзгеріп, заманауи тұрғыдан прогресшіл қадамдардың жасалынғаны жайлы тұжырымдай аламыз.

ШҰАР-дың шеткі аймақтарында ауылды жерлерде тұратын қазақ жастары үлкен қалаларға барып кәсіптің қандай түрі болса да меңгеріп жатыр. Бүгінгі өмір ағымында қазақтарға тән бұрынғы құрсаулы көзқарастар түбірінен өзгеріп, заманауи тұрғыдан

прогресшіл қадамдар жасалынуда. Қытай қазақтары арасында ер адамның ас мәзірін даярлауға араласуы әбестеу болып саналатын. Ал қазіргі қазақ жастарының арасынан аспаздар, ұлттық тағам түрлерін даярлаудың шеберлері көптеп саналады. Бұл істі олар кәсіпке айналдырып, сол істің шебері болып алған. Еліміздің түкпір-түпкірінде ашылып жатқан мейрамхана, асханалардың аспазшыларының көпшілігі Қытайдан келген қандастармыз екендігін көріп те жүрміз.

Қытай мемлекетінде шығармашылық жобаларды жүзеге асыруда түбірінен жаңа жағдайлар жасалынған. Жаңа мәдени-әлеуметтік кеңістікте шығармашылыққа жаңа жолдар ашылды. Ұлттың зияткерлік әлеуетінің рухани құндылықтар әлемі демографиялық ахуалды түзеуде тигізер мол үлесі бар. Ұлттық мәдениеттің жаңғырулары мәдени өміріміздің тек қана дәстүрлі-этникалық түрге оралуы ғана емес. Оның негізгі көздегені қазіргі кезең мәдениетін ұлттық мазмұнмен толықтыру, жалпыадамзаттық мәдениетте өзінің ерекшелігімен, бірегейлігімен өз бетімен дамуға және өзара әрекеттесуге қабілетті біртұтас жүйенің жағдайы мен тетіктерін қалыптастыру болып табылады.

Қытай қазақтары әсіресе өзіміздің байырғы төл мәдениетімізді жаңғыртып, жандандырды. Қытайдағы қандастарымыз әлемді көркем эстетикалық тұрғыдан түсініп-түйсінуін бейнелеудегі би өнерінінің шыңдалуына үлкен үлес қосты. Қазақтарда би өзіндік ұлттық нақыш тапқан өнер. Адам ерекше шаттануын, көңіл-күйін сөзбен, сазбен, бимен өрнектеген. Ал би арқылы ішкі сезімдерді бейнелеу құралы қимыл-қозғалыс.

Уақыт пен кеңістік аясында екі ел арасындағы ұзақ уақытқа шекараның жабық болуымен байланысты өзіміздің төл мұраларымыздан жаттану пайда болған еді. Мысалы «Қара жорға» биін алайық. Ол біздің ата-бабаларымыздан қалған төл туындымыз. Оны Қытай еліндегі мәдениеттанушы Ясиын Құмарұлының зерттеулері дәлелдей түседі. Қытай Қаратауының петроглифі мен Құтыби Қызылқысаң петроглифінен көп адам қатынасқан әсем де ойнақы, екпінді топтық бидің көрінісі айқын байқалады. Алтын адам табылған Есік төңірегіндегі таңбалы тастың петроглифінде де осындай топтық бидің суреті бар. Демек, осы өңірлердің ерте замандағы сақ халықтары түгелдей ән, күй, биге бай болған. Сол бидегі әрекеттерді күрделендіріп, сюжеттерді қосып «Қара жорғаның» ізін жоғалтпай жоғары өредегі сахнаға лайықтап ұлтымыздың би өнерін тағы бір сатыға көтерді. Қытайда биленген «Қара жорға» Гиннес кітабына еніп жатыр. Қоғамның құндылықтар дағдарысынан шығуы тек қоғамдағы ескі құндылықтарды қайта бағалап және жаңа құндылықтар жүйесін жасау, кезеңнің сын қатерлерін жеңу үшін жаңа тиімді тәсілдерін қалыптастырумен ғана мүмкін. Жаһаншылдықтың стартегиясы мен тактикасы тек қана ұлттық мемлекеттер ғана емес, ұлттық мәдениеттерді, сонымен бірге этностық және ұлттық бірегейлікті және өзіндік бірегейлікті құртуға бағытталғандықтан жағдай қиындай түсуде. Олар жоғары рухани құндылықтардың беделін түсіріп, артта қалған дәуірлердің, ескіліктің қалдығы деп көрсетіп, қазіргі заманның «озық» адамына лайық емес деп ұғындыруда.

Алаңдатарлық мәселелердің ең бастысы, бүгінгі таңдағы Шынжаңда қос тілдік орта қалыптасқандығында болып отыр. Оған қазақ мектептерінің азаюы мен аралас некенің көбеюі тікелей жағдай туғызып отыр. Белгілі ғалым Нәбижан Мұқаметқанұлы Түркістан газетіне берген сұхбатында оқу орындарындағы қытайландыру саясатының жүріп жатқандығы туралы: «Балаларын қытайша оқытпаса болашақта жұмысқа тұрудың қиындайтын түрі бар. Сонымен қатар бала туудың шектелуі ұлт болашағын алаңдадатып отыр», – деген болатын [2]. Сондай-ақ қазақстандық басылымдарда жарық көрген деректер бойынша ШҰАР-дағы бастауыш білім мен орта білім беру ошақтарының бүгінгі таңдағы жай-күйі туралы мағлұматтарға ден қояр болсақ, ондағы кері өзгерістерді байқауға болады. Кезінде сол елде тұрып, мектеп бітірген, қазір елге оралған журналистің жолсапар естелігінде: «Заманауи өскелең, озық ұрпақ қалыптастыру үшін барлық пән ханзу тілінде оқытылып жатыр. Үзіліс кезіндегі әлгі мектеп дәлізіндегі балалардың әңгімесі, дарылдай күлгені, бақырып-шақыруы, тиіп-қашып жүргені – бәрі-бәрі қытайша. Бажайлап едім шаш қоюы да, киім киюі де өзгере бастапты», – деп жазады [3, 78-б.]. Бүгінгі таңдағы Қытайдағы қазақтардың ділінің өзегін үзуге бағытталған бетбұрысты байқауға болады. Біртіндеп қазақ

тілінде оқытатын мектептер ығыстырылып сонымен бірге қытайланып бара жатқан ұрпақты елестетеміз. Бұндай үрдіс жайылып белең алса этностың әлеуметтік топтары арасында жат мәдениет пен тілді игергендер мен қазақи ортада өскендер және қала мен қыстақ арасында жатсынулар пайда болады. Бұл әрине бірден көрініс табатын үдеріс емес. Ол біртіндеп біртұтас ұлтты ыдыратады. Біртұтас, бір тілде сөйлейтін ақпараттық қуаты тасқын ұлт үшін араларындағы ұсақ ұлттарды өздеріне сіңіріп алу онша қиынға соқпайды. Олар әуелі іскерлігімен, еңбекқорлығымен барлық алдыңғы қатарлы техника-технологияларды меңгеріп қана қоймай, заманауи кеңістікте тек қана өз тілдерінде қарым-қатынас орнатады. Ол тіптен сан жағынан басым болып отырған мемлекеттерде көзді ашып-жұмғанша қарқын алары сөзсіз.

Қытайдағы қандастарымыздың тіл мәселесінің осындай халі оның болашағы үшін қауіп тудырары сөзсіз. Сондықтан да ұлт жанашырлары тіл тұтастығының сақталуына дабыл қағуда. Профессор-жазушы С. Жанболат: «Қазақстан жақ тәуелсіздік алғалы бері қазақша атау-терминдерді жетілдіруге қатты кірісіп кетті. Алайда бұл жұмысқа диаспорадағы тілгерлерді елеп-ескеріп шақырған жоқ, араластырған жоқ. Нәтижесінде диаспорадағылар Қазақстанда атау-терминнің жай-күйінен хабарсыз қала берді. Қазір мұнда Қазақстан телехабары көрілмейді, радиосы естілмейді, басылымдары келмейді. Интернетпен айналысатындардың дені кириллше танымайды. Демек диаспорадағы қазақтар өз үкіметі бекіткен атаулармен немесе бұрыннан дағдыланған терминдерімен (мысалы «информация» сықылдыларды қолданып) кетіп барады. Сонымен, талай сөздер екі жақтағы қазақтарға өзара бейтаныс атау болып, қатары барған сайын молаюда» [4]. Осы мәселенің байыбына бойлай, болашағын болжай алатын көреген ғалым, ұлт жанашыры пікірін қаперге алып, екі елде тұрып жатқан қазақтардың қолданып жүрген терминдері мен атауларында елеулі айырмашылықтардың бар екендігін екергеніміз абзал. Тіл болашағы туралы Қытай жеріндегі қазақтар мен қазақстандықтар үшін де бүгінгі таңдағы ең басты қаперімізде ұстауды талап етерлік жәйіттер көп. Жаһандану жағдайында басым тілдерді үйренуге мәжбүр болып отырмыз. Сондықтан, ортақ терминдерді қалыптастыруда өте мұқият болу ләзім. Өйткені кейінгі жылдары қазақша атау-терминдерді жетілдіру, тілімізді байыту мақсатында асыра сілтеушілікке ұрынып қалатын жайттар белгілі. Жаңа технологиялар мен ғылымның ғарыштап дамуы барысында өзге тілдік атауларды сол күйінде қалдыру диаспора мен Қазақстан қазақтары арасында болашақта біртұтас ғылыми-мәдени қарым-қатынас орнықтырудың ғана емес түбегейлі ана тілімізді сақтап қалуымыздың кепілі.

Халықаралық терминдерді Қытайдағы қазақтар өздерінше, басқа елдердегілер өз бетінше аударса онда ана тілімізде түсінісу тұрмақ, оның жойылуына өзіміз жол ашамыз. Ал мемлекет тілінің өз мәртебесіне көтерілуі үшін оны жетілдіреміз, байытамыз деп қазақы атауларды ойлап табудың қажеті шамалы. Осы мәселелер де қытайдағы диаспора өкілдерін алаңдатып отыр. Қытай әртүрлі диалектілер салдарынан бір-бірін түсінбейтін, іс жүзінде бірнеше ұлт секілді еді. Қазір бәрін бірлестіре келе ортақ тіл қалыптасып, оларды алыста жүрген әлемдегі ханзулар да түсінетін болды. 1 миллиард 300 миллион қытай бір тілде сөйлеп, бір жазумен дамып барады. Бұл бірлік оларға үлкен күш-қуат пен өміршеңдік әкелді [4]. Дүние жүзінің түпкір-түпкірінде әлде неше мемлекетте өмір сүріп отырған қазақ халқының өкілдері өздерінің ана тілдерінде ғаламторда сөйлесуі үшін бір жазуды қолдана алмай отыр. Бұл олардың арасының алшақтауы мен бара-бара жаттануына әкелері сөзсіз. Ал, жазу мәселесі жайында Қытайдағы қазақ зиялылары латын әріпіне көшуді жөн көріп отыр. Латынша жазу әлемдегі ең жалпыласып бара жатқан тілдің жазуы ғана емес, компьютер, интернет т.б. күнделікті өмірдің құралының жазуы. Осы латынша жазу жобасын қазірден бастап жариялап тастаса болашақта шетелдердегі қазақ диаспоралары соған бейімделе берер еді, – деген ұсыныстар да бар. Қытайдағы қазақтар күнделікті өз араларында Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуын қолданады. Ал Қазақстандағы туыстарымен интернет арқылы болсын, телефон хабарламаларын жазу арқылы қатынас орнатуда ортақ жазу қажеттілігі туындауда. Ұлттың жазуы ортақ болмаса жаһандану жағдайында бір біріміздан алыстап, жат болып кетуіміз ғажап емес.

Қытай мемлекетінің зерттеу орталықтары өз елінде тұратын аз санды этностардың жан-жүйесін, әдет-ғұрпын әбден зерттеген. Қазір де солардың озық мәдениеттерін дәріптеуден танбайды. Мәселен Ішкі Қытайдан дайындалып шығарылған қазақтың ою-өрнегімен көмкерілген маталар, кілемдер, дастархандар қазіргі біздің базарларда халықтың сұранысын қанағаттандыруда. Ал қытайлар болса сол арқылы нарықтық экононимикасының тетіктерін дамытып, жаңа кеңістіктерді жаулап алуда. Сан ғасырлар бойы біздің қыз-келіншектеріміз ақыл парасаты мен шабытты жасампаздығына сүйеніп кесте тоқудың өнерін кемелдендірген еді. Оны тұтыну тек үй жиһаздарында ғана қолданысқа ие болатын. Ал қазіргі қазақстандықтардың қолданысында мүлдем жоқтың қасы. Кесте тоқу өнерінің өзіне ғана тән хас сұлулығы эстетикалық әсемдігі басқа машинкамен тоқылған тоқымалармен салыстырғанда ерекшелігімен айшықталады. 2009 ж. ШҰАР-дың Мори Қазақ автономиялы ауданында ұлттық кестешілік басшылар тобы құрылған екен. Кестешілікке үгіттеу, зерттеу, ашу, сатуды ұйымдастыратын орындар қоса ашылған. Ауыл-қыстақтардағы егінші-малшы әйелдері үшін табыс көзіне айналып отырған көрінеді. «Қытай қазақтары кестешілігінің бірінші ауданының» бұйымдары Қазақстан, Ресей, Моңғолия қатарлы елдерге шығарылып сатылып жатыр [5, 10-б.]. Ұлттық дәстүрлі өнеріміз қайта жаңғыртылып айналысқа еніп отыр. Дәстүрлі нақыштар зерттеліп, реттеліп кестешілік серіктестері құрылды. Жаңғырған жасампаздық тұтынушыларына жаңа өнімдер ұсынуда. Осылайша дәстүр мен жаңашылдық ұштасып эстетикалық талғамды, ұлт жасампаздығын байытуда.

ҚХР-да тұрып, кәсіпкерлікпен айналысып, өндіріс орындарын ашқан бүгінгі таңда біраз жетістіктерге жеткен 45 компания бар екен [6, 192-б.]. Осы компаниялардың барлығы дерлік қайырымдылық шараларына атсалысады. Көмекке зәру, мүгедек адамдарға қаржылай қолдау көрсетіп отырады. Ұлы ойшыл Абай да көшпелі қазақ қоғамын жетілдіру жолдарын атап көрсеткенде алдымен адамгершіліктік қасиеттерді алдыңғы орынға шығарғаны бекер емес болатын. «Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда», – дейді. Материалдық байлыққа қол жеткізгенмен, рухани жүдеу адам тоғышар, ашкөз болары анық. Қытайдағы қандастарымыз жер өңдеу мәдениетін өзгертуде де өздерінің өмір сүріп отырған ортасының мол тәжірибесін жинақтағандықтан, оларға лайықты техниканы да жақсы игерген. Қазірдің өзінде тарихи отандарына оралған бауырларымыз сол техникаларын өздерімен бірге алып келіп егін салып, көкөністерінен мол өнім алып отыр.

ШҰАР-ға емделуге көптеген қазақстандықтар ағылып барып жатады. Өнер мен кәсіптің сан-саласын меңгерген ханзулардан қалыспай еңбекқорлығының арқасында бауырларымыз Шығыс медицинасы (қытай медицинасы) тәсілдерін біршама меңгерген. Сол өнерлерін дәстүрлі қазақи емшілікпен астастырып зәру жандарға шипасын тигізуде. Олар халық емшілігі мен шығыс медицинасының тәсілдерін ұштастыра отырып тамаша жетістіктерге жеткен. Қытай қазақтары арасында ата-бабасынан үзілмей келе жатқан халық емшілігімен айналысып жүргендері де аз емес. Инемен емдеуді меңгерген дәрігерлер көптеп саналады. Мысалы атадан балаға жалғасып келе жатқан оташылық кәсібін дамытып, жалғастырушы қазақ қызы Жаңагүл Әсенқызы Қытай елінде ғана емес шетелдерге танымал. Ол қазақ оташылық өнерімен қоса жүңгоша және еуропаша емдеу тәсілдерін меңгерген маман. Американың Сан-Франсико қаласында өткізілген дүниежүзілік дәстүрлі емдеу ғылыми жиналысында баяндаған «Уақыты өткен шығуды қазақи емдеу жөнінде» атты мақаласы алтын сауыт сыйлығын алып, өзі «Халықаралық ұлттық шипагерлік шолпаны» атағына ие болды. Ол жүңгоша және қазақша емдеу емханасының сүйек аурулары бөлімінің меңгерушісі, аға-дәрігер. Қазақи емдеу тәсілдерін жетілдіріп қазіргі ғылыми айналымға енгізуде қандастарымыз зор үлес қосып отыр.

Әйткенмен, керісінше болып жататын тұстары да баршылық көрінеді. Қытайдағы нарықтық экономиканың заңдылықтары онда тұратын қазақтардың діліне, өмір-салтына, психологиясына әсер етпей қала алмады. Бұл құбылыстарды Қытайдағы қазақ зерттеушілері үш түрге жіктеп сараптайды. Бірінші түрі, базар экономикасының толқынына түсіп, тұрмыстық күй-жайы жақсарып, байии бастаған қазақтар, ұлттық салт-сана, мәдени дәстүр, адамдық этиканы ескеруден гөрі экономикалық мүддесін күйіттеуге бой ұратын болған;

екінші түрі, шаруашылығы біраз жақсарған қазақтар. Олар бұрынғы байлардың тұрмысына еліктеп, атақ шығаруға әуестеніп, болымсыз іске бола аста-төк ас беріп, той жасап, ат шаптырып, бәйге беріп, жүлденің алдына түйе, артына бие беруді әдетке айналдырған. Сондай-ақ олар жиналып құдалық өткізу, аста-төк ішіп-жеу, қалың мал беру (атақ шығару үшін), қонаққа қостап қой сою сияқты ысырапшылықты әдетке айналдырған; үшінші түрі, кедейлескендер, өмірден торығып күй кешкендер. Соған қарамастан олар көп уақытын бос өткізуге, арақ ішіп маскүнемдікке салынып төбелес шығаруға, ұрлық істеуге, тіпті, қылмыс жасауға үйір болып алғандар [7, 25–31-бб.]. Осы қатарлы әлеуметтік құбылыстар – Қытайдағы қандастарымыздың дүниетүсінігі мен көзқарастарындағы құндылықтық бағдалардың құлдырауға бет бұрғандығын көрсетеді. Этикалық-адамгершілік қасиеттер материалдық жағдайлармен өлшенуге айналған. Бұндай жағымсыз үрдістер жұқпалы ауру сияқты, ендеп кетеді. Әсіресе біздің қазақтың бір-бірінен қалыспай той тойлағыштығы көрініп-ақ қалады. Ысырапшылдыққа жол беріліп, көрсеқызарлыққа салынушылық басым болып бара жатыр. Адамның рухани жетілуінің тетіктерін іске қосу қажеттілігі туындап отыр. Адам болмысының мәні тойып ішіп-жеумен, қызылды-жысылды киінумен, әдемі машина мініп саяхаттаумен анықталмайтыны белгілі. Қазақ болмысы қашанда кісілікті, әділеттілікті, ізгілікті басты бағдар еткен. Алайда қазіргі экономикалық прагматизм шексіз байлыққа ұмтылысты арттырып, шеттегі қазақтардың пиғыл-пейілдеріне де әсерін тигізбей қалмады. Қытайдағы қазақ қауымының қазіргі кездегі рухани өміріндегі осындай қайшылықтармен қоса еңбек ету, отбасын құру, мансабын жетілдіру сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды басты бағдар етері сөзсіз. Дегенмен өздерінің өмір сүріп отырған елдегі нарықтық экономика заңдылығына байланысты еңбектену мен бастамашыл болуға мәжбүр болуда. Бұл оларды басқа жұрттар қатарынан қалмауға итермелейді.

Әлеуметтік-психологиялық ахуалды саралайтын болсақ әуелі дәстүрлер сабақтастығынан бастайық. Оның негізі жанұядан басталады десек, аралас неке орын ала бастаған Шынжаңдағы жағдайлар алаңдатары сөзсіз. Бүгінгі күнге дейін ондағы қазақтар тек қана мұсылмандарға ғана қыздарын тұрмысқа беріп, өздері мұсылман қыздарын алатын. Қытай қазақтары арасында неке бұзушылық жоқтың қасы еді. 2010 жылы жүргізілген Бүкілқытай Алтыншы санағы бойынша сол елдегі қазақтардың саны, демографиялық жағдайы туралы зерттеу мәліметтері бойынша саралайтын болсақ 1 462 588 адам. Жүргізілген санақ арқылы қытай қазақтары арасында ер адамдар саны 51,1% басым екендігін көреміз және ер адамдардың көпшілігі ауылды жерлерде тұрады. Оның басты себептерінің бірі таулы Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтарындағы қазақтар отарлы мал шаруашылығымен, жер өңдеумен, балық аулау және орман шаруашылығымен айналысуында. Қазақ отбасында қыздарының білім алуына ерекше мән береді. Өйткені дәстүрлі көзқарас бойынша қыз бала жатжұрттық саналып, оның болашақ отбасындағы беделі анықталады. Сондықтан Қытай қазақтары қыздарының Бейжің, Шанхай, Тяньцзин сияқты ірі қалаларда оқып білім алуларын қалайды. Бұл қалалардағы ерлер саны 40-43% арасын көрсетсе, әйелдер 57%-ды құрайды. Оны тағы да осы санақ нәтижесі дәлелдеп отыр. [8, с. 112–118]. Қазақ қыздарының қалталы, білімді, қоғамда беделге ие болып отырған ханзу жігіттеріне тұрмысқа шығып жатқандықтарын жасыра алмайсыз.

Этносты этикалық-құндылықтық тұрғыдан ерекшелендіретін тұғыр да осы отбасы бүтіндігі болатын. Қытайдағы қазақтардың этикалық адамгершіліктік қағидаттарындағы өзгерістердің теріс жақтарына зер салсақ, қазақтар арасында «ақ некенің» құндылық мағынасы төмендегенін байқаймыз. Жастар арасында шынайы махаббаттан гөрі, қалтасының қалыңдығына қарай жар таңдау белең алуда. Бүгінгі қазақ ділінде жағымсыз көріністер байқалады. Әсіресе қазіргі жастардың дүниетүсінігі мен көзқарастарының өзгеруінің оң-терісін аңдауымыз қажет. Өйткені бұл мәселе ұлт болашағының кепілі.

Қытай қазақтарының діншілдігі жайындағы мәселеге тоқталатын болсақ, олар өздерін әлмисақтан мұсылман санайды. Ислам діні олардың арасында да татар молдалары арқылы таралып мұсылманшылықтары да барлық қазаққа тән күйінде деуге болады. Қытай қазақтарының мұсылманшылығы жастар үйленгенде неке қидырып, ұлдарын сүндетке

отырғызады, қайтыс болған адамдарға жаназа оқытылып жерлейді. Қытайда мемлекет заңдарымен мешітке шет мемлекеттен, олардың қоғамдық ұйымдарынан, жеке тұлғалардың қайырымдылық көрсетулеріне тиым салынған. Мемлекет тарапынан аудандық, қалалық көлемде қызмет атқаратын молдаларға зейнетақы тағайындалады. Молдалар мемлекеттік қызметкерлер, әскерилер, завод жұмысшылары, ғылыми қызметкерлер, дәрігерлер және мұғалімдермен бірдей зейнетақы алады. Молданы үкімет тағайындайды. Қытай мемлекеті жерінде мейлі ол аспан асты елінің азаматы болсын мешіт салуға құқығы жоқ. Ол жерде Құранды түсіну үшін (араб тілін) оқытуға да болмайды. Құранды түсіндіру молданың міндеті [9, с. 631–638]. Бұл шектеулер әсіресе 2009 жылғы Үрімжідегі 5 шілде оқиғасына байланысты сепаратистік іс-қимылдардан қауіптенгендіктен және шетелдерден әр түрлі ағымдардың – радикализм, экстремизм мен терроризмнің бой көрсетулері елдегі саяси жағдайларға әсер етуімен байланысты болып отыр. ҚХР-дағы мемлекеттік жаңа құруларға байланысты мұсылман халықтарының істері мемлекеттік партиялық-саяси тұрғыдан тексерілетін болды.

Соңғы кездердегі әлемдегі осындай ахуалдарға байланысты ШҰАР-да Үрімжі және тағы басқа қалаларда Ислам институттары ашылды. Молдаларды дайындау мемлекеттік тапсырыспен орындалып, олар енді партия мен мемлекеттің одақтасы болды. Қытай мемлекеті ендігі жерде мақсатты түрде мұсылман діні істері мәселесін өз ішінде шешуді дұрыстап қолға алғандай. Мемлекет қаржысынан мешіттер салына бастады. Қазақтар қажылыққа басқа да мұсылмандар қатарлы мемлекет тарапынан қаржыландырылып кезегі келгенде барады. Қажылық сапардың барлық шығындары мемлекеттік орындар арқылы өтеді. Аудан, аймақ бойынша жиналған топқа міндетті түрде аз ұлттар істері жөніндегі бөлімнің бастығы коммунист адам қосшылықта жүреді. Қытай қазақтары ислам дінінің негізгі қағидаттарын біле тұра өздерінің ата-бабалары рухын пір тұтады. Ата-бабаларының қабіріне түнеп, тілек тілейді. Олардың рухтары жебеп-желейді деп ұғады. Қазақ халқының дүниеге дәстүрлі көзқарасының идеялық өзегі: заттарды киелеу болса, Қытай қазақтары әлі күнге дейін жердің киесі, судың иесі бар деп сенеді. Ата-бабаларының аруағын қадірлеп-қастерлеп, өлгендерге құран бағыштап, құдайы тамақ береді. Қазіргі кезге дейін олардың рухани өмірлерінде түркілік және исламдық элементтер қатар өмір сүріп келді. Оның өзінше бір ерекше мәні бар. Халық жадының архетиптері діннің ол түрін де, бұ түрін де ұмыттырмайтын рөл атқарады. Ана сүтімен көшпелі әлем этикасын сіңіріп өскен қазақтар бабаларынның заңдары мен дәстүрлерін құрмет тұтып өсті және ұрпақтан-ұрпаққа соны сіңіріп отырды.

Осы кезге дейін аға ұрпақ рухани-мәдени саламен этикалық-адамгершіліктік тұрғыдағы құндылықтарды сақтап келгендігі белгілі болып отыр. ҚХР Мемлекеттік Халық құрылтайынан тарта (парламент) жергілікті әр дәрежелі Халық құрылтайларында қазақ этносының уәкілдері бар. ШҰАР-дағы қазақтар ұйыса қоныстанған аймақтарда олардың тіршілік көзі мал бағу болғандықтан Жер – Ана арқылы Әлеммен үндесе өсті. Сол жерге тамыр жайды. Сондықтан да сол жердің географиялық ортасымен үйлесе экологиялық тазалығын сақтай отырып өмір кешті. Бұндағы қазақтар өмірі көптеген қиыншылықтарды бастарынан өткізгені мәлім. Бәріне де шыдады, халық мінезінде төзімділік, қайраттылық, жігерлілік сияқты ізгілікті қасиеттер сақтала отырып шыңдалғаны байқалады. Қазіргі кезеңдегі Қытай қазақтарының өзіндік санасы мен дүниетанымдық қалыптарындағы жаңғыруларға келетін болсақ оның эволюциялық өзгерістерін байқаймыз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайында сөйлеген сөзі // Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы: 15 жыл. Алматы, 2007.

2. Мұқаметханұлы Н. Сұхбат //Түркістан. 2010. № 33. 19.08.

3. Байтұрсынұлы Д. Жолсапар естеліктері // Туған тіл. 2012. № 2.

4. Жанболат С. Ұлттың тілі мен жазуы ортақ болмай, біртұтас болуы қиын // Айқын. 2012. 6 сәуір.
5. Көрші. Мәдени әмбебап журнал. 2009. № 9.
6. Қытайдағы қазақ кәсіпкерлері / Құрастырған М. Шоқан. Алматы, 2012.
7. Меркітбайұлы Б. Ұлтымызда сақталып отырған дерт мінездер және оны шешудің жолдары // Шынжаң қоғамдық ғылымы. Үрімжі, 2000. № 1.
8. Балтабаева К.Н. Казахская община в Китае: некоторые новые тенденции в демографическом развитии (по данным переписи 2010 года) // «Дәстүрлі және заманауи Қазақстан этнологиясы» атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына және А.Б. Қалыштың 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 29 наурыз 2014 ж. Алматы, 2014.
9. Балтабаева К.Н. Ислам в жизни казахов России и Китая // Актуальные проблемы исторической науки Казахстана: Материалы Международной научно-практической конференции. 29–30 мая 2009 г. Алматы, 2009.

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ МЕДИЦИНАНЫҢ ДАМУЫ

Мажиқызы Н.

ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Алматы

Қазақ халқы өзінің қалыптасу, даму жолында дәрігерлік және деннің саулығы жайында өмірден мол тәжірибе жинап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған. «Әуелгі байлық – денсаулық», «он екі мүшең сау болса, қара басың ханмен тең» т.б. мақал-мателдерден халқымыздың денсаулықтың маңызын бағалағандығын көруге болады. Қазақ халқының құрамдас бөлігі болып табылатын Қытай қазақтарындағы халықтық медицинаның дамуы барысын, беталысын, ерекшелігін айқындау бүгінгі қазақтың этнография ғылымының маңызды салаларының бірі ретінде зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі.

Әл-Фараби адамның денсаулығына әсер ететін географиялық, психологиялық, физикалық, физиологиялық және медициналық факторларды толық тізбелейді. Ол сыртқы әсерлер мен себеп-салдарлық түрде байланысты қарастырылатын ауруларды зерттеуге ерекше көңіл бөледі. Ол ауруларды емдеудегі және оның жазылмай, адам бойында сақталып қалуындағы қоршаған ортаның, тағамның және дәрілердің рөлін көрсетеді. Оның пікірінше, ауруларды табысты емдеуде дәрігердің тәжірибесі мен білімі, дәрілерді дұрыс тағайындай білуі, медициналық аспаптарды шебер қолдануы үлкен рөл атқарады [1]. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қытайдағы халықтық емханалардан емделіп, ауыруына шипа тауып жатқан адамдар аз емес.

Қытай қазақтарындағы халықтық медицинаның дамуына келер болсақ, қазақ халқы шоғырлы қоныстанған Алтай, Тарбағатай және Іле аймақтарында ұлттық шипагерлік емханалар салынып, біршама жетістіктерге қол жеткізгенін көруге болады.

Алтай аймағында Қытай Орталық денсаулық сақтау министрлігі, мемлекеттік ұлттық істер комитеті, жұңгоша дәрігерлік істер басқару мекемесі, Шынжаң ұйғыр автономиялы райондық халық үкіметі, Алтай аймақтық әкімшілік мекемесі қатарлы орындардың қолдауы мен көмек беруінде «Алтай қазақ дәрігерлік емханасы» 1988 жылы өз жұмысын бастады. Сол кезде 3264 шаршы метр аумақтағы қазақтың дәстүрлі құрылыс техникасы үлгісімен жобаланған үш қабатты емхана бой көтеріп, қазақ дәрігерлігінің сыртқы аурулар, ішкі аурулар, әйелдер ауруы, қарып емдеу қатарлы бөлімдер жиыны 100 бөлмеден пайдаланды. Алғаш құрылғанда 40 неше адам жұмыс істесе, ал қазір ол сан көбейіп 126 адамға артып отыр [2].

Қазір бұл емхананың аспабы кемелденген. 200-ден астам шөп дәрі материалы бар, оның ішінен қазақи дәрілерден 20-дан астамын өздері зерттеп жасап шығарып, іс тәжірибесінде қолданып отыр.

Бұл емханада қазір арнаулы «Қазақтың халықтық шипагерлігін зерттеу бөлімі» бар. Олардың мамандары қазірге дейін халықтық шипагерлік жөнінде 200-дей мақала жариялаған. «Қазақ емшілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер», «Көп қолданылатын рецептер» қатарлы 10 неше кітап жарық көрген. Оның үстіне бұл зерттеу бөліміндегі мамандар қазір «Шипагерлік баянды» қытай тіліне аударуда.

Енді бірі Тарбағатай аймағындағы «Толы аудандық қазақ емханасы». Бұрын бұл емхана «Күп ауылдық қазақ бөлімі» еді. Кейін оны өзгертіп, кеңейткен. Ол емхананың басшысы Ақан Сәденұлы бұрынғы өзінің ұстазының еңбегіне мұрагерлік етіп дамытқан мықты шипагер. Оның халықтық шипагерлікке байланысты көптеген мақалалары жарық көрген. Сондай-ақ қазір көптеген адамдардың науқасын емдеп, көбін ажалдан, жапа-машақаттан арашалап халықтың қалауынан шығып отыр.

Іле аймағындағы «Іле облыстық жұңгоша емдеу емханасында» қазір «Қазақ бөлімі» бар. Оның ел іші-сыртында даңқы бар, талай рет халықаралық және мемлекеттік сыйлықтардың иегері, жоғары дәрежелі маман Жаңагүл басқарады. Бұл негізінен сүйек ауруларын негіз етеді.

Бұлардан сырт тағы, «Алатау емханасы қазақ бөлімін» атап өтуге болады. Бұл орында Қайролла, Тәліп сияқты мамандар жұмыс жүргізеді. Бұлар жұңгоша, батысша, қазақша емдеуді бірлестірген.

Бұлардан сырт, еренқабырғалық Шаймардан, күнестік Әлмеш, канастық Жұмабай, баркөлдік Уатқан, қорғастық Қожақ, текестік Әділбай қатарлы халықтық шипагерлер өз алдына жеке емхана ашып, өз шамаларының жетісінше халық үшін еңбек етуде.

Сонымен қатар, Қазақтың халықтық шипагерлігіне қатысты қазақ тілінде әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қорқыт, Жалдаш, Өтей Бойдақ сынды ғұламалардың еңбегімен қатар, Айтқазы Шожинның «Хаюанат – шипалы дәрі», Махмұт Қанапияұлының «Қазақтың халық емі», Қайролла мен Әділдің «Ұлар», Әуелқан Қалиұлының «Ғұлама ғалым, киелі кітап», «Қазақи тағамдар», А. Алдашев, Ж. Әлімхановтың «Қазақ халық медицинасының құпиясы» қатарлы кітаптар жарық көріп, халықтың назарына ұсынылып отыр.

Қытайда жүргізілген далалық экспедиция барысында тарихи жазба материалдарды қарау, жасы үлкен, көпті көрген қариялармен сұхбаттасу барысында қазақтың халықтық шипагерлік өнерімен айналысып, халық үшін айтарлықтай еселі еңбек сіңірген көптеген ардақты халықтық шипагерлермен таныстық. Солардың ішінен ерекшелеп бір қаншасын атап айтар болсақ:

Сауқымбек Шойқыұлы (1906–1991) Іле өңірінде өткен атақты халықтық шипагер, әкесі Шойқы, Шойқының әкесі Қызай, Қызайдың әкесі Атакелді бәрі де емшілікпен шұғылданған. Сауқымбектің балалары – Таупиқ та аса зерделі шипагер болған. Талғатбек те шипагерлікті меңгеріп, енді жетілдіре бергенінде, жастай машина шырғалаңынан қайтыс болып кеткен.

Сауқымбек Шойқыұлы 1920 жылға дейін әкесіне ілесе жүріп, емшілікті үйренген. Кейін дербес шұғылданған. 1937 жылы Іле Моңғолкүре ауданында 22 адам құрт ауруына шалдығып, мұрындарынан, тіпті өмірінен айырылуға айналады. Сауқымбек міне осы адамдардың бәрін де емдеп жазады. Осылайша, ол 1935–1967 жж. неше он мың адамды емдеп жазады. Мәдениет төңкерісінен кейін де көптеген адамды аурудан айықтырады. Ол адамды Іле аймағы Текес, Моңғолкүре, Чапшал ауданы тұрғындары өте жақсы біледі әрі жоғары бағалайды [2, 211-б.].

Баяшбай 1909 жылы Тарбағатай аймағы Толы ауданында дүниеге келген. Белгілі оташы болған. Әкесі – Балықшы қажы асқан оташы екен. Балықшы мертіккен адамның сынған сүйектері түсіп қалса немесе шіріп кетсе орнына жас ботаның шикі сүйегін қиып салып, мертіккен адамды қатарға қосқан екен.

Бұдан жарты ғасыр бұрын Сауан ауданында Жымықан деген тағы бір белгілі оташы өткен екен. Кезінде Жымықан оташының қолынан да мертіккен көп адамдар қатарға қосылған екен.

Баяшбайдың әкесінің інісі – Аман белгілі дәрігер болған екен. Ол Қытайдағы қазақ сахарасында тұңғыш рет адам операциясын сәтті істеген халық шипагері.

Баяшбай әне солардан үлгі алып үйренген, бірақ солардың бәрінен шебер, тәжірибеге бай, оташылық тарихы бәрінен ұзақ (24 жасынан 74 жасына дейін) болған.

Қабден Балықшыұлы өз зерттеуінде: «Баяшбай Балықшыұлы оташы ғана емес, сүйек ілімінің маманы еді. Ол 1945 жылдан бастап адамның сүйек құрылысы жөнінде арнаулы зерттеу жүргізген... Башекең шебер оташы ғана емес, оның үстіне мықты дәрігер еді.

Башекең туберкулез, мерез ауруларын, күйдіргі, көкше, жалғыз тікен, шемен сияқты ауруларды емдейтін. Ұстара, қандауыр сияқты темір аспаптардың уыты, зардабы болады және өткір пышақпен сара тігілген ет пен тері оңай бітпейді» деп жаны кетпеген етті кесуге, бітеу теріні жаруға тура келгенде өзі жасап алған сүйек пышақ, сүйек қандауыр және сүйек ине ұстайтын» [3], – деген мәліметтер келтіреді.

Закария Түндебайұлы 1916 жылы Іленің Текес ауданында дүниеге келген. 1928–1936 жж. Жүніс молдадан көнеше оқыған. 1938 жылға дейін емқос Исабайдан емшілік өнерін үйренген. Аяқтан болған құрт ауруларынан елуден астам адамды жазған. Тамақтан жабысқан, теңге қотыр, тышқан қорық қатарлылардан жүзге тарта адам жазған. Самал желден жазылғандар екі жүзге тартады. Салданудан жазылғандар елу шамасында. Есі ауысқандардан елу неше адамды жазған. Сары кесел, ер-әйел ауруларынан да көптеген адамды емдеп жазған [2, 213–214-бб.].

Қорыта келгенде, Қытай қазақтырының халықтық медицинаның қазіргі жағдайы біраз жетістіктерге қол жеткізіп, жалпы Қытай медицина ғылымынан ойып өз орнын алып отыр. Бұл айтылған мәліметтерге Қытайда жүргізілген далалық экспедиция барысында өзіміз көзімізбен көрген немесе жазба материал арқылы қолымыз жетіп отыр. Тақырыпқа қатысты біз білмейтін, жазба дерек материалдары мен бүгінгі күнге дейін танылмай келе жатқан талай шебер халықтық шипагерлердің бары шүбәсіз. Ол ішкерлей зерттеп-зерделеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Әл-Фараби және қазіргі заман. Оқу құралы. Алматы, 2004.

2. Қазақтың дәстүрлі денсаулық сақтау тәрбиесі. / Құрастырғандар: Тұрған Нұрасылұлы, Қайтан Әшімжанұлы, Нәбижан Орманұлы. Күйтың, 2008.

3. Балықшыұлы Қ. Әйгілі оташы – Баяшбай // Шалғын. 1984. № 3.

ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨЗБЕКСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ АХУАЛЫ

Мейірманов А. Д., Әлжан Қ. Ұ.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы

Өзбекстаннан отандастардың хал-ахуалы мен құндылықтық басымдықтары жайлы қатысты ақпараттар легі қайшылықты болып келеді. Ұлттық болмысты, этникалық өзіндік сана-сезімді тәрбиелеу, өрбіту және дамыту тұрғысынан алғанда бұл елдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейленуі, әдет-ғұрып және салт-дәстүрлерді сақтауы салыстырмалы түрде жоғары деңгейде деуге болады. Ана тілінің мәртебесін көтеріп, этникалық ортада қолданыста ұстай білу қырынан алғанда этникалық иммуниттеттің орнықтылығы байқалады. Сондықтан, Өзбекстандағы отандастарымыз өздерінің бұл

саладағы жетістеріне қанағаттандырушылық білдіреді. Бұл бірінші бағалау позициясы болып табылады. Қазақстанға қоныс аударушы репатрианттардың негізгі контингенті Өзбекстанннан болғандықтан осы елдегі отандастарымыздың саны азая бастауда. Соның өзінде 1,5 миллиондай[1] қазақ халқының өкілдері осы елді мекен етіп отыр.

Олардың шоғырлану мекендері – Ташкент облысы, Қарақалпақстан, Науаи, Жызақ, Сырдария және Бұхара облыстары болып келеді. Барлық облыстардағы қазақ диаспорасы өкілдерінің қазіргі кезеңдегі көші-қондық көңіл-күйі жаңа құндылықтық бағдарлардың топтамасын жасап отыр:

1. Қазақ диаспорасы өкілдері жас ұрпақтың Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқығанын және болашағы бар жұмыс орындарында орныққанын қалайды.

2. Репатриация барысында тарихи Атамекендегі тектік туысқандар мен ағайындардың арасына қоныс аударғанды қалайды.

3. Өзбекстандағы жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы қазақ диаспорасы өкілдерін еліміздегі еңбек ресурстарына қажеттілік туындаған жерлерлерге ұмтылдырады.

4. Отандастарымыздың арасында Қазақстанға қарай жаппай көші-қон үрдісінің бағытына еліктеу арқылы көшуге ұмтылушылық та байқалады.

Бүгінгі таңда Қазақстан мен Өзбекстан өңірдегі маңызды әріптестерге айналып отыр. Үкіметаралық комиссияның бірлескен отырыстары өткізіліп, парламентаралық үнқатысу дамуда, Іскерлік кеңес құрылды. осындай бірлескен іс-қимылдардың жаңа сапаға шыққандығының бір куәсі 2013 ж. 14 маусымында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Өзбекстанға ресми сапары аясында Өзбекстан Президенті Ислам Каримовпен кездесіп, екі ел арасында стратегиялық әріптестік туралы шартқа қол қойылды. Қазақстан мен Өзбекстан – осы өңіріміздегі бейбітшілікті, қауіпсіздікті, сауда мен әл-ауқаттың артуын қамтамасыз ететін негізгі мемлекеттер болғандықтан ел басшылары тарапынан ортақ мәселелердің келіссөздер арқылы шешілуінің маңыздылығы айтылды. Н. Назарбаев Қазақстан мен Өзбекстанда тұратын этностық қоғамдастықтардың болуы мемлекет аралық байланыстарды нығайтудың маңызды факторы екенін де атап көрсетті. Осы сапарда Ташкент қаласындағы Қазақстан елшілігінің жаңа ғимараты мен Абай ескерткішінің ашылу салтанаты болды. «Абай жырлары, қара сөздері мен философиялық ойлары – тек қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ, бүкіл ислам әлемінің рухани мұрасы. Оның шығармалары танымдық, еңбексүйгіштік, әділдік пен бауырластыққа үндейді» [1] дей келе, Н. Назарбаев Абайдың дүниетанымына өзбек халқының ұлы ақыны Әлішер Науаидың, сондай-ақ шығыстың көрнекті ойшылдары Фирдоуси, Низами, Физулидің шығармалары зор ықпал еткеніне тоқталды. Абай ескерткішінің ашылу рәсімінен кейін екі мемлекеттің елбасылары Шейх Хавенди Тахурдың және Төле би кесенелеріне зиярат жасады.

Осындай мемлекет аралық қатынастардың өркендеп дамуы қазак диаспорасының мәдени орталықтарының жұмысының жандана түсуіне, қазақ қандастарымыздың өңірдегі экономикалық, сауда, саяси қарым-қатынастарға белсенді араласуына, өз болашақтарын түп отандарымен байланыстыра түсуге ықпал етеді. Қазақ және туысқан өзбек халықтарының мәдени рухани кеңістігінің о бастан ортақ діни негіз, яғни мұсылмандық сүннилік бағытты, Имам Ағзам мазхабын тұғыр етуі олардың салт-санасындағы, рухани мұраларындағы көптеген ортақ тұстарынан көрінеді. Елбасшыларының ресми сапарларының барысында да осы ортақ рухани бауырластығымызға барынша қолдау көрсету және осы негізде одан әрі ынтымақтастықты арттыру ниеті айқын. Қазақ диаспорасының өз ұлттық төлтумалылығын сақтап, жаңа жаһандану заманындағы қауіп-қатерлерге қарсы тұрып, тілін, мәдени ерекшелігін сақтауы үшін де осы рухани бастауларға жүгінуінің маңызы зор. Өйткені, ол мұраларда адамды адамгершілік ұлы мұраттарға бағыттау, рухани кемелдікке баулу, өзгеге құрмет, отаныңа махаббатқа, құндылықтарды сақтауға тәрбиелеудің негізі қаланған. Тарихи-мәдени сабақтастықты ескере отырып, тарихи ескерткіштердің рухани мән-мазмұнын ашатын туристік маршруттар ұйымдастырып, мәдени-ағартушылық бағдарламалар

[1] Редакция алқасы Өзбекстандағы қазақтардың саны 2000 жылы 990 022 адам болғандығын ескертеді.

дайындаудың маңызы зор. Бұл ұлттар арасындағы достыққа, шетел қазақтарының рухани құндылықтарының сақталуына, тарихи сананың жаңғыруына тарихи отандарымен байланыстарының нығаюына қызмет жасар еді. Оңтүстік Қазақстанда және Өзбекстанда осындай ортақ тарихи және рухани-мәдени сабақтастығы бар туристік маңызға ие нысандар көп.

Қазақ қауымдастығының өзбек жерінде ұлттық бет-бейнесін айқын сақтап келуіне негізгі себеп болған нәрсе – ұлттық құндылықтарымыздың, оның ішінде діни сенім мен тұрмыстық салт-дәстүрді ұстануға мүмкіндік беретін рухани кеңістіктің болуы, тарихи тағдырлас халықпен қатар өмір сүруі. Сонымен қатар бұл елде қазақ диапорасы үлкен қауымдастықтар ретінде әртүрлі елді мекендерді шоғырлана қоныстануы да игілікті әсері тиді. Қазақтар көп тұратын жерлерде қазақ мектептері бар. Қазақ тілінде білім беретін 550 мектептің 220-сы таза қазақ тіліндегі мектептер болатын. Дегенмен соңғы уақытта ұлттық мектептердің саны жыл сайын азаюда және көптеген пәндер өзбек тілінде жүргізіле бастауда. Шетелдегі қазақтардың елге бет қоюы, аштан өліп, көштен қалғандықтан емес, ұрпағының елге жат болып қалуынан сақтанудан, ұлттық тамырынан ажырап қалу қаупін сезінгесін көппен көрген ұлы тойға тобымен араласу ниетіннен, ұлттық бірегейленуге, атажұртта топтасуға ұмтылыстан туындап отыр. Замана көшіне жаһанданудың қауіп-қатерлеріне төтеп беріп, іргелі ел болып ілесу үшін шет жердегі де Қазақстандағы да қазақтарды тұтастай жұмылдыратын осындай ұлттық идеяның жандануы, күш алып дамуы керек. Ұлттық бірегейлік – ел басына күн туған шақтарда өзектілігі арта түсетін ұлттың және жеке тұлғаның төлсаналылығының шарықтауымен сипатталатын, ұлттың өміршеңдігінің кепілі болып табылатын құбылыс. Туған жер, Отан ұғымдары – кез келген этностың тәуелсіз, егеменді тұрмыс-тіршілігінің кепілі ғана емес, оның тамырын тереңнен тартқан таным-түсінігіндегі ең қадірлі, қастерлі ұғымдардың ұйытқысы. Ұлттық бірегейлену эволюциясын халықтың қонысқа көзқарасынан да бағамдауға болады. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы атамекенді ардақтау, аялау сезімі көне түркілік кезеңде көшпенділердің мифтік-поэтикалық ойлау жүйесінен бастау алып, қазақтың жыраулық поэзиясында – құтты қоныс Жерұйық, Жиделібайсын, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман нышандары арқылы бейнеленді.

«Ұлттық идея Қазақ ұлты қай жерді мекендегеніне қарамастан, тарихи отанында немесе одан тыс өмір сүрсе де, оның төлсаналылығында «Жерұйық» мағынасында орын алды. Бұл қазіргі географиялық пайымдауда – Қазақстан Республикасының аумағы» (ауд. автордікі.) [2, с. 54]. Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларында бірге қатар өмір сүріп жатқан сан ондаған ұлттарды мәдени-тарихи байланыстар, мен тарихи оқиғалар, ұқсас тағдырлар біріктіреді. Сондықтан да бұл мемлекеттердің этникалық саясатындағы негізгі міндетті ұлттар арасындағы достық пен татулықты сақтау болғандықтан, әрбір ұлттың әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына қолайлы жағыдай жасауға мүдделі. Ал, осындай достық қарым-қатынаста өмір сүрудің тәжірибесі сан ғасырлар бойы қатар тіршілік кешіп келе халықтың, ұлт өкілдерінің әрқайсысы терең сезінетінін, жоғары бағалайтын ортақ құндылығы. Бұл құндылықтың өзі адамдар санасында ғасырлар бойы қордаланған өзара сый-құрмет, төзімділік, қанағат, ынсап сияқты адамгершілік құндылықтарға негізделген. Құндылықтардың ұлттық салт-дәстүрлерде, өнер мен тілде сақталып, өміршеңдігі мен күш-қуатын, өзектілігін сақтайтыны белгілі. «Ол үшін әр халықтың өзіндік салт-дәстүрін, тұрмысы мен мәдениетін сақтауға, рухани-мәдени қажеттілігін сусындатуға жағыдай тудыру өте қажет, бұл қоғамдағы ұлтаралық қатынастар мен келісімнің нығаюына, көп ұлтты мемлекеттің өзіндік мәдениетінің дамуына оң ықпалын тигізетіні сөзсіз» [3, 199-б.].

Ташкент қаласында өткен құрылтайда Өзбекстандағы қазақтардың тарихына байланысты ғылыми монография, қазақ жазушыларының очерктер жинағы, 20-дан астам көркем әдеби кітаптар жарыққа шыққаны, халықтар достығы жайлы деректі фильмдер түсірілгені, «Нұрлы жол» газеті шығатыны, «Алтын бесік» журналына белсенді қатынасатындықтары» айтылды [4, 5-б.]. Алайда Өзбекстандағы қазақтардың қазақ мектептерінің азаюымен, Қазақстанда шыққан оқулықтарды пайдалануға болмауымен

байланысты көптеген қиындықтары да бар. Мәселен, «Өзбекстан Республикасы халыққа білім беру Министрлігінің мәліметтері бойынша 2002–2003 оқу жылында Өзбекстанда 157863 оқушысымен 581 қазақ және қазақ тілінде оқытатын аралас мектеп болса, 2006–2007 жж. 521 мектепке дейін қысқарып, оның 234-і қазақ мектептері, оларда бар болғаны 102372 оқушы білім алған» [3, 197-б.]. Ал кейінгі деректерде «207 қазақ мектебі, 265 қазақ тілінде оқытатын сыныптары бар мектептер (жалпы саны - 472) бар, қазақ тілінде оқитын оқушылар саны 61873 оқушы деген деректер келтірілген.» [5, с. 29]. Көріп отырғанымыздай оқушылардың саны кейінгі бес жылда екі есеге жуық азайған. Бұның өзі Қазақстандағы орта және жоғары оқу орындарында шет ел қазақтарының балаларының келіп оқуына айырықша мүмкіндіктер туғызу керек екендігін көрсетеді. Өзбекстандағы қазақша бастауыш және орта мектеп сыныптары мен Қазақстандағы мектептердің оқу бағдарламасында айырмашылықтар бар. Өзбекстан өз тәуелсіздігін қалыптастырудың алғашқы кезеңінде Түркия, Әзербайжан, Түркіменстан сияқты басқа да түркітілдес мемлекеттердегідей латын әліпбиіне көшкен еді. Бұл жағдай жоғарыда аталған көршіліес елдердегі қазақ диаспарасы мен тарихи отаны Қазақстанның арасындағы мәдени қарым-қатынасқа, кітап және ақпараттық алмасу үдерісіне белгілі бір бөгеттер туғызады.

Өзбекстандағы орта білім беру 9-шы сыныптан соң колледждерде жалғасатындықтан, қазақ балалары колледждерде өзбек тілінде және латын әліпбиімен оқуға мәжбүр. Сондықтан Қазақстандағы арнайы орта білім беру мекемелерінде Өзбекстандық оқушылар мен студенттерді көптеп қабылдау олардың Қазақстандағы оқу бағдарламасына бейімделіп, одан әрі жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастыруына мүмкіндік береді. Осы жағдайларды ескере отырып, олардың Қазақстандағы оқу орындарына қабылдануы үшін орта және жоғары оқу орындарының жанындағы дайындық курстарының жүйесін дамытып, олардың оқуларын осында жалғастыруының мәселелерін шешу керек. Олардың қайта білім алуы мен қайта маманданудың механизмдерін қарастырған жөн, өйткені, жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға қалыптасу мен орнығудың қиындықтары бар. Оралмандардың басқа мемлекетте алған дипломдарын нотрафикациялау мен студенттердің оқу визаларына байланысты мәселелерді шешу маңызды.

Жаһандану дауылына төтеп беру үшін Қазақстан Республикасындағы қазақтардың ұлттық идея тұрғысында ынтымақтастығы артып, ұлттық мәдениетін сақтап замана көшіне ілесе алуы, көші-қон саясатын жүйелі жүргізуі басқа көршілес мемлекеттерде, бауырлас халықтардың ортасында өмір сүріп жатқан қандастардың ассимиляцияға түспей, түпкі отаны Қазақстан деп біліп ұлттық мәдениетті сақтай білуіне игі ықпал етеді. Қазақ ұлтының өкілдері шоғырлана орналасқан Өзбекстан да ұлт аралық келісім мен таулыққа мүдделі болғандықтан бауырлас кіші ұлттардың мәдениеті мен тіліне тікелей қысым жасап отырған жоқ.

Бүгінде Өзбекстанның алты жоғары оқу орындарында Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті (МПУ), Гүлістан мемлекеттік университеті (МУ), Науаи МПУ, Бердақ атынд. Қарақалпақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (МПУ), Нөкіс мемлекеттік педагогикалық университеті (МПУ) – 630 студент қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінде оқиды. Бұл оқу орындары негізінен орта мектептің мұғалімдерін дайындайды. Осы оқу орындарын аяқтағаннан соң қазақ жастары өз оқуларын Қазақстандық ЖОО-дағы магистратураларда жалғастырып, ғылыми мекемелерде біліктілігін арттырғысы келеді.

Сан ғасырлық тәуелсіздік үшін күрес жолындағы тарихы бар, сонымен қатар осы заманға сай тәуелсіз мемлекет құрудың жаңа жиырма жылдық тарихи кезеңін бастан өткізіп отырған еліміздің іргесі бекіп, мемлекеттілігі нығаюы үшін жүйелі ұлттық саясат қалыптастырудың маңызы зор. Қазақ диаспорасы – мемлекетіміздің ұлттық саясатында маңызды орны бар, мемлекеттігіміздің нығаюуына, ұлттық бірегейленуге, этнодемографиялық мәселеленің шешілуіне түбегейлі ықпал етерлік зор әлеуеті бар игерілуі тиісті ресурсымыз.

Мәдениеттердің қақтығысы үздіксіз жүріп жататын процесс, ал бұл майданда күштінің жеңіп, әлсіздің жұтылуы заңдылық. Өткен ХХ ғасырдағы уақыт пен кеңістіктің тарыла түсуіне сай үдей түскен бұл құбылыстың құрбаны болған ұлттар мен ұлыстар жүздеп саналады. Ал, кейінгі жылдардағы жаһанданудың дауылы күшейе түскен шақта бұл қауіптің еселене түскені сөзсіз. Жаһанданудың қауіп-қатерлерін жұмсарту үшін халықтың рухани-мәдени бастауларына ден қойып, құндылықтық әлеміндегі асыл қазыналардың жаңғыртылуы, халықтың ұлттық идея, елдік мұрат төңірегіне шоғырлануы айқын қажетілік. Ұлтты құрайтын жеке тұлға болса, нарықтық экономикалық қатынастарға араласу әсерінен, ақпараттар ағымының, жедел өзгерістердің қыспағынан адамдардың тұлғалық қасиеттерінің көмескіленуі, прагматизмге, мәдени немқұрайдылыққа, тоғышарлыққа бейімделуі, өз тілінен, ділінен, дінінен жерінуі бой көрсетуде.

Әрине, мемлекетіміздің тәуелсіз даму жолына түсуі, бұл барлық халықтар басынан өткізіп отырған, бүкіл ғаламда болып жатқан үдерістерден тыс қалу деген сөз емес. Ал, бұл тұтқиылдан келген үдемелі процестердің біздің еліміз өміріне араласуда дөрекі, жабайы сипат алуы – біздегі саяси, әлеуметтік, мәдени дамуымыздың әлсіз тұстарына сай бой көрсетіп жатқанын жасыра алмаймыз. Байтақ мекенде шашыраңқы орналасқан саны аз қазақ халқының мәдени-рухани мұрасынан ажырай бастауы, басқа мемлекеттердегі саяси және әлеуметтік даму жағдайының әралуандығына орай сол елдердегі қандастарымен де алшақтықтың ұлғаюы жалпы ұлттық мәдениетке, мемлекеттілік құрылымның саяси, экономикалық ахуалына зардап тидіретін қаупі бар құбылыс. Қазақ халқының рухани-мәдени өрлеуі мен қайта түлеуі қажеттілік, ал бұл қажеттіліктің жүзеге асуы тек қана өз мемлекетінде, мәдени тілдік ортасында және мемлекеттік деңгейде пәрменді ұлттық саясат жүргізілген жағыдайда ғана мүмкін. Ал, шеттегі қазақ қандастарымыз өзге мемлекетте, басқа мәдени ортада ұлттық мәдениеттің қалыптастырушысы емес, тек қана сақтаушысы, сыртқы ықпалдардан өз мәдени ерекшелігін қалқан етіп қорғанушы ғана бола алады.

Алайда, жаһанданудың ғылым мен техниканың және технологияның жеделдеуімен байланысты игілікті ықпалын да жоққа шығаруға болмайды. Адам Отанынан қиырға ұзап кетсе де БАҚ-тағы, интернеттегі технологиялық мүмкіндіктерді пайдаланып, отанымен байланысын үнемі үзбейтін мүмкіндігі бар. Осындай мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ұлттық бет бейнені айқындай түсетін ұлтаралық қарым-қатынастың жаңа сапалық деңгейіне жетуге болады. Алайда, осының барлығының қозғаушы күші – дәстүрлі рухани қайнарлардан бастау алатын ұлттық бірегейлену идеясы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Егемен Қазақстан. 2013 ж. 15 маусым.
2. Байдаров Е.У. Национальная идея в судьбе казахской диаспоры // Ұлттық идея – отандастардың тәуелсіз қазақстанның игілігі жолында бірігу факторы: Халықар. ғыл.-теор. конференция материялдары. Алматы, 2011.
3. Қобландин Қ.И., Меңдіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. Алматы, 2009.
4. Құрылтайдан Құрылтайға дейін (04.05.2002 – 17.06. 2006). Ташкент, 2006.
5. Саидов А.Х. Поддержка, обеспечение и защита прав человека представителей наций и народностей, проживающих в Республике Узбекистан // Развитие межнациональных отношений в независимом Узбекистане. Ташкент, 2012.

РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАСЫ
(Самара, Саратов, Волгоград, Астрахань облыстары бойынша)

Набиолла Н.

ҚР БҒМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы

Ресейдегі төрт облысқа, атап айтқанда Самара, Саратов, Волгоград, Астрахань облыстарына фольклорлық экспедиция барысында біраз нәрселерге көз жеткізілді. Біріншіден ондағы қазақтардың барлығы отырықшы болғандықтан көшпелі өмірде пайда болған фольклорлық дүниелерден алыстап қалғаны, жасы алпыстан асқан көненің көзін көрген кісілердің ғана білетіні белгілі болды. Екіншіден этнографиялық құндылыққа тән ұлттық дүниелеріміздің там-тұмдап қана қалғаны анықталды. Үшіншіден бұл обылыстардағы қазақ мектептерінің 1965 ж. бері қарай жабылып қалуы фольклорлық дүниелерді қойғанда, ұлт болып қалудың өзіне қысым әкелгені байқалады. Ана тілін, ұлттық құндылықтарын білмейтін, басқа бір ұлттың болмысымен өсіп-өніп келе жатқан жаңа буынның хал-ахуалынан хабардар болдық. Соғыс, ашаршылық, ұлттық езгінің ес жидырмай келгені де сезіледі. Күнделікті күнкөрістің қамымен жүріп көп дүниенің ұмыт қалғаны да экспедиция барысында анықталды. Оның бір себебі ұрпақ сабақтастығының үзіліп қалуында, үлкендер білгенін кейінгі буынға, жастарға айтқысы келеді, алайда, оны тыңдайтын ортаның болмағаны, жас буынның мүлде басқа жат ортада тәрбиеленіп келе жатқанында болса керек. Өз тілі мен мәдениетіне тосырқай қарап, қабылдай алмауының басты себебі де сол.

Сонымен бірге Самара облысындағы экспедиция барысында білгеніміз, бізден бірнеше жыл бұрын татар молдалары ел аралап араб графикасымен жарияланған кітаптардың барлығын «Құран» деп жиып алып кеткен. Ол кітаптар шын мәнінде «Құран» кітабы ма, әлде көне жазуды түсінбейтін қазақ ауылдарынан ескі мұраларды да жиып әкетті ме күман тудырады. Сондай-ақ таза араб жазуымен сауаттанған ауыл молдалары біздің көне жазумен жазылған құндылықтарымызды тани білуі де қиын. Өйткені Астрахань облысындағы ауылдарды аралап жүргенде бір әжеміздің жолдасының (жолдасы ескі сауатты адам болған екен) мұраларын молдалар оқи алмай, «кім көрінгеннің қолына түсіп кетсе болмайды, сондықтан зиратқа апарып топырағына жасыр» деп кеңес те берген жағдайлардың бар екендігін, ал әжеміздің жолдасының басына апарып көмгенінен де хабардар болдық. Ертіп баруын өтініп едік жүрегі қаламады.

Рухани мұраларымызды жию барысында осы обылстарда орналасқан қазақтардың арасында біраз мұраларымыздың кездеспейтінін байқадық, мәселен еңбек фольклоры (терімшілік пен аңшылыққа, малшылыққа, егіншілікке), маусымдық ғұрып фольклоры (наурыз, жарапазан, қымызмұрындық т.б.), айтыстар, эпостық жырлар мен дастандар, ертегілер, жұмбақ-жаңылтпаштар жолықпады, яғни бұл жанрлардың сол өлкеден жоғалып бара жатқанының белгісі болса керек.

Ал ғұрыптық фольклордан сыңсу мен беташар жыры, жоқтау, балалар фольклорының үлгілері жазып алынды. Аңыздардан, лирикалық өлеңдерден (қара өлең, тарихи өлең) біраз үзінділер қоржынға түсті. Сонымен бірге аздаған мақал-мәтелдерді де кездестірдік. Бір назар аударатын жайт діннің кең көлемде халық арасында үгіттелуіне байланысты, молдалар тарапынан жоқтауға шек қойылғаны да аңғарылады. Олай дейтініміз кісі өліміне дауыс шығарып жоқтау айтуға болмайды деген уәжді ұстанған.

Төменде экспедиция барысында жиналған мұраларымызға тоқталамыз. Сондықтан фольклордың кейбір жанрына байланысты ғалымдарымыздың теориялық ой-тұжырымдарына назар аударуды жөн санадық.

Қазақ халық өлеңдерінің тарихының арыда екендігін ғалымдарымыз еңбектерінде зерттеген. Айталық Б. Уахатов өзінің «Қазақтың халық өлеңдері» атты монографиясында халық өлеңдеріне талдау жасап тарихының тереңде екенін, зерттеуші ғалымдардың дәйегін келтіре отырып дәлелдеген. Монографияның «Лирикалық өлеңдер» атты тарауында «қара

өлең» мен «тарихи өлеңді» жеке-жеке қарастырып, қара өлеңнің шығу тарихына болжам жасап «қара өлең», «қайым өлең» деген атаулардың жиі, қатар қолданылуын мысал арқылы келтіріп, «қара өлеңнің» де көнеден келе жатқан жанрлардың бірі екенін тілге тиек етеді [1, 234-б.].

Ал, Б. Кенжебаев болса «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты зерттеулер жинағына енген «Қазақтың бұрынғы өлең құрылысы» деген мақаласында қара өлеңнің құрылысына тоқталған [2, 44–48-бб.].

М. Әуезов Қара өлеңді «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең», «Амандасу» «Ата өлең», «Шай өлең», «Ет өлеңі», «Қошатсу өлеңі» қатарлы түрлерге жіктеген [3].

Жоғарыдағы ғылыми тұжырымдардың барлығы да қара өлеңнің табиғатын ашуға қызмет еткені белгілі. Ғалымдарымыздың кейбірі өлең құрылысына тоқталса, кейбірі мазмұнына, кейбірі орындалу ортасына байланысты өз тұжырымдарын жасаған.

Әрине қара өлеңді айтқызып алу үшін де орта болуы керек екендігі белгілі. Бірден барып маған қазақ ауыз әдебиеті яғни фольклорлық үлгілер керек еді, сол саланы жинап жүрген азаматтар едік дегенмен, дайындығы жоқ адамдардың шешіле қоймайтыны түсінікті, ол үшін белгілі жағдай, орта дайындау керек болатыны анық. Алайда экспедиция барысынан, біздің жағдайымыздан хабардар ауыл тұрғындары тым болмағанда өздерінің есінде қалған дүниелерін ортаға салуға тырысты. Солардың бірі Нұрзия Әділкерейқызы Батырбекова (1936 жылы РФ Ульянов облысы, Розошевский ауданы Широковка селосында туған, қазір Самара облысы Большеглушицкий ауданы Большая Глушица селосында тұрады. Руы Кіші жүз – руы Алаша ішінде Сары алаша. Аталары Орал облысы Фурманов селосында болған. Алты баласы, төрт қыз екі ұлы бар) өзінің есінде қалған қара өлеңнің шумақтарын бізге айтып жаздырды:

Әуеде бір жұлдыз бар-ау айдан жақсы,
Тигізбес залалыңнан-ау пайдаң жақсы.
Жаманға бір сөз айтсаң-ау теріс қарайды,
Балқыған қорғасындай қайран жақсы-ау [4].

Бұл шумақтың қара өлеңнің қалыптасқан үлгісімен айтылғанын білеміз. Жалпыға бірдей таныс шумақтар. Бұл шетелдегі қазақтармен бірге Қазақстанның әр облыстарындағы қазақтарға да түсінікті яғни кең көлемде танымал екендігі белгілі.

Ғабділмәжит Өтетілеуұлының (1930 ж. 15 мартта (жылқы жылы) Орал облысы Березин селосында туған. Руы Байбақты. Исатай Таймануұлының жақыны. Бірі сынып қана оқыған, он баласы бар) аузынан жазып алған қара өлеңде жергілікті сипат, яғни «Жер өлеңнің» элементтері ұшырайды:

Қай қала-ау мына қала Теке қала,
Түр салған текеметке-ай теңбіл ала.
Біздерден осы күнде-ай не сұрайсыз,
Әр жерде сөйлеп өткен біз бір бала-ай [5].

Сонымен бірге өлеңдерде өңірлік ерекшеліктер, жер-су аттары молынан кездеседі. оған дәлел төмендегі шумақтардағы батыс өңірге тән «Жайық» өзенінің қара өлең шумақтарында ұшырасуы.

Ішпеймін Жайық суын бұлақ тұрып,
Ойнаймын орамалды лақтырып.
Ойымнан таңды атырсам да-ау еш кетпейді-ау,
Қарғамның айтқан сөзі жылап тұрып-ай [4].

немесе:

Ішпедім Жайық суын ылай ма деп,
Толқыны жарға соққан құлай ма деп.
Өзімнен өзім тұрып таңғаламын,
Айырған ата-анамнан Құдай ма деп-ау.

тағы:

Жайықтың ар жағына өткенім жоқ,
Дүние жалған деді нанғаным жоқ.
Мен өзім анау ақын болмағанмен,
Құрбымнан өзім теңдес қалғаным жоқ [6].

Бұл шумақтардан байқалатыны төрт обылыста негізінен Еділдің жағалауына орналасса да қара өлеңнен Еділ өзеніне байланысты жолдарын кездестіре алмадық. Оның себебі осында орналасқан кісілердің арғы аталары Атырау мен Батыс Қазақстан облысынан қоныс аударғанынан байқаймыз. Сондықтан да қара өлеңде Жайық өзенінің атының молынан кездесуі соның әсері болса керек. Сонымен бірге бұл шумақтың батыс аймақтарға ғана тән жергілікті ерекшелігі анық байқалатынын білеміз.

Экспедиция барысында жиналған халық өлеңдерінен ауған елдің қиналысы, жүрек сыры, ішкі көңіл-күйі де айқын көрініс табады. Ол төмендегі шумақтардан байқалады.

Орыстар үй салады жар басына,
Орыстың талай міндім арбасына.
Жүргенде өз елімде аққу едім,
Бұл елдің теңелмедім қарғасына [6].

тағы:

Ресей адыра қалғыр отыны жоқ,
Үстіме киген көйлек бүтіні жоқ.
Есіме сен түскенде қайран елім,
Ішімнен от жанады түтіні жоқ [4].

Жоғарыдағы шумақтан отарлықтың ізі айқын аңғарылады. Басқы екі тармақты ұйқас үшін алғанымен негізгі ойды соңғы екі тармаққа салғанынан байқалады. Яғни сол кездегі ауған елдің көрген күнінің қаран екенін аңғарамыз. Біздің ұғымда қарғаның жағымсыз кейіпкер, аққудың тазалықтың, пәктіктің, сұлулықтың, адалдықтың символы екені түсінікті. Қарға мен аққу образын шендестіру арқылы сол кездегі жағдайдың мәз емес екендігін айтады.

Сонымен бірге Ұлы Отан соғысы кезіндегі жағдайда халық өлеңінен қағыс қалмаған. Соғысқа кеткен жандардың аман-есен оралуын тілеген өлең жолдарын да кездестірдік. Астрахань обылысы Алтынжар ауылының тұрғыны Мұсаева Жұмақыз Түсіпқызынан (1930 ж. 15 мартта туған. Туған жері Астрахань облысы Воладар районы Алтынжар селосы. Руы шеркеш ішінде шумақ. Келген жері төлеңгіт. Төртінші сынып бітірген. 1949 ж. тұрмысқа шыққан. Сегіз баласы бар.) жазып алған өлең соның дәлелі:

Не балық, су ішінде табан болғай,
Бауырым армияда аман болғай.
Боз торғай қой үстіне жұмыртқалап,
Белгілі социялистік заман болғай [6].

Сонымен бірге осы Ұлы Отан соғысына кетіп, қайтып оралмаған азаматтарға арналған жоқтау өлеңдер де жүз береді:

Құланның шөлде көрдім шоқырағын-ай,
Қайыңның теріп жедім жапырағын-ай.
Өсірген әлпеншектеп қайран тәтем-ау,
Бір уыс бұйырмады топырағың-ау.

тағы:
Есіктің алды талды ғой,
Төрімнің алды қалды ғой.
Айналайын папеке-ау,
Ажал құрық салды ғой [4].

немесе:

Герман, Герман, Герман жау
Фашист Герман қарсы жау.
Сол Германға кеткен кісі
Келер ме екен есен-сау [6].

Қасіретті жылдардың таңбасы ұрпақ санасында өшпестей сақталғанының бір көрінісі осы өлең жолдарынан аңғарылады. Баланың әкеге деген сағынышы мен өкініші қоса өрілген. Жат елде, жат жерде, қай төбенің, қай қыраттың басында қалғаны белгісіз, әйтеу өлді деген қара қағазды ғана медет тұтқан жандардың жан қиналысы екендігі түсінікті. Өлеңнен ақтық демі таусылғанша қасында бола алмаған немесе басына бір уыс топырақ салмаған қасіреттің табы білінеді.

Ғұрыптық фольклордың үйлену ғұрпына жататын фольклорлық үлгілерінің бірі – сыңсу. Сыңсудың қыз ұзатылар алдында босағамен, әке-шеше, аға-жеңге, әпеке-бауыр, ел-жұртымен қошасуы кезінде айтылатыны белгілі. Сұлу Мұхаметжанованың аузынан жазып алған бір шумақ өлең үйімен яғни босағасымен қоштасуының көрінісі, сонымен бірге екінші шумағы бауырларымен қоштасқанда айтылғаны мәтіннің өзінен-ақ аңғарылады:

Есіктің алды ақ қайың,
Жапырағын баспайын.
Өз үйімнен кеткен соң,
Еркелікті тастайын.

Сандыққа салдым сары беспе,
Санауға жақсы бір десте.
Айналайын бауырлар,
Жетпей қалды-ау он беске [4].

Сыңсуды көбінде Самара облысының қазақтары жылау деп айтатыны да белгілі болды. Ғайнижамал Мұхаммедованың аузынан жазып алған сыңсудың шумақтарын ұсынып көрелік:

Есіктің алды ылай-ай,
Қор болды көзім жылай-ай.
Кешегі жүрген балдардан
Айырдың Аллам, Құдай-ай [4].

Ағиба Кенжеғалиева деген апамыздың аузынан жазып алған сыңсудың түрлері:

Үй артында ақ тайлақ,
Жүк жинадым тақтайлап.
Өз үйіңнен кеткен соң
Кім келеді ат байлап [4].

Мағрипа Төлеғұлова апамыздың аузынан жазылып алынған сыңсуға назар салайық:

Сай сайдан су сарқырар
Күмістен алтын жарқырар.
Бауырлар еске түскенде
Қос бүйрек бірдей солқылдар [4].

Зылыиха Лұқманова апамыздың сыңсуында жеңгесі және бауырларымен қоштасқаны тілге тиек етілді:

Айналайын бауырым
Бауырдың білдім тәуірін
Алма ағаштай ағылып
Артымда қалды ауылым.

Есіктің алды төте еді-ау,
Төтеден атым өтеді-ау
Қадірлес болған жеңешем
Қадірің сенің өтеді-ау [4].

Жоғарыдағы әр адамның айтқан сыңсуы әртүрлі және айттыру обьектісі де әркім болғандықтан барлығын да мысал ретінде келтіруді жөн деп санадық. Бұл үзінділерде қыздың ұзатылар алдында, үйімен, бауырларымен, жеңгесімен, құрбы-құрдастарымен қоштасқаны белгілі, бірақ сыңсудың да түрлері толықтай қамтылмаған. Айтушыларымыздың есінде қалғанына қанағат етуге мәжбүр болдық. Ұзақ уақыт өткеннен кейін айтылмай кеткен дүниелерді еске түсірудің өзі қиын екені белгілі. Алайда бүгінгі күні бұл жанр айтылмайтын болған. Тек қана бетін басып солқылдап жылаумен ғана шектелген, қазіргі аналар қауымы да, қыздар да сыңсу айтпайтын болған (бұл жағдай жалпыға ортақ). Жанрдың өшкіндеуіне әжелеріміздің ұрпақтарына үлгі ретінде қалдыра алмауы болса, екіншіден өсіп келе жатқан қыздарымыздың өзіміздің салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызға деген құлықсыздығының нәтижесі деуге болады.

Көңілге медеу болатын жағдай ғұрыптық фольклордың құрамындағы «үйлену ғұрып фольклорына» тән «беташар» жырының нұсқаларының жолығуы. Төрт облыстағы қазақ ауылдарын аралап, тілдескенімізде «беташардың» арада ұзақ уақыт айтылмай ұмыт қалғанын байқадық. беташудың ол өлкелерде кең етек алуы, еліміздің тәуелсіздік алуымен де тікелей байланысты екені де түсінікті болды. Өйткені кей жерлерде беташар айтатын адам жоқ, дискіге жазылған беташар өлеңін қойып бет ашқандарын да тілге тиек етті. Қазір Қазақстанда кең көлемде айтылып жүрген беташардың үлгілерін қолданатындарын айтты. Алайда ел ішіндегі көнекөз әжелеріміздің құлағында қалған көне үлгілерін де кездестірдік. Айталық Самара облысындағы Сырым батырдың алтыншы ұрпағы Сұлу Мұхаметжанованың (1936 ж. Орынбор облысында туған. Жеті ұл, екі қызы бар) аузынан жазып алған беташардың үлгісінің көне екендігі ондағы сөз қолданысынан аңғарылады. Төменде келіннің атасына қаратып айтылған беташар шумақтарынан назар аударалық:

Атаңыз сіздің сопы екен,
Тасбиығын санаған.
Жаман да жолда жүрмеген,
Жорғадан басқа мінбеген,
Алтыннан қазық қақтырған,
Күмістен тоқпақ соқтырған,
Байлығын ғой атаңыз,
Алты алаштан асырған,
Атаңызға бір сәлем.

Енесіне сәлем салдыру үшін айтылған шумақтарда да қазақ өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің де көрінісі, көшпелі өмір, ауыл тірлігі елес береді. Мәселен:

Қақыра жаулық басында,
Қара саба қасында,
Хақ бәйбіше кісі екен,
Енесіне бір сәлем.

Ал қайын ағасына арналған шумақтардан мәрттікті, қолы ашықтықты, беташар айтып тұрған адамның сөз саптасы айқын аңғарылады.

Ана тұрған қайнаған,
Алтын бір таудай жайнаған,
Көрімдікке қайнаған,
Қысырдың тайын байлаған,
Қайнағаңдай мырза бол,
Қайнағаңа бір сәлем.

Қазақ келіндері арасындағы абысындық, олар арасында болатын сыйластық, күндестік, көреалмаушылық жағдайларды да беташар айтушы тілге тиек етеді, мысқыл әзілмен жеңіл ғана шымшып өтеді, тыңдармандарын иландырады.

Ана тұрған абысын,
Абысын сені аңдысын,
Омырауға түйме тақсаңыз,
Қолға жүзік салсаңыз,
Абысын аңдып нағылсын,
Абысынға бір сәлем.

Ал қайын сіңілісіне арналған шумақтардағы сөз қолданысы тіптен бөлек, теңеулерінің өзі адамды таң қалдырып ойландырады. Теңеулері бөлек, көтермелеуге, мақтауға құрылған «қақырғаны қайма алтын», «түкіргені түйме алтын» сөз қолданысында ертегілік сипат бар.

Ана тұрған бикеші,
Жібектен ескен шүйкесі.
Қақырғаны қайма алтын,
Түкіргені түйме алтын,
Тұла бойы бәрі алтын,
Мен де сондай болам деп,
Құрып тұр оның жүйкесі.
Бикешіне бір сәлем [4].

Бұл шумақтардан аңғарылатыны ел арасында әлі де көп жиналмай жатқан фольклорлық мұралардың бар екендігін көрсетеді.

Жоғарыдағы шумақтарда қайын жұрттың мерейін асырып, дәріптесе келесі беташардың нұсқасында келінге деген сыни көзқарас, тәрбиелік мән бар екені көрінеді. Мұхамбетова Ғайнижамал Сабырғалиқызының (1940 РФ Самара облысы, Бестровский ауданы Майский совхозында туған. Қазір Самара облысы Большеглушицкий ауданы Глушицкий селосында тұрады. руы кіші жүз ішінде – Алаша.) аузынан жазып алған «беташардың» үзінділері соның дәлелі:

Ту сыртыңнан қарасам
Бәйгеден келген құнандай
Қарсы алдыңнан қарасам
Елдегі жоқ сұлудай.
Келген жерің мінеки
Жеті атасы бай өткен
Аты бар елдің баласы.
Аяғыңды аңдап бас,

Шыға көрме жалаңбас,
Егер шықсаң жалаңбас,
Халқыңа мұның ұнамас.
Дұшпан етер келемеж
Досың сені елемес [4].

Келіннің түскен жерінің қандай ел екендігін, дәулетті, бардам, бай, текті әулет екенін айтып, келінге қалай жүріп-тұруды ескертіп, ел алдында көргенсіздік танытпауын өсиеттейді. Астрахань облысы Валадар ауданы Кошеванка селосындағы Қабет Сұлтанғалиұлының аузынан жазып алған (1931 ж. Орал облысында туған. Руы беріш себек. Төртінші сынып бітірген) «Беташардың» нұсқасы да жоғарыдағы үлгілермен үндес.

Жалпы алғанда бұл экспедициядан түйгеніміз ескіліктің жұрнағындай болып отырған ата-әжелеріміз екендігіне көзіміз жетті. Бізге фольклорлық мұраларды айтушы да жасы алпыс, жетпістен асқандар. Жасы қырық пен алпыс аралығындағы қандастарымыз қазақ тілін біледі, алайда ұлттық құндылықтарымызды ішкерлей түсінбейтіндігін аңғартты. Жасы қырықтан төменгілерінің басым көбі қазақ тілін түсінбейтіндігін, өзінің не айтып отырғанын білмейтін дәрежеге келіп қалған. Ішіндегі санаулы, бірен-саран еті тірілері болмаса көбі хабарсыз екенін көрсетті. Уақыттың шектеулілігі фольклорлық дүниелерімізді жинауға кесекөлденең де болды. Жиырма күннің ішінде төрт обылысқа шашырап орналасқан қазақ ауылдарын аралып шығудың өзі қиын екенін ескерсек, қолда бар материалға қанағат етуден басқа лажымыз да жоқ. Отырықшы өмірге ерте кірген, басқа ұлттың ұлттық құндылықтарымен тәрбиеленіп келе жатқан қандастарымыздың болашағы алаңдатады. Олар үшін туған жер, ұлт, дін, тіл, ұлттық құндылықтардың ертегілік әлемге айналып бара жатқаны жан ауыртады.

Әдебиеттер

1. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы, 1974.
2. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). Алматы, 1973.
3. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1991.
4. ӘӨИ-дің қолжазба қоры. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің Самара облысында жүргізген экспедиция материалдары. 2012 ж.
5. ӘӨИ-дің қолжазба қоры. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің Саратов, Волгоград облысында жүргізген экспедиция материалдары. 2012 ж.
6. ӘӨИ-дің қолжазба қоры. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің Астрахань облысында жүргізген экспедиция материалдары. 2012 ж.

ТҮРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Ошақбаева Ж. Б.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және діntану институты, Алматы

Қазіргі заманғы этномәдени үрдістердің тереңдеуі шетел қазақтарының ұлттық болмысының сақталуына үлкен әсерін тигізіп отыр. Осы үдеріс кезінде олар өз ұлттық келбетін нығайтуға қызмет ететін құрылымдарын барынша бағамдап, заманауи жағдайларға сәйкес басты мақсат: ұлттық тілі мен дәстүрлі мәдениетін сақтап қалуы үшін осы үрдістерді нығайтуға үздіксіз қызмет етуде.

Түркия саясатының түрік тектес халықтарға құшағын айқара ашуы қашан да басты ұстаным болып келеді. Сол үшін түрік дүниесі саяси дағдарысқа ұшыраған жылдары түркі

зиялыларына Түркия екінші Отан рөлін абыроймен атқарды. Түрік елінің тілі, діні, ділі қазақтармен бір түбірден шығып, тамырлас болғандықтан сол елді паналап барған қазақтар түрік тіліне бейімделе бастағаны соншалық, түрік тілін ана тіліндей тез арада меңгеріп алды. Сол үшін қазақтардың екінші буыны ана тілін түрік тілімен ауыстыра бастады. Қазіргі Еуропадағы олардың ұрпақтары ағылшын, неміс, француз, тағы басқа еуропалық тілдермен қоса, түрік тілінде тамаша сөйлей алады да, қазақ тіліне келгенде шорқақтайды.

Түркия қазақтары өздері тұратын жерде ешқашан да жаман атын шығарған емес, керісінше өзгелерге үлгі-өнеге боларлық жақсы істерімен ғана көзге түсіп келеді, олардың осы жақсы жетістіктерін Қазақстанда да тиімді пайдалана білу керек. Қазіргі кезде Қазақстанға келіп мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық салаларда алуан түрлі жұмыс істеуге ықылас танытып, құлшынып жүрген ағайындар баршылық. Атажұрттан оқу оқып, арнайы мамандық алуды армандап жүрген жастар да аз емес.

Шетелдегі жастардың қазақ тілін терең меңгеруі үшін не істеу керек деген сұраққа Түркияда тұратын, қазір Лондонда оқып жатқан Хасан Инан бауырымыз былай деп жауап береді: «Біріншіден Қазақстанға бару керек. Туған елде тұратын ақсақалдармен, әже-апалармен көбірек сөйлесу керек. Бабадан жалғасып келе жатқан тілді үйренбесе ұят болады. Үйде ата-анамыз, біз жастар туған тілде сөйлеп тұрсақ қандай жақсы» [1].

Қазақстанның тәуелсіздігінен кейінгі жылдары Түркиядан бірнеше жүзге жуық қандастарымыз Алматы облысына көшіп келді. Олардың басым бөлігі облыстың Нұралы ауылы мен Қарасай батыр ауданында тұрады. «Түркиядан Еуропа елдеріне жұмыс іздеп барғандар дамыған Батыс елдерінің қоғамдық тәртіп, заңды жұмыс режиміне бойы үйреніп қалғандықтан атамекенге оралулары Қазақстанның ерекше қарқынмен дамып, алға шығуына байланысты болып тұр. Қазақстан ұлттық идеологияны мықтап қолға алар болса, бүкіл әлемдегі диаспора қазақтарымен қатар, ішкі орыс тілді қазақтар да тез арада қазақ тілін үйреніп, Қазақ болуды мақтан тұтары анық. Әрі Қазақстан тәуелсіздігінен кейін жұмақ өмір іздеп шетелдерге кеткендер де пұшайман халге түсіп, туған елін аңсап қайта оралады. Әйтпесе диаспора қазақтары өз мәйегінен алыстай береді», – деп атап өтеді Ислам Жеменей [2].

Түркия қазақтары қорының ұйымдастыруымен 2014 жылдың шілде айында Стамбулда кіші қазақ құрылтайы болып өтті [1]. Құрылтайда «Түркия қазақтарының кешегісі, бүгінгісі, ертеңгісі және атамекен Қазақстанмен байланысы» деген тақырыпта жиын өтті. Оған Қазақстан, Қытай, Түркия және Еуропа елдерінен келген қазақ қоғамының белгілі азаматтары: ғалымдар, журналистер мен басқа да кәсіп иелері қатысты. Құрылтай жұмысы барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «құрылтай тойлау емес, ойлау» сөзіне сай құрылтайға қатысушылар Түркия қазақтары және Қазақстан туралы ойларын ортаға салды.

Құрылтайда Түркия қазақтарының келешегінің жарқын екендігі баса айтылды. Өйткені олар тұрған Түркия елі соңғы жылдары экономикалық тұрғыдан қарқынды өсіп, экономикалық тұрғыдан 16-шы орынды иеленіп отыр. Бауырлас түрік елі қазақтарға жылы шыраймен қарайды. Түркия қазақтары ретінде құрылтай делегаттары Қазақстанға тек алғыстарын айтатындарын білдірді. Ең бастысы, Қазақстан бүкіл қазақтардың бірегей отаны, тарихи мекені және шетел қазақтарына әрқашан қолдау көрсетіп, қамқорлық жасап келеді. Түркия қазақтары Қазақстанды арқаланады. Үлкен күш сезінеді. Сондықтан осындай екі күшті мемлекеттің қамқорлығындағы түркиялық қазақтар үшін материалдық тұрғыдан ешқандай алаңдаушылыққа орын жоқ сияқты. Бірақ құрылтай делегаттары диаспораның ұлттық болмысына, болашағына қатысты алаңдаушылықтарын білдірді. Өйткені Түркия қазақтарының жас ұрпағы ана тілінен жұрдай болып өсіп келеді. Осы келеңсіздікке жол бермеу үшін нақты іс-шараларды қолға алудың қажеттілігі аталып өтілді. Құрылтай жиналысында ұсыныс пікірлер де айтылды.

Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиясына Түркиядағы ағайындар да айрықша қызығушылық танытып отыр. Елбасы қолға алған әрбір игілікті бастамаға өздері де үлес қосуды армандайды және олардың бұған мүмкіндіктері де толық жетеді. Өйткені, шетелдегі ағайындардың көбі өз мамандықтарын жетік меңгерген, еңбек сүйгіш, ешкімге алақан

жаймай, жанын салып жұмыс істеуге бейім. Оның үстіне ана тілін, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты өте жақсы біледі. Демек, шетел қазақтары «Қазақстан – 2050» стратегиясында көрсетілген мақсат-міндеттерді, яғни экономикалық дамудан бастап, ана тілімізді, ұлттық ерекшілігімізді өркендетуге дейінгі мәселелерге жан-жақты үлес қосып, ұшан-теңіз пайда тигізе алады.

Серкан Динчтюрк, Қазақ түріктері білім және зерттеу қоғамы төрағасының орынбасары: «Біз Түркияда отырмыз ғой, менің Еуропада отырған үш ағам да бар. Еуропада болсын, Түркияда болсын, жүргенде бізді атымызбен айтпайды, қазақ деп айтады. Жақсы да болсақ, жаман да болсақ, қазақ деп атайды. Сондықтан Қазақстанның күшті болуы, ілгері дамуы – біз үшін үлкен қуаныш», – дейді [3].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясы Түркия қазақтарын ойландырып отыр. Құрылтайға қатысушылар бұл идеяны толық қолдады және оны іске асыруға атсалысудың барша қазақтың бірінші мақсаты болу керектігін атап өтті. Түркия қазақтарының ұрпақтарының ұлттық болмыстарын сақтау үшін түркиялық жастарға ана тілін үйрететін мұғалімдер жіберу, курстар ашу, ең бастысы мектеп оқушыларын және жастарды Қазақстанға қысқа уақытқа болса да саяхаттап бару мүмкіншіліктерін туғызып, атамекенмен және ондағы құрбы құрдастарымен танысып араласуына жағдай туғызу. Сонымен қатар, түркиялық қазақтардың ана тілінде газет-журнал шығаруларына жан жақты қолдау көрсетілсе деген тілектер айтылды.

Түркия қазақтарының атамекенмен байланыстарын нығайту аса маңызды. Өйткені атамекенін жақсы танып білмеген диаспораның отаншыл бола алмайтыны ақиқат. Сондықтан оларды Наурыз мерекесі, Астана күні, Алматы қаласы күні, Тәуелсіздік күні сынды мерекелік жиындарға жүйелі түрде шақырып елмен араласуларын қамтамасыз ету пайдалы болар еді.

Түркия қазақтарының бірыңғай қазақ тұратын бір-ақ ауылы бар. Ол Нигде қаласындағы «Алтай» қазақ ауылы. Бірақ ауыл кейбір себептермен құлдырап тұр. Осы қазақ ауылының басшылығы ауылды сақтау және көркейту үшін Қазақстан үкіметінен жәрдем күтеді. Кіші құрылтайлар қайсы бір елдегі қазақтардың өзара бас қосып ынтымағының нығаюына, ұлттық сана-сезімінің күшеюіне, атамекен және басқа елдерден келетін зиялы қауым, өнерпаз және басқа кәсіп иелерімен танысуларына мүмкіндік беруде. «10–15 жыл бұрын Түркиядағы қазақтардың негізгі кәсібі тері өңдеп, киім тігу еді. Саудаға сеніп, жастарда базар жағалап кеткен еді. Білім алған жастар жұмысқа орналасса, базардағылардан аз табыс табатын. Білімге қызығушылық сол кездері азайып кеткенін жасырмаймыз. Бірақ арада түрлі жайттар орын алды. Дағдарыс болды. Бәсекеге ілесе алмады. Осылайша тері өндірісі де құлдырап кетті. Келешегін ойлаған жастар білімге келе бастады. Оқыған адамға мүмкіншілік мол. Қазақ жастары Стамбулдағы белді еуропалық фирмаларда басқарушы қызметтерге ие болып отыр», – дейді Әбдіуақап Қара [4].

Биыл Стамбулдағы Қазақ қорының ұйымдастыруымен қазақ тілі мен биін және домбырасын үйрететін курс ашылған және Түркияның қазақтар қоныстанған басқа да қалаларында курсты ашу өтініші келіп түскен. Қазірге дейін Стамбулдағы игі істі жалғастыруға Кония мен Анкарадағы ағайындар ниет танытып жатыр екен. Бірақ домбыра үйренушілердің қауырт көбеюіне байланысты аспап жетіспеушілік жағы да қоса мазалауда. Қазақ елінен домбыраларды алдыру қиынға түсіп тұрғанын жасырмаған Қазақ қорының төрағасы Пазыл Топлы былай дейді: «Домбыра үйренуге осыншама талап болады деп ойламаған едім. Кеше ашылу рәсімінен кейін қазақтың 50 баласы домбыра курсына тіркелді. Бізге қазір домбыра жетіспей жатыр. Түріктердің өзі домбыраны қайдан сатып алсақ болады деп қолқа салуда. Егер Қазақстаннан 50–100 домбыраны жеткізіп бере алатын азаматтар болса нұр үстіне нұр болар еді» [3]. Шетелдерде өмір сүретін қазақтар үшін, әсіресе Түркия мен Еуропа секілді елдердегі саны аз қандастарымыз үшін ұлттық мәдениет пен өнер жайында курстар ашу аса маңызды. Бұл тек жастардың ұлттық болмысын сақтау үшін ғана емес, осы курстар арқылы олар бас қосып, бір-бірлерімен танысуға мүмкіндік береді.

Түркия қазақтары тұрған елінің жағдайына көбірек бейімделген диаспора болып табылады. Түркия мәдени, діни, тілдік жағдайы анағұрлым жақын ел. Еуропада тұратын қазақ диаспорасының Түркиямен байланысты әлі күнге күшті. Шын мәнісінде еуропалық диаспора – бұл Түркия аумағынан көшіп келгендер. Бұл тұрмыста, тұлғааралық қарым-қатынастарда көрініп тұрады, қазақ диаспорасының өкілдері өз балаларына негізінен түрік есімдерін береді, салт-дәстүрлер мен мерекелер түріктердің әдет-ғұрпы бойынша өтеді.

Ақсақалдар тиым салуға қанша тырысқандарымен, аралас неке Түркияда да өріс алып келеді. Түріктен қыз алып, не түрікке қыз беріп жатқан қазақ отбасылары да жоқ емес. Олардан туған ұрпақтар түрік деп жазылады. Олардың қазақтықтан жырақтап бара жатқаны қазақтардың жандарына батады. Алайда, тіл мен қанды араластырмау үшін Түркияда жаз айларында екі ай бойы арнайы той-мерекелер өткізіледі екен. Оған Қазақстан мен Еуропадан қазақ отбасылары келіп, өзара танысып, той-думан өткізіп, балаларының толыққанды қазақ отбасын құруына мүдделі болып, өзара жақсы араласады екен. Түркиядағы қазақ жастарының арасында дәрігерлер, полицейлер, мұғалімдер, әскерилер және көптеген маман иелері бар. Олардың елге келгенде бір мәселе алаңдатады – ол тіл мәселесі. Өйткені олар кирилл әліпбиін білмейді.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында Елбасы «2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын әліпбиіне көшіруіміз керек. Бұл ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе» деп атап көрсетті. Бұл шетел қазақтарының көптен күткен жаңалығы еді. Өйткені, шетелдердегі ағайындардың біраз бөлігі, дәлірек айтқанда, Түркия мен Еуропаның бүкіл қазақтары латын жазуын қолданады. Өзбекстан мен Түркіменстан да латын жазуына көшкен. Яғни, бұл республикалардағы қазақтар үшін латын жазуы өте маңызды. Қытай қазақтары да өткен ғасырдың 70–80 жж. біраз уақыт латын жазуын пайдаланған. Қазір ағылшын тілі бүкіл дүниеге кеңінен тарауда; латын жазуын оқи алмайтын адам, әсіресе, жастар жер бетінде жоқ деуге болады. Сондықтан, латын жазуына көшу жер бетіндегі бүкіл қазақтың басын қосуға, шетелдегі ағайындардың атажұртпен байланыс жасауына, оралман болып көшіп келгенде жаңа ортаға тезірек бейімделуіне оң ықпалын тигізері анық. Яғни, шетелдік ағайындар Қазақстанның латын жазуына көшуіне ерекше ынталы, бұл жөнінде қолға алынатын іс-шараларға әрқашан да өз үлестерін қосуға дайын.

Түркия қазақтары Наурыз мейрамын жылда ерекше тойлайды. Наурыз мейрамы 1995 жылы Түркияның сол кездегі премьер-министрі Тансу Чиллер ханымның тікелей араласуымен Республиканың ресми мейрамдарының қатарынан орын алған болатын. Қазіргі кезде Наурыз мейрамы Түркияның түкпір-түкпірінде «Сұлтан Наурыз», «Наурыздың тоғысы», «Наурыздағы мұз бұзылысы» және тағы да басқа атаулармен өткізіледі. Алаңға киіз үй тігіліп, ұлтымыздың дәстүрі мен ұлттық құндылықтарынан сыр шертетін көріністер мен жабдықтар көпшілік назарына ұсынылады. Сонымен қатар осы елдегі қандастарымыз жұртшылыққа ұлттық тағамдарын таратады.

Қазақстаннан тысқары елдерде өмір сүретін қазақтар өздерінің ұлттық болмысын сақтауға баса назар аударып, ұлттық тілін, дінін, ділін жақсы сақтаумен қатар, дәстүрлі тұрмыс салты мен қолөнер кәсіптерін де айтарлықтай жалғастырып, дамытып отырады. Сонымен бірге өздері тұрған елдің заманауи білім-ғылымы мен сауда-индустрия саласының менеджменттік өнерін де игерген. Заманауи мәдениет тұрғысынан жаңа спорт өнері – Шығыстың таэквандо өнерін қазақ еліне жеткізген бауырымыз Мұстафа Өзтүрікті ерекше атап өтуге болады. 14-сәуірде Астана қаласында Мұстафа Өзтүріктің 60 жылдығына арналған Түркия қазақтарының ән-күйінен концерт өтті. «Қазақстан – Түркия достық кеші» деп аталатын концертте Түркиядағы қазақтардың ән мен күйі орындалды. Кеште Астана мемлекеттік филармониясының Қазақ халық аспаптар оркестрі Түркия топырағында өмір сүрген белгілі күйші Жармұхаммед пен Сарымолланың мұрасынан күйлер орындаса, сазгер Бешір Ахмет Көсе өзінің сиясы кеппеген «Атажұртым» әні мен франциялық қандасымыз Зейнел Өзқалыптың «Сағындым», «Сені қалай ұмытайын» қатарлы әндерін қандасымыз Ержан Тұнжырмен бірге шырқады. Қазақтың қара домбырасының құлағында ойнайтын Седат Солақұлы «Қаражорғаның» қадымғы үлгісін шертіп, қазақ күйлерін оркестрмен

қосыла орындады. Әнші Нұрай Таңабаев «Жұлдыздарды тілейсің бе?» атты Мұстафа Өзтүріктің сөзіне жазылған әнді тұңғыш рет сахнаға алып шықты. Кеште Түркия қазақтарының 20-дан астам күйі мен әні нотасымен жазылған «Түркия қазақтарының ән-күйі» атты кітаптың тұсаукесері өтті.

Түркия қазақтарының музыкасын зерттеген және олардың атажұрттағы тұңғыш концертінің өтуіне ұйытқы болған Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов кеште орындалған ән мен күй Түркиядағы қазақ музыкасының бір бөлшегі ғана екенін жеткізді. «Мен Түркия қазақтарының ән-күйін зерттеу мақсатымен 2011 жылы Стамбулға барған сапарымда Мимар Синан көркемөнер университетінің профессоры Әбдіуақап Қараның жеке мұрағатынан Анадолыға ауған қазақтар арасында күйшілік өнерді жалғаған Сарымолла мен Жармұхаммед атты күйшілердің орындаған күйлерін алдым. Композитор Бешір Ахмет Көсенің әндерімен қоса басқа да ағайындар арасында таралған әндерді және Мұстафа Өзтүріктің сөзіне жазылған Ғани Макинның әнін әкелдім. Кеште орындалып, кітапқа қамтылғандарынан өзге менің қолымда 50 күй бар», – дейді ол [3].

Жаһандану үдерісі бүкіл әлемдік сипат алып отырған бүгінгі күні шетелдердегі қазақтар көп мәдениеттердің тоғысқан ортасында отырып келешекте ұлттық болмысын, ана тілін т.б. құндылықтарын қалай сақтап қала алады деген мәселелер өзекті болып отыр. Жаһандық құбылыстар дәстүрлі құндылықтарды мойындамай, жаңа заманауи құндылықтарды орнықтырып жатқан жағдайда шетел қазақтарының өзіндік дәстүрлерінің сақталуына кедергі болары анық. Осыған байланысты шетел қазақтары өзіндік келбетінің сақталуы үшін этникалық мәдениеттің тарихи негіздері мен сипаттарын терең өркендетіп, тарихи Отанмен байланыс пәрменді болып, ұлттық тіл мен дәстүрлі мәдениетті нығайтуға қызмет етуі керек.

Әдебиеттер

1. Түркия. 4 шілде // Baq.kz.
2. Қазақ әдебиеті. 2011. № 19 (3235).
3. http://baq.kz/kk/diaspora/927.
4. Қара, Әбдіуақап. Ыстамбұл. Түркия // http://abdulvahapkara.com.

КАЗАХИ ПОВОЛЖЬЯ И ЮЖНОГО УРАЛА: ИСТОРИЯ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ

Рахимов Е.К.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы

Формирование казахской диаспоры в России следует отнести к XVIII веку, когда в результате создания колониальной администрацией пограничных линий, часть казахов Младшего и Среднего жуза осталась на так называемой, внутренней стороне. Однако, казахи не прекращали переход через линии, возвращаясь со стадами скота на родовые пастбища, присоединяясь к своим соплеменникам. Со временем формируется группа казахской диаспоры в России. Логично, что Первые этнографические сведения о казахах России относятся к XVIII столетию.

О казахах России имеется обширная дореволюционная историко-этнографическая литература. К наиболее ранним работам, содержащим сведения о культуре и быте казахов мы относим труды С. Ремезова, И. Сиверса, Г.Ф. Миллера, И.П. Фалька, И.Г. Георги, П.С. Палласа, И.Г. Андреева, П.И. Рычкова, Н.П. Рычкова [1–2].

Указанные авторы – ученые, исследователи, путешественники, накопили достаточно объемный этнографический материал о расселении, этногенетических легендах, родоплеменном составе, хозяйстве, материальной и нематериальной культуре казахов.

Эти сведения, в основном, общего характера и очень сложно выделить в них специфику именно российских казахов, но представляя XVIII в. особенно его вторую половину как период начала формирования казахской диаспоры России, вполне допустимо считать этнографические материалы, собранные и опубликованные исследователями указанного времени источниковой базой для изучения традиционной этнографии казахов Поволжья и Южного Урала (территории нынешних Оренбургской, Челябинской, Саратовской, Волгоградской, Самарской и Астраханской областей Российской Федерации).

Сведения по этнографии казахов России, приводимые авторами, не становились объектом специального научного анализа. Исключение составляют, в основном, небольшие статьи и исследования, в которых содержатся большей частью фрагментарные данные, в той или иной степени затрагивающие отдельные аспекты проблемы этнографического изучения казахов России.

Однако, следует отметить фундаментальный труд Э.А. Масанова по историографии этнографического изучения казахов, в котором впервые в науке была дана оценка работам дореволюционных авторов как важного источника по истории и культуре жизнедеятельности народа [3].

Историк З.Е. Кабульдинов в своей монографии, посвященной истокам формирования и развитию казахской диаспоры в России, высоко оценивает деятельность первых российских исследователей в сборе и систематизации историко-этнографического материала: «...большинство этих исследований носят, в основном, историко-этнографический характер. Это понятно – с целью подчинения обширного края необходимо было знать обычаи, обряды, психологию, культуру этноса, населяющего колонизуемый регион. Но надо признать, что от такого «уклона» ценность этих работ не уменьшается» [4, с. 11].

Этнограф Д.Б. Ескекбаев успешно использовал сведения, содержащие в трудах дореволюционных авторов для написания диссертационного исследования о казахах Оренбургской области [5]. Ценностью работы Д. Ескекбаева является то, что она органически и логически дополнена оригинальными полевыми этнографическими материалами, собранными автором на протяжении многолетних полевых сезонов.

В XVIII в. ценные материалы по этнографии казахов Поволжья и Южного Урала были собраны экспедициями академиков И.П. Фалька, П.С. Палласа. Указанные ученые впервые в науке описали культуру, быт, хозяйство и социальную организацию казахских племен, населявших обширные земли, ныне входящие в состав Российской Федерации.

И.П. Фальк, по происхождению шведский врач и естествоиспытатель, одним из первых стал собирать этнографические сведения о казахах России. В середине XVIII в. он провел экспедиционную работу в Астраханском и Оренбургском краях, Западной Сибири, на Южном Урале. Труды И.П. Фалька, касательно этнографии казахов ценны тем, что в них, наряду с увлекательным рассказом о материальной культуре кочевников, содержится подробное описание скотоводческого хозяйства, традиционной пищи и культуры питания казахов [6].

Так, например, о скотоводстве казахов он пишет следующим образом: «Общепринятым и едва ли не единственным занятием киргизов является животноводство. Они владеют несметными тучными стадами хорошего скота. Лошадям они среди прочего скота отдают предпочтение. Они как бы мерило их благосостояния. Лошадям они, как и башкиры, посвящают себя целиком. Овцы столь же неотделимы от их домашнего хозяйства, как и лошади. Их мясо является повседневной, а порой, и долговременной и единственной пищей, они употребляют его без хлеба, без соли и заправки и оно им никогда не приедается. Их мясо (возможно, благодаря степному пастбищу) – деликатесное, а курдючный жир – настолько изысканное блюдо, что и в русской кухне применяется как масло» [7].

П.С. Паллас – доктор медицины, профессор натуральной истории, академик Российской Императорской Академии наук в 1769 г. организовал комплексную научную экспедицию по землям казахов Оренбуржья, Урала, юга Западной Сибири, прошел по Иртышу до Семипалатинска. Это была одна из первых научных экспедиций по изучению Казахстана,

поэтому не удивительно, что собранные П.С. Палласом материалы о культуре, хозяйстве, быту кочевников представляют огромную ценность [8, с. 457].

Ученый впервые описал остатки материальной культуры прошлых веков в виде археологических памятников, курганов и древних развалин мазаров и храмов. Он был первым, кто дал сведения о домашних промыслах, ремесле, изготовлении войлока, природных красителях, вывариваемых казахами и о технологии окрашивания кожи. Результаты своей экспедиции ученый осветил в фундаментальном труде «Путешествия по разным провинциям Российской империи». Интересны сведения П.С. Палласа о казахских кузнецах, серебренниках и производимых ими изделиях, о традиционной мужской и женской одежде, особенно военном снаряжении, оружии, а также о различных социальных группах в казахском обществе [9].

Этнография казахов Поволжья и Южного Урала широко представлена в трудах дипломатов и чиновников колониальной администрации А.И. Тевкелева, В.Н. Татищева, П.И. Рычкова и путешественников, проезжавших казахские степи с различными целями [1–2]. Данные авторы, кроме собственных наблюдений, широко использовали для написания трудов русский архивный и летописный материалы, в т.ч. свидетельства третьих лиц [8, с. 30].

Становление процесса систематического изучения казахов России непосредственно связано с деятельностью крупного российского дипломата и чиновника Оренбургской администрации А.И. Тевкелева. Большая часть его жизни прошла на северо-западной границе Казахской Степи, в Оренбургской губернии. Здесь он успешно проявил себя не только в качестве дипломата и чиновника, но и как оригинальный исследователь истории, культуры, быта, социального положения казахского народа. Написанные им путевые журналы и пометки свидетельствуют о тонком наблюдателе, искусно описывающего все виденное, интересное в присоединенных к империи казахских землях. Его «Журналы», написанные в 1731–1759 гг., содержат чрезвычайно ценные этнографические сведения [10].

Автор описывал в основном казахов Младшего жуза, но необходимо заметить, что именно в данный исторический период шло формирование казахской диаспоры Поволжья и Южного Урала из числа казахов, прикочевавших к границам башкирских уездов, в окрестностях. Оренбурга, Троицка. Поэтому, смело можно считать материалы А.И. Тевкелева, ровно как и сведения П.И. Рычкова, источником для изучения российских казахов.

А.И. Тевкелев верно отмечает про казахов Оренбуржья, что « ...все их имение состоит в лошадях и овцах, на которые потребные себе товары, яко то сукна, ножи и железные котлы, холст и протчую конскую сбрую выменивают..» [10, с. 388]. Подобные интересные наблюдения о хозяйстве, ремеслах и промыслах, быте и нраве народа зафиксированы А.И.Тевкелевым в «Журнале по киргис-кайсацким делам 1748 года» [10].

Большой вклад в изучение истории и этнографии Оренбургского края внес член-корреспондент Российской Императорской Академии наук, активный участник Оренбургской экспедиции, П.И. Рычков. Его ранние труды «История Оренбургская», «Краткие известия о татарах» известили научный мир о сформировавшемся исследователе тюркских народов [11]. Главным его произведением была «Топография Оренбурская», написанная на широком круге доступных в то время географических, историко-этнографических источников о Казахской Степи, Средней Азии, Южного Приуралья. Это поистине энциклопедическое сочинение открыло просвещенной России уникальный мир самобытных народов края, в т.ч. казахов [12]. Кроме того, этот труд при жизни автора был переведен на немецкий язык, а спустя некоторое время переиздан.

Другие работы П.И. Рычкова, например, статьи «О способах к умножению земледелия в Оренбургской губернии» и «Ответы на экономические вопросы, касающиеся до земледелия, по разности провинции, кратко и по возможности изъясненные в рассуждении Оренбургской губернии» также богаты на этнографические сведения, раскрывают традиционный мир культуры казахов Южного Урала [5, с. 10].

Николай Рычков, сын П.И. Рычкова, в 1769–1770 гг. совершил несколько самостоятельных поездок по Заволжью и Приуралью, которые описал в труде под названием «Журнал или Дневные записки путешествия капитана Рычкова по разным провинциям Российского государства, 1769 и 1770 гг.». В этом объемном сочинении собран богатый этнографический материал о казахском народе. Сведения, содержащиеся в дневнике Н.П. Рычкова, представляют ныне большой историко-этнографический интерес. Другой его интересный труд – «Дневные записки путешествия капитана Рычкова в Киргиз-Кайсацкой степи», изданный в 1772 г. [2].

В XIX столетии выходит целая серия историко-этнографических работ о зауральских казахах, т.е. о казахах Оренбургского края и Заволжья. Среди них стоит отметить публикации А.И. Левшина, Л. Мейера, А.И. Добросмыслова, А. Бларамберга, И.С. Хохлова, А.Е. Алекторова, В.М. Черемшанского. Большую работу по этнографическому изучению казахского населения региона проводили Оренбургская Ученая архивная комиссия и Оренбургский отдел РГО.

К сожалению, труды вышеуказанных дореволюционных исследователей до сих пор не были объектом специального научного анализа как источники по этнографии казахской диаспоры России.

Среди современных исследователей казахов Поволжья следует отметить активного члена казахского культурного общества Саратовской области Г.А. Ташпекова, который в 2002 г. подготовил и издал монографию «Казахи Саратовской области». Это был первый опыт систематизации и публикации материалов по истории и этнографии казахов Среднего Поволжья. Но есть один отрицательный момент – это наличие объемного материала по казахской культуре общего характера, и в связи с этим недостаточность примеров по местной специфике [13].

В 2006 г. в г. Ижевске была защищена кандидатская диссертация М.Р. Бижановой «Башкиро-казахское этнокультурное взаимодействие в XVIII – первой половине XIX вв.». В данном исследовании сделана попытка выявить общие для двух тюркоязычных народов Южного Урала этнические компоненты, элементы в материальной и духовной культуре, общее в хозяйственном укладе и ремеслах [14, с. 256].

По материалам полевых этнографических экспедиций КазНУ имени аль-Фараби 1980–1990-х гг. в Оренбургскую область, с дополнением архивными, фольклорными и историческими материалами в 2001 г. учеными А.Т. Толеубаевым и Д.Б. Ескекбаевым было написано и издано монографическое исследование «Орынбор қазақтары». Данный фундаментальный труд – наиболее достоверное на сегодняшний день историко-этнографическое описание казахов Оренбургской области [15].

В 2005 г. в Оренбургской области была проведена межрегиональная научно-практическая конференция «Казахи Оренбуржья: история и современность». Материалы конференции были опубликованы. Некоторые статьи данного сборника раскрывают этническую историю казахов региона. Это статья Н.А. Абдуллаева «К вопросу этнической истории казахов», Г.Б. Избасаровой «Казахское население Оренбургского края в системе политики царизма», А.Н. Потаповой «Активизация религиозного мусульманского движения на Южном Урале в военные и послевоенные годы» [16].

Из опубликованных в сборнике работ наибольший интерес представляет статья Т.И. Герасименко об изучении этнографии и этногеографии казахов в XVIII в. Автор, справедливо обосновал десять важнейших выводов из трудов исследователей XVIII столетия. Однако, в работе Т.И. Герасименко есть моменты, вызывающие по крайней мере недоумение. Так, совершенно не понятно использование вместо этнонима «казах» устаревшего исторического российского названия «киргиз-кайсак». Создается, впечатление, что автор сознательно избегает употребления общепринятого в современной науке названия казахского народа. Также, неуместно преувеличение положительных факторов присоединения казахских земель к Российской империи [16, с. 112–118].

Обширная научная статья по казахам Оренбургской области была опубликована в 2007

г. в издании «Мы – оренбуржцы. Историко-этнографические очерки» исследователем И.М. Габдулгафаровой. Автор отмечает, что по данным Всероссийской переписи 2002 г. в Оренбургской области проживало 125 568 казахов. Очерк состоит из тематических разделов, раскрывающих соответственно, демографию и этническую историю, хозяйство и материальную культуру, духовную культуру казахов Оренбуржья. Автор приводит интересные демографические показатели, составил карту расселения казахов по районам и городам Оренбуржья. И. Габдулгафарова делает вывод, что казахи региона в этнографическом отношении не отличаются от казахов Республики Казахстан. Видимо поэтому, описание хозяйственной, материальной и духовной культуры казахов полностью копирует общеизвестные факты из жизни казахского народа. Автор, к сожалению не использовала оригинальные полевые материалы по казахам Оренбургской области, а основала свои выводы на письменных источниках, трудах изданных по большему счету в Республике Казахстан [17, с. 73–91]. Данная работа является развернутым вариантом другой ранее опубликованной статьи автора [16, с. 34–39].

В Астраханской области с 1990 г. работает Общество казахской культуры и языка «Жолдастық», которое проводит большую работу по популяризации казахской культуры, сохранению казахского языка, публикует сборники об истории и культуре казахов региона. Так, в 2000 г. был издан сборник «Астраханское казахи: история и современность», подготовленный видным деятелем местного казахского сообщества, ученым-педагогом Г.Д. Урастаевой [18]. Для исследователей истории и культуры казахов Нижнего Поволжья большой интерес представляют: первая глава – «Астраханские казахи с древнейших времен до Октябрьской революции 1917 г.», раскрывающая этапы этнической истории казахов региона, и вторая глава – «Национальная культура казахов Астраханского края», посвященная особенностям этнокультурного развития местной казахской диаспоры.

Также перу Г.Д. Урастаевой принадлежит монографическое исследование «Национальное образование казахов в России. История и тенденции», раскрывающее истоки и состояние образовательной культуры и духовного развития казахов Поволжья и Южного Урала [15, с. 257].

В 2011 г. итоги двадцатилетней работы Астраханского областного общества казахской культуры «Жолдастық» были представлены в издании «Астраханские казахи: на рубеже веков» [19]. В данном сборнике наибольший интерес для изучающих этнографию казахской диаспоры России представляют статьи С. Утегалиевой «Инструментальная музыка казахов Астраханской области», Р. Емельянцевой и М. Хрущева «Народные обряды, праздники и одежда», Г. Карнауховой «Традиционная культура казахов в коллекциях музея этнографии», Л. Лариной и Е. Козаковой «Казахская коллекция в музее «Астраханьгазпрома»

Необходимо отметить, что астраханские казахи – многочисленная этническая группа в Поволжье численностью более 140 тысяч человек (15% от общей численности населения Астраханской области). Местные казахи в большинстве сохраняют родной язык и культуру, находятся в обширных контактах с исторической родиной. Активно проводятся работы по изучению истории и этнографии казахов региона [20].

Подводя итоги нашего небольшого исследования, можно резюмировать, что изучение этнографии казахов Поволжья и Южного Урала следует отнести к XVIII в. Труды российских исследователей, путешественников, чиновников колониальной администрации XVIII–XIX вв. являются важным источником для изучения традиционной культуры казахов, населявших и ныне населяющих поволжские и южноуральские степи. Новый подъем интереса к истории, культуре и этнографии казахов региона относится к 1990–2000 гг., когда в Российской Федерации появились и стали активно функционировать культурно-образовательные общества местных казахов. В Оренбурге, Астрахани, Саратове были проведены научные конференции, изданы статьи и монографии, посвященные особенностям формирования казахской диаспоры, ее культуре и современному положению. Необходимо также отметить повышение интереса к казахам Поволжья и Южного Урала со стороны представителей казахстанской исторической и этнологической науки.

Литература

1. История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т. 4. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век. Сост. И.В. Ерофеева. Алматы, 2007.
2. История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т.6. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям XVIII–XIX века. Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. Алматы, 2007.
3. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1966.
4. Кабульдинов З.Е. Казахи России (вторая половина XVIII – нач. XX вв.). Алматы, 2009.
5. Ескекбаев Д.Б. Оңтүстік Орал қазақтары (Орынбор облысы деректері бойынша): т. ғ. к. ... дисс. автореф. Алматы, 1995.
6. Фальк И.П. Полное собрание ученых путешествий по России, издаваемый Императорскою Академией Наук по предложению ея президента. Записки Путешествия академика Фалька. Т. 6. СПб., 1824.
7. Фальк И.П. Описание всех национальностей России. Алматы, 1999
8. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 2. Гл. Ред. М.К. Козыбаев. Алматы, 2010.
9. Паллас П.С. Путешествие по разным местам Российского государства по велению Санкт-Петербургской Императорской Академии наук. Ч. II, Кн. 2. СПб., 1786.
10. История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т. 3. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731–1759 гг.). Сост. И.В. Ерофеева. Алматы, 2005.
11. Рычков П.И. История Оренбургская (1730–1750). Оренбург, 1896.
12. Рычков П.И. Топография Оренбургской области. Оренбург, 1887.
13. Ташпеков Г.А. Казахи Саратовской области: историко-этнографические очерки. Саратов, 2002.
14. Балтабаева К.Н., Ахметова Ш.К. Состояние и перспективы изучения истории и культуры казахов России (60-е годы XX – начало XXI вв.) // Материалы международной научно-теоретической конференции «Концептуальные проблемы истории Центральной Азии и Европы в свете интеграции и модернизации», посвященной году Германии в Казахстане. Алматы, 2010.
15. Ескекбаев Д.Б., Төлеубаев А.Т. Орынбор қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу). Алматы, 2001.
16. Казахи Оренбуржья: история и современность. Материалы межрегиональной научно-практической конференции. Серия «Многонациональный мир Оренбуржья». Вып. 16. Под общей ред. В.В. Амелина. Оренбург, 2005.
17. Мы – оренбуржцы. Историко-этнографические очерки. Под общей ред. В.В. Амелина. Оренбург, 2007.
18. Астраханские казахи: история и современность. (К 10-летию областного общества казахской культуры и языка «Жолдастық»). 1-е издание. Ответственный ред. Г.Д. Урастаева. Астрахань, 2000.
19. Астраханские казахи: на рубеже веков. (К 20-летию областного общества казахской культуры «Жолдастық»). Ответственный ред. и составитель Н.И. Куликова (Торопицына). Элиста, 2011.
20. Джаркенов А.Ф. «Жолдастық» и Всемирная Ассоциация казахов // Казахстан и зарубежные казахи: Материалы Международной научно-практической конференции «Репатриация этнических казахов в Казахстан как составная часть государственной миграционной политики: достижения, проблемы и пути решения», посвященной 20-летию Всемирной Ассоциации казахов (Гл. ред. Т.А. Мамашев). Алматы, 2012.

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СЮЖЕТТЕР БОЙЫНША)

Тоқтабай А.У.

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы

Тарбағатай аймағы орталығы Шәуешек қаласынан және 6 ауданнан тұрады. Дөрбілжін, Шағантоғай; Толы; Қобық, Шиху, Сауан. Сонымен қатар мұнай кәсіпшілігінің өркендеуіне байланысты құрылған, Қарамайлы бұл күнде бүкіл Шынжаңда ең үлкен қала қатарына қосылып Үрімшіге тікелей бағынатын дәрежеге жеткен. Кезінде Тарбағатай аймағының қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Қытай армиясының 9 өндіріс-құрылыс движиясы орын тепкен. 1970 ж. салына бастаған, Күйтін қаласыда өсіп-өркендеп Үрімжіге тікелей бағынады. 1975 ж. Қытай өкіметі Күйтінді Іле қазақ автономиялы облысының орталығы етіп бекіткен екен, бірақ қазақ ішіндегі келіспеушіліктен орталық Құлжа қаласына қайта көшкен.

Тарбағатай аймағы Шығыс Қазақстанның Семей, Тарбағатай, Аягөз жерлерімен ауа райы, жер ұлтаны бірдей мал шаруашылығына ерекше қолайлы, Тарбағатай, Майлы, Жайыр, Барлық, Еренқабырға (Тянь-Шань) тауларының қолат-қойнауларында ежелден төрт түлік мал тебіндеп қыстап шығынсыз өсіп-өнген. Шәуешек қаласының іргесі 1764 ж. Цинь империясы Жоңғарияны толық талқандап, шығыс шекараны бекіту үшін, сыртын қалың қорғанмен қоршап қамал ретінде қаланған. Қазақстан шекарасына өте жақын болғандықтан (бар-жоғы 12 км) Ресей қоластындағы қазақтармен байланыс үзілмеген. Ресейде білім алып жоғары оқу орнын бітірген қазақ оқығандарының ықпалымен мектеп-медресе, мешіттер бой көтерген. Қалада 1911 ж. ашылған Байбасық мектебі, 1917 ж. ашылған Жайырдағы Шапиық мектебі 1921 ж. ашылған «Күландамия» қыздар медресесі оқу-ағарту ісінің белгілі бір дәрежеде жоғары болғанын дәлелдейді. 1920 ж. ашылған мектеп-гимназиясының үйі әлі күнге дейін жақсы сақталған, Шынжаңдағы автономиялық дәрежедегі ескерткіш есебінде мемлекет қарауында, кәзір мұнда аудандық музей орналасыпты. Гимназия үйінің авторы белгілі халық архитекторы Баязит Сәтбаев XIX ғ. соңы – XX ғ. басында шығыс өңірінде атап айтқанда Зайсан қаласында, Шәуешекте байлардың, ауқатты адамдардың тапсырысымен 40-жуық құрылыстар мен мазарлар салған. Олардың ішінде Қытайдың Алтай аймағы, Жеменей ауданындағы Жәке би Қойтанұлының күмбезі (1966 ж. маошылдар құлатқан), қазір сақталып тұрған Өміртайдың күмбезін айтуға болады.

Шәуешек Қытай қазақтары ішінен шыққан классик жазушы Қажығұмар Шабданұлының – Отаны. Қажығұмар 1925 ж. Семей облысы, Аягөз ауданының Таңсық ауылында туған. 1932 ж. ашаршылық жылдарында Қытай Тарбағатайына барып жан сақтайды. 1942 ж. Үрімшідегі педагогика училищесінде оқиды. 1951–1978 жж. Тарым ойпатындағы жаза лагерінде болады. Түрмеде жүріп «Қылмыс» атты романының екі томын жазып шығады, бірнеше повестері мен көптеген әңгімелерін түрме бақылаушылары тәркілеп алған, әлі күнге дейін ол шығармалардың тағдыры белгісіз. Түрмеде жүріп екі рет қашады, екеуінде де ұсталып қамау мерзімі ұзартылады. Ол туралы біз Қажықұмармен түрмеде бірге отырған адамдардан естідік. 1982 ж. Шынжаң Халық баспасынан «Қылмыс» романының 1-томы, 1982 ж. 2-томы жарық көреді, үшінші томы баспадан алынып, 1986 ж. қайтадан түрмеге түседі, 2000 ж. мерзімін өтеп шыққаннан кейін Қазақстанға өткісі келіп, республика басшыларына хат жазады, ол жауапсыз қалады. 2000 ж. өмірінің ақырына, яғни 2012 ж. дейін мырзақамақта (домашний арест) болады. Қазақстанда 2004 ж. бастап «Пана» романы, 2005 ж бастап «Қылмыс» романының 4-томы Қабдеш Жұмаділовтің редакциясымен жарық көрді. Бір қызығы Қазақстаннан сабылып барып жатқан ақын-жазушылар, интелегенция өкілдері Қажығұмарға кірмейді екен. Қабдеш Жұмаділов түрмеден шыққанда барып сәлемдесіп, өмірінің ақырына дейін телефонмен сөйлесіп тұрыпты. Жазушының туған қызымен және күйеу баласымен бірге барып қабірінің басына зиарет етіп қайттық, бұл жайды Шынжаңда

жарнамалаған жоқпыз. Менің ойымша Қ. Шабданұлы – қазақ әдебиетінің тарихынан ойып тұрып орын алатын қытайдың коммунистік – тоталитарлық жүйесіне тайсалмай қарсы тұрған қайраткер. Екіншіден қазақ әдебиетінде түрме жанрын жан-жақты көрсетіп жазған жазушы.

Қ. Шабданұлы Тарбағатай өңірінде XIX ғ. өткен Қайрақбай Шалекенұлы атты әйгілі күйшінің күмбезінің жанына жерленіпті. 7–8 жасында қой жайып сыбызғы тартқан, ол кейіннен өзіде күй шығарған, қазақ музыка мәдениетінде сыбызғы күйлерінің айтулы шеберлерінің бірі болып табылады. «Салкүрең», «Құр ойнақ»,»Майда қоңыр», «Мол қоңыр», «Ой толқын», «Еміл толқыны», «Қоңыр қаз», «Сыбызғы күйі» секілді 40-қа тарта күйлері «Күй қайнары» кітабында жарық көрген.

Экспедиция кезінде Тарбағатай аймағының тумасы, атақты әнші Қазақстанға жақсы таныс Хамит Ысқақ қатты ауырып хал үстінде жатыр дегенді естідік. Ұйғыр әйелі қарамайды екен, жалғыз баласы олда ұйғырға ауып жат болыпты. Өз ұлтыңа қызыңды ұзатып, өз ұлтыңнан келін алғанға не жетсін – деп ақсақалдар бірін-бірі қостап әңгімелесіп отырды.

Шағантоғай ауданының орталығындағы № 1 қазақ орта мектебінде болып мектептің ұжымымен, оқу-тәрбие ісімен оқушылармен таныстық. Бірден байқалатыны мектеп территориясының үлкендігі 83 му (1 му – 6,6 сотық) жерді алып жатыр. Оқу корпусы – 1, лаборатория – 1, қызмет орыны – 1, асхана – 2, жатаққана – 2. Ұлдар жатаханасын осыдан екі жыл бұрын бір бай саудагер қазақ салып беріпті. 700 қазақ баласы оқиды, оның ішінде 250 бала жатып оқиды, жатын комнаталары шағын, 4 әрі барса 5 бала жатады. Былтыр Пекиннен келген дәрігерлер балалар организмінде кальций жетіспейді – деп қорытынды шығарғандықтан 250 балаға күніне 1 стакан шұбат берілетін болыпты. Қазақстанда түйе өсіретін Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облысында болдым, бірақ бірде-біреуінен мектеп балаларына шұбат берілгенін естімеппін. Қазақстанда демалыс үйлерінде, санаторилерде шұбат бар, бірақ мектепте жоқ. 250 балаға күніне бір рет шұбат берілгенде күніне қанша түйе сауылу керек. Екі асхананың екеуіндеде қазақ-ұйғырдың ұлттық тағамдары пісіріледі, тек ұлттық аспаздар жұмыс істейді. Қазақ мектептері жылма-жыл жойылып бара жатыр, 5 жыл бұрын басталған аралас мектеп деген бағдарламамен барлық пәндер ханзу тілінде беріліп, аптасына 3–8 сағат қазақ тілі өтілетін болыпты. Шынжаңда мектептер, жоғары оқу орындары, бала бақшалар бәрі мемлекеттің қолында, дегенмен білімнің әр саласына байланысты жекеменшік мектептер мен үйірмелер кездеседі. Мысалы: Толы ауданында Үрімшідегі педуниверситеттің бала-бақша тәрбиешісі мамандығын бітірген Бағизат Шәріпханның жеке би мектебі бар. Мектеп ауданның түбіндегі қыстақта (біздіңше село) бір қытайдың көп бөлмелі ғимаратының залын жалдап тұрады, 65 бала би үйірмесіне жазылған, әр бала 300 юань ақша төлейді (1 юань – 25 теңге), балалардың көпшілігі қазақ, «Қаражорға», «айжарық», «қамажай» т.б. билерді үйренеді.

Тарбағатай аймағы ежелден төрт түлік малдың көптігімен атағы шыққан жайлау – көктеу қыстау аралары алыс емес 60–150 км арасында тік (вертикалды көшіп-қонуға) өте қолайлы. Таулардың күнгей жағы қыстау, терістігі – жайлау, тау етегі – көктеу, етектен төмен жазықтықтар – күзеу болып келеді. Жайылым ауыстыруға шөп шабуға, егін салуға т.б. шаруаларға өте қолайлы. Қысы Алтайдағыдай аса суық емес, қар өз түседі, мал қолға қарамай қыс кезіндеде өз аяғымен жайылып шығады. 1950 ж. қазір бүкіл дүниежүзілік қой тұқымдарының тізіміне кірген, саны 2 млн-ға жуық Баспай қойы тұқымы өсіріліп шығарылған. Қой тұқымының авторы Басбай Шолақұлы Бапин (1889–1953 жж.) Қытай қазақтары арасынан шыққан атақты бай, көрнекті қоғам қайраткері, Тарбағатай аймағының алғашқы уәлиі (губернаторы). Ол өз қаржысына мектеп-медресе ашып, Ұлы Отан соғысы кезінде (1943 ж.) КСРО-ға көмекке ер-тұрманымен 500 ат көмекке жіберсе, Америкаға қарсы соғысып жатқан. Кореяға көмектесіп бір ұшақ (1951 ж.) жасаттырған Басбайдың қалай бай болғаны жайында халық арасында мынадай аңыз бар: «Басбай орташа ғана шаруа екен, бір жылы 100-дей қой-ешкісін, 8–5 сиыр, 5–6 жылқысын айдап жайлауға көшіп бара жатады, жолда кең далада күшіктеп жатқан итке кез болады. Атынан түсіп жаңа көздерін аша

бастаған бес күшікті қолына алып, сылап-сипап тұрадыда, бесеуінде қоржынға салып, атына бөктереді, әбден арып-ашыққан енесіне тамақ бергізеді. Кейін жаңағы бес күшік, Басбайдың малын ит-құсқа, ұрыға бермейтін бермейтін бес төбетке айналады. Осыдан бастап-ақ Басбайдың тасы өрге домалап, дәулеті тасқындап өсіп Шынжаңның ірі байына айналады. «Ит ырыс; «ит-құт», – деп Басбай анда-санда Шәуешектің көшесінде қаңғып жүрген иттерге 5–10 қойды арнайы сойғызып етін тастатады екен. Басбайдың 60 мың қойы, 3 мың сиыры, 1 мың жылқысы болған. 1940 ж. аяғында Қазақстаннан мал мамандарын зоотехник, мал дәрігерлерін шақыра отырып Басбай қой тұқымын шығарған. 20-дай Шәуешек жастарын ішінде қазақ, қытай, орыс, ұйғыр, дұнған, дағұр, бар үйлендіріп, отбасы қылып үй қылған. Әлгілердің барлығы Басбайдың құрметіне қазақша сөйлеген екен. Басбай «елді бай бағады» – деген қазақтың халықтың дәстүрін ХХ ғ. жалғастырып қоймай басқа халықтарға үлгі етіп көрсеткені нағыз халық ұлы деген атаққа лайық, Зейнолла Сәнік «Басбай» атты тарихи роман жазған.

Ешкі барлық таудың, тастың бетіндегі жан баласы басып бара алмайтын жердегі шөпті, гүлді, бұтаның, ағаштың басын жейді, ең асыл, ең дәмді, тәтті, шипалы өсімдікпен қоректенеді Аюбай-3 деген қыстақта бір отбасы 1000–1200 бас ешкі бағып отыр, осы қыстақта 60–70 үй бар көбі ешкі бағады, бірде-бір адам рак ауруымен ауырмаған, ал қалған жерде рак ауруы бар дейді информаторлар. Ешкі жүнінен қазақтың асыл киімдерінің бірі – бөкебай тоқылады. Ешкіні сойып алып терісіне аздап и жағып қояды. И жаққаннан тері аздап қопсиды. Қопсыған қылшықты жұлса, қылшықтар тез жұлына бастайды, астында аппақ түбіті қалады, теріні тағы уқаласа, қылшығы мүлдем кетіп, тек ғана түбіті қалады, осы түбіт теріден ішік тігеді, мұны бөкебай ішік дейді. Айы толмаған шала туған балаларға ешкінің сүтін берсе тез жетіліп кетеді.

Түйе шаруашылығы қазіргі ерекше дамыған, табысы мол салалардың бірі, әсіресе шұбат сатудың пайдасы көп. Соңғы кезде көптеген қазақ, ұйғыр, дүнген шаруалары түйе өсірумен айналысуда. Түйенің шудасы қазақ әдетте сақтап қояды, аздап түз сеуіп қойса сабынға ұқсап қалады, оны сорбақта деп атайды. Алда-жалда біреудің аяғы сынса, қолы сынса, басы жарылса сорбақтаны тартса таптырмайтын ем болады. Түйе қыстың қақаған аязында далада шөге береді, себебі түйенің жабағысы қыста суық өткізбейді, жазда ыстық өткізбейді. Қазақ сондықтан түйе малына арнап қора салмайды. Түенің жабағысынан шапан, ішік, бешпет киеді, жеңіл және жылы болады. Жабағыны кейде түбіт сазы – деп атайды.

Қазірге Қытайдың ауылшаруашылық реформасы әлемді таңдандыруда, әсіресе ТМД елдеріне бұл реформа үлгі боларлық. Өз зерттеуімізде қазір мал бағып отырған екі-үш қазақ отбасын алып шаруашылық динамикасын қарастырдық. Қалихан Қыдрмолдаұлы – Толы ауданы, Күбі ауылы, Дулайты қыстағанда 1-дүйде[1] тұрады. 1978 жылға дейін тайқазанда (коммуна) мал баққан, «сол заманда салықтан көз ашпаушы едік» – дейді Қалихан, жылына 5–6 мың юань салық төлеуші едік, қазір 3 мың юань төлеймін. 1978 ж. реформадан кейін 1983 жылы Қалиханға 13331 му жер, 160 қой, 2 түйе, 3 сиыр, 11 жылқы бөлініп берілген. Мемлекеттің талабы бойынша бұл малдар өлмейді, қайуақта 5 жыл – 10 жыл – 20 жыл уақыт болсада осы малдар осы күйінде тұру керек[2], ал өсімі өзіндікі, қазір біздің әулетте 500 қой, 20–30 сиыр, 20–25 жылқы, және 10 міниС (жұмыс) аты бар. Әр отаудың өзінің қойы, малы және өз таңбасы бар, барлығы бірігіп бағады.

1 отау – 90 қой
2 отау – 70 қой
3 отау – 30 қой
8 отау – 27 қой
5 отау – 50 қой
6 отау – 135 қой

1983–2013 жыл арасында Қалиханның жан саны 21 адамға көбейген. Бұрын қазаққа 3 балаға рұқсат етілетін, қазір 2 балаға дейін болады. Қытайларға бір баладан рұқсат етіледі.

[1] дүй, бөлімше деген мағынада
[2] Халық әзілдеп «темір қой, темір мал» - деп атайды.

Барлығы 10 баласы бар. 8 қызы ұзатылған, 6 ұл келіншек алып отау болып отыр (немерелерімен қоса есептегенде). Бұрын: Жер салығы 1 муға – 10 тиын болса қазір 1 муға – 5 тиын алады. Сонда 13331 му жерге 3000 юань салық алады. Қазір малды азайтуға мемлекет 18 мың юань ақша береді, былтыр Қалиханның әулеті екі жылға 36 мың юань ақша алыпты жерді торлап қоршауға өкімет бір му жерге – 1 юань 50 тиын береді, 5 жылға көбейту керек себебі әр жыл сайын береді. 6 му жерге беде (жоңышқа) салған, содан 10–15 тонна шөп шабылды, сонымен қатар тасты жерлерденде шалғымен қосымша шөп шабылады. Техникадан 3 машина, екі трактор екі жеңіл машина бар. Қытайда жер бөлу, мал бөлу реформасы әубасында әділ жүрген, Қазақстандағыдай бір совхоздың малын 5–6 адам ие болып, басқаға дым татырмаған көзді бадырайтып қойып ұрлау бұларда болмаған [1].

Шынжаңда қазақ қойы тұқымынан 5 млн, Баспай қойынан 1,5 млн., 5 млн ешкі, түбітті ешкімен қосқанда 7 млн. ешкі бар. Төрт жануарлар тұқымы қазақ атына қойылған: қазақ жылқысы, қазақ сиыры, қазақ түйесі, қазақ ешкісі.

2010 ж. Шынжаңдағы Тарбағатай аймағы Толы аудандық орта мектебінің оқушылары Қуан мен Лазергүл қазақтың мақал – мәтелдері мен нақыл сөздерін бір ай бойы 150 м екі қатар қағазға жазып Гиннес кітабына кіргізген. Бұл қазақтың хуснихат-хаткерлік өнерін қайта жаңғыртып әлемге таныту болып табылады.

Хуснихат өнері Әл-Фараби, Қашқари, Дулатилерден бастап Абайға, Шәкәрімге, бергі Сұлтанмахмұтқа, Мағжанға дейін ұласады. XIX–XX ғг. бас кезіндегі қазақ оқығандарында «хұсни хат» әдісімен туған-туыстарына, сүйгендеріне хат жазу кең тараған. Қазақ тіліндегі сұлудың қасын суреттейтін « Қаламқас» сөзіде осы хуснихат өнерінен шыққан.

Ләм-әлиф – Ла илаhа илала сөзің
Я – ярым, қалай болар жауап сөзің
Мәт – қасың, тәштит – кірпік, сәкін – көзің.
Үтір мен асты-үсті жазу да бар,
Болуға асты-үсті көнсең өзің.

(Абай)

Қазақстанда Хұснихат өнері 1929 ж. дейін біршама дамып келді де, латын әліпбиіне өткен соң мүлдем жойылды. Қытай қазақтарында бұл өнер 1966–1976 жж. мәдени төңкеріс кезінде құрып кете жаздап, 1980 ж. бастап қайта түледі. Қазір бұл жақта Хуснихат өнерінің өркендеуінің 2-ші кезеңі басталды деуге болады. Әдемі хұснихат дәстүрлі ақындар айтысындада қолданылған. Ұлбике ақын Серәлі қожамен айтыста жұмбақ өлең айтып шешіп беруін ұсынады:

Әптиектің ішінде «пе» болады,
Қос ноқот қойса үстіне «те» болады.
Білгіш болсаң айта ғой, ей, Сереке,
Құс атасын сұраймын не болады?

Серәлі жауап бере алмай қиналып қалғанда, «Баян» – деп біреу сыбырлайды. Ақын тез түсіне қойып:

Ұлбике жақын отыр бері таян,
Тәңірдің жаратқаны маған аян,
Келі ақыл сен білмесең мен айтайын,
Құс атасы болады Шегірбаян.

Қағазға, шүберекке жазып орап ішіне қытай қолжазбаларын ораған бамбук ағашын салып орама жасап, Абай, Шоқан, Жамбыл Ахмет, Мұхтар, Мұхағали т.б. қайраткерлердің сөзін жазып қабырғаға ілу дәстүрі кең етек алған. Сондай-ақ Хуснихатты киіз үй, мазар, түйе, жылқы, қой, домбыра, ер-тұрман, тостаған, қамшы, т.б. дәстүрлі бұйымдар түрінде жасау кездеседі [1].

Экспедиция барысында Тарбағатай аймағының Қобық, Шиху аудандарынан басқа Шәуешек қаласын төрт ауданын аралап этнографиялық зерттеу жүргіздік.

Қазақ төбеті 1970 жылдардың аяғынан бастап Қазақстанда, 1966 жылдан бастап Қытайда мәдениет төңкерісі кезінде жоғала бастады. Қазақстанда біріншіден Ресейде, Кавказ республикаларында т.б. елдердегі сияқты ұлттық жан-жануарлар тұқымдарын қорғайтын, оны этномәдениеттің нысандары – деп қарастыратын ұйым болған жоқ, халықпен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан төрт түлік тұқымдары әлемдік стандарттарға келмейді – деп ет комбинаттарына өткізіп, қалғандарын жаппай будандастырып жатқанда, мыңдаған жылдар төрт түлікті өсіруде иесіне көмекші болған төбет жайына қалды. 1966 жылы Қытайда мәдениет төңкерісі кезінде төбет, тазы ит тұқымдары ескіліктің сарқыншағы – деп өсіртпеді, сонымен бірге Қытай елінің жаңа жыл мерекесі Шағанда ит сою дәстүріне сәйкес, қалайда қазақ итінің еті тәтті деген лақап көп тарайды, қытайлар ауылдан, қорадан ит қоймайтын болыпты. 2000 ж. бастап Қытайда қазақ интелегенция өкілдері, көнекөз ақсақалдар, ел басқарып жүрген азаматтар бірлесіп тұқымы құрып, мүлдем жоғалуға жақындаған қазақы төбет тұқымы жайында дабыл қаға бастайды. Дабылдың әсерінен біріншіден ел арасында төбет тұқымын іздеп – тауып, асыраушы отбасылар пайда бола бастайды, екіншіден Бейжиннің (Пекин) ауылшаруашылық ғылымдар академиясының ғалымдары қазақы төбетті зерттеуді қолға алады, нәтижесінде ғалымдар тибет төбеті мен қазақ төбетін, бойының биіктігі, салмағының ауырлығы, кеуде орамының үлкендігі, аяқтарының жуандығы, күштілігі т.б. белгілеріне қарап дүниежүзіндегі он алып иттің құрамына кіргізіп, патент алады. Әлемдегі 400 ит тұқымының үлкендігі жағынан есептелінетін неміс догы, француз сенбарнары, бульдог, боксер тұқымдарының алғашқы ондығының қатарына қазақ төбеті мен тибет төбетінің кіруі бұл істі бастаған қазақтың ұлтжанды азаматтары мен қытай ғалымдарының тізе қоса отырып бірін-бірі толықтырып жұмыс жүргізуінен еді. Соңынан Қытай компартиясының Іле-қазақ автономиялық облысының саяси бюросында «Қазақ төбет иті тұқымын жаңғырту, зерттеу, өсіру, заманға лайықты пайдалану» жөнінде қаулы қабылданады. Қаулыға сәйкес төбет ит өсіретін адам қаржының жартысын өзі шығарып, жартысын мемлекет көтеретін болады. Көпке дейін бұл жұмысқа ешкім батып бара қоймайды. 2010 жылы Алтай аймағынан Мамырбек Көпжасарұлы деген кәсіпкер жігіт қолына алыпты. Көптен бері ауданның атбегілер қоғамының бастығы болып істейтін 35 жасар Мамырбектің қалада «Ұлыс Орда» – атты мейрамханасы, 20 му жері, 60 жылқысы, 20 қойы, 20 сиыры бар, енді бұрынғы жұмыстарына қоса қазақы төбет өсіру базасының бастығы болады. Мамырбектің ит өсіретін жері Шіңгіл қаладан аулақ Арал ауылының Сартақтай деп аталатын жерде, таушықтың етегінде тіктөртбұрыш планды, аузында үлкен қақпасы, қырық клеткасы бар күйдірілген кірпіштен салыпты. Қырық қорада қырық ит бағылады, күшіктерімен қосқанда 60-тай төбет бар. Иттерді қайдан таптыңыздар деген сұраққа ауыл-ауылға, жайлау-күзеуге көктеуге дейін шығып, кім қазақы ит ертіп жүр деп сұрастырып бірнеше қаншық ит, одан соң еркектерін тауып ит сыншыларымен келісе отырып асыл тұқымдарын екшеп қаншығы мен арланын ылықтырып 3-ші жыл саны көбейіп жатыр – деп жауап берді ит бағушы. Әр қора 2,5х2,5 м. қоршалған, артында жылы үйшігі бар, күндіз иттер қорада да тұрады да, түнде жылы үйшігіне кіріп жатады. Қандай тамақ бересіздер дегенде?

Мейрамханаға сойылған малдың көбінесе өкпе-бауыры одан соң ұн көже қайнатып беріледі, күніне 3-рет тамақтанады. Аудандық мал шаруашылығының қызметкерлері жылына 3 рет келіп вакцина қояды, ішінде иттің құртын түсіретін дәрілерді арнайы қолданады. Оның сыртында Бейжиннен (Пекин) арнауы мамандар иттің қанын алып таза қанды ма, әлде бұзылып кеттіме деп қадағылап тұрады.

Себебі қазақ төбеті жер жүзінде 10 алып иттің қатарына кірген соң тұқым тазалығын сақтауы керек. Жыл сайын ит жарыстары өтіп тұрады. Жарыста салмағына, бойының биіктігіне, жүнінің ұзындығына, омырауының кеңдігіне, аузына, езуіне тісіне қарайды. Аяғы жуан, шымыр, жұмыр, тұяғы ұстаған нәрсені жібермейтін білеулі болу керек. Мамырбектің айтуынша ит базасын қора-қопсысын, ит бағушылар тұратын үйді барлық кешенді өзі салып, жартысын 50% пайызын мемлекет төлепті. Жылына мемлекет тарапынан 100 мың юань ақша беріліп тұрады. Мамырбектің жоспары бойынша келешекте иттердің санын 100-

ге жеткізіп, дәл жанынан қасқырлар ұстайтын питомник ашсам ба деген ойы бар, себебі қазақтар ертеде төбеттің айбынын арттырып, күшін нығайту үшін қасқырмен шағылыстырыпты сол әдісті іске асырсамба деп отыр.

Бұрын менің арғы аталарым табын-табын жылқы, мыңғыратып қой айдаған ата қонысым ғой, менің істеп жүргенім мынау Абылайханның түсіндей ит бағып – деп күлді.

Иттің бәрі қорада, Алтайдың аязы 20-дан асып тұр, шаңқ-шұңқ етіп үрген дауыстан құлақ тұнады. Өстіп тұрғанда басы қазандай, кеудесі арыстанның кеудесіндей, аяқтары шомбал, басқан ізі жолбарыстың ізіндей бойы тайыншадай, жалы аттың жалындай бізге құйрығын бұлғаңдатып бір төбет еркелей жақындады, енді байқадым қарды жарып иіскелегенбе, мұрынының үстінде шәугімдей кесек қары бар жетіп келді. Мамырбек айтып жатыр, бұл осындағы иттердің бәрінің атасы деуге болады, аты Шалбас, қысы-жазы бос қоя береміз келген адамға тиіспейді, нағыз маңтөбет.

Ит базасынан шығып 2 шақырым жүре беріп едік, алдымыздан үлкен бір джип шығып тоқтады, рульде 16–18 жасар жас бала, жанында түлкі тымақ, аяғында саптама, ұзын бойлы қапсағай денелі қария машинадан түстіде жанымыздағы Мамырбектің ит бағушы жігітін тани кетіп Салпаң құлақ көкала күшіктедіме? – деді.

– Иә күшіктеді үшінші күн болды бес күшік тапты – деді ит бағушы.

– Біреуін алам, соған бара жатырмын, қарғыбауын келінге беріп кетем жарайма? деп жатыр. Бізде түсіп амандастық. Біздің Қазақстаннан келгенімізді білген соң (Қытайда Қазақстаннан кім келседе жергілікті халық жөн сұрасып әңгімелескенді, үйіне шақырғанды өзіне борыш санайды).

– Құдайы қонақ екенсіңдер, мен кәзір күшік алам, үйге жүріңдер күшігімді сендердің үзеңгілеріңнен өткізіп алайын қонақ болыңдар – деп бәйек болды. (Қазақта белгілі адамның үзеңгісінен қырқынан шыққан сәбиді, иттің күшігін өткізіп алу ғұрпы бар – *А.Т.).* Ақсақал біз ат мініп жүрген жоқпыз үзеңгіден өткізетін, уақытымызды тығыз десек. Жарайды үзеңгі деген ырым ғана ғой, бұттарыңнан, қолтықтарыңнан өткізсеңдерде болды. Қазақстаннан үлкен жерден келген қонақтың үзеңгісінен өткен күшік деп айтып жүргенге жақсы. Бүгін күшік алам – деп өзімде түнімен ұйқым келмей алағызып шығып ем. Ерғали ақсақал 1975 жылы 6 жасар Аютөс деп аталатын төбетін өзімен бір ауылда тұратын Юн Су деген қытайдың сойып жеп қойғанын, содан бермен төбетті қойып қорасына ит ныспысының бұйырмағанын айтып жатты. Біз ақсақалға күшігіңіз өсіп таутөбет болсын үйіңізге құт әкелсін – деген тілекпен қош айтыстық.

Барлық қазақ жеріндегідей, Қытай қазақтарындада ит жайында аңыз-әңгімелер көп. 1770 жылдары Сыр бойынан қазақтарды бастап келген Тауасар би, Жәнібек, Қуандық, Қожаберген, Қотырақ т.б. батырлар Ертісті өрлей, судың басын алмасақ бәрібір жер біздікі болмайды – деп, Ертістің салалары: Қыран, Бұлғын, Бала Ертіс, Қу Ертіс, Көк Ертістің бастарына дейін барған. Сол кезде Ер Жәнібек Бұлғын өзенінің басына найзасын шаншыпты деген сөз бар. 1756 ж. Жоңғарияны Қытай жер бетінен жоғалтсада қалған-құтқан қалмақтар тау тасты, орман-тоғайды бекініп алып, қазақтарды мейлінше жоғары жібермеуге тырысып, жолдарына тосқауыл қойған, қалмақтардан мергендер көп шыққан, жол-жөнекей көшіп келе жатқан қазақтарды жалғыз-жарымдап жайрататын мергендерді бір-бірлеп теріп отырып құрту қазақтарға оңай түспеген. Қазақтар жазда Алтайды жайлап, қытымыр қыста қар аз түсетін Ақдалаға, Құмылдың құмына қыстаған екі жердің арасы 200 шақырымдай. Аумалы-төкпелі заман, ел әлі жаңа жерге толық орнай қоймаған. Тауасар би қырда жүргенде жайлаудағы елге хабар беру үшін Сарыала деген итінің қарғыбауына хат жазып байлап жібереді екен. Сөйтіп Сарыаламен хат берісіп, хат алысып тұрған, сонда Сарыала бір күнде 400 шақырым жол жүріп отырған.

Алтайда XIX ғ. аяғында өмір сүрген Қалшеке байдың көп жылқысы суға түскенде кішігірім су құрып қалған, байдың атақты Көкала айғыры, Қарабурасы, Көкжасыл атты төбеті болыпты. Жылқысын Көкала айғыр, түйесін Қарабура, қойын Көкжасыл күзетіпті. Көкжасыл деген иті отаудың оң жағында жатады екен, оған құрт езіп беріпті, себебі басқа тамақ ішпейтін көрінеді. Кешке жақын құрт езіп берсе ішіп алып қора-жайды күзетуге үйден

шығып кетеді екен. Түнде қораға келген қасқыр болса өлтіріп тастап үйге кіріп оң жағында өз орнына жатқан. Жылқышылар жылқыны күзеткенде қайыңтозға от қойып ағаштың басына шошайтып қояды сол күні жылқышыларға бір қонақ қонады да соған тамақ беріп отырып айналып қалған жылқышылар табынға келсе жылқы үркіп қарағайдың жанындағы алаңқайға шығыпты. Төменде сайдан бір жылқының шыңғырған дауысы шығады. Таңертең барса Көкала айғыр аюмен таласып, аю көкала айғырды жұлып, Көкала айғыр аюды жұлып, екеуіде қансырап, аю жарасын ауырсынып суға жата қалыпты, Көкала айғыр сенделіп тұрыпты. Суда жатқан аюды жылқышылар соғып алады, Көкала айғыр сөйтіп табынды аюға бермей өліпті.

Ол кезде түйені жонға айдап тастап, анда-санда бір қарап тұрады екен. Түнде түйеге аю келіпті, табынын қорғаған семіз Қарабура аюмен алысып, бір жарға келгенде аю жардан секіріп өтіп кетеді де, аюдың артынан қуған етісеміз секіре алмай Қарабура жарға жығылып, шалқасынан түсіп өліпті.

Көкжасыл ит отаудың оң жағына жатып ап келген қонақтардың қамшысына қарайды екен. (Қазақ әдетінде қонақ қамшысын босағаға қыстырып, содан соң төрге шығатын. Келген адам үй иесіне зілмен, жағымсыз ниетпен келсе қамшысымен төрге бірақ шығатын. – *АТ.*) Көкжасыл алжыпты. Сонда бай айтыпты:

– Е,е,е Көкжасыл! Қарабурада өлді, Көкала айғырда өлді, е,е,е сенде алжыдың ғой, енді өлетін уақытың болды депті. Сол күні Көкжасыл әдеттегідей құртын ішіп алып шығып кетеді. Таңертең қараса қотанға бір қасқыр келген екен. Көкала қасқырды тамақтан алып, қасқыр Көкжасылды тамақтан алып екеуі де апалас-төпелес өліпті. Содан Қалшекеден байлық қайтып, кедей болыпты.

– Қазаққа өмір бойы көз бен құлақ болған төбет түнде мал күзетінде ерекше, күзетте 20 адамнан бір ит артық деп жатады халық. Адам баласы қанша сақ болсада, ұйқыға шыдамайтын кездері болады. Ит қасқырдың, ұрының иісін әудей жерден біледі, қорашыл төбеттер түнде төбеге барып барлығын байқап жатады.

Тарбағатай аймағының Жайыр деген жерінде Жұмақасым деген кісінің ақтөс қара иті ерекше жуан үлкендігі тайыншадай төбет болыпты. Төбеттің бір ерекшелігі албаты адамға үрмейді, малға, қораға келген жүрісі бейсауат адамдарға үріп ғана қоймай аттың үстінен жұлып алған. Бірақ жұлып алған адамын жараламайды, тіпті тісін тигізбеген, екі аяғымен кеудесін басып отырады, адам қимылдаса болды, тісін арситып ырылдайды. Бір адам қораға түспекші болғанда атынан аударып ап басып тұрыпты. Иесі шығып нағып жүрсің, неғылған адамсың дегенде, шынын айтыпты. Жұмақасым шынын айтқан соң мақұл енді бұдан кейін ұрлыққа түссең мен айырмаймын, осы күйінде қаласың – деген екен. Екінші бір адам қораның маңына келген уақта төбет аттың үстінен тағыда жұлып алып кеудесін басып тұрса, Жұмақасымның баласы шығып: Қораға мал ұрлауға келдіңбе десе? Ойбай балам-ай, жоқ қараған едім, Шәуешектенбін, итіңе айтшы босатсын – деп, жан дауысы шығыпты. Балаға риза болғаны сонша, қалтасындағы бәкісін беріп кетіпті .

Төбеттің тағы бір ерекшелігі, иттерді кеудесімен бір соғып домалатып жіберіп, қайтіп ол иттер оған беттемейді екен, жаңағылардың тамақтарын тартып жеп жүре беріпті. Көш-жөнекей ауылдың иттерінің бәрін қыран жапқандай қылып жүргенде бір адамның күші жетпейтінін білген 3–4 жігіт бірлесіп қолдарына сойыл алып, төбетті сойылдап ұрып жығып, иттеріне талатады. Дәл сол кезде Жұмақасым ауылдың және бір адамы бар үстерінен түсіпті. Жұмақасым куәсі бар, сақшыға арызданып итті ұрғандарды 10 күн қаматып, төбеттің пайдасына 1 еркек қой төлем алдырып, қойды сойып әлсіреп қалған итін сорпалатыпты. Бұл оқиға 1978 ж. болыпты. Жұмақасымның сот үстіндегі сөздерін әлі күнге дейін ел жыр қылып айтады. 30 жыл қой баққанда менің бір қойым жоғалды – дегенді естігендерің бар ма? Шілденің шіліңгір ыстығынанда, қаңтардың қақаған аязындада қорама күзет жасамаймын, таң атқанша осы төбет қораны айналып жүреді. Таңертең таң сәріден қоймен бірге кетеді, кеш бата келеді, отарды осы бағады. Заты ит бірақ, іс жүзінде мыналардан артық еді» – депті.

Неке. Қазақтың бұрынғы әдетіндей ата-ана құдандаласып некелесетін салт сирек. Қалың мал бұрын он қара, отыз қара, елу қара, жүз қара соңы 200 байтал дейтіндер мүлдем қалған, бірақ бәрі ақшаға бағаланады. Қазіргі уақытта қалың малдың шамасы орта есептеп 40-50 мың юань (Бір юань – 25 теңге 2013 ж.). Бұдан басқа той малына әркім шамасына қарай бірер бас ұсақ, немесе ірі-қара апарады. Кейбір ауқатты адамдар қызын ұзатқанда машина мінгізіп жіберетіндеріде болады. Қызды алуға барғанда тағы 5–10 мың юань алып баратындар болады. Ертеде келіннің бетін ашқанда кішкене бақырға май ерітіп, от жағып жаңағы майдан беташар адам оң қолымен отқа май тамызады. Май тамызып болған соң келін бисмиллә! – деп шай құйып оң жақтан бастап (қазан жақтан) үлкендерге шай ұсына бастайды. Соңғы кезде ауқатты адамдар Қазақстаннан той басқарушы алғызып, беташар айтқанда кім-көрінгенге бір сәлем деп ұзақ жырлап тұрып алады – дейді информаторлар. Беташар он-ақ ауыз өлең ғана, алдымен қарашаңыраққа бір сәлем, атасына, анасына, ағасына, абыстайына сәлем. Қазақстаннан келген той басқарушы алдымен ананы айтып, мынаны айтып мылжыңдап тұрып алдыда, екі құданы шақырып алып, алдымен белбеулеріңді ауыстырыңдар деді, белбеулерін ауыстырып болған соң нағыз шын құда болсаңдар шалбарларыңды ауыстырыңдар деді. Екі құда да бұл «салттан» бас тартты. Тағыда аузына келгенін айтып, біруақытта қалыңдыққа күйеуіңнің бетінен сүй, күйеуің сенің аузыңдағы кәмпитті тілімен алсын – деп тұрып алған соң жастар емеспе, айтқандарын істеді. Той аяқталар тұста той иесіне 10–15 м. ақ мата алғызған екен күйеу мен қалыңдық бастап «ақжол жүрсін», сендер соңынан еріңдер бәрімізді сапқа тұрғызып тізіп шығарды. Ол заманда бұл заман қазақтың неке қияр салты бәрі бірдей емеспе, біздің Қазақстанда үйлену тойы осылай өтеді – деп тағы біраз ақыл үйретті. «Қазақ қойдан жуас» - деген емеспе той үстінде ештеңе дей алғамыз жоқ. Бірақ осы тамаданікі барып тұрған өтірік, қазаққа жат ойдан шығарылған – деді бір қария [1]

Тарбағатай қазақтарында ежелден (керейлерде) қыз ұзатылып кетерде қыздың әдемі жеңгесі және екі құрбы қыздары елді аралап, ат аяғы жететін жерлердегі туған-туыстарын тойға шақырады, жатжұрттық болып барам – деп елді үлкен бәйбішесімен көрісіп, сол кісіден бата алады. Той жасаған кезде қазақтың басқа жерлерінен өзгешелігі ауыл жігіттерінің ұзатылатын қызға айтатын өлеңін сарын дейді. Киіз үйдің жартысын ашып тастап, қыз келіншектер қызды шәлімен (салымен) жауып қойып, орталарына алып отырып, сыңсыма айтады, жігіттер үйдің сыртында атқа мініп тұрып сарын айтады.

Қыздың айтатыны: Елім-ау, қош-аман бол жұртым-ау – деп келеді.

Жігіттер сарыны: Сарынның басы сараптай үкі
Жамылған едің манатай үкі-ау
Жылама қарғам жылама-ау,
Қарғам бұрымға салған санатай үкі

(Қазір осыны жар-жар деп жүр, шын мәнінде бұл сарын – дейді информатор).

Ертеде Сәуетай, Қарсыбай, Ыдырыс деген ақындар болыпты, соларды ел ат жіберіп беташар айтсын, сарын айтсын деп алдыртқан. Сарын айтылып болған соң қызды дайындап қойған атына мінгізіп, бір жездесі аттың артына мініп қыздың белінен құшақтап отырып, ауылдан аулағырақ апарып көшке қосадыда өзі қайтады, қыз өз атымен көш алдында кете барады. Күйеу бала ол кезде ата-енесінің үйінде қалады, біраздан соң бір тәуір киімін босағаға іліп ата-енесіне, мен тағыда келем: Аман-болыңыздар. Екі жағымыздың берекеынтымағымыз бөлінбесін. Өрісте малымыз, төсекте мәңгілік басымыз қосылып тұратын болсын, рахмет – деп атына мініп кетеді. Қыз келгенде арнаулы отау тігіп қояды, не қара шаңыраққа түсіреді. Алдынан жеңгелері шығып, әлгі қыз мініп келген атты өздері мініп алып, ауылды айнала жүріп келін келді – деп хабар береді. Ауыл-аймақ болып сол жерде жиналып: Бісміллә – деп әуелі құдай,

Ақ босағаң мықты болсын,
Ақ некең баянды болсын
Ақ некең құтты болсын - деп ақ босағаға отырғызады.

Қазақ халқы болашақ ана, үйдің тұтқасы – деп қыз балаларды ерекше қадірлеген, «қызды сақта, тұзды сақта», «қызға қырық үйден тию», – дейді халық даналығы. Алла қыздарды жаратқанда оған өзіндік пәктік белгі перде қыздықты да қоса жаратқан, мұны «қыздың ар-ожданы», «бет-моншағы» – деп бағалаған. Адам сыншылары қыз баланы бір көргенде-ақ абұйыры ашылмаған абройлы қыз екен, е, мынау бет-моншағы сыпырылған, етегі ашылған қыз ғой, десе, кейбір сыншылар мынасы қатын ғой, жүзқараның, жүзінен көрініп тұр емеспе – деп тура айтып салған. Сол себепті абуйырынан айырылып, қарабет болады – деп қыздарды жайдақ атқа мінгізбеген.

Ақ ат мініп, біз атқа жеттім әке

Көп көргенің мен болсам кеттім, әке – деп ұзатылып бара жатқан қыздардың сыңсуында айтылады. Балалар тілі шығып, енді-енді малдың түр-түсімен таныса бастағанда «ақ ат», «қара ат», «ақ құлын», «қара құлын» – деген сияқты сөздерді айтып түстерді айыра бастайды. Қыз баланы кішкентайынан атқа қондырғанда өмірдің гүлі, жаны пәк – деп ақбоз жылқыларға мінгізе бастайды, сол кезде «ақ атқа міндім» деп шаттанады, әйтпесе қазақ «ақ ат» – деп айтпайды боз, ақбоз, боз жорға т.с.с. – дейді. Сондықтан қыздың «ақ ат» – дегені кішкене кезін «боз ат» – дегені «бойжеткен болдым» – дегенінің тұспалы.

Белгісі той қылғанның отау жабар

Қиқу сап балалар атқа шабар

(Келін түсіргенде отау тігіп, бәйге шаптырған үй туралы жырдан.)

Қойбағар батыр бір жолы Тарбағатай еліне жылқы алмаққа жорыққа шығып күндіз тауда бекініп, елді-жерді бақылап жатады, әр нәрсеге құлақ түреді. Алғашында көкектің көкектеген дауысы естілгендей болады. Оған батыр елеңдей қоймайды, артынан көкекпен қоса ыңылдаған нәзік адам дауысы естілгендей болады. Әбден құс пен аңның, түрлі жануар мен мақұлықтардың дауысын жазбай танитын батыр құлағын елеңдеп тыңдаса, көкек пен қосарлана ән салып тұрған әйел баланың дауысы екен, анда-санда зарлап жылапта алады:

Алты ағаның тұсында

Ардақтының өзі едім, көкек!

Бес жеңгенің тұсында

Оймақтының өзі едім, көкек,

Бұрымым – биттің ұясы, көкек!

Жүргенім таудың қиясы, көкек!

Табаным тасқа тілінді көкек!

Жетімдігім білінді көкек!

Тұзаққа мойным ілінді, көкек!

Сасан бидің ауылында көкек!

Тұзаққа мойным ілінді көкек!

Ақымбет-Сыбан еледі-ау көкек!

Қандығатай жер еді-ау көкек!

Біреуі іздеп келмеді-ау көкек.

Қыздың дауысын естіген Қойбағардың ашуы терісіне симайды, бірі қыздың аянышты халі болса, екіншісі өз елінің қызы. Екі серігіне белгі беріп тығылып жатқан жерлерінен қыздың жанына келіп жөн сұрасады. Қыздың аты Нұрғайша жасы 15-те Сыбанның – Байкөбек атасынан, әкесінің аты Маралды, алты ағасы сүзектен өлген, жеңгелері әменгерлікпен тұрмысқа шығып әр жаққа кеткен. Жалғыз қалған 12 жасар Нұрғайшаны бір бай ағайыны асырап алып, 15-те қалыңмалын жақсылап берген Байжігіт елінің ауылына байға тоқалдыққа берген. Келген бетте байдың долы бәйбішесі Нұрғайшаға күн көрсетпей қозы бақтырып қойған. Жай кездің өзінде бет-жүзге қарамайтын батыр, қынынан ұстарасын алып, қыздың биттеп кеткен шашын сыпырып тастайды. Алған шашты жинатып бір шүберекке түйдіреді, серігінің саусағын қанатып жіберіп әлгі шүберекке Сасан биге арабша хат жазады:

– Құрметті Сасан би, біз қызымызды күндікке емес, елдікке бергеміз. Басынан шашы садақа шашы сіздерде қалсын. Біз қызымызды алып қайттық, тұрысатын жеріңізді, дауласатын күніңізді айт.

Сәлемнен Сыбанның батыры Қойбағар Тауасарұлы.

Еліне келген соң Қойбағар Нұрғайшаны бала ғып 2-жылдай бағып, кейін бір жақсы жермен құдандаласып ұзатады. Сол қыздың ұрпақтары кәзір Аягөз жақта тұрады деп естиміз дейді информатор.

Ел арасынан, қыз көріп, баласына қалыңдық іздеп жүрген әкесі қызды ұнатса, әкесінің үйіне қымбат сәнді қамшысын төріне іліп кетеді.

Шынжаң қазақтарында үйдің төріндегі түскиізге қамшыны шалқасынан жатқызып, айқара ашып қойып ілсе, бұл үйдің бойжеткен қызының басы бос, құда түсілмеген, айттырылмаған – деген мағынаны білдіреді. Егер қамшы бүгіліп ілініп тұрса, басы бос емес қыз, айттырылған қыз – дегенді көрсетеді.

Үйде отырып жүкті болған қызды қазақ әдетінде жазалау. 1953 жылы бір байдың қызы үйінде отырып ұятты болып қалады. Бай қойын жайып жүрген қойшысынан күмәнданады, қойшысы мінін мойындап былай – деп жауап беріпті:

Жатыр едім жантайып,
Жабағы тоным қампайып,
Қызыңның өзі болмады талтайып – дейді.

Жігітті керегеге таңып қойып, қызды не істеу керек дегенде ауыл үлкендерінің айтуы бойынша үстінен қой айдап өту керек деп шешеді. Қыздың тәнін көрсетпеу үшін жерді азғана тереңдікте қазып, қызды отырғызып, бір табын қойды үстінен айдайды. Информаторлардың айтуынша әйел адам омырауын көбірек қорғайды екен. Екі омырауын екі қолымен баса берді, маңынан қой-ешкі өтіп жатты, қызды басып кеткен жоқ. Соңында жігітті алдырып, қыздың киімін кигізіп екеуін бір атқа мінгестіріп қоя берді. Артынан естідім екеуі сол кеткеннен көрші елге өтіп, сол жерде отау тігіп, үйлі-баранды балалы-шағалы болды деп. Соңынан бірнеше кісі жұмыспен Үрімші жаққа барғанда, жолай кездесіп сол үйде қонақ болыпты.

Қыз – келіншектердің бас киімдері: Қыз – күнінде үйде жүргенде төбетай, атқа мінгенде бөрік, келіншек болғанда сәукеле, бірінші баланы туған күні қасаба – шылауыш киеді, қасаба шылауышты 40 – жастан – 49 жасқа дейін яғни баладан тоқтағанға дейін қызыл-жасылды шылауыш киеді. 49 – жастан кейін бала көтеруі тоқтаған соң әйел кәртейеді, енді қызыл-жасылды емес, қызылын аздау қып, жасылын көбейтіңкіреп киеді. 60-қа толған соң қызылды-жасылдың бәрін тастайды, тек сырып-сырып ғана аппақ қып киеді, мұны кимешек шылауыш дейді. 30-дан мол асқан әйелдерді сарышап шақа қатын – депте айтады.

Балаларға байланысты ойындар мен салттар. Жыланқияқ – деген шөптің тамыры томар болады томары үлкендерін айғыр, одан кішілерін бие, тай, ұсақтарын құлын қылып ер балалар ойнайды. Тобылғыдан талдың шыбығынан ат қылып мініп ойнайды, ойнаған уақытында су диірмен жасап, жіліктен шүмек жасайды. Сайып келгенде ер балаға жылқы бағу, ат міну, көкпар, қой бағу, сиыр бағу, түйе бағу, диірмен тарту сияқты нәрселерді үйретеді. Қыз балаларға қуыршақ бесік, кесте, ине, жіп, айна, тарақ айтпай-ақ береді, келешекте қыз баланың ана болатындығы, бесік бөлем, бала тәрбиелейтіндігі, киім тігуде, қажет екендігі көрінеді. Осындай ұлттық ойындар мен қимылдар арқылы қыз балаға өзінің ана болатындығы, ер балаға ат жалын тартып мініп, отбасына қорған ата болатындығы саналарына сіңіріледі. Көк шөпті жұлма, көктей орыласың, торғайдың жұмыртқасын шақпа бетің секпіл болып қалады. Мұның себептері экологиялық ортаны қорғау.

Қазақ халқы табиғат аясында өмір сүргендіктен қоршаған ортаны, жер-ананы, аққан суды, жүрген аңды, ұшқан құсты қадірлеп бет алды тиіспеген. Балаларға кішкентайынан құстың ұясын бұзғызбаған, жұмыртқаларын жарғызбаған, өзіне тигізбеген. Егерде біреу торғайдың ұясын бұзса, балапанына тиіссе:

Торғай, торғай атым бар,
Бір жапырақ етім бар,

Әкең тауға кеткенде,
Шешең өліп жетім қал» - деп қарғайды - деп өсиет айтқан.

Болашақта бала жылқы ұстайтын атпаз, малсақ, шаруақор болсын – деп «шідерге сигізу» ғұрпын айтуға болады, мұндай әдет Қытай қазақтарында әлі күнге дейін әрәдік орындалады. 4–5–6 жасқа толған балаға ауыл ақсақалдары жиналып, «Атың жетегіңде болсын, шідерлі болсын, малдың шетіне шық, мал қайыр, шаруашыл бол» – тілек айтып бата береді, аттың шідерін алдына тастап, сигізеді, енді «бала шідерлігінен босады», «шідердің тиегі – ағытылды» – деп жатады. Бата берген үлкен адамға орамал, шыт сияқты жоралғылар береді, шай жасалып тамақ ішіледі. Кей үйлерде Бәленбай бабамның, түгенбай ұлдың «шідері ағытылған» - деп көне шідерлерді қасиеттеп сақтайды. Шідерге симеген балаларды халық «шідерге симеген», «жолы ашылмаған» – деп әжуалайды.

Халық рәсімінде тобыққа байланысты екі нәрсе бар, бірі «тобық жуту», екіншісі «тобық сақтау». «Тобық жұту» – ғұрпы жеткіншек қыз, бозбалалар арасында 13–14 жастарда ойналады. Тобыққа қоян тобығы таңдап алынады, жұтуға ыңғайлы кішкене домалақ келеді, ойынның мәні тобық жұту арқылы тобық «адам мүшесінің бір жерінен бұлтиып шығады» - мыс, соған қарап жастардың алғы өмірі болжанады. Жұтар кезде мынадай тілектерді жұтатын жас тақпақтап айтады:

Шешен болсам таңдайымнан шық
Бақытты болсам маңдайымнан шық.
Батыр болсам жүрегімнен шық
Балуан болсам білегімнен шық
Шебер болсам қолымнан шық
Жүйрік болсам табанымнан шық
Мерген болсам көзімнен шық
Ұста болсам төсімнен шық.

Кейін жастар есейіп үлкейгенде денесінде бұлтыйып шыққан бір нәрсені көргенде «жұтқан тобығым» ғой – деп ырымдайды. Білегімнен шықты күшті болып жүргенім сол ғой – деп жатады.

Қазақ арасында «түйенің тобығын жұтқан» – деген әңгімелер әр жерде кездеседі. Түйені ұрлап сойып алған адамның жұртынан тобығын тауып алған иесінің, биге жүгінісіне келгенде, ұрының тобықты жұтып қойып, айғақсыз қалдырып, құтылып кеткені жайында әңгімеленеді.

«Тобық сақтау» – адамды ұмытпауға, есте сақтауға, зерделілігіне тәрбиелейтін ойын. Екі адам бірін-бірі ұмытпастай, еске алып жүрейік – деп серттесіп тобық беріседі. Ертеде бір қыз бен жігіт бірін-бірі жақсы көрседе, әке-шешелерінің құдандаласқан жерлері бар қосыла алмапты. Арада көптеген жылдар өтіп жігіт орта жастан асқан үйлі-баранды немересі бар, жолаушылап келе жатып бір көшке кезігеді. Жөн сұраса, бұл Балғын апайдың көші депті, ол кім десе ауылдың басы да, биі де осы кісі – дейді. Балғын – қай елдікі десе елі молқы, жері Шіңгілден, біздің елге келін болып түскен – дегенде жігіт шауып отырып барса Балғын жанында, бірнеше ақсақал-қарасақал, жақсы-жайсаңдар бар сән-салтанатпен кетіп бара жатады. Жігіт жете беріп Балғын тобығын қайда – дегенде, тобығым міне деп жеңінен шығарып берген екен – деп аңыз қылады. Жалпы тобықты көп уақытқа ойнайды. Айлап-жылдап созылады, көбінесе ауылдастар күнде көріп жүргендер ойнайды. Кез келген уақытта, «Тобығым кәне» дегенде денесінің бір жерінен жеңінен, қалтасынан, балағынан т.б. жерлерінен шығарып берген, басқа жерден алса жеңілу боп табылады.

Батыршылдық дәстүрі. Хасен деген ерекше қамшыгер адам болыпты. Адамға шабатын бураларды маңдайдан салғанда сеспей қатыратын, аттылы кісіні ұрғанда ат-матымен құлатқан. Қамшысының ұшында қорғасын бар, сабының ішінде темір өзек салған – деп ел әр саққа жүгіртіп әртүрлі әңгімелейді екен. Мұның қамшысында не сыр бар деп байлар ұрлатып алдырып, өрімін талдап ашса ешнәрсе, жоқ, кәдімгі қамшы. Қамшыңызды бәлендей еш нәрсе жоқ, тарап ашқанымызға ат-шапан айыбымыз бар – деп мән-жайын сұрағанда: - Мәселе

қамшының өрімінде емес, тартуда, бас бармақпен басып тұрып тартқанда, төрт елі ұшы ғана тию керек, сондықтан қолдың қарулылығы мен жаттығуында – депті.

Атыңның құны үш бесті. Жолаушылап келе жатқан адам жолшыбай бір үйге келіп қонады. Құдайы қонақ екесің деп үй иесі әбден күтіп, жатарда атын тұсап үйдің маңына қоя береді. Таңертең қонақ тұрып атын іздесе, қасқыр жеп қойған екен. Жаяу қалған қонақ Сасан биге келіп, жағдайын айтады. Би мән-жайдың қанығына жетіп мынадай үкім шығарыпты:

Атыңның құны үш бесті,

Бірінші бестіні даланың бөрісі төлейді,

Екінші бестіні өзің төлейсің,

Үшінші бестіні үй иесі төлейді.

Бұл биліктің мәні қалай дегенде: бірінші атыңды жеген қасқырды соғып ал, сонда құны қайтады. Екіншіден өзіңде мінген атыңа сақ болу керек еді. Үшіншіден үй иесі кінәлі, келген қонақтың атына өз малындай қарау керек еді. Сасан би үш жақтыда кінәлай келе, соңында басына-бас атты үй иесі төлейтін болып шығатынан, бірден үй иесіне аудармай ептілікпен шешкен.

Қали қамшыгер мен Мұхамади сойылшы. Тарбағатайдың Майлыжайыр жерінде Ысқақ үкірдайдың тұсында (болыс деген мағынада – *А.Т.*) бір ұрыста қырық кісіні қамшымен түсіріп, 40 атты айдап әкелген атышулы Қали деген қамшыгер болыпты, жасы 30-да төртбақ, қызыл шырайлы жігіт ағасы. Бірде Ысқақ үндірдайдың бурасы бірнеше жігітпен келе жатқан Қалиға шабады. Сонда Қали:

Иесі кісі жегіштің

Бурасы кісі жейме – деп маңдайдан тартып жібергенде, бура сеспей қатыпты. Үкірдайды кісі жегіш дегені, ақырзаман пара алғыш болыпты.

Мұхамади сойылшының үлкендігі сондай, әдетте жай кісілерге 7–8 қозыдан сеңсең ішік шықса, оған 12 қозыдан тігіпті. Бірде іңір үйіріле бастағанда екі кісі жолда қарама-қарсы кездесіп, біреуі сойыл сілтеп, екіншісі қамшымен осып бара жатып, екеуіде арттарына бұрылып қарап:

Мұхамади: Қалимысың,

Қали: Мұхамадисыңба – деген екен.

Таңбалық-Жаманөткел Алакөлдің ең жіңішкерген жері, Тоқтыбай – деген барымташы сол жерді белгілеу үшін шыбық шаншады, көргендердің айтуынша сол шыбық өсіп-өніп бірталай терек болып кеткен, казіргі Ақтоғайдың аржағында Қарақұм деген жерде. Барымташылар Алакөлді жағалап Жаманөткелмен өтіп Шағантоғайдың (Қытай Тарбағатайы) аяқ жағынан шығады, оны екі жақтың еліде Ұрыжолы деп атаған. Бір жолы Тоқтыбай бастаған екі барымташы Жаманөткелмен өтіп бара жатып, су аттың үзеңгілігінен келеді, қосарларына алған аттары шаршаған, сонда бір нән балық келе-көлденеңнен аттың асты-үстінен секіріп өтіп ұшып жүреді. Тоқтыбай аттың шылбырын балықтың желбезегінен өткізіп, аузынан күрмеп қояды, балық жүзіп ала жөнеледі, қалған екі барымташы біреуі Тоқтыбайдың атының құйрығынан, екіншісі оның атының құйрығынан ұстап алдарында балық сүйрелеп Алакөлден өтіп шығады-мыс. Сонда барымташылар «Жортуыл басы жолда қалды» – деп сол жерді Таңбалық (балыққа таңдандық) – деп атын қойған – дейді.

Әріптің өлеңі. Мағзұмбай Әріпке[3] аңшылық туралы өлең жазуға тапсырыс береді. Әріп аңшылықтың зияндығы туралы өлең жазады да, Мағзұм байдың сол кезде баласы өлген екен, жаназасына өлеңді ала келеді. Мағзұм бай өлеңді оқып: – Әттеген-ай, бұл өлеңді ертерек әкелсең баламды аңкөздіктен қойдырар едім ғой – деп өкініш білдіріпті.

Қоңыз батыр. Қоңыз батыр Найман-Байжігіт тегінен. Бала тоқтамай қойған соң, әйтеу жаны аман қалсын, қоңыз екеш, қоңызда жорғалап күн көреді ғой, қоңыздай жорғалап жүрсе де болады ғой деп ырымдап атын қойған. Қоңыз, Бор[4] батырлардың атағы 1864 жылдары

[3] Әріп Тәңірбергенов – атақты ақын, Абайдың замандасы, 1924 жылдары КССРО-ның Шәуешектегі консулы болған.

[4] Бор Шәуешек қамалын аларда Қабанбай батырдың ұлы Әділбектен Қабанбайдың туын алып ұрандап атын шақырып мусылмандар артынан еріп, қамалды алған.

Шынжаңдағы ұлт-азаттық соғысында аттары шыққан, жауларды қырып, Шынжаңды азат етерде он екі ұйғыр қытайлардың оқ-дәрісін таситын арбакеш екен. Он екісінде Қоңыз батыр күнбатысқа қаратып қойып қойша бауыздапты.

Бор батыр ұлты дүнген, жас кезінде ерекше қайсар болып туған. Балалық шағында мұсылманға пайдам тиер ме екен – деп түзгеннің[5] үстіне жалаңаш денесімен аунап, аттың шылбырын мойнына салып тұрып, байланған түзгенді жұлып алған. Сөйтсе жас шағында батырлығы тасып ішіне симай бара жатқан сәттері екен[6].

Жылқы бағуда ерлік. Шәкіжан әулиенің жылқышысы Тарбағатайдың борандарында, апталап ыққан жылқының соңынан айғырға мініп, ат үстінен түспей жүріп отырған. Аттан түсіп, демалуға болмайды, табыннан айырылады. Тамақтану керек, әйтпесе әлсіреп қалады. Қазының бірнешеуін айғырдың жалының астына байлап қойса үнемі жылы күйінде тұады, соны алып ат үстінде отырып жеп күш-қуатын сақтаған, кейде тонының жаңқалтасындағы құртты сорып талғажу қылады, сөйтіп ешқандай аш болмаған. Ұйқыға шыдамаған кезде ердің артындағы бөктеріншекке отырып, аяғын үзеңгіге салып, ерге ат көрпе төсеп, үстіне етпеттеп жатып, мызғып алған, айғыр табыннан қалмай ілесіп отырған. Өстіп жылқышы екі-үш күннен бір аптаға дейін демалыссыз, соққан боранда ат үстінен түспей, жылқыдан айырылмаған.

Найзагер Барақ. Кеңсебайдың жылқысын тобықтылар айдап кетеді. Солтабайдың Барағы Кеңесбайға сәлем берейін – деп келсе, Кеңесбай жаңа ғана көз алдымда жылқымды барымталап кетті – деп Бараққа айтады. Барақ қуғыншыларды түйемен қуыпты, себебі ат көтере алмайды екен. Астындағы желмаямен қуғыншыларды қуып жетіп жеңінен, кейде балағынан найзамен түйреп лақтырып отырыпты. Барақтың соңынан атпен шауып келе жатқан Кеңесбай барымташылардың өкшесін тіліп, тілікке қыл салып отырған, қыл салса жарасы бітпейді. Осы оқиғадан кейін тобықтылар 2–3 жылға дейін атқа міне алмапты [1].

Тәнтібайдың аюмен күресуі. Қымызға әбден тойып, есіріп алған Тәнтібай Майлыжайырдағы (Тарбағатай) қарағайдың ішіндегі алаңқайда аю бар дегенді естіп, мен аюмен күресемін депті. Денесін арқанмен орап жанындағы мергенді және ерген кісілерді шатқалдың үстіне қалдырып өзі төмен түсіп, апанға жетіп барады, аю апанынан шыға келгенде алыса кетеді. Аю Тәнтібайдың желкесінен алғанда, қайыс арқан сыдырылып кетіп, бас терісін маңдайына әкеліпті. Тәнтібай аюдың астында қалыпты, шатқалдың үстінде отырған мерген аузынан оқталатын білтелі мылтығымен атайын десе, бұрын мұндайды көрмеген, сасқалақтап Тәнтібайға тиеме деп оқ шығара алмапты. Біруақта аю сылқ етіп құлайды, сөйтсе Тәнтібай аюдың жүрегіне пышақ салған екен. Серіктері барса, Тәнтібай басын шытымен таңып алып, құнекерім бар деп аюдың жүрек майын жеп отыр дейді.

Салдар жарысы. Қазақ этномәдениетінде әлі күнге дейін толық зерттелінбей келе жатқан салдардың (ақын-эксцентрик) қоғамдағы орыны мен мәні, өнерінің әрсалалығы, жүріс-тұрысы киім-киісі т.с.с. Салдар десек бізге алдымен Біржан сал, Сегізсері, Ақан еске түседі, бұл белгілері ғана, ал XX ғ. 30 жылдарына дейін жеткен жүздеген салдардың өнерін қойып, аттарында білмейміз. Біздің сөз өткелі отырғанымыз палуан, мерген, мешкей, т.б. өнерпаздардың арасында жарыс болатыны сияқты салдардың арасындада жарыс өткен. XIX ғ. ортасында алты арыс Орта жүзде үлкен ас өтетін болып Көгедай гүң (хан) Жабағы төреге Шегебайды палуандыққа, Алшынбайды салдыққа дайындайсың – деп сауын айтады. Шегебай арғын, қыпшақ, мұңғыл найманның палуандарын жығып бас палуанның жүлдесін алады. Салдардың жарысында барлық салдар жарыстан шығып Найман мен Керейдің екі салы қалыпты, бұлар өзара 9 рет жарысқа түсіп бірін-бірі ала алмайды. Салдардың жарысында алдымен бет-бейнесіне, дене тұрпатына қарайды: басы тазба, көзі қисықпа, тісі түгелме, аяғы қисықпа, демі сасықпа, т.с.с., екінші оның байлығы: мал жаны т.с.с. Үшінші киім-кешегі, төртінші мінген аты, бесінші ер-тұрманы, алтыншы суырып-салма ақындағы, шешендігі, ең соңында төгіп – шашып тастайтын жомарттығына дейін жарыстырыпты,

[5] Түзген – Зайсан сексеуілі деген атпен ғылымға белгілі тікенді өсімдік, Тарбағатай, Зайсан өңірлерінде құмда өседі.

[6] Борды қытайлар қоршап тұрғанда, Қоңыз батыр атына мінгестіріп алып шығып кеткен.

себепті қазақта «батырдан ал, салдан қал» - деген тәмсіл бар. Сонымен Керейдің салы мен найманның салы сайысқанда киімдеріде ұқсас, атыда ұқсас, ер-тұрманыда ең аяғы көксауыр кебістерінде тепе-тең келіп жеңе алмайды, ең соңында ұлтарақтары қанша екен деп тексергенде найманның салынан 9 қабат батсайы ұлтарақ, керейдің салынан да 9 қабат налық шығыпты. Енді неден жарыстырамыз дегенде сал аңғал болу керек, бұлардың қайсысы аңғал соған жеңісті берейік деп келіседі төрешілер. Астың ең үлкен шырқау шегі аламан бәйге болады, аттар бәйгеге жақындағанда ел өз жылқыларын көтермелеуге-қарсы алуға, аттарына міне сап ұрандап шабады. Сол кезде бірінің ерін біріне ерттеп қояиық, сонда нағыз сал болса алдына келген атты мінедіде жүре береді, ал танып қоятын болса салдық емес. Сонымен бәйге келе жатыр деп ұран салып тура жөнелгенде найман жақтың салы атына мінейін деп жетіп барса өзінің аты емес, өзінің ер-тұрманы емес екенін танып атқа мінбей қояды. Керейдің салы атқа міне сап бәйгені тосып тұрған топқа барады. Міне нағыз сал деген осы сұңғыл – деп Алшынбайға ақ бас атан, ақ жамбы, тоғыз айдатқан екен. Салдардың өмірінен қызметінен бұл жаңа деректер, демек сал мәселесін түбегейлі зерттеуді қолға алу қажет.

Көріпкелдік Қамажан – деген көріпкел, бақсы адам болған. Қарамайдың жері құм, суы аз, жазда аптап ыстық. Бірде жандарында Қамажан бар, біртоп адам шілденің ыстығында Қарамайдың шөлін кесіп өтіп Алтайға бармақшы болып жолға шығады. Бірталай жүріп аңызғақ аптапқа шыдамаған жолаушылар Қамажанға:

– Мына ыстықта өлетін болдық ғой дегенде Қамажан қалтасынан кішкене қағаз алып бірдеңе жазады, Қызмет деген балаға жаңағы түстенген жердегі тұмадағы суға мына қағазды малып тұрып, суырып ал дейді. Бала тұмаға тауып барып, бұл қағазда қанша құдірет болсын – деп сеніңкіремей көбірек малып ұстап тұрғанда, құмда қалың нөсер жауып, жүргіншілер әбден суға малшынады. Балаға ұрсып келесі жолы қағазды аз малып ұста дегенде жаңбыр аттың сауырын ғана себелеп өтіпті.

Бір адам түнде ұрлық істесе таңертең сол адамды шақырып алып ұрыға тесіліп қарап отырып иесінің атын атамай түнде ұрлаған затыңды иесінің үйінің маңайына апарып таста немесе мен мынадай жерге белгі қоямын, сол жерге апарып қоясың дейді екен. Егерде ұрлықшы кінәсін мойнына алмай бетпақтанса, ол кісі домаланып орнынан тұра алмай қалған. Қамажан өзінің өлетінін күні бұрын сезіпті. Сүйегімді Қарабураға артып, Боранбайдың сауырынан қайқайтып қоя беріңдер, жүре-жүре бір жерге шөгеді, сол жерге қойыңдар – деп өсиет айтыпты. Түйе Өр Алтайдың (Өрештай) жолына барғанда шөгіпті, сол жерге сүйегін қойыпты, әзірге дейін Қамажанның сүйегі қойылған жер дейді. Ел өткен-кеткенде құран бағыштап зиарат етеді.

Қазақ пен қалмақ арақатынастары. Қалмақтардың кек алғыштығы. 1953 ж. Дөрбелжінде Қалқа деген қазақтың немересін Көне дейтін қалмақ у беріп өлтірді, сөйтсе Көненің әкесінің әкесін Қалқанның әкесі өлтірген екен. Көненің әкесі өлерінде ұлына өсиет етіпті Қалқанның өз ұлына, не немере ұлына осының біреуіне у бер. Қаракемер дейтін жерде көкпар тартып, көкпаршылар 11–12 адам бәрі шаршаған, шөлдеген, жапанда жалғыз отырған моңғолдың үйіне түседі, құрт қайнатып жатса керек. Моңғол әйелдері шапан киеді (шегеден деп атайды) екі жағына шыт тағып, шыныны (кесе) әкеп жуып, таққан шытымен сүртіп отырады, шыны ол кезде шыны тапшы 11–12 адамға бірнеше шынымен сабадан іркіт құйып айналдыра беріп отырады. Қалқаның баласы мұғалім еді. Ішпеске шара жоқ, ішті. Жарым сағат өткенде, әлгі жігіт ішім ауырып барады – деп дөңгеленіп жатып қалады, көп кешікпей-ақ өліп кетті. Бір топ адам сақшыға барып, сақшылар адамдарды айғақ-куәсімен ертіп Сағындық дейтін қазақ сотына барады. Сотта Көне Қалқанның әкесі менің әкемнің әкесін өлтірген, ел біледі, мен кек алдым деп турасын айтты, салтымызда мұндай нәрсеге құн жоқ – деді, ұлттық салтымызға құрмет ететіндерің рас болса, біз құн төлемейміз дейді. Сот Қалқанның баласын құнсыз қалдырды. Көнені тергеуден босатты.

Қалмақтардың өлген адамдарын көмбей далаға тастайтыны жайында. 1957 ж. Бойдақ (Пойда болуы мүмкін – *А.Т.*) – деген қалмақтың әйелі қайтыс болады. Ел жазғасалым жайлауда отырған Көбелі, Шолақбастау деген жерде отырғанбыз. Жел соқса ауылдың жанындағы қалың бүргеннен бір сасық иіс келеді, үйдегілерден бұл не иіс деп сұрасам. Асыл

шешем мен Жұмақасым ағам – Бойдақтың әйелі өліпті, қалың бүргенің ішінде жатыр соның иісі деді. Бала кезім, әр нәрсе таңсық емеспе, атқа мініп әдейі іздеп бардым, Бойдақтың әйелін киім-кешегімен қалың бүргеннің арасына тастай салыпты, ит жеп, құс шоқыған, үймелеген қалың көк шыбын, тек қалың қара шашы ұзыннан-ұзақ сол күйінде жатыр екен. Қалмақтар қазақтарша неге жерге көмбейді – деген ой келді. Ертеңінде күн бұлтты болды, біздің дөнежіннен беске шығатын сиырымыз бар еді, буаз болатын бошалап кетіпті. Базархан ағам Жұмақасымға әлгіні айтып еді, аттан түспестен мен қарап келейін деп шауып кетті. Іле-шала мен жеңгемнің ұзын көйлегін, салысын алдымда жолға шықтым, ойым сиыр іздеп кеткен ағамды қорқытпақшымын. Содан кешке сиырды іздеп кеткен ағам өлеңдетіп көңілді келе жатыр екен, шамасы сиырды тапқан сияқты. Үстімде ұзын әйелдің көйлегі, басымда салы қалың ағаштың тұсынан тұспа-тұспа өте бергенде:

– Бұзау көрдіңізбе, – дедім ағаштың арасынан шыға келіп сызылып.

– А-а-а деп ағам айғайлап, атты борбайға басып, шыбын-шіркей шауып жөнелді. Қас қарайып қалған. Бір шатақ болама, – деп іле-шала жетсем, Жұмақасым ағам; – Таңертең көшеміз, ертең көшпесек болмайды, – деп жатыр екен.

– Неге көшеміз, не боп қалды, – десе үйдегілер.

– Ой мына Бойдақтың қатынын, мына жерге тастаған екен, келе жатсам бір сайтан.

– Аға бұзау көрдіңізбе, – деді сызылып. Ертеңінде болмай көшіп кеттік. Мен шындықты айтсам өтірік айтып отырсың – деп айтқаныма сенбей қойды. Өле-өлгенше сенбей кетті. Кейіннен Қайыңды деген жерде Дәндік деген қалмақ қайтыс болды, оның мәйітін ақ киізге орап жартастың арасына қойыпты, оныда көрдім.

Табанбеттің қалмақтың жаңа жыл тойын болдырмауы. 1955 ж. көктемі болатын. Табанбет деген қалмақ болды, шын аты Даван тағы бірдеңе жалғауы бар, түсі ерекше қап-қара беті күс-күс жындыбас, қиқарлау сөйлейтін, көбіне халықтық өкімет басшыларын жаратпайтын. Қалмақтың жаңа-жылы – Цаган сар болатын күні екеумізді таңертең елең-алаңнан Бұрханды (қалмақтың құдайы) алып келуге жұмсады. 15 шақырым жердегі Құдай тұрған үйге екеуміз астымызда тың аттар, желе жортып жеттік, арнап тігілген киіз үй әдемі-ақ, іші еденнен бастап керегелеріне дейін кілем, төрде қызылды-жасылды жарқыраған құдай, сол жағында күмістелген ер-тұрман. Үйдің ортасында ашжаулық жасап, келе (қалмақтың молдасы) енді шайын ішкелі жатыр екен, дастарханы толы құрт, ірімшік, сарымай өрік, мейіз қалмақтар шайды үлкен шара кесеге толтырып құяды, бір кесек сарымайды бір-ақ сап ерітіп, сорпаша ішеді. Келе екеумізге екі кесе шай құйып, ішіне бір-бір кесек сарымай тастады да, өзі төрдің алдына құйрығымен отыра кетті. Мен шайды аузыма апара беріп, аңқидымда қалдым, келенің ұзын шапанының екі етегі екі жаққа кеткен бұтында ештеңе жоқ, сайманы салақтап, шайын терлеп-тепшіп ішіп отыр. Үлкен адамның бүйтіп отырғаны маған ең бір сорақы көрініс болды. Іштеңе аузыма салмадым, нәр татпадым, жүрегім айныды. Табанбет менің көңіл-күйімді сезе қойдыда – Ұялма, ішіп-жеп тойып ал! Біздің молдалар жас сәби сияқты, сендердікіндей үсті-басын тұмшаламайды – деп өзі асықпай тойғанынша ішіп-жеді, ең аяғында келеден болмай отырып бір кесе архи (сүттен жасалған арақ) сұрап алып, бірақ тартты. Артынан естісем қалмақтың дін жолына түскендері өле-өлгенше үйленбей өздерін бейкүнә ұстап, жалаңбұт жүретіні содан көрінеді. Құдайдың мінетін атын сетер ат дейді, оған ешкім мінбейді, кәртейіп өз ажалынан өледі, көбінде қалмақтар кәртейген атты өз ажалынан өліп қалады ит-құсқа жем болады деп қазақтарға силайтын, қазақтар еті күйі келмесе, жемдеп семіртіп сойып алатын еді. Келе киіз үйден екі қолымен құдайды тік көтеріп сылап-сипап шыққан кезде, мен қолымды ұсынып едім, маған бермей Табанбетке ұсынып еді, ол немқұрайлылықпен құдайды бір қолымен тоңқайта ұстап ерге жапсыра бергенде, келе Табанбетке әбден ұрысты. Табанбет келенің сөзін құлағына қыстырып тұрған жоқ, маған күлімсіреп көзін қысып қояды. Сетер атқа жарқ-жұрқ еткен күміс жүгенді жүгендеп, күміс ерді салып, үстіне құдайды артып жолға шықтық. Сетер ат су жорға екен, жетекке әбден үйренген, үстімде құдайды әкеле жатырмын деп жорғалағанда екі жағында екеуміздің аттарымыз әрең ілеседі. Ауылға жақындай бергенде Табанбет: Мен Цагаан-сарды тойлатпаймын деді. Қалай тойлатпайсың, сенің қолыңда емес ғой, өлкелік өкіметтің қаулысы

бар, сенен сұрамайды – дедім қалжыңдап тұрған шығар деп. – Казір көресің деді Табанбет сеніммен. Ол кезде Қытайдағы әр халықтың ұлттық мерекелерін өткізуге ерекше мән берілетін марксстік-лениндік ұлт саясаты – деп Маоның қағидасы желдей есіп тұрған. Тойға арнап ту сиыр, қойлар сойылғанын естігем. Жақындап келеміз. Ауылда қалмақ, қытай, қазақ, ұйғыр, сібе, солон т.б. елдердің ұлттық киім киген ұлттардың игі жақсылары мен өнерпаздары, өкімет басшылары мен өкілдері, халық көп жиналғанын көріп келеміз. Жақындап қалдық, әні-міне дегенше Табанбет маған бір қарады да жеңінен ұзын бізді шығардыда сетер аттың ту құйрығына тығып алды. Ат тіп-тік аспанға атылдыда, жерге екі аяғымен дік ете түскенде, сауыры артқы аяқтары жоғары көтеріліп, үстіндегі құдай ұшып кетіп, тасқа түсіп быт-шыты шықты. Табанбет екеуміз мөңкіген сетер атты тоқтата алмай әлекпіз. Қалмақтар жылап құдайларының сынықтарын жинауда. Атты әрең-пәрең тоқтатып байладық. Біруақта қарасам әлгілермен қосылып Табанбетте жылаған боп жүр. Сөйтіп жаңа жыл тойланбай қалды. Осы оқиға есіме түссе әлі күнге дейін ішек-сілем қатқанша күлем [1].

Қалмақтар, діншіл, ырымшыл халық ғой, сол жылы әсіресе үлкендері қатты қайғырды. «Жаңа жылды қалай қарсы алса, сол жыл солай өтеді» – деген тәмсіл бар екен. Оның үстіне құдайлары ат үстінен құлап шағылып қалды, Сетер атты басына бір салып қуып жібереді, оны қазақтар ұстап алып, сойып жейді.

Халық өлеңдерінен үзінділер

Жүйрік аттың құйрығын
Ішек қылған қобызым

Жын атасы Жирентай
Жол-құйрығын түйген тай

Айда бермен шұбарым
Нар күмістен тұмарым
Шұбарым менің келмесе
Тарқамайды құмарым

Торып жүрген торы атым
Шабуылшы сары атым
Айда бермен қара атым

Базардан алып келген сырлы ашамай
Батырлар өтіп кетті-ау көп жасамай

Қолымда бір қамшым бар айбалтадай
Батыл бол батыр болсаң Наймантайдай

Жер анасы мал баласы

Ат сүрінбей жер танымас

Көктемеде жылқы ойнар
Көбік қарда түлкі ойнар

Арық атқа қамшы үйір
Жыртық үйге тамшы үйір

Этнографтардың бір міндеті көне деректер арқылы, ескіден қалған есіл мәдениеттің жұрнақтарын сол күйі ғылымға жеткізу. Осы тұрғыдан алғанда этнографиялық сюжетті

әңгімелердің маңызы зор. Әубәкір Диваевтың еңбектері несімен құнды, XX ғ. басында көптеген этнографиялық аңыз-әфсаналарды сол күйінде, қаз-қалпында бір сөзін өзгертпестен жазып алып қалтыруында дер едік. Қазір, Ә. Диваевтың жазғандары қазақ фольклоры мен тарихи этнографиясының алтын қорына қосылды. Фольклорлық және тарихи әңгімелердің маңызы сол, оқушының, зерттеушінің өзі ой елегінен өткізіп, қорытынды жасауға итермелейді. Шетелдегі қазақтардың Қазақстанның қазақтарынан бір айырмашылығы, 1930 жылдардағы геноцидті, 1937–1938 жж. ұлт интеллегенциясы мен серкелерін таңдап отырып толықтай қырған нәубетті бастан кешірген жоқ. Ондай науқандар Қызыл империяның жол сілтеуімен өтті (Моңғолиядағы 1937 ж. дінбасылары мен ұлт зиялыларын ұстау, 1930 ж. аяғындағы Шыншысайдың Қытайдағы ел басылары мен діни, оқыған қайраткерлерді жаппай түрмеге қамауы және атуы, 1958 ж. коммуналастыру, 1966 ж. мәдени төңкеріс). Дегенмен, бұлардың бәрі 1930 жылдары 2,5 млн қазақты қырған қызыл империяның геноцидіне және ұлтты тарихи санасынан жұрдай қылған этноцидіне жете алған жоқ. Шетел қазақтары өзінің тарихи санасы мен жадын, ерлік-елдік дәстүрлерін сақтап қала алды. Сондықтан шетел қазақтарының көне көз қариялары мен сұңғыла сөз қадірін білетін кейуаналарынан мұндай деректерді жазып ала беру керек.

Деректер

1. АӨЖМ – 2013.

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАР ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ТУРАЛЫ

Үдербаев А.Ж.

Қазақстан-Британ техникалық университеті, Алматы

Қытайдағы қазақтардың тарихы, көші-қон мәселесі, салт-дәстүрі, әдебиеті, мәдени мұрасы, музыкасы т.б. мәселелер зерттеушілер тарапынан жан-жақты зерттеліп келеді. Мұндай зерттеулердің көлемі қазақ ғылымында өткен ғасырдың 90 жылдарынан бері қарай арта түсті.

Бұл тұрғыда Қытай еліндегі қазақтардың тілі лингвистердің да назарынан тыс қалған емес. Тіпті қытай немесе өзге де шетелдік тіл мамандарының Қытайдағы қазақ тілін, жекелеген мәселелерін зерттеп қарастырған еңбектері бар [1]. Бұл мақалада қазақ тіл білімінің диалектология саласындағы кейбір зерттеулерге тоқталғымыз келеді. Себебі Қытайдағы қазақтардың тіліне қатысты бұл ғалымдардың еңбектері бүгінде зерттеушілердің назарынан тыс қалып жатқандай.

Жалпы шетелдегі қазақтардың тілі қазақ диалектологиясы саласында 1960 жылдардың соңына қарай зерттеле бастады. Қазақ жерінен тыс өзге елдердегі қазақтардың тіл ерекшелігі орналасу аумағы, рулық құрамының жақындығы бойынша қазақ жеріндегі говорларымен (бүгінде *сөйленіс* деп аталады) бірге, белгілі бір сөйленістер тобының (батыс, оңтүстік, солтүстік-орталық, шығыс) құрамында қарастырылып зерттелді. Яғни, диалектологтер оларды бүгінгі күндегідей диаспора, ирредента тілі деп емес, қазақ тілінің сөйленістері ретінде, негізінен олардың тіліндегі лексикалық, фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерді дәстүрлі түрде зерттеумен шұғылданды.

Қытайдағы қазақтардың тіліне қатысты алғашқы зерттеуге белгілі диалектолог ғалым Ж. Болатовтың «Қазақ тілінің шығыс говорлар тобы және оның әдеби тілге қатысы» атты докторлық жұмысын [2] жатқызамыз. Бұл жұмыс қазақ диалектологиясында зерттелмеген, бүгінде ғалымның зерттеулері нәтижесінде өз шешімін тауып, қазақ тілі сөйленістерін топтастыруға, олардың шегарасын анықтап, тиісті тілдік (фонетикалық, лексика-семантикалық, грамматикалық) ерекшеліктерін жүйелеп, қазақ жерінің өзге өңірлерінен

ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындауға үлес қосқан, әрі *шығыс сөйленістері* деп негіздеп берген көлемді еңбек. Қазақ сөйленістері жеткілікті зерттелмеген кездері қазақ тілінің шығыс сөйленістерін зерттеу бір жағынан тіл тарихы мәселелерін тереңнен толғай қарастыруға, талдауға пайдалы болса, екінші жағынан, оның жалпы қазақ тіл біліміндегі диалектілердің шығуы, әдеби тілдің қалыптасуы, дамуы, тіл мен диалектілердің бір-біріне қатысы мен өзара бір-біріне әсері т.б. өзекті мәселелерді шешуге де берері мол еді.

Еңбекте шығыс сөйленістері бес топқа бөліп ажыратылады. Шығыс сөйленістер тобына – Аягөз, Өскемен, Қосағаш, Баян-Өлгий, Шынжаң сөйленістері кіреді. Мұндағы алғашқы екі сөйленістің (Аягөз бен Өскемен) қамтитыны Семей мен Шығыс Қазақстан облысын мекендеген қазақтардың тілі болса, Қосағаш сөйленісі Таулы Алтай автономиялық облысына қарайтын Қосағаш ауданы мен Усть-Кан ауданының Тұраты және Шарғы елді мекендерінде тұратын қазақтар тілі, Моңғолиядағы Баян-Өлгий, Қобда аймақтарында тұратын және Налайх көмір өндірісінде істейтін қазақтар тілі, Шынжаң сөйленісіне – Қытай Халық Республикасындағы қазақтар тілінің ерекшеліктері жатқызылған. Бұл топтау кейінгі зерттеулерге негіз болып, диалектологиялық еңбектерде шығыс сөйленістері бойынша ғалымның классификациясына сілтеме жасалады.

Еңбектің үлкен бір жаңалығы – бұрынғы жарияланған диалектологиялық деректерде, диалектілер мен сөйленістерді классификациялауда бұрын зерттелмеген Қазақстан аумағындағы Павлодар, Талдықорған, Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының өзге де аудандары, сонымен бірге қазіргі Ресей федерациясындағы Қосағаш, Алтай, Усть-Кан аудандары, Таулы Алтай автономиялы облысы, алыс шетелдер Моңғолия, Қытай елдеріндегі диаспора мен ирридента болып танылатын қазақтардың тіл ерекшелігінің қамтылуы болып табылады.

Әрі автор әр сөйленістің көршілес сөйленістен ерекшеленетін тұсын, өзіне ғана тән жергілікті лексика-фразеологиялық бірліктерді, фонетикалық құбылыстарды айқындайды. Мәселен, Моңғолиядағы Баян-Өлгий сөйленісінде қатар, аралас қоныстанған моңғол, қытай, тува, урианхай тілдерінен, Шынжаң сөйленісінде қытай (ханзу), ұйғыр, дұңған тілдерінен, Таулы Алтайда орыс пен алтай тілдерінен енген сөздердің қолданылуы, ондағы қазақ тіліне өзге тілдердің әсері сияқты әлеуметтік лингвистикаға қатысты факторлар ашық көрсетіледі. Демек, әр сөйленіс иелерінің тіліндегі құбылыстар қарастырылмас бұрын, ондағы тілдік жағдаятты, әдеби тіл мен сөйленістің, тіл мен тілдің әсері, қостілділік, жазу мәселесі сияқты әлеуметтік лингвистиканың зерттеу аясына енетін құбылыстарға шолу жасалып, сипатталынады. Сөйленістердің басын құрайтын *сиықты*-сияқты, *пысқан*-піскен, *шегу*-жегу, *көрім*-керім, *джінігу*-жаныгу сияқты негізгі фонетикалық, *албаты*-кез келген, кездейсоқ, *жосын*-әдет-ғұрып, *жоян*-зор, *мұқым*-бүкіл, *тартпа*-шалғы сияқты басқа да лексикалық және морфологиялық (*-ғалы, -гелі* қосымшасының орнына *-ғайы, -гейі; -лар, -лер* жалғауы *-дар, -дер* тұлғада; *-лы, -лі, -лық* жұрнақтары *-ды, -ді, -дық* тұлғасында қолданылу т.б.) ерекшеліктермен қатар бірді-екілі сөзде кездесетін құбылыстар да тәптіштеп көрсетілген [2, 68–110-бб.].

Сонымен қатар, мұндай тілдік деректердің тұрақты қолданылып, сақталуына қазақтардың рулық құрамы (негізінен найман, керей, уақ рулары), орналасуы да әсер ететіндігін автор тарихи деректермен, халқымыздың тарихына да шолу жасап, көптеген этнонимдердің этимологиясына, сол елді мекендердегі жер-су атауларының пайда болу түп төркініне үңіледі, түркі, моңғол, қытай, араб, парсы тілдерінің деректерімен салыстырып, талдау жасайды.

Жұмыста сөйленістердің әрқайсысы жеке тарауларға бөлінген. Қазақстан Кеңес Одағы құрамында болған 1960 жылдары Қытайдан Семейге көшірілген қазақтардың тілі негізінде зерттеу жүргізген ғалым докторлық диссертациясының бір тарауын Қытайдағы қазақтардың тіл ерекшелігіне арнаған. Жұмыста Қытайдағы қазақтардың рулық құрамы, қоныстану тарихы, тіліндегі фонетикалық, морфологиялық құбылыстар, лексико-фразеологиялық ерекшеліктер, ондағы жазу мәселелері де кеңірек қарастырылады. Шынжаң сөйленісіндегі бірқатар тілдік ерекшеліктер туыстас ұйғыр, қырғыз, т.б. түркі тілдерінің және тығыз қарым-

қатынаста, көршілес отырған дұңған, қытай тілдерінің деректерімен салыстырыла-салғастырыла берілген. Әсіресе сөйленіс иелерінің (носители говора) тілінен жиналған көне, сирек қолданылатын, кәсіби, этнографиялық сөздер, өзіндік терминдер жинақталған.

Біздің байқауымызша, Қытайдағы қазақтардың тіліне қатысты кейінгі зерттеулерде ғалымның зерттеу материалдары көп елене бермейді. Оның себебі, біріншіден, диссертация кейін монография түрінде жарыққа шықпағандығы болса, екіншіден диссертация бұрынғы Фрунзе қаласы қазіргі Қырғыз Республикасының астанасы Бішкектегі Қырғыз Мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде қорғалғандықтан қолжазбасы тек университет кітапханасында сақталып қалғандығында. Өзіміз «Моңғолия қазақтарының тілі» бойынша кандидаттық жұмысымызда ғалымның еңбегімен арнайы барып танысып, зерттеуімізге толықтай пайдаланған болатынбыз. Сонымен қатар, кейінгі жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шыққан «Қазақ тілінің аймақтық сөздігіне» [3] де Ж. Болатовтың қолдағы бар деректерін мақала авторы пайдаланған болатын. Алайда диссертация қолжазбасы институттың да, Алматыдағы өзге де кітапханаларда болмағандықтан материалдар толықтай енбегенін ескертіп өтеміз.

Келесі негізгі еңбектердің бірі «Шынжаң қазақтарының тіліндегі қытай элементтері» атты Б. Бафиннің кандидаттық зерттеуі [4]. Өзге шет елдермен салыстырғанда Қытайдағы қазақтар өзгеше жағдайда орналасқандықтан, ұзақ уақыт Қытай аумағында қалып, қытай халықтарымен қарым-қатынаста болған жергілікті халықтың тіліне қытай тілінің әсері, лексикалық құрамындағы көрінісі ғалымның зерттеуіне негіз болған. Жұмыста Шынжаң қазақтарының тіліндегі 500-дей кірме сөзге талдау жасалған.

Бұл зерттеудің құндылығы біріншіден, автордың өзі зерттеу жүргізген өңірдің тумасы болғандықтан ондағы қазақтардың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, әдеби мұрасы сияқты ондағы жағдайға қанық болуымен қатар, қытай тілін білетін маман болуында. Сол себепті автор зерттеуде қазақтардың тіліндегі қытай сөздерін сондағы қазақ баспасөзінен, көркем шығармалардан, жергілікті және сол елден Қазақстанға келіп қоныстанған қазақтардың тілінен жинастырған. Тілдік талдау жасалған материалдардың негізінде Шынжаң қазақтарының тіліндегі қытай сөздері екі топқа бөліп қарастырылады:

1) Шынжаң қазақтарының тіліне енген қытайдың төл сөздері;

2) қазақ және қытай тілдерінде қатар қолданылатын, шығу тегі айқындалмаған ортақ сөздер сөздер.

Қытай сөздері Шынжаң қазақтарының тіліне тікелей, әрі басқа тілдер арқылы XVIII ғ. екінші жартысынан бастап ене бастаған. Мысалы, *уаң* – қыт. *ван «*патша», *бейсі* – қыт. *байцзюе* «князьдік титул», *қоңтайжы* – қыт. *хуантайцзы* «жоғар ханының титулы», *жаңжұң* – қыт. *цзянцзюнь* «қолбасшы, генерал» т.б. Ерте кездері енген бірқатар сөздердің өзі бүгінде архаизмге айналып, жергілікті қазақтардың фольклорында, тарихи шығармаларда ғана кездеседі [4, с. 9]. Автордың пайымдауынша, одан кейінгі қытай сөздерінің енуі 1933 ж. Үрімжідегі жаңа үкіметтің құрылуымен байланысты өткен ғасырдың 30–40 жылдарынан басталып, бүгінге дейін жалғасып келеді. Шынжаң қазақтарының тіліндегі қытай сөздері төмендегідей топтарға бөліп қарастырылады:

а) әкімшілік терминология (*дубан, жуши, куәнжи, күй* т.б.);

б) әскери терминдер (*сылыңбу* «штаб»*, тонжаң* «полк командирі»*, дүйжаң* «отряд командирі»*, ләнжаң* «рота командирі»);

в) саудаға қатысты сөздер (бұл сөздердің көпшілігі ұйғыр, дұңған тілдері арқылы қабылданған, *дабы* «мақта-мата атауы», *пың* «тиын»*, жың «*қытай фунты»*, қу* «бидай мен жер өлшем бірлігі», *ли* «ұзындық өлшемі» т.б.);

г) азық-түлік атаулары (*мәнті, шай, саңзы* «қуырылған тоқаш», *сәй* «көкөніс», *момы* «буға піскен нан» т.б.);

д) тұрмыс бұйымдары, бау-бақша атаулары (*паңзы* «пәтер», *бәндүң* «отырғыш», *бейсай* «қырыққабат», *йаңқу* «сіріңке» т.б.).

Жұмыста мұндай тілдік бірліктер түркі тілдерінің деректерімен салыстырылып, олардың шығу тегі, қолданылу жайы жан-жақты талданады. Ғалымның сөзіне қарағанда

түрлі тарихи жағдайларға байланысты көне қазақ тайпалары мен түркі халықтарының тілдерінен қытай тіліне де бірқатар сөздер енген. Алайда қытай тіліндегі түркі кірме сөздері арнайы әлеуметтану мамандары қатысатын зерттеуді қажет етеді деген тұжырым жасалады. Сонымен қатар, зерттеудің екінші тарауында шығу тегі анықталмаған қазақ және қытай тілдеріне ортақ параллель сөздер арнайы тақырып етіп берілген. Қысқаша айтқанда, түбірі мен мағынасы ұқсас ондай сөздердің қатарында *шын* «қиқат» *үй* «адам мекендейтін», *аға* «жасы үлкен адам», *ата* «әкенің әкесі» сөздері қарастырылады. Екінші тараудың соңында қытай тілінен енген кірме сөздердің жергілікті қазақ тіліндегі фонетикалық сипаты, игерілу үдерісі, дыбыстық сәйкесулер, сөздердің қазақ тіліндегі бірнеше жарыспалы нұсқаларының болуы сияқты орфографиялық мәселелер талданады [4, с. 27].

Қорыта айтқанда, бұл зерттеу Қытайдағы қазақтардың тіліндегі кірме элементтерді алғаш қарастырған, олардың тілге ену себептері мен жолдарын ғылыми талдау негізінде ашып көрсеткен еңбек болып табылады. Өзге тілдік ортада өмір сүріп отырған қазақтардың тілі бүгінде қытай тілінің әсеріне қатты ұшырауда. Қытай тілінің әсері көбейген сайын жергілікті қазақтардың тілінде қытай сөздерінің үлесі молая түсетіні анық. Сондықтан ғылыми жұмыстың материалдары осы тақырып бойынша кейінгі зерттеулерге пайдалану қажет.

Қытайдағы қазақтардың тілін зерттеу соңғы жылдары жалғасын тапты. Бір жарым миллионға жуық Қытайдағы қазақтардың тіл ерекшеліктері ондағы аймақтық ерекшеліктердің молдығымен әрі күрделілігімен көзге түседі. Шынжаңдағы қазақтар тілін жалпыхалықтық қазақ тілімен салыстыра зерттегенде, олардың арасындағы фонетикалық, азды-көпті грамматикалық, лексикалық, фразеологиялық өзгешеліктерге тоқталған С. Мұстафаұлының монографиясы мен Б.С. Нұрғабыл, Қ. Ғабитханұлы, О. Тойынбайұлы, Д. Мәсімханұлы т.б. зерттеу мақалаларын атауға болады.

Қытайдағы қазақтарының тілінде кірме элементтермен қатар сәтті қолданысқа енген төл терминдер де бар. Мұндай фактілерді тіркеп, жинастыру арқылы терминологиядағы ортақтықты айқындау, сәтті қолданыстарды Қазақстандағы әдеби тілдің игілігіне айналдыру да кезек күттірмейтін мәселе. Себебі аталған тілдік бірліктер де тіліміздің терминологиялық қорын байыту көзі болып табылады. Әрі шет елдердегі қазақ тілінің материалдары, түрлі көркем әдебиеттердегі, жырлардағы, фольклордағы мәтіндер, фразеологизмдер, пареомологизмдер, шұғылданатын кәсібіне қатысты, жергілікті тілмен қарым-қатынаста пайда болған аймақтық бірліктер жан-жақты, толық жиналып бітті деуге болмайды. Бүгінгі таңда шет мемлекеттердегі қазақтардың негізгі бөлігін құрайтын Қытай қазақтары тілінің бүгінгі жай-күйі, әлеуметтік лингвистикалық кеңістігі, өзге тілдің, мәдени ортаның ықпалымен пайда болған тіліндегі түрлі өзгерістер, сол елдердегі тілдік саясат, тілдік жағдаят тәрізді өзекті мәселелер жүйелі түрде зерттелмей келеді. Сондықтан Қытайдағы қазақтардың тарихы, әдебиеті, өнері, музыкасы т.б. дүниесі жан-жақты зерделеніп жатқан тұста, сол ізденістермен қатар ондағы диаспоралық жағдайда өмір сүріп келе жатқан қазақтар тілінің өзіндік ерекшелігін, өзге ортада сақталып, қызмет етуінің, өміршеңдігінің сыр-сипатын тек диалектологиялық тұрғыда емес, әлеуметтік лингвитикалық аспектіде зерттеу арқылы анықтап аша аламыз.

Әдебиеттер

1. Жау Же. Қытай тілінің лингвистикасы. Пекин, 2001; Чың Шыляң. Түркі тілдерінің салғастырмалы лингвистикасы. Шынжаң халықтық баспасы, 1997; Б. Дәркембайұлы. Тілімізге қытай тілі арқылы қабылданған сөздер жайында // Тіл және аударма. 1983. № 4.

2. Болатов Ж. Қазақ тілінің шығыс говорлар тобы және оның әдеби тілге қатысы: докт. дисс. қолжазбасы. Шифр 10.02.02. Фрунзе. 1970.

3. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы, 2005.

4. Бафин. Б. Китайские элементы в языке казахов Синьцзяна: автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1973.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ

Шәмші Ж.

«Мәдениет» журналы, Астана

Егемендіктің, елдіктің басты көрінісі – отарлық заманда «отырған жерімен бірге» өзге елге бодан болған немесе отбасы ойрандалып, жат елге жансауғалап кеткен халықтың басын қосып, ұлтты қайта біртұтастандыру десек, бұл үдеріс Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан басталады, қазір де баяу болса да елімізде ұлттық біртұтастану үдерісі жүріп жатқаны ақиқат. Халқымыз «Елге ел қосылса – құт» деп санайды. Ата Заңымызда «Ең қымбат қазына – адам және адамның өмірі» екендігі анық жазылған. Елге миллионнан астам қандасымыз келіп қосылуы – баға жетпес байлық емес пе?

Бұл Атажұртқа қосылған адам ресурстары ғана емес, сонымен қатар елімізге құйылып жатқан мәдени, рухани, ғылыми-техникалық және экономикалық байлық бұлақтары болып табылады. Өйткені, шеттегі қазақтың ақыл-парасатын, білім-біліктілігін және күш-қуат ресурстарымен қоса, өздері өмір сүрген елдердің көптеген озық мәдениеті мен жаңа технологиясын да ала келді. Одан қала берді, мол қазына бұлақтарының елге келіп құйылуы, отандық ұлы мәдени айдын көлді толықтырып, толқындатып деңгейін көтеруіне ат салысты.

Қазақтың қаймағы бұзылмаған шұрайлы тілі мен бағалы әдеби шығармалары, дәстүрлі тұрмыс салт-санасы, ұлттық рухы мен діні, ұлттық қолөнердің сан алуан үлгілері мен халқымыздың ұмыт болып бара жатқан әні мен билері неге тұрады. Осылай отандық мәдениетімізге қосқан ұлттық рухани байлығымыздың молаюына үлес қосты. Қазақ мәдениеті қайда жаратылсын, қайда сақталсын бәрібір ұлттық мәдениетіміздің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан әлемдегі қазақ мәдениеті атажұртқа келіп құйылуы жақсылықтың нышаны іспеттес.

Мен Өзбекстанның Алишер Навои облысы Тамдыбұлақ ауданында туып өскен жанмын. 1995–1999 жж. аралығында Ташкент қаласындағы Жоғары әскери шекарашылар оқуын аяқтап, Ауғанстанмен шекаралас Термез қаласындағы № 9226 әскери бөлімге жолдама алдым. Содан 2001 ж. Қарақалпақстанның Түркменстанмен шекарасына ауыстым. 2003–2005 жж. Қазақстанмен шекарада қызмет істедім. 2005 ж. Астана қаласына қоныс аудардым. Өзбекстанның тау мен тасын, өзен-көлдерін, созылып жатқан қызыл құмына дейін бүге-шүгесін өте жақсы білемін. Ал енді, осы елдегі қазақтардың тыныс-тіршілігіне көз жіберіп, сөз қозғасақ, жаның ауырып, жүрегің сыздайды.

Қазақ жастары оқуға түсе алмай зыр жүгіріп жүр. Өйткені, 1992–2012 жж. аралығында Өзбекстанда 625-тей қазақ мектебі, 200-дей қазақ, өзбек, орыс мектептері бар болған еді. Соңғы жылдары қазақ мектептерінің жабылуына байланысты әр жылы 20–30 мыңнан астам бала лажсыз өзбек мектептеріне баруға мәжбүр. Қазақтың айтулы азаматтарының аты берілген мектептер дені тек арнайы нөмірлермен белгіленіп, сол бойынша аталатын болыпты. Кезінде Самарқандтың әміршісі болған, қаланы көркейтуге үлес қосқан менің ұлы бабам–Жалаңтөс Баһадүр салғызған Регистандағы Тиллакари, Ширдар медресесіндегі «Мұны тұрғызған Алшын төртқара Жалаңтөс Баһадүр» деген таңбалы тасты алдыртып тастады. «Төле би мавзолейі» деген жазу «Қарлығаш би мавзолейі» болып өзгертілді. 2010 жылы Алишер Навои облысындағы Нұрата ауданындағы Әйтеке би кесенесін Қазақстан жағы қомақты қаржы бөліп жөндеп берді. Қарақалпастандағы қазақтың біртуар батыры Сырым Датұлының кесенесі жөндеу көрмегелі қай заман. Ташкент қаласындағы генерал Сабыр Рахимовтың атындағы метро бекеті мен ауданында алып тастады.

КСРО кезінде мақта мен күрішті мол беретін аймақ ретінде саналатын Қарақалпақстанда 500 мың қазақ тұрушы еді, соның 100 мыңдайы көшіп үлгерді. Қалғандары көш қамына кірісіп жатыр. Бұл аймақ Арал теңізі құрғаған соң, экологиялық апат аймағына айналғанына бәріңіз де құлағдар боларсыздар. Дегенмен де осындай келеңсіздіктерге қарамастан, Өзбекстан қазақтары Қарақалпақстанда, Ташкент қаласы мен

облысында, Жизақ, Сырдария, Бұхара, Науаи облыстарында тығыз шоғырланған. 500 мыңға тарта қазақ балалары өз Қазақстанының тарихын оқытпайтын осы өңірлерде білім алуда. Осы өңірлерде тұратын қазақтарға қазақ басылымдарына зәру. Қазақстаннан шығатын газет-журнал алуға мүмкіндік жоқ.

Яғни, Қазақстанда не болып жатқанынан хабарсыз. Өзім осы мәселені бірнеше рет көтердім. Талай рет министрліктер мен департаменттердің есігін тоздырдым. Тіпті, сол кездегі премьер-министр Даниал Ахметовтің өзі қабылдап, үйіп-төгіп уәдені беріп шығарып салды. Өзбекстанның қазақ мектептеріне Қазақстандық бағдарламалар бойынша оқу құралдарын апарамыз деген уәдесі де орындалмады. Бұл жерде өзбек ағайындарды кінәлай алмаймыз. Себебі, ала шапанды ағайындар шамалары келгенінше өз баспаларынан қазақ тілінде шығатын оқулықтармен қамтамасыз етіп отыр. Соған да шүкіршілік. Бірақ, Қазақстан телеарналары көрсетілмейді. Әйтеуір, «Нұрлы жол» атты қазақ тіліндегі жалғыз газет қана «шықпа жаным, шықпаның» күйін кешуде.

Бүгінгі таңда, Өзбекстан қазақтарының жоғарғы оқу орындарында білім алу мүмкіндіктері мүлдем жоқ десе де болады. Өйткені, оқу бағдарламаларының барлығы да толығымен латын әрпіне көшіп кеткен. Осының салдарынан көптеген қазақ мектептері жабылып қалған. Қазақ балалары кириллица қарпінде қалып қоюларының салдарынан, өзбек, орыс тілді мектептерге беруге мәжбүр. Жасыратыны несі бар, таза қазақ бір миллион деп жүрміз. Қазіргі таңда өзбек болып кеткен қазақтар саны одан әлдеқайда көп. Төлқұжаттарына «өзбек» болып жазылып кеткендіктен оларға «өйт, бүйт» деуге қақымыз жоқ.

Мен туып өскен Тамдыбұлақ ауданында өзбектермен қыз берісіп, қыз алысу қандастардың өңі түгілі, түсімізге кірмеген. 1975ж. Оразбек деген көршіміз болған, азан шақырып ат қойып, әлпештеп өсірген Кәмила қызы Тәшкентте оқып, бір өзбек жігітті ертіп ауылға келгенде, абыройы айрандай төгілген Оразбек қасқитып тұрып өз қызын өзі атып тастаған. Оны көрген әлгі өзбек жігіт «ат-тонын ала қашыпты» деп әкем Кеңес айтып отыратын. Өзім Тәшкентте оқып жүрген кезде өзбек ғалымдарының жанайқайын естіп қалдым. Олар «Сапасыз ұрпақты топырлатып туғыза бергенше, ұлттық сапаның деңгейін көтеруіміз қажет. Ол үшін өзбек еместермен араласуымыз керек, қан жаңарады, ұлт сапаланады деген тұжырымға келіпті». Мемлекеттік деңгейде көтеріп, соңғы уақытта Өзбекстанда аралас некелер көбейгенін статистика анықтап отыр. Өкінішке қарай, басқаны былай қойғанда бір орыс, бір өзбегі жоқ біздің ауылдың бір қызы өзбекке тұрмысқа шығыпты. Анадан туғаннан араласып өскен «жегенінен жиренбеген, ішкенінен сескенбеген» ұрпақ ары-беріден соң «өзбекке тигенде не тұр?» деп қарсы жауап қайыратындар пайда болыпты. Бойда тікен кіргендей титіркенер түйсік қалмаған. Иненің жасуындай иммунитет жоқ. Қызы өзбекке тиіп жатыр ма, тәжік алып жатыр ма бәрібір. Жүректе сұрауы болмаған соң ол құрғырдың да байлауы болмайды екен. Ындынның ыңғайына, күштінің ығына бұрылып, танымастай өзгере салды. Олардың алды жетпіс жыл орысқа табынған еді, енді келіп өзбектің ыстық құшағына кіруде.

Осылай бара беретін болса, арадан он-жиырма жылда Өзбекстандағы қазағым ыстық суға салған мұздай еріп өзінен-өзі жоқ болады. Өзбекпен құда болғандарына мақтанатындары пайда болыпты. Өзбектің санын көбейткенімен қоймай, өз ұлтының ер-азаматтарын тірілей қор қылды. Мұрнын шүйіріп менсінбей қарады. Құдай басқа салмасын. Қорғансыз қарындастарым-ай! Қорғандарың иман болғай! Біздің қолдан келер қайран, айтар ақыл осы.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОВЕДАНИЯ ИСЛАМА КАЗАХАМИ ГОРНОГО АЛТАЯ

Ярков А.П.

Тюменский государственный университет

Примем во внимание неоднозначность применения ко всем казахам Сибири термина «диаспора», т. к. отчасти они органично влились в местное сообщество уже в XVI – XVIII вв. При этом одни казахи стремились к оседанию на конкретной территории и натурализации (открытая стратегия адаптации), тогда как другие носили устойчивый и стремились приобрести долговременный характер (закрытая стратегия адаптации). И все эти группы имели внутренние импульсы – к превращению в этносоциальные и этнополитические сообщества, иной раз склонных к самосегрегации [1, с. 69-70]. И в силу этих обстоятельства считаем, что в отношении всех казахов Горного Алтая термин «диаспора» не применим.

Важную роль в сохранении самобытности казахов этого региона сыграла приверженность исламу. Особо отметим, что он всегда существует не иначе как в локальных вариантах, а представление о *классическом исламе* условно и, по сути, является попыткой навязывания одного культурного нарратива как «подлинного» и нормативного, отодвигая региональные особенности в состав «маргинальных». Более того, отрицая вариативность ислама, такой подход отрицает возможность развития его самого, что для любой религии является «дорогой в никуда». В этой связи особо отметим, что в соответствии с особенностями *адатного ислама* казахи в Горном Алтае обрели *свое* священное место – Тоби-зийарат [2, с. 30], типологически схожее с принятым среди сибирских мусульман типом сооружений-мемориалов – *астана.*

Ментальные изменения определялись не только отрывом от материковой культуры и этносы, но и иным отношением субъекта к окружающим обстоятельствам и природе. Отметим особо, что язык не является главным маркером этничности и конфессиональной ориентации, но в Горном Алтае использование казахского при религиозной деятельности существенно.

О внутренней структуре, сформировавшейся в конце XIX в. (свидетельствует о том и появление мечети в д. Беленькая) уммы судить трудно, но очевидно – она выполняла интегрирующую роль для той группы казахов, что стала оседать в этом районе Алтая.

На бытование ислама в советское время влияла политика властей, но мусульманское население Горного Алтая и без разрешений удовлетворяло духовные потребности, пользуясь услугами «незаконных» мулл, придерживаясь религиозной обрядности в связи с рождением детей, свадьбами, похоронами. В граничащие с Казахстаном селения часто приезжали по приглашению местного населения муллы из соседней (тогда союзной) республики, где власти из политических соображений послабляли верующим [3, с. 205]. Все советское время шло активное переселение казахского населения на территорию РСФСР и, наоборот, – на территорию Казахской ССР. При этом активно перемещавшееся население оказалось очень молодым, а оторвавшись от родных мест, перестало соблюдать многие этноконфессиональные традиции. Но веками складывавшиеся установки в сознании и поведении людей (особенно при рождении детей и их имянаречении, похоронах родственников) оказались не преодоленными советской атеистической пропагандой. Об этом говорят информационные и докладные записки органов НКВД, УМГБ / УКГБ в партийные комитеты о деятельности мулл и материалы СМИ.

Миграционные процессы интенсифицировались с середины XX в., когда началось освоение природных ископаемых, создавались новые промышленные и аграрные комплексы. Перераспределялись тогда и трудовые ресурсы через плановую или инициативную миграцию, изменив соотношения этносов, городского и сельского населения, активизировав интеграционные и ассимиляционные процессы, нередко приводя к утрате самобытности. Затронули эти процессы и Западную Сибирь. Показательно, в течение 1930–1950-х гг.

автохтонное население в Горном Алтае сократилась на 15,1 % [4, с. 168], но в обратной пропорции увеличилась численность пришлых этносов, в т.ч. казахов.

Впрочем, имелись среди мигрантов и те, кто «уезжал от гражданской войны», или скрылся от правоохранительных органов (чтобы «отлежаться»). Иных «новых сибиряков», пропагандировавших здесь опасные идеи, правоохранительные органы стран исхода требовали депортировать, что не получало поддержку со стороны Европейского суда по правам человека [10].

Пребывшие заняли определенное место в экономике и социальной жизни региона, помогая заполнить «лакуны», но иногда и усложняя ситуацию. Именно этносоциальная специфика районов нового экономического освоения сильно облегчила работу радикалам, т. к. во многих районах мусульманских общин никогда не было, а их развитие началось «с чистого листа». Там малая доля пожилого населения, которое в местах прежнего проживания мигрантов выступала главным хранителем ценностей традиционного ислама [11].

Развитие демократических тенденций в конце 1980-х гг., упразднение многолетних ограничений в правах вызвали неоднозначные процессы в мусульманской среде региона. Сложность ситуации можно объяснить социально-экономическими и политическими факторами (с 1991 г. Республика Алтай стала приграничной территорией), связанными с развалом СССР, отказом от прежней идеологии и т. п. Стремление к обретению духовной и социальной стабильности привело многих бывших атеистов к религии предков (в т. ч. традиционный для тюркского населения региона ислам) либо в новые конфессии.

В этом отношении необходимо зафиксировать начавшуюся и в Горном Алтае «вторую исламизацию», но имевшую «внешний» аспект – влияние соседнего Казахстана, бывшего для алтайских казахов по-прежнему близким этнически, а его святые места, в частности Туркестан, – посещаемыми и чтимыми. Хотя с 1991 г. Республика Казахстан стала политически отграничена, это не служило препятствием для родственных и культурных контактов. Прежние родовые кладбища продолжали выполнять свою роль, независимо от политических границ и подданства.

Умма Горного Алтая стала одной из самых развитых и структурированных в этой части Западной Сибири, уже имевшему к 1993 г. (времени регистрации в Горно-Алтайске «Общины мусульман Республики Алтай») несколько мечетей и молельных домов в Кош-Агачском районе [5].

Глобализация, безусловно, внесла изменения и в семейно-брачные традиции. Так, казахский свадебный обряд в Южном Алтае содержит два разновременных комплекса: первый, сохранившийся еще со времени их переезда (в конце XIX в.) и бытовавший до 1950-х гг. (браки умыканием невесты, женитьба на несовершеннолетних, многоженство, левират и сорорат), а официально регистрировало лишь 10 % браков; и второй, принципиально отличающийся – современный [6, с. 130].

